



**АТЫРАУ
UNIVERSITY**



**АКАДЕМИК РӘБИҒА СЫЗДЫҚ
ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ЗАМАНАУИ
ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ**



**республикалық ғылыми-тәжірибелік
конференция материалдарының жинағы
31 қазан, 2024 жыл**

Атырау

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Х. ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІ

«АКАДЕМИК РӘБИҒА СЫЗДЫҚ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ
ЗАМАНАУИ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ» атты
республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының
жинағы

31 қазан, 2024 жыл

Атырау

УДК 80/81

ББК 81.2

А33

Құрастырушылар: Н.С.Салимова, А.З.Салихова,

Академик Рәбиға Сыздық және қазақ тілінің заманауи даму тенденциялары/

құраст.: Н.С.Салимова, А.З.Салихова. – Атырау: АУ баспаханасы, 2024. - 218 бет

ISBN 978-601-262-573-8

Жинақта А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының негізін қалаушылардың бірі, Қазақстан тіл ғылымы мен мәдениетін халықаралық деңгейде танытқан, түркітануға елеулі үлес қосып, өзіндік мектеп қалыптастырған, көрнекті ғылым қайраткері, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі Рәбиға Сәтіғалиқызы Сыздықтың адами болмысы, азаматтық тұлғасы және ғылымдағығыбаты сан қырынан зерделененді. Бұнда тіл ғылымының көрнекті өкілдерінің баяндамасы, зерттеуші ғалым-филологтардың және филология, педагогика мамандықтары бойынша магистранттар мен студенттердің мақалалары жинақталып енгізілді. Сонымен бірге пәнді оқыту әдістерін сипаттайтын ғылыми-ізденісті мақалалармен толықтырылды. Жинақ гуманитарлық ғылымдар саласы мамандарына және жалпы оқырман қауымға арналған.

ISBN 978-601-262-573-8

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, 2024

АЛҒЫ СӨЗ

А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының негізін қалаушылардың бірі, Қазақстан тіл ғылымы мен мәдениетін халықаралық деңгейде танытқан, түркітануға елеулі үлес қосып, өзіндік мектеп қалыптастырған, көрнекті ғылым қайраткері, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі Рәбиға Сәтіғалиқызы Сыздыққа арналған конференцияның Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде ұйымдастырылуы кездейсоқ құбылыс емес. Ғалымның өмірлік ұстанымы, рухты болмысы осы киелі батыс топырағынан басталады. Өмірдің қиындығы, әке жасалған жазықсыз кінә болашақ тұлғаны жасытпады, керісінше, шындай түсті. Бойдағы тектілік Рәбиға апайымызды “Ғылымның абыз анасына” айналдырды.

Академик Рәбиға Сәтіғалиқызы Сыздық өз еңбектерінде қазақ тіл білімінің әртүрлі салалары қамтыды. Көрнекті ғалым-филолог көп жылдар бойы жалпы түркологиялық зерттеулермен, қазақ әдеби тілінің проблемаларымен, сөйлеу мәдениеті, қолданбалы лингвистика және т.б. мәселелермен жан-жақты және байыпты айналысты. 1993 жылы «XV-XIX ғасырлардағы қазақ әдеби тілінің тарихы» монографиясы қайта басылып, толықтырылды. Алпысыншы жылдардан бастап Р.Сыздықова қазақ әдеби тілінің қалыптасу, даму кезеңдерін зерттеді. Әдеби тілдің мәртебесін айқындау қағидасы туралы ғалымның өзіндік пікірі бар, соған сәйкес XV-XVII ғасырлардағы ақындар мен жыраулардың шығармаларының тілі қашанда әдеби тілдің үлгісі болып табылады. Тарихи ескерткіштерді жан-жақты және кешенді түрде зерделеудің негізінде зерттеуші әдеби тілдің нормативтік негіздерін біріктіру мен дамыту тек жазбаша түрде емес, ауызша түрде жүреді деген қорытындыға келеді.

Қазақ әдеби тілінің дамуы мен тарихы мәселелері ғалымның түркологиялық зерттеулерімен тығыз байланысты. Ортағасырлық «Жами ат-тауарих» ескерткіші тілінің лексикалық және грамматикалық ерекшеліктеріне (XVI ғасыр) талдау жасайды. Түркі тілдерінің оғыз және қыпшақ элементтерін салыстыру нәтижесінде зерттеуші жазба ескерткіш қазақ халқының рухани мәдениетінің тарихи мұрасы екендігін дәлелдеді.

Оның Қожа Ахмет Ясауидің (XII ғасыр) хикмет тіліндегі мәтіндік зерттеулері – ғылыми қызығушылық тудыратын үлкен еңбек. Р.Сыздықованың шығармашылығы проблемаларды терең зерттеуімен және тілдік деректердің кеңдігімен ерекшеленеді. Ғалымның ғылыми-зерттеулерінде сөйлеу мәдениетіне қатысты теориялық және қолданбалы мәселелер маңызды орын алады. Қазақ әдеби тілінің теориясы оның әлеуметтік функциялары мен нормативті процестерінің дамуы тұрғысынан қарастырылады. Ол өз еңбектерінде норма, кодификация, сөйлеу және т.б. сияқты лингвистикалық ұғымдарды терең талдап ашып береді. Тілдік норма мен оның кодификациясының мәселелері, қазақ орфографиясы мен пунктуациясының негізгі ережелері, қазіргі қазақ тілінің лексикографиялық байлығы, стилистика мен шешендік мәселелері көптеген монографияларда, анықтамалық кітаптарда, оқулықтарда және т.б. оқу құралдарында көрініс тауып анықталады. Рәбиға Сыздықованың «Сөз сазы» деген еңбегі 1995 жылы екінші рет басылып шықты (бірінші басылым 1983 жылы жарық көрді). Көмекші құрал ретіндегі жұмыстың негізгі мақсаты – сөйлеу үстінде сөздерді дұрыс дыбыстау заңдылықтарын қалың жұртшылыққа, әсіресе жастарға үйрету, сондай-ақ мұны оқу орындарымен қатар, телерадио және сахна өнеріне кеңінен пайдалану, әр қазақ баласын өзінің ана тілінде дұрыс тәрбиелесе деген талап. Ғалымның айтуынша «сөз сазы – сөйлеу үстінде (актісінде) сөздердің дұрыс айтылып, құлаққа жағымды естілуі. Ал сөздерді дұрыс айту дегеніміз тілдің табиғи дыбыс заңдылықтарын сақтау болып табылады».

Тағы бір айта кететін жайт, Р.Сыздықова қазақ тіл білімінің негізін салушы көрнекті ғалымдар А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, Х.Досмұхамедовтердің еңбектерін насихаттауға айтарлықтай үлес қосты. Олардың өміріне және еңбек жолына арналған монографиялар, кітаптар, брошюралар мен мақалалар жарық көрді.

Академик Р.Сыздықова ғылыми, педагогикалық және қоғамдық қызметі үшін «Құрмет», «Парасат» және «Барыс» мемлекеттік наградаларымен марапатталды. Мемлекеттік сыйлықтың және Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты. Еңбек сіңірген ғылым қайраткері атанды.

Уақыт оның алдаспан ақыл-ойы мен өмірлік күш-қуатына ешқашан шектеу бола алмайды. Оның терең даналығына, еңбекке деген ерекше қабілетіне, кең дүниетанымына, сонымен қатар тіл білімінің тағдырына деген азаматтық ұстанымына үлкен де, кіші де тәнті. Рәбиға апай ғылымға ғана емес, сонымен қатар қазақ халқының ұлттық мәдениеті мен руханиятына да баға жетпес үлес қосып кетті. Ізгі ниеті мен жан дүниесінің сұлулығымен үндескен ғалым ерекше ғұмырымен мәңгілік жасайтынын өмір өзі дәлелдеп отыр. Тұлғаның өнегелі өміріне бойлаған сайын даналық дариясынан шөліңіз қанып, жан сарайыңыз жадырап сала береді.

Тіліңіз тәтті, ойыңыз қандай!

Тыңдадым, ұқтым жан күйіңізді.

Болар ем күнде бір жасарғандай,

Көп туса қазақ дәл сіздей қызды!...» Бұл жолдар 1946 жылы заманымыздың көрнекті ақыны Қасым Аманжоловтың Ұлттық ғылым академиясының академигі Рәбиға Сыздықоваға арнаған өлеңінен үзінді. Рәбиға Сәттіғалиқызы - қазақ филологиясының дамуына өлшеусіз үлес қосқан аңыз тұлға. Оның тіл білімі саласына қосқан үлесі телегей теңіз.

*Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті
Басқарма Төрағасы-ректор Идрисов С.Н.*

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС

ҰСТАЗ. ҒАЛЫМ. ТҰЛҒА.

Манкеева Жамал Айтқалиқызы

филология ғылымдарының докторы, профессор,
А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты,
лексикология бөлімінің бас ғылыми қызметкері

Қазақ даласына келіп жеткен биылғы алтын күздің ерекше жайма шуақ күндерінде әсем Алматының төрінде «Қазақ тіл білімінің анасы» атанған академик Р.С.Сыздықтың туғанына 100 жыл толуына орай кең көлемдегі мерейтойлық мәдени-танымдық іс-шаралар басталды.

Бүгін, міне, соның жалғасы асыл апамыз үшін ерекше қастер өлке тарихы мен шежіреге толы Атырау топырағына да жетіп отыр.

Қазіргі рухани санамызды жаңғыртуды межелеп отырған үрдістерге сай пайымдасақ мұндай шаралардың мақсаты - қоғамды тек тойлауға емес, ойлауға, ойға жетелеу.

Нақты айтқанда, қазақ сөзінің күдіретін танытуға өлшеусіз еңбек еткен, осы жолдың басында тұрған алдыңғы толқын ағалар (А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, Х.Досмұхамедов т.б. алаш зиялыларының) асыл мұратын жүзеге асыруды жалғастырған, қазақ тіл білімінің өрісін кеңейтіп, мол ғылыми-танымдық мұра қалдырған бірегей тұлға-академик Р.С.Сыздықтың ғылыми мұрасын тек мазмұндау емес, терең ойлауға ұмтылу. Сондықтан мұндай тойларда, іс-шараларда тек жалаң мадақ, қызыл сөзге жол беру жеткіліксіз. Олай болса, бүгінгі конференцияның да басты мақсатын осы тұрғыдан қарасақ, апайдың жоғары ғылыми-танымдық деңгейдегі еңбектерінің ерекше өзіндік, бірегейлік сырын, феноменін ашуға байланысты *тектілік* және *тұлға* деген ұғымдармен тығыз байланысты. Себебі, Тәуелсіздік кезеңде жаңа сапалық мазмұнға ие болып, тілді зерттеуді тіл иесінің болмысымен, ал оны зерттеушіні ұлт пен тіл сабақтастығындағы тілдік тұлға ретінде антропоэзектік (адамтанымдық) кеңістікте зерттейтін қазіргі қазақ тіл білімі дамуының деңгейінен қарау үрдісі қалыптасуда. Оның қазақ руханиятында ерекше айшылықпен уәжделуі төл мәдениеттің рухани қазығы іспетті дәстүрлі танымында, тілдік бейнесінде көрінеді. Бұл, сайып келгенде, қазіргі жаһандану үдерісіндегі адам факторының, нақты айтқанда, белгілі бір ұлт өкілінің әлемдік моделі мен ұлттық үлгісін сабақтастықта тануда аса маңызды.

Бұл – рухани сана жаңғыру үдерісін зерттеулерімен дәйектеу, дәлелдеу ісінің басында жүрген, қалыптастырған, тәуелсіз еліміздің тәрбиесіндегі ұлттық құндылық, соған сәйкес айшықталған көркем сөзді жас ұрпақ санасына сіңіруге қатысты тұлғатану ісінде де арқау боларлық мәселе. Бұл мәселе, сайып келгенде, «ғаламның тілдік бейнесін» өзек қылып, ұлт болмысын тіл арқылы тануды бағдар еткен ана тілін зерттеудің адамтанымдық (антропоэзектік) бағыты үшін де қажет ғылыми-әдіснамалық негіз.

Сондықтан біз баяндамамыздың тақырыбына сәйкес, ұстаздық та, ғалымдық та мұраты тұла бойында егіз өрілген «Қазақ тіл білімінің абыз анасы» атанған, ҚР ҰҒА-ның академигі Р.С.Сыздықтың шығармашылық болмысын тұтастыратын **Ұстаз, Ғалым, Тұлға** сабақтастығын ашуды мақсат еттік «тектілік» ұғымынан бастадық.

Себебі осы триада асыл апамыздың адами, ұстаздық, ғалымдық тұлғасын құрайтын, оның ғылыми мұрасын танып, танытуда, таразылауда сүйенетін берік тұғыр ретінде асыл

тұлғаның бойын түзеп, қанына сіңген тектілігі мен ұлттық рухын дәйектейді. Осымен байланысты академик Р.Сыздықтың тұлғалық, тектілік негізі отбасы, өскен, өмір сүрген, білім алған ортасында қалыптасқаны даусыз. Атап айтқанда, Х.Досмұхамедұлы сынды алаш зиялылармен бірге жүріп, қызмет еткен зиялы әкенің отбасында өскен зерделі қыз қазақ сөзінің құдіретін бала кезден бойына сіңіріп, жетілген.

Алғыр да зерек жасқа кемеңгер М.Әуезовтің назар аударып айтқан бір ақыл-кеңесін түсініп, көркем сөз «Әлемінің» мәніне көрнекті ғалым академик Қ.Жұмалиев еңбектері арқылы бойлауы осы бағытта жалғастырып, ғалымдық болмысының қалыптасуына, дамуына ықпал еткені анық.

Ал, бұл жолдың апай үшін кең арналы ғылым жолына ұласуы өзі өмір бойы еңбек еткен – А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты. Осындай ғұлама ғалым академик Р.Сыздықтың жан-жақты кешенді зерттеулері қазақ руханиятына қосылған өлшеусіз үлес болып саналады. Оның негізгілерін атар болсақ: қазақ әдеби тілінің тарихы, лингвостилистика, тіл тарихы, сөз мәдениеті, орфография т.б.

Бұл еңбектердің ғылыми мазмұны мен тұжырымдарының оқу-білім жүйесінде жоғары оқу орындарында кеңінен қолданылуы академик Р.Сыздықтың ғалым-ұстаз ретіндегі болмысын айғақтайды. Қазақ сөз саптамын, сөз мәдениетін, сөздің қолданысқа сай дамитын әлеуетін, сөз тарихын және көркем сөз астарын түсінуді бүгінгі ұрпақ бойына сіңіруге бағытталған академик Р.Сыздықтың ғылыми мұрасын тану қазақ сөзінің тіл иесімен бірге жасай беретін өміршеңдік, жасампаздық құдіретін жан-жақты танытады.

Қорыта айтқанда, академик Р.Сыздық – қазақ сөзінің құдіретін «қазақтың ауызша дамыған әдеби тілінен» бастап, қазіргі замандағы көркем сөз иелерінің сөз әлеуетінен тануды жалғастырған көрнекті ғалым тұлға.

АКАДЕМИК Р. СЫЗДЫҚ ЖӘНЕ АБАЙТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ӨРІСІ

Анар Салқынбай

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

XX ғасырдағы ғылыми үдеріс пен XXI ғасырдағы ғылыми үдеріс арасында жер мен көктей айырма бар.

XX ғасыр қазақ ғылымында азаттықты аңсаумен басталып, үреймен жалғасып, тәуелсіздік таңының атуымен аяқталды. Демек осы бір ғасырда қазақ халқы да, оның мәдениеті мен ғылымы да сан ғасырлық жағдаят пен әрекетті басынан өткізіп үлгеріпті. Бұл ғасырда Адамды Адам деп бағалаудан, қадірлеуден гөрі, оның көзқарасы мен қызметін қадірлеу жоғарырақ болды. XX ғасыр қазақ қоғамында, әсіресе, қазақ ғылымында көзқарасы үшін жазалаудан, ату мен асудан басталып, үрей билеген ғасыр болды десек қателеспейміз. Бұл үрей кеңес идеологиясынан шығып кетпей, соның илеуіне көну, төзу, өз «мендік ойын» айтудан имену, тайсақтауды туғызған-ды.

XX ғасырдың жиырмасыншы жылдарында алашшыл әкенің отбасында дүние есігін ашып, елуінші жылдары ғылымға келген жас Рәбиға осындай кезеңге душар болыпты. Кеңес үкіметі сепкен уытты үрей басылмаған, сөз аңду мен жазу аңду басым уақытта қазақ аруы өзгелерден ерек тұлға ретінде бірден-ақ көзге түскен-ді. 1947 жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтын, 1951 жылы осы институт аспирантурасын тәмамдаған Рәбиға

Сыздықтың бастап жазған ғылыми тақырыбы – Абай. XX ғасырда қазақтың ірі тұлғаларына деген көзқарастың кеңестік идеологияның «центризмi» жасаған жасанды ғылыми қағидаларына сәйкес келуі маңызды саналған кезең еді бұл. Абай сынды кемеңгердің Сөзін зерделеу, оны кеңес саясатының ыңғайымен бағалау да оңай болмағаны анық. Осындай саяси сұраныс пен ғылыми қажеттіліктің үдесінен қатар шығу әдебиет ғылымына да, сөз өнеріне де, тіл ғылымына да терең ойланып, мүддеге қызмет етуді талап еткен-ді.

XX ғасырдың елуінші жылдарында қалыптасқан тіл білімінің құрылымдық саласының формальдық бағытына сәйкестендіру үшін, Р. Сыздық «Абай «Қара сөздерінің» негізгі морфологиялық ерекшеліктері» деген тақырыпта кандидаттық диссертациясын қорғайды. «Тұтастық» сіңген Абай ілімінің басты тұжырымдары тиянақталған «Қара сөздеріндегі» «тіл өрнегін әңгімелеуімізге ұлы Мұхтар Әуезовтің сөзі «қамшы болды», - деп жазады Р. Сыздық [168-бет]. М. Әуезовтің Абай «Қара сөздерінің» тіліне қатысты жазған пікіріне сілтеме жасай отырып, былайша ой түйіпті: «Әр сөзіне мән беріп жазатын Мұхтардың бұл жерде «Қара сөздердің» өзі демей, «тілі» деуінде, біздің байқауымызша, айрықша астар бар: мұндағы «тіл» деп отырғанының өзі көрсеткеннен басқа және бір сыры қазақта әдебиеттің бұрын жоқ жанрының сөйлеу мәнері (стилі) дегеннің пайда болып, оны ұлы сөз зергерінің қалай алып кеткенін меңзегенінде болар дейміз. Абайтанушы ғалым осы тұста қазақтың ұлттық әдеби тілінің тағы бір функционалдық стилі пайда болды, оған Абай қаламының ұшы тиді деп отыр», - дей келіп, Абайдың прозалық туындысы арқылы қазақ әдеби тілінде соны әдеби үлгінің пайда болғанын тереңнен тартып, нақты тұжырым жасайды [168-бет]. М. Әуезовтің Абайдың «Қара сөзінің» жанры туралы ғылыми пікіріне сүйене отырып, оған өзіндік баға береді: «Қара сөздерді көлемі жағынан шағын-шағын 46 бөлек шығарма құрайды. Олардың жанрлық сипаты да әртүрлі: көбі публицистикалық туындылар, 46-сөз деп берілгені білім-таным үлгісіндегі тарихи очерк, 25-сөз Сократ пен Аристодимнің әңгімесі деп берілген үлгі-өсиет, 5-сөз - мақал-мәтелдерді талдаған филологиялық этюд, 37-сөз – афоризмдер жиынтығы, 7-сөз – психологиялық тақырыпты қозғаған этюд іспетті, 43-сөз – философиялық толғаныс, 38-сөз – дін, мораль мәселелері жайындағы ой-пікірлері болып келетін ғылыми-публицистикалық еңбек деп ажыратып жүрміз» деп нақты ғылыми пікір білдіреді. Абайдың «Қара сөзінің» жазылу ерекшелігі мен оның кімге арналып жазылғаны туралы айтылған Р. Сыздықтың ғылыми пайымдаулары теориялық жағынан салмақты, байламы берік, ойы тиянақты, пікірі дәйекті еді. Әр сөздің белгілі бір әлеуметтік топтарға арналып жазылғаны туралы байламдары да ойланарлық еді. «Абай «Қара сөздерін» «қойын дәптер» ретінде тек өзі үшін жазбай, басқалардың оқуы үшін де жазғанын, оның өзінде де жалпы оқырман көпшілікпен қатар, олардың белгілі бір тобына арнап жазғанын да көреміз», - деп тиянақты тұжырым жасайды ғалым. Өз заманының сұранысы мен қажеттілігіне орай, Р. Сыздық ««Қара сөздер» - Абайдың қай тақырыпты қозғаса да, түгелімен ағартушылық идеясын ұсынған, мораль мен тәлім-тәрбие жайындағы ой-толғауларын баяндайтын публицистикалық шығармалары деген» [175] деген ой айтады. Мәтін баяндауында «кездесетін модальдық реңктерді, яғни өкінуді, сүйсінуді, ызалануды т.б. ауызша сөйлеу үстінде дауыс ырғағы жеткізетінін Абайдың жақсы пайдаланғанын терең талдайды ғалым [176].

Р. Сыздық Абай поэзиясын теориялық тұрғыдан терең зерделеді: лексикасы мен грамматикалық құрылымын, морфологиялық сипатын, сөйлем құрылысының ерекшелігін, стилдік маңызын талдады. Сонымен бірге, Абайдың алдында да қазақ әдеби тіл дәстүрі болғанын зерделеуі ғылыми тұрғыдан аса маңызды деп есептейміз. Бұл дәстүр, негізінен, көркем әдебиет саласында, соның ішінде поэзия жанрында болғанын да, қазақтың

жалпыхалықтық сөйлеу нормасының дамыған қалыпта болғанын атап көрсетуі өз кезеңі үшін ғылыми маңызды теория болды деп бағалаймыз. Өйткені жалпыхалықтық сөйлеу нормасының, әдеби тіл нормасының болуы - қазақ халқының этникалық тұтастығының басты көрсеткіші. Осы реттен де Р. Сыздық жасаған қағида аса маңызды [1. 15-25].

Академик Р. Сыздық Абай тақырыбына ХХІ ғасыр басында, яғни тәуелсіздік таңы атқан тұста қайта оралып, «Абайдың сөз өрнегі» атты жинағын шығарды. Жинаққа енген ғылыми зерттеулер жаңа бағытта зерделеніп, жаңаша ой толғамдармен толықтырылған. Ғалым зерттеулерін Ақымет Байтұрсынұлы еңбектеріндегі қисындармен қиыстыра дамытып, ой өрнегін, образдың эстетикалық өрісін жаңаша пайымдауға күш салады. Ақын өлең жолдарындағы сөз мағыналарын талдап, көріктеу құралдарын пайдаланудағы Абай үлгісін зерделейді. Мәселен, Абайдың «Мәз болады болысың, Арқаға ұлық қаққанға, Шелтірейтіп орысың, Шенді шекпен жапқанға» деген өлең жолдарындағы «шекпен», «шенді» сөздерінің поэтикалық қолданысына мән береді. Академик ғалым Абай шығармашылығындағы поэтикалық образ жасайтын тірек сөз ретінде «жүрек», «сөз», «тіл», «ой», «көңіл», «дүние», «өмір» ұғымдарын атап көрсетіп, бұл ұғымдардың адамның ішкі дүниесі мен өмірдің толғақты мәселелерін тереңнен толғауда ойшыл ақынның маңызды нысандары болғанын көрсетеді.

«Қара сөздердің тілі қалай өрілген» деген тарауда Абайдың сөйлем құраудағы ерекшеліктері, сөйлемдегі норма мәселесі кеңінен қозғалады. «Абайдың қазақ жазба тілінің прозадағы нормаларын белгілі бір жүйемен дұрыс қалыптастыруына санады түрде қызмет еткенін көрсетеді» - деген тұжырымы қазіргі ғылыми зерттеулер үшін де маңызды [2.180]. Р. Сыздық Абай «Қара сөзінің» тіліндегі мынадай ерекшелікті баса көрсетеді: «толықтауыш бағыныңқы етіп ұсынылуға тиісті сөйлемнің баяндауышы ашық райда келіп, мағына жағынан сабақтас, ал тұлғалануы жағынан салалас сияқты болып және бағыныңқы компонент басыңқыдан бұрын келіп құрылған сөйлемдер. Мысалы: Ақыры ойлады; осы ойыма келген нәрселерді қағазға жазайын, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын...». Ғалым мұндай нормаға сәйкес келмейтін сәйкестіктерді «ой екпіні түсетін сөйлем бөлігін алдымен айтып алу Абай прозасында осылай орын алғанын ескере отырып, ауызекі сөйлеудің «тәртіпсіз» тәртібі деп тануға болады деп жазады [2.182].

Абай «Қара сөздерінің» танымдық мәніне көңіл бөлген ғалым былай деп жазады: «Абай оқушы мен тыңдаушы қауымға өзі «ойыма келген нәрселер» деп жұпыны көрсеткенмен, шын мәнінде бүкіл дүниетанымдық, философиялық, тәрбиелік мазмұнды ой-толғамдарын, ақыл-насихатын «заманды түзетпек» пікірлерін қазақ «өнер алды – қызыл тіл» деп санаған «жалпақ тілмен» ақ қағазға төккенде жұртының ежелден қалыптасқан, әлеуметтік нормаға айналған дәстүрін ұстайды: ауыздан шыққан сөздің әсем әрі әсерлі болуын нысанаға алады» деп жазады [2.184].

«Абайдың сөз өрнегі» жинағындағы «Абай тілін танудың қырлары» атты тарауда Абайдай данышпанның тілін зерттеуде екі түрлі мақсат көзделуі тиіс деп есептейді: Бірі – Абайдың қазақ әдеби тілінің даму барысындағы алатын орны; екіншісі – оның тілдік-көркемдік шеберлігі, яғни, Абайдың сөз өрнегі, поэтикалық тілі деген проблема» [1. 13]. Ия, Р. Сыздық осы мақсаттың екеуін де өз еңбектерінде шешуге үлес қосқан ірі ғалым болды.

ХХІ ғасыр қоғамға іргелі өзгерістер әкелді. Бұл іргелі өзгерістердің ғылымда да үлкен маңызы болатыны анық. Қазіргі ғылымда «тұлғаға бетбұрыс» деген көзқарас пайда болды, әлеуметтік, экономикалық, мәдени және басқа да «центризмдер» күйреп бара жатқан әлемде жалғыз **тұтастық** ретінде қарастырылатын тарихи **ТҰЛҒАНЫҢ** маңызды болуына және күн артқан сайын Тұлғаға деген сұраныс пен қажеттіліктің артуына байланысты. Қазіргі жағдай

адам туралы білімімізді тереңдетуді талап етеді, өйткені жаңа өркениет жағдайында адамның жасампаз жеке адам ретіндегі рөлі мен маңызы шешуші рөл атқарады. Соңғы уақыттағы әлемде болып жатқан әр қилы өзгерістер мен қақтығыстар адамдарды терең және күшті әлеуметтік күйзеліске, невротикалық сезімге және санаға күш түсіруге әкелді. Әсіресе, жеке адамның психикалық күйзелісі орын алды. Осындай жағдайда тұлға тек субъект емес, сонымен бірге әлеуметтік динамиканың қайнар көзі, құралы және нәтижесі болады, өйткені жеке тұлғаның тұтастыққа ұмтылуы осы динамикаға бастапқы серпін, қуат береді, нәтижесін анықтайды.

Тұлға тұтастығы мен тұлғалар жасаған ілім тұтастығы туралы тақырып, негізінен, жеке адамды қалыптастыру факторларын, оның қоғамдағы мәртебесі мен рөлін, ұстанымдарын талдаумен, бағдарлаумен байланысты. Әлемдік деңгейде артына асыл сөз қалдырған тұлғалар жасаған ілімнің Дүниенің жүйелік сипатын танытуы мен ондағы Адам болмысының ерекше мәнін анықтауы, жеке тұлғаның іргелі экзистенциалды мәнін пайымдауға бағытталады. Қазіргі уақытта ғылым мен философияда адамның тұтас болмысын танытатын теория жасауға деген талпыныстар бары рас. Діни таным шеңберінен тыс адам мен жеке тұлғаның болмысын түсіну мүмкіндігі азайып, кедейленіп бара жатқаны бүгінде көзге ұрып тұр. Осыдан келіп, бір діннің ішіндегі әртүрлі ағымдардың қайшылықтары көріне бастайды да, адамдар арасындағы түсінбеушіліктерге жол ашылады.

Осы ретте, қазақ дүниетанымының шыңы саналатын Абай толғамдарын терең бағамдап, оның рухани құндылық болатын мәнін тауып, жеке тұлғаға ілім ретінде ұсынудың маңызы ерекше болмақ. Абай «Жиырма бесінші сөзінде» «Балаларды оқытқан да жақсы, бірақ құлшылық қылар ғана, түркі танырлық қана таза оқыса болады. ...Қарны аш кісінің көңілінде ақыл, бойында ар, ғылымға құмарлық қайдан тұрсын? ..Мал тапса, қарын тояды....Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да – бәрі орыста тұр. Зарарынан қашық болу, пайдасына ортақ болуға тілін, оқуын, ғылымын білмек керек. Оның себебі олар дүниенің тілін білді, мұндай болды. Сен оның тілін білсең, көкірек көзін ашылады. ... Дінге де жақсы білгендік керек.... Жорғалықпен көңілін алсам екен деген надан әке-шешесін, ағайын-жұртын, дінін, адамшылығын жауырынан бір қаққанға сатады. Тек майордың күлгені керек деп, көті ашылса да қам жемейді... Ләкин осы күнде орыс ғылымын баласына үйреткен жандар соның қаруымен тағы қазақты аңдысам екен дейді. Жоқ, олай ниет керек емес» деп жазады [Абай. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Екінші том. Поэмалар, қара сөздер мен хаттар, музыкалық шығармалары. – Алматы, 2020].

Адамгершілік мінез-құлық жайында грек философиясында айтылатын «білім дегеніміз игілік» деген ұстанымды салыстыра зерделесек, Сократтың моральдық парадокстарының бірі алдымыздан шығады. Бүгінгі ғылыми көзқарастар бойынша білім (ғылым) мен адамшылықтың, ақыл мен жүректің, сана мен ардың арасындағы қарама-қайшылықтар туралы пікірлер айтылып жүр.

Ғылым адамгершіліктен алыс тұрғандай, білім де «құндылықтардан» алшақтаған. Ғылымды адамгершіліктен ажыратып алғанымызды күнделікті қорқынышқа айналған ең кіші атом бөлшектері негізінде жасалған, атын атауға тайсақтайтын қарулардың ғылыми негіздемесін жасаған ғалымдар екенінен-ақ жорамалдауға болар еді. Жаман мен жақсы туралы айтуға қауқарсыз теориялық сана тек қана оны сипаттай алады. Сондықтан да болар Кант «таза сананың» қасына абсолютті түрде тәуелсіз дербес реттеуші - «категориялық императивті» қояды және оны жоққа шығаруға да, дәлелдеуге де болмайды екен. Тек қана бағыну керек. Бұл моральдық қағида ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін шешіп беруі тиіс.

Дегенмен, бұл мәселені басқа жолмен шешуге бола ма? Бәлкім ғылым адамгершілікке бағынбай, моральдың өзі-ақ адамды тәрбиелеуі керек шығар? Ия, Кантқа қарсы келетін шешімді қабылдауға да болар еді, бірақ бір шарт бар, яғни ғылым (ұғым) – абсолютті түрде мінсіз және дұрыс болу керек. Сократтың айтуынша адам өз әрекеттерінің салдарын білу керек, ал шын білім – шын игілік болады. Шын даналық (білім) және шын игілік бір-біріне барабар әрі бір-біріне қайшы келмейді. Адам баласы даналыққа ұмтылғандықтан, даналыққа ұмтылған игілік шешімі жоқ мәселеге айналады және оның шешімі бүкіл адамзатты қамтуы тиіс болады. Абай айтатын ғылым мұндай теориялық деңгейде қарастырылмайды, өйткені сол заманда абстрактылы білім мен ғылымнан гөрі, практикалық білімнің мәні мен әлеуметтік маңызы жоғары тұратын. Өзінің өлеңдерінде Абай ...ғылымға қолын кеш сермегеніне өкінді, жастарды «ондай болмақ қайда деп, айтпа ғылым сүйсеңіз» деп ғылымды сүйуге шақырды. «Сізге ғылым кім берер, жанбай жатып сөнсеңіз», яки Абай Ғылымның мәнін терең бағалайды, балалықты қиюды, ғылымның соңынан еруді дұрыс санайды. Абай тұжырымдары Сократ ойымен мәндес келіп жатады. Абай «ақыл», «қайрат», «жүректі» айтыстырып, әрқайсысының ерекшелігін, жақсылығы мен мықтылығын айта отырып, олардың қызметі мен әрекетін ғылымға бағалатады, әділдігін айтып орнын белгілейтін де ғылым болады.

«Ей, қайрат, сенің айтқаныңның бәрі де рас. Ол айтқандарыңнан басқа да көп өнерлеріңнің бары рас, сенсіз ешнәрсенің болмай тұғыны да рас, бірақ қаруыңа қарай қаттылығың да мол, пайдаң да мол, бірақ залалың да мол, кейде жақсылықты берік ұстап, кейде жамандықты берік ұстап кетесің, соның жаман, - депті.

- Ей, ақыл! Сенің айтқандарыңның бәрі де рас. Сенсіз ешнәрсе табылмай тұғыны да рас. Жаратқан тәңіріні де сен танытасың, жаралған екі дүниенің жайын да сен білесің. Бірақ сонымен тұрмайсың, амал да, айла да - бәрі сенен шығады. Жақсының, жаманның екеуінің де сүйенгені, сенгені - сен; екеуінің іздегенін тауып беріп жүрсің, соның жаман, - депті. - Сен үшеуіңнің басыңды қоспақ - менің ісім, - депті. Бірақ сонда билеуші, әмірші жүрек болса жарайды. Ақыл, сенің қырың көп, жүрек сенің ол көп қырыңа жүрмейді. Жақсылық айтқаныңа жаны - діні құмар болады. Көнбек түгіл қуанады. Жаманшылық айтқаныңа ермейді. Ермек түгіл жиреніп, үйден қуып шығарады, - дей келіп, жүректі жақтайды ғылым.

Абай үшін де білім мен ғылым – баға жетпес құндылық. Ал Сократ өзінің парадокстары арқылы белгілі бір идеяны жақтайды. Сократ адамдардың іс-әрекетін, өмірін ақиқаттың, игілік пен бақыттың идеалды бейнелері тұрғысынан бағалады. Оның ойынша, шынайы білімнен (даналықтан) нәр алған шынайы игілік пен әділетсіздіктің, зұлымдықтың арасы жер мен көктей. Шынайы білімге қол жеткізген адам нәпсісін тиіп, жамандыққа бармайды.

Абай 32-қара сөзінде «Егер дін көңілің өзге нәрседі болса, білім-ғылымды бір-ақ соған себеп қана қылмақ үшін үйренсең, ондай білімге көңіліңнің мейірімі асырап алған шешеңнің мейірімі секілді болады. Адамның көңілі шын мейірленсе, білім-ғылымның өзі де адамға мейірленіп, тезірек қолға түседі. Шала мейір шала байқайды» дей келе білім алудың шарттарын түсіндіреді де, «Алтыншы - ғылымды, ақылды сақтай тұғын мінез деген сауыты болады. Сол мінез бұзылмасын! Көрсеқызарлықпен, жеңілдікпен, я біреудің орынсыз сөзіне, я бір кез келген қызыққа шайқалып қала берсең, мінездің беріктігі бұзылады. Онан соң оқып үйреніп те пайда жоқ. Қоярға орны жоқ болған соң, оларды қайда сақтайсың? Қылам дегенін қыларлық, тұрам дегенінде тұрарлық мінезде азғырылмайтын ақылды, арды сақтарлық беріктігі, қайраты бар болсын! Бұл беріктік бір ақыл, ар үшін болсын!»- деуі арқылы Сократ ойын тереңірек дамыта түседі. Шынайы білім мен ғылымды сақтайтын мінез болуына

ерекше мән беріп, сол мінезде «азғырылмайтын ақылды, арды сақтарлық беріктігі, қайраты бар болсын» дейді. Абай үшін ақыл мен ар маңызды. «Ғылымның» АР алдында жауап беретінін меңзегені анық қазақ данышпанының.

Әрине, сократтық шынайы білім идеалы өмірден алшақ жатыр деуге де болар еді, бірақ терең таным мен өзін-өзі тану арқылы адам дұрыс әрекеттерді таңдай алады. Ол үшін адамшылық, құқықтық нормалар мен қоғамдағы ұстанымдарды білген жөн және сол нормаларды тексеру үшін шынайы білім (даналық) қажет. Сократ осы идеалға сай өмірді өзгертуге болатынына бек сенген және адамның сезімі мен ойын өзгерту - адамшылықты жүзеге асырудың бірден-бір жолы деп білген. Бұл Абай мен Сократ ойларының түйісетін тұсы. Ежелгі грек философы мен қазақ ойшылының айтпағы бір нәрсе. Өзінің 37-қара сөзінде қазақтың ойшылы «Адамның адамшылығы істі бастағандығынан білінеді, қалайша бітіргендігінен емес» дей келіп, мынадай ой айтқан: «Мен егер заң қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім». 38-сөзінде былай деген: «Надандық - білім-ғылымның жоқтығы, дүниеде ешбір нәрсені оларсыз біліп болмайды. Білімсіздік хайуандық болады». Немесе, Сократ шығармаларымен терең танысып, идеяларына тұшынғаннан кейін, «Сократқа у ішкізген, Иоанна Аркті отқа өртеген, Ғайсаны дарға асқан, пайғамбарымызды түйенің жемтігіне көмген кім? Ол – көп, ендеше көпте ақыл жоқ. Ебін тапта, жөнге сал» - деу арқылы тәрбиені бірінші орынға шығарады.

Сократ этикасының өзегінде адамның ойлау бейнесі мен барша адамдық сипатын өзгерту арқылы әлеуметтік өмірін өзгерту идеясы жатқаны белгілі. Ежелгі заман ойшылы адамды өзгерту және кемелдендіру арқылы оның өмірін жақсарту туралы тосын идея ұсынғаны байқалады. Десек те, Сократ адамды өзгертудің нақты этикалық немесе саяси бағдарлама жасамаған, Абай болса, сол өзгерістердің қажеттілігін сезініп қана қоймай, оларды жүзеге асыратын ілімін ұсынады, біз оның шығармашылығымен таныса келе, оның бала тәрбиесіне, мінезіне, жастығы мен қарттығына дейінгі жүріп өткен жолына танымдық мән бергеніне куә боламыз. Бастысы, Абайда тұжырымдамалық (концептуалдық) сипатқа ие бағдарлама бар, онда этикалық қағидалар арқылы адами құндылықтарды объективті шындық жағдайында қарастырып қана қоймай, оларды жүзеге асырудың жолдарын да көрсете білген.

Бақпен асқан патшадан
Мимен асқан қара артық;
Сақалын сатқан кәріден
Еңбегін сатқан бала артық.

... ..

Тоқ тіленші - адам сайтаны,
Харекетсіз - сопы монтаны.

... ..

Жаман дос - көлеңке:
Басыңды күн шалса,
Қашып құтыла алмайсың;
Басыңды бұлт алса,
Іздеп таба алмайсың.

... ..

Досы жоқпен сырл ас,
Досы көппен сыйлас;
Қайғысыздан сақ бол,
Қайғылыға жақ бол.

...

Қайратсыз ашу - тұл,
Тұрлаусыз ғашық - тұл,
Шәкіртсіз ғалым – тұл, -

деген жолдардың әрқайсысының астарында қазақ дүниетанымының кең философиялық мәні мен мағынасы жатыр.

Стагирит деген есіммен де белгілі гректің атақты ежелгі философы, әлемнің бірінші ұстазы болған және Ескендір Зұлқарнайынның ақылгөйі Аристотель Сократтың этикасындағы адам өмірін өзгерту туралы идеяға қарсы шығады. Ол «мақсат адамның өмірін түсіну ғана және оны өзгертудің қажеті жоқ» деп есептейді. Сондықтан да сократтық парадоксты Аристотель өмірдің жалған сипаты ретінде бағалайды. Сократ ізгі өмір мұратына ұмтылса, Аристотель шынайы өмірді тәжірибе арқылы тануға ұмтылған. Платон да Сократ сияқты, өмірге идеал тұрғысынан (болашақ тұрғысынан) қарап, бағаласа, Аристотель – нақты өмір (өткені мен қазіргісін бірге) жағдайын қарастырады. Расында да, бұл жерде идеал мен нақты шындық арасындағы тартысты байқауға болады, кейін бұл материалистік идеология тұрғысынан зерделеніп, соцреализм сияқты құбылысты дүниеге әкеледі. Қалай болған жағдайда да, идеалсыз өмірдің қызығы жоқ, ал нақтылықтан алыстасақ – утопиялық армандауға жолығамыз.

Абай шығармашылығында бұл екеуі тепе-теңдікте көрініс тапқан, ойшыл қазақ қоғамын «бір ұрты май, бір ұрты қан» күйінде, яғни жаманы мен жақсысы, кемшілігі мен артықшылығы аралас өмірін бүкпесіз сипаттайды, сол өмірін өзгертудің жолын көрсетеді. «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» атты өлеңінде нақты шындық бар. «Жақсы менен жаманды айырмаған» қазақтың ұстарасыз аузына мұрты түсіп, сартша сырты неге бұзылды? Жөн сөзді ұқпаудан, дұрыс жолды көрсетіп, бастар кісі болса да, оны тыңдамаудан. «Аузы мен орақ ұрған өңкей қыртың» ойланарға құнты жоқ. Сондықтан да «өзімдікі дей алмай, өз малын» «күндіз күлкісі, түнде ұйқысы» бұзылады да.

*Қалың елім, қазағым, қайран жұртым,
Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың.
Жақсы менен жаманды айырмадың,
Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың.
Бет бергенде шырайың сондай жақсы,
Қайдан ғана бұзылды сартша сыртың?
Ұқпайсың өз сөзіңнен басқа сөзді,
Аузымен орақ орған өңкей қыртың.
Өзімдікі дей алмай өз малыңды,
Күндіз күлкің бұзылды, түнде – ұйқың.*

Өз қолында билігі жоқ елдің сиқын айқын көрсеткен бұл өлеңнің сол замандағы саясатқа да қарсылығы анық аңғарылады.

*Бас-басына би болған өңкей қиқым,
Мінеки бұзған жоқ па елдің сиқын?*

Өздеріңді түзелер дей алмаймын,

Өз қолыңнан кеткен соң енді өз ырқың.

Сонымен, біз ғылым (білім) және этика мәселелерін Абайдың және классикалық ежелгі философтардың еңбектерінде қалай пайымдалғанын білдік, енді Сократтың этикалық іліміне, оның игілік ретінде бағалаған білім туралы тезисіне Аристотельдің қарсы шығуын бағамдасақ, оның жаңа дәуірлік философия тарихына әсері тым күшті болғанын байқаймыз. Аристотельдің айтуынша Сократ ғылым мен адамгершілікті теңестіріп, этикалық зияткерлік ұстаным қолдаған. Сократқа теориялық және қолданбалы ғылымдарды ажыратпай, білім түрлерін шатастырып, тең қарастырды деген айып тағылады. Аристотельдің пікірі бойынша «теориялық білімнің мақсаты - ақиқат, ал практикалық білімнің мақсаты - іс».

Абайдың этикалық ілімі Сократтың ұстанымына жақын келеді. Сократтың этикасы адамгершілікті, әділдікті бәрінен жоғары қоятыны белгілі, дегенмен де Аристотель Сократтың ұстанымын бұрмалап көрсетеді, яғни Сократ ізгіліктің қандай екенін түсіндіреді де, оның қалай пайда болып, қалай тәрбиеленетініне мән бермейді-мыс. Десек те, Аристотель бір нәрсені дұрыс байқағандай болып, былай айтады: - Сократ адамгершіліктегі зияттық сипатқа көп басымдық беріп, зияткерлік әрекеттерге аса үлкен мән береді, бірақ адам мінезінің оның әрекеттеріне тигізетін ықпалын ескермейді, –дейді. Шын мәнісінде, Сократ ізгілік жолында мінез бен сезімнің өзгеру қажеттілігі мен мүмкіндігі туралы айтқан еді.

Абай да өз еңбектерінде, мысалы 7-сөзінде: «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі - ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар - тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақ үй бола алмайды. Інім өзі өспейді, қуат таппайды. Біреуі - білсем екен демеклік. Не көрсе соған талпынып, жалтыр-жұлтыр еткен болса, оған қызығып, аузына салып, дәмін татып қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай-керней болса, дауысына ұмтылып, онан ержетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп, «ол немене?», «бұл немене?» деп, «ол неге үйтеді?» деп, «бұл неге бүйтеді?» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі - жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген», - жан құмары мен тән құмарын салыстырып, зияттылықтың басталуына тектілік шеңберінің басы саналатын тәрбиеге аса мән береді.

«Ержеткен соң, күш енген соң, оған билетпедік. Жанды тәнге бас ұрғыздық, ешнәрсеге көңілменен қарамадық, көзбен де жақсы қарамадық, көңіл айтып тұрса, сенбедік. Көзбен көрген нәрсенің де сыртын көргенге-ақ тойдық. Сырын қалай болады деп көңілге салмадық, оны білмеген кісінің несі кетіпті дейміз. Біреу кеткенін айтса да, ұқпаймыз. Біреу ақыл айтса: «Ой, тәңірі-ай, кімнен кім артық дейсің!» - дейміз, артығын білмейміз, айтып тұрса ұқпаймыз» - дейді. Абай осындай жолдар арқылы қазақ баласының мінезіне тура анықтама береді. Мұндай мінез - Ақын кейіпкерінің тұлғалық қасиеттерінің жиынтығы. Мінез адамның әрекеттері арқылы танылса, Абай да типтік әрекеттер арқылы адамның мінезіне тән реңк беретін әрекеттерді атайды.

Мінезді адам өзі айналысуды қалайтын әрекеттердің ерекшеліктерінен табуға болады. Кей адамдар ең күрделі және қиын әрекеттерді ұнатады, олар үшін кедергілерді іздеу және жеңу ғанибет; басқалары ең қарапайым, қиындықсыз жолдарды таңдайды. Кейбіреулер үшін олардың жұмысты қандай нәтижемен аяқтағаны, басқа адамдардан асып түскені маңызды. Абай қазақ баласының «жанды тәнге бас ұрғызып», жақсы нәрсеге бой ұрмай, «көңіл айтып тұрса, сенбегеніне» күйзеледі. Жөн нұсқаған кісінің сөзін елемейді күйінеді. Күйіне отыра сын айтады. Сынды түзеу үшін айтады.

21- қара сөзінде: «... Аз ба, көп пе, адам баласы бір түрлі мақтаннан аман болмағы - қиын іс. Сол мақтан деген нәрсенің мен екі түрлісін байқадым: біреуінің атын үлкендік деп атаймын, біреуін мақтаншақтық деймін. Үлкендік - адам ішінен өзін-өзі бағалы есеп қылмақ. Яғни, надан атанбастығын, жеңіл атанбастығын, мақтаншақ атанбастығын, әдепсіз, арсыз, байлаусыз, пайдасыз, сұрамшақ, өсекші, өтірікші, алдамшы, кеселді - осындай жарамсыз қылықтардан сақтанып, сол мінездерді бойына қорлық біліп, өзін ондайлардан зор есептемек. Бұл мінез - ақылдылардың, арлылардың, артықтардың мінезі» деп жазыпты. Ал 39-қара сөзінде: «... аталарымыздың екі ғана тәуір мінезін жоғалтпай тұрсақ, біз де ел қатарына кірер едік», 18-қара сөзінде: «Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ», 32-қара сөзінде: «...- ғылымды, ақылды сақтайтұғын мінез деген сауыты болады» деп, мінезге қатысты ойларымен бөліседі.

Абай ұлттық мінездің ерекшеліктеріне талдау жасай келе, «Рас, бұрынғы біздің ата-бабаларымыздың бұл замандағылардан білімі, күтімі, сыпайылығы, тазалығы төмен болған. Бірақ бұл замандағылардан артық екі мінезі бар екен. ... Ол екі мінезі қайсы десең, әуелі – ол заманда ел басы, топ басы деген кісілер болады екен. Көш-қонды болса, дау-жанжалды болса, билік соларда болады екен. Өзге қара жұрт жақсы-жаман өздерінің шаруасымен жүре береді екен. Ол ел басы мен топ басылары қалай қылса, қалай бітірсе, халықта оны сынамақ, бірден бірге жүргізбек болмайды екен. "Қой асығын қолыңа ал, қолайыңа жақса, сақа қой", "Бас-басыңа би болса, манар тауға сыймассың, басалқаңыз бар болса, жанған отқа күймессің" деп мақал айтып, тілеу қылып, екі тізгін, бір шылбырды бердік саған, берген соң, қайтып бұзылмақ түгіл, жетпегенінді жетілтемін деп, жамандығын жасырып, жақсылығын асырамын деп тырысады екен. Оны зор тұтып, әулие тұтып, онан соң жақсылары да көп азбайды екен. Бәрі өз бауыры, бәрі өз малы болған соң, шыныменен жетесінде жоқ болмаса, солардың қамын жемей қайтеді?

Екінші мінезі - намысқорлық екен. Ат аталып, аруақ шақырылған жерде ағайынға өкпе, араздыққа қарамайды екен, жанын салысады екен. "Өзіне ар тұтқан жаттан зар тұтады" деп, "Аз араздықты қуған көп пайдасын кетіреді деп, "Ағайынның азары болса да, безері болмайды", "Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді" десіп, "Жол қуған қазынаға жолығар, дау қуған пәлеге жолығар" десіп. Кәнеки, енді осы екі мінез қайда бар? Бұлар да арлылық, намыстылық, табандылықтан келеді. Бұлардан айырылды. Ендігілердің достығы - пейіл емес, алдау, дұшпандығы - кейіс емес, не күндестік, не тыныш отыра алмағандық». Абайдың бұл айтқаны дәл қазіргі күнде де өзекті десек артық болмас. Әсіресе, намыс туралы айтқан философиялық ойларына мән беру аса маңызды.

Абай мінез бен нәпсіге бой алдырған адам айтқан ақылға көнбейтінін, тыңдаған күннің өзінде де ол түсінбейтінін алға тартып, нәпсіні жеңудің жолдарын талдай көрсетеді, салыстыра отырып жөнін айтады. Сондықтан әуелі ізгілікке мойынсұнатын, ұяттан безбейтін мінез болуға ұмтылудың дұрыс жолын меңзейді.

Аристотель ізгілікке тәрбиелеу қажет екенін мойындайды, бірақ пайымдау арқылы мінездегі нәрсені өзгерту мүмкін емес деген пікір айтады. Сондай-ақ, ақыл мен үйрету бәріне бірдей әсер етпейді; ізгілікке баулуда үйрету мен дағдыдан басқа, көп нәрсе адамның «болмысына» байланысты деп бағамдап, соңында Аристотель мынадай қорытындыға келеді – қоғамдағы дұрыс тәртіпті орнату үшін адамдарды мәжбүрлеп, заңның орындалуын мемлекет тарапынан қадағалау керек, өйткені адамдар ақылдан гөрі қорқынышқа, әсемдіктен гөрі жазаға бағынуға бейім. Жоғарыда айтылғандай, данышпан Абай бұл пікірмен келіспейтінін байқаймыз, өйткені ол өзінің 37-Қара сөзінде: «Мен егер заң қуаты қолымда бар кісі болсам,

адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім» деген ой айтады. Аристотель Сократтың ізгілікті білімге теңейтін пікірін сынаған кезде адамшылықтың табиғатына терең бойласа да, Сократтың зияттылығын жеңе алмаған.

Платон өзінің ұстазы Сократтың ұстанымын қолдаса да, Аристотельдің адамның әлсіз болмысы туралы тезисін жақтаған еді. Оның пікірінше, адамдардың көпшілігі сезім мен нәпсіге бағынады, өзімшілдікке бейім болғандықтан ақиқатты, әділдік пен ақылды аттап кетеді. Тек аса дара туған адам ғана ақылмен жүріп, ақиқат пен әділдікті ұстанады: ондай адамға өзін басқаратын заңның да қажеті шамалы, өйткені оның ақылы ешкімге құл болмауы тиіс. Осылайша Платон Сократтың ойына өзгеріс енгізеді. Аса дарынды адам шынайы еркін тұлға болғандықтан, өзінің әрекетінде шынайы білімге сүйенеді. Бірақ, дейді Платон, ондай адам сирек кездесетіндіктен, ізгілікті тәрбиелейтін заң қажет; заңның күші ортақ (қоғамдық) мүдделерді қорғау үшін, қоғамдық тәртіпті жеке адамның озбырлығынан қорғау үшін қажет.

Ұлы Абай мен данышпан Сократтың көзқарастарындағы ұқсастықты байқататын тағы бір тақырыпқа ойысқан кезде, Сократтың этикалық утилитаризміне (прагматизм, пайдаға ұмтылушылық) жолығамыз. Бұл тұрғыда ізгілік пен жақсылыққа, жалпы этикалық ілімге байланысты пікірлерін талдап көрейік.

Платонның «Мемлекет» (366 б.) деп аталатын еңбегінде Фразимих есімді бір адам Сократпен сұхбаттаса келе әділдік туралы сұрап: «әділдік – күштілерде пайда беретін нәрсе» деген қорытынды жасайды, ал Сократ болса: «Әділдіктің пайдасы бар дегеніңмен келіспеймін. Ал сенің «күштілеріңді» білмеймін...» дейді. Пайдалы нәрсе ізгілікпен теңеседі, өйткені ізгілік адамдарды жақсылыққа шақырады және ізгі нәрсе пайдалы болу керек, яғни жақсы адамдар жасайтын «кез келген ізгі нәрсе» пайдалы болмақ. Сократтың айтуынша, барлық әдемі нәрсе (дене, түр-түс, форма, дыбыс, мінез) белгілі бір мақсатқа жұмсалыуына не пайда беруіне қарай немесе адамды рахатқа бөлеуіне қарай әдемі саналады. Сократ даналық пен ізгіліктің арасын бөліп жармайды. Адам үшін пайдалы әрекет, ол дұрыс әрекет. Қысқаша айтқанда, пайдасы тиетін істің бәрі дұрыс саналады. Заттардың бәрі мақсатқа сай әрі пайдалы болу керек. Сонымен, грек данасы үшін жалпы ізгі немесе жалпы жаман, жалпы пайдалы немесе жалпы зиян нәрсе болмайды, дәл солай жалпы әдемі немесе жалпы ұсқынсыз нәрсе де болмайды. Адамның әрекеттері пайдалы мақсатты көздегенде ғана ізгі болмақ, ал заттың жақсы болуы оның пайдаға асуына байланысты.

Алайда, Сократқа телініп жүрген біраз нәрсенің Ксенофонт арқылы жеткенін ескеру керек, өйткені Сократ адамдардың өмірлік тәжірибесін де жақсы білген, ол өмірге деген саналы көзқараста болуды, жаман мен жақсыны айыра білуді қолдап, білімді басты ізгілік ретінде таныған. Әрине, білімді ізгілік деп таныса да, Сократ адам баласының шынайы қалауының қате болатынын жасырмайды. Өзінің шынайы қажеттіліктері мен мұқтаждықтарын білмеген адам нәпсінің құлына айналады. Даналық – ең биік мұрат, ізгілік. Сократтың айтуынша «жақсы өмір сүрген адам ... өзін-өзі жетілдіруге көңіл бөлген адам». Адам – адамшылығын жетілдіргенде, ең биік ізгілікке жетуді көздегенде, өзін-өзі жаратады, өз бақытын жасайды.

Абайға келер болсақ, ол пайда туралы ойын ашық айтады. Мал тап, тіленбе, сұрама, өнер ізде. «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» дейді.

Абай «пайда ойлама, ар ойла» деген ойды да басып айтады. Оныншы сөзінде: «Ешбір қазақ көрмедім, малды иттікпен тапса да, адамшылықпен жұмсаған. Бәрі де иттікпен табады, иттікпен айырылады» дейді. Демек, Абай үшін мал табу мақсат емес, оның қалай табу да, тіпті қалай жұмсау да маңызды болып отыр. Адам малға дос болып, малдың құлы болып, ұрлық-

қарлықпен байлық жинаса да, адамшылыққа жетпейді. Пайданы адал еңбекпен табу керек дейді Абай. «Және мал тілейсіңдер, неге керек қылайын деп тілейсіңдер? Әуелі, құдайдан тілеймісің? Тілейсің. Құдай берді, бергенін алмайсың.... Сол малды сарып қылып, *ғылым табу* керек... Ғылымсыз ахирет те жоқ, дүние де жоқ».

Ақын өз халқының ойлау жүйесін парасат пен пайымға жетелеп, түзу ақыл, жылы жүрек, ыстық қайрат үштігіне иек артып, толық адам болу идеясын ұсынады. Өзіне дейінгі әлем ойшылдарының еңбектерімен танысып, оны өзінше түйіп, қазақ халқының дүниетанымымен, өмірлік тәжірибесімен салыстыра байланыстырып, болашақ ұрпаққа ғибрат, үлгі боларлық философиялық ой өрбітеді. Кеменгер ақынның данышпандықпен жасаған педагогикалық-психологиялық тұжырымдары мен өлеңмен өрілген ойларының астарына терең үңілсек, оның бүгінгі заман жастары ілерлік ілкі ой, талап-тілек бар. «Көкірегі сезімді, тілі орамды жастарға» берілетін шын үлгі - ғылым жолы, өнер жолы, білім жолы, Абай сөзінде тұр.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Сыздықова Р. Абай шығармаларының тілі. Лексикасы мен грамматикасы. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ел-Шежіре. - 2014.
2. Сыздықова Р. Абайдың сөз өрнегі. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ел-Шежіре. - 2014.
3. Ксенофонт. Воспоминания о Сократе. <https://www.litres.ru/audiobook/ksenofont-8793594/vospominaniya-o-sokrate63532837/>
4. Абай энциклопедиясы, - Алматы. 1995. 472 б.
5. Абай. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Екінші том. Поэмалар, қара сөздер мен хаттар, музыкалық шығармалары. – Алматы, 2020.
6. Абай. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Үш томдық. - Алматы, 2020. 1-том 627 б.
7. Абай. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Үш томдық. - Алматы, 2020. 2-том. 524 б.
8. Абай. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Үш томдық. - Алматы, 2020. 3-том. 482 б.
9. Абай. Екі томдық шығармалар жинағы. Өлеңдер мен аудармалар, поэмалар, қара сөздер. – Алматы: «Жазушы». - 1995. -Т. 2. - 379 б.

АБАЙТАНУДАҒЫ СОНЫ БЕЛЕС

Жұбай Орынай

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің
қауымдастырылған профессоры, ф.ғ.д.

Антропоэлектік бағыттағы зерттеулерде адам сөйлеуші, өзіндік әлемі, өзіндік дүниетанымы бар саналы жан ретінде сипатталады. Академик Р. Сыздықтың абайтануға қатысты зерттеулерін антропоэлектік парадигмалар негізінде талдау арқылы ғалымның Абай Құнанбайұлын тілдік ортада мәдени-тілдік дәстүрдің, нормалардың қалыптасуына ықпал еткен, қазақтың жазба поэзиясының негізін қалаған сөз зергері, элитарлық тілдік тұлға ретінде

сипаттағанын көреміз. Абайтануда өзіндік із қалдырған ғалым – профессор Рабиға Сыздықтың кандидаттық диссертациясы (1959 ж. «Абай қара сөздерінің негізгі морфологиялық ерекшеліктері») да, докторлық диссертациясы да (1971 ж. «Абай шығармаларының тілі») Абай ақынның шығармашылығына арналды. Рабиға Сыздықтың диссертация тақырыбын таңдауына, ғылымдағы бағытына, абайтану саласына келуіне, қазақ әдеби тілінің тарихын зерттеуіне Мұхтар Әуезов ықпал еткен. Академик Рабиға Сыздық сол кезді былай деп еске алады: «Ғылыми диссертациялар қорғау үшін тақырыптар ұсынылып жатты. Екі-үш айдан соң ғылыми кеңестің отырысы болды. Кеңестің бір мүшесі – Мұхтар Әуезов екен. Сол басқосуда Мұхаң: «Абайдың қара сөздерінде «бармаққа керек», «айтарға дұрыс» деген сияқты сөздер бар. Осы немене? Татар тілінің әлде шағатай тілінің әсері ме? Өлеңдерінде де бар ма екен? Осыны зерттемейсіңдер ме? Осыны тақырып етсе, қайтеді?» – деді. Тақырып табу оңай емес. Ұстаздарым – І.Кеңесбаев, М.Балақаев, басқа да тіл мамандары бар: «Дұрыс екен», – деп қолдай кетті. Мен де келістім. Расын айтсам, менің ғылымдағы жолымды ашып, жөн сілтеген де, «Мәдениетті, білімді болу керек, осылай сөйлеу керек» дегенді ұқтырған да, ғылым жолын көрсеткен де – Мұхаң болды» [1].

Абайдың тілі бойынша үш монография – «Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы» (1968), «Абай шығармаларының тілі» (1971), «Абайдың сөз өрнегі» (1994), 40 шақты мақала жариялады, «Абай» энциклопедиясында ақын шығармашылығына қатысты ғылыми-теориялық мақалалар берді. Ғалым Абай Құнанбайұлының тілдік тұлға ретінде қалыптасуына ықпал еткен факторларды, өмір сүрген дәуір мен ортасын сипаттайды; сөз зергерінің тіліндегі лексикалық қабаттарды, көріктеу құралдарын көрсетеді; тілдік тұлғаның дискурсында көрініс тапқан құндылықтарды айқындайды, негізгі концептілерді көрсетеді, т.с.с. Тұрпат межесімен қатар мазмұн межесін де ескеріп, тілдік ұжымға, жеке адамға тән мәдениет әлемінің ерекшелігін сипаттайды, Абай шығармаларын өз заманының кескін-келбетін, бүкіл болмысын танытумен қатар ақынның таным көкжиегінен мол ақпарат беретін дүние ретінде көрсетеді. Абай Құнанбайұлының шығармаларын талдау арқылы профессор Рабиға Сыздық қазақ әдеби тілінің XIX ғасырдағы дамуын сөз етті, ақынның қазақ әдеби тілінің тарихындағы орнын көрсетті.

Абай Құнанбайұлы 1880-1886 жылдары шығарған өлеңдерін Көкбай ақынның атынан жариялағаны мәлім. «Дала уалаятының газеті», «Серке» газеттерінің бетіндегі өлеңдерін де Көкбайдың атынан жіберген [2, 94-б.].

Абай мұрасын танытып, бағалауда Әлихан Бөкейхан, Кәкітай Ысқақұлы, Тұрағұл Абайұлы, Зейнелғабиден Әміре, Сұлтанмахмұт Торыайғыров, Самат Әбішұлы, Міржақып Дулатов, Ақымет Байтұрсынұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы, Мұхтар Әуезов, Мағжан Жұмабаев, Ыдырыс Мұстамбайұлы, Телжан Шонанов, Құдайберген Жұбанов сынды зиялылардың еңбегі зор болды. Профессор Р.Сыздық Абайдың өлеңдері В.А. Кудашев құрастырған жинақта да болғаны, онда ақынның аты-жөні толық көрсетілмей, «А.К.» деп қана берілгені туралы тың ақпарат келтіреді. 1901 жылы П.М. Мелиоранский жинақты редакциялап: «Бұл жинақта мазмұны жөнінен, әсіресе мына дүниелер қызықты: «Жыл мезгілдері», «Бүркітші», «Өсекші», «Қыздың сипаты». Бұл шығармалардың тілі азды-көпті кітаби», – деп пікір білдіргенін айтады [3, 80-б.].

Абайтанушы Рабиға Сыздық Абайдың қаламынан шыққан әдебиет дүниелерінің тілін жеке алып зерттемес бұрын алдымен Абайдың тұсында, айналасында қазақ тілінде тағы да қандай әдебиеттер болғанын нақтылап алу керектігін, «Абай шығармаларының тілі – автономиялық тіл емес. Оның қаншалықты ерекшелігі, тіпті артықшылығы болғанмен, ол өз заманындағы жалпыхалықтық тілмен, өзге әдебиеттер тілімен астарласып, тамырласып

жататынын» ескертеді. Абайға дейін де қазақ әдеби тілінің үлгілері болғаны туралы М.Әуезов, С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, І.Кеңесбаев, т.б. ғалымдардың ұстанымдарын басшылыққа ала отырып: «Абай – дайын тұрған әдеби тілді пайдаланған қатардағы қаламгер емес. Абай – сол әдеби тілдің даму жолындағы жаңа дәуірін бастаушы, сапалық жаңа типінің іргетасын қалаушы адам. Екінші, Абай – лингвистикалық талдау үшін үлкен мәні бар екі салада – поэзия және проза түрінде жазған адам, оның үстіне поэзиясында да, прозасында да бірнеше жанрдың белгілері бар мұраның иесі. Осының барлығынан Абай тілі өз тұсындағы қазақ жазба әдеби тілін белгілі бір шамада толығырақ көрсететін дәрежеде танылады», – деп тұжырымдайды [4, 4-12-б.].

Профессор Рабиға Сыздық қазақ қоғамында Абаймен тұстас, іргелес өмір сүрген әдебиетті бірнеше түрге жіктейді:

1. *Халықтың ауыз әдебиеті шығармалары.* Бұлардың басым көпшілігі бұрыннан келе жатқан «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Ер Тарғын», «Қобыланды» т.б. тәрізді ірі полотнолар мен әр алуан тұрмыс-салт өлеңдері, ертегілер т.т. Сонымен қатар ХІХ ғ. өзінде, тіпті ІІ жартысында пайда болған кейбір тарихи жырлар («Бекет батыр» т.б.) мен лиро-эпостар («Айман-Шолпан» т.б.) да осы топқа кіреді.

2. *Қазақтың тарихи көркем әдебиет үлгілерін әрі алып барған жеке ақындар шығармалары.* Бұлар идеологиясы жағынан әр алуан. Халықтық демократиялық мүдделерді жырлаған және заман қайшылықтарын сынап, халыққа бүйрегі бұрған мотивтері күшті Шөже, Сүйінбай, Күдері, Біржан, Жаяу Мұса, Ақан, Майлықожа, Нұрым, Арыстан, Орынбай, Кемпірбай т.т. тәрізді ақындар мен феодалдық-реакцияшыл идеологияны қостаған Шортанбай, Дулат, Мұрат, Нысанбай, Досқожа, Базар, Әубәкір, Кердері т.б. сияқты ақын-жыраулар.

3. *Қазақ тіліндегі тұңғыш баспасөз орындары:* «Түркістан уалаятының газеті», «Дала уалаятының газеті», «Торғай газеті», «Ауыл шаруашылық листогі» т.б.

4. *Қазақ ішінде жазылған кейбір ресми кеңсе қағаздары:* патша үкіметінің әкімшілік орындары мен жергілікті әкімдердің бұйрық-жарлықтары, арыздар, инструкциялар т.б.

5. *Шығыстың классикалық әдебиетінің қазақша еркін аудармалары, яғни шығыс сюжеттерін қайталап қазақша жырлаған туындылар:* «Шахнаме», «Ләйлі-Мәжнүн», «Жүсіп-Зылиха», «Фархад-Шырын», «Ескендір», «Мұңлық-Зарлық», «Сейфілмәлік», «Бозжігіт», «Шахмаран», «Шәкір-Шәкірат» т.б.

6. *Ислам дінін уағыздап, оның пайғамбарлары мен әулиелерін дәріптейтін таза діни тақырыптағы шығармалар – қиссалар:* «Салсал», «Зарқұм», «Жұм-Жұма», «Кербаланың шөлінде» т.б.

7. *Ислам діні канондарының қазақша аудармалары:* «Исламның бес фарызы», «Қырық қадис».

8. *Христиан дінінің канондарын қазақша түсіндіріп уағыздайтын кітапшалар:* «Ақыл беретұғын кінеге» (1891), «Езги Иосиф» (1892), «Евангелие» (1891), «Құдайдың... үшін көп азап тартқан Евстафий Плакиданың... өмірі» (1886) т.т.

9. *Азаматтық тақырыптарға, яғни медицина, ветеринария т.б. қатысты жазылған кітапшалар:* «Трахома деген жаман көз ауру», «Жамандату, қойдұрғы турасында», «Қышыма турасында», «Егіншінің қызмет аты жайында» т.т.

10. *Қазақша-орысша және орысша-қазақша сөздіктер:* Русско- киргизский и киргизско-русский словарь. Сост. Иш-Мухамед Букин (1883), Киргизско-русский словарь (1897), Краткий русско-киргизский словарь (1893), Спутник русского человека в

Средней Азии, заключающий в себе словари (1878), Материалы к изучению киргизского наречия Н.Ильминского. Словарь (1861) т.б.

11. *Қазақ тілі грамматикасын талдаған, бірақ орыс тілінде жазылған еңбектер, оқулықтар, олардың ішіндегі қазақша мысалдар, текстер:* Н.И.Ильминский Материалы к изучению киргизского (казахского) наречия (1861), А.Е.Алекторов К мудрости ступенька. Азбуки для учеников начальных русско-киргизских школ (1891), И.А.Алтынсарин «Начальное руководство к обучению киргиз русскому языку» (1871), М.Бекчурин «Начальное руководство к изучению арабского, персидского и татарского языков с наречием бухарцев, башкир, киргизов и жителей Туркестана» (1869), Н.Лаптев «Грамматика киргиз-кайсацкого языка (1898), Н.Лаптев «Материалы по казак-киргизскому языку» (1900), П.М.Мелиоранский «Краткая грамматика казак-киргизского языка». I и II части (1894, 1897), Н.Н.Пантусов «Материалы по изучению киргиз-казахского наречия» (1899-1904), «Первоначальный учебник русского языка для киргизов» (1893), М.Терентьев «Грамматика турецкая, персидская, киргизская и узбекская» (1875), т.б.

12. *Ыбырай Алтынсариннің көркем шығармалары.* Бұл әдебиеттер мазмұны мен мақсаты жағынан әр алуан болды: бірқатары қазақтың көркем әдебиет үлгілеріне жатса (ауыз әдебиеті нұсқалары, жеке ақындар өлеңдері, шығыс әдебиеті аудармалары, Ыбырайдың көркем шығармалары т.б.), бірсыпырасы оқу-ағарту мақсатымен пайда болды. Бір топ әдебиет публицистикалық жанрдың үлгісіне жатса (газеттер, көпшілікке арналған кітапшалар), енді бір тобы дінді уағыздауға (ислам дінін де, христиан дінін де) арналды. Бұлардың ішінде сөздіктер – бір алуан дүние [4, 12-16-б.].

Ғалым мазмұны мен мақсаты жағынан сан түрлі топқа бөлінгенмен, тілі жағынан оларды екі үлкен топқа жинақтауға болатынын ескертеді де бірінші топқа қазақтың жалпыхалықтық тілін негіз еткен үлгілерді (Абай, Ыбырайдан бастап, тарихи қазақ әдебиеті өкілдері – ақын-жыраулар мұралары, ауыз әдебиеті нұсқалары, шығыс классик әдебиетінің қазақша жырланған үлгілері, баспасөз тілі, әр алуан грамматикалар, қазақ-орыс школдарына арналған оқулықтар, сөздіктердегі қазақша материалдар, медицина, ветеринария тақырыптарына жазылған көпшілікқолды кітапшалар, христиан дінін уағыздайтын миссионерлік әдебиет) жатқызса, екінші топқа түркі халықтарының көпшілігінде бірнеше ғасыр бойы өмір сүріп келе жатқан ортаазиялық түркі әдеби тілі немесе шағатай тілі (қазақ филологиясында «кітаби тіл») атанған тіл нормаларын негіз еткен, дәлірек айтсақ, негіз етуге тырысқан үлгілерді (ислам дінін уағыздайтын қиссалар, ислам діні тәртібін үйрететін аудармалар және қазақша жазылған ресми кеңсе қағаздары) жатқызады.

Академик Абайдың алдында қазақ әдеби тіл дәстүрі болғанын, ол неше ғасыр бойы қазақтың тума әдебиеті халықтық тіл негізінде көркем әдебиет саласында, оның ішінде поэзия жанрында қалыптасып, дамығанын айта келіп, ол Абайдың тілді тандауында шешуші рөл атқарғанын ескертеді. Ғалым қазақтың жалпыхалықтық сөйлеу тілінің нормаларын негіз еткен әдеби тіл дәстүрінің басты өкілдері ретінде Шөже, Сүйінбай, Күдері, Біржан, Жаяу Мұса, Ақан, Майлықожа, Нұрым, Арыстан, Орынбай, Кемпірбай, Шортанбай, Дулат, Мұрат, Нысанбай, Досқожа, Базар, Әубәкір, Кердері т.б. сияқты ақын-жырауларды атайды. Профессор Р.Сыздық Абай қазақ ауыз әдебиетін, өзіне дейінгі және өзімен тұстас Арқа, Жетісу ақындарын жақсы білгенін, біле отырып, тілдеріне зер салған, зер сала отырып, өзіне қажетін алғанын ескерте келіп: «Тегі, Абайдың дәл алдында қазақтың халықтық тілін көркем әдебиетте, оның ішінде поэзияда пайдалану жағынан

осал мектеп болмаған» дегенді баса айтамыз. Солардың ішінен біз Дулатты атаймыз... «Сөздері бірі құрау, бірі жамау» деген баға алғандардың бірі бола тұрса да, Дулат ақындық шеберлігі жағынан өзіне дейінгі және замандас ақындардан әлдеқайда жоғары екені көрінеді. *Тіршілік пен өлімнің Ұзақ дауы шешілген. Артына қарап үңіліп, Қайран талай жыл кетті; Мөңіреп жұртқа ой қайтты Бұзауы өлген сиырдай; Саудагер сарттай қайтты өмір, Құмар ойнап ұтылған* т.т. осы сияқты образдарды Абайға дейінгі қазақ әдебиетінде Дулаттан ғана кездестіреміз. *Ойдың құтысы, жырдан алқа тағу* тәрізді семантикасы алшақ сөздерді тіркестіру тәсілінің алғашқы нышандарын да Дулаттан таба аламыз. біріншіден, Дулат – территория жағынан Абайға ең жақын жерде өмір сүріп өткен ақын, екіншіден, жоғарыда айтқандай, Дулат Абайдың өзіне дейінгі ақындардың ішінде тілі жағынан өзгелерден шоқтығы биік, бір табан ілгері тұрғаны», – дейді [4].

«Тұманың тұнық суынан шәрбет балдай тамызып, тасқын судай ағызған» біртуар сөз зергері – Дулат Бабатайұлының шығармашылығы, ақындық шеберлігі турасында М. Әуезов, Қ. Жұмалиев, Қ. Өмірәлиев, Ы. Дүйсенбаев, Х. Сүйіншәлиев, З. Ахметов, Б.Әбілқасымов, М. Мырзахметов, А. Еспембетов, М. Мағауин, С. Қасқабасов, Т. Жұртбай, Т. Кәкішев, Д. Ысқақов, С. Негимов, Т. Шапай, Б. Омарұлы, Қ. Раев, Э.Пертаева, М. Бекбосынов, Н. Қуантайұлы, т.с.с. ғалымдар да зерттеу жазып, ғылыми баяндамалар жасағаны белгілі. Бұл орайда ақынның сөз кестесін тілдік тұрғыдан арнайы сөз етіп, талдаған ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Рабиға Сыздық зерттеулерінің орны бөлек. Абай шығармашылығын жарты ғасырдан астам уақыт зерттеген ғалым сөз зергерінің «жан дүниесіне әсер етіп, жақын келер жанның» бірі емес, бірегейі ретінде «Дулаттай ой иесі, сөз иесін» атайды. Дулат пен Абайдың зары ортақ, заманы, ортасы тудырған шындық үні бір болғанын ескерте келіп, ғалым: «Тегі, Абайдың назарына Дулаттың ақындық дүниесіндеті әлеуметтік үні іліккені байқалады. Әрине, әлеуметтік үн, яғни қоғам өмірін, халық тағдырын, оның өткені мен болашағын, өз кезеңдерінің жай-күйін жырлау Бұқар, Махамбет, Мұрат, Шортанбайларда да бар. Бірақ сол үннің ащылығы мен ашықтығы, бояуының (ақындық шеберлігінің) жұқалығы мен қоюлығы, аумағы мен ауқымы барлығында бірдей болмағаны аян. Бұл орайда Дулаттың өзгелерден шоқтығы әлдеқайда биік», – деп тұжырымдайды [5].

Ғалымның 1987 жылы жарық көрген бір мақаласы жайында жазушы Оралхан Бөкей: «Көптен бері көңілімді кір басқандай рухани жүдеп, ішіңе от, сарайыңа шам жағар еш нәрсе не оқып, не ести алмай жүргенде, әсіресе өз газетіміз «Қазақ әдебиетінің» де сапасы сансырап кеткен бір бойкүйез сәтте «Қазақ әдебиетінің» июльдегі (1987 ж.) нөмірі келді. Санаторийдің емханасында жатып «не бар дейсің?» деген немқұрайлықпен көз жүгірттім, «Дулат ақын», Рабиға Сыздықованың мақаласы. Өте ұнады. Мен, міне, 20 жылдан бері «дәл осы Дулат Бабатайұлы туралы мақала жазсам» деп жүретінмін. Қалай болғанда да мен Дулатты Абайға ұстаз тұтам. Абай көп теңеулерін Дулаттан алған. Рабиға апайдың мақаласы – мейлінше сауатты әрі әділ де шыншыл жанашыр мақала. Әсіресе «Дулат сияқты ақынды тастап кетіп қазақ поэзиясын жырлау бір жеңі жоқ, не бір етегін ойып алған әдемі шапан ұсынғанмен бірдей» деген пікірі айызымды қандырды. Р.Сыздықова – нағыз ғалым, мәдениеті мен білімі жоғары адам. Өз басым ол кісіні құрмет тұтамын» – деп жазған еді [6, 13-б.].

Дулат Бабатайұлының мұрасын зерттеушілердің бірқатары сөз зергерін жырау ретінде сипаттаса, енді бірқатары ақын ретінде көрсетеді. Академик Р.Сыздық *жыршы, жырау, ақын* сөздеріне анықтама беріп, әрқайсысының ерекшелігін, заман талабын («...Енді өлең сөз арқылы ақыл, насихат айтатын дидактикалық сипат пен заман, қоғам, адам туралы жалпы философиялық толғаныстар аздық етеді. Ендігі жердегі поэзиядан нақтылыққа көшіп, заманға

ілесіп отыру, жалпы насихаттан гөрі сынау, күйіну, сүйіну сияқты нақты суреттерге бару талап етіледі») ескертеді. Бұл орайда ғалым жазба поэзияның техникасы ауызша дамыған өлең-жырлардан ерекшеленетінін негіз етіп, шығарманың шоғырларға (тирада) бөлінуін жазба әдебиеттің құрылымдық белгісі, жазба әдебиетке тән өлең құрылымы ретінде сипаттайды. Өлеңді шоғырларға бөліп құрастыру тәсілі қазақтың ауызша дамыған өлең-жырларында болмағанын ескере отырып, ғалым қазақ поэзиясында мұндай құрылым Дулат Бабатайұлының шығармаларынан басталатынын айтады. Әрі оны жүйеге айналдырып, әрі қарай бекіткен Абай екенін нақты мысалдармен дәйектейді. Ғалым Дулат Бабатайұлы мен Абай Құнанбайұлының шығармалары құрылымдық жағынан ғана емес, идея, тақырып, образдардың берілуі, тәсілдері, көркемдік амалдары тұрғысынан да ұқсас екенін де көрсетеді. Яғни ғалым қазақтың жазба поэзиясының алғашқы нышандары Дулат өлеңдерінде қалыптаса бастағанын айта келіп: «Дулат – Абайға дейінгі қазақ ақындарының ішінде жазба поэзияға бір табан жақын келген, Еуропа мен орыс мәдениетінде классикалық поэзия деп атақты өлең сөздің біраз белгілерінің қазақтағы бастауын танытқан ақын... Дулат – Абайдың алдында өткен қазақ сөз зергерлерінің ішіндегі ең мықтысы. Дулатты ауызша тарап келген ақын-жыраулар тілі мен Абай бастаған жазба әдеби тілді жалғастырған көпір деп тану қажет» деген тұжырым жасайды [5].

Дулат Бабатайұлының жүректі жоғары бағалап, сыр сақтайтын тұраққа теңеуі (*Адамның жүрек – сенімді сыр сақтайтын тұрағы*), адам атын ардақтауы да (*Адам деген атақтан Садаға болып, аулақ кет!*) Абай шығармаларында сабақтастық тапқан. Сол себепті ғалым Рабиға Сыздық Абайға дейін қазақтың ауызша дамыған әдеби тілі болғанын, «қазіргі жоғары үлгідегі жазба поэзияны бастаушы – ұлы Абай тақыр жерден өнер таппағанын, іргетасын Абай қалағанмен, қалау кезеңі туғанын, қалаудың алғашқы үлгілерін көрсеткен Дулат болғанын айтады [5].

Дулат Бабатайұлының «Сары шымшық», «Қара қарға», «Бір патша», байғыз туралы мысал өлеңдері кейін Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбайұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Сәбит Дөнентаев, т.с.с. ақындарға үлгі болды.

Академик Р.Сыздық Абай бір ғана *жүрек* сөзін әр алуан эпитетпен жұмсағанын, олардың ішінде *жылы жүрек, ет жүрек* деген бірен-сараны ғана тұрақты эпитетпен келсе, 14-15-і Абайдың өзі ұсынған эпитеттермен айтылған образдар (*сорлы жүрек, асау жүрек, жалын жүрек, үрпейген жүрек, кірлеген жүрек, ынталы жүрек, жаралы болған жүрек, асыл жүрек, мұз жүрек, сұм жүрек, ызалы жүрек*) екенін айтады. Ғалым Абай *жүрек* сөзін 150-ден астам рет қолданғанын, көбінесе ол қолданыстарда «жүрек» сөзі «адам, адамның ішкі дүниесі, сезімі» деген ауыспалы мағынада келгенін айтады [4, 21-б.].

Ғалым Абай шығармаларында *ой* (*қуатты ой, ескі ой, ылай ой, ұйықтаған ой, ауыр ой*), *тіл* (*ащы тіл, қайран тіл, мінсіз тіл, шыншыл тіл, буынсыз тіл, толғауы тоқсан қызыл тіл*), *сөз* (*қайран сөз, басалқа сөз, түгел сөз, жел сөз, жылы сөз, бос сөз* сияқты кәнігі қолданыстармен қатар *іші алтын, сырты күміс сөз, буулы сөз, қуаты күшті нұрлы сөз, жабырқаңқы сөз* деген эпитеттер) сияқты сөздердің де эпитеттерін құбылтып, образ жасағанын айтады. Сонымен қатар Абайда *көңіл* (*сынық көңіл, жанып, сынып, суынып қалған көңіл, жаралы көңіл, кірлемеген көңіл, қара көңіл, шын көңіл, қайран көңіл, боямасыз ақ көңіл*), *өмір* (*алдамшы өмір, қу өмір, асау өмір, тентек өмір*), *көз* (*ақыл көзі, жалтаң көз, көкірек көзі*) сөздерін пайдаланып, бейнелі қолданыстар түзген.

Академик Р.Сыздық бұл тәсіл Қожа Ахмет Йасауи хикметтерінің тілінде де қолданылғанын тілдік дәйектермен сипаттайды: *Дүр-у гауһар сөзін аламға сачса... Ешiтсә жан құлағы бірлә һәр йар... Күнәһiм дәрдидiн дәрмәнда болдум, Бу ит нәфсiм билә арманда*

болдум... *ишқ, дүкәнін, құрдум...*, *шауқ шарабы, көңүл көзі, жан булбулы, көңүл мүлкі, тариқат базары, хақиқат дарийасы, ишқ бағы, татиқатны(ң) бурақы* (жүйрігі), т.с.с. Сондай-ақ бұл тәсіл Кемпірбай (*Тәуекел дариясынан бетім жудым*), Жанақ (*Қыр соңыма түсіп ап сұм кедейлік*), Дулат ақынның шығармаларында (*Тіршілік пен өлімнің Ұзақ дауы шешілген. Артына қарап үңіліп, Қайран талай жыл кетті; Мөңіреп жұртқа ой қайтты Бұзауы өлген сиырдай; Саудагер сарттай қайтты өмір, Құмар ойнап ұтылған* т.т.) кездесетінін айтады

Ғалым *жүрек, сөз, тіл, ой, көңіл, дүние, өмір* сияқты сөздер білдіретін ұғымдар адамның ішкі дүниесін, жалпы өмірді толғаған ойшыл ақынның философиялық нысандары болғандықтан, ақын оны сан қырынан суреттегенін айтады. Осы сөздерді поэтикалық образ жасайтын тірек сөз ретінде жиі қолданғанын, соның нәтижесінде бұл атаулардың эстетикалық өрісі де әрі тың, әрі кең болғанын айта келіп: «Абай өлеңнің «іші алтын, сырты күміс» болуын қалағанда, ол поэзияның терең (көп) мәнді, аз сөзді болуын көздейді, сондықтан сырттай әсерлі көрінетін қызыл сөздерден аулақ болу принципін ұстайды. Осы себептен де дәстүрлі эпитеттерге әрдайым иек арту өзінің айтпақ ойына сай келмей, көп сөзділікке апаратынын Абай жақсы сезген», – дейді [4, 23-б.].

Әр адам белгілі бір ұлттың өкілі болғандықтан, ұлттық дәстүр, тіл, тарихы, әдебиеті бөлек болады. Әр тіл дүниені өзінше бейнелейді. Адам болмысты тілі арқылы таниды. Абай Құнанбайұлының дискурсында қазақтың байырғы сөздері көп қолданылғаны байқалады. Тіл ұстартып, өнер шашуды мақсат еткен ақын ойы түсінікті болуы үшін қазақтың ұғымына жақын, сөйлеу тіліне тән тілдік бірліктерді жиі қолданған. Ақынның шығармашылығын жан-жақты зерттеп, Абайдың қазақ әдеби тіліне қосқан үлесін айқындаған ғалым Р.Сыздықова: «Абай өзіне дейінгі ғасырлар бойы шындалып, нормалары бірте-бірте тұрақталып, әдеби сипат алып өмір сүріп келген қазақ әдеби тілін әрі қарай жалғастырып, бірқатар жаңа бағыт-белгілер қосып, оның даму барысындағы келесі, жаңа этапын бастайды. Бұл этап – бір жағынан, көненің жалғасы болса, екінші жағынан, жаңаның – осы күнгі қазақ әдеби тілінің бастамасы, алғашқы кезеңі», – дей келіп, Абай қазақ әдеби тілін жаңа сатыға (этапқа) көтергенде бұрынғы принцип-бағыттардың күллісін жоққа шығармағанын, керісінше, ауызекі сөйлеу тілін әрдайым негіз етіп ұстағанын, сонымен қатар жалғастылық принципін (белгілі бір кезеңде жасалған образдар, теңеулер, метафоралар т.б. көркемдеу элементтері үзілмей сақталып, келесі буындарда қайталануы) сақтағанын айтады [4, 34-35-б.].

Абайтанушы Р.Сыздық ақынның эпитеттерді қолданудағы ерекшелігі туралы: «Тың образды одан сайын еселеп күшейту – Абай қаламына тән сонылық. Мысалы, «*Жапырағы қуарған ескі үмітпен* Киял қып өмір сүріп, бос жүріпшің» дегенінде *ескі үміт* деген кәнігі эпитеттің үстіне *жапырағы қуарған* деген және бір эпитетті еселеп келтіріп, образдың экспрессиясын мейлінше арттырған. Бұл қатарды көбейте беруге болады. Мысалы, «*Қараңғы, саңырау қайғы* ойды жеңген – десе, *қайғы* сөзінің *қараңғы*» деген эпитетпен берілуі – тыңнан қабылданатын образ, яғни тың ассоциация, ал оған *саңырау* эпитетін үстегенде, бұл образдың беретін әсері мүлде күшейіп, бұрынғы қазақ поэзиясы жұмсамаған жаңа қолданысты көреміз. Сөйтіп, «өлең деген – әр сөздің ұнасымы», деген тезис ұсынған Абай сол ұнасымның бірін тұрақты және тұрақсыз, яғни дәстүрлі және авторлық, немесе контекстік эпитеттерді қолданудан тапқан», – дейді [4].

Ғалым ақынның өлеңдерін талдай келіп: «...Ақынның «Қақтаған ақ күмістей» деп басталатын өлеңінде сұлу қыздың портреті статикалық планда берілген, сондықтан бұл

өлеңнің сұлудың сыртқы портретін беретін бөлігінде етістіктер негізінен ашық райдағы, көбінесе шақ категориясына бейтарап **-ады** қосымшалы тұлғамен келген: «Аласы аз қара көзі *нұр жайнайды...* Ақша жүз, ал қызыл бет *тіл байлайды...* Торғындай толқын ұрып *көз таңдайды*», – дей келіп, Абай **-ар** жұрнақты есімше тұлғасын шақ категориясына қатысы жоқ, қимыл-әрекеттің статикалық күйін білдіретін **-а + ды** қосымшалы етістік тұлғасының дублеті ретінде жиі пайдаланғанын айтады [4].

Сондай-ақ «Желсіз түнде жарық ай» деп басталатын өлеңіндегі етістіктер **-ып/-іп** жұрнақты көсемшемен берілгенін айта келіп, ол тұлға динамиканы: тынымсыз қозғалысты, үздіксіз іс-әрекетті, қарқынды қимылды білдіруге бейім екенін ескертеді. Ғалым сөз құдіретінің теориясын емес, табиғатын сезген ақын «сөз айта алмай бөгеліп, жүрегі дүрсіл қағып» кездескен ғашықтардың алай-түлей ішкі дүниесін, бір ысынып, бір суынған сезімдерінің тынымсыз күйін, «өлең қағып, бос шошыған» жан қозғалысын **-ып/-іп** жұрнақты көсемшемен беру керек екенін дәп басып, түсінгенін айтады [4].

Профессор Р.Сыздықова Абай шығармаларында өткен шақ есімшенің анықтауыштық қызметте көбінесе **-мыш** жұрнағы арқылы жасалуы, етістіктің III жағының **-дүр** формантын, көпшелікте **-лар** жалғауын тіркеуі; *бірлән, уа, һәм* тәрізді өзге тілдік шылаулардың қолданылуы; кейде (өте сирек) құрмалас сөйлемнің *ки (кім)* конструкциялы болып келуімен қатар фонетикалық ерекшеліктері, қазіргі жазу нормасымен сәйкес келмейтін тұстары бар екенін, ақын шығармаларын қайта бастырған кезде олар түрліше жазылып жүргенін айтады [4, 27-28-б.].

Бұл орайда ғалым Қ. Мұхаметхановтың Абай өлеңдерінің текстологиясына қатысты ұстаным-тұжырымын қолдап отырады. «**Көркем мәтінді лингвистикалық талдау**» атты еңбегінде ғалым: «Мәтіні талданып отырған шығармада көпшілік оқырманға бейтаныстау және бір сөз бар. Ол өзі – Абай шығармаларының басылымдарында да, оқулықтарда да дұрыс таңбаланбай келе жатқан сөз.

Көрмей тұрып құсамын,

Темір көзді сарайды, –

деп жазылған жолдардағы *құсамын* сөзі Абайдың жинақтарында «қапамын, қайғылымын» деген мағынадағы сөз деп түсіндіріліп жүр. Ал Абай текстологиясын байсалды түрде зерттеп келе жатқан ғалым – Қ. Мұхаметханов бұл сөздің дұрыс тұлғалануы (жазылуы) *күсемін* болуы керек, ол «беземін» деген ұғымды беретін сөз деп дәлелдейді. Біз де осылайша оқуды дұрыс деп санаймыз, өйткені қазақ тілінде сирек қолданылатын *күсу* етістігі бар, ол, Қ. Мұхаметханов дұрыс көрсеткендей, «бір нәрседен безу» деген мағынаны білдіреді. Бұл етістікті ақын өзге өлеңдерінде де бірнеше рет қолданған:

Жалмауыздай жалаңдап,

Ар-ұяттан күсіппін.

(Ойға түстім, толғандым)

Мен дағы жүргенім жоқ малдан күсін (Әзім әңгімесі).

Бұл сөйлемдерде *күсу* сөзі «безу» деген ұғымда қолданылып тұр.

Міне, бұл айтылғандардың баршасы ұлы ақынның «Болыс болдым, мінеки» деген шығармасының мәтінінде кездесетін кейбір жеке сөздерді дұрыс түсінуге, олардың сол кездегі дәл мағынасын білуге көмектесетін талдаулар», – дейді [7, 34-б.].

Тіл – мәдениеттің құрамдас бөлігі, ұлттық рухтың көрінісі. Тіл арқылы ұлттық ділдің ерекшеліктері көрінеді. Сонымен қатар тіл – мәдениетті объективтендіретін, оны тасымалдайтын арнаның бірі. Осыған байланысты профессор Р.Сыздықова: «Абай – қазақтың

сапалық жаңа типтегі жазба әдеби тілінің негізін салушы. Бұл тіл – қазіргі жазба әдеби тіліміздің бастамасы. Демек, дәлірек тұжырымдасақ, Абай тілі – қазақтың қазіргі ұлттық жазба әдеби тілінің басы», – деп жазды [4, 50-б.].

Ғалым Абай шығармаларының тілі қазақ әдеби тілінің жаңа этапы (кезеңі) болуын тілдің даму үдерісіндегі бағыттар мен ұстанымдармен байланыстырады: «Ең алдымен, Абай мен Ыбырай бұрынғы өмір сүріп келген қазақ әдеби тілінің қоғам өмірінде әрі қарай қызмет етудегі азаматтық правосын принципті түрде б е к і т т і. Әрі қарайғы қоғамда «кітаби тіл» нормалары емес, бұрыннан да едәуір бел алып келген қазақ әдеби тіл нормалары негіз болуын анық, айқын түрде көрсетті. Бұл ретте «кітаби тіл» қарама-қарсысында тұрды, сондықтан да бұл бұрынғы шағын салада болса да қызмет етіп келген жазба әдеби тіл –«кітаби тілден» ажырап, ж а ң а ж а з б а деген атрибутке ие болады. Содан соң бұлар осы тілдің қоғамдық қызмет аясын кеңітуге ж а ң а б а ғ ы т сілтеді; бұл әдеби тіл енді тек көркем әдебиет қана емес, оқу-педагогика саласына да, ғылыми-публицистикаға да – қысқасы, қазақ қоғамының күллі азаматтық рухани мұқтажына қызмет етуге тиісті түрде дамуы қажет екенін күн тәртібіне қойды. Үшіншіден, тілдің нормалары мен көркем әдебиетті (әсіресе поэзияны) дамыту принциптерінде көптеген ж а ң а т е н д е н ц и я ұсынды. Бұл жаңа этап деп аталуына басты себептердің бірі болады [4, 34-35-б.].

Ғалымның бұл ойы Қ.Жұбановтың «Ескіні жаңаға ұштастырып, жан бітіру үлкен шеберлікпен ғана болатын іс. Абайдан біз осы ірі шеберлікті көреміз. Абай – ақын болғанының үстіне ескі мәдениет мұрасын дұрыс пайдалана білген ақын» деген пікірімен сабақтас [8, 209-б.].

Академик Рабиға Сыздық «Дулатты танып болдық па?» деген мақаласының соңында Дулат Бабатайұлының мұрасын зерттеп, танытуға, насихаттауға қатысты өте құнды тұжырымдар айтқан еді [5]. Дулат ақынға арналған конференция, жиындар мерейтой кезінде өтілетін кезекті іс-шара емес, «ұлттық рухымызды көтеру үшін, мәдени қазынамызды түгендеп, одан қуат алу үшін істеліп жатқан шара» болуы керектігін, сөз зергерлерінің мұрасы «бүгінгі көпшілік қауымды ұлттық рухани азықпен тойындыру, ана тіліміздің әсемдік дүниесімен таныстыру үшін қажет» екенін, тіл «адамдар арасындағы күнделікті қатынас құралы ғана емес, сол адамдарды белгілі бір халықтың өкілі етіп тәрбиелейтін, ұлттық сананы, ұлттық психологияны қалыптастыратын құрал екенін» екенін ескерткен еді. Ғалымның бұл тұжырымы әлі де маңызын жойған жоқ. Ол тұжырымды Абай Құнанбайұлына да, академик Рабиға Сыздықтың өзіне де қатысты айтуға болады. Академик Рабиға Сыздықтың абайтануға қатысты еңбектерін бүгінгі таңдағы жаңа парадигмалармен байланыстыра зерттеудің маңызы зор. Ғұламаның шығармаларын пәнаралық байланыс негізінде тіл мен әдебиетті, философия, логика, теология, психология, т.с.с. ғылым салаларымен сабақтастыра отырып, когнитивті лингвистика, коммуникативті лингвистика, функционалды лингвистика, психолингвистика, этнолингвистика, лингвомәдениеттаным, лингвоелтаным, т.с.с. бағытта зерттеулер жүргізу қажет.

Пайдаланған әдебиеттер:

Жұбаева О. Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүректің иесі еді... //Атырау. - 2021, 16 наурыз. <https://atr.kz/zhanalyqtar/ystyq-qajrat-nurly-aqyl-zhyly-zhurektin-iesi-edi/>

1. Жанатайұлы К. Абай туралы естелік әңгіме // Абайтану. Таңдамалы еңбектер. - I том. - Алматы: Қазақ университеті, 2015. - 94-105-б.

2. Сыздықова Р. Абай тілінің зерттелуі // Абайтану. Таңдамалы еңбектер. - IV том. - Алматы: Қазақ университеті, 2015. - 79-101-б.
3. Сыздық Р. *Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі*. - Алматы: Арыс, 2004. - 616 б.
4. Сыздық Р. Дулатты танып болдық па? // Қазақ әдебиеті. - 1992, 25 желтоқсан
5. Оралхан Естеліктер, эсселер және мақалалар. - Алматы: Өнер, 2000. - 13-б.
6. Сыздық Р., Шалабай Б., Әділова А. Көркем мәтінді лингвистикалық талдау. - Алматы, 2002. - 34-б.
7. Жұбанов Қ. Абай – қазақ әдебиетінің классигі // Абайтану. Таңдамалы еңбектер. - I том. - Алматы: Қазақ университеті, 2015. - 189-213-б.

РӘБИҒА СЫЗДЫҚ ЗЕРТЕУЛЕРІНДЕГІ ТІЛДІК КОНЦЕПЦИЯ

Нүрдәулетова Б. И.

Ш.Есенов атындағы Каспий
технологиялар және
инжиниринг университеті

Рәбиға Сыздықтың қазақ тіл білімінде поэтикалық лингвистиканың жеке ғылым ретінде қалыптасуына, терминологиясы мен критерийлерінің бір ізге түсіп жүйеленуіне іргетас құйып қана қоймай, әрі қарай дамуына жол ашып берген ғылыми-теориялық тұжырымдарының кейінгі лингвистикалық зерттеулер үшін құнды материал бергендігін айтпағанда, осы зерттеу еңбектерінің талдау әдістемесі мен ұстанған тілдік концепциясының өзі жеке зерделеуді қажет ететіні сөзсіз. Мақаламыздың көлеміне қарай ғалымның жалпы поэтикалық тілдің түрлі қырларына арналған кең өрісті еңбектеріндегі қадау-қадау теориялық түйіндерді берудегі тілдік ұстанымды ғана сөз етеміз.

Рәбиға Сыздық – бір ғана автордың не бір ғана дәуірдің поэтикалық тіл табиғатын статикалық қалыпта зерттеп қоймаған, қазақ әдеби тілі тарихының ең сүбелі (тілдік әлеуеттілігі жөнінен) кезеңдерінен оқшау сөз зергерлерін алып, бір автордың қаламынан туған көркем туындының тілін оның арғы бергі даму, қалыптасу көздерімен, өнеге өрнек алған мектебімен, кейінгіге ұласқан дәстүрлік орнымен тұтас алып қарастырған поэтикалық тіл зерттеушісі. Рәбиға Сыздық зерттеулеріне дейін де, кейін де көркем мәтіндегі поэтикалық сөз қолданыстар тек әдебиет теориясы талап еткен деңгейде ғана сөз болып келді. Сөз-образдар белгілі бір дискурс деңгейінде әрі сөзтанымдық, әрі мәтінтанымдық зерттеу ретінде таза лингвистикалық көзқараста қаралған емес. Зерттеушінің «Ясауи «Хикметтерінің» тілі» монографиясы түркі халықтарының ортақ әдеби тілінің белгілі бір кезеңдегі сипатын, тілдік дәстүрін, қалыптасу, даму бағытын айқындайтын тарихи, тілдік зерттеу ретінде бір ғана қазақ емес, жалпы түркі халықтарының әдеби тіл тарихы үшін маңызды болса, «Абайдың сөз өрнегі» еңбегі бір автордың поэтикалық мұрасын жан-жақты зерттеу объектісіне айналдыруымен ғана емес, қазақ лингвистика ғылымында поэтикалық лингвистика атты дербес саланы қалыптастыруға негіз салған еңбек ретінде де құнды.

Екі зерттеуге де тән басты ғылыми ұстаным ретінде мынаны айтуға болады: 1) Кез келген суреткердің тілі оның өзі өмір сүрген ортаның тілінен, тұрмыс-тіршілігі, өмір салтынан, сол кезеңге тән қоғамдық, әлеуметтік құбылыстардан оқшау қала алмасы белгілі. Осы орайда Рәбиға Сыздық зерттеулерінде тілдік тұлғаның (бұл жерде Қ.Иасауи және Абай) өмір сүрген

ортасының қоғамдық, әлеуметтік жағдайы, оның тілдік факторға әсері міндетті түрде сөз болады. 2) Тілдік тұлға қолданған тілдің генетикалық негізі талданады. Ясауи «Хикметтерінің» тілдік негізін (сүйегін) анықтау арқылы шығарма тілі түркі тілдері тобының қайсысына жақынырақ деген мәселенің шешімі табылып, сол арқылы Иасауи поэтикалық мектебінің қазақтың жазба әдеби тілі тарихының бір кезеңін сипаттайтын бірден-бір тарихи тілдік мұра ретіндегі орнын нақтыланды. Ал Абай қолданған әдеби жазба тілдің бастау көзін анықтау қазақтың жазба әдеби тілінің генетикалық негізін айқындаумен барабар екені белгілі. 3) Тілдік тұлға қалыптасқан поэтикалық (тілдік) мектеп айқындалады. Қ.Иасауи «Хикметтері» тілінің діни сипаты сопылық поэтикалық мектептің ерекшелігімен байланыста қарастырылады. Ал Абайдың поэтикалық тілінің қалыптасуына негіз болған поэтикалық мектеп бірнешеу екенін білеміз. Сондай-ақ Абайдың өзі қазақтың жаңа поэтикалық дәстүрін қалыптастырушы тілдік құбылыс ретінде танылады. 4) Тілдік тұлға қолданған көркемдеуіш құралдарды жік-жікке бөліп талдап, әрқайсысына анықтама беріп қана қоймай, осы құралдардың сөз болып отырған авторға дейінгі тілдік дәстүрде қолданылу сипатын, авторда қандай өзгерістермен пайдаланылғанын, қаншалықта жұмсалғанын (лингвистикалық статистика тұрғысынан) жаймалап талдау жасайды. Тіл білімінде екіұштылау түсіндіріліп жүрген кейбір терминдерге нақты анықтама беріп отырады. Мәселен, эпитет, перифраза, символ, поэтикалық фразеология терминдерінің теориялық анықтама-түсінігін бір ізге салып, қабылдауға нақты ұсыныстар береді. Иасауи қолданысындағы поэтикалық фразеологизмдер мен перифразаларды сол дәуірдегі түркі әдеби тіліне тән тұрақты көркемдеуіш құралдар деп көрсетсе, Абай тіліндегі көркемдеуіш құралдардың Абайға дейінгі қазақтың ұлттық поэтиконында (Орта азиялық түркі жазба ескерткіштері тілінде, қазақ ауыз әдебиеті тілінде, қазақ ақын-жыраулары тілінде) қолданылу әлеуетін анықтап береді. Сөйтіп, аталған көріктеу тәсілдерінің жасалу уәжіне, қолданыс ыңғайына қарай түр-түрге бөлінетінін жік-жікке талдап көрсетеді. Мәселен бір ғана эпитеттің өзі *тұрақты*, *тұрақсыз*, *тавтологиялық (үйреншікті)*, *метафоралық*, *синкреттік*, *авторлы* түрінде жіктеледі.

5) Ғалымның тағы бір ерекшелігі тұлғаның тілдік мұрасын оның танымдық аспектісінде алып қарастыруы деуге болады. Иасауи «Хикметтеріндегі» поэтикалық астарды ұғыну Иасауи ұстанған (негізін салған) сопылық дүниетаныммен астарласа жүргізіледі. Суфизмнің негізгі концепциясы, құрылымы, сатылары, басты тілдік атрибуттары теологиялық деректермен дәйектеледі. Абай қолданған тілдік фактілердің танымдық астары сол кезеңдегі қазақ қоғамына тән ұғым-түсінікпен, ұлттық мінез-құлықпен қарым-қатынаста алынып түсіндіріледі.

Рәбиға Сыздықтың ғылыми пайымдаулары бойынша көркем шығарма дегеніміз біртұтас эстетикалық дүние болса, осы дүниені дүние етіп тұрған – оның тілі, яғни көркем дүние құралы, **поэтикалық тіл** деп аталады. Сондай-ақ **поэтикалық тіл** дегеніміз бірыңғай «жылтырақ» сөздердің жиынтығы да емес. Көркем шығарманы тұтас эстетикалық дүние деп қарастыруымыз оның эстетикалық, әсерлілік қызметіне байланысты. Алайда тілдің эстетикалық қасиеті оның коммуникативтік, информативтік қызметтерінен мүлде оқшау қалмайды, қайта осы қызметтеріне негізделеді. Тілдің көркемдігін қамтамасыз ететін басты белгісі ретінде тіл арқылы беріліп тұрған мазмұн мен қалыптың сәйкестігі, яғни суреткердің ұсынып отырған идеясының берілу тәсілдерінің (бұл жерде сөздер, қолданыстар) оқырман (тыңдарман) қауымға ұғынықтылығы мен әсерлілігін атай келіп: «**Поэтикалық тіл** деген анықтауыш тіл көркемдігінің, дәлірек айтсақ, көркемдік үшін қолданыстың биігін, идеалын білдіреді. Сондықтан өлең біткеннің барлығында поэтикалық көрініс тұнып тұрмайды.

Көріктеу құралдары қолданылған тексттің өзінде әрдайым мазмұн мен қалыптың сәйкестігі бола бермеуі мүмкін, демек, текст әсемдік биігінен көрінбеуі ықтимал» [1, 406], – деп поэтикалық тілге қойылатын биік талап пен талғам жайын сөз етеді. Поэтикалық тілді құрайтын элементтердің екі типін ажырата көрсетеді. Кейбір сөздер үнемі әсерлі, экспрессивті мәнде жұмсалы арқылы тіліміздегі тұрақты поэтикалық сөздер (Рәбиға Сыздықша **поэтизмдер**) тобын құраса, енді бірсыпыра сөздер тек контексте ғана поэтикалық өңге ие болады.

Поэтикалық тілді сөз еткен еңбектердің қай-қайсысында да поэзияның материалы сөз екендігі баса айтылады. А.Потебня сөздің «ішкі формасының» образ жасаудағы қызметін сөз етеді [2]. А.Веселовский сөзді поэзияны жасайтын материал ретінде алып, тарихи дамуы тұрғысынан талдауды ұсынады [3]. Р.Сыздықтың қарастыруында сөз (поэтикалық сөз) мүлде жаңа қырынан алынды. Сөздің жеке алғандағы мағынасы емес, контексте түскендегі, ақын не жазушы «қиялына» қызмет ете алатын мағынасы, тек жалаң мағына емес, сезімге әсер ететін бояулы реңкі, экспрессиясы оның информативтік, коммуникативтік ұғымымен біте қайнасып келе тұтас бір «әлем» жасайтыны анықталды. Әсіресе зерттеушінің сөздің «жасырын бұғып жатқан» мағынасына жан бітіретін поэтик тілдің құдіреті туралы пікірлері лингвистикалық поэтика мен лингвистикалық семантиканың, осы екі зерттеу саласының танымдық лингвистикамен астасып жатқан терең талдауларына жол ашатыны анық.

Рәбиға Сыздықтың поэтикалық зерттеулері негізінен лингвистикалық және лингвостилистикалық, сондай-ақ лингвосемантикалық талдауларға негізделеді. Оның «автор образы», «идиостиль», «шығармашылық контекст», «мәтін түзу» туралы идеялары тілдің антропоцентристік зерттеу бағытындағы «тілдік тұлға», оның «автор образы», «дискурс» деңгейінде талдануы деген мәселелерімен сабақтасады.

«Поэзия тілін талдауда *образ (бейнелілік)* проблемасы басты тақырып екені мәлім. Поэтикалық образ көркемдік құралдармен де, стильдік бояуы бар сөздермен де, бейтарап (бояусыз) сөздермен де берілетін сәттері болады. Поэтикалық образдың тілдік көрінісін зерттеу – өлең тілін талдаудың бір мақсаты» [1, 408]. Рәбиға Сыздық зерттеулерінде образ жасаудың аталған үш түрі де Абай қолданған көріктеу құралдары негізінде талданады. *эпитет, теңеу, метафора, перифраза, поэтикалық фразеологизмдер* поэтикалық образ жасайтын көркемдік құралдар ретінде Абайдың ақындық қуаты тудырған поэтикалық дискурс деңгейінде сипатталады.

«Суреткердің, айталық ақынның, поэтикалық тілін зерттеуде өз алдына бөлініп шығатын дербес тақырып – ақынның өзіне тән көркемдік қолтаңбасы, мұны ғылымда «шығармашылық контекст» деп те атайды. Бұл орайда ақын тіліндегі сөз-символдарды, өзі сүйіп, жиі пайдаланған троптарды және өзге де тіл элементтерін эстетикалық қызметте жұмсауының принциптерін, стильдік ерекшеліктері арқылы көрінетін «автор образын» ашып талдау қажет болады» [1, 407]. Сөздің адам ойы мен танымын көрсетудегі барлық қыры тек мәтін деңгейінде ашылады.

Р.Сыздықтың түсіндіруінде, «шығармашылық контекст» дегеніміз – ақынның өзіне тән көркемдік қолтаңбасы. Ақын поэзиясының мазмұны мен сол мазмұнның тілдік көрінісі ақынның «идиостилинен» саналады. Екеуі де «ақын (автор ретіндегі) образын» сипаттаумен байланысты қаралатын мәселелер. Автор образын ашуда Р.Сыздық «қазақ филологиясында бұрын-соңды әңгіме болмаған» «текст түзу» тақырыбын алғаш рет ғылыми тұрғыда сөз етеді. Оның талдауында текст түзу поэтикалық контекст ұғымына қатысты алынады. «Кез келген көркем шығармада немесе оның кез келген тұсында текст түзіле бермейді, – дейді зерттеуші, –

Текст түзілісінің бір белгісі – шығарманың бір бөлігінде немесе бір өлеңнің өн бойында мағыналары бірін-бірі айқындайтын, модальдік реңктері біртектес сөздерді шоғырлап беру». Текст (мәтін) түзуде мағыналары бір-бірін ашатын экспрессивті сөздердің, семантикалық жақтан тақырыптас сөздердің шоғырланып берілуімен бірге мағыналары әр түрлі сөздердің де контекст ыңғайымен мазмұндас болып шыға келуі ғажап емес. Ол үшін, әрине, суреткердің ерекше шеберлігі керек. Абайдың «Бойы бұлғаң» өлеңіндегі *керім* («әсем, керемет» мағынасындағы) сөзін *керенау, кердең* тәрізді жағымсыз реңктегі қолданыстар қатарына қосып жіберуі *керім* сөзіне екінші бір қырынан мағыналық жүк артуға болатынын көрсетеді.

«Текст түзу – жетілген жазба әдебиеттің көрінісі. Және ол – қаламгердің зор талантын талап ететін құбылыс, өйткені текст түзу үшін сөз топтарын, грамматикалық амалдарды таңдай білу керек, әр сөздің лексикалық мағынасы мен модальдік (ассоциативтік) өңін тап баса білу керек» [1, 465]. Яғни мәтін түзудегі қаламгер мүмкіншілігі, тілді білу деңгейі тілдік тұлғаның ең алғашқы, нөлдік деңгейін танытады.

Әрине, көркем мәтіннің табиғатын таныту көркем сөз қатарларын талдаумен ғана шектелмейді. Мәтінді танытуда оның архитектурасы, яғни, мәтіннің фоникалық құрылымын зерттеу де маңызды рөл атқаратыны сөзсіз. Мәтіннің әуезділігін, дыбыстар үйлесімділігін туғызатын фактілер ретінде ғалым қатар келген сөздердің басқы дыбыстары немесе өлең жолдарының бірінші сөзі біркелкі дауыссыздан басталуын (*аллитерация*), біркелкі дауыстыдан басталуын (*ассонанс*), өлең жолдарында не бір жолдың ішінде *түбірлес* сөздердің қатар келуін, сөздердің, тұлғалардың, қайталаулары арқылы үндестік туғызатын *анафора, эпитифора, параллелизм* құбылыстарын талдайды.

Р.Сыздық зерттеулерінің тілдік концепциясы қандай талдауларды да барынша түсінікті тілмен баяндауға (оқырман мүддесімен санасуға), неғұрлым ұлттық тілдің ішкі тілдік қуатын пайдалануға құрылғанын байқаймыз. Оның еңбектерінде поэтикалық лингвистиканың терминдерін ұлттық тілмен өрнектейтін *образжасампаздық (образотворчество), қолданыс, қолданым (речь), сөз құбылуы (словообразование), семантикалық құбылым, сөз үндестіру, сөз образ, өлең үнін үйлестіру (фоникалық оркестровка), қалып (форма), үлгі (модель)* тәрізді сәтті құрылған (оқушы ұғымына жат емес, тез қабылданатын) терминдер жүйелі түрде қолданысқа енгізіліп отырады.

Филологияның өзге салаларынан іргесі ажырай қоймаған тіл өнерінің нақты, жалпыға бірдей қабылданған терминдерінің айқындалмауы оның бірде поэтика, бірде әдебиет теориясы, бірде стилистика аясында қарастырылуына себеп болды. Поэтика мен стилистиканың арақатынасына байланысты түрліше, кейде кереғар пікірлердің орын алуы поэтиканың ғылым ретіндегі әдістемесі мен шегін ажыратуға қиындық тудырды. Стиль ұғымы бірде өнертану аясында, бірде тіл өнері, көркем әдебиет стилистикасы деңгейінде, кейде тілтаным мен тіл білімінің жалпы теориясы көлемінде қолданылды. 1960 ж. Варшава конференциясында Л.Долежел мен К.Гаузенблас «Поэтика және стилистика» атты баяндамасында стилистиканы поэтиканың негізгі саласы ретінде қарастыруды ұсынады. Стилистиканы поэтиканың аясына мынадай себептермен енгізуге болатынын көрсетеді: 1. Көркем әдебиет стилистикасының ядросын лингвистикалық стилистика танытады, ал ол өз кезегінде көркем шығарманың тілдік стилін зерттейді; 2. сонымен бірге лингвистикалық стилистика поэтика аясында шектеле алмайды, себебі оның зерттеу нысаны көркем шығарманың стилі ғана емес, тілдің әдебиеттегі де қолданысының, жан-жақты тіл қарым-қатынасының стилистикасын зерттеу. Стилистика әдебиеттанудың, сол сияқты тіл білімінің де интегралды құрамды бөлігінен саналады деп көрсете отырып, аталған ғалымдар әдебиеттану

стилистикасы мен тіл білімі стилистикасының ара жігін ажырату туралы мәселе қозғайды. [4, 164-167]

Мұндай көзқарастар орыс тіл білімі мен әдебиет теориясында В.М.Жирмунскийден бастап [5], өзге де ғалымдар еңбектерінде көрініс тапты. Осы бағыттағы еңбектерге талдау жасай келіп, В.В.Виноградов поэтиканың проблемаларын поэтикалық сөйлеудің теориясы тұрғысынан да емес, поэтика мен стилистиканың арақатынасын анықтаудан да емес, әдеби шығармалардың тегін, құрылу заңдылығын зерттеумен, олардың ұлттық типологиялық модификациядағы тарихи дамуын қарастырумен байланысты дербес ғылым ретінде алуды ұсынады.

В.Виноградов «Стилистика. Поэтикалық сөйлеу теориясы. Поэтика.» деп аталатын еңбегінде әдебиет теориясы, стилистика(көркем әдебиет стилистикасы, лингвистикалық стилистика), поэтикалық сөйлеу теориясы ғылымдарының **поэтика** ғылымымен байланысын, өзіндік ерекшеліктерін танытуға күш салады. Ұзақ жылдар бойы жалпы өнер атаулының, кейін көркем шығарманың тілі мен құрылымын зерттейтін әдебиеттанудың бір саласы ретінде қаралып келген поэтиканы дербес ғылым ретінде бағалауда ғалымның ғылыми пайымдауларының маңызы зор. Еңбекте автор сөз өнері тілінің(язык словесного искусства) немесе поэтикалық сөйлеу тілінің(язык поэтической речи) ерекше болмысын таныту үшін оны ғылыми тілмен салыстыра талдау жасайды. Ғалымның ой-пікірлерінде ойлаудың екі түрлі типі: ғылыми ойлау мен көркем ойлаудың табиғаты туралы философиялық-психологиялық танымның негізі аңғарылады. «Ғылыми ойлауда шығармашылық фантазия абстрактылы ұғымның қалыптасуына жол ашатын бағытқа сілтей отырып, ойға қозғау салады, ал көркем ойлауда шығармашылық фантазия түрлі образдар мен символдардың қалыптасуы үшін қуатты двигатель қызметін атқарады» [6, 131] Поэтикалық сөз өнерінің де, поэтиканың да зерттеу объектісінен саналуға тиісті көркем сөйлеу тіліне сипаттама беріп, қарапайым сөйлеу тілінен ерекшелейді.

Поэтикалық сөйлеу теориясы үшін поэтикалық шығарма поэтикалық қолданыстар мен бейнелеулердің әдіс-тәсілдерін зерттеуге мүмкіндік беретін поэтикалық контекст қана. Ғалым поэзиямен, прозамен іргелес «өлеңдік шығармалар(стихотворное произведение) тілі(стихотворная речь)» тілдік категориясын ұсынады. Өлеңмен сөйлеу тілі(стихотворная речь) –сөйлеу тілінің ерекше түрі деп түсіндіреді. Поэтикалық сөйлеудің өзіндік ерекшелігін танытуда өлеңдік шығармалардың(стихотворного творчества) саласын қарастыру біршама нәтижелерге жеткізеді(бұған орнаменталды және ритмикалық прозаны да жатқызады). Бұндай тұжырым өлеңдік шығарма мен оған жуық шығармаларды сөйлеу қызметінің өзге түрлерінен ажырататын сыртқы әрі ішкі сапа, белгілеріне байланысты айтылады(эвфония, ритм, дыбыстық,мағыналық қайталаулар, семантикалық бірліктердің түрлі типтері, грамматикалық, лексика-семантикалық параллелизмдер, сөздік қатарлардың, дыбыстық, грамматикалық фигуралардың контрастары, метрикалық формалар, синтагмалық қатарлар т.б.) Өлеңдік шығармалар ырғаққа құрылады. Ырғақ поэзияға ғана емес, прозаға да тән,. Бірақ прозадағы ырғақ пен поэзиядағы ырғақ бірдей емес. А.Блок «Поэт – это носитель ритма» деген. Зерттеуші Пресняковтың көрсетуінше, поэтикалық сөйлеу теориясының негізгі міндеті тілдік құбылыстың поэтикалық сапасын анықтап беретін функционалды-шығармашылық шарттарын тану, зерттеу болып табылады. Осы белгілер мен сапалар поэтикалық сөйлеудің негізгі пәнін құрайды [7].

Ғалымның зерттеулерінің тілі лингвистикалық поэтика ғылымының баяндалу стилін, әдісін қалыптастыруда маңызды рөл атқарды десек артық айтқандық емес. Біздің ойымызша,

Рәбиға Сыздық қаламына тән стильдік баяндау ерекшеліктері ретінде мынаны көрсетуге болады: поэтикалық тілдің табиғатына сай поэтикалық шығарма тілін талдау қасаң лингвистикалық, ғылыми сипаттауларға емес, ғылыми-публицистикалық стильге тән көркем, жалпы жұртқа бірдей түсінікті, етене тілмен баяндалады. Оқырманды мезі ететін қайталаулар, шұбалаңқы сөйлемдер, орыс тілінде алынған немесе тікелей аударам деп түпкі мазмұнынан ауытқып, қабылдауға күш түсіретін келтірінді пікірлер (цитата) жоқ. Орыс ғалымдарынан алынған пікірлер көбінесе, қазақша, ғалымның өз баяндау тәсілімен орыс тіліндегісінен де ұғынықты етіп беріледі. Сондай-ақ өзі талдап отырған көркем тілдің ыңғайымен сөздерді ойнатып, үндестіре қолдану тәсілі («Абайдың ең жиі қолданған сөздерінің бірі – *иман*, оны ақын өз тіліне 59 рет *үйірген*» *иманын үйірген* және *тілге үйірілу*, *тіл үйірген* қолданыстарының мазмұндық, формалық үндестігі) еңбекті оқып, түсінуді, қабылдауды жеңілдетеді, Қ.Жұбановша айтқанда оқырманның миына «жаттығу» жасайды. Қандай да бір мәселені сөз ету үстінде оқырманмен сұхбат жасағандай, қарапайым тілмен баяндап алып, «осы оқырманымның қабылдауына ауырлық келтіреді-ау» дейтін мәселелерді тарата түсіндіреді, «сірә, демек, жөн көрдік, шынында да» тәрізді сөздермен оқушыны демеп отырады. Терминдердің түсіндірмесін міндетті түрде жақша ішіне келтіре кетуді ұмытпайды. Тағы бір басты ерекшелігі ретінде айтарымыз, қай мәселені сөз етсе де «бұл мәселені зерттеушінің де, айтушының да алды-арты өзі болып» сипаттамайды, «Сөз жоқ, бұл шағын еңбекпен Абайдай алыптың тілін зерттеп тану тамамдалмайды» [4, 402]. «...Абайдың әрбір қолданысын: сөзін, сөз тіркесін, сөйлемін, өлең құрылымын, ұйқасын, ырғағын т.т. жеке талдасақ, көп нәрсені көрер едік, поэтикалық тілге қатысты бірқатар мәселелерге барар едік... Сондықтан ұлы Абай қалдырған тіл жұмсау, тіл өрнегін салу үлгісін (тәжірибесін) талдап-тану – әрі қарай жүргізіле беретін, ғылымның арнайы бір тармағына айналатын жұмыс деп ойлаймыз» [4, 500] – деп, мәселенің тағы бір жаңа қырларын ашып, келесі зерттеушіге ізашар жасап отырады.

Рәбиға Сыздықтың қазақ көркем тілінің болмысын, қалыптасу тарихын, ұлттық табиғаты мен эстетикалық құндылығын танытуға арналған еңбектерінің қай-қайсысы да қазақ лингвистикасының қазіргі зерттеу көкжиегінде бірден-бір басты да, жан-жақты нысанға алынып отырған тілдің танымдық және «адамиландырылған» болмысын зерттеудің алғашқы бағыт-бағдары болды. Ғалымның зерттеу еңбектеріндегі баяндау стилі, ғылыми тілді қолданудағы, жаңа тілдік құрылымдар жасап ұсынудағы, интернационалдық терминдерді пайдаланудағы негізгі ұстанымдары, оқырманмен қарым-қатынас мәдениеті, тілдік қоры, талдау жүйесі оның ғылыми-зерттеу еңбектеріндегі тілдік концепциясын танытатын факторлар екені даусыз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Сыздық Р. Сөз құдіреті. Алматы: Атамұра, 2005.
2. Жұбанов Қ. Қазақ тіл білімінің мәселелері, Алматы: Ғылым, 1999. –581 б.
3. Сыздық Р. Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі. Алматы: Арыс, 2004. - 611 б.
4. Виноградов В. Стилистика. Теория поэтической речи. Поэтика. М., 1963
5. Жирмунский В.М. Теория литературы. Поэтика. Стилистика. –Л., 1977. – 408 с.
6. Виноградов В. О теории поэтической речи. Москва: Высшая школа
7. Пресняков О. Поэтика. Познания и творчества: теория словесности А.А. Потебни.
8. М.: Худ. лит. 1980. – 218 с.Потебня А.А. Слово и миф. М.: Наука, 1989

АКАДЕМИК Р.СЫЗДЫҚ – ЖҰБАНОВТАНУ ҒЫЛЫМНЫҢ КӨШБАСШЫСЫ

Миров М.О.

филология ғылымдарының кандидаты, доцент
Қ Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері, «Барыс» орденінің иегері, Ұлттық ғылым академиясының академигі Рәбиға Сыздық – сөз тарихына, сөз әсемдігіне, сөз сазына, әуеніне, қолданылу мәдениетіне терең бойлап, білгірлікпен талдау жасаған сирек талант, ірі ғалым. Сөздің мәнін ашу, көне жазбалардағы сөздердің қалай қолданылғандығын анықтау зор жауапкершілікті, ұқыптылықты, төзімділікті қажет ететіні мәлім. Тілтану ілімінің абызы бұл қиындықтарды сезіп біле тұра тіл тарихын ізерлеуге айырықша назар аударды. «Қазақ әдеби тілінің тарихы (XV-XIX атты зерттеуінде ғасырлар қойнауынан сыр шертетін, мемлекеттік мәртебеге ие болған қазақ тілі сияқты ірі тілдің тұтас бес ғасырлық тарихын таразылау үшін, оның нақты бір уақыттардағы жай-күйін сарапқа салу, жеке ескерткіштерді лингвостилистикалық тұрғыдан талдау, функционалдық стильдерінің пайда болуын, қалыптасуын зерттеу, жекелеген қалам ұстағандардың үлесі мен рөлін көрсету сияқты жұмыстардан бастап, әдеби тілдің мәртебесін анықтау жолында қажырлы еңбек етті. /1/

Рәбиға Сәтіғалиқызының ғылыми шығармашылық өмірбаянына бойлай отырып, оның адамдық болмысы жағынан да қайталанбас тұлға екеніне көз жеткіземіз. Ғұлама ғалым үздіксіз ғылыми ізденісі арқылы тіл ғылымының көкейтесті мәселелері арасында айрықша орын алатын әдеби тіл нормалары мен олардың қалыптасу ерекшеліктері, тіл мен сөйлеу мәдениетінің нормативті қалыптары, жазу мен емле заңдылықтары, сталиндік қуғын-сүргін құрбандары Қ. Жұбановтың қазақ тіл біліміндегі орны, А.Байтұрсынов және тіл білімі мәселелері, лингводидактика және қолданбалы лингвистика, Хакім Абай тілінің көркемдік кестелері, түркітану мәселелері, тарихи лексикологияның басты бағыттары, көркем мәтін лингвистикасы және оны талдау, тіл білімінің жаңа салалары, қазақ тілінің синхрондық және диахрондық жағдайы, тілдегі мақсатты-стильдік саралану тәрізді тілдік өзекті тақырыптарды көтеру нәтижесінде жалпы теориялық және практикалық жақтан құнды ғылыми пайымдардың қалыптасуына орасан үлес қосты.

Рәбиға Сыздықтың қазақ тілі тарихи лексикологиясын, грамматикалық құрылымын және стильдік нормаларын зерттеуде сіңірген еңбегі ерекше. Оның ғылыми зерттеулерінде тілдің тарихи даму үрдісі мен грамматикалық нормалары ғылыми жүйеге түсіріліп, қазақ тілінің дыбыстық және морфологиялық өзгерістері, сөздердің мағыналық реңктері терең талданды. Мысалы, «Қазақ әдеби тілінің тарихы» атты монографиясында ғалым қазақ әдеби тілінің қалыптасу кезеңдерін зерттеп, ортағасырлық жазба ескерткіштер тілін сараптады. Ол қазақ тілінің даму жолдарын айқындап, сол арқылы тіл мәдениетіне ғылыми негіз қалады. (2)

Рәбиға Сыздықтың «Қазақ тілінің стилистикасы» зерттеуі тілтану ғылымындағы орны бөлек жұмыстардың бірі. Аталмыш еңбегінде академик тілдің стильдік тұрғыдан кәдеге асуын, әдеби және сөйлеу тілінің байланысын ғылым таразысына салды. Ғұлама ғалымның лингвостилистикалық тұрғыдан талдаулары ғылыми көсемсөз тіліне, ресми-іскери тілге, көркем әдебиет тіліне қатысты болып, төл тіліміздің қолдану аясын бірізге түсіруге әсер етті. Бұл оның ғылыми әлемінде тіл мәдениетінің жоғары деңгейін жүйелеуге және жетілдіруде маңызды орын алғанын көрсетеді. (3)

Оқымыстының «Тілдік норма және оның қалыптасуы» еңбегі нәтижесінде қазақ тіліндегі сөздердің, грамматикалық құрылымдардың, сөйлемдердің дұрыс қолданылу нормалары жүйелі тәртіпке түскендігін байқаймыз. Осы еңбегі арқылы ол қазақ тілінің байлығы мен көптүрлілігін сақтай отырып, тіл мәдениетінің деңгейін жоғары сатыға көтерді. (3)

Рәбиға Сыздық өз зерттеулерінде өзіне дейінгі көптеген Алаш ғұламаларының тіл саласындағы еңбектерін қарастырған. Атап айтқанда, Ахмет Байтұрсынұлы, Телжан Шонанұлы, Халел Досмұхамедұлы, Міржақып Дулатұлы, Құдайберген Қуанұлының зерттеу мұраларына көп көңіл бөлген. Рәбиға Сыздықтың тұлғатану саласындағы еңбектері қазақтың біртуар ғалымдары мен ағартушыларының мұраларын зерттеуге бағышталған. Мәселен, ол ұлт ұстазы атанған Ахмет Байтұрсынұлының еңбектерін терең талдап, қазақ тілінің грамматикасы мен фонетикасына қосқан үлесін жан-жақты саралап, ғылыми айналымға енгізді. Соның ішінде қазақ жазуы бойынша Р.Сыздық А.Байтұрсынұлының зерттеулеріне ерекше көңіл бөлді. Бұл мәселені зерттеуге екі нәрсе себеп болды. Оның біріншісі – 1997 жылы саяси қуғын – сүргінге ұшыраған құрбандарды еске алу жылы деп жариялағандықтан, соқыр саясат құрбанына айналған қазақ ұлыларының бірі де бірегейі – Ахмет Байтұрсынұлының қажырлы еңбек нәтижесіндегі әр қырын таныта түсу – парызымыз десе, екіншісі – сол кезеңдегі өз жазуымызды өзгертіп, латын графикасына көшу мәселесі қозғалып жатқаны мәлім деп өз пайымдауын жасайды. (4)

Саяси күрескер, жалынды жас публицист әрі ғалым, киелі өнер иесі және белгілі бір мамандықтың, сол саланың бастау бұлағында ізашар болу халқымыздың маңдайына біткен үркейдей шоқ жұлдызының несібесі. Осындай нар тұлғаның бірі әрі бірегейі – Х.Досмұхамедұлы. Рәбиға Сыздық Х.Досмұхамедұлының тіл мәселелеріне қатысты ғылыми еңбектерін саралай келе, үш мәселені қарастырады. Оның біріншісі - ғалымның тіл біліміне қатысты зерттеулері, екінші – ұлттық ғылым тілін жасаудағы рөлі, үшіншісі – жеке тұлға ретіндегі сөз саптау мәнері. Халел Досмұхамедұлы – білім – ғылымның бірнеше саласына, қазақ халқының саяси – мәдени өмірінің әр алуан тақырыбына қалам тартқан тұлға. Халқымыздың тарихы, әдебиеті мен тілі мәселелерін былай қойғанда, зоология, ботаника, анатомия, табиғаттану, гигиена, медицина салаларынан шағын мақалалардан бастап, көлемді төл оқулықтар мен аударма дүниелер қалдырған қайраткер. (4)

Халел Досмұхамедұлы есімін тіл мәселелеріне қатыстыра сөз еткенде, мәселеге екі – үш қырынан келеміз: бірі – ғалымның өзінің тіл біліміне байланысты зерттеулерін тану болса, екіншісі – қазақша ғылым тілін жасаудағы рөлі мен қызметі, үшіншісі – индивидуалдық сөз мәнері. (4)

Рәбиға Сыздықтың Жұбановтану ғылымына қосқан үлесі оның қазақ тіл біліміндегі жетекші ғалым ретіндегі беделін арттырды. Құдайберген Жұбанов – қазақ тілінің фонетикасы, морфологиясы, синтаксисі, лексикологиясы бойынша іргелі зерттеулер жүргізген көрнекті ғалым. Рәбиға Сыздық Қ.Жұбановтың еңбектерін жүйелеп, оларға ғылыми талдау жасап, қазақ тіл ғылымындағы орны мен маңызын айқындады. Рәбиға Сыздық «Ғалым – азамат» атты монографиясында /5/ Қ.Жұбановтың қазақ тіл біліміне қосқан үлесін айта келіп, профессордың XX ғасырдың отызыншы жылдарында мемлекеттік терминологиялық комиссиясының төрағасы қызметіне тағайындалғанын сөз етті. Профессор әр алуан саладағы мамандарды жұмылдырып бір ретке салу үшін термин сөздерді түзетуге, көпшілік талқысына салуға, практикада жүзеге асыруға міндетті болды. Осы салада ол термин принциптері, термин сөздердің ерекшелігі, бұл жөніндегі кемшіліктер мен қателіктер жайында бірнеше мақала

жазды. Рәбиға Сыздық Қ.Жұбанов туралы сөз еткенде ХХ ғасырдың елеулі оқиғаларына тоқталған. 1935 жылы мәдени құрылыс қызметкерлерінің бүкілқазақстандық съезі болды. Съездің күн тәртібінде үш түрлі мәселе көрсетілді. Олар: қазақстандағы мәдени төңкеріс, қазақ тілі туралы (орфография, термин және әдеби тіл), мектеп туралы.

Халық ағарту комиссариаты съездің екінші мәселесін дайындауды және негізгі баяндаманы Қ.Жұбановқа тапсырады. Сонымен бірге осы комиссариат съездің күн тәртібіне байланысты ғылыми мәселелерді шешу үшін 35 адамнан тұратын Академиялық комиссия құрады. Оның да төрағасы Қ.Жұбанов болады. Съезде профессор «Қазақ әдеби тілінің жай – күйі» туралы баяндама жасап, онда қазақ тілінің терминологиясы мен емлесін, сол кезге дейін болып келген қателіктер мен бұрыстықтарды, сондай – ақ баспа бетін көрген кітап, газет – журналдардың тілі мен жазуындағы жауапсыздықтан кетіп жатқан қат – қабат қателіктерді көрсетеді. Олардың себептерін ашып түзету амалдарын атайды, съезд осы баяндама бойынша қаулы алады. Қ.Жұбановтың көтерген мәселелері өзекті болып, жан жақты қарастырылады. (5)

Рәбиға Сыздық Қ.Жұбановтың еңбектерін саралай келе «Ғылым көгінің жарық жұлдызы» деп атаған. Ол Жұбановтың тіл мәдениетіне, тілдік стильдерді сақтауға байланысты көзқарастарын терең зерттеп, оның тілдік талдауларын бүгінгі күннің талабымен байланыстырған.

Рәбиға Сыздық Жұбановтың тілдік нормалар мен қолдану ерекшеліктеріне қатысты ұстанымдарын ғылыми негізге алып, олардың құндылығын дәлелдеді.

Мыңнан біреу шығатын, ғылым тілімен «феномен» деп, қазақтың бейнелі тілімен «біртуар» деп аталатын адамдар болады. Құдайберген Жұбанов – сондай адам болған. Ең алдымен, «біртуарлардың» бір белгісі – бір сырлы, сегіз қырлы болу керек болса, осы қасиетті Құдайберген Жұбановтан табамыз. (6)

Қ.Жұбановтың туғанына 95 жыл толғанына арналған ғылыми – теориялық конференцияға Рәбиға Сыздық өзінің жедел хатын жолдаған екен. Сол хатта Құдайберген Жұбановтың толассыз күрес пен заманалық трагедияға толы өмір жолын және ғылымдағы теңдесі жоқ еңбегін 1964 жылдан бастап жақсы тануға және танытуға кіріскенін атап өтеді. Рәбиға Сыздық ғалымның еңбегін сөз ету арқылы бүгінгі қазақ тіл біліміне жаңа үлестер қосылғай, қазақ лингвистерінің жас буыны профессор Қ.Жұбановтай біртуар ғалым – азаматтың тағылымын игере түскей деген үміттемін деп сөзін аяқтайды. (7)

Рәбиға Сыздықтың тіл біліміндегі ізденістері мен ғылыми талдаулары тіл мәдениетінің жоғары деңгейін сақтауға және жетілдіруге, қазақ тілінің байлығын насихаттауға ықпал етті. Академик тіл білімі саласын жан жақты қарастырып өзінің «Ғалым – азамат» атты монографиясында Құдайберген Жұбановтың ғылыми шығармашылығын, өмірі мен қызметі, ғылыми мұрасы, ағартушы – педагог, ұстаз, азамат тарауларға бөліп саралаған.

Соның нәтижесінде монография құнды еңбекке айналды. Себебі, ғылыми зерттеуде Қ.Жұбанов туралы әрбір бөлік жеке жеке, толық талданған. «Ғалым – азамат» монографиясы арқылы Рәбиға Сыздық Жұбановтану ғылымының көшбасшы екенін тағы бір дәлелдеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Сыздық, Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. Алматы: Ана тілі, 1993.
2. Сыздық, Р. Қазақ тілінің стилистикасы. Алматы: Ана тілі, 1996.
3. Сыздық, Р. Тілдік норма және оның қалыптасуы. Алматы: Ғылым, 1987.
4. Сыздық, Р. Қазақтың ғылым әлеміндегі алғашқы алыптар. Алматы: Ел шежіре, 2018.
5. Сыздық, Р. Ғалым – азамат. Алматы: «Арыс», 2004.

6. Сыздық, Р. Ғалым – азамат / кітапта Құдайберген Жұбанов және қазақ совет тіл білімі. Алматы: Ғылым, 1990 – 368 бет (38 – 46 беттер)

7. Жұбанов тағылымы конференцияларының материалдары, Ақтөбе, 1998 – 208 б.

АКАДЕМИК Р.СЫЗДЫҚ ЖӘНЕ ТІЛДІК НОРМА КОДИФИКАЦИЯСЫ

А.З.Салихова

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті,
Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының
қауымдастырылған профессоры, ф.ғ.к.

Тіл – тек қатынас құралы емес, ол эстетикалық та құрал. Тіл адамдарға бір-бірімен түсінісіп қою үшін ғана емес, әсемдік дүниені сезіну үшін де қажет, демек, тіл арқылы бір-бірімізге жақсы әсер ету де көзделетіндіктен, экспрессиясы күшті сөздерді таңдау, сөйлемдерді әсерлі етіп құрастыру, яғни тілдік көріктеу құралдарын танып дұрыс жұмсау да тіл мәдениетінің негізін құрайды. Ал бұлардың барлығын әңгіме ету тілдің лексикология, грамматика, фонетика, фонология салаларымен астарласып жатады, жазу таңбалары – графикаға, жазу тәртіптеріне назар аудартады.

Қазақ тіл білімінде тілдік норма мәселесін арнайы зерттеген ғалым Р.Сыздық осы саланың терминдерін ғылым тілінде тұрақты қалыптастыруға ықпал еткенін айта кеткен жөн. Профессор өзінің «Тілдік норма және оның қалыптануы» (2001) деп аталатын еңбегінде норма, нормалану, қалыптандыру (кодификация) тағы басқа ғылыми ұғымдарға түсініктеме береді. Ғалымның сөзімен айтқанда «Норма - негізінен тілдің өзі ұсынған тәртіп, нормалану – сол тәртіптерді тілдің өзінің қалыптастыруы». Лексикалық норма дегеніміз - аталған тілдегі сөздерді қолданудың тәртібі, ал, нормалау үдерісі дегеніміз - норманы қалыптастыру болып шығады. Лингвистикада "норма" ұғымын анықтауға деген бірін-бірі толықтыратын екі көзқарас қалыптасқан. Ғалым М. Балақаев қазақ тіл білімінде алғаш рет тілдік норма деген ғылыми терминді қалыптастырды. Тіл мәдениетін зерттеуде ғалым М. Балақаевтың («Қазақ әдеби тілі»), Р. Сыздықтың, Н. Уәлидің еңбектері мол. Р. Сыздық «Тілдік норма және оның қалыптануы (кодификациясы)» еңбегінде ғалым алдыңғы норма, тіл мәдениеті, кодификациялау деп аталатын терминдерге ортақтықты – тілдегі заңдылықтарды сақтау деп түсіндіреді, ғалым бір ғана тілдік дерекке қатысты дәлелдері тарихи, саяси, әлеуметтік, заңдық, шаруашылық, тұрмыстық т.б. мәселелерді жете білуден ғана анықталатын тұстар деп анықтайды.

Тіл мәдениетінің өзегі – норма туралы ұғым. Норма тілдің жүйесі мен құрылымына иек артады. Тілдік жүйе дегеніміз – тілде бар үлгілердің, қолданыс типтерінің белгілі бір тәртіппен келуі, ал тілдік құрылым дегеніміз – осы жүйенің іске асқан материалдың мүмкіндіктері. Бұл екеуін бөлек- бөлек айырып қарап сөз ететін де, айырмай, бірінің орнына екіншісін атай беретін де зерттеушілер бар. Тіл элементтері: дыбыс, сөз, сөйлем қолданыста тілдік құрылымға иек артады, ал тілдік құрылым тілдік жүйеге негізделеді.

Тілдік норманы сөз ету үшін бұл саланың терминдеріне назар аударсақ. Алдымен, норма, нормалану (нормализация) және кодификация терминдерін білдіретін ұғымдар жөнінде түсінік берелік. Норма – негізінен тілдің өзі ұсынған тәртіп, нормалану – сол тәртіптерді тілдің өзінің қалыптастыруы. Тілдің нормалануы мен ол нормалардың

кодификациясы – бір әрекет емес, соңғысы тіл процестеріне адамдардың араласуы, яғни тілдік нормаларды реттеу, сұрыптау, дұрысын беркіту, қалыптанғандарын хатқа тіркеу сияқты іс-әрекетті білдіреді.

Кодификация – әдеби тілдің дамуына әлеумет тарапынан ықпал жасау. «Кодификация» терминінің қазақша баламасын табу қиынға соғып келеді, оны бірде «заңдастыру», тағы бірде «қалыпқа түсіру, қалыптандыру», тіпті одан да ықшамдап «қалыптану» деп те жүр.

Тіл мәдениеті, норма дегендерге қатысы бар терминдердің және бірі – узус. Узус пен окказионализмдер – оппозитивтік (қарама-қарсы тұрған) дүниелер. Сірә, дұрыс қолданыстағы бірлікті (сөзді, тіркесті, сөйлемді) «узус» дейтін болсақ, оның «нормативтік бірлік» дегеннен қандай айырмасы болады? Сондықтан ғалым узус деп тілдік жүйеге қайшы келгенмен, тілдік дағдыға айналған қолданысты атағанды дұрыс деп санайды. Бұған зерттеуші Н.Уәлиев жақсы мысалдар келтіреді. Мысалы, қазақ тілінің жүйесі бойынша ер (атқа салатын) деген зат есімнен етістік тудырғанда ерле болуға тиіс, бірақ қолданыста ертте тұлғасы жиірек кездеседі, сол сияқты қозы сөзінен етістік қозылады деп жасалуы керек, бірақ қазақ тілінде қоздады түрі қолданылады. Қазіргі таңда туды-туылды деген жарыспа қатардың қолданыстары пікір таласын тудырып келеді. «Пәленше пәлен жылы туды» деп айтылып келген сөйлемді туылды деп жазу активтеніп барады. Егер тілдік жүйеге сәйкестікті қуаласақ, туылды тұлғасы дұрыс: туатын – ана, туылатын – бала. Туылу – ырықсыз етіс. Бірақ қолданыста туды тұлғасының орнығуы – узустық көрініс. Узустық тұлғаның тілден берік орын алғандығы сондай, ол – туған-туысқан (туылған-туысқан деудің орнына), туған ағасы (бірге туылған ағасы емес), туған жері (туылған жері деудің орнына), туып-өсу (туылып-өсу емес) сияқты қолданыстарды қалыптастырған.

Узустық құбылыс мақал-мәтелдерде тіпті көбірек кездеседі. Мысалы, ішкен асын жерге қояды деген мәтелде мағыналық алогизм сезіледі, бұл мәтел «есі-дерті сонда болды, соншама қызықты» деген мағынаны береді, ондайда ішкен (ішіп болған) асты емес, енді ішейін деп отырған асын жерге қою (ұмытуы, ескермеуі) керек қой, бірақ мәтел дәл осы тұлғада (ішкен асын) қалыптасқан. Бұл да – узустық құбылыс. Тегінде, норма мен узусты айырып таныған жөн. Нормативтік бірліктер де – қолданылып кеткендер, олай болса узус дегеніміз – әдеттегі тілдік жүйеге негізделген норма емес, тілдік дағды, тіпті узустың бір айырым белгісі – оның тілдік жүйеге қайшы келетіндігі деп танымыз. Узустық қолданыстың барлығы бірдей белгілі бір жүйе түзетін бірліктер болып шықпайды. Айталық, әйел адамдарды азаматша, мұғалима, комсомолка, төрайым деп «женский родқа» көшіріп бөлек атаушылық бар. Бұл – бір жағынан, орыс тілінің ықпалы болса, екіншіден, араб тілінен енген мұғалима сияқты кейбір сөздердің, әсіресе адам аттарының жынысқа қарай ажыратылатын үлгісі (ғазиз – ғазиза, Латип – Латипа, Фәрид – Фәрида), үшіншіден, қазақ тілінің өзінде аға-апа, әке-шеше, апа-жезде, аға-қарындас сияқты лексикалық коррелятивтер әсер еткен болар, бірақ соңғылар морфологиялық емес, лексикалық қатарлар. Дегенмен бұл – қазақ тілінің жүйесі мен құрылымына қайшы қолданыстар: қазақ тілінде «род» («жыныстық») категориясы жоқ: ақын десек ол ер адам да, әйел адам да болады, егер міндетті түрде әйел адам екенін атау керек болса, ақын қыз, ақын әйел, ақын апа деп аналитикалық жолмен атаймыз. Сірә, азамат-азаматша, мұғалім-мұғалима сияқты қолданыстар етек алмайтын құбылыс. Төраға сөзінің «әйел жынысты» сыңары төрайымның қалың көпшілікке ұнап, жаппай қолданыла бастауына сөздің сонылығы, тосындығы, «әйел-еркек» деп бөліп көрсету мүмкіндігі себеп болған. Төраға – орысша «председатель» дегеннің баламасы, бұл сөздегі төр компоненті де, аға сөзі де

денотаттық (лексикалық, негізгі) мағыналарынан ажырап коннотаттық мағынада жұмсалып тұрғандықтан, аға сөзі жыныстық мағынасынан көшіп, «басшы, басқарушы» деген ауыспалы мағынаны білдіретін компонент болып тұр, аға сөзінің бұл қызметі қолаға, қолағалы (көне әскери терминдер), отағасы сияқты сөздерде де көрінеді. Демек, төраға сөзі ер адамды да, әйелді де атауы керек. Дегенмен төрайым сөзінің узус ретінде аға-қарындас, апа-жезде, ата-ана сияқты лексикалық қосақтар қатарынан орын алып кетуі мүмкін. Ал морфологиялық көрсеткіштермен әйел жынысын атаудың (азамат-азаматша, комсомол-комсомолка тәрізді) тілдік жүйеге сәйкеспейтіндігі бұл тәрізді коррелятив жұптарды әдеби нормаға жібермейді деп санайды.

Кірме сөз, бөгде сөз, шет сөз, жаңа сөз (неологизм), көне сөз (архаизм), тарихтық сөз (историзм) деген атаулар. Олар да қазақша эквиваленттері бір тұлғада тиянақталып, терминдік дефинициялары анықталып бола қоймағандар. Бөгде сөз, шет сөз (немесе шет тілдік сөз), кірме сөз дегендер мағына жағынан бір-біріне жақындау келгенімен, олардың әрқайсысының терминдік анықтамасы бөлек-бөлек болуға тиіс. Өйткені шет тілдік сөздердің бәрі «кірме сөз» статусына ие бола алмайды, ал «бөгде сөз» термині «кірме сөз» дегеннің оппозиттік сыңары болар: бір тілдегі кірме сөздер – сол тілге сіңіскен, нормативтік құқық алған бірліктер болса, бөгде сөз – әлі сіңісе алмаған, жаттығы, бөгделілігі сезіліп тұратын бірліктер. Сондықтан бұл үш түрлі термин-тіркестердің бірінің орнына екіншісін қолдана беруге болмайды. Бұларды бір-бірінен ажыратып жұмсау үшін, олардың дефинициялық мағыналарын былайша айқындасақ деген пікірлер де жоқ емес: шет тілден келген сөз қазақ тілінің дыбыстық заңдылықтарына бағындырылып, «қазақыланып» жұмсалса, кірме сөз деп аталсын, ал түптілдегі тұлғасында тұрса, ол бөгде сөз деп аталсын деген пікірлер айтылды. Сонда самаурын, божы, шыт, сәтендегендер кірме сөздер болады да, президент, парламент, сессия, бюджет, акциз, компьютер дегендер бөгде сөздер тобын құрайтын болады. Бұл танымның арқауы бостау: егер университет, институт дегендерді үніберситет, иніститөт деп жазсақ, олар «кірме» болып шыға келе ме?

Белгілі бір тілдің төл (өз) сөзі және оның қарсысында тұратын кірме сөз деген қатарлардың танымдық белгілерін тек олардың сыртқы тұлғалық суреті көрсетпейтіні мәлім, кірме сөз төл сөздің оппозиіті (қарама-қарсысы) болудан гөрі, «кандидаты», яғни тілдік лексика тобына қос[^]ілуға әрекеттенген кандидат бірліктер деуге болады. Кірме сөздер қолданылу әлеуеті (потенциалы), жиілігі (активтігі), өзге сөздермен синтаксистік, морфологиялық қатынастарға түсу мүмкіндігі, халық, қоғам тірлігіне енген ұғымдардың, заттардың, құбылыстардың атауын тек сол сөздің ғана білдіретін даралығы (вариантсыздығы) т.б. сияқты толып жатқан белгілерімен санасқанда, кірме сөз қай тұлғада қабылданса да, қабылдаушы тілдің лексикалық қазынасының мүлкі болып саналады.

Ал көрсетілген белгілердің көбі бойынан табылмайтын, көбінесе белгілі бір мақсатпен қолданылатын бөгде тілдік сөздер тобы және болады, олар макоронизмдер, бірқатар жаргон сөздер, арготизмдер, окказионализмдер болып келуі мүмкін.

Мысалы, Ғабит Мүсіреповтің «Оянған өлке» романындағы Байжанның аузынан жиі естілетін сыболыш (сволочь) сөзі, жазушы қалихан Ысқақовтың «қара орман» романының Бескемпір атанған бір кейіпкерінің аузынан жиі шығатын вот так вот деген орыс сөздері «кірме сөз» деп атала алмайды. Көркем шығармалардың кейіпкерлерінің аузына белгілі бір стильдік мақсатпен, әдейі салынатын шет тілдік сөздер де «бөгде тілдік» элемент болып қала береді, олар да «кірме сөз» статусына ие бола алмайды. Бұл орайда «бөгде сөз» бен «шет

тілдік сөз» дегендер – синонимдер болып танылады, өзге тілдерден алып жұмсалған сөздерді бұлайша айырыптанудың тілдік нормаларды сөз етуде мәні айрықша.

Тіл мәдениетін, тілдік норманы сөз ету үстінде жиі қолданылатын терминдердің бірі – бірліктер, орысша единицалар. Бұл да бір сөзбен аталатын қазақша термині қалыптаспай келе жатқан ұғым Тіл білімінде орысша мотив, мотивация деп ұсынылатын ұғымның қолданылуы жиі кездеседі. Мұны да бұрын орысша түрінде жұмсап келсек, енді уәж, уәждеме деген қазақша сәтті баламалары қолданылып жүр. Термин жасау теориясы бойынша абстракт ғылыми атауларды мүмкіндігінше бір тілден екінші тілге аударып алуға болады, өйткені тілдердің қай-қайсысында да әр алуан ұғым аттары болатыны белгілі, тек қиындық семантикалық үйлесімі бар, яғни мағынасы жуық келетін қазақ сөзін табуда және оған жүйемен келетін жұрнақ түрін жалғауда болады.

Ғылымның қай саласы да бір елде, бір халықта жеке-дара, томаға-тұйық дамымайды, тіл жағынан қарым-қатысы күшті көрші халықтардағы, тіпті дүние жүзіндегі ғылым жетістіктерімен, негіздерімен, жаңалықтарымен білісіп, бөлісіп отыру – бүгінгі заманның талабы. Басқа тілдердегі, әсіресе Еуропа елдері мен орыс қоғамындағы ғылыми әдебиетті оқымай, білмей, бір ғана тілдегі әдебиетпен сусындап, ғылым салаларын дамыту мүмкін емес. Сондықтан кейбір терминдердің көптеген ұлт тілдеріне ортақ, таныс болып келуінен қашқақтауға болмайды. Қазақ білімі де осындай шарттылықтан тыс тұра алмайды. Жазба сөз де біркелкі емес: бейтарап тілдің, яғни ғылыми әдебиеттің, кеңсе-іс қағаздары тілінің, бұқаралық ақпарат құралдары тілінің қолданыста өзіне тән нормалары болады. Бұлар әдетте ресми тіл, қатаң тіл, тұйық стильдер деп танылса, бұл тілдерден көркем әдебиеттің тіл қолданысы мүлде бөлек тұрады, ол – ашық тіл, мұнда стильдік тұйықтық жоқ, ол жазба тілдің өзге стильдерінің элементтері түгіл, ауызекі сөйлеу тілінің бірліктерін де бойына сіңіре алады. Міне, тілдік нормаларды танып-танытуда осындай бөліністерді қатты ескеру керек.

Жалпы алғанда, тілдік нормалар, әсіресе жазба сөз нормалары – мүлде өзгермейтін құбылыс емес. Уақыт өткен сайын тілдің өзі сияқты, оның әр алуан тұстарындағы нормалары да өзгеріп отырады, бірақ бұл өзгерістер түбегейлі емес, яғни тілдің барлық нормасы түп-тамырымен өзгермейді, жеке сәттері өзгереді және олардың өзі – бір сәттік, кенет болатын өзгеріс емес, ұзақ уақытты алатын қозғалыс болады. Сондықтан тілдік норма мәселесін қарастырғанда, тіл дамуының белгілі бір кезеңін алып, синхрондық тұрғысынан зерттеу (тану) керек. Әрине, ғылым үшін диахрондық аспектіде зерделеуге болады, бірақ мұндай зерттеуде, біздің байқауымызша, тәжірибеде пайдалы нәтиже күтетін прагматикалық мақсат көзделмейді, мұнда тілдің тарихи дамуының объективтік заңдылықтарын ашу үшін әрбір тілдік құбылыстың іліктестігі, жалғастылық сипаты, өзгерістерінің негізі (себебі) сияқты ізденістер жүргізіледі.

Диахрондық зерттеулердің тілдік нормаға келгенде ғылым үшін мәні зор болғанмен, қазіргі таңда бізге керек болып отырғаны – синхрондық сипаттағы, яғни дәл бүгінгі кезеңдегі қазақ әдеби тілі нормаларының күй-қалпын танып-білу және оны тек мамандарға таныту үшін емес, қазақ тілін пайдаланып отырған қалың жұртшылыққа таныту, сол арқылы тіл мәдениетін көтеру болып отыр.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Исакова С.С. Қолданбалы терминология. Жоғары оқу орындарының 5В011700-Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының студенттеріне арналған оқу құралы. – Ақтөбе, 2015, 175 бет
2. Сыздық Р. Тілдік норма және оның қалыптануы. –Астана: Елорда, 2001. –230 б.
3. Қапасова Б. Қ. Тіл мәдениеті Шешендік өнер: Оқулық. – Алматы, 2014. – 224 бет
4. Уәлиұлы Н. Терминология және тілдік норма // Терминология және тіл мәдениетінің мәселелері. Республикалық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. Жинақ: Астана, 2004. – 76 б.

І СЕКЦИЯ. АКАДЕМИК РӘБИҒА СЫЗДЫҚТЫҢ ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫ ЖӘНЕ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

РӘБИҒА СЫЗДЫҚ ЕҢБЕКТЕРІНДЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТТАҒЫ ЛЕКСИКАНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

А.Адилова

Филология мамандығының
3 - курс студенті

Ж .М. АБДРАХМАНОВА

Филология ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор

Көрнекті ғалым, қазақ сөз өнерінің, соның ішінде әдеби тілінің майталман зерттеушісі Рәбиға Сыздық еңбектерінде ұлы Абайдан бастап қазақта әдебиет саласындағы өзіндік орны мен ғалым айтпақшы, «өрнегі» бар қалам ұстағанның көбінің шығармашылығы зерттелгені белгілі. Ғалым оларды әдебиеттану ғылымының, лингвистиканың әртүрлі бағытында, тілтанымдағы зерттеу әдістері жүйесінің жетістіктеріне сүйене отырып талдағаны белгілі. Соның ішінде ғалым қазақ жазба еңбектері тарихында қалыптасып, дамыған лингвомәдениеттік, әлеуметтік лингвистикалық бағыттағы сөз қолданысын да өз назарынан тыс қалдырмаған. Бұл сөздердің тек әдебиет немесе тіл білімі саласында ғана емес, қазақ қоғамдық ғылымы саласында да маңызы зор екені талассыз. Себебі, олардың қалыптасуы, дамуы ұлттық мәдениеттің, саяси, әлеуметтік ортаның, халықтың дүниетанымы өсуінен хабар беретін. Ұлттық дүниетаным мен тілдің тығыз байланысын ескерсек, олардың лексикалық баюы, дамуы, қоғамдық санаға тарауы ұлттық сананың да даму динамикасын көрсететіні талассыз.

Ғалымның бұл саладағы зерттеулерін автордың «Қазақ әдеби тілінің тарихы», «Сөз құдіреті» және тағы да басқа еңбектерінен көре аламыз. Автордың өзі қазақ тіліндегі стильдердің қалыптасуы жөнінде былай дейді: «Қазақ әдеби тілінің осы күнгі стильдік дифференциациясының басы ХІХ ғасырдың ІІ жартысына тура келеді. Бұл тұста қазақ тілінде мерзімді баспасөз пайда болды, соған орай әдебиеттің қоғамдық-публицистикалық жанрының ірге тасы қалана бастады»[1.23]. Ондай жанрға мысал ретінде автор аурулар, экономика, мәдениет жайындағы кітапшалар деп анықтап кетеді. Жалпылама қарайтын болсақ, бұл қазір әлеуметтік лингвистика, этнолингвистика және лингвомәдениеттану деп аталып, өзара салаланып жүрген тілтаным бағыттарын қамтитыны сөзсіз. Жоғарыда аталған еңбегінің «Ақын жыраулар тілінің лексикасы» деп аталған бөлімінде ғалым олардың лексикасындағы орынның бірін «қауымның әлеуметтік құрылысы мен жаугершілік тақырыбына сөздер алады»-дейді. Соның ішінде жаугершілік пен билікке қатысты сөздердің көп екеніне назар аударады. (мысалы, *жұрт, халық, қарашы, қызметші, жсау, жсамандар, жақсылар, батыр ж.б.*). Сонымен бірге қару –жарақ атаулары, батырлар портреті берілетін лексикаларды тізіп көрсетеді.

Осыған жақын әлеуметтік-мәдени сипаттағы сөздерге ғалым «абстракт есімдерді» қосады және олардың дидактикалық ой түйіндері ретінде философиялық абстракт категориялармен істес екендігін айтып өтеді. Сонымен қатар ғалым мынандай ой түйіндейді:

«Бұл дәуірлердегі абстракт ұғым атаулары тегі жағынан екі топқа бөлінеді: қазақтың өз сөздері және араб-парсы сөздері. Бұлардың бірқатары түбір сөздер де, енді бірсыпырасы-лық жұрнағын жалғаған туынды есімдер болып келеді» [1.41]. Осыларға мысал ретінде лингвомәдени сипаттағы *жақсылық, жамандық, жалғыздық, әділдік, көңіл, нәпсі, жан, дәулет, бақыт, пейіл, қадір, ақыл, тірлік, ғұмыр, жалған дүние* сияқты сөздерді келтіріп кетеді. Одан әрі ғалым қазақ тіліне көптеген эпитет сөздердің келгенін және олардың әдеби тілге сын есімдер, есімшелі тіркестер болып енгенін ескертеді. «Мысалы, *салуалы ақ орда, қалыылаған қасты орда, жағына жалаң жібек байлаған арулар, жалған дүние, атайы ер*» және т.б. [1.42]. Оларды талдай келе автор кейбір сөздердің қазір қазақ әдеби тілінде қолданыстан шығып қалғанын да ескертіп өтеді. Біз де олардың кейбіреуін келтіре кетсек: *ауыр жұрт, атайы ер, пару ұл, жұмле ғалам, алаң жұрт* дегендер [1.42-43]. Шынында да бұл сөздер қазіргі тілімізде кездеспейді, оларды ескі әдебиеттен ғана кездестіруге болады. Ғалым тілімізге берік енген «дұшпан», «заман», «несібе», «дүние», «дос» сияқты лингвомәдени ұғымдардың басқа тілдерден еңсе де, ауызекі тілге мүлдем сіңіп кеткеніне назар аударады. Діни термин ретінде енген арабтың «алла» сөзінің түркілік «тәңір» сөзімен қатарласа жүргенін көрсетіп кетеді. Кезінде халқымыздың діни дүниетанымына қатар енген бұл сөздердің қазір діни тұрғыдан талас, кереғар пікір тудырып жүргенін айта кеткен жөн. Себебі, діннің қоғамға кеңінен тарауы, ислам дінінің талаптарының күшеюі лингвомәдени аспектіде ол сөздерді қолдануда қатаң бірізділікті күшейтіп отырғанын және қоғамда, әсіресе, жастар арасында араб сөздерінің қолданысы барған сайын кеңінен тарап келе жатқан үрдіс екенін байқауға болады.

Жалпы зерттеуші бұл кезеңдегі әдебиеттің негізі әлеуметтік мәндегі поэзия болғандығын, сондықтан тұрмысқа байланысты сөздердің аз екендігін де атап өтеді. Ал әлеуметтік лексиканың құрылымына келсек, зерттеуші былайша бөліп көрсеткен: адамгершілік, жақсылық, жамандық, яғни, этикалық тақырыптағы лексикалар, елдің әлеуметтік-саяси жағдайын белгілеген лексика, әлеуметтік топтарға қатысты атаулар, әскери, соғыс ісіне қатысты сөздер, қару-жарақ атаулары. Демек, ғалым зерттеп отырған бұл тарихи кезеңде (ХҮ-ХҮІІ ғ.ғ.) әлеуметтік лингвистика саласына жататын сөздердің қоғамдық лексикада кең орын алғанын байқаймыз. Ал лингвомәдени тұрғыдан аталған бағыттағы сөздермен қатар сол кездегі тіршілікке, өмірге қатысты сөздер де жетерлік. Әрине, ауызекі тілде, күнделікті тұрмыста көптеген сөздердің болғаны сөзсіз, бірақ бұл жерде ғалым нақты әдеби тілді зерттегеннен кейін, ол сөздердің қолданысы назардан тыс қалуы да заңды деп есептейміз.

Ғалым ХҮІІІ ғасырға қатысты жыраулар поэзиясында дидактикалық сарынмен өмір, адамзат, қоғам туралы абстракты ұғымдардың көбейгенін айтып, *жарлылық, жалғыздық, үміт, қорлық, бақыт, әділдік, бірлік, адамдық, арамдық, дәулет* сияқты сөздер қолданысқа енгенін айтады [1.77].

Жоғарыда айтып өткеніміздей, лингвомәдени, әлеуметтік лингвистикалық сөздер халықтың тарихымен бірге дамып, өткен тарихи заманды бейнелеген кейбір сөздер сол тарихтың еншісіне айналып отырады сөзсіз. Ғалым өзінің тілдік норма жайлы еңбегінде «тарихи ізі бар» сөздер туралы айтып өтеді: «қоғам дамуының келесі кезеңдерінде бұл сөздер білдіретін объектілер тарих сахнасынан кетеді де бұл сөздердің мағыналары да бірте-бірте ұмытыла бастайды, екіншісі бірі дәл біле бермейтін сипатқа ие болады». Одан әрі зерттеуші мынандай мысалдар келтіреді: «ата-әжелеріміз жиі қолданатын еңбеккүн, социалистік жарыс, колхоздастыру, белсенді, тыңшы, шабарман, атшабар дегендер-историзм-тарихи сөздер» дейді [2.141-142].

Ғалым Рәбиға Сыздық өз зерттеуінде сөздердің әлеуметтік-тарихи алғышарттарына үнемі көңіл бөліп, олардың тууының қоғамдық себептерін, сол кездегі қазақ елінің тарихы тұрғысынан негіздеп, дәлелді фактілер беріп отырады. Бұл тәсіл, әсіресе, әлеуметтік-мәдени лексикаға тікелей қатынасты болып келеді. Соның ішінде ғалым діни сөздер мен қазақ даласын отарлауға қатысты енген терминдердің жай күйіне талдау жасайды. Сондықтан да оларды экономика, білім, оқу ағарту, мәдениетке қатысты терминдер деп ерекше бөліп көрсетеді. Мысалы, ғалым саудаға қатысты *сауда, саудагер, ақша, батпан, таразы, өсім* сияқты сөздер, сол кездегі қылмысқа қатысты *парақор, ұры, ұры-қары*, білімге қатысты *молла, сабақ, сабақ оқу, сызу, кітап, ұстаз, ғалым насихат, хат, өнерпаз* деген сияқты сөздердің қолданысқа кеңінен енгенін жүйелі түрде айқындап жазады. Дінге қатысты сөздерге келер болсақ, әлі нормалары бекімеген сөздердің әдеби нормаға, түпнұсқаға жақын жазылуы қалыптасқанын тұжырымдайды. Зерттеуші өз еңбегінде XIX ғасырдың 1-ші жартысында сөз тудырудың басты тәсілі-бұрынғыдай аффиксация және сөз мағынасын ауыстыру деп атап көрсетеді. Сол кездегі ең активті жұрнақ ретінде *-лық* аталып, оның басты қызметі –абстракт тудыру дей отырып, мысалға, *жалғыздық, жақсылық, хандық, кәрілік, жарлылық* секілді сөздерді келтіреді. Сондай-ақ отарлауға байланысты келген әлеуметтік өмірдің кең саласын қамтитын орыс сөздерінің қолданысын, олардың тілдік өзгерісін, ұлттық тілге бейімделуін нақты мысалдармен беріп отырады. Біздің ойымызша қазір латын әліпбиіне көшуге байланысты кірме сөздерді өзіміздің төл дыбысталуымызбен айту, жазу қажеттігін айтып жүрміз. Міне, соның өткен ғасырдағы қазақ тілінің, оның дыбысталуының таза кезіндегі үлгілерін академик ғалым мысалдармен талдап беріпті. Енді оларды сол күйінде алмасақ та, кейбір мысал, үлгі ретінде оларға назар аударуға тұрарлық екені сөзсіз.

Ғалым өз еңбектерінде әлеуметтік лексикалар жасалуының грамматикалық, графика, орфографиялық, морфологиялық ерекшеліктерін қарастырып отырады. Осылайша ғалымның еңбектерінде халқымыздың мәдени дамуының үлкен белгісі болып табылатын әлеуметтік-мәдени лексиканың өзіндік дамуы, күрделі қалыптасуы ғылыми негізде беріледі.

Қазақ жазушыларының тіл қолданысын жан-жақты зерттеген ғалым өзінің сыни еңбектерінде жазушылардың әлеуметтік мәнді сөздерді қолданысына қатысты пікірлерін білдіріп отырған. Мысалы, ескі бір әлеуметтік ұғымды қазақ жазушыларының орынсыз, бұрмалап айтып жүргеніне қынжылыс білдіреді: «Бірқатар жазушылар кейбір көне сөздер мен сирек қолданылатын сөздердің немесе этнографизмдердің мағынасын жете түсінбей, орынсыз жұмсайды. Мысалы, сұрқылтай – көне түркі-монғол тілдерінде (мүмкін, тек монғол тілінде) «кеңесші» деген сияқты билеушінің (айталық, ханның) жанында болатын сановниктің лауазымы. Сөздің бұл мағынасы қазақтың «әр ханның тұсында – бір сұрқылтай» деген мәтелінде сақталған. Бұл мәтелдің мәнісі – «әр ханның өз кеңесшісі, өз ақылшысы болады, соған орай әр ханның ұстайтын саясаты, жүргізетін билігі әр түрлі болып келеді» дегенді білдіреді. Мағынасы көмескіленген бұл көне сөзді жақсы танымағаннан кейін, бірақ әйтеуір тілде бар сөз екенін сезіп қолданып жіберушілік те кездеседі. Мысалы, жазушы Қ.Ысқақов мәтелді өзгертіп «әр заманға – бір сұрқылтай» деп қолданса, Д.Досжанов «осы бір сұрқылтай оқиға» деп, сөзді зат есімдік қасиетінен айырып, сын есім қызметінде жұмсайды» [3.285]. Тағы бір жерінде Мұхтар Мағауин шығармаларындағы архаизм сөздердің орынды қолданылуы жайлы өз пікірін білдіреді. «Жазушы Мұхтар Мағауин «Аласапыран» романында бұлғақ, оғлан, түменбегі, мыңбегі, алашбегі, ұлысбегі, баһадүр, тентек, аламан, жасауыл, есікағасы, қалға сайлау, дат сұрау, сандал тақ, ертауыл, анда, бақауыл, құма, лек, отаман, маңдай сүбе, ажырғы, жандар (телохранитель), жәсір(тұтқын), байтақ(астана), қоллық,

тізелік, бұтырлық, көтерме (арбаның түрі), түзем (строй), қазақ шығу сияқты сандаған көне сөзді тандап тауып, орынды жұмсаған. Сонымен бірге осылардың қатарында жазушының өзі жасаған дастарханшы, некелі қосақ (хатун), сабадар (бас қымызшы), көріс (аудиенция), елшілік дуаны (посольский приказ), саясаткер (политик) сияқты сөздер де, андыз әскер, сипаһ тәрізді архаизмдер де – тарихи стилизация үдесінен шыққан сөздер»[3.278]. Осы мысалдардан көріп отырғанымыздай, ғалым жазушылардың шығармаларында кездесетін әлеуметтік мәнді лексикаларға терең ғылыми көзқараспен қарап, олардың этимологиясына, тарихи дәуір тұрғысынан мән-мағынасына жіті назар аударады.

Ғалымның еңбегінің ішінде ұлы Абай тіліне арналған зерттеуінің классикалық сипат алғаны белгілі. «Қазақ әдеби тілінің тарихы» кітабында Р.Сыздық мынандай тұжырым жасайды: «Қоғамның саяси-экономикалық құрылысына, оқу-білімге, философия мен дінге қатысты сөздер мен фразаларды, кейде, тіпті, терминдерді поэзия тіліне молынан енгізу Абайдан басталады»[1.225]. Осы мәселенің зерттеп-зерделенуін ғалымның «Абайдың сөз өрнегі» еңбегінен көреміз. Бұл еңбекте Абай қолданған әлеуметтік-қоғамдық сипаттағы сөздер жан-жақты ашылып, талдаулар жасалып беріледі. Сондықтан Абай шығармаларындағы оның гуманизмін, этикалық ұғымын, адам қасиеттерін, философиялық ойын, әлеуметтік ортаны суреттейтін сөздерге тыңғылықты талдау жасалады. Бұл кез мәдениеттің жаңа үрдістермен толыққан, әлеуметтік өмірге соны жаңалықтар келген, дәстүрлі өмір салты өзгере бастаған кез екені белгілі. Зерттеуші осы заман өзгерісінің бағыт-бағдарын ұлы ақынның өлеңдері мен қарасөздерін талқылау арқылы бағамдайды. Мысалға жеке сөздерді, фразеологизмдерді кірістіре отырып, қазақ дүниетанымының, әлеуметтік тұрмыс-тіршілігінің қалай өзгергенін көрсетеді. Абай шығармаларында сондықтан әлеуметтік-мәдени лексика бұрын-соңды болмаған жаңа деңгейге көтеріледі. Академик ғалым Рәбиға Сыздық өз еңбектерінде осы дәуір өзгерісін ойшыл шығармасындағы сөздерді, әсіресе, бұрын болмаған, болса да жаңа мән-мағынаға ие болған сөздер арқылы ғылыми тұрғыдан, филология ғылымының бүкіл өзі игерген әдістемесі, терминдік қорын қолдана отырып, талдау жасайды. Осылайша, Абай өлеңдеріндегі көптеген сөздермен қатар, оның әлеуметтік-мәдени лексикасы да жаңа мәнге, ғылыми тұрғыдан терең мәнді зерттеледі. Осының арқасында қазақ халқының сөз өнерінің ғана емес, оның дүниетанымының, ой-санасының, мәдени құндылықтарының толық картинасы жасалады. Академик ғалым тілмен бірге өзгерген қазақ халқының өмірін, өмірімен қанаттас өзгерген «қазақ» сөзінің, соның ішінде лингвомәдени ұғымдардың, әлеуметтік лексиканың өрісін көрсетіп береді. Бұл жағынан ғалым мұндай терминді қолданбаса да, бұл зерттелген сөздердің, олардың мән-мағынасының ашылуы қазіргі әлеуметтік лингвистикалық зерттеулердің тақырыбына, міндетіне, қағидаларына сай келетіні талассыз деп санаймыз. Атақты ғалым ол сөздердің мәнін ашып қана қоймай, олардың шығуының әлеуметтік, тарихи, қоғамдық себептерін, тіпті саяси астарын ашады.

Сондықтан ғалымның зерттеуілері аясында кейінгі шыққан тіл мен қоғам байланысының төл туындысы – әлеуметтік лингвистикалық зерттеулердің озық үлгісі, терең ғылыми бастауы, тіл мен дүниетанымды үйлесімді қараудың әдістемелік көрінісі бар екені сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сыздықова Р. ХҮІІІ-ХІХ ғ.ғ. Қазақ әдеби тілінің тарихы. Алматы. Мектеп.1984.- 247б.
2. Сыздықова Р. Тілдік норма және оның қалыптануы (кодификациясы). Көп-томдық шығармалар жинағы/Алматы: «Ел-шежіре», – 2014.

3. Сыздықова Р. Сөз құдіреті. Көптомдық шығармалар жинағы./Алматы: «Ел-шежіре», – Алматы: «Ел-шежіре»

РӘБИҒА СЫЗДЫҚ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Жүсіп Арайлым Сағындыққызы
Қызылорда қаласы, «Байтерек school»
жеке мектебінің жанындағы облыстық
«DARYNDY» балаларға арналған
мектеп-интернаттың
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Бүгінгі қазақ тіл білімі ғылымы - бірнеше ғасырлық дамудың жемісі. Бұл ғылым өзінің даму тарихында сан алуан тәсілдердің, ғылыми жаңалықтардың, білікті зерттеулердің куәгері бола отырып, тұрақты дамып, бүгінде алға ұмтылуда. Осы орайда тіл білімінің өзекті мәселелерін айта білген, ғылыми ізденістеріне сүйеніп, қазақ тілінің төл болмысын танытатын зерделі тұжырымдарымен өз орнын тапқан, тіл білімінің даму, өзгеру, жаңару үдерісінен қалыспай келе жатқан ғалымдардың орны ерекше.

Ел болып қалыптасқаннан кейін тіл ғылымын пәнаралық байланыста зерделеу, тіл тарихын жаңаша қарастыру, лингвистикалық еңбектердің тіл біліміндегі мәні мен маңызын ашу, қазақ тіл білімінің теориялық және практикалық аспектілерін бір жүйеге келтіру, таныстыру, қазақ тілінің халыққа байланысты ашатын, саралайтын, ескеретін мәселелерінің ұлттық біріктіруші қызметі, т.б. қазақ тілінің ұлттық болмысы - 21-ғасырдағы қазақ тіл білімінің зерттеу нысанына айналған өзекті басымдықтар. Жоғарыда аталған өзекті мәселелердің шешімі тіл білімінің өткені мен бүгінгі тарихымен ұштасып жатыр. Өйткені ғылым міндетті түрде ғалымның атымен, зерттеу еңбектерімен, ғылыми жаңалықтарымен тікелей байланысты. Ғалымның еңбектерін жүйелеу, оның кешенді зерттеу бағыттарын ашу, өзектілігін таныту, сайып келгенде, ғылымның даму тарихын зерттеуге, тануға, зерделеуге, саралауға айналады.

Рәбиға Сәтіғалиқызы (Ғалиқызы) Сыздық секілді қайталанбас қазақ қызының өмір жолына, белестері мен бағындырған асуларына, ғылымда салған сара жолына ден қойып, зерттеу барысында оның бүкіл болмысын ашар тегінен дарыған, жастайынан ортасы қалыптастырған тұлғалық қасиеттерін айтпай өтуімізге болмас. «Рәбиға Сыздықтың адами қасиеттері мен ғалымдық табиғаты арасындағы тамырластық төркінінде осындай бір үйлесім үлгісі мен сұлулық сыры бары анық» [1, 7], – дегендей, Р.Сыздық – қазақ тілтаным ғылымында аса ерекше аталатын көрнекті тұлғалардың бірегейі. Ғалым бұл биіктікке өзінің табиғи туа біткен дарыны, жоғары танымдық қасиеті мен тынымсыз ізденісі арқылы жетіп отыр. Ғылымның ауыр жолында алмастай жарқыраған қазақтың біртума қызының қазақ тіл білімінде зерттеген тақырыптары мен салалары сан қырлы. Шешімін таппаған тартысты, даулы мәселелер, екі ұшты тұжырымдарға дәлелді ой айтып, тұшымды пікір келтіре білген ғалым әлі күнге дейін тіл білімін жаңаша, салааралық сипатта байланыстыра зерттеумен айналысып келеді.

Рәбиға Сәтіғалиқызы Сыздықова – көрнекті қазақ филологы, ұстаз, зерттеуші. Оның өмірі мен шығармашылығы қазақ ғылымы тарихының, әсіресе, қазақ тілін зерттеу мен дамыту саласында ажырамас бөлігіне айналды. Сыздықова Қазақстандағы ғылыми қоғамдастық пен білім беру үдерістеріне зор ықпал еткен мол мұра қалдырды.

Рәбиға Сыздықова 1924 жылы 17 тамызда Ақтөбе облысындағы Ойыл шағын қаласында дүниеге келген. Әкесі Сәтіғали Құтқожин білімді, революцияға дейін сауатты, пошта меңгерушісі болған. Қиын күндерге қарамастан балаларына ең жақсы білім беруге тырысты. Алайда тағдыры қайғылы болды: 1937 жылы саяси қуғын-сүргін кезінде тұтқындалып, еліне оралмаған.

Қиын сынақтарға қарамастан Рәбиға анасы Жеміс пен ағасы Еркінғалидың қолдауының арқасында білімге деген құштарлығын сақтап, оқуын жалғастырды. Бала кезінен бойына сіңірген осы қолдау мен тілге деген сүйіспеншілік оның болашақ ғылыми жетістіктерінің негізін қалады.

Рәбиға Сәтіғалиқызы 1940 жылы Темір педагогикалық училищесін бітіргеннен кейін ұстаздық жолын Алға ауылында бастап, бастауыш мектепте сабақ берді. Ұлы Отан соғысы жылдарында Темір, Ақтөбе қалаларында мұғалімдік қызмет атқарып, кейін Ақтөбе педагогикалық институтын ойдағыдай бітіріп, үздік дипломға ие болды. Алайда одан әрі білім алуға деген талпынысы оны алға жетелеп, Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының қазақ тілі мен әдебиеті факультетіне оқуға түсіп, 1947 жылы бітіреді. Қазақ педагогикалық институтын бітірген соң аспирантурада оқыды. Еңбек жолын Қазақ оқу-педагогикалық баспасында редактор, редакция меңгерушісі болып жалғастырды. 1957 жылы Рәбиға Сыздық Тіл білімі институтына келіп, екі жылдан кейін «Абай прозасының морфологиялық ерекшеліктері» кандидаттық диссертациясын, 1971 жылы «Абай шығармаларының тілі» атты докторлық диссертациясын қорғады.

«Бұл монография ұлы ақынның тіліне лингвистикалық талдау жасау ғана емес, белгілі бір тарихи кезеңдегі қазақ әдеби тілінің даму ерекшеліктерін жүйеге келтірген іргелі зерттеу болып табылады», - деп баға берді сарапшылар сол кездегі шығармашылығы туралы. Осы ірі еңбегі үшін 1995 жылы Рәбиға Сыздықоваға Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы атындағы Ш.Уәлиханов атындағы сыйлық берілді.

Ол дарынды зерттеуші екенін студенттік жылдары-ақ көрсетті. Оның «Қазақ тіліндегі изафет» тақырыбындағы баяндамасы тілдік құбылыстарды терең талдай білу қабілетін танытып, ғылыми қауымның назарын аударды.

Рәбиға Сәтіғалиқызы ғылыми қызметін қазақ тілін, оның тарихын, грамматикалық құрылымын, стильдік ерекшеліктерін зерттеуге арнады. Оның ғылыми қызметінде қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаев шығармаларының тілін зерттеу ерекше орын алды. Ғалымның «Абай шығармаларының тілі» (1968), «Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылымы» (1971) шығармалары Абайдың ақындық тілін түсінуге, оның қазақ әдеби тілінің дамуындағы рөлін түсінуге елеулі үлес қосқан іргелі еңбек болды. .

Рәбиға Сәтіғалиқызы қазақ әдеби тілінің тарихына қатысты басқа да бірқатар түйінді еңбектердің авторы болды. Оның «Қазақ әдеби тілінің тарихы» (1984) атты зерттеуі тілдің эволюциясы мен оның қалыптасу факторларын зерттеудегі маңызды қадам болды. Ол бұл еңбегінде қазақ әдеби тілінің бірнеше ғасырлардағы даму жолын талдап, оның қалыптасу, даму жолдарының түйінді сәттерін анықтады.

Рәбиға Сыздықова тек қазіргі қазақ тілін зерттеумен шектелген жоқ, сондай-ақ Қадырғали Жалаиридің «Жәми ат-тауарих», Ахмет Ясауидің «Диуан-и Хикмет» сияқты көне

жазба ескерткіштерді де зерттеді. Ол өз зерттеулерінде әртүрлі тарихи кезеңдерде болған тілдік процестерді терең түсініп, түркітану ғылымының дамуына зор үлес қоса білді.

Оның «Жами ат-тауарих Жалаиридің тілі» (1989) атты монографиялық еңбегі ортағасырлық жазуды зерттеуге маңызды үлес болып, бұл ескерткіштің тілдік ерекшеліктерін талдап, оның қазақ мәдениеті үшін маңызын ашты.

Рәбиға Сыздықова ғалым ғана емес, көптеген жас зерттеушілерге ұстаз, тәлімгер болды. Педагог кадрларды даярлауға белсене атсалысты, қазақ мектептері мен жоғары оқу орындарында қолданылып жүрген оқу-әдістемелік құралдар мен оқулықтар әзірледі. Оның лекциялары мен семинарлары студенттер арасында танымал болды, ал кітаптары мен мақалалары ғалымдардың да, практик мұғалімдердің де сұранысына ие болды.

Рәбиға Сәтіғалиқызы ғылыми-педагогикалық қызметпен қатар белсенді қоғамдық жұмыстар жүргізді. Түрлі конференциялар мен семинарларға қатысып, баяндамалар мен лекциялар оқып, қазақ тілін сақтау мен дамытудың маңыздылығы туралы идеяларды насихаттады.

Рәбиға Сәтіғалиқызы Сыздықова – қазақ тілі мен әдебиетінің дамуына орасан зор үлес қосқан көрнекті ғалым ғана емес, халқына, мәдениеті мен тіліне шексіз берілгендіктің үлгісі. Оның өмірі қазақ ғылымы енді ғана қалыптаса бастаған дәуірде өтті, қазақ тіліне лайықты көңіл бөлініп, дамып келе жатқан сол кісідей тұлғалардың арқасында ежелгі дәстүрлер мен заманауи ғылыми көзқарастарды байланыстыратын өткен мен болашақтың арасындағы көпірге айналды.

Сөздерді қадірлеудің ерекше түрі – сөзге үлкен мән беру. Лингвист-ғалымның бір ерекшелігі, сөздерді тікелей зерттемей, алдымен сөздерді «сөйлетіп», содан кейін ғылыми талдауға көшеді. Сөздің этимологиясын, қазіргі қолданысын саралай келе, қазақ тілінің байлығын, мүмкіндіктерін, ерекшеліктерін жүйелі түрде саралайды. «Сөздер сөйлейді», «Қазақ тілінің тарихи сөздігі» деген зерттеу еңбектерінде 10-19 ғасырларда өмір сүрген қазақ ақын-жырауларының тіліндегі, кейбір мақал-мәтелдердегі түсініксіз сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын қалың жұртшылыққа ашып көрсеткен. Бұл зерттеудің бір жаңалығы - «бұршақ» сөзінің мағынасы оның аспаннан түскен затқа да, өсімдік атауына да еш қатысы жоқ, бір кездері «шағын бұлдірге жіп» екенін, болған, «қарындас» сөзі тек әйелге ғана емес, ер адамға қатысты да қолданылатын ортақ туыстық атау екенін («бір қарыннан шыққан бауырлар» дегенді білдіреді), «жетім» сөзінің «кұл» деген мағынаны білдіретіні туралы ең қызық тілдік фактілер топтастырылған [2].

Еңбекқорлығымен уақыт жылдамдығына төтеп беріп, аузынан асыл сөзі, қолынан құнарлы қаламы түспей, халқына деген құрметі, ғылымға деген ықыласы Кеңес заманының өзінде-ақ тіл білімінің көрнекті өкілі А.Байтұрсынұлы туралы тұңғыш ғылыми монография жазып, тамаша ерлік жасады десек, артық айтқандық емес. Р.Сыздық – А.Байтұрсынұлын тұңғыш зерттеуші ғалым ретінде ұлттық санамыздың ояну тарихына үңіліп, отандық ғылымның қалыптасуына өзгеше жол ашты, т.б. мәселелерді көтеріп, ұлттық сипатқа тоқталды. Белгілі ғалымның «Ахмет Байтұрсынұлы» [3] монографиясы, баспасөзде жарияланған бірнеше ғылыми мақалалары біз, болашақ тіл мамандары үшін тамаша үлгі болса, қазақтың қайсар қызы Рабиға үшін ел алдындағы парызын өтегендік деп есептейміз. «Қазақ халқының асыл перзенттерінің бірі, 20-ғасырдың басындағы шағын топтың демократиялық бағыттағы қазақ зиялыларының ірі де ықпалды өкілі, бірнеше рет заңсыз түрмеге жабылған екі рет сталиндік режимнің құрбаны болған Ахмет Байтұрсынұлы осылай танымыз», - [3, 50] деп қорықпай баға берді.

Ғалымның қазақ филологиясы мен әдебиеттану тарихындағы рөліне лайықты баға беретін кез келді. Ол қазақ халқының тілі мен әдебиетін зерттейтін іргелі еңбектер жасап қана қоймай, осы бағыттағы зерттеулердің негізін қалады. Оның еңбектерінен шабыт пен білім алатын көптеген жас зерттеушілер үшін бағдаршам болды. Әсіресе, ұлттық құндылықтарды сақтау мен жаңғыртуда Рәбиға Сыздықованың қосқан үлесі зор.

Сонымен қатар, Рәбиға Сыздықова өзінің «18-19 ғасырлардағы қазақ әдеби тілінің тарихы» атты монографиясында кеңестік жылдардағы жазба дәстүрі бар тілді ғана әдеби тіл деп санауға болатын тұжырымды жоққа шығара алды. Рәбиға Сәтіғалиқызы жазба дәстүрге сүйенбей, рухани мәдениет негіздерінің қалыптасуына, белгілі бір тілдегі нормативтік процестің деңгейін ескере отырып, біртұтас формалар мен сөз тіркестерінің қолданылу дәрежесіне сүйенді.

Оның пікірінше, ауызша тіл де жазба тіл сияқты әдеби тілдің бір түрі болып табылады және ол сауат ашуға дейінгі кезеңде поэтикалық өнердің тілі, халық дәстүрі, дәстүрлі заңнаманың негізі ретінде қызмет атқарып, қоғамның әр түрлі салаларында қолданылған. Рәбиға Сыздық қазақ әдеби тілінің дамуында біріншіден, ортағасырлық жазба және әдеби тілдер – Орта Азия және Алтын Орда тілдері, екіншіден, ұлтқа дейінгі кезеңдегі қазақ әдеби тілі бір-бірімен тығыз байланыста болғанын атап өтті. Оның зерттеулерінің арқасында ғалымдар қазақ әдеби тілінің 5 ғасырлық тарихын дербес лингвистикалық пән ретінде қарастыра бастады.

Профессор Р.Сыздық - түркітану пәнін оқытуда өзіндік жолы бар зерттеуші. Бұл ретте оның «Жамиат-Тауарих Жалаири тілі» [4] және «Ясауи «Хикметтерінің» тілі» [5] монографияларын атап өтуге болады. Қадырғали Жалаиридің «Жәми ат-тауарих» шежіресі рухани мәдениеті жағынан да, тілі жағынан да қазақ халқының байырғы дәуірдегі мұрасы екенін дәлелдеді. Соның арқасында ол қазақ халқының рухани мұрасын байытуға зор үлес қосты. Зерттеуді Жалаиридің аты мен тегін анықтаудан бастаған ғалым екі нұсқаны лингво-текнологиялық тұрғыдан салыстыра отырып, шежіре тілінің стильдік, лексика-фразеологиялық, графикалық, орфографиялық ерекшеліктерін зерттейді. Ғалым өзінің «Ясауи «Хикметтерінің» тілі» атты монографиясында хикметтердің Самарқандық нұсқасына сүйене отырып, оның тілін лексико-грамматикалық және текстологиялық тұрғыдан талдаған. Р.Сәтіғалиқызы бұл нұсқаның түпнұсқаға ең жақын көшірме екенін жазады. Зерттеу барысында ғалым Ясауи тілінің негізін лексикалық жағынан да, грамматикалық жағынан да қыпшақ-оғыз әдеби тілі құрайды деген тұжырымға келеді. Қазақ халқының рухани болмысын, мәдениетін, әдебиетін дәріптеуде қос еңбектің баға жетпес мұра екені сөзсіз.

Көзі тірісінде ғалымның мерейтойына арналған форумға АҚШ, Түркия, Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан және басқа елдерден тіл мамандары жиналды. Көрнекті ғалым Рабиға Сыздықпен бірге қазіргі қазақ тіліндегі жаңа бағыттарды, латын графикасының ережелерін жетілдіруді талқылап, қазақ әдеби тілінің тарихын, қазақ тіл білімін, лексикография, тіл нормаларын, түркология мәселелерін, сөйлеу мәдениетін зерттеу мәселелерін сөз етті. А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының директоры ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі Ерден Қажыбек Рабиға Сыздықтың тілі білімі тарихында аты алтын әріппен жазылатын ғалым екенін, мерейтойы ел үшін айтулы оқиға екенін баса айтты.

«Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында қазіргі әдебиетте, музыкада, театрда және бейнелеу өнерінде өткен дәуірдің ұлы ойшылдары, ақындары мен билеушілері бейнелерінің галереясының қалыптасуы туралы айтылады, рухани негізіміз – қазақ тілі, бұл мәселеде осыдан бастау керек. Елбасы осы орайда тіл мамандарының ғылыми мұрасын

насихаттау қажеттігін, «Рухани жаңғыру» бағдарламасының мәні де осында екенін атап өтті. Қазақстандағы гуманитарлық ғылымның маңызды салаларының іргетасын қалаған Рәбиға Сәтіғалиқызы осындай ғалым. Ол Ахмет Байтұрсынов шығармашылығын, Абай шығармаларының тілі, Қадырғали Жалаиридің «Жәми ат-тауарихын» зерттеуге зор үлес қосты», - деді Ерден Қажыбек.

Ол 95 жаста еді.

2020 жылы 3 шілдеде кеңестік және қазақ лингвист-ғалымы, лингвист-түрколог, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген ғылым қайраткері, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Рәбиға Сәтіғалиқызы Сыздықова дүниеден өтті.

Қазақ тілі мен сөзін құрметтеу, ұлттық құндылықтарды сақтауға ұмтылу – ешбір ғалымда жоқ жеке қасиеттер. Осыдан келіп Рәбиға Сыздықованың осы қасиеттерін лингвистикалық зерттеулері арқылы болашақ ұрпаққа жеткізу, санасына сіңіру, маңызын көрсету мақсатында ауқымды жұмыстар жүргізу қажеттілігі туындайды. Бұл - біздің болашақтағы абыройлы міндетіміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Оразбаева Фаузия. Көп туса қазақ дәл сіздей қызды... [Мәтін] // Қазақ әдебиеті. – 2009. – №14. – Б. 7.
2. Сыздық Р. Сөздер сөйлейді (Сөздердің қолданылу тарихынан). Толықтырылған 3-басылымы. – Алматы: Арыс, 2004. –232 б.
3. Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынов. – Алматы: Қазақ ССР «Білім қоғамы», 1990. – Б. 52.
4. Сыздықова Р. Язык «Жами ат-тауарих» Жалаири. – Алма-Ата: Наука, 1989. – 243 с.
5. Сыздықова Р. Ясауи «Хикметтерінің» тілі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2004. – 552 б.
6. Сыздықова Р. Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі. – Алматы: Арыс, 2004. – 614 б.

Р.СЫЗДЫҚ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ОРФОГРАФИЯСЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

А.М.Жасқайратов

Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 4-курс студенті
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті
Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., қауымд.профессор **А.С.Елеуова**

Қазақ орфографиясының мәселелері ХХ ғасырдың екінші жартысында жаңа серпіліспен қарқынды даму кезеңін бастан кешірді. Бұл сол кезеңдегі қазақ даласындағы оқу-ағарту, ғылым, баспа ісі бағыттарының қалыптасуы мен қоғам қажеттілігіне байланысты дамуымен байланысты еді.

Ұлттық тілтанымда қазақ жазуының қалыптасу, даму жолын, ондағы зерттеулерді негізге ала отырып, қазақ орфографиясы тарихын дәуірлеуді екі кезеңге бөліп қарастырады. Бірінші топқа тілдің орфографиялық жүйесінің негізін қалап, бағыт-бағдар көрсетіп кеткен А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы, Қ.Кемеңгерұлы, М.Жолдыбаев, Е.Омаров, Т.Шонанұлының еңбектерін негізге алып, қолдансақ. Екінші топ өкілдеріне қазақ емлесі

дамуына жаңа толқын әкелген Қ.Жұбанов, С.Аманжолов, І.Кеңесбаев, М.Балақаев, Ғ.Мұсабаев, Н.Сауранбаев, Р.Сыздық, Н.Уәли, Қ.Күдерина тәрізді ғалымдарды жатқыза аламыз.

Тіліміздің жазу жүйесін жетілдіру, електен өткізіп, реттеп отыру мақсатында қазақ орфографиясына қатысты бірнеше еңбектер жарық көрді: 1941 жылы С.Аманжолов пен І.Кеңесбаевтың редакциясымен жарық көрген «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі», М.Балақаевтың 1948 жылғы «Емле сөздігі», Р.Сыздықованың «Қазақ орфографиясы мен пунктуациясы жайында анықтағыш» (1964, 1974ж.), Н.Уәли, А.Алдаштың «Қазақ орфографиясындағы қиындықтар» 1988 ж., С.Мырзабековтың «Қазақ орфографиясының арнаулы курсы бойынша методикалық нұсқаулар» 1991 ж., Н.Уәлидің «Графика. Орфография. Орфоэпия» 2018 ж. және т.б.

Ал тіліміздің орфографиялық нормаларын тұрақтандыруда, жазу мәдениетін көтеруде орфографиялық сөздіктің орны ерекше екені белгілі. Осы күнге дейін орфографиялық сөздіктің бірнеше басылымы жарық көрді, әр басылым сайын сөздік толықтырылып, жүйесі жетілдіріле түскен еді.

Ұлттық тілтанымның орфография саласының дамуы мен қалыптасуына қарымды үлес қосқан ғалымдардың алдыңғы легінде академик Рәбиға Сыздықтың есімі аталып, еңбегі ерекше бағаланады. Адамдар айтайын деген ойын бір-біріне ауызша да, жазба түрде де жеткізе алады. Орфография, немесе емле, дұрыс жазу нормаларын белгілейді. Ал дұрыс жазу нормаларының көздейтін негізгі мақсаты – айтайын деген ойды жазба түрде дәл, айқын жеткізіп беру. Әдетте жазу жалпыға ортақ болатындықтан, оның ережелері де жалпыға бірдей болып, көпшіліктің пайдалануына арналады. Сондықтан орфография ережелері әрі ортақ, әрі айқын, әрі тұрақты болуға тиіс [1,3].

Р.Сыздықтың әр жылдарда жарық көрген емле мәселелеріне арналған еңбектерінде дұрыс жазу ережелері, ондағы тыныс белгілерінің (нүкте, қос нүкте, көп нүкте, нүктелі үтір, үтір, сызық, сызықша, тырнақша, жақша, бас әріп, леп белгісі, сұрау белгісі т.б.) қолданылу тәртібі мен орындары, ережелері жинақталып берілді. Сонымен қатар жазылуы біршама қиындық келтіретін сөздердің орфографиялық сөздігі де бар. Бұл құралдың жазу нормаларын тұрақтандыруда, жетілдіруде орны ерекше болды.

Сонымен қатар ғалымның тіл тарихы, әдеби тілдің пайда болуы мен даму көздері, функционалды стильдің мағыналық түрлері, қазақ сөзінің этимологиясы, әдеби норма және оның қалыптасуы, Абай тілінің сөздік құрамы мен грамматикалық ерекшеліктері, оның көркемдік бітімі, ортағасырлық түркі жазба мәдениеті үлгілері, Қожа Ахмет Ясауи «Хикметтерінің» тілдік өзгешеліктері, қазақ көркем әдебиетінің лингвомәдени аспектілері, орфография және орфоэпия салаларындағы пікір-тұжырымдары мен ой қорытулары кейінгі зерттеушілерге әрдайым сүйеніш болып келе жатқаны даусыз. Соның ішінде ерекше байыппен қарастырып, терең зерттеу жүргізген мәселелерінің бірі - қазақ емлесінің қағидалары мен заңдылықтары.

Тілдік норма – тіл мәдениетінің өзегі. Норма – тілдің ұсынған тәртібі мен ережесі болса, нормалау – сол тәртіптерді тілдің өзінің қалыптастыруы. Ал кодификация – әдеби тілдің дамуына әлеумет тарапынан ықпал ету. Оның қазақша баламасы «заңдастыру», «қалыпқа түсіру», «қалыптандыру», «қалыптану» деп қолданыла береді. Р.Сыздықтың пікірінше, ғылыми тіл үшін «кодификация» атты интернационалдық термині қолданылып, ал қалың жұртшылыққа түсініктірек болу үшін қазақшалап отырудың да жөні бар. Академик сол қазақ тілтанымындағы нормаларды:

- Лексикалық;
- Грамматикалық;
- Орфографиялық;
- Орфоэпиялық деп тарамдайды [1].

Негізінен, норма белгілі бір тәртіптік, реттілік, жүйелілік құбылыс ретінде әдеби тілдің ауызша қолданысына да, жазба тілге де тән. Яғни біз сөз етіп жатқан норма – тілдің барлық көрінісінде орын алатын тілдік категория. Өйткені бұл норма бірден дұрыс нұсқасын көрсетіп, оны қолданыста да берік орнығуының тілдік ғана емес, әлеуметтік те маңызы өте зор. Емле ережелерінің тиянақсыздығы мен әркелкілігі жазатын адамға үлкен қиындық келтіреді. Белгілі бір сөздер мен сөз тіркестерінің жазылуы бір ізге түспеген болса, екі–үш түрлі жазылып жүрсе, ең сауатты жазатын адамның өзі толқып, қиналады. Басылып шыққан кітап, газет, журналдар дұрыс жазудың бірден–бір көзі әрі үлгісі болуға тиіс екендіктен және сауатты жазуға алғашқы бастап үйрететін жер мектеп болғандықтан, бұл қиындық әсіресе редакция–баспа қызметкерлері мен мектеп мұғалімдерінің басына түседі [1,3].

Қазақ жазуына қатысты қиындықтардың негізі, оның орнығу процесіндегі ұшыраған өзгерістерге тікелей байланысты. Яғни, 1929 жылы төте жазуынан латын графикасына, кейін 1940 жылы латыннан кириллицаға көшіп, қазақ тілтанымның ғылыми шеңберінде өз деңгейінде қалыптаса қоймағандығы айтарлықтай әсерін қалдырған. Емле заңдылықтары тіл сияқты үнемі даму, жаңару, кеңею үстінде көрінеді. Сауатты жазу нормалары үнемі көпшілік қолданысында болғандықтан, түзету, толықтыру, дұрыстау жұмыстары қатар жүреді. Жоғарыда атап өткеніміздей, қазақ тілінің орфографиялық сөздігі бірнеше рет басылып шықты, дегенмен оның сан рет түзетілген нұсқасында барлық ерекшеліктер ескеріліп, ешбір ақау жоқ деп айтуға болмайды. Әртүрлі әлеуметтік, қоғамдық құбылыстарға, тілдің калькалануына байланысты қазақ емлесіндегі олқылықтар көрініс табуда. Бұл мәселе академик Р.Сыздықтың шәкірті, филология ғылымдарының докторы О.Жұбай және ғалымдар А.Салқынбай, Б.Қапалбек авторлығымен шыққан «Қазақ тілі жүйесінің орфографиялық сөздіктегі көрінісі» атты еңбегінде тереңінен қарастырылады. Ғалымдардың зерттеуінде Республикалық Тіл комитеті бекіткен орфографиялық сөздіктегі бірнеше қате сөздерді, орынсыз қолданыстарды талдап көрсетеді. Айтарлықтай сөздіктегі ұрлықшы (дұрысы – ұры), бүгінгі күні (дұрысы - бүгін), бейберекетсіздік (бейберекет), бизнес-сынып, түсті қырыққабат және т.б. Бұл қате қолданыстардың негізі - калька. Дамыған елдерде орфографиялық сөздік жиі шықпайды. Бұл тіліміздің жазу жүйесі әлі де ерекше екшелеуді қажет ететін, өте үлкен, әлеуметтік маңызы зор іс екендігін көрсетеді. Өкініштісі, ХХ ғасырдың басында қазақ емлесіне қатысты құнды зерттеулер жүргізіп, негізін қалыптастырған Ахмет Байтұрсынұлының еңбегіндегі көптеген ережелер ескерусіз қалған. Сол сияқты академик Рәбиға Сыздық ұстанымдары 2013 жылы шыққан орфографиялық сөздікте ескерілмейді. А.Байтұрсынов: «Түріктің тұнық тілі, таза емлесі қазаққа ғана сақталған» деп айтқан. Қазіргі таңда бұл көріністі біз басқа тұсынан көріп тұрмыз. Осы ғалымдардың зерттеулеріне сүйінсек, жоғары аталған қисынсыз қолданыстар тілімізде орын алмас па еді деген сұрақ келеді.

Орфографиялық нормаларды тұрақтандыру мәселесі ғылыми пікірталаста ерекше орын алуда. Тілтанушылардың бір легі қазіргі ережелер қазақ тілінің үндестік заңына кереғар келеді, әр сөз я бірыңғай жуан, бірыңғай жіңішке болуы керек деген пікірлер айтуда. Мысалы, сөздің бірінші буынынан кейін і, ы әріптерін ерін үндестігін сақтап құлұн (құлын), күмүс (күміс), үнгір (үнгүр), ұлы (ұлу) деп жазу керек. Онымен қатар кірме сөздердің де жазылуы не жуан, не жіңішке дыбыстармен таңбалануы керек. Оның ішінде кітәп (кітап), тәкәппәр (тәкаппар),

қызмат (қызмет), көзәйім (көзайым), қаламман (қаламмен), баланықы (баланікі) тәрізді пікірлер орын ала бастады. Аралас буынды кірме сөздердің көп болып, күнделікті қолданыста жүргендігі, ғалымдардың пікірінше, қазақ буын үндестігін әлсірете бастағандай. Осыған орай Р.Сыздық: «кейбір араб, парсы сөздерін аралас буынды етіп жазуды өзіміз жасағанға ұқсаймыз, өйткені мұғалім, қадір, қазір, қауіп, қате сияқты сөздер күні кешеге дейін, әсіресе араб, латын жазуы кезінде мұғалым, қадыр, қазыр немесе кәзір, қауып, қата вариантында жазылып келді. Буын үндестігін қазіргі кезде, орфоэпияда (сөзді дыбыстауда) біршама ұстануға болар, ал орфографияда кірме сөздердің басым көпшілігін жазуда буын үндестігіне сәйкестендіру мүмкін емес тәрізді» деп тұжырымдайды [2, 191].

Енді Р.Сыздықтың емле нормаларын тұрақтандыруда назар аударған мәселе – біріккен сөздердің ішіндегі к, қ қатаң дыбыстарын сөздің айтылу нормасына сай жазылуын да сәйкестендіру еді. Мысалы, қазіргі орфографиялық ережемізге сай қыркүйек, шекара, көкөніс, қылқалам түрінде жазып, дыбыстау кезінде қыргүйек, шегара, көгөніс, қылғалам түрінде келеді. Қай нұсқасы дұрыс болары үлкен мәселе тудырып тұр. Осы тұста Р.Сыздықтың норма ретінде ұсынған ережелері әлдеқайда қисынды көрінеді.

Талданып жатырған орфографиялық ережелер белгілі принциптер негізінде түзеледі. Орфографиялық принциптерге: фонематикалық, фонетикалық, морфологиялық, тарихи-дәстүрлік және т.б. принциптер жатады. Фонематикалық принципте сөз ішінде мен сөз аралықтарындағы дыбыстар бір-біріне тигізетін әсері ескерілмей, олардың негізгі дыбыстық жүйесі сақталады. Мысалы, қашанғы, бұрынғы, түнгі, күнге деп жазылған сөздер қараңғы, түңгү, күңгө болып айтылып, естіледі. Фонетикалық принцип бойынша дыбыстық өзгерістер ескеріліп, айтылуына қарай жазылады. Оған мысалы, жалғау мен жұрнақ сөздің соңына дыбыстық түрленіміне қарай жалғануы (-лар, -лер, -тар, -тер, -дар, -дер, -шы, -ші, -дың, -дің, -тың, -тің, -ның, -нің және т.б.); сөз соңындағы қ,к,п қатаңдарға дауыстыдан басталатын қосымша жалғанған кезде, ұяңдап ғ,г,б боп өзгереді; кірігіп кеткен біріккен сөздердің айтылуынша жазылуы (белбеу, бүгін, биыл, қолғап және т.б.); кірме сөздердің қазақ фонетикасына қарай икемделінуі (самауыр, әділ, пайда және т.б.). Морфологиялық принципте сөз морфемаларының түбір тұлғалары сақталады. Мысалы, жұмыс, іс, аш деген түбірлерге -шы, -шең, -са деген қосымшалар жалғанғанда, дыбыстық әсерге ұшырап жұмұшшы, ішшен, ашша болып айтылғанмен, өз тұлғаларын сақтап, жұмысшы, ішшен, ашса деп жазылады. Ал тарихи-дәстүрлік принцип бойынша жазу сөздің не түбір тұлғасын сақтау ережесіне, не дыбысталуынша жазылу ережесіне бағынбай, сөздердің өз кезінде қалыптасып кеткен жазуы бойынша сақталады. Мысалы, орыс, араб, парсы тілдерінің жазылу ерекшеліктері: халық, хабар, Ахмет, хат, Гауһар және т.б.). Аталған принциптерді ұстану – сауатты жазуға әсер беретіні анық [3].

Бүгін мемлекеттік мәртебеге ие болып, әлеуметтік қызмет өрісі кеңейе түскен бүгінгі тіліміздің лексика-фразеологиялық қазынасы молығуда, сөз жасаудың грамматикалық, семантикалық мүмкіндіктері күшеюде; функционалдық стильдердің белгілері анықтала түсуде; тілдің ауызша жұмсалу процесінде орфоэпиялық заңдылықтары айқындалуда; жазу мәдениетіне, яғни ғылыми негізде түзілген орфографиялық нормаларды жүйесі сақтау талабы алға тартылуда – міне, осылардың баршасы тіліміздің лексикалық, грамматикалық, стильдік, орфографиялық, орфоэпиялық нормаларының мақұлданған, заңдастырылып хатқа түскен кодификациясын жақсы көрсетіп, дұрыс танытуды қажет етеді [2, 50].

Қазақ филологиясының тұңғыш профессоры Қ.Жұбанов: «Тілдің ілгері басып өсуі үшін оның емлесі мен термин мәселесі дұрыс шешілмей болмайды» деген [5, 335]. Қазақ жазуының

жүйесін дұрыс қолдануға үйрететін академик Р.Сыздықтың емле мен жазу негіздерін, әдеби норма мен тіл мәдениетінің өзекті мәселелерін қамтитын ғылыми зерттеулерінің қазіргі таңдағы тілдік норманы қалыптандыруда зор маңызы бар. Графика, пунктуация, тілдік норма мен сөз мәдениеті жалпы ұлт тілінің қалыптаса бастаған кезеңінен орныға бастайды, дегенмен қоғам дамуымен байланысты олардың тұрақтылығы, бірегейлігі мен әлеуметтік лингвистикалық мәні өзгеріп отырады. Осы тұрғыдан, қазақ әдеби тілінің қазіргі динамикасында ұлттық емле мен жазу мәселесі де үнемі жетілдіріліп, толықтырып, ұдайы зерделеп отыруды қажет етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Р.Сыздықова. Қазақ орфографиясы мен пунктуациясы жайында анықтағыш. – Алматы, 1974.
2. Р.Сыздықова. Тілдік норма және оның қалыптануы (кодификациясы). Көптомдық шығармалар жинағы. –Алматы, 2014.
3. Жұбанұлы Қ.Қазақ тіл білімінің өзекті мәселелері. –Алматы, 2013.
4. Р.Сыздық. «Тіл-ғұмыр». Ғылыми мақалалар жинағы. –Алматы,2018.
5. Н.Уәли. Графика. Орфография. Орфоэпия. –Алматы,2018.

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЖАҢА ҚОЛДАНЫСТАР

Амангелдиева Саяжан Сағынтайқызы

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің 4-курс студенті
Ғылыми жетекші: Дауткулова Ақмарал Қалиярбекқызы

Тіл – өте күрделі, көп қырлы, сан сапалы ұғым: адамдар арасындағы коммуникацияны жүзеге асырушы табиғи құрал; адамдардың ойлау қабілетін жүзеге асырушы не санадағы ұғымды сыртқы әлемге білдіруші; мәдени-тарихи құндылықтар мен ой-саналық ілімдерді ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші. Белгілі бір қоғамдағы мәдени-әлеуметтік функцияны орындайтын ұлттық «тіл» - «тірі» динамикалық құбылыс. Яғни, тіл мен тілдік тұлғалар уақыт бедеріне сай өзгеріске ұшырауға бейім. Белгілі бір уақытта белсенді қолданылып, күнделікті тұрмыста қолданылған сөздердің «жиілігі» азайып не болмаса мүлдем қолданыстан шығын «архаизмдерге» айналуы мүмкін. Керісінше, сөздік құрамға бұрын-соңды естімеген, тілдік нормаға жат лексикалық тұлғалар да енуі мүмкін, әйтпесе бұрынғы замандарға тән көнерген сөздердің мағынасы кеңейіп, жаңа қолданысқа түсуі мүмкін.

Әлем – дамылсыз қозғалыс пен үздіксіз жаңалықтардан тұратындықтан, тілімізде үнемі жаңа сөздер пайда болады. Сол үшін, жаңа сөздердің зерттелуі тілі білімі үшін әрқашан өзекті тақырып болмақ. Неология саласының қалыптасуы мен дамуына үлкен үлес қосқан Р. Клаппенбах, В. Штайниц, М. Кинне, Д. Герберг, Д. Штеффенс, В. Тойберт, В. Фляйшер, И. Барц, Л. Хольц т.б. неміс ғалымдарының еңбектерінде тілдегі жаңа сөздер, кірме сөздер, окказионализмдерге қатысты алғашқы теориялық тұжырымдар айтылды. Отандық ғалымдарымыздың ішінде А.Байтұрсынұлы, академик Ә.Қайдар, ғалым Қ.Жұбанов, академик І.Кеңесбаев, Х.Досмұхамедұлы, Р.Сыздық т.б. ғалымдарды термин жасау, орыс тіліндегі сөздерді қазақша аудару, жаңа сөздерді зерттеудегі еңбектерінің маңызы зор.

«Неологизм» термині ең алғаш 1755 жылы француз тілінде қолданылды, кейін осы атау 1800 жылы ағылшын тілінде «жаңа сөздер мен сөз тіркестерін қолдану, тілдегі инновация» мағынасында жұмсала бастады. [1, 343-бет]. Неологизм сөзі грек тілінен аударғанда «*neōs* *logos*» – «жаңа сөз» дегенді білдіреді. Орыс тілінде «жаңа сөздер» ұғымын бірқатар терминдер

беріліп жүрді: новообразование, новообразование, новация, инновация, новая номинация, деноминация, новое наименование, новшество, окказионализм. Бірақ, Л.В.Шалина пікірінше бұл атаулардың көптігінен «неологизм» термині өз айқындығын, нақтылығын жоғалтады; бұл сөздерді неологизмдердің жеке түрлерін анықтауда қолдану керек дейді [2, 73-бет].

«Тілдік жаңалық дегеніміз - белгілі бір тілдің даму барысындағы белгілі кезеңдерде пайда болған (қолданысқа түскен) жаңа зат, жаңа ұғым атаулары, жаңа сөз тіркестері, мағынасы жаңарған, яғни мағынасы ауысқан немесе қосымша мағыналық реңкке ие болған бұрынғы сөздер, сондай-ақ тілде жиі еркін қолданыла бастаған бөгде тілдік сөздер болып танылады» [3, 168-бет]. Аталған ұғымдар тіл білімі ғылымында «лингвистикалық жаңа бірліктер» аталатынын көрсете отырып, ғалым оларды лексикалық бірліктер, яғни жаңа сөздер, тіркестер, морфологиялық жаңа түзілімдер және грамматикалық жаңа тәсілдер деп екіге жіктейді. Тілдік жаңалықтар лексиканың, оның неология, терминология, ономастиология салаларында ғана емес, тілдің фонетикалық жүйесінде, грамматикалық, синтаксистік құрылымында да көрініс табады.

Тілдегі бой көрсетіп жатқан «тілдік жаңалықтар», «жаңа сөздер», «жаңа қолданыстар» ұғымын зерттейтін арнайы сала – неология деп аталады. Белгілі бір тілдегі лексикалық жаңалықтар өзге тілдердің әсерінен де орын алады. «Тіл-тілде жаңа пайда болған және оның жаңа сөз екендігі аңғарылып тұратын лексика қабатын неологизмдер деп аталады» [4, 153].

Академик Рабиға Сыздық қазақ тіліндегі жаңалықтарды зерттеу жұмысын қазақ тілінің даму және жетілу кезеңдерін дәуірлеу мәселесінен бастап, әр уақыттың ғылыми, публицистикалық, әдеби басылымдарындағы «жаңа қолданыстарды» қарастырумен жалғастырады. Автор қазақ тілінің даму кезеңдерін келесідей саралап таниды:

1. XIX ғасырға дейінгі;
2. XIX ғасырдың соңғы ширегіне дейінгі;
3. XIX ғасырдың соңғы 25-30-жылдарындағы;
4. XX ғасырдың алғашқы онжылдықтарындағы;
5. XX ғасырдың 50-60-жылдарынан 90-жылдарына дейінгі;
6. XX ғасырдың 90-жылдарынан қазіргі кезеңге дейінгі даму сипаты; [3, 177-бет]

Академик Р.Сыздық белгілі бір тілдегі жаңа сөз қолданыстарын тіркейтін сөздіктердің негізі екі түрін көрсетеді: а) тіркеп отыратын (фиксирующий); ә) нормативтік, яғни әдеби нормаға енген бірліктерді көрсететін болып келеді. Алғашқы «Тіркеуші сөздіктердің» негізгі мазмұны шартты және тарихи сипаттағы лексикалық бірліктерді тіркеу; яғни сөздік құрамның активті қабатына енбей, ұзақ мерзімде халықтың коммуникативті қажетін өтемей, әдеби нормаға тұрақталмай қоғам өмірінен тез жойылып кететін тұлғалар, историзмдерді жинақтау [3, 170-бет]. Осы жерден «жаңа сөз» және «жаңа қолданыс» ұғымдары ажыратылады. «Жаңа қолданыс» - бұл қоғамдық, тұрмыстық, әлеуметтік, саяси ортада аз уақытта ғана қолданылып ұмыт болған, әдеби нормаға сіңісе алмаған сөздер қатары. Ал белгілі бір лексикалық тұлғалар «Қазақ лексикасының жаңа сөздері» деп аталуы үшін олар әдеби тіл нормасына сай келіп, жазба әдебиет үлгілері мен ауызша жұмсалатын әдеби тілімізде жалпыға ортақ түрінде айналымға (қолданысқа) түсуі керек [5, 342-бет]. Мысалы, көркем әдеби шығармаларда кездесетін окказионализмдер сөздік қорға жат, бұрын мүлдем қолданылмай, кездейсоқ жарық көретін «біржұмсар» сөздер [5, 333-бет]. Қадыр Мырзалиевтің «қозы-көктем», «қой-бұлт», «мысық-түн», «барыс-күн» секілді зоонимдер қатысуымен жасалған окказионалды метафоралары (немес қосарлы айқындауыш) басқа көркем сөзді ойнату әдістерінде де, ауызекі сөйлеуде де қолданылмайтын, автордың жеке сөз қорына тән «жаңалық». Дегенмен, ақын-жазушылардың «окказионализмдерін» неологизмдер қатарына жатқызуда әлі толық қарастырылмаған. Академик Р.Сыздықта бұл сұрақты ашық қалдырады [5, 333-бет]. Айтса да, орыс тіл білімінде окказионализмдерді неологиялық құбылыс ретінде санаушы ғалымдардың бірқатар пікірлері бар.

Қазақ тіліндегі неология саласы бойынша тағы бір проблема – лексикалық варианттар яки жарыспа қолданыстар. Мысалы, XX ғасырдың 70-90 жылдары орыс тілінен енген «каток» сөзінің қазақша баламасын табуды бірнеше атаулар қолданысқа түскен: айнамуз ~ мұзайдын ~

мұзойнақ ~ каток. Бірақ, тілдік принциптерді басшылыққа ла отырып бір заттың төрт не бес атауы болу мүмкін емес. Сол секілді «некролог» сөзінің де бірнеше атаулары қатар қолданылған: азанама ~ қазанама ~ мынақып. Бұл жерде бір мағынаны білдіретін бір сөзге бірнеше атауды тіркестіру дұрыс емес. Әрине, бұл жердегі проблемалық түйін номинатив пен денотативке қатысты. Мәселен, сигнификаттық мағыналы сөздер ұзыннан-ұзын синонимдік қатар түзе алады: түр, бет, сипат, келбет, әлпет, ажар, түс, пішін, бәден, ұсқын, сүрең, сұрқы, сықпыт, порым, пошым, сыңай, әліп, сұр, түсі-тұрқы, қияпат, нұсқа, кескін, мүсін, сиық, тұрпат, сүдін, жамал, нысай. Бұл сөздер бір синонимдік қатар құрғанымен, кей сөздердің бір-бірінен мағына алшақтығы бар, бірі дәл адамның бет-сиқын атаса (түр, келбет, ұсқын), бірі адамның тұлғасын сипаттайды (мүсін, тұрпат, кескін). Сонымен қатар, қатардағы сөздердің арасында эмоционалды-экспрессивті мәнді сөздер мен диалектизмдер де бар. Бұл олардың арасындағы мағына және қолданылу жігін ажыратады. Сондықтан қозғалған проблема денотатқа қатысты: номинативтік әрі денотативтік мағыналы ұғымдар бірнеше атаумен аталмайды. Бұл проблема қозғалуының бірқатар себептері бар:

- Ғылыми-техникалық, мәдени, т.б. даму сатысында пайда болған жаңа сөздерге әртүрлі атаулар беріп көру;
- Берілген атаулардың бір уақытта қатар қолданылуы;
- Орыс тілінен тікелей аудару немесе төл сөздерден балама табу;

Қазіргі таңда қазақ тілінің неология, терминология, сөзжасам салаларында орыс тілінің зор ықпалы барын жоққа шығару мүмкін емес. Академик Р.Сыздықтың айтуынша «Қазақ неологиясын зерттеуде үлкен әңгіме өзегі болатын мәселе - аударма, оның ішінде орыс тілінен аударма проблемасы, бұл тек ғылыми терминология жайттарына ғана қатысты емес, бір ұшы күнделікті қоғам тіршілігіне, мәдениетіне, тіпті саясатқа барып тірелетін мәселелер (тақырыптар) екенін баса көрсету керек. Әдетте белгілі бір тіл тіршілігінде, екінші тіл қатар және басты рөл атқаратын болса, әлеуметтік, саяси, ғылыми әдебиет негізінен бөгде тілден аударылатын болса (мысалы, Үндістанда ағылшын тілінен, қазақ тілінде орыс тілінен), тілдік жаңалықтар, алдымен, осы басты рөл атқаратын тілде пайда болады да, үндіше қазақша баламасы жасалады немесе бөгде сөз қабылданады» [5, 335-бет]. Қазіргі қазақ тілінің ғылыми, публицистикалық басылымдарында да орын алып жатқан стилистикалық қателіктер мен нормадан тыс қолданыстар – орыс тілінің басымдығынан болып отыр. Мысалы, соңғы уақыттардағы «**Listening State**» ұғымы бізге орыс тілінен тікелей «**еститін мемлекет**» деген аудармамен енді. **Бұл жаңа қолданыс – құлаққа түрпі естілері рас. Нәтижесінде, қазақ тілінен дұрыс балама табу арқылы «халық үніне құлақ асатын мемлекет» саяси сөз қолданысы енді.**

Қазіргі ғылым салаларында қолданылып жүрген көптеген терминдер ХХ ғасырда енгені белгілі. Өткен ХХ ғасырдың 10-жылдарының ортасынан 20-жылдардың басына дейін ғылым, саясат салаларына енген жаңа қолданыстардың негізгі факторы: оқу-ағарту ісінің, мәдениет пен ғылымның дамуы, баспасөз бен баспа ісінің жандануы. Бұл сәтте қазақ тілі мен әдебиеті салаларына лингвистикалық және әдебиеттану терминдерін енгізген, бір сөздікті толтырар қыруар қызмет еткен Ахмет Байтұрсыновтің еңбегін атамай кете алмаймыз: бастауыш, баяндауыш, зат есім, етістік, үстеу; есімдік, шылау, одағай, нүкте (ноқат), үтір, сызынша, жұрнақ, жалғау, ұяң дыбыс, қатаң дыбыс, жақша, шумақ, тармақ, бунақ, бейнелеу, кейіптеу, ішкергі, тысқарғы жалғаулар, ашық дыбыс, тұйық дыбыс, жалқы есім, жалпы есім, оңаша тәуелдеу, ортақ тәуелдеу, өлшеулік үстеу, мезгіл үстеу, бас мүше, баянды мүше. Дегенмен, А.Байтұрсыновтің қазақ тілінен термин сөздерді жасау жаңалығына қарсы пікір айтқан лингвист-ғалымдарымызда болды. Профессор С.Аманжолов өзінің 1949 жылы жарық көрген «Қазақтың әдеби тілі» еңбегінде: «Олар (оның ішінде Ахмет Байтұрсынов, Елдес Омаров, Телжан Шонанов, Міржақып Дулатов, Ғаббас Тоғжанов сияқтылар) әдеби тіл, көркем әдебиет мәселелері жөнінде кедергі жасады, халқымыздың мүддесіне мүлде жат принциптер ұсынды. Бұлар, біріншіден, ұсақ байшылдық және жергілікті ұлтшылдық мақсатымен барлық ғылымдағы жаңа терминдер қазақтың өз тілінен алынып жасалсын, қазақта диалекті жоқ, әркім өз білгенімен жазсын - деді. Екіншіден панисламизм және пантүркизм бағытын енгізуді,

үгіттеуді мақсат етіп, терминдерді араб, фарсы тілдерінен және басқа түрік тілдерінен іздеп табуды және алуды ұсынды. Онан қала берді, олар, үшіншіден, совет елдерінің жаңа мәнді сөзін жек көргендік салдарынан, әсіресе, орыс халқының сөзін жек көргендіктің салдарынан, советизмнен гөрі алыстағы капиталистік француз тілінен «интернационалдық, терминдік сөздерді табуды қажет көрді» деген болатын [6, 29-бет].

Айтса да, мұндай пікірлер қазақ тілінің терминжасам саласының дамуына кедергі бола алмады. «Жат сөзсіз күнелте алмайтын заман туғандығын» айтқан Х.Досмұхамедов «Осы заманғы ғылым - Аурупа ғылымы, барлық Аурупа ғылымында қолданған тіл - латын тілі. Сондықтан латын тілі жұртқа ортақ ғылым тілі болып саналады. Ғылым атауын латынша айтса, пырансуз да, неміс те, жапан да, ағылшын да түсінеді. Латын тілі, латын сөзі бізге жат болса да, қашуға болмайды. Бұл заманда ғылым іздеп қатарға кірем деген қалық латын сөздерінен қаша алмайды» деп ашық айтты [7, 143-бет]. Х.Досмұхамедов өзінің төл туындысы «Табиғаттану» атты дәрістік кітабында жазу барысында қазақ тілі ғылымға жөндікпеген тіл болғандықтан бірқатар қиындықтардың орын алғанын айтқан болатын. Ғалымның зоология, ботаника, геология, анатомия, физиология, математика, физика салаларында жазылған «Жануарлар», «Адамның тән тірлігі», «Табиғаттану» еңбектері негізінде байырғы сөздерден, араб-парсы және орыс тілдерінен кірме сөздерден жасалған терминдер және интернационалды терминдер сөздік қорымызды молайтты: қышқылтуым (кислород), сутуым (водород), қышқыл көмір (углерод), жап-жайша (простейшие), ұлпа, құжайра; төбе ағасы (председатель), тәптіш (зерттеу), үндеуіш (үгітші), негіздік (негіз). Сонымен қатар, Х.Досмұхамедов «Жануарлар» кітабында сегмент, хитин, нерв, трахея, метаморфоза, протоплазма; «Табиғаттану» сияқты кітабы мен мақалаларында газ, градус, атмосфер(а), барометр, сантиметр, фосфор, метал, телеграф, магнит, малахит, кристал, анатомия, физиология, гигиена, плазма интертерминдерін қолданды [8].

1993 жылы жарық көрген «Өсімдіктану» оқулығында қазақша жаңа терминдер ұсынылған: ағза (организм), жасуша (клетка), дара (особь), жасұнық (клетчатка), көшетжай (рассадник), қызан (помидор, томат), сеңгел (ванна), екпежер (плантация), пәле (рак), сараман (практика), сараманданушы (практикант), тәттідәм (кондитер), топсеруен (экскурсия), үлескі (участок), жылыхана (оранжерея), көктеме (парник), қанықпа (концентрация), нақпішін (муляж), пішендеме (сенаж), сүңгілеу (пикировка), тынымбақ (парк), уыт (солод), тілгі, сылғы (скальпель) [9]. Бұл сөздер жаңа ұғымдарға берілген атау емес, бұрын орыс тілінде не балама тұлғада айтылған биологиялық терминдер. Аталмыш сөздер сол уақытта «жаңа қолданыс болғанымен» ішіндегі жасуша, ұлпа, ағза, қылтамыр, іскек атаулары ХХ ғасырдың 20-жылдары басылған Х.Досмұхамедұлының, Ж.Күдериннің зерттеу жұмыстарында жасаған терминдері болатын.

Қазіргі таңда қоғамдық өмір қарқынды қозғалыс үстінде, күннен-күнге техникалық, ғылыми жаңалықтар мен мәдени, саяси, экономикалық ортадағы өзгерістер жаңа ұғымдар мен атаулардың пайда болуын қажет етеді. Сондықтан, әр кезеңде ғылымның барлық саласында жаңа терминдер ұсынылып, өзгертіліп, енгізіліп жатады. Мысалы, 1971-2019 жылдар аралығында қабылданған терминдер берілген «Бекітілген терминдер. I-том» жинағына ғылым салалары мен саяси-әлеуметтік ортаға қатысты жаңа терминдер ұсынылған. Мысалы, медицина саласына қатысты: гипс – ғаныш, артрит – шорбуын (қайта қаралып сорбуын), аборт – түсік, анестезия – жансыздандыру, анорексия – тәбетсіздік; әлеуметтік қорғауға қатысты: репродуктивный возраст – балиғаттық жас, выговор – сөгіс; дренаж – қашыртқы, накладная – теліндеме, посылка – сауқат, баланс – теңгерім, валентность – іліктілік (валенттілік), донор – берешек, деформация – пішінсіздену, дублер – қосар, камера – қапас, конденсат – шық, конденсация – шықтану, премия – сияпат, сыйлықақы (сыйақы), бонус – шегерім, классификация – сыныптау (жіктелім), идентичный – тақылтес, аукцион – бәссауда, медбрат, медсестра – мейіргер (мейірбике), дубликат – телнұсқа, планерка – лездеме, профиль – бейін [10]. Бұл сөздердің барлығы дерлік халықтың ақпараттық қажеттілігін өтеп, белсенді қолданыста жүр деп айта

алмаймыз. Кей сөздер әлі күнге орыс тілінде (гипс, анестезия, накладная, т.б.) қолданылса, кейбіріне тіліміздегі төл сөздер балама ретінде қолданыс тапты.

«Жаңа қолданыс», «жаңа сөз», «сленг», «кірме сөз», «калька» аталатын әртүрлі қазақ тілінің лексикасына жат сөздер қоғамдық өмірдің барлық салаларын қамтып, тіліміздің әдеби нормасына еніп жатыр. Мысалы, кейбір қолданылып жүрген кірме сөздердің қазақ тілінде баламасы да, аудармасы да бар, бірақ соңғы уақыттарда бұл сөздердің шет тілдеріне тән тұлғаларын қолдан көбейіп барады. Мысалы, экс-, смартфон, коуч, стрим, трансляция сөздері қазақ тіліндегі тұлғалары бұрынғы, ұялы телефон, тәлімгер, тікелей эфир сөздерінің орнын басуда. Шет тілдерінен енген кірме сөздердің қазіргі қазақ әдеби тілдерінде нормаланып, БАҚ-та жиі кездесуіне мысалдар келтірсек:

АККАУНТ: Таяу да TikTok қосымшасының өкілдері 13 жасқа толмаған балалардың аккаунтын өшіру бойынша жедел іс-шара қолданды. Осының нәтижесінде Қазақстанда 2,1 миллион TikTok аккаунты өшірілгені белгілі болды. «AIQYN апта» 12.10.2024. №4508. Департамент басшылығының айтуынша, Шымкент қаласының тұрғыны «Лотереялар және лотерея қызметі туралы» заңның талаптарын бұза отырып, тиісті лицензиясыз, заңсыз пайда табу мақсатында тікелей эфирде 2 аккаунттан «ЛОТО» ойнатқан. «AIQYN апта» 03.10.2024. №4504.

БЛОГ, БЛОГГЕР: Соған байланысты Үкіметтің қаржы-экономикалық блогі өзгереді. «EGEMEN QAZAQSTAN» 07.02.2024. №26. Мұнда блогерлер, кәсіпкерлер қосымшаны белсенді пайдаланудың арқасында кәсібін дөңгелетіп отыр. «AIQYN апта» 12.10.2024. №4508. Күрделі жөндеу компанияның әр түрлі энергетикалық блогындағы 5 қазандық агрегаты мен 2 турбоагрегатта жүргізілді. «Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі О.Бектеновтың тапсырмасы бойынша ас блогтарының мониторингі 2024 жылғы 9 қыркүйектен басталды, ол Білім бас қармасымен және Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау органдарымен бірлескен бұйрығы бойынша жүргізіледі. Анық талған бұзушылықтар бойынша халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету және тамақтан уланудың алдын алу мақсатында ас блогы қызметкерлерімен, мектеп әкімшілігімен және тамақтандыру қызметтерін жеткізушілермен түсіндіру жұмыс тары мен семинарлар өткізілуде. «AIQYN апта» 05.10.2024. №4505.

КОНТЕНТ: Тұлғаны, қоғамды және мемлекетті дамытуға бағытталған сапалы отандық контентті жасау. Гранттар мемлекеттік емес бұқаралық ақпарат құралдарына (бұдан әрі – гранттар) отандық контентті дамытуға, Қазақстан Республикасының ақпараттық егемендігін нығайтуға және қорғауға беріледі. «EGEMEN QAZAQSTAN» 20.07.2024. №118. Сондықтан заңға қайшы контенттерді бұғаттап, кәмелетке толмағандарға шектеу енгізіп, Қытайдағы секілді TikTok -тың балаларға арналған нұсқасын енгізу керек деді депутат. Біз мұндай контентті өшіріп тастаймыз», дейді компания өкілдері. Бұл 13 жасқа дейінгі балаларды қауіпті контенттен қорғау үшін маңызды. «Қазалы» 08.10.2024. №80.

КОУЧ: Олардың табан тірейтіндері психолог, коучтар әртүрлі діни наным-сенімдер орындары. «Қазалы» 12.10.2024. №81. Республикалық, облыстық «Үздік мультимедиялық презентация», «Мен және менің коучингм» «Үздік сабақ жоспары», Білім берудегі инновациялар мен тәжірибе: уақыт талабы», «Тәжірибе алаңы – 2017», 2019 жылғы Республикалық «Педстарт» математикалық сайысы, «Үздік педагог», «Кемеңгер ұстаз», IV Республикалық «Үздік сынып жетекші» қашықтық олимпиадасында тәжірибесімен дараланған Самал Сәрсеннің есімі көпке таныс. «Қазалы» 05.10.2024. №79. Бір курс сатып алып, оқып кеңес беретін псевдо-психологтар, физика мен космос жайында уағыз айтатын молдалар, тарих жөнінде айтатын әлеуметтанушылар, қалай баю керектігін үйрететін коучтар – бүгінгі заманның «ақылмандары». «AIQYN апта» 05.10.2024. №4505.

ОНЛАЙН: Ақпаратты онлайн-платформаларда орналастыру, тарату жөніндегі қатынастарды реттеу ерекшеліктері «Онлайн-платформалар және онлайн-жарнама туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен реттеледі. «EGEMEN QAZAQSTAN» 20.07.2024. №118. «Жас ұстаз: табысқа апарар жол» клубының ресми онлайн алаңында іс-тәжірибесімен бөліскені үшін NIS педагогикалық шеберлік орталығы директорының алғыс хаты берілді.

«Қазалы» 5.10.2024. №79 Астана қаласы коммуникациялар қызметінде өткен онлайн баспасөз-конференцияда жылу энергиясымен қамтамасыз ететін мекемелердің жылыту мау сымына күзгі-қысқы дайындық жұмыстары талқыланды. «AIQYN апта» 05.10.2024. №4505.

СМАРТФОН: Ірірек елді мекеннен ұзап шығып, Батыс Қазақстанның байтақ даласына тереңірек енген сайын қолдағы смартфон өзінің негізгі қызметінен ажырап қалатыны белгілі. «EGEMEN QAZAQSTAN» 20.07.2024. №118. Дербес деректерді қорғаумен айналысатын германиялық зерттеушілер TikTok қосымшасы өзін жүктеген жанның смарт фонына, планшетіне браузерлік трекер орнататынын анықтады. «AIQYN апта» 15.10.2024. №4509.

СТРИМ: TikTok-та стрим форматында өткізілетін қосымшаны Қытай америкалық пайдаланушыларына ықпал ету және олардың құрылғыларын бақылау үшін пайдалануы мүмкін, тиісінше, ұлттық қауіпсіздікке қатер төндіреді. «AIQYN апта» 15.10.2024. №4509. Атап өтсек, ойындарға қатысты менеджер бола аласыз, турнирлерді өткізе аласыз, стример бола аласыз. «AIQYN апта» 12.10.2024. №4508. «Түрлі ойындарды жарнамалау, онлайн казино, стримдер арқылы әдепсіз әрекеттер көрсету, тіпті порнография, суицидке шақыру, былапыт сөздер мен бейәдеп көріністерге толы рилстар да осы TikTok арқылы таралып жатыр. «Қазалы» 08.10.2024. №80.

ХАЙП: «Хайп» қуып, «пранк» деген желеумен ар-ұяттан аттау әдетке айналды», деп атап өтті депутат. «Қазалы» 08.10.2024. №80.

ИНВАТАКСИ: Үкімет инватаксиді жетілдіріп жатыр. Республика бойынша инватакси қызметі 2010 жылдан бастап іске қосылды. «AIQYN апта» 03.10.2024. №4504.

Қорытындылай келе, әлемде күн сайын жаңа ашылулар мен ғылыми өзгерістер орын алады. Дүниежүзінде болып жатқан ғылыми-техникалық прогрестер қазақ тіліне де әсер етпей қоймас. Сондықтан, қазақ тілінің неологизмдері үздіксіз зерттеуді талап ететін категория. Дегенмен, тіліміздің сөздік қорын молайту, әлем жаңалықтарын өз санамызда игеру, әлемдік «трендтен» қалмау – тіліміздің кіршіксіз тазалығын ластау емес, өз тіліміздің мол мүмкіндіктерін мейлінше кеңінен қолдана білу.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Жукова С. В. Основные тенденции в образовании неологизмов (на примере экономических текстов) // Исследование различных направлений современной науки. – М.: Издательство «Олимп», 2016.
2. Шалина Л. В. К вопросу о сущности неологизма в современной лингвистике // Известия Пензенского государственного педагогического университета им. В.Г. Белинского. – Пенза: Пензенский государственный педагогический университет им. В.Г. Белинского, 2007.
3. Сыздық Р. Қазақ тіліндегі сөздіктер мен жаңалықтар. Ғылыми-танымдық зерттеу. - Алматы: «Арыс» баспасы, 2009.
4. Айғабылұлы А. Қазақ тілі морфонологиясы мен лексикологиясы. - Алматы: Қазақ университеті, 2006.
5. Сыздық Р. Сөздер сөйлейді (сөздердің қолданылу тарихынан). Көптомды шығармалар жинағы. - Алматы: «Ел-шежіре», 2014.
6. Аманжолов С. Қазақтың әдеби тілі: көпшілікке арн. лекц. стеногр; Қаз. ССР саяси және ғылыми білімдер тарату қоғамы. - Алматы : [б. ж.], 1949.
7. Таңдамалы / Досмұхамедов Халел . – 2 басылым .. – Алматы : Өлке, 2003.
8. Досмұхамедов Х. Табиғат тану: бұйым, ауа, су, жер, кен жержүзінің өзгерілуі /– Ташкент: 1922. - 128 б.
9. Өсімдіктану : жалпы білім беретін орта мектептің 6-7 кл. арн. оқулық / Р.Әлімқұлқізі, Б.Дүйсейқызы, Е.Тұрбекқызы. - Алматы : Рауан, 1993. - 207 с. : б.
10. 1971-2019 жылдар аралығындағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясы мәжілістерінде бекітілген терминдер. Жинақ, I том/ Жалпы редакциясын басқарған Н.Аитова. Құрастырушылар: С.Жайлау, А.Қожахмет. Нұр-Сұлтан, 2020, -391 бет.
11. «EGEMEN QAZAQSTAN», «AIQYN апта», «Қазалы» газеттері (2024 ж.)

II СЕКЦИЯ АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ РОЛІ

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ МҰРАЛАРЫ

Балова Әсел Ертайқызы

"Байтерек School" жеке мектебінің
жанындағы облыстық "DARYNDY"
балаларға арналған мектеп-интернаттың
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» бағдарламалық мақаласында: «Біз кезінде елге қызмет етудің озық үлгісін көрсеткен Алаш арыстарынан тағылым аламыз. Олар өткен ғасырдың басында тәуелсіздік идеяларын халық арасында дәріптеуге зор еңбек сіңіріп, азаттық жолында құрбан болды. Біз біртуар тұлғаларды еске алып, олардың мұрасын жастарымызға және бүкіл әлемге паш етуіміз керек» деген болатын[1,2]. Біртуар тұлғалар мұрасы, әсіресе, олардың мерейтойы тойланатын жылдары әдеттегіден жиі назарға алынады. Айталық, Алаш арыстарының бірі де бірегейі саналатын Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойы 2022 жылы ЮНЕСКО көлемінде кеңінен аталып, тойланғаны баршаға аян. Осыған орай ұлт ұстазын ардақ тұтатын адам ретінде ұлы тұлғаның ұлттың жаңа болмысын қалыптастырудағы өнегесі турасында аз-кем сөз қозғамақшымын.

Бұл тақырыпқа келуіме сондай-ақ тағы да Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлының: «Біздің мақсат – қуатты елдің иесі және кемел халық болу. Бұл жолда саяси-экономикалық реформаларды және сананы жаңғырту үдерісін жалғастырып, заман талабына бейімделген ұлттың жаңа болмысын қалыптастыруымыз қажет» деген сөздерінен туындаған заман талабы да түрткі болғанын айтып өткен абзал. «Болмыс» ұғымына түсіндірме сөздікте: «...тұла бой, тұтас кейіп» деген шағын ғана анықтама беріліпті. Ал «ұлттық болмыс» деген тіркес қандай да бір ұлтқа тән болуы тиіс түпкі белгілерді қамтыса керек. Осы түсінікке қатысты жеке тұжырым жасар болсақ, ұлттық болмыс дегеніміз – тұла бойында ұлтқа тән ерекшеліктермен қатар, ұлтжандылық, мемлекетшілдік сынды қоғам қасиеттер тоғысқан қалып. Қазақ ұлтына тән басты ерекшеліктер – оның туған тілі, қонақжайлылық, мейірбандық, өзгелерге жанашырлық сынды ерекшеліктер деп жатамыз. Десек те, ұлттық болмысты айқындайтын ең басты көрсеткіш – ол ана тілі, ана тілімен жеткізілетін ұлттық құндылықтарға көзқарасы. Қазақы болмыс алдымен ана тілімен дараланады. Неге десеніз, ұлт өзінің төл тілімен ғана мәңгілік жасайды. Бұл ретте А.Байтұрсынұлының «Тіл - адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі... Біздің заманымыз -жазу заманы, жазу мен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман» деген сөздері тілге оралады. Сәл өзгертіп айтар болсақ, АНА ТІЛ – АДАМНЫҢ ҰЛТТЫҚ БЕЛГІСІНІҢ ЗОРЫ.

Әр азамат үшін ұлттық болмыстың қалыптасуы алдымен оның - өзін ұлт өкілі ретінде сезінуінен, ұлттың болашағы әр азаматтың өзіне де байланысты екенін жүрегімен қабылдауынан басталып, одан әрі елге қызмет етуді мұрат тұтып, осы жолда талмай іс-әрекет жасай беруімен беки түседі. Олай болса, ұлттық болмысты қалыптастыруда маңызы зор ҰЛТ ҰСТАЗЫНЫҢ ЕҢБЕГІ МЕН ТАҒЫЛЫМЫН тарқатып көрелік: - балаға алдымен ана тілінде білім берілуін ұстануы; - қазақ тіл білімінің ана тілімізде зерттелуіне жол ашуы; - ұлт тілінде

«Қазақ» газетін ұйымдастырып, қазақ халқының көкейкесті мәселелерін көтеруі; - ана тіліндегі оқулықтардың авторы, қазақ тілін оқыту әдістемесінің негізін қалаушы; - қазақ тіл білімі мен ұлттық әдебиеттану ғылымын негізін салушы. Осылардың бәрі, түптеп келгенде, А.Байтұрсынұлының ұлтқа қызмет етуінің айқын дәлелдері болып саналады. Ал, ұлтқа мінсіз қызмет етуге ұлттық болмысы қалыптасқан тұлға ғана пәрменді болмақ.

Қазіргі жаһандану үрдісінде қай ел болсын өзіндік бет-бейнесін айқындап, күш-қуатын, даму деңгейін ілгерілетуді көздейді. Сондықтан өркениет көшінде алдыңғы шептен көрінуге, жаңа Қазақстан құруға ұмтылыс жасап жатқан қазіргі кезеңде ұлттық құндылықтарымыздың құлдырамай, заман талабына сай жаңғырып, жандануына атсалысу – ұлтымыздың ұлы мақсаттарының бірі. Бұл орайда, жоғарыда айтқанымыздай, Ахаңның өнегесіне жүгінген абзал. Неге десеңіз, қазақтың ұлттығын сақтауда Ахмет Байтұрсынұлындай еңбек сіңірген тұлға ел тарихында кемде-кем. Елге қызмет етудің озық үлгісін танытқан тау тұлға ұлт руханиятының алтын діңгегі – туған тілі деп санап, өз ұлтының тілі мен әдебиетіне зор еңбек сіңірді. Ол жас кезінен-ақ туған халқының құндылықтарына, білім-ғылымға қызығушылық танытып, осыған қатысты түрлі тақырыптарды қаузап, жаза бастады. Болашақ ғалымның тырнақалды мақаласы «Қазақтың ырымдары мен мақалдары» деген тақырыппен 23 жасында жарық көрді («Тургайская газетаның» 1895 жылдың 24 қыркүйегіндегі нөмірінде). Ұлтқа деген құрметі, сүйіспеншілігі Ахаңның барлық іс-әрекетінен аңғарылып тұрды. Айталық, әдейі бұрмаланып, «қырғыз» аталып келген халқына төл атауын қайтаруды көздеген көсемсөзші өзі ашқан газеттің атын «Қазақ» деп қойды. Қазақ тілін оқыту әдістемесі ілімінің іргетасын қалаған да А.Байтұрсынұлы. А.Байтұрсынұлының ана тіліне қатысты зерттеулерінің, ұстанымдары мен тұжырымдарының өміршеңдігі, қазіргі талаптармен үндестігі, мәңгілік мәнділігі мен маңыздылығы уақыт озған сайын айқындала түсуде. Сондай-ақ оның қоғам қайраткері ретінде көтерген мәселелері баспасөз бетінде үздіксіз жарияланып тұрғаны, басы бәйгеге тігілсе де, ұлт мүддесі жолында тынымсыз күресіп өткені баршаға аян. Өкінішке қарай, кейбірінің бүгінгі таңда да шешімін таппай келе жатқаны – ащы да болса, шындық.

Ұлттық болмыстың қалыптасуының, сақталуының ең маңызды шарты - ана тілі. Ана тілінде оқытудың қажеттігін Ахаң «Әр халыққа керегі- өз діні, тілі, жазуының сақталуы» деген сөзімен аңғартып, ол үшін «...Мектептерімізді тәртіпке қою, қазақша оқуды халыққа тарату – өз міндетіміз», - деп түйіндейді (Ахмет Байтұрсынов [2,255]). Ана тілінде оқытуды көпшілік қуаттайтынын мына сөздері арқылы жеткізеді: «Ана тілімен оқытамыз деген пікір - кім орыстан тегі басқа, тілі басқа жұрттың бәрі қуаттайтын пікір. Ана тілімен оқу бізге де керек екендігінде еш талас болмасқа керек» [3,271]. Ұлтжанды тұлға әйтсе де ана тілінде білім алуды бәрі бірдей қолдамайтынына да қынжылыс білдіріп, былайша жазады: «Қазақ тілі мен қазақ қарпімен оқыт деп отырған балалардың ата-анасы жоқ. Халықтың өз тілімен, өз қарпімен оқығанын хакімдер жақтамайтын болған соң, мұғалімдер өз беттерінен ана тілімен, ұлт қарпінен бастап оқытамыз дей қоймайды» [3,268]. Бұл сөздерді Ахаң дәл бүгін айтып отырғандай әсер қалдырады. Неге десеңіз, балалардың қай мектепке баратынын шешетін, негізінен, ата-аналар. Ал олардың көпшілігінің өз балаларын ұлттық мектептерге оқуға беруден қашқақтайтыны жасырын емес. Еліміз тәуелсіздік алғалы 30 жылдан асса да, Ахаң айтқандай, қазақтар әлі күнге ана тілімен оқытамыз дей қоймайды! Ахаңның «Ұлт жұмысы – үлкен жұмыс, үлкен жұмысқа көп жұмысшы керек» деуі тегін емес.[3,268]. Шынында да, ана тілінде оқыту – ұлт жұмысы екенінде дау жоқ. Демек, бұл жұмысқа ұлт болып ұйыса, жұмыла кірісер болсақ, кәнеки.

А.Байтұрсынұлы алдымен қазақша сауат аштыруды мұрат тұтып, бұл жолда тұңғыш әліппе – «Оқу құралды» жазды, одан соң қазақ тілінің фонетикасы мен грамматикалық құрылымын, ана тілінің төл заңдылықтарын талдап, пән ретінде оқытып, үйретуді жолға қойды, сөйтіп, үш бөлімнен тұратын «Тіл құралды» дүниеге келтірді. Ұлт ұстазының «...Қазақша дұрыстап хат жаза білуге 1-2-ақ жыл керек. Қазақша оқу дегенде мен осы күнгі мұсылманша оқып жүрген жолменен оқуды айтпаймын, қазақтың тіліменен оқуды айтамын» деуінде үлкен мән жатыр. Сондай-ақ «Бастауыш мектеп» мақаласындағы: «...біздің ойымызша, бастауыш мектептер оқуы қазақ үшін 5 жылдық болуы керек. Әуелгі 3 жылда балалар кілең қазақша, соңғы екі жылда кілең орысша оқуы керек» деген сөздері [3,268] бүгінде де өзекті, неге десеңіз, ұлттық болмыстың қалыптасуында ана тілінде толыққанды, тиянақты білім алудың маңызы зор.

Ахаңа дейін қазақ тілі мәселелері өзге тілдерде сөз болып келсе, А.Байтұрсынұлы ана тілі мәселелерін туған тілімізде зерттеп, қазақ тіл білімін қалыптастыруға үлкен еңбек сіңірді. Ол ұлт тілінің табиғи қалпын, дыбыстық ерекшеліктерін сақтауды көздеді. Бұл бағыттағы алғашқы қадамын тіліміздің дыбыстық жүйесін зерттеуден, дыбысқа сәйкес әліппе жасаудан бастады. Оның мұрасына жүгінер болсақ, қазақ тілінде 24 дыбыс бар. Оның 5-уі дауысты, 17-сі дауыссыз, екеуі жарты дауысты: у, й. Бұл дыбыстардың ішінде үнемі жуан: ғ және қ, үнемі жіңішке: г және к. Өзге 19 дыбыс бірде жуан, бірде жіңішке айтылады. А.Б.: «Дауысты дыбыстарға дауыссыз дыбыстар бағынбақшы»!!! А.Байтұрсынұлы сауатты жазуға ерекше көңіл бөлді.

Жазу ережелерінің таласты мәселелеріне қатысты жайттарды қайта қарап, дұрыс шешімге келу үшін, 1924 жылы Ахаңның ұсынысымен арнайы комиссия құрылып, комиссия төрағасы болып А.Байтұрсынұлы сайланды. Ахмет бастауыш мектепке арналған негізгі және көмекші оқу құралдарын жазды. Ол ұлт мектебінің негізгі құралы болып табылатын қазақ тілі пәнінің арнайы оқулықтарын кезең-кезеңге бөле отырып, сатылай жасайды. Оларды «Дыбыс жүйесі және оның түрлері», екіншісін «Сөз жүйесі және оның түрлері» және «Сөйлем жүйесі және оның түрлері» деп атады. Бұл оқулықтарында тілдің анықтамасы, ережелері, оны тәжірибеде қолдануға дағдыландыратын жаттығулар берілді. Ұлт ұстазы бір тілмен шектелмей, өзге тілді білуді де қолдады, бұл турасындағы ойын былайша білдіреді: «Орысша оқу – орыс қолтығында тұрған жұртқа керек, керек болғанда, қазақша оқығанның үстіне керек. Қазақша оқи, жаза білген соң, шама келсе, орысша да білу қажет [3,252]. Осы орайда ұлт ұстазы пікірінің білім саласындағы қазіргі реформалармен үндесетінін айтып өтпеске болмайды. Сөзіміз дәлелді болуы үшін, Президент Қ.Тоқаевтың «Ана тілі» газетіне берген сұхбатынан мына бір жолдарды келтірелік: «Біздің өскелең ұрпақ қазақ тілімен қатар, орыс тілін де еркін меңгеруі керек. Бұл-уақыт талабы. Мектептердің бастауыш сыныптарында қазақ тіліне басымдық берілгені дұрыс. Орыс тілін де оқыту керек. Ал ағылшын тілін 5-6 сыныптардан бастап мектеп бағдарламасына енгізген абзал. [2,2]. Дамыған елдердің бірі – Жапонияда балаларды 5-сыныпқа дейін тек өз тілінде оқытады, ал шет тілін 12 жастан меңгере бастайды. Бұл айтылғандар толық болмаса да, жүзеге асырыла бастады: биылғы оқу жылынан бастап қазақ тілінде оқитын мектептерде 1-сынып оқушысы бір ғана тілді, яғни қазақ тілін меңгереді. Орыс тілін 2-сыныптан, ағылшын тілін сыныптан бастап оқытады. 1-сыныпта 3 тілден бірден меңгеру қиын. Орыс тілінде оқитын мектептерде 1-сыныпта орыс тілі мен мемлекеттік тіл, ал 3-сыныптан бастап ағылшын тілі оқытылады.

Ұлт ұстазы білім сапасы мұғалімнің кәсіби шеберлігіне байланысты екендігін мына сөздерімен аңғартады: «Жақсы мұғалім мектепке жан кіргізеді. Тәртіппен жасалған оқу

құралдарымен оқытуға тәртіппен оқыта білетін мұғалім керек»[3,262]. Өкінішке қарай, негізін А.Байтұрсынұлы қалаған қазақ тілін оқыту әдістемесі көңілден шықпай келеді. Бұл турасында академик А.Құсайынов былай дейді: «Қазақ тілін оқыту теориясы мен әдістемесі мамандығы бойынша көптеген диссертация қорғалды. Қазақ тілін оқыту әдіснамасын жасауға арналған бірде-бір жұмыс жоқ. Қазақ тілін лингвистика тұрғысынан оқыту, фонетиканы, орфографияны оқыту бойынша жұмыс өте аз. Қазақ тілін оқыту әдістері мен принциптері, тіл оқытуда жаңа құралдарды пайдалану жолдарын түзу және т.б. мәселелерге тиісті көңіл бөлінбей келеді»[4,176]. Ахметтанушы ғалымдар Ахаңның ұлт руханиятына қосқан үлесін әділ бағалады. Айталық, ғалым, филология ғылымының докторы Өмірхан Әбдиманұлы: «Ахаң атқарған ұшан-теңіз руханият істерінің ең зоры- тұңғыш тілші-ғалым ретіндегі қазақ тіл білімін дамытуға қосқан үлесі» деп жазса[5,174], ұлт ұстазын ұлықтаушы Райхан Имаханбет: «Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тіл білімі мен ұлттық әдебиеттану ғылымының негізін салушы теоретик ғалым»деп бағалапты»[6,193].

Жалпы қазақ тіл білімінің және терминология мен аударматану саласындағы қалыптасуы 20-ғасырдың басындағы ағартушы, тілтанушы, терминолог, әдебиеттанушы, түркітанушы, қоғам қайраткері ел арасында «Ұлт Ұстазы» атанған Ахмет Байтұрсынұлының есімімен байланысты Атақты ғалымдар Р.Сыздық, О.Айтбайұлы, Б.Қалиұлы, Ш.Құрманбайұлы, Ш.Жалмаханов өз еңбектерінде А. «А.Байтұрсынұлы – қазақ тіл білімінде, әдебиетінде, әдістемесінде, тарихы мен этнографиясында, мәдениетінде терминдердің ғылыми жүйесін жасаған ғалым. Қазақ ғылыми терминологиясының негізін салушы ғана емес, өз тәжірибесінде алғаш рет ғылыми терминологияны қалыптастырған ғалым, терминологиялық тәсілдерді анықтап, оларды терминологияда пайдаланды» [10].

Профессор А.Б.Салқынбайдың айтуынша, А.Байтұрсынұлы өз еңбектерінде терминологиялық қызметтің өте маңызды тұстарын ерекше атап көрсеткен, дәлірек айтсақ, анықталған ұғымның дәлдігі, таңбалы атаудың қазақылығы, өрнектеу ауқымының нақтылығы; әрбір ұғымның өзіне тән мазмұны [9].

А.Байтұрсынұлы өзі алға қойған терминологиялық нормаларды басшылыққа ала отырып, ғылыми терминологияны қалыптастыруда басқа түркі халықтарына да ұстануды ұсынды. Терминолог өз ойын былайша түйіндейді: «Меніңше, түркі халықтары терминологиясы мен әдеби тілін жасауда қазақ тұрғысына тұрса, дұрыс болар еді. Осы жолмен олардың әрқайсы жат сөздің масылынан арылып, жат тілдің ықпалынан болған ластықты тазалап өздерінің баспа сөзін өз халқына да, басқа түркі халықтарына да түсінікті етер еді » [6].

Яғни, ұлттық термин жасаудың басты талабы – оның ұлттық және қоғамдық мүдде нормаларына сай болуы. Қоғамдағы ғылыми қатынас құралы ретінде жаңа күрделі ұғымды жеткізетін терминдер мен сөздер жаңа сапада рухты, ғылыми көкжиектерді, білім саласын білдіреді. Ол үшін термин тек маманға таныс жасанды таңбалардан ғана емес, халықтың тарихи-мәдени кодын ескере отырып жасалуы қажет.

Қазақ терминология қорының қалыптасуы мен дамуының айқындаушы тірегі, терминологияның алғашқы ғылыми негіздерін жасаушы – А.Байтұрсынұлы. Ахмет Байтұрсынұлының еңбегі сол - 1926 жылы Бакуде өткен бірінші түркологиялық құрылтайда өзі ұсынған «Түркі тілдеріндегі терминология туралы» тезистерінде қазақтың лексикалық сөздігін жасаудың алғашқы ғылыми ұстанымдарын ұсынған:

- 1) термин ретінде ұғымның мағынасын толық беретін сөздерді қабылдау;

2) қазақ тілінде ұқсастары болмаған жағдайда туыстас түркі тілдерінен лексикалық бірліктерді алу;

3) жалпы қабылданған халықаралық терминдерді сөздік құрамына енгізуге болады, бірақ олар қазақ тілінің табиғатына сәйкес өзгертілуі керек;

4) қазақ тілінің табиғатына сәйкес келмейтін барлық басқа тілдердің сөздері дәл қазақша айтылуына сәйкес өзгертілуі тиіс [8].

Орыс тілін жетік білу ағартушы ғалымға қазақ тілінің өзіндік материалын ұтымды пайдалана отырып, терминдер жасауға мүмкіндік берді. А.Байтұрсынұлы ұсынған көптеген терминдер тілдік бірліктің концептуалды мазмұнын толық береді. «Жұрнақ», «жалғау», «буын», «шумақ», «тармақ», «сөйлем мүшелері» т.б. терминдерді автор сәтті жасаған деуге толық негіз бар, бұл атаулар қазақ тілінің терминологиялық лексикасында берік орнығып, әлі күнге дейін өзгеріссіз қолданылуда [6].

А.Байтұрсынұлы қазақ тіл білімін қалыптастыруға зор еңбек сіңірді. Бүгінде Алматыдағы Тіл білімі институты А.Байтұрсынұлы атында екені көпшілікке мәлім. Бар болмысымен ұлтқа қызмет етудің үздік үлгісін Ахаң білім беру, ұлттық тіл ғылымы мен әдебиеті салаларын қалыптастыруда таныта білді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қ.Тоқаев. Тәуелсіздік бәрінен қымбат. «Егемен Қазақстан» газеті, 5 қаңтар 2021 ж.).
2. Қ.Тоқаев. Қазақ халқының тағдыры тарих таразысында тұр. «Ана тілі» газетіне сұхбаты. №25,25 маусым-1 шілде 2020 жыл.
3. А.Байтұрсынұлы. Ақ жол. Алматы, 1991, 255-бет.
4. А.Құсайынов. Әлемдегі және Қазақстандағы білім берудің сапасы. Алматы, 2013, 176-б.
5. Өмірхан Әбдиманұлы. Ахмет Байтұрсынұлы. Алматы, 2007, 181-б. 6. Райхан Имаханбет.Ғасыр саңлағы.Алматы, 2022, 193-б.
6. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. - Алматы. 1992, с. 425.
7. Байтұрсынұлы Ахмет. Алты томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Ел-шежіре», – 2013 –384 б. ISBN 978-601-7317-67-6
8. Манкеева Ж. А. Познавательные основы терминов Байтұрсынұлы / / материалы республиканской научно-практической конференции «А. Байтұрсынұлы тағылымы " - Караганда: КарГУ, 2003. - с. 148-153)
9. Махамбет А. А. Байтұрсынұлының термин жасауда ұстанған қағидаттары. 2021. Доступ:<https://syрboyi.kz/janalyqtar/el/a-bajtursynulynynng-termin-zhasawda-ustanghan-qaghidattary75608/> (20.10.2022).
10. <https://termincom.kz/terminology/?id=1> (5.10.2022)

БАЛА ТІЛІ – БҮКІЛ ҰЛТ ТІЛІ САҚТАЛУЫНЫҢ КЕПІЛІ

Сапиева Айжан Матжанқызы

Атырау облыстық дарынды балаларға
арналған интернаттық
мекемесі бар ұлттық гимназия

Бала – ата ананың көз қуанышы, өмірлік шамшырағы. Дүниеге келген перзентін бесік жырымен, ана әлдиімен тәрбиелеген ата - ана үшін ең бақытты сәт - бұл інгәлаған дауыс пен былдырлаған тілдің кереметін сезіну. Дүниеге келген әр сәбидің жеке әлемі, таным - талғамы, ойы мен тілінің дамуы, ішкі әлемінің ашылуы - ерекше құбылыс.

Өмірге алғаш келген күннен бастап, күн сайын өсіп, дамып, жаңа дағдыларға икемделе бастаған баланың табиғатын тану - тылсым дүние. Сәби кезіндегі баланың жаңа ақпаратты тез қабылдауы, ойлауды жылдам меңгеруі туралы ғылыми зерттеулерге сүйенсек, ерте жастағы ми ақыл ойды тез дамытатынын түсінеміз. Баланың қоршаған ортаға икемделуі, әрбір затқа қызығушылық танытып, өзіндік зерттеуі - бөлек әлем, бөлек құбылыс. Бала дамуында қызыққан нәрсені ұстап көруі, атауын білуге ұмтылуы - заңды әрекет. Дүниеге келген әр сәбидің физиологиялық, психологиялық тұрғыда дамуы мен жетілуін қадағалау, зерттеу - бүгінгі қоғамның да назарын аудартып отырған күрделі мәселе. Жасыратыны жоқ дүниеге түрлі дерттермен келіп жатырған мүмкіндегі шектеулі балалар саны жылдан жылға көбеюде. Бірақ бұл мәселеге қоғам дерті деп қарасак, біз баланың болашағына, тіліміздің дамуы мен қалыптасуына балта шабамыз.

Баланы тәрбиелеу арқылы ұлтты қалыптастырамыз. Ал бала тілі - бүкіл ұлт тілінің сақталуының кепілі. Бала тіліне бүгіннен бастап мән бермесек, ұлттың тілі, сөздік қоры, ата бабамыздан жеткен ғажайып мол мұрамыз сұраусыз қалары анық.

Бала тілі - біртіндеп қалыптасатын қабілет. Қазақы тәлім тәрбиенің негізі ұлттық дүниетанымымыздың бастауын зерттеген Жүсіпбек Аймауытовтың «Психология» еңбегі, Мағжан Жұмабаевтың «Педагогика» еңбектеріне назар салсақ, дүниедегі тіршілік иесінің тырмысып ұмтылатын бір - ақ нәрсесі күресу, өмір сүру, тіршілік ету. Бұл түсінікті Жүсіпбек Аймауытов «адам да жәндік» деген бір ауыз түйінмен беріп, кейін хайуаннан артықшылығы мен айырмашылығын ажыратады. Бұл турасында: «Табиғатымызды ақтарсақ, санамыздың негізі тіршілік сақтауға барып тірелетіні ап - айқын», - деп тұжырымдайды.

Адам баласының іштегі, мидағы, санадағы жұмысының бәрі тысқа сөйлеу арқылы шығады. Адам бірінші сөйлей ме әлде бірінші ұғым пайда бола ма? Бұл туралы Жүсіпбек Аймауытұлы бірнеше мысал келтіреді. Бірінші пікір бойынша «сөз ұғымнан бұрын туған» деген пікір қалыптасқан. Бұл пікірді жақтайтындарға қатысты мынадай мысал береді: кішкентай бала итті көрсе, біреудің айтқанынан оның атын «ит» деп ойлайды, кейін көп итті көрген кезде бұл жалпы атау екенін біледі. Екінші пікір бойынша «балада ең әуелі ұғым пайда болады, сөз – ұғымның атауы» деген түсінік бар. Бұл пікірді қолдайтындар бала сөйлемей тұрған кезінде-ақ сыртқы ортаға жауап беретінін, жақындарын танитынын, оларға күлетінін айтады. Бұл ұстанымға дау айтатындар малдың да өз иесін танитынын, ұғым мен сөз өзара тығыз байланысты екенін жеткізеді. Ал енді мылқауларда қалай болмақ дегенде, «олардың өздерінің ым тілі болатынын» айтады. Тіл қалай пайда болған деген сұраққа келсек, ол да дәл осы сөйлеу қабілетінің дамуымен байланысты екен, одан айналып өтпейді. Жүсіпбек Аймауытұлы тілдің пайда болуы туралы да сан түрлі пікір барын айтып, оның ішінде екеуіне

тоқталады. Бірі – Құдайдан келген сый деген көзқарас, екіншісі – ұжымдық бірлік негізінде пайда болған деген ұстаным. Сонда ғалым тіл біртіндеп, сатылап дамығанын, оның үш кезеңі болғанын айтады. Алғашқысы – адамдар айғайлап сөйлеген кезең. Бұл баланың іңгәлап жылағанымен бірдей. Ғылымда да осыған байланысты ең алдымен адамның түрлі эмоциясын білдірген одағайлар қалыптасқан деген пікір бар. Екіншісі – әрнәрсенің дауысына еліктеу. Бұл да баланың сөйлеу қабілетінің даму ерекшелігіне ұқсайды. Үшіншісі - нәрсенің белгісіне қарау. Бұл туралы ол «шыр ету – жаңа жат дүниеге келгендегі дүниенің шіміріккенін, жағымсыз сезім пайда болғанын көрсетеді. Бала дыбысын шығарып жүріп, дыбысымен сыртқы заттар арасында байланыс жасап, перне туғызып алады. ...Бала сөздері көбейген сайын еліктеуден шығып, ойын сөйлеммен айтуға жарайды», – дейді [1, 217].

Жүсіпбек Аймауытұлы еңбегіне сүйеніп, баланың сөйлеу қабілетінің дамуын сатылап көрсетсек, мына қорытынды шығады: шыр ету – жылау (ішкі тілегін білдіруде жылау) – дыбысқа еліктеу – (сиыр – «мө», қой – «ма») – заттың аттарын есту – бір буынды сөз – екі буынды сөз – үш буынды сөз – еліктеуден шығу – қысқа сөйлемдерді айту.

Бүгінде былдырлап сөйлейтін жас өскін баламыз шүлдірлеп өзге тілмен ой санасын толтырып жатырғаны ащы да болса шындық. Қазақтың сөз зергері Ғ.Мүсірепов: «Ана тілі дегеніміз - осы тілді жасаған, жасап келе жатқан халықтың мәңгілік мәселесі», - дейді.

Ж.Аймауытов: «Бала шыр етіп жерге түскенде дыбыспен туады», - дейді.

А.Құнанбаев та: «Туғанда дүние есігін ашады өлең, өлеңмен жер қойнына кірер денен», - деп дүниеге іңгәлап келген баланың өзі дыбыс пен сөздің құдіретін түсінетініне, өзінше бір дыбыс шығаратынына болжам жасайды.

Мағжан Жұмабаев та «Педагогика» еңбегінде адамның сөйлеу қабілетінің дамуын сөз етіп, «Бала «а» дегенде іңгәләуды ғана біледі, яғни мағынасыз бір дыбыс шығарады», – дейді. Ол бала алғашында айналаға деген ішкі күйінің бәрін жылау арқылы білдіретінін көрсетеді. Мағжан Жұмабаев баланың сөйлеу қабілетінің дамуын былай сатылайды: екінші айдың аяғы мен үшінші айда бала дауысты және дауыссыз дыбыстарды қосады, бірінші ерін дауыссызын, кейін оған таңдай, тамақ дыбыстарын қосады, дыбысқа еліктейді, бір жаста бала көп сөз түсінеді, бірақ он-он бес сөз ғана айта алады, жүре бастаған кезінде, екі жасында сөз үйренбей қалады, жүрген соң қайта бастайды, үш-төрт жаста бала тәп-тәуір сөйлейді. Автор осы еңбегінде ата-аналарға бірқатар кеңес береді: балаға бұзып сөйлемеу керек, бала түсінбейтін жат сөздерді қоспау қажет, өзі қатарлы балалармен ойнатқан дұрыс, баланы сөзден тыймаған абзал [2, 116-117]. Ал Жүсіпбек Аймауытұлы балаға әу бастан қиын нәрсе үйретемін деген адам «наданның наданы» екенін айтса, Ахмет Байтұрсынұлы аз нәрсе үйретсе де, сапалы, анық, нық болуын талап етеді. Одан кейін бала санасын әр нәрсемен уламай, пайдалы нәрсеге ұмтылуға үндейді.

Алаш зиялылары балалардың сөйлеу тілін дамыту мәселесіне ерекше назар аударып, қазақ тілінің табиғаты мен ұлттық педагогикаға сай әдістемелер ұсынған. Балалардың тілдік қабілетін дамытуға арналған еңбектері қазақ қоғамында ана тілінің рөлін күшейтуге және ұлттық құндылықтарды бойға сіңіруге бағытталған. Алаш зиялылары А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ж. Аймауытов еңбектерінде балалардың сөйлеу дағдыларын қалыптастыру мәселесі көбірек қозғалады.

Қазақ тіл білімінің негізін қалап, тіл үйретудің алғашқы ғылыми әдістемесін жасаған Ахмет Байтұрсынұлының «Тіл құралы» еңбегі қазақ тілі грамматикасын жүйелеп, балаларға тілді қарапайым, түсінікті түрде үйретуге негіз болды. Әсіресе, балалардың алғашқы сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда дыбыстарды дұрыс айтуға, сөздерді дұрыс құрастыруға үйрету

мәселесіне көңіл бөлді. Байтұрсынұлы балалардың тілдік дағдысын дамытуда ана тілін тереңірек меңгерту үшін жаттығулар мен ойындарды қолдануды ұсынды. Жүсіпбек Аймауытов қазақ тілінде алғашқы психология және педагогика еңбектерін жазған. Оның «Тәрбиеге жетекші» атты еңбегінде балалардың ойлау, сөйлеу қабілеттерін жетілдіру жолдары қарастырылған. Аймауытов бала тәрбиесінде олардың жеке тұлға ретінде дамуына үлкен мән берген. Ол балалардың сөйлеу тілін қалыптастыруда баланың табиғи ортасын, тілдік ортаның маңызын атап өтіп, ұлттық ертегілер мен қазақ тілінің ерекшеліктерін ескеруді ұсынды. М. Жұмабаев бала психологиясын ескере отырып, тіл үйретуде олардың жас ерекшелігіне сай келетін әдістерді қолдануды ұсынды. Ол тілді табиғи жолмен үйрену, яғни күнделікті тұрмыста қолданылатын қарапайым сөздер мен сөйлемдерді меңгерту қажеттігін айтқан. Әсіресе, баланың қиялын дамытатын ойындар мен әнгімелердің ролін ерекше бағалаған. Міржақып Дулатов еңбектері мен мақалалары балаларды отансүйгіштікке, қазақ тіліне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу арқылы олардың сөйлеу тілін дамытуға бағытталған. Ол балалардың тілін дамытудың ұлттық болмыспен байланысты екенін және тілді оқытуда ұлттық құндылықтарды сіңіру керектігін айтқан. Халел Досмұхамедұлы тіл үйретуде балалардың биологиялық және психологиялық дамуын ескеру керектігін атап өткен. Оның еңбектерінде баланың ерте жастан тілдік ортаны бойына сіңіруі, ана тілін дұрыс меңгеруі оның болашақтағы ойлау қабілеті мен тұлғалық дамуына әсер ететіні жайлы айтылған.

Алаш зиялыларының бұл еңбектері қазақ тілін ерте жастан үйретуде балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп, ұлттық құндылықтарды қоса үйретудің маңыздылығын айқындады. Олар балалардың тілдік дамуы тек грамматикалық білімге емес, сонымен қатар ұлттық тәрбиенің рухани негіздеріне сүйенуі тиіс деген пікірді ұстанды.

XX ғасырдың басында ұлт зиялылары Н.Құлжанова, М.Жұмабаев, А.Байтұрсынұлы және Ж.Аймауытұлы еңбектерінде баланы ерте дамыту мәселелері мен жеке тұлға тәрбиесіне қатысты терең ғылыми ой-пайымдаулар айтылады. А.Байтұрсынұлы бала табиғаты туралы былай дейді: «Бала табиғаты нені сүйеді? Бала табиғатының сүйетіні: жүру, жүгіру, ойнай жүре бір нәрсені шұқынып істеген болу. Баланың ойыны қайсы, «жұмысы» қайсы, айыруға болмайды. Ойын үстінде сөйлеседі, таласады, тартысады: ойын үстіндегі өнерлері ойынынан ойын шығарады, неше түрлі ойыншықтар жасайды. Бала тәрбиесіндегі негізгі мақсат – баланың бетін жасынан түзеп, дұрыс білім, жақсы әдет, көркем мінез, таза қылық үйрету». Баланың өз бетімен құмарынан шығып ойнауына жағдай жасау керек. Таласып-тартысса оны көркем мінезбен жеңдіруге әуестендіру қажет. Ұлт ұстазы айтқан «дұрыс білім, жақсы әдет, көркем мінез, таза қылық үйрету» ата-ананың бейнесінен бастау алады. Бала ата-анасының болмысын, бейнесін қайталайды. Халық педагогы Н.Құлжанованың «Бала өне бойы еркін ұнатқан нәрселерін шұқылап отырып, бұрап сындырып, мүшелеп әбден танып, қайта салыстырып, соны өзі жасамақ. Һәм жасайды да. Бұл-баланың тағы бір артықша қасиеті, зерттеп тану құмарлығы. Бұл – жан-жақты жайнаған дүниені танып, өзі де жасауға кірісу үшін жаратылыстың көкірегіне әуелден құйған құмарлығы, бұл қасиетін танымайтын надандар «Тиме!», «Сындырасың», «Шықпа жығыласың», «Таста, бүлдіресің», «Үстіңді былғайды», «Әрі жүр, басымды ауыртпа!» деп зарлаумен баланың алайын деп отырған қанша білімін тағы да тамырын қияды»- деген пайымдарының тағылымдық мағынасы зор. Балаға қойылатын орынсыз шектеулер баланың табиғи дамуын тежейді. Жалтақ, қорқақ қасиеттерге жетелейді. Нәзипа Құлжанова одан әрі «Мектеп жасына толмаған бала не үйренеді?... Әрине, бала балабақшасыз да, мектепсіз де өсіп адам болады ғой. Бірақ бала бақшаның тәрбиесін көрмеген бала көп білімнен, көп жақсы әдеттерден құр қалады. Кейде сол білімдерге өмір бойы жете

алмайды. Мектепке дейін бала оқымайды деу – зор қате. Мектептен бұрын үйренген білімдері кейін мектепте оқып білгендерінен көп артық мағыналы болады»- деген қорытындылар жасайды.

Бұл еңбектерде психология, педагогика саласының тың әрі тұңғыш дәнегі себілген, баланың уілдеп сөйлеуінен бастап мектептегі білім жайына дейін қозғалған. Бүгінде психолінгвистиканың бастауында адамзаттың сөйлеу қабілетіне деген ұмтылысы, сөйлеуі жатыр десек, оның теориялық түбірі қазақтың ұлттық дүниетанымы зерттелген еңбектерде, халық ауыз әдебиеті үлгілерінде көрініс тапты. Баланың тілі шықсын деп іште жатқанда-ақ сөйлесіп, әжесі мен анасы ертегі оқуға тырысқан. Әлем елдерінде бұл «ертегі терапиясы» деген атауға ие. Сонымен қатар, тілімізде сақталған жаңылтпаш, жұмбақ секілді фольклорлық мұраның бәрі бала санасын, тілін, ойын дамытуға бағытталған.

Алаш зиялыларының бала тілі дамуына қосқан үлесі – қазақ тілін ғылым мен білім саласында жүйелеп, оны мектептер мен білім беру жүйесіне енгізу арқылы балалардың тілін дамытуға зор ықпал етуінде. Олар бала тілін қалыптастыру, білім беру әдістемелерін жетілдіру, оқу құралдарын жасау сияқты маңызды салаларда үлкен жұмыстар атқарды. Бала тілінің дамуына тікелей әсер еткен Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілін мектептерде оқытуға арналған алғашқы оқулықтар «Әліппе», «Тіл-құрал» еңбектері балаларды қазақ тілінде сауат ашуға үйретудің алғашқы құралы болды. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әліпбиін жасау арқылы балаларға түсінікті әрі оңай тіл үйрету жүйесін ұсынды.

Қазақ педагогикасының негізін қалаушы Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатов, Халел Досмұхамедұлы еңбектерінде бала тілін дамытудың маңыздылығы тек тіл үйрену тұрғысынан ғана емес, сонымен қатар ұлттық сана мен мәдениетті сақтау мәселелеріне де назар аударды.

Бесіктен бастап бала тәрбиесіне мән беру сан ғасырлық көркем тілдің, ойдың, сөз жүйесінің тарихы қалыптасуына ұлттық психологиямыз, ұлттық дүниетанымымыз дамуына дәлел бола алды. Былдырлап сөйлеген баласын даналықтың биігіне көтеруге ұмтылған қазақы ұлттық тәрбиеміздің нәтижесінде әлем тілдерінің арасында ойып тұрып орын алатын бай сөздік қорымыз қалыптасты. Біздің де мақсатымыз - болашақ ұлт тілі өз тарихын, таным дербестігін жоймаса екен деген алаңдаудан туған әрекет.

Бауыр еті баласының қатардан қалмай, тілдік кедергілерден өтіп, өз ойын еркін жеткізуі – бүгінгі заманда көп отбасының арманы. Талай қалталылар да шарасыз болып отырған жағдай бүгінде көптеп таралуда.

«Ойдың тілі – сөз. Біз сөз арқылы ғана неше түрлі ойымызды сыртқа шығара аламыз», - дейді Мағжан Жұмабаев. Бала алдымен жеке сөздерді қабылдап ұғынуы тиіс. Сөзді қабылдамаған, не нәрсе екенін ұқпаған бала оның ұғымын түсінбейді. Бала тілінің дамуына генетикалық, әлеуметтік, экологиялық факторлар көптеп әсер етеді. Сонымен қатар баланың екі немесе бірнеше тілде сөйлеуі бала тілінің кешігіп шығуына ықпал етуде. Қазақы таным, қазақы психология бойынша баланың ой – өрісі, таным -түсінігі дыбыстар арқылы дами бастайды. Бұл - кездейсоқ құбылыс емес, талай тілдік зерттеулердің нәтижесі. Педагогика, психология ғылымында баланың сөйлеу тілінің бір жастан бастап даму ерекшеліктері қарастырылған. Расында, тілі шықпаған балаға әңгіме айту, айналып толғануда үлкен мән жатыр. Тәжірибеге сүйенсек, бала алдымен дыбыстарды естиді, сөзді қайталайды. Сол кездегі алғашқы дыбыстарды қайталауда фонетикалық қателіктерді жібереді. Бұл қателік көптеген зерттеулерде 1-3 жастағы балаларда кездеседі делінген. Ал қазір тілі кешігіп шыққан, сөздік

қорлары аз, ойлау дағдылары өз қатарларынан төмен 3-4, 4-5 жастағы балаларда көптеп қайталанады.

Бала тілінің дамуына әсер ететін генетикалық, экологиялық, әлеуметтік, психологиялық факторлардың алдын алу үшін жасалған барлық саналы әрекеттер – ұлттық тіліміздің дамуына қосылған үлес.

Бала тілінің дамуындағы кедергілердің тілдік көрінісі әртүрлі факторларға байланысты. Баланың ой - санасының қалыптасуына тіл ерекше әсер етеді. Тілді тек сөйлесу, қарым қатынас жасау құралы деп түсінбеуіміз керек, тіл - баланың ойлау қабілетін арттыратын негізгі фактор. Бала тілін дамыту арқылы оның ой-өрісі, сана-сезімін жетілдіреміз, айналаны, әлемді тануға мүмкіндік береміз. Ол үшін баланың ойды дұрыс қабылдауына әсер ететін жұмыс түрлерін жетілдіру керек. Ж. Аймауытов: «Бала өмірдегі шынайы қарым- қатынастар арқылы тілді меңгереді», - дейді. Баланың дұрыс сөйлеуіне тілдік органның маңызы ерекше. Сол үшін де ата- ана, отбасы мүшелері, тәрбиеші, мұғалім балалармен көп сөйлесіп, тілдік дағдыларын дамытуға үлес қосуы тиіс. Бүгінгі бала- ертең дана болады деген ұстаныммен бүгін әрекет жасамаса, ертең кеш болатынын ұмытпайық. Біз қазір жапон елдерінің оқу үрдісіне қызығып, ол елде төменгі сыныптарда тек жапон тілі оқытылады, себебі бала өз ана тілін жетік меңгеру керек екен деп таң қалып жатамыз. Осы ұстанымды қазақ зиялылары ерте зерттеп, Жүсіпбек, Мағжандар ұлттың негізін қалыптастыратын рухани тәрбиені негізгі мақсат етіп, балаға ана тілін сүюді, қорғауды ерте жастан үйрету керек дейді. Ал қазір тілі шықпаған балаға өзге тілді үйретіп әлекке түсудеміз. Қазіргі тіл дамыту үдерісіне үлес қосып, баланың ойлау, сөйлеу дағдылары қалыптаспайынша, ұлт тілінің дамуы кенжелеп қалуы ықтимал екені ескертілген.

Дана халқымыз бала тілінің тазалығы мен шынайылығына қатты мән беріп, бүгінгі бала ертең дана деп қабылдаған. «Бала тілі – бал», «Бала тілі – ана тілінің айнасы», «Балаға жақсы сөз - жан азығы», «Балаға үйреткенің -болашаққа егіп жатқан дәнің», «Баланың тілі- болашақтың күні», «Бала сөйлесе, дана сөйлейді» деген нақыл сөздер баланың тіліне үлкен жауапкершілікпен қарау керектігін, оның сөйлеу мәдениетін қалыптастырудың маңыздылығын көрсетеді.

Бүгінгі бала тілі – болашақ қоғамның тілдік мәдениетінің айнасы. Балаға тілді дұрыс үйрету оның келешегінің негізі. Әр бала - қоғамның бір бөлшегі, тыныс тіршілігі. Бала – келешегіміздің кепілі. Дені сау ұрпақ тәрбиелеу – сан ғасырлардан жалғасқан аманат. Өскелең ұрпағымызды тәрбиелеуді қазір қолға алмасак, бәрі де кеш болады. Бала тілінің дамуына мемлекет, ата – ана тарапынан жан- жақты қолдау көрсетпесек, болашақта ұлттық тіліміздің бұзылуы, өзге тілдермен шұбарлануы нәтижесінде ата – бабамыздан жеткен бай сөздік қорымыз елеусіз қалуы мүмкін. Сондықтан, «бала тілі - бал» деп жүріп, балалардың болашағына балта шаппайық. Бала тілі дамуындағы кедергілер дер кезінде жойылмаса, жасөспірімдік кезеңдерде тұрақты қиындықтардың жиеленуі көп болады. Сан ғасырлар бойы бесіктен бастап бала тілінің дамуына атсалысқан ата- бабаларымыз салған даңғыл жол жалғасын тауып, қазақтың әр ұрпағының сөйлеу тілі дамып, болашағымыздың жарқын болуына атсалысу – міндет. Сол үшін жас өскін сәбиіміздің тілі дамуындағы кедергілер дер кезінде жойылмаса, жасөспірімдік кезеңдерде тұрақты қиындықтардың жиеленуі көп болады;

Бала тілінің дамуына әсер ететін генетикалық, экологиялық, әлеуметтік, психологиялық факторлардың алдын алу үшін жасалған барлық саналы әрекеттер – ұлттық тіліміздің дамуына қосылған үлес. Бала тілі дамуындағы кедергілер - ұлт тілінің трансформалануына әкеліп соғатын негізгі қауіп екенін ұмытпайық.

АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ МӘДЕНИ-ТІЛДІК МҰРАСЫ

А.Сүлейменова

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті магистранты
Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к.,
қауымдастырылған профессор А.С.Елеуова

Қазақ халқының тарихында небәрі ширек ғасырға жуық уақытты қамтыған Алаш қозғалысы жаңа тарихи кезеңнің бастауы болды. Алаш қайраткерлері қазақ халқының азаттығы үшін күресіп қана қойған жоқ, ұлттық ғылымның негізін салушылар болды. Ал бұл тарихи дерек Алаш қозғалысын ұлт-азаттық қозғалыс ретінде ғана емес, үлкен рухани, ғылыми құбылыс ретінде бағалауға мүмкіндік береді.

Бұл қозғалыстың рухани көшбасшысы ХХ ғасырдың басында саяси қызметке кіріскен ағартушы ғалым, қазақ тіл ғылымының негізін салушы Ахмет Байтұрсынұлы болды. 1895 жылдан сол кездегі Қазақстанның үш ауданында мұғалім болып жұмыс істейді. Содан кейін балаларды оқу мен жазуға үйрету үшін қазақ тілі оқулығын жазу идеясы туды. Ал оның қазақ тілі бойынша алғашқы әдістемелік құралы тек 1912 жылы ғана жарық көрді. Бұл қазақ тілінің жаңа әліпбиінде басылып шыққан және өзі әзірлеген «Әліп-биі». Жаңа дәуірдің саяси-рухани көсемі А.Байтұрсынұлының әдеби шығармалары 1909 жылдан бастап жарық көре бастады және оның замандастары үшін маңызы зор болды. Бұл туралы М.Әуезов былай деп жазды: «Оның ағартушылық қызметінің нәтижесі – өзі ашқан мектептерде білім ала бастаған жас ұрпақ. Жас қазақ әдебиеті А.Байтұрсынұлын өзінің көсемі санайды» [Әуезов 1997, б. 355], ал Міржақып Дулатов: «А.Байтұрсынұлының ғылыми-педагогикалық қызметінің нәтижесінде бізде қазақ тілінің әліпбиі, фонетикасы, синтаксисі мен этимологиясы, әдебиет теориясы мен мәдениет тарихы бар. Осы тынымсыз еңбегімен А.Байтұрсынұлов әдебиетімізді биік деңгейге көтеріп, ұлттық мектеп пен төл әдебиеттің берік негізін қалады» [8, 25 б].

Алаш қозғалысының дүниеге келуіне тек азаттық аңсау ғана емес, ағартушылық идеялар да ықпал еткенін алғашқы ұлттық басылымдардан байқауға болады. Әдеби шығармаларда айтылған халықтық тәрбие идеясы кейіннен «Айқап», «Қазақ» т.б. беттеріне көшті. Біраз уақыттан кейін Ахмет Байтұрсынұлының, Жүсіпбек Аймауытовтың, Мағжан Жұмабаевтың халықтық тәрбие мен мәдениет туралы мақалалары мен кітаптары жарық көрді. Жаңа ғасыр табалдырығында жыраулар поэзиясында, шешендік өнерде, әдет-ғұрып, салт-дәстүрде көрініс тапқан жас ұрпақты тәрбиелеудің барлық қырлары жаңаша қамтылып, мұнда Мағжан Жұмабаев, Қошке Кемеңгеров, Телжан Шонанов секілді Алаш қайраткерлерінің орны ерекше болды. Прогрессивті идеялар мен халықтық тәрбие үлгілерін түсіндіру ұлттық сананы қалыптастыруға бағытталды.

Ұлттық сана, өз халқына сыни көзқарас идеялары Абай шығармашылығынан бастау алатыны тарихтан белгілі, алайда бұл мәселеге ғылыми көзқарасты қалыптастырған Алаш қозғалысының ағартушылары екенін мойындау керек.

Сол кездегі Ресей мен Еуропаның алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарын тәмамдаған Алаш қайраткерлері өз халқының мәдени-ағартушылық деңгейін жақсы білгендіктен, жағдайды жақсартуды, өзгертуді парыз санады. Бұл туралы тұңғыш президент Н.Ә.Назарбаев «Тарих толқынында» кітабының «Алаш мұрасы және қазіргі заман» атты бөлімінде олардың қызметіне нақты баға берді: «Ұлт-азаттық қозғалысының жетекшілері Әлихан Бөкейханов (ағартушы ғалым, Ресей Конституциялық-демократиялық партиясының мүшесі, Орталық

Комитетінің I және II Мемлекеттік Думасының депутаты), Ахмет Байтұрсынов (ақын, аудармашы, тіл маманы, «Қазақ» газетінің редакторы), Міржақып Дулатов, Жақып Ақбаев, Мұстафа Шоқай, Мұхаметжан Тынышбаев, Бақытжан Қаратаев, Халел және Жанша Досмұхамедовтер – көбіне Санкт-Петербург, Мәскеу, Варшава, Қазан, Омбы және Орынбордағы жоғары оқу орындары мен училищелерін бітірген тұлғалар. Олар қазақ халқының ұлттық болмысын сақтап қана қоймай, сонымен бірге тарихи өткенін жаңғыртып, ұлттық сезімдерді тәрбиелеуді өз қызметінің негізгі міндеттерінің бірі деп санады» [Назарбаев 1999, б. 153].

Сондықтан олар білім алудың маңыздылығын мерзімді басылым беттерінен, әдеби шығармалардан насихаттады. Бұл бағыттағы алғашқы ғылыми зерттеулер А.Байтұрсынұлының «Жазу мәселесі», «Мектеп қажеттілігі», «Қазақ арасында оқу жұмыстарын қалай жүргізу керек?», Х.Досмұхамедовтің «Қазақ-қырғыз оқу комиссиясынан», «Қазақ тіліндегі сингармонизм туралы», М.Дулатовтың «Оқу уақыты», «Торғайдағы мұсылмандық білім», «Торғайдағы орысша білім», «Игі іс», Ж. Аймауытовтың «Білім», «Ана тілін қалай оқытамыз?», «Оқушыларымызға», М.Жұмабаевтың «Болашақ оқу құралдары және мектебіміз» т.б. Олардың тіл білімі, әдебиеттану, тарих, мәдениеттану, педагогика, психология, жаратылыстану салаларындағы ғылыми мұралары әлі күнге дейін сұранысқа ие. Өскелең ұрпақты тәрбиелеудің маңыздылығын ұғынған олар адамның болмысын, ниетін, тілегін, ішкі жан дүниесін ұғынумен қатар сапалы білім алуды қажет ететін ұрпақтарына байланысты екенін ұғынды, сондықтан Алаш қайраткерлері оның ұйымдастырушылық қағидасын – ұлттың рухани болмысын қалыптастыруды өз ана тілінде көрді. Олар тіл арқылы ғана халықтың ұлттық бейнесін сақтауға болатынын жақсы түсінді. Осы ақиқатты түсінген олар ана тілінің әлеуетін жан-жақты жетілдіріп, оны ғылыми пәнге айналдыра бастады.

Ұлттық тәрбиенің іргетасын қалыптастыра отырып, олар жас ұрпақтың ең алдымен қазақ тілін, тарихын, халықтық әдет-ғұрып, салт-дәстүрін білуі үшін көп еңбек сіңірді. Олардың әрбір туындысынан патриоттық сезім мен халқына деген шексіз сүйіспеншілікті сезінуге болады. Кезінде қозғалыс басшысы Ә.Бөкейхан: «Халқыңа қызмет ету – білімге емес, мінезге байланысты», – деген болатын. [8, 17 б.].

1912 жылы қазақтың қоғам қайраткері, тіл жанашыры, ақын Ахмет Байтұрсынов араб жазуын қазақ фонетикасының ерекшеліктеріне қарай бейімдеп, сәйкес келмейтін әріптерден арылып, нақты қазақ дыбыстарына жаңа әріптер енгізді. Жаңа әліпби «Жаңа емле» деп аталып, халық арасында «төте жазу» деген атпен белгілі. Әліпбиді жұртшылық жылы қабылдап, мектептер мен медреселерде, сондай-ақ 1913-1917 жылдары Ахмет Байтұрсынов редактор болған тұңғыш қазақ тіліндегі «Қазақ» газетінде қолданылды.

Тіл маманы араб графикасына негізделген қазақ жазуына қатысты бірнеше еңбектер жариялап, Кеңес өкіметі орнап, Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы құрылғаннан кейін 1924 жылға дейін ережелерді пысықтады. Осы әліпби арқылы «сауатсыздықты жою» бойынша нұсқаулықтар шығарылды. Кейбір деректерге қарағанда, 1929 жылы республика халқының 8-10 пайызы араб тілінде сауатты болған, бұл кеңестік бағдарлама аясында оң динамика көрсеткен. Ол кезде араб тілінде он газет, екі журнал шығып тұрды. Бұл өзгертілген әліпбиді Қытай, Иран және басқа да елдердегі қазақ диаспоралары әлі де пайдалануда.

1923 жылы қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру қозғалысы басталды. Арабшылдар мен латыншылдар арасындағы даулар 3 жылға созылып, қазақ тілінің «ребрендингіне» қатысты қазіргі жағдайды еске түсірді. Ахмет Байтұрсынов бастаған араб әліпбиін қолдаушылар латын

графикасының қазақ фонетикасының ерекшеліктерін беруге азырақ сай келетіндігімен дәлелдеді. Сондай-ақ олар 26 латын әрпінің тек 15-ін өзгертусіз қолдануға болады, ал 24 араб таңбасының тек 5-інде ғана түзетулер бар деп есептеді [3].

Ахмет Байтұрсыновты Молдағали Жолдыбаев, Халел Досмұхамедов және Міржақып Дулатов сынды қоғамдық және саяси қайраткерлер қолдады. Өз кезегінде, латын әліпбиін жақтаушылар, олардың арасында Ораз Жандосов пен Санжар Асфендияров және идеялық дем беруші – лингвист Телжан Шонанов араб әліпбиі латын әліпбиінен көп жағынан төмен деп есептеді: олар диакритиктердің көптігін сынады. Дауысты дыбыстар, оннан солға жазу, бұл типографиялық жұмысты қиындатады және дыбыстарды жеткілікті дәл жеткізе алмады. Олардың басты аргументі латын графикасының баспа өндірісінде арзанырақ әрі ыңғайлы болғаны еді.

А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, Х.Досмұхамедовтің оқулықтары, Т.Шонанов, Қ.Кемеңгеров еңбектері ұлттық тіл ғылымының дәуірлік ғылыми-әдістемелік негізі болды. Олардың шығармаларындағы тіл, тәрбие мәселелері халық тағдырымен тікелей байланысты. Олар өз халқы үшін тамыр жайып, олардың игілігі үшін бәрін жасады. Олардың идеялары мен күш-қуатының қайнар көзі адамдық қасиеттер болды. Олардың патриотизмінің негізі – адамзатқа деген зор сүйіспеншілігі. Олардың гуманизмі өскелең ұрпақпен қатар өз халқының атынан кез келген тапсырманы орындауға дайын екендігін айғақтайды. Сондықтан да егемен Қазақстанда халқына деген сүйіспеншілікке негізделген жасампаз, өміршең «Алаш» идеясы өз маңызын жоймайды.

Қ.Кемеңгерұлы – қазақ тіл білімінің қалыптасуында негізгі рөл атқарған қайраткерлердің бірі. Ол – «Қазақша-орысша тілмаш» (Мәскеу, 1925) тәрізді ғасыр басында жарық көрген едәуір көлемді сөздіктің редакторы болған, «Грамматика казахского языка» (1927) сынды еуропалықтарға арналған оқу құралының және «Жауропалықтарға арналған оқу құралы» (1-кітабы. Ташкент, 1928; 2-кітабы. Қызылорда, 1929) кітаптарының авторы, тіл мәселесіне арналған «Қотыр сөздер», «Жат тілді оқыту әдісі», «Мектеп қай тілде болу керек?» «Қазақша ай аттары», «Дұрыс па? Бұрыс па?» және басқа да бірқатар мақалалар жазған, тілдің жайын жақсы білген алаш оқымыстысы. XX ғасыр басындағы қазақ тіл білімінің дамуына елеулі үлес қосқан, есімі Ахаңнан кейін аталуға тиіс делініп жүрген Алаш білімпазы [1].

Алаш зиялыларының ішіндегі шоқтығы биік тұлға – Халел Досмұхамедов. Ол жаңа ұлттық мектеп жүйесін құруға, қазақ терминологиясын дамытуға белсене қатысты. Халел Досмұхамедов өзінің ұстаздық тәжірибесін мектептерге оқулықтар дайындауға жұмсады және олардың авторы ретінде кеңінен танымал болды. Оның «Жансыз табиғат», «Зоология оқулықтары» (1922), «Қазақ тіліндегі сингармонизм» (1923), «Мектеп оқушыларының гигиенасы» (1925) сияқты еңбектері және зоология оқулығының үшінші бөлімі (1926) жарияланды. Бұл кітаптардың отандық оқулықтар тарихында алатын орны ерекше.

Халел Досмұхамедов республиканың қоғамдық-саяси өміріне қатысатын зиялы қауымның ең белсенді бөлігінің өкілі болып, осы салада үлкен атақ пен танымалдыққа ие болды. Ұлттық психологияның жас ұрпақты қалыптастырудағы маңызын дәлелдей отырып, оқу-тәрбие жұмысын реформалау жөнінде бірқатар ұсыныстар жасады. Оның этнопедагогика мен этнопсихологияны дамытудағы сіңірген еңбектері зерттеушілердің үлкен қызығушылығын тудыруда. Ол – ұлттық мінез белгілерінің ғылыми-теориялық негіздерін алғаш жасаған ғалым.

Оның этнопедагогика мен этнопсихология мәселелеріне қатысты бұл ой-пікірлері фольклорлық шығармаларда көрініс табады, өйткені Халел Досмұхамедов халық педагогикасы мен психологиясының бастауын ең алдымен халық шығармашылығынан көрді.

Мысалы, ол өз шығармаларында ұлттық мінездің көптеген ерекшеліктері айтыс өнерінде көрініс тапқанын жазған. Ал осыған байланысты халық ауыз шығармашылығы – рухани қазынаның қоймасы, руханияттың тұтас бір ғылымы болғандықтан, тәрбиенің қайнар көзі деп есептеді.

Ол этностың болуы және оның одан әрі дамуы тілге, әсіресе балалардың тілді меңгеруіне тікелей байланысты екенін айтты. Халел Досмұхамедов ХХ ғасырдың басында ана тілінің мәңгілік жаңаруының, өлместігінің бір көрінісін осыдан көріп, тілді халықтың рухани өмірімен байланыстыра отырып, төменнен дамытуды ұсынды.

Халел Досмұхамедовтің негізгі мамандығы – медицинадан басқа анатомия, физиология, зоология, ботаника мәселелерін жетік меңгерген. Ғалым терминологияға жіті назар аударып, терминдердің ғылымдағы ерекше мағынасын көрсетті. Түрлі шығармаларында өзі жасаған ерекше сөздер көп.

Оның этнопедагогика мен этнопсихология саласындағы ана тілінің ұлт өміріндегі орны туралы ережелері мен тұжырымдары халық арасына кең таралған. Мысалы, «Тіл – халықтың жаны», «Тіл білмеген халықты халық деп атауға болмайды», «Білімге тіл арқылы жетеді», «Тілін жоғалтқан халық өзін де жоғалтады», «Білімді адамның тілі бай», «Мәдениетке ұмтылған халық оның тілін байытады» деген қанатты сөздерінің күні бүгінге дейін өзектілігін жоймағандығы сүйсіндіреді [1].

Өмірі 1899-1938 жылдар аралығындағы қысқа ғана кезеңді қамтыған тұңғыш Қазақ академиясын – КСРО Ғылым академиясының Қазақ филиалын ұйымдастырушылардың бірі – қазақ тіл білімінің, жалпы, қазақ кәсіби ғылымының негізін салушылардың бірі Құдайберген Жұбановтың тіл біліміне қатысты еңбектері қазақ әліпбиі мен емле мәселелеріне арналған. Қазақ тіл білімінің негізін салушы, сонымен бірге артына әдебиеттану, өнер, педагогика саласында көптеген еңбектер қалдырған ғалым. Оның «Көмекші етістіктер мен күрделі етістіктер», «Қазақ тіліндегі біріккен сөздердің жасалуы», «Фонетика», «Жаңа грамматиканың жаңалықтары жайынан» және т.б іргелі еңбектері қазақ тіл білімі теориясын жасауға лайықты үлес болып табылады. Латын әліпбиіне негізделген қазақ емлесін жасауға белсене атсалысты. Қазақ тілінің теориясын жасады, қазақ тілі бойынша ірі зерттеу еңбектер жазды.

Құдайберген Жұбанов – Сәкен Сейфуллин, Ахмет Байтұрсынов, Санжар Асфендияров, Илияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин, Мұхтар Әуезов және басқалар сияқты қазақ мәдениеті қайраткерлерінің қатарына жатады. Ол мектептер мен жоғары оқу орындарына арналған қазақ грамматикасының алғашқы оқулықтарының, қазақ тіл білімі бойынша монографиялардың сондай-ақ қазақ тіл білімінің мәселелері мен қазақ мәдениетінің дамуы бойынша көптеген практикалық әзірлемелердің авторы. Ал қазір оның барлық еңбектерін ғалымдар, жоғары оқу орындары мен орта мектептердің оқытушылары кеңінен пайдалануда.

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев «алаш» сөзі қазақ арасында киелі саналғанына, тәуелсіздік үшін қуғын-сүргінге ұшыраған Алаш қозғалысының көрнекті қайраткерлерінің ардақты есімдерін қалпына келтіруге мүмкіндік жасалғанына, олардың еңбектерінің ұмытылмайтынына тоқталып өтті: «Өткен ғасырдың басында алаш идеясының төңірегінде топтасып, еліміздің азаттығы мен өркендеуіне үлкен үлес қосты жеріміздің тұтастығына, төл әдебиетіміз бен мәдениетімізді бұрын-соңды болмаған биікке көтерді. Өкінішке орай, олардың барлығы дерлік халық жауы деп жарияланып, қуғын-сүргін құрбандары болды. Олардың

шығармалары жойылып, ұзақ жылдар бойы олардың есімдерін атауға тыйым салынды. Алайда халқымыз біртуар ұлдарының есімдерін тірілте алды. Тәуелсіздік жылдарында Алаш қозғалысының тарихы және оның рухани мұрасы түбегейлі қайта қаралды. Бірнеше жыл бұрын Алаш автономиясының 100 жылдығын атап өттік. Ендігі уақытта алаш қайраткерлерінің есімдерін жаңғыртып, олардың тарихи рөліне лайықты бағасын береміз» [2].

Қорыта айтқанда, алаш зиялыларының өмір жолын, қоғамдық-саяси қызметі мен соңына қалдырған мұраларын мұқият зерттесек, қайраткерлердің қазақ тілінің дамуына да көп еңбек сіңіргеніне көз жеткізуге болады. Демек, қайсар рухты, асыл текті алаш қайраткерлерінің көшбасшылық арынымен де, қаламының қарымымен де қазақтың қазақ тіл білімінің дамуына қосқан үлесі, сіңірген еңбегі де елеусіз қалмауы керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Шерубай Құрманбайұлы, филология ғылымдарының докторы, профессор Ұлттық Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі. «Әлихан Бөкейхан және қазақтың жазба әдеби тілі». https://kaz.inform.kz/news/alihan-bokeyhan-zhane-kazaktyn-zhazba-adebi-tili_a2888162/
2. Қасым-Жомарт Тоқаев: Алаш қайраткерлерінің есімін қайта тірілтеміз. 04.07.2021 «TENGRİ NEWS»
3. Әдемі Естаева «Қазақ жазуының хронологиясы: тарих қайталануда ма?» 30.10.21 <https://inbusiness.kz/ru/news/hronologiya-kazahskoj-pismennosti-istoriya-povtoryaetsya>
4. «Халел Досмұхамедұлы және оның мұрасы». Атырау университеті. <https://asu.edu.kz/ru/university/khalel-dosmukhamedov/>
5. Әуезов М. Таңдамалылар. Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1997. 512 б.
6. Жұмабаев М. Шығармалары: 3 томдық Т. 2–3. Алматы, 1996. 512 б.
7. Назарбаев Н. Тарих толқынында. Алматы: Атамұра, 1999. 296 б.
8. Ұлттық рух. Құрастырған Е.Зәңгіров. Алматы: Экономика, 2012. 244 б.
9. Ұлттық рухтың ұйымдастырушылық ұстанымы: Ахмет Байтұрсынұлына арналған ғылыми еңбектер жинағы. Алматы: Ғылым, 1999. 568 б.

АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ТІЛ ТУРАЛЫ МҰРАСЫ

Б.С.Хайыржанова. А.Ж.Сариева

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті

Алаш зиялыларының саяси және рухани күресіндегі негізгі мақсат, орасан міндет, ол ұлтымызды ұйыстыру, сол арқылы елдігімізді айқындау десек, онда осындай ұланғайыр сауапты істің аясында ана тілімізді сақтау мәселесі тұрды.

Алаш қайраткерлерінің қай-қайсы да тілдің саяси, қоғамдық һәм рухани үлкен күш, ұлтты біріктіруші қуатты құбылыс екендігін жақсы сезінді. Сондықтан да Алаш сияқты аса ірі қозғалыстың рухани тінінде қазақ тілі мәселесі ерекше орынға ие болды. Ұлт-азаттық күрес заманы қалыптастырған зиялылардың ана тілімізге арналған еңбектері, тіл жолындағы алуан күрестері – бүгінгі өзі де азат, тілі де азат күнге жеткен қазақ баласына тағылымды мұра, өміршең өсиет.

Алаш зиялыларының тіл төңірегіндегі еңбектерінің алуандығы – олардың ұлт тағдырындағы тілдің төтенше маңызын әрі терең, әрі жан-жақты түсінгендігін аңғартады.

Біріншіден, Алаш азаматтары қазақ ғылымының төлбасы әрі арналы саласы ретінде ең алғаш болып тілтану ғылымының іргетасын қалады. Оның себебіне үңілсек, онда Алаш қайраткерлерінің барлық ұлттық ерекшеліктердің ішінен халықтың болмысын, өткені мен бүгінін танытарлық тіл сияқты ең көрнекті құбылысты таңдауы аса қисынды еді. Қандай ғылым болса да, әлбетте, белгілі бір қолданбалы, жүзелік сипаттан өрістейді. Осы тұрғыдан келгенде, Аханның тіл саласындағы еңбектері, кейінірек жазылған Халел Досмұхамедұлының, Телжан Шонанұлының, Елдес Омарұлының еңбектері алдымен оқытуға, білім беруге арналған дүниелер болатын. Айталық, Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралы», «Тіл құралы», Телжан Шонанұлының, Елдес Омарұлының оқу-әдістемелік мақалалары осыны аңғартады. Әсіресе, тіліміздің жазу үлгісінің, емлесінің қалыптасуындағы Алаш зиялыларының орны алабөтен. Алаш оқымыстыларының қазақ тіл білімі тарихындағы орнын 1924 жылы Орынбор қаласында өткен қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезі де байқатты. Осы алқалы, тарихи жағынан маңызды ғылыми жиындағы А.Байтұрсынұлының, Е.Омарұлының, Н.Төрөкұлұлының баяндамалары, Т.Шонанұлының, М.Дулатовтың, Х.Досмұхамедұлының, М.Тұрғанбайұлының, М.Саматұлының сөйлеген сөздері, ой-пікірлері тілтану ғылымының күрделі мәселелерін шешуде алаштықтардың қаншалықты үлкен еңбек сіңіргендіктерін қаншалықты эрудициясы мен интуициясы бай тұлғалар екендіктерін айғақтады. Осы сиезде, негізінен, әліпби, жазу ережелері тақырыптары баса көтерілгенімен, олар тілдің сан алуан мәселелері төңірегінде сөз қозғауға өрісті ой тудырды. Осындай білімпаздар съезі, біздің пайымдауымызша, бүгін де қажет сияқты. Себебі, емледе болсын, терминологияда болсын, ономастика саласында болсын тілші ғалымдармен бірге басқа ғылым саласы өкілдерімен бірге ақылдасып ортақ уәжге келерлік мәселелер баршылық. Алаш оқымыстылары қалыптастырған қазақ тіл білімі Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми-тілдік мектебін қалыптастырды. Бұл мектеп ілгеріде есімдері аталған тілтанушыларды өсірді, бұдан кейінгі кезеңде Ахметтің көзін көрген, өнегесін алған қаншама ғалымдар қалыптасса, кеңес заманындағы қазақ тіл білімі де А.Байтұрсынұлының ізімен жүрді, оның атын атай алмаса да, еңбектерін пайдаланды. Енді тәуелсіздік алған заманда тағы да Ахмет өзінің ұстаздық мінберіне барша тұлғасымен көтерілді.

Екіншіден, Алаш қаламгерлері ХІХ ғасырдың ортасында алғашқы белгілері байқалған ұлттық жазба әдебиетімізді жанрлық жағынан да, стильдік тұрғыдан да қалыптастырды, анағұрлым байытты. Бастапқыда Шортанбай Қанайұлы, Майлықожа Сұлтанқожаұлы, Әбубәкір Кердері және тағы да басқа исламдық ағартушылық ағымның өкілдері шығармашылығында, сәл кейінірек тұтастай түрде Ыбырай Алтынсарин, Абай өнернамасында қалыптаса бастаған жазба әдебиетінің көркемдік, стильдік, жалпы тілдік белгілерін іргелендірді.

Тіл – адамзаттың ең үлкен жетістігі. Бір-бірімен қарым-қатынас жасау үшін ғана емес, бойларына сіңірген өз тілдері арқылы тарихын, мәдениетін тануға ұмтылады. Ал, біздің Алаш қайраткерлері не дейді?

Ахмет Байтұрсынұлы: *«Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады. Өз ұлтына басқа жұртты қосамын дегендер әуелі сол жұрттың тілін аздыруға тырысады.*

Егер де біз қазақ деген ұлт болып тұруды тілесек, қарнымыз ашпас қамын ойлағанда тіліміздің де сақталу қамын қатар ойлау керек.

Орысша оқығандар орыс сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген, ноғайша оқығандар ноғай сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген. Қазақ сөздерін алып, орыс я ноғай жүйесімен тізсе, әрине, ол нағыз қазақша болып шықпайды. Сондай кемшілік болмас үшін әр жұрт баласын әуелінде өз тілінде оқытып, өз тілінде жазу-сызу үйретіп, өз тілінің жүйесін білдіріп, жолын танытып, балалар әбден дағдыланғаннан кейін басқаша оқыта бастайды. Біз де тіліміз бұзылмай сақталуын тілесек, өзгелерше әуелі ана тілімізбен оқытып, сонан соң басқаша оқытуға тиіспіз».

Халел Досмұхамедұлы: «Мәдениетіміздің негізі – білім. Білімге тіл арқылы жетіледі. Білімді жұрттардың тілі бай болады. Біздің тәжірибемізде қазақ тілі – бай тіл. Тек сөздері ғылым жолына салынып реттелмеген тіл. Қазақ тілі ғылым жолына салынып реттелсе, ешбір жұрттың тілінен кем болатын емес, бұған илануымыз керек. Елдің тілі бұзылуына ең алдымен оқығандары себеп болады. Бұлар жат әсерлерге бағынғыш келіп, ана тілін өзгертуге жол басшы болады.

Ана тілін жақсы біліп тұрып, бөтенше жақсы сөйлесең, бұл – сүйініш; ана тілін білмей тұрып, бөтенше сөйлесең, бұл – күйініш. Өз тілін білмей тұрып жат тілге еліктей беруі қор қате. Бұл оқығандардың һәм оқушылардың есінен шықпауы керек».

Міржақып Дулатұлы: «Қазақ тілі – бай, таза іргелі жұрт тілі деп бәріміз де айтамыз... Бірақ құр бай, таза деумен тіліміз өздігінен сақталып, әдебиетіміз өрбіп кете ала ма? Қай жұрттың тілі болса да ту басында біздікі секілді таза да, бай болған. Бірақ олар көрші жұрттардың сөзі қосыла-қосыла, жүре бұзылған.

Біздің қазақ тілі бұрын ылғалсыз таза болса да, бұл кезде басқа жұрттармен араласа бастадық, басқа жұрттардың оқуын оқыдық... Бір жағы Бұхар, бір жағы Мекке, Медине, Стамбұлдардан да оқып қайтқандарымыз бар. Солардың бәрі елге ноғайшылап, арабшылап, сартшылап қайтып жүр. Бұлардың сөйлеген сөзінде, жазған хатында шет жұрттардың тілі аңқып тұр... Қазақ тілін сақтаймыз, балаларымызды қазақша болсын дегенде бұлардың бәрінің негізі «Тіл – құралы» екенін ұмытпасқа керек.

Қазақ тілін іске асыратын болсақ, қазақ әдебиетін күшейтеміз десек, ең алдымен істің санын салмақтамай, сапасын ескеруіміз керек. Ол үшін қазақша деп жазылған сөздердің әлгі кемшілігін құрту керек. Оны құрту үшін әуелі бел кемшіліктің қандай екенін білу керек».

Ғұмар Қараш: «Бір халықтың өз тілінде білім өнері болмаса, ол халықтың тілі бұзылып өзгерді һәм көршілес күшті халықтың тілімен әсірелеп...соған қол болады, оның ішінде жаңалықтар көбейеді. Ол кішкене ұлттарды жаңартып, жандандырылмаған ескі тілі өзінің барлық маңызын жояды һәм жылдам ұмытылады.

Жалпы өнер білімнің ішіне ана тілі болуы да кіреді һәм мұның керісінше ана тілі болудан ұлттың білім өнері табылады. Ана тілін білмей тұрып, ешбір білім өнерді таратуға мүмкін емес.

Тіл ешбір уақытта өзге нәрселерге бас имеске тиіс. Біз оны безірек те сүюге һәм түрлі жұқпалы шет тілдерден сақтауға борыштымыз. Тіл айна, оның ішіне бүтін халықтың тұрмысы түсіп тұрады».

Мұстафа Шоқай: «Көне сөздің бәріне күмәнді қарауға болмайды. Тіл – халықтың перзенті, ол адамзаттың тарихымен тығыз байланысты. Заманның талаптарына сәйкес әр уақытта жаңа сөздер пайдаланудан шығып қалып отырады. Сонымен қатар өзінің

бастапқы мағынасын өзгертіп, жаңа мағынаға ие болатын сөздер де кездеседі. Бұл – барлық тіл атаулыға тән құбылыс».

Мағжан Жұмабаев: *«Тіл әрбір адамға осындай қымбат болса, әрине, ұлт үшін де қымбат. Тілсіз ұлт, тілінен айырылған ұлт дүниеде ұлт болып жасай алмақ емес. Ондай ұлт құрымақ. Ұлттың ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі болу. Ұлттың тілі кеми бастауы ұлттың құри бастағанын көрсетеді. Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмасқа тиісті. Бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай көрініп тұрады».*

Ұлт-азаттық күрес заманы қалыптастырған зиялылардың ана тілімізге арналған еңбектері, тіл жолындағы алуан күрестері – бүгінгі өзі де азат, тілі де азат күнге жеткен қазақ баласына тағылымды мұра, өміршең өсиет. Алаш зиялыларының тіл төңірегіндегі еңбектерінің алуандығы – олардың ұлт тағдырындағы тілдің төтенше маңызын әрі терең, әрі жан-жақты түсінгендігін аңғартады.

АЛАШ АМАНАТЫ

Б.Р.Саламеденова

Амангелді атындағы орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
педагог-зерттеуші

Алаш зиялыларының саяси және рухани күресіндегі негізгі мақсат, орасан міндет, ол ұлтымызды ұйымдастыру, сол арқылы елдігімізді айқындау десек, онда осындай ұланғайыр сауапты істің аясында ана тілімізді сақтау мәселесі тұрады. Алаш қайраткерлерінің қай-қайсы да тілдің саяси, қоғамдық һәм рухани үлкен күш, ұлтты біріктіруші қуатты құбылыс екендігін жақсы сезінді. Сондықтан да Алаш сияқты аса ірі қозғалыстың рухани тілінде қазақ тілі мәселесі ерекше орынға ие болды.

Ұлттың бойындағы сан ғасырлар жинақталған рух пен мұраттың ұлы бұлқынысы болған Алаш қозғалысы ел тағдырына қатысты барша идеяны өзіне өзек еткені бүгінде көбімізге белгілі. Қазіргі таңда Алаш қайраткерлері күресінің тағылымы да Алаш қаламгерлерінің мұрасы да жылдан жылға қазақтың рухани-мәдени өміріне еніп, «Алаш» сөзі аяулы ұғым, қасиетті түсінік ретінде қоғамымызда асқақтатыла айтылып келеді. Күнделікті теледидардан, радиодан, газеттерден «Алаш» сөзінің айрықша мән беріліп айтылғанына, жазылғанына куә болудамыз. Яғни, Алланың қалауымен қазақ баласының жаны мен жүрегіне, ойы мен пікіріне, санасы мен сезіміне «Алаш» ұғымы уақыт өткен сайын бойлай түсуде. Сонау ХХ ғасырдың басында елдің еркіндігі үшін күрескен ерлер қалаған осы қасиетті сөз тәуелсіздігіне жеткен қазақ баласына да соншалықты қымбат, аяулы ұғымға айналуда. Бұл санамыздың жаңғыруы, тарихы тамырларымызды қастерлеуіміз, елдіктің белгісі, өсер жұрттың өнегесі. [1,20 б]

Алаш — ұлттың аспан асты, жер үстінде өз орны бар ел ретінде өз еншісі мен үлесін анықтау харакеті. Зиялылардың Алаш атауын таңдауы да жайдан-жай емес еді. Алаш жаңа елдігіміздің, байырғы аймағымыздың рәмізі еді. ХХ ғасырда қазақтың азаматтық тарихында ең ұлы идея қайсы десек, ол – Алаш идеясы деп жауап беруге болады. Бүгінгі тәуелсіздігіміздің негізі де осы идеяда жатыр. Алаш идеясы үшін күрескен кезең – 1907 жылдан 1930 жылға дейінгі 30 жылдай уақытты ғана қамтыған. Аз болса да ғасырға тең уақыт. Алаштың серкелері – Әлихан Бөкейханов, Мұстафа Шоқай, Ахмет Байтұрсынұлы, Халел Досмұхамедұлы,

Міржақып Дулатұлы, Халел Ғаббасұлы, Мұхамеджан Тынышбайұлы. Алаш зиялыларының алдыңғы толқыны болып есептелетін осынау тұлғалардың әрбірі мемлекет басқаруға қабілетті еді.

Қазақ тарихында Алаш арыстарының орны ерекше. Олар Қазақ елінің сан ғасырлық даму тәжірибесін, салт-дәстүрін төңкерістік әдіспен күрт өзгертуді емес, қайта оларды өркениетті елдердің өмір тәжірибесін ескере отырып, одан әрі дамытуды, білім алып, көппен терезе теңестіруін көздеді. Ең алдымен, қазақтың өз атамекеніне ие болуын мақсат етті. Сол жолда күресті. Сонымен қатар елге демократия, білім-білік алып келу үдерісінің бастауында тұрғандар да – солар болды.

Алаш зиялылары – елшілдік пен Отанға адал қызмет етудің рәмізі. Олар – барды көбейтуші, үзілгенді жалғастырушы, жоқты жасаушы.

Алаш қозғалысының тарихи негізі Ресей отаршылдығының қазақ жеріндегі аса асқынған кезеңінен басталды десек те, Алаш идеясы одан әлдеқайда бұрын өмірге келіп, күні бүгінге дейін еліміз, жеріміз деп ұлт болашағын ойлаған әрбір қазақ жүрегінің терең түкпірінен орын тепкен. Өйткені Алаш қозғалысы қазақ қауымындағы отаршылдыққа қарсы бағытталған, прогреске ұмтылған жалпыхалықтық демократиялық қозғалыс еді. [3,47 б]

Қазақ халқының үздік білім алған, кең ойлы патриот саңлақтарының пайда болуымен тұңғыш ұлттық Алаш үкіметі құрылып, қазақтың саяси идеясының негізі қаланды. Алаш қозғалысының лидерлері халықтың өзіндік санасын жоғары көтеріп, ұлттық бостандық идеясын ұсынды, қазақ халқының ұлттық мүддесін қорғау бойынша бірізді бағыт ұстанды.

Алаш жетекшілерінің ұлт-азаттық ұрандары сол дәуірдің оқыған талапты, талантты жастарын баурап алды. Туған халқының халін сезіп, біліп өскен өрелі жас буын өкілдері ұлт-азаттық қозғалысы қайраткерлерінің идеяларын қолдап, солармен бірге қимыл жасады. Қозғалысқа қатысты құжаттардан Алаш қайраткерлерінің оларды іске жұмылдырып, қажет жерінде тиісті тапсырмалар беріп отырғандығын байқауға болады. Алаш қозғалысына қатысқан 17-25 жас аралығындағы жастардың ішінен кейін көптеген мемлекет, қоғам қайраткерлері, ақын-жазушылар, ғалымдар шыққаны белгілі.

Алаш зиялылары ұлтына пайдалы адамдардың бейнесін былайша сомдаған-ды: Ақ жүрек таза болса. Жұртты я сатып, я алдап кетпейтін болса. Халық үшін ерінбей қызмет етерлік, екі талай жерде жанын қиярлық ер жүректі болса. Өз пайдасынан жұрт пайдасын артық көретін болса. Саясат ісіне жетік болса. Білімді, шешен, көсем, оқыған болса. Халықтың қалпына, салтына, тұрмысына жете таныс болса. Міне депутат болуға осындай адамдар лайық [1,15 б.]. Сонымен қатар, билікке ұмтылу атақ үшін қылатын іс, жолым кетті деп өкінетін жол бұл еместігі, әркім жақынына, облысына, уезіне, ұранына тартса ұлттың болашағы күмәнді болатындығы да Алаш зиялыларының назарынан тыс қалмады.

Ұзақ ғасырларға созылған отаршыл саясат зардабынан руға, жүзге, жерге бөліну тамыр жайды. Алаш зиялылары «бөліп ал да, билей бер» саясатына қарсы күресті. «Үш жүздің баласы бәрің де қазақсың. Алған бәйгең қазақтікі болады, алдарсың да, қазақты алдырасың. ... жақсы болу үшін ел билеуші болу шарт емес. Ел билеуші болу үшін жақсы болу шарт. .. біздің қазақ алаштан шыққан жүйрікке үкі тағу керек. Соның тілегін тілеу керек...»[4,10 б.], - деген мазмұндағы жолдар сөзімізге дәлел. Өрімтал жас атақтың адамға жолдас болмайтындығын әріден ұғынып өсуі шарт. Атаққұмарлық - мәдениеттің қас жауы. Қызылдар ылаңының «мұрасы» болып қалған «рушылдық, жүзшілдік, жершілдік» секілді тексіз қылықтар қазақ мәдениетіне жат екендігі даусыз.

Сонымен, елдік санасы биік ұлт қызметкерін тәрбиелеу үшін тарих тағылымын жас ұрпақ бойына сіңіру қажет. Тарихқа философиялық көзқарас арқылы, тарих, тұлғалар даналығы арқылы өскелең ұрпақ елшіл болып қалыптаспақ. Ақиқатына келгенде, жеке адамның атағы уақытша, ал ұлтқа қызмет еткен істің ғұмыры ұзақ, тіпті мәңгілік деп те айтуға болады. Мағжан ақынша айтқанда: Ел үшін жаннан кешіп, жауды қуған, Ерлерді ұмытса да ел, шөл ұмытпас. Шәкәрім ғұламаша түсіндірсек: Жоба тап, Жол көрсет, Келешек қамы үшін.... Ғибрат алар артыңа із қалдырсаң –Шын бақыт, Осыны ұқ, Мәңгілік өлмейсің! [3, 78 б.]. Ел мен ер бірін-бірі жетелейді. Елсіз ер шықпас, ерсіз ел алысқа шаппайтынын осыдан аңғаруға болады.

Ұлт ісін жөндеу ісін Алаш зиялылары айтқандай «Жұрт ісінде кімге де болса жұмыс табылады. Жұрт жұмысының жөні, мақсаты бір, істеу жолы түрліше. Соның әр түрін әркім қолға алып жұртқа керек жөнімен мақсатқа қарай жүргізу керек» [1, 206.]. **Бұл сөз – жаһандану дәуірінде «Мәңгілік ел» болып қалу үшін әр азаматтың ұстанымы болуы керек ой.**

Алаш зиялыларының саяси және рухани күресіндегі негізгі мақсат, орасан міндет – ол ұлтымызды ұйымдастыру, сол арқылы елдігімізді айқындау десек, онда осындай ұлан-ғайыр сауапты істің аясында ана тілімізді сақтау мәселесі тұрды. Алаш қайраткерлерінің қай-қайсы да тілдің саяси, қоғамдық һәм рухани үлкен күш, ұлтты біріктіруші қуатты құбылыс екендігін жақсы сезінді. Сондықтан да Алаш сияқты аса ірі қозғалыстың рухани тілінде қазақ тілі мәселесі ерекше орынға ие болды. Ұлт-азаттық күрес заманы қалыптастырған зиялылардың ана тілімізге арналған еңбектері, тіл жолындағы алуан күрестері-бүгінгі өзі де азат, тілі де азат күнге жеткен қазақ баласына тағылымды мұра, өміршең өсиет. Алаш зиялыларының тіл төңірегіндегі еңбектерінің алуандығы –олардың ұлт тағдырындағы тілдің төтенше маңызын әрі терең, әрі жан-жақты түсінгендігін аңғартады. Соған орай, Алаштың тілдік мұрасын сан тарапты құбылыс деп бағалай келе, оны бірнеше аспектіде сипаттаудың бірқатар мүмкіндіктерін айта кетсек.

Біріншіден, Алаш азаматтары қазақ ғылымының төлбасы әрі арналы саласы ретінде ең алғаш болып тілтану ғылымының іргетасын қалады. Оның себебіне үңілсек, онда Алаш қайраткерлерінің барлық ұлттық ерекшеліктердің ішінен халықтың болмысын, өткені мен бүгінін танытарлық тіл сияқты ең көрнекті құбылысты тандауы аса қисында еді. Қандай ғылым болса да, әлбетте, белгілі бір қолданбалы, жүзелік сипаттан өрістейді. Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралы», «Тіл құралы», Телжан Шонанұлының, Елдес Омарұлының оқу-әдістемелік мақалалары осыны аңғартады. Әсіресе, тіліміздің жазу үлгісінің, емлесінің қалыптасуындағы А.Байтұрсынұлының орны айрықша. Оның "Тіл-құрал" еңбегі оқыту әдістемесіне жаңалық енгізді. Ғалым қазақ тілін оқытуда оқушылардың тілдік дағдыларын қалыптастыруға баса назар аударды. Ол оқу мен жазуды үйретудің практикалық әдістерін жасап, тіл үйренушілер үшін тиімді оқу құралын ұсынды. Байтұрсынұлы тілдің ұлттық мәдениеттің, халықтың тарихының және руханиятының маңызды элементі екенін түсіндірді. Тілдің ұлт үшін маңыздылығын, оның білім мен мәдениеттің, әлеуметтік қатынастардың негізі болатынын атап өтті.

Екіншіден, Алаш қаламгерлері XIX ғасырдың ортасында алғашқы белгілері байқалған ұлттық жазба әдебиетімізді жанрлық жағынан да, стильдік тұрғыдан да қалыптастырды, анағұрлым байытты. Әңгіме, повесть, роман, поэма, баллада, драма сияқты жанрлардың түгенденуі де ұлттық жазба әдебиетіміздің қалыптасу кезеңінен даму биігіне қарышты қадам жасағандығын әйгіледі. Қазіргі кезде ғалымдар тарапынан «Алаш әдебиеті», «Алаш ұранды

әдебиет» делініп жүрген әдебиет идеялық жағынан да, тақырыптық жағынан да, тілдік-стильдік жағынан да, жанрлық жағынан да ауызша дамыған сөз өнеріміздің жазба әдебиетке тән деңгейге көтерілуіне өлшеусіз үлес қосты. Бұл тіліміздің бойындағы мүмкіндіктерді барынша көрсетуге, көркем әдебиет стилінің дамуына жағдай жасады. Алаш әдебиеті арқылы ұлттық сөз өнеріміз жаңа деңгейге жетіп, тіліміздің байлығы мен оралымдылығының, мағыналылығының мүмкіндіктері мол екендігін паш етті. Міржақып Дулатовтың «Оян, қазақ!» кітабы мен Мағжан Жұмабаевтың поэзиясы қазақ халқының рухани және мәдени байлығын танытса, Жүсіпбек Аймауытовтың шығармалары қазақ қоғамының өмір салты мен тұрмыстық ерекшеліктерін бейнеледі. Қазақтың батырлық жырлары, ертегілері, мақал-мәтелдері қазақ тілінің ғасырлар бойы қалыптасқан мәдени қазынасын көрсетіп қана қоймай, тілдің өміршеңдігін де дәлелдеді. Олардың еңбектері арқылы қазақ әдебиеті ұлттық бірегейліктің негізіне айналып, қоғамда қанатын кең жайды.

Үшіншіден, Алаш зиялылары ХХ ғасырдың басында ұлт тәуелсіздігі мәселесін көтере отырып, ұлттың рухани-мәдени өрлеуіндегі, саяси ұйысуындағы асыл қазынаның бірегейі тіл екендігін байыптады. Сөйтіп, олар тілді сақтау, дамыту, қолданыс аясын кеңейту міндеттерін көтере келе, қазақ тілінің саяси, қоғамдық, әлеуметтік мәртебесіне ерекше мән берді. Бұл алаштықтар тарапынан тілдің, саяси, әлеуметтік маңызын, ұлттың тұтасуы мен өркендеуіндегі орнын сезініп, оған тұңғыш рет берілген толымды баға болатын. Бұл да тәлімі тарихи деуге татитын алаштың орасан өнегесі болатын. Ресей отаршылдығының саяси, әскери қысымын ғана емес, рухани өктемдігін сезген, көрген Алаш зиялылары тілді, ұлтты сақтап қаларлық қуатты құрал деп қарап, бағалап, соған риясыз қызмет етті. Хандық мемлекет тұсында тіл билік пен шешендіктің, көсемдіктің, өнебойы отаршылдықта өткен ХІХ ғасырда қарсылық пен сынның құралы болса, Алаш қозғалысы тұсында тілге ең алғаш рет ұлтты тұтастырушылық ірі қызмет жүктелді.

Яғни, қазақ тілі қалың ел, ордалы жұрттың тілі ретінде сақталу керек, сақтала тұрып ұлттың ұлттығын да сақтауы тиісті деп бағаланды. А. Байтұрсынұлы «Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта, адамы құрымай жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы - тіл» деп ұлттық рухтың, болмыстың негізі де, тіл екендігін аңғартты. Осындай пікірлерді Алаш зиялыларының көпшілігі білдірді. Айталық, Ғұмар Қараштың: «Тіл сақтауға мүмкін болғанда, тіл сақталуы тиіс. Біз тілімізді қанша сақтасақ, ұлтымызды да сонша сақтаған боламыз», Мұстафа Шоқайдың: «Ұлттық рухтың негізі – ұлттық тіл. Кешегі Ресей тіліміздің дамуына жол бермеді. Ол кезде біздің ұлттық басылымдар шығару құқығымыз жоқ болатын», Халел Досмұхамедұлының: «Ана тілін жақсы біліп тұрып бөтенше жақсы сөйлесең, бұл –сүйініш; ана тілін білмей тұрып бөтенше сөйлесең, бұл күйініш. Өз тілін білмей тұрып, жат тілге еліктей беруі зор қате. Бұл оқығандардың хәм оқушылардың есінен шықпауы керек», Мағжан Жұмабаевтың : «Ұлттың ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі болуы» дегендері біздің заманымызға үндес, өзекті пікірлер. Ұлттық руханияттың өзегі ана тіл екендігін рухани-мәдени тарихымызда алғаш білдіргендер алаштықтар болды. Олар ана тілін ұлт болмысының басты бөлшегі ретінде қарастырып, әсіресе, жас ұрпақ тәрбиесінде оның алатын орнына да ерекше назар аударды. Алаш қайраткерлерінің тіл турасындағы осы көкейкесті ойлары, рухани күресі азаттық алған бүгінгі қазаққа да жолбасшылық етуде. Алаш зиялыларының қазақ тіліне жасаған зор, тіпті ұлы еңбектері қай жағынан алсаңыз да тарихи миссия. Оның серпіні бүгінгі күнделікті еңбектеріміздің екпініне ұласуы қажет және міндетті деп ойлаймыз. Бізге Алаш зиялыларының тілдік мұрасы осыны үндейді. Ол ұланғайыр мұрамен танысу, білу, біздің

ойымызша бастапқы қадам ғана. Осы орайда, Мәмбет Қойгелдиевтің сөзімен айтсақ: «Халықтың өткен өмірі жалпықоғамдық мәні бар тәжірибе ретінде қорытылып, белгілі бір дәрежеде ұлт игілігіне асқанда ғана құндылыққа айналады. Онсыз өткен тарих жәй әңгіме ғана. Алаш халқымызды бесігінде тербетіп, есейіп ат жалын тартып мінгенде бойына күш-қуат және сенім берген ұлттық идея. Алаш – ұлттың аспан асты, жер үстінде өз орны бар ел ретінде өз еншісі мен үлесін анықтау харекеті».

Алаш зиялыларының қазақ тіл білімінің қалыптасуындағы рөлі қазақ тілінің дамуы мен сақталуында ғана емес, сондай-ақ қазақ халқының ұлттық санасының жаңғыруында да зор мәнге ие. Олардың еңбектері қазіргі қазақ тілінің ғылыми негізін құрайды және бүгінгі күнге дейін маңызын жойған жоқ.

Бұл Алаш мұрасы мен мұратын танудың терең толғамы. Алаштың құндылығы хақындағы осы толғамы Алаш қайраткерлерінің тілдік мұрасына да әбден қатысты деуге болады. Бағзы бабалардың да, Алаш зиялыларының да аманаты осында.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қойгелдиев М., Омарбеков Т. Тарих тағылым не дейді? –Алматы 1993 ж.43 б.
2. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш.-Алматы: Атамұра, 2003.-208 б.
3. Елім деп соққан жүрек /Құраст. Күзембаева В.Қ. А., 2002.- 362 б.
4. Қойгелдиев М. Ол ақырғы деміне дейін адал болды. //Аңыз адам.-2011.- №20(32).- 15-16 бб.
5. Жұмабаев М. Көп томдық шығармалар жинағы.- 1 том.-Алматы: «Жазушы», 2008.- 208 б.

А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІ ЖӘНЕ ХХІ ҒАСЫР ТІЛ ҒЫЛЫМЫ ПАРАДИГМАСЫ

Н.А.Өтениязов

Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 1-курс студенті
Ғылыми жетекші: лингвистика магистрі,
аға оқытушы **Н.С.Салимова**

Тіл ғылымы тарихы да жалпы ғылым тарихы сияқты өзінің даму логикасы мен кезеңдеріне ие. Ол заманның, технологияның, адам қажеттігінің өзгеруіне, ғылымға қатысты көзқарастарға, ғылымның алға қойылған мақсатына сай өзгереді. Ғылыми зерттеу парадигмалар ауысады. А.Байтұрсынұлы тіл біліміне де, әдебиетке де қатысты еңбектер жазған. Мұны сол кездегі заман тудырған қажеттілік әрі ұлт ұстазының асқан қабілеттілігі мен өз ұлтын сауатты, білімді елге айналдыру мақсатынан туған деуге толық негіз бар. Оның еңбектерін, зерттеулерін талдап, зерделеу, яғни *ахметтану* ілімі, Б.Әбілқасымовтың пікірінше, өзінің көзі тірісінде 1923 жылдан басталған. Осы жылы А.Байтұрсынұлының 50 жасқа толған мерейтойы кезінде оның еңбектеріне М.Әуезов, М.Дулатұлы, С.Сейфуллин, Т.Шонанов, орыс түркітанушылары Е.Поливанов, А.Самоилович талдау жасаған [1, 20]. Көп ұзамай ұлт ұстазы нақақтан жала жабылып, «халық жауының» қатарында атылған, ғалымның еңбектерін оқуға тыйым салынған.

Аталмыш тыйымдарға қарамастан, ел алдында А.Байтұрсынұлының атын алғаш атаған ғалым – **Рәбиға Сыздық**. Б.Әбілқасымовтың айтуынша, 1977 жылы Кеңес үкіметінің құрылғанына 60 жыл толуына арналған конференцияда академик Р.Сыздық А.Байтұрсынұлының қазақ тіл ғылымының негізін салғанын баяндаған, бірақ ғалымның сол баяндамасы конференция жинағына енбеген. Оның алдында ғалым Ш.Сарыбаев 1960 жылы «Қазақ тіл білімінің көрсеткіші» деген еңбегінде А.Байтұрсынұлының еңбегін тізіміне енгізгені үшін кітабы таратылмай, өзі бөлім бастығы қызметінен босатылған [1, 21]. Осылай басталған ахметтанушылар А.Байтұрсынұлының еңбектерінің қазақ тіл білімінің негізін қалағандығын жан-жақты дәлелдейді.

«А.Байтұрсынұлы мектеп оқулықтарын жазған, ал ол оқулықтар қалай тіл білімінің негізін қалады деп айтуға негіз болады?». Ахметтанушылардың алдына қойылған ең алғашқы сауал осы еді. Бұл пікірге академик Р.Сыздық мынадай тұжырым ұсынады: «Қазақ тіл білімі – қазақ ғылымының басы болды. Қазақ лингвистикасы бастауыш класс оқулықтарынан басталады. ...тіл туралы ілім тілдің жалпы және тұрақты белгілерін баяндаудан басталады» [2, 4].

Бұл пікір кейінгі ахметтанушылар зерттеулеріндегі пікірлермен де беки түсті. Олардың қатарына О.Жұбаеваның мына ойын да келтіруді жөн көрдім: «Соңғы жылдары ғылыми танымда ХХ ғасырдың басында өмір сүрген ұлттық тіл білімінің қалыптасуына елеулі үлес қосқан ғалымдардың еңбектеріне ерекше көңіл бөліне бастады. Қазақ тіл білімінде жаңадан қалыптаса бастаған когнитивті лингвистика, антропоэктілік бағыт сияқты жаңа үдерістер ХХ ғасырдың басында ұлттық тіл білімінің көш бастауында тұрған ғалымдардың еңбектерінен басталады. Қазақ тіл біліміндегі жаңа бағыттармен А.Байтұрсынұлы, Қ.Кемеңгерұлы, Т.Шонанов, Қ.Жұбанов, Қ.Басымұлы сынды ғалым-зерттеушілердің еңбектерінің арасындағы сабақтастық осы кезеңді зерттеуді қажет етіп отыр» [3, 3].

Қазақ тіл ғылымының бастауында А.Байтұрсынұлы мен Қ.Жұбановтың еңбектері тұрғаны ақиқат. Ол еңбектер «қалыпты ғылым» (бір парадигма шеңберіндегі ғылыми білімнің өсуі; белгілі бір фактілерді анықтау, фактілер мен теорияларды салыстыру, жаңа теория жасау) сапасында ұзақ жылдар бойы ғалымдар арасында мойындалды, орнықты және практикалық әрекет негізінде жалғасын тапты.

А.Байтұрсынұлының үштомдық «Тіл-құралы», «Әдебиет танытқыш» кітабы, «Оқу құралы. Қазақша алифба. 1-кітап», «Баяншы. Қазақ мұғалімдері үшін», «Тіл жұмсар. Сөйлеу, оқу, жазу тілін жұмыс тәжірибесі арқылы танытатын 1-кітабы» - бұлар тіл ғылымының негізгі түсініктері мен ұғымдарын меңгертті. Аталған еңбектер тіл ғылымына кейін келген ғалымдардың өз зерттеулерін жүргізуіне бағдар берді және кейінгі ғалымдардың бұл оқу құралдарында шешімін таппаған ғылыми мәселелерді табуына, оны анықтауына, сипаттауына түрткі болды. Осы екі белгінің болуы – зерттеудің мәселесі мен әдісінің ғалымдар арасында ұзақ уақыт мойындалу мен кейінгі ғалымдардың пайдалануына ашықтығы, дәлірек айтқанда, жаңа шешімін күткен мәселенің табылуы «Ғылыми төңкеріс құрылымы» еңбегін жазған Т.Кунның терминімен айтсақ, *парадигма* болып саналады. Оның пайымдауынша, *парадигма* – ғылыми мәселенің қойылуы мен шешімін табуының белгілі бір уақыт бойы барлық ғалымдар тарапынан мойындалған моделі [4]. Осыған сүйене отырып, А.Байтұрсынұлының еңбектері тілді зерттеудің *құрылымдық парадигмасын* құрды дей аламыз. Сонымен бірге бұл парадигма ХХ ғасырдың соңы мен ХХІ ғасырдың басына дейін ғылымға қызмет еткен жалпы әлем тіл ғылымы парадигмасымен сабақтастықта болған деуге болады. Бұған келтірер уәжіміз қандай? Аталған кезеңде Фердинанд де Соссюрдің «тіл мен сөз» дихотомиясына қатысты тұжырымы

мойындалды. Ол «тіл мен тілдік қабілет қосындысы сөз әрекетін беретіндігін, тілдің әлеуметтік феномен екенін, ал тілдік қабілеттің жекелік сипатта келетінін дәлелдеді, сөз бен сөз әрекетін қарама-қарсы қойып, сөз әрекеті – ойдың тіл арқылы сыртқа шығу мүмкіндігі, ал сөз(речь) – сол сөз әрекетінің қорытындысы» [5] деген тұжырым ұсынғаны белгілі. Осыған ұқсас ой-тұжырымды А.Байтұрсынұлынан да кездестіреміз. Атап айтқанда, ғалым былай деп жазады:

«Қазақ тілі қазақ ортасындағы бәріне бірдей ортақ мүлік болғанымен, бәрі бірдей пайдаланбайды. Әркім әр сөзді өзінше қолданады, өзінше тұтынады. Бүтін пікірін айтып шығатын әңгіме ішінде түгіл, жалғыз ауыз амандасу жүзінде де әркім ір түрлі сөз қолданады. Мәселен, біреу «Амансыз ба?» деп, біреу «Есенсіз бе?» деп, біреу «Сәлемет жүрсіз бе?» деп, біреу «Күйлі, қуатты барсыз ба?» деп амандасады. Бәрінің ой мақсаты біреу. Бәрінікі амандық білу, амандық сұрау, бірақ әркім, әр түрлі сөз қолданып, өзінше сұрайды» [6, 254] немесе «Сөздің өзін танытатын белгі тіл, яки лұғат белгісі болады. Ол белгі әркімнің өз ыңғайымен, өз оңтайымен сөз тізіп, әдеттенуінен, салттануынан болады. Әркімнің өз салты болғанымен, ол салттар жалпы сөз тізу салттарынан, шарттарынан аса алмайды» [6, 243]. *Әркімнің өз салты болғанымен, ол салттар жалпы сөз тізу салттарынан, шарттарынан аса алмайды* дегендегі *әркімнің өз салты* деп отырғаны, менің пайымдауымша, жеке тілдік қабілетке сай болады деген оймен ұштасса, *Қазақ тілі қазақ ортасындағы бәріне бірдей ортақ мүлік ; ол салттар жалпы сөз тізу салттарынан, шарттарынан аса алмайды* дегені тілдің әлеуметтік сипатына сай келеді.

Кез-келген ғылымның дамуындағы ішкі және сыртқы мәнбірлері(бір істің, оқиғаның қозғаушы күші, уәжі, себебі. Сөйлесім мазмұнын дұрыс түсіну тілдік және тілдік емес мәнбірлерге тәуелді) болатыны белгілі. Ішкі мәнбірдің бірі – ғылыми зерттеулердің эмпирикалық базасы. Оның өзі аналитикалық және тәжірибелік болып бөлінеді. А.Байтұрсынұлы еңбектеріндегі материалдар ағартушы-ғалымның аналитикалық, яғни тіл ғылымы түсініктері мен ұғымын *арнайы мақсатта таңдалған мәтіндер* негізінде түсіндіруімен ерекшеленеді. Мысалы, «Тіл-құралдың» 1-тіл танытқыш кітабында «Сөйлеу мен сөйлем» аталатын тақырыпта түсіндіру былайша берілген:

«Жер жұтуға тоймайды, от отынға тоймайды, құлақ естуге тоймайды, кісі ойға тоймайды, бөрі қойға тоймайды. Бұл **сөйлеуде**(айрықшалаған мен) 5 сөйлем бар. Еділ бойы тоғай бар, тоғай толы ноғай бар, бурыл атта бұғау бар, оны да кесер егеу бар, сом темірге балға бар, сомсынғанға орда бар. Бұл сөйлеуде **6 сөйлем сөз** (айрықшалаған мен) бар. Жоғарыда жазылған екі сөйлеуден көрінеді – бір сөйлеудің ішінде бірнеше сөйлем болатындығы» [6, 16]. Осы тұста ғалымның *сөйлеу, сөйлем сөз* деген қолданыстарына көңіл аудартқым келеді. *Сөйлеу* термині ғалымның зерттеуінің мазмұнында қайталанып отырады: *сөйлеу бөлімдері* (зат есім, тәуелді қалып(оңаша, ортақ тәуелдік), сын есім, сан есім, есімдік, етістік(етістіктер, райлар, көсемше, есімше, үстеу, демеу, жалғаулықтар, одағай) [6, 52] жатқызылғанына қарағанда бұл тіркеспен *сөз таптары* беріліп тұрған тәрізді, оған ғалымның 163-беттегі «Жоғарыда мысалға алынған сөйлемдерде сөйлеу бөлімдерінің бәрі бастауыш болуға жарайтын болып шықты» деген қорытындысындағы қолданыс дәлел бола алады. Алайда ғалым *бастауыш болатын сөз таптары* (159-б), *баяндауыш болатын сөз таптары* (165-б) деген тақырыптар атауында *сөз таптары* терминін қолданған, осы тұста бізде: «Ғалым *сөйлеу бөлімдері* деген тіркеспен нені меңзеп тұр?» деген ой туындайды.), сөйлегенде бір нәрсе туралы сырын-сипатын, жайын, амалын, болмысын сөйлейміз (158-б), сөйлеу әуезділігі – сөйлеу ішіндегі сөйлемдердің үндері құлаққа жағымды болуы сөйлемдердің тізілуі түрінен (293-б) деген тұжырымдарына сүйене

отырып, біз ғалымның сөйлеу терминін *сөз түзу* немесе *сөз шығар әрекеті* деген мәнде жұмсалған деп ойлаймыз. Өйткені ғалым «... сөзден жасап сөз шығару деген жұмыс әркімнің қолынан келе бермейді» (242-б), «екі түрлі лебіз бар: бірі жалаң, екіншісі көрнекі болады деп жоғарыда айтылған еді. Қайсысымен сөйлесек те сөз түзу болады» (336-б) деп көрсетеді. Ал бұл психолингвистиканың негізгі зерттеу нысаны мен сол бағыттың терминдік қолданысы.

Біз XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында тілді зерттеу парадигмасының өзі екі сипатта болғанына көңіл ардартамыз: тілді зерттеудің дәстүрлі, яғни құрылымдық парадигмасының негізгі нысаны *тіл жүйесі, тілдік құрылымның қолданысы, бірлік* болып табылады. Бұл парадигма да өзгеріп, дами келе лингвистиканың негізгі мәселесі «тіл мен сөз» арақатынасына, онан соң «мәтін мен оның зерделенуіне(интерпретациясына)» ауысты.

XXI ғасыр тіл ғылымы парадигмасы өзгерді, құрылымдық парадигмадан антропоэекті парадигмаға ауысты деген пікір ғылыми зерттеулерде орнықты, алдыңғы парадигмада «тілді тіл үшін зерттеу» көзделді. Сонымен бірге XXI ғасырдағы лингвистикалық зерттеулердің жаңа проблемалары да санамаланып жүр. Оларды атасақ: 1) өткен ғасырдағы лингвистиканың қазіргі лингвистикадан айырмасы – зерттеу пәнінің бірнеше болуында; 2) зерттеу мәселелеріне келесілердің енуімен ерекшеленеді: тіл корпусы, тілдік сана, әлем бейнесі, әлемнің тілдік бейнесі, әлемнің ұлттық бейнесі, ассоциативті-вербалды желі, интернеттегі қарым-қатынас, концепт, когнитивтік құрылым, сөз тәртібі және т.б.

Антропоэекті парадигманың ұзын-ырғасы 24 бағыты аталып жүр. Олардың ішінде қазір әбден орнығып, мойындалған бағыттары да (танымдық лингвистика, лингвомәдениеттаным, этнолингвистика, лингвоконцептология, коммуникативтік лингвистика, лингвопрагматика, функционалды грамматика, мәдениетаралық коммуникация, корпусдық лингвистика, психолингвистика, дискурсология т.с.с.), әлі орныға қоймаған, қалыптасу үстіндегі бағыттары да (биолингвистика, ноолингвистика, лингвопалеонтология, юрислингвистика т.с.с.) бар.

Ахмет Байтұрсынұлының ой-пікірлерін осы лингвистикалық бағыттардың зерттеу пәнінің сипатымен сабақтастыра қарасақ, кей сәйкестіктерді табуға болады. Мысалы, ғалымның тілдің міндетін анықтаған ойына назар аударсақ:

«Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарату» (242-б) немесе «ішіндегі пікірді, қиялды, көңілдің күйін тәртіптеп, қисынын, қырын, кестесін келістіріп сөз арқылы тысқа шығару сөз шығару болады» (252-б). Сөйлеудің асыл мағынасы – біреуге білдірейін деген ойын айту. Айтушының мақсаты – тыңдаушыға ойын түгел түсіндіру. Ойын анықтау үшін соған керек сөздерді алу қажет (173-б). Ғалымның осы тұжырымдарында қолданған *ақыл, қиял, көңіл, пікір, ой* терминдері – психологиялық терминдер, бұл қазіргі психолингвистикада сөздің түзілу тетіктерін түсіндіруде қолданылады, ойдың не хабардың тілдік «жамылғышын» жамылғанға дейінгі үдерісті сипаттайды. Психолингвистиканың зерттеу пәні тілді психологиялық феномен ретінде қарастыру болса, бұл ой ұшығын А.Байтұрсынұлы зерттеулерінен кездестіреміз.

Нақты коммуникативтік-прагматикалық кеңістіктегі тілдік бірліктердің өзара қатынасы мен қолданылу шарттары зерттеу пәні болатын лингвопрагматика бағытымен сабақтасатын ойды да тани аламыз. Ғалым былай деп жазады:

«Айтушы ойын өзі үшін айтпайды. Өзге үшін айтады. Сондықтан ол ойын өзгелер қиналмай түсінетін қылып айту керек. Оның үшін айтушы сөйлейтін тілін жақсы қолдана білу тиіс» (254-б). Бұл лингвопрагматиканың негізгі мәселесімен сай келеді.

А.Байтұрсынұлы еңбектерінің қазақ тіл білімінің негізін қалағаны анықталып, тұжырымдалып, ғылыми айналымда орныққаны белгілі. Ол ахметтану ғылымындағы тұжырымдарда дәлелденді. Ұлт ұстазының 150 жылдық мерейтойына байланысты ғылыми шаралардың Франция астанасы Парижде ЮНЕСКО шешімімен ұйымдастырылуы ғалымның әлем лингвистикасындағы өзіндік орнын бекіте түмкенін айғақтайды. Ғалымның ХХІ ғасыр парадигмасындағы лингвистиканың жаңа бағыттарының негізгі мәселелеріне қатысты ой-пікірлерінің болғанын өзімше анықтадым. Қорытындыда ғалымның жалпы ғылымға қатысты жазған пікірін ұсынамын:

«Пән, яки ғылым деп жүйеленген білімді айтамыз. Жүйеленген білім жайын сөйлейтін пайымдаманы да пән, яки ғылым дейміз.

Білім де үйрету мақсатпен де, үйлестіру мақсатпен де жүйеленеді. Қай мақсатпен жүйеленсе де, жүйеленген білім – пән(ғылым) болады. Сондықтан ғалымдардың білімді таза білім жүйесімен жүйелеп шығарған кітаптарды да, үйретушілердің білімді тек үйрету қолайына қарай жүйелеп шығарған оқу кітаптары да пән тобына жатады»(350-б).

А.Байтұрсынұлының еңбектері өз уақытында қазақ тіл білімінің ғылыми зерттеу парадигмасының негізін құрды, ол тілді зерттеудің құрылымдық парадигмасы деп аталады; ол өз дәуіріндегі тіл ғылымының, тілші ғалымның алдында тұрған мақсатқа сай болды, кейінгі тілші-ғалымдарды қалыптастыруға ықпал етті. Ғалымның ой-пайымдауларында бүгінгі ХХІ ғасыр тіл ғылымы парадигмасының да зерттеу пәнінің сипаты тезистелген деп қорытындылаймын. Сонымен қатар Ф. де Соссюрдің тұжырымдары мен А.Байтұрсынұлының ой-пікірлері сабақтасып жатқанын дәлелдей келе, ғалымның ғылымдағы орнын жалпы тіл білімінде әлем бойынша мойындалған ғалымдар қатарынан белгілеуіміз керек. Ғалымның еңбектеріндегі негізгі ойларды талдап, насихаттау жалғасуы қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әбілқасымов Б. Ахметтану саласының өткені мен бүгіні//Ахмет Байтұрсынұлы мұрасы: зерттеу, жүйелеу және насихаттау. Халықар. ғыл.-теор. конф. материалдары / Жауапты редакциясын басқарған – Е.Қажыбек, Ж.Сейдүманов. – Алматы: Елтаным баспасы, 2017. – 396 бет. 20-22-бб.
2. Сыздық Р. Ахмет Байтұрсынұлы – қазақтың ұлттық ғылымының көшбасшысы// Ахмет Байтұрсынұлы мұрасы: зерттеу, жүйелеу және насихаттау. Халықар. ғыл.-теор. Конф. Материалдары / Жауапты редакциясын басқарған – Е.Қажыбек, Ж.Сейдүманов. – Алматы: Елтаным баспасы, 2017. – 396 бет. 4-8-бб.
3. Жұбаева О. Алғы сөз//ХХ ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Құрастырған: О.Жұбаева. – Алматы, «Қазығұрт» баспасы, 2013. – 640 бет.
4. Кун Т.С. Структура научных революций (перевод с английского И.З.Налетова). – М., 1975 psylib.ukweb.net/books/kunts01
5. де Соссюр Ф. Труды по языкознанию. Перевод с французского языка под редакцией А.А.Холодовича. М., 1977
6. Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Құрастырған: Ғ.Әнес. – Алматы: «Абзал-ай» баспасы, 2013. – 640 бет

III СЕКЦИЯ. ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІНІҢ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ТІЛДІК НОРМА

«ҚЫРЫМНЫҢ ҚЫРЫҚ БАТЫРЫ» ЖЫРЛАР ЦИКЛІНДЕГІ ТАРИХИ ТОПОНИМДЕР

Б.И.Нұрдәулетова

Ш.Есенов атындағы Каспий
технологиялар және инжиниринг
университетінің профессоры

«Қырымның қырық батыры» жырлар циклінің қыпшақ тілді түркілердің, соның ішінде қазақ халқының тарихы мен мәдениетінде қандай орын алатындығына талдау жасау үшін оның эпос ретіндегі ерекшелігін теориялық жақтан негіздеу қажет. Эпостану ғылымында эпосты тарихи тұрғыдан, жырдың поэтикалық-көркемдік мәселесімен байланысты, жанрлық қалыптасуы тұрғысынан, жалпы әдебиеттің, фольклордың қалыптасу тарихымен байланыстыра қарастыру бағытындағы зерттеулер орын алған. Соңғы кездегі зерттеулерде жырлар цикліндегі бас қаһармандардың тарихи прототиптерін іздеу мәселесі қатты қарқынмен өрістеп келе жатқаны байқалады [1]. Бұның өзі қазіргі кездегі ұлттық тарихты жаңаша зерделеуге деген рухани сұраныстың нәтижесі екендігі сөзсіз. Әрине, жырдың алғашқы идеясының поэтикалық қалыпқа түсе бастауын XIV ғасырмен байланыстырсақ, жыр мәтіндерінің алғаш қатталуы XIX ғасырдың аяғынан басталады, сонда бес ғасыр бойы ауызша жырланып келген жыр мәтінінің бағзы қалпының дәл сол күйінде бізге жетуі екіталай. Бірақ жыр нұсқаларының бір емес бірнеше халықтың фольклорында кездесуі, жыр сюжетикасындағы, поэтикалық тіліндегі, көркем персонаждар тізбегіндегі ұқсастықтардың сақталуы жырлар циклінің бойындағы ежелгілікті, тарихи тұтастықты танытса керек.

Жыр тіліндегі топономастикалық атаулардың өзі бір бөлек зерттеу нысаны болатындай маңызға ие. Бұл жөнінде академик Р.Бердібаевтің төмендегі пікірі өте маңызды: «Едігенің атына қатысты топонимикалық аңыздардың өзі үлкен топ. Бұл мәселе тақырыбымызға тікелей жанасты болмағандықтан, оларды тек еске салып өтумен ғана шектелеміз. Сібірде, Түмен тұсында Едігеге байланысты жер аты кездеседі. Орталық Қазақстанда Ұлытауда «Едіге тауы» деген биік тау да бар. Қаратаудың теріскей жағында аңыз қаһарманына бағышталған әңгіме көп қой. Осындағы көне Құмкент шаһарының маңын халық «Едігенің майлы жұрты» деп те атап кеткен. Бұл және басқа да мысалдар өте қызғылықты құбылыс, арнаулы зерттеуді керек ететін салдарлы тақырып... » [2, 29]

Жырлар цикліндегі топономастикалық атаулардың қазақ, татар, қарақалпақ, башқұрт нұсқаларында қайталанатын негізгі түрлері бар, сонымен қатар ұлттық нұсқаларының өзінде жекеленген орындаушылардан жазылған жыр мәтіндерінде кездесетін, жырдың қалыптасып, дамуындағы жергілікті сипатты танытатын, жыршы-жыраулардың өзі тұратын географиялық аймақтағы жер-су атауларын қосып жіберіп отыру дағдысынан туған атаулар да кездеседі.

Жыр циклінің барлық нұсқаларында кездесетін жер-су атауларын тарихи топонимдер деп атаймыз. Себебі жыр қаһармандарының тарихи прототиптері, олардың өмір сүрген кезеңдері, бастан кешкен тарихи оқиғаларының шындық өмірде болған жерлері деп есептейміз. Ондай топонимдерге жататын атаулар: Еділ (Идел), Жайық (Яйык), Нөгөш,

Төйөлөс, Накмер, Шихан, Нарыс, Үзөк, Эйек, Касмарт, Орал, Ойыл, Қыйыл, Қарғалы, Елек, Нұра, Құмкент, Дербент.

Татаршада:

Жаек белан Иделда,
Алтын Урда, Ак Урда,
Данлы Кыпчик жирендә,
Татардан туған Нугай илендә.

Башқұртшада:

Әле Идел, Нөгөштә,
Яйык, Эйек һыулаған,
Бөтә Урал буйлаған.

Қарақалпақшада:

Едил менен Жайықтан,
Бөктергили адырдан,
Нұраның қара құмынан,
Қарғалы, Елек бойынан,
Ноғайдың толы елінен,
Жоқ қыдырып келемин.

Татаршада:

Идел белан Жаектан,
Нократ белан Чулманнан,
Әзгәри суккан Болгардан,
Бөктәргеле Адырдан,
Нораның кара комынан,
Уел белан Кыелдан,
Халығым кубыл килгәндә

Зерттеуші Ж.Асановтың көрсетуінше, бұл географиялық атаулар – «бұрынғы Алтын Ордаға, қазіргі түркі халықтарына тиесілі атақоныстар» [3, 283].

Жырлар цикліндегі ономастикалық атауларға тарихи-лингвистикалық, этнографиялық талдау жасаған С.Қондыбай еңбектерін ерекше атап өту қажет. «Қырымның қырық батыры» жырлар цикліне қатысты арғы-бергі еңбектердің қатарында зерттеудің С.Қондыбай негіздеген жаңа кешенді әдісі география, тарих, әдебиеттану (фольклортану, мифтану), философия, теология пәндеріне қатысты білім қорын бір ғана лингвистикалық кеңістікте топтастырып, жинақтап, жүйелеуге арналады.

Жалпы, бүгінге дейінгі зерттеулерде жырлар циклінің лингвистикалық сипаттамасы мәтіндегі жеке сөздердің мағынасын түсіндірумен (ол да толық тарихи-этимологиялық талдау емес), топонимдік, антропонимдік, этнонимдік атаулардың тізбесін берумен ғана шектелген еді.

С.Қондыбай зерттеулерінде аталған жыр циклі тұңғыш рет лингвомәдениеттанымдық, ономотанымдық, мифотанымдық аяда қарастырылды.

«Біз, ең алдымен, «Қырымның қырық батыры» жырлар циклінің генезисін анықтайтын басты тіректі анықтадық, ол – жырлардағы қаһармандарының есімдік прототипі болған ноғайлы заманының тарихи тұлғаларының өміріне арқа сүйеу емес, жырлардағы ономастиконның (адам, ру, жер-су атауларының) тарихи-географиялық мәлімет бере алатын «эмпирикалық айғақ болу» мүмкіндіктеріне сүйену», – деп өзі көрсеткендей [4, 9], Серікбол

дәстүрлі эпостанушылар тәрізді жырдың шығу тегі мен генезисін Едіге мен Тоқтамыстың тарихи өмірбаяндарының, Алтынорда, Ноғай Ордасы тарихының айналасынан емес, мәтіндегі сырт көзге елеусіз, жалпылама мәндегі «поэтикалық кеңістікті» құрайтын адам, жер-су атауларынан, ру, тайпа аттарынан іздейді. Атаулар мен жеке сөздердің этимологиясын сол сөздердің астарындағы халықтық таным мен мифологиялық түсініктерді саралау арқылы «қалыптасқан ғылыми шаблоннан» мүлде басқа, тың болжамдар жасайды [5].

Серікбол: «Жыршылар, әдетте, баяғы түпнұсқаның көркемдік деңгейін дамытуға тырысса да негізгі жер-су атауларына көбіне-көп мән бермейді, сондықтан жер-су аттарының көпшілігінің қайда екені ұмытылса да келесі ғасырларда сақтала береді», – дейді. Қазақша нұсқаларын айтпағанда, татар, ноғай, башқұрт, қарақалпақ нұсқаларында да қазіргі Маңғыстау, Үстірт, Атырау, Ақтөбе территориясын қамтитын «поэтикалық географияның сақталуы» жыр циклінің қазақылық тегін негіздей түседі.

Сондай-ақ, Серікболдың қолына түсе қоймаған жыр нұсқаларында қаншама тарихи, танымдық атаулар зертеушінің көңіл-көзінен таса қалғаны сөзсіз. Мысалы, «Орақ-Мамай» жырының «Қазан» нұсқасында кездесетін *Аламан, Жоламан, Мүлкаман, Қалқаман, Жөке, Бұғыда* атауларының бағзылық болмысында қандай да бір мифологиялық сыр жатқанын анықтау үшін Серікболдың зерек зердесі керек-ақ.

Зерттеу нәтижелері

Біздің талдаған мәтіндеріміз бойынша қазіргі кезде 141 топонимикалық атау белгілі болып отыр. Бұл атауларды географиялық нысан түрлеріне қарай шартты түрде төмендегіше топтастырдық.

Жыр мәтіні бойынша қала атаулары.

Қазбан. Қарасай, Қазан – қос батыр,

Қазбан деген қаланы,

Шулатып жесір алады [6, 12]

Жырдағы ноғайлының жауы қызылбастың қаласы.

Омски,

Томски,

Домски – Жырда Орақ пен Мамай шауып алып, бағындыратын орыстың қалалары.

Шығыстағы орысты

Салт атпенен жол жүріп,

Түрін байқап білейік.

Омыски мен Томыски

Жер шамасын шенейік. (Мамайдың Ораққа айтқаны) [6, 12]

Сарытау – жырда Орақ батыр мен хан Мамайдың салған қаласы деп айтылады. Қазіргі Саратов қаласы болса керек.

«Жалғыз қалды ашушақ

Мына Орақ ағаң-ай.

Сен барында, қарағым,

Үлгіріп еді кадам-ай,

Қалды иесіз үлгірткен

Мына Сарытау қалаң-ай!» (Орақ, Мамайдың шешесі Қараүлектің жоқтауы) [6, 12]

Азау – Орақ батыр шауып алатын қалмақтың қаласы.

«Жетем, – деп, - қашан Азауға»

Келатыр батыр шыдамай [6, 95].

Керманда. Смайыл Тобаяқтың айдап салуымен Едігенің Мұсасынан туған ұлдар бір-бірімен қырық пышақ болады, бір-бірінің ажалына себеп болады. Смайыл Тобаяқтың алдап соғуымен қапияда Орақ мерт болғаннан кейін, оның әйелі Қарасай мен Қазиді қастандықтан қорғап, төркін жұрты тұратын Керман деген қалаға жібереді.

Күтінбесем ертерек,
Біздің тұқым қала ма?
Енді талап бұл болсын,
Жібереің балларды
Нағашысы Керманда. [6, 288]

Безерген – жырда Қалмақ ханының қамалы деп көрсетіледі.

Ол бекінген есігі
Безерген деген қамалда екен. [6, 102]

Жыр мәтіні бойынша дала атаулары.

Шаған – жырда ноғайлының отыз аулының негізгі ордадан бөлініп, қоныстап жүрген жері. Қазіргі кезде Ресейдің Орынбор облысының территориясымен өтетін Шаған өзені бар.

Шағанның сырты сары дала,
Қысы-жазы ығысқан
Мал семіртер бел еді.
Отыз ауыл ноғайлы
Осынау сары далада
Елден шеттеп жүр еді. [7, 191]

Қарақұм – Ноғайлыны жұттан сақтап қалған жер. «Орақ-Мамайдың» Нұртуған жырлаған нұсқасында мынадай эпизод бар: «Қасенде Бұғыда деген ноғай бар еді. Оның қасында Құс мұрынды деген қара шоқы бар еді. Орақ осы бойымен сол шоқының басына шығып ойлады: «Айқайлайын, айқайыммен тоғайдан аң қашар, құс ұшар, қашқан аңға итімді қосайын». Сөйтіп, Орақтың айқайынан «кереге бойы қар жауып, кере қарыс мұз жауады. Бір зымыстан қыс түседі...» қыстың аяғы жұтқа айналып, ел босып кетеді. Ноғайлының өзге халқы отырған мекенінен ауа көшіп, Қарақұмды жайлайды. Орақ пен Мамай намыстанып, көшпей қалады, малы тегіс қырылып, жұтқа ұшырайды. Қарақұмды жайлаған Мәтрешке ұлы Қарақұл аман қалып, бір малы екеу болып байиды, Орақ пен Мамайды кемсітіп сөз айтады.

Жырда: «Бұл қыста Қарақұмда қыстаған елдің тайы құлындап, тайлағы боталап, шыбышы лақтап, семіз, есен шықты» [7, 21], – деп сипатталады. Орта Азияда бірнеше ауқымды қарақұмдар бар. Түркіменстан жеріндегі Қарақұм, Қазақстанның Балқаш көлі мен Сасықкөл арасын алып жатқан Қарақұм, Іле өзенінің оң жағалауындағы құмды алқап та Қарақұм аталады. Сондай-ақ, Каспий теңізінің солтүстік шығысында орналасқан құмды алқап. Ол Атырау облысының Жылой және Маңғыстау облысының Бейнеу аудандары жерін қамтиды. Жырдың поэтикалық аймағына осы Қарақұм жақынырақ деп есептейміз.

Кіші борсақ (Кіші Борсықты болуы мүмкін) – жыр мәтінінде тамалардың (тама руының адамдары) Түркістаннан босып көшіп келіп, қоныстанған жері.

Қазіргі таңда Қызылорда облысының Арал және Ақтөбе облысының Шалқар аудандырының территориясындағы Кіші Борсықты деп аталатын құмды алқап бар.

«Оныншы күн дегенде,
Сонда жеткен секілді
Кіші Борсақ дегенге». [6, 195]

Сар соналы елі. Жырда дәруіштің мақтайтын жері. Нақты қай жер екендігі, кімнің жері екендігі айтылмайды. Жырда бір-ақ жерде кездеседі.

«Сар соналы елінің,

Әркімдер оны мақтаған» [6, 194]

Қырым – жырда ноғайлардың мекендеген жері. Кейде Қырым хандығы деген тіркеспен де қолданылады.

«Есітемін басында

Қырым деген ноғайдың

Бір патшалық құрған жері екен». [6, 194]

Тау, төбе атаулары.

Шұбартау – жырда жалпы поэтикалық сөз саптау үрдісінде қолданылады, нақты оқиға орны ретінде көрінбейді.

Шұбартауға шолқантып,

Шаншар күні болар ма,

Төрт қырлап соққан жебенің (Нұртуған нұсқасы, БС, 40. - 56 б)

Қиғаш тау – жырдағы тау аты. Орақ батырдың үш арманының бірі – Қиғаш тауға барып, қызылбастарды шауып, бағындыру. Сондай-ақ, Орақ өліп, Мамайдан бала болмай, Орақтан туған Қарасай мен Қазі әлі қатарға қосылатындай жасқа жетпей тұрғанда, Мамайдың қартайып, күші қайтқанын біліп жаулардың (қызылбас, қалмақ, ындыс) ноғайлардың билерін қорқытып, келісімге шақыратын жері – Қиғаш тау. Қиғаш атауымен келетін Атырау облысында өзен және ауыл бар. Ресейдің Астрахан облысында Кигач (Қиғаш) теміржол станциясы бар. Жорық жыршысы Махамбет Өтемісұлының: «Еділ үшін егестік, Жайық үшін жандастық, Қиғаш үшін қырылдык», – деген жорық жырында Қиғаш өзені аталады.

Қиғаш тауға бара алмай,

Бағындырып ала алмай,

Дүниеден өтіп барамын. (Атаубай Мәмбетұлы нұсқасы, 40. -316)

Бұғыда – жырда кісі есімін білдіреді, бірақ осылай аталатын Маңғыстауда төбе бар. Жырда: «Қасенде Бұғыда деген ноғай бар еді. Оның қасында Құс мұрынды деген қара шоқы бар еді» [6, 21], деп берілген.

Су атаулары (көл, өзен, құдық)

Баян қопасы – Тоқтамыс ханның Нұрадиннен қашып, паналаған жері. Жырда: «Тоқтамыс сол қашқаннан Ертіс өтіп кетіпті, бір қопаға барып қорғалапты, жалаң аяқ екен, аяғын қамыс тіліп, қанап, сол қанның аққан ізімен бұлжытпай тауып өлтіріп, қопаның жағасына алып шығып көміпті. Бұл күнде ол қопаны «Баян қопасы» деп атаған...»

Сары өзен. Жырда қалмақ елінің жеріндегі өзен. Ноғайлыны шабуға келген Жасаралдың қолын Қарасай осы жерде кездестіреді

Сары өзендегі сол қалмақ,

Көк өзендегі көп қалмақ,

Қоймай хабар салады. (1903 ж Қазан нұсқасы, БС, 40-том, 18-б)

Маңғыстау жыраулық мектебінің ірі өкілі – қашаған жырау Күржіманұлының «Топан» дастанында: Ырғыз бенен Торғайдан, Қара өзен мен Сары өзен, Ішкі Орданың халқынан...»,п – деген жолдар бар. Қашаған жыраудың Ішкі Ордасы туралы мына мәліметті ұсынамыз: «Ішкі Қазақ Ордасы немесе Бөкей Ордасы – 1801 жылы Еділ мен Жайық аралығында құрылған тарихи мемлекет» [10]. Олай болса, Сары өзен Қазақстанның батыс бөлігіндегі жер (немесе өзен) атауы болып шығады.

Қараойдық - жырда қалмақ елінің жеріндегі көл атауы.

Ар жағы айдын кең екен,

Қараойдық деген көл екен. (46-т., Нұртуған, 198)

Жалпы саны 141 болатын жер-су атауларының ішінде қала атаулары – 10, су атаулары – 23, тау атаулары – 19, қалғандары жазық жер, ел (Қырым, Алтын Орда, Хиуа) атаулары.

Жырдың географиялық аймағына қатысты ғылыми болжамдар. Жырда кездесетін қала атауларына қатысты айтар болсақ, Әжітархан, Омски, Томски, Домски, Азау атаулары қазіргі Астрахан, Омск, Томск, Азау қалалары мен елді мекендерінің атымен сәйкес келеді.

Зерттеуші Әнес Сарайдың көрсетуінше, Алтын Орда империясының Еуразия жотасында 140 қаласы болып, оның 110-ның орны қазіргі қазба жұмыстары арқылы табылған [8]. Жыр мәтінінен біз белгіленген 10 шақты қала атауының барлығы бірдей қазіргі қала атауларымен сәйкеспейтіні анық. Европа мен Азияның алғаш картасын жасаған араб және европа, орыс саяхатшылары екенін білеміз. Олай болса, қалалардың ноғайлы кезеңіндегі атауы сақталмай, арабша, ағылшынша, немісше немесе орысша бұрмалануы әбден мүмкін. Тіпті ондай қалалардың жер бетінен мүлде жойылып кетуі де ғажап емес. Сондықтан, біз қолымыздағы бар деректерге сүйеніп, «Қырымның қырық батыры» жырлар циклінде кездесетін топонимикалық атаулардың ғылыми түсіндірмесін жүйеледік.

«Қарасай-Қази» жырының Нұртуған нұсқасында Едігенің Мұса деген ұрпағынан туған Ысмайыл деген адам болады. Ол әкесі Мұсаны ренжіткені үшін, қарғысқа ұшырап, жер астына түсіп кетеді де, 7 жылдан соң жынның оқуын үйреніп, жер бетіне қайта шығады. Ағайын-туманың арасына іріткі салумен айналысады. Байлық пен билік үшін бауырларын аямайды. Ақыры ноғайлының батыры әрі биі Орақты алдап өлтіреді. Орақтың Қарасай, Қази деген екі баласы жастай жетім қалады. Орақтың дана әйелі Қарашаш Ысмайылдың жаулығынан сақтанып, екі баласын Керман деген жердегі нағашыларына оқып, тәрбие алуға жібереді. Ол жырда:

Күтінбесем ертерек,

Біздің тұқым қала ма?

Енді талап бұл болсын,

Жібейін балларды

Нағашысы Керманда (7, 288), –

деген Қарашаштың сөздерінде кездеседі.

Осындағы Керман қаласы Прут-Днестрдегі Ақкермен (қазіргі Белгород Днестровский) қаласымен сәйкеседі. Сондай-ақ, Жайық бойында екі бірдей Керман атауымен келетін қала болған. Олардың атауын В.Трепавлов Салуб-Керман, Суруна-Керман деп көрсетеді [9, 596]

«Орақ-Мамай», «Қарасай-Қази» жырларында қызылбастың қаласы Дербент атауы жиі айтылады. Орақ батыр өлер алдында әйелі Қарашашқа орындалмаған үш арманы туралы айтады. «Менің балам екені рас болса, Қарасай мен Қази осы өсиетімді орындасын» дейді. Үш арманның біреуі – қызылбастың алдырмайтын қамалы – Дербент қаласы, соны шауып алсын дейді. Қаланы алуға Қарасай, Қази, хан Әділ жән қырымның қырық батыры барады. Батырлар бірнен соң бірі барып, шабуға бата алмай тұрғанда Қарасай, Қази, Әділ қамалға тайсалмай шабады. Әділдің аты орға жығылып, тұтқынға түседі. Қалған батырлар аман қайтады. 7 жыл өткен соң Қарасай, Қази қалаға қайта шауып, Әділді құтқарады, қаланы бағындырады. Жырда:

Қазған ордың ар жағы,

Айналасы айшылық

Көлденеңі күншілік

Он екі ханның елі екен.
Он екі ханның бастығы
Қараманның ұлы екен.
Дербент деген қаласы
Әр қаладан зор екен, – деп суреттеледі.

Осы Дербент қаласы Солтүстік Кавказдағы Дербент қаласы деп түсінеміз. Дербент атауының этимологиясына қатысты Олжас Сүлейменовтің «Азия» еңбегінде: «XIII ғасырда монғол шапқыншылығынан соң Можарстан жеріне қоныс аударған қыпшақтардың бір бөлігі бекініс-қалалар орнатқан-ды. Олардың аттары: Дебрь-кент», «Дебрь-кен», «Темер-кен», «Томор-кен», яғни «Темір қала»...

Сонымен қатар Кавказдың шығыс жағында Дербент қаласы бар. (Дебр-кент бұрмалана келе Дебрэн – Дербент болды) – дейді. [11, 68]

«Қырымның қырық батыры» жырлар цикліндегі бас қаһармандардың есімдері кейін географиялық атауларға айналған. Мысалы, Жезқазған облысында Едіге тауы бар. Баба Түкті Шашты Әзіз атауы Түркістанда және Маңғыстауда кездеседі. Сондай-ақ, Маңғыстауда Орақ, Мамай, Қараулек, Қарашаш, Манашы, Күйкен есімдерімен аталатын жер, тау-төбе атаулары бар.

Маңғыстау облысының Маңғыстау ауданының орталығы – Шетпеден оңтүстік шығысқа қарай 40 шақырымда Қарауылкүмбет биігі, оның қатарында Хан төрткүлі жатыр. *Қарауылкүмбет* қазақша *Қарауылкүмбез* болуы керек, *күмбет* парсының сөзі, «күмбез» дегенді білдіреді. Қарауылкүмбеттің үстінде, жергілікті ақсақалдардың айтуынша, ежелгі ноғайлыдан қалған қойылымдықтар бар. Қойылымдықтардың қатарында төбенің биіктеу тұсына салынған бүгінде бұзылған, бірақ аса көрнекі ғимараттың қасбетінде «...оғлы Әділ» деген араб графикасымен таңбаланған жазуды көрінеді. Осындағы Әділ есімін жырдағы бас қаһармандардың бірі қырымның ханы Әділ есімімен байланыстыруға болатын сияқты. Жырда Әділ Қарасай мен Қазиді сияқты батырларды бастап, жаудың қамалын алуға аттанады. Қаншама батырдың жүрегі дауаламай тұрған қамалға шауып, аты орға құлап, амалсыз қолға түседі.

Қарауылкүмбеттің қатарында Хантөрткүлі биігі тұр. Әділ ханның кеңес құратын Хан төрткүлі болуы мүмкін-ау деген ойға жетелейді. Жырда Әділді құтқару үшін оның шешесі мен қарындасы Қарасай, Қазиді іздеп тауып, хабар беретін адам іздейді. «Мамай ханның ордасын кім табады?» – дегенде, бір ақсақал мен табам деп шығады. Жырда бұл атау «Орақ пен Мамай бар заманда жеті жыл жылқысын баққан екен, Хан Төрткүл деген қалада» деп берілген.

Маңғыстау ауданының территориясындағы Жаңашаның тауы аталатын төбеге жалғас жатқан биік Баба түкті шашты Әзіз биігі деп аталады. Таудың жалпақтау жонында екі бейіт бар, оның бірі Баба Түкті бабамыздың жатқан жайы болса, екіншісі – оның қызы Шашты Әзіз анамыздың бейіті. Яғни жергілікті аңыз Баба Түкті мен Шашты Әзізді екі адам ретінде таниды.

«Қырымының қырық батыры» жырлар циклінің бас жырынан саналатын Едіге жырында Едігенің бабасы, бірде әкесі, енді бірде Едігенің әкесі Мәулімнияздың ұстазы Баба Түкті Шашты Әзіз деп көрсетіледі. Тарихи жазбаларда Баба Туклас деп хатталған қасиетті әулие Баба Түкті Шашты Әзіз туралы ғылыми деректер оны Орта Азия мен қазіргі Қазақстан жерінде мұсылман дінін таратушы ұлы ұстаз деп сипаттайды.

Баба Түкті Шашты Әзіз биігінен шығысқа қарай көлденеңнен Алаешкі тауы созылып жатыр. Тау үстінен төменге, еңіске қарай, жолдың сол жақ бетінде даланың қара бұжыр тастарынан қаланған ежелгі ноғайлының стиліндегі көп қорым бар. Көп қорымнан әріректе,

шамамен 100 метрдей төменде үлкен қара мола жатыр. Бұл – жергілікті ақсақалдардың айтуы бойынша, Ноғайлының биі әрі батыры Орақтың бейіті деп түсіндіріледі.

Орақ – «Орақ – Мамай», «Қарасай-Қази» жырларының бас қаһарманының бірі. Едіге ұрпақтарының поэтикалық шежіресі бойынша Едігеден Нұрадын, Нұрадыннан Уақас, Уақастан Мұса би, Мұса биден Орақ пен Мамай туады. Ал тарихи деректерде Мамай Мұсаның бел баласы да, Орақ – Алшағырдан туған немересі деп көрсетіледі. Жырда:

Батыр Мамай, қанды Орақ,
Ер Мұсаның ұлы еді.
Баба Түкті Шашты Әзіз
Арғы атасы сол еді, –

деп сипатталады. Тарихи деректерде Орақ пен Мамай Ноғайлының басты биі мен батыры ретінде құжатталаған. Орақтың Ноғайлының басын құрап ел ету, жауларынан қорғау жолындағы аяусыз күресі жырдың өн бойынан көрініс тауып отырады. Ол сондай-ақ ноғайлының келесі бір атақты би мен мырзасы болған батыр Қарасай мен батыр Қазидің әкесі.

«Орақ-Мамайдың» Нұртуған жырлаған нұсқасында мынадай эпизод бар: «Қасенде Бұғыда деген ноғай бар еді. Оның қасында Құс мұрынды деген қара шоқы бар еді. Орақ осы бойымен сол шоқының басына шығып ойлады: «Айқайлайын, айқайыммен тоғайдан аң қашар, құс ұшар, қашқан аңға итімді қосайын». Сөйтіп, Орақтың айқайынан «кереге бойы қар жауып, кере қарыс мұз жауады. Бір зымыстан қыс түседі...»

Алешкі тауының күншығыс жақ бетінде мұнартып Бөрібас, Бағда таулары жатыр. Бағда тауының ежелгі атауы Боғда болып, кейіннен орысша хаттаумен Багда, Багда болып кетуі де ғажап емес. Олай болса, бір кездегі Ноғайлыға қоныс болған өңірдің осы бір пұшпағында Орақ би мен Мамай билердің тарихи іздері сайрап жатпасына кім кешіл. Көнекөз қариялардан қалған әңгімелер Алаешкі тауының маңында Орақтың үңгірі болған деп те айтады...

Осы өңірде Мамай төрткүлі деген биіктік бар. Мамай төрткүлінің баурында Мамай қорғаны бар.

Жырлар циклінде Мамай ноғайлының биі әрі батыры ретінде суреттеледі. Кейде Мамайдың ер тұлғасына сүйсінген халқы оны «хан» деп атаудан да қашпайды. «Орақ-Мамай» жырында: «Бұрынғыдан көзі зорайып, қайтадан байтақ қылып, Мамай Мәскеуге хан болды. Хан болғанда, патшасы пенде болды, орыстардың ханы Мамайдың жазған бұйрығын көргенде отырып оқымай, құрмет етіп, тұра келіп, тұрып оқитын еді...» дейді. Ноғай Ордасының тарихын зерттеген ғалым Әнес Сарай өзінің «Ноғайлы» еңбегінде Мамайды «жау түсірген жеке батыр ғана емес, ел тыныштығы, ағайын татулығын қамдаған кемеңгерлігімен де көзге түскен тұлға еді» [8, 70], – деп сипаттайды.

Мамайтөрткүлдің үстінде ноғайлы жұртынан қалған ескі қорымдар бар. «Аң аулаған аңшы мен мал баққан малшылар Мамай төрткүлдің басына шығып, Мамай батырдың бейітін көрген екен...» деген ауызекі әңгімелер ел арасында айтылады. Мамай қорғаны жан-жағы шыңдармен қоршалған, аумағы атшаптырым ашықтық бағзы бір замандарда Мамай Ордасының күрендері орналасқан ескі жұртты көз алдымызға елестететіндей...

Ұлы тұлғаның асыл ғұмырының соңғы нүктесінің қойылуын Әнес Сарай былайша бейнелейді: «Алтын Орданың тақымынан сусып, тәуелсіздік алғалы тұрған Русь Куликово қырғынынан кейін тағы да 100 жыл бас көтере алмайтындай жағдайға тап болды. Осы істің басы-қасында болған Ер Мамай Кулиководан кейін іле-шала Қалқа майданында жеңіліс тауып, генуиялықтар иемденіп отырған Кафаға қашты. Бұрынғы одақтас серіктері құшақ жая қарсы

алғанымен, артынша дүние-мүлкіне қызығып, өзін өлтіріп жібереді. Бұл қайғылы оқиға қырсықты 1380 жылдың соңында болды, айы, күні белгісіз...» [8, 70]

Жырдағы Мамай батыр 80-нен асқан шағында Ноғай Ордасында қалмақ, ындыс сияқты дінсіз жауларын жеңіп, Мәскеуді бағындырып, немерелері Қарасай мен Қазидің ерліктерін көріп, өміріне риза күйде көз жұмады. Енді бір нұсқасында жазықсыз қырым хандарын өлтіріп, ант бұзғаны үшін, антқа ұшырап, азаппен өледі. Халық жадында:

Қалды дейді хан Мамай,
Маңғыстаудың ойында,
Көлденең шыңның бойында...

деп келетін жыр оралымдары сақталған...

Қорытынды

«Қырымның қырық батыры» жырлар циклі Маңғыстау түбегі мен Арал маңында жырланғаны белгілі. Өкінішке орай, оның аралдық сыңарынан бізге аздаған жұрнақ қана жетті. Жалпы қаһармандық жырлардың танымдық және тәрбиелік мәні оның эстетикалық мәнінен бір де бір кем түспейді [12]. Ал шежірелік тұтастануға түскен жырлардың бұл қызметі жекелеген жырлардан әлдеқайда күшті болатыны анық. Мұнда ұрпақтар арасындағы сабақтастықты, дәстүрді қастерлеуге, ел бірлігін алдыңғы орынға қоюға баулитын бастаулар мол. Сондықтан шежірелік тұтастанған жырларға назар аударудың тек филологиялық қана емес, тарихи, саяси-әлеуметтік, мәдени маңызы да зор болмақ. Әсіресе, шежірелік тұтастанған жырлардың заттық айғағы ретінде көрсете алатын Мұрын жырау айтқан «Қырымның қырық батырын» зерттеп, ондағы аталмыш құндылықтарды айқындау арқылы оны бүгінгі таңдағы елдік мұраттарымызға да қолдана аламыз. Жас ұрпақты ерлікке, отансүйгіштікке тәрбиелеуде ол таптырмас құрал бола алады. Интернационалистік дамудың кедергісі сипатында бағалап, ұлттық мұраларды жоюды көздеген кеңестік саясаттың өзі бұл топтаманың осы қасиетін іштей мойындап, адамдар бойындағы осы қасиеттерді ояту мәселесі өз зәрулігін көрсеткен тұста, яғни Ұлы Отан соғысы кезінде, түрлі қиындықтарға қарамай, жазып алуға мүмкіндік берген еді. Әрине, оны жүзеге асырғандар ұлт жанашырлары болды.

Жалпы қазақ қаһармандық жырларының, әсіресе, «Қырымның қырық батыры» шоғырының тарихи шындықты сәулелендіруінің ұлт дүниетанымына тигізген ықпалы орасан зор. Сол себепті де оның ұлт ұйысуындағы орны сөз етуге әбден лайық.

(Мақала ҚР ҒЖБМ грантымен қаржыландырылатын «AP19680234 «Маңғыстау топонимастикалық ареалы: тарихи топонимия, топобейнелер және оларды интерпретациялау» ғылыми жобасы аясында жазылды).

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Nurdauletova B.I., Rezhepovich, B.S., Zhanat, S., Nurzhanova, A.S Mythopoeticisms in the epic poem maulimniyaz-edige | Mitopoeticismas en el poema épico maulimniyaz-edige «Opcion journal» Año 36 Especial № 26, страницы 751-765, 2020; <https://produccioncientificaluz.org/index.php/opcion/article/view/31742>
2. Бердібаев Р. Эпостанудың әдістемелік мәселелері/ Қазақ фольклорының тарихилығы. А.: Ғылым, 1993. – 328 б.
3. Асанов Ж. Едіге: аңыздар мен жырлар. Алматы: Орхон, 2008. – 308 б.
4. Қондыбай Серікбол Серікбол Қондыбай. Мұрын жырау мұралары. Алматы: Арыс, 2010. 380 б.

5. Серікбол Қондыбай зерттеулеріндегі "Қырымның қырық батыры" жырлар циклі Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы № 1/2023. – 102-112.
6. Бабалар сөзі. Жүз томдық. 46-том Редакциясын басқарған С.Қасқабасов М., Астана: Фолиант, 2008. -512
7. Бабалар сөзі. Жүз томдық. 40-том Редакциясын басқарған С.Қасқабасов М., Астана: Фолиант, 2006. -488
8. Әнес Сарай. Ноғайлы. Алматы: Арыс, 2009. -480
9. Трепавлов В.В. История Ногайской Орды. М.: Издательская фирма «Восточная литература» РАН, 2002.
10. <https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%91%D3>
11. Олжас Сүлейменов. Азия. Аударған С.Ақатаев. Алматы: Жазушы, 1992. – 295 б.
12. Nurdauletova B.I., Aimukhambet, Z., Saparbaikyzy, S., Kamarova, N., & Tolegenuly, B.

The effect of traditional and online learning approaches on the survival and transmission of the oral culture, students' attitude and national values. International Journal of Education in Mathematics, Science, and Technology (IJEMST), № 11 (1), P. 133-155, 2023

ТҰРАҚТЫ ҚҰРЫЛЫМДАРДЫҢ ЭТНОТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

А.С.Пазылова. А.Б.Абубакир

Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан
педагогикалық университеті

Грамматиканың синтаксис саласындағы басты мәселесінің бірі – сөз тіркесінің табиғатын зерттеу. Өйткені сөздер бір-бірімен байланысып барып қана сөйлем құрамына енеді, адам ойын білдіру құралына айналады. Сондықтан да сөз тіркесін, оның құрылымдық және мағыналық ерекшеліктерін білмей тұрып, сөздердің тіркесу қабілеттілігі мен оларды байланыстыратын тәсілдерді анықтамай тұрып сөздер мен сөйлемдер синтаксисі жайында күрделі мәселелерді түсіну мүмкін емес.

Лингвистикалық әдебиеттерде сөз тіркесі деп лексикалық дербестігін жоймаған, кем дегенде екі не болмаса одан да көп сөздердің мағыналық және тұлғалық жағынан өзара сабақтаса байланысуына жасалған грамматикалық топтарды айтып жүр.

«Сөз тіркесі – табиғи құбылыс. Олардың жасалуы ғасырлар бойы қалыптасқан тілдің ішкі заңдылықтарына негізделген. Сөздің басқа бір сөзбен тіркесіп белгілі бір номинативтік мәнге ие болуы, ең алдымен, оның лексика-грамматикалық мүмкіндігінен туады. Тіл құрамында болдып отыратын әр түрлі өзгерістердің салдарынан жаңа сөз пайда болуымен байланысты жеке сөздің қолданылуының кеңеюі не тарылуына сәйкес сөздердің тіркес құрау қабілеті де белгілі бір өзгерістерге ұшырап отырады. Соған лайық бір дәуірде қолданыста болмаған тіркестер тілдің екінші бір дәуірінде жиі кездесетін болады» [1,3].

Сөз тіркесін өзге құбылыстардан ажыратуға негіз болатын бірнеше белгілер бар, соның ішінде ең негізгісі — бағыныңқы, басыңқылық қасиет. Осы тұрғыдан предикативтілік қатынас негізінде жасалған тіркестерді сөз тіркестерінің қатарына жатқызамыз ба деген сұраққа тіл мамандары осы уақытқа дейін әр түрлі жауап беріп келеді. Бұл жайында О.С.Ахманова былай

дейді: «Байланыстың негізгі үш түрі — атрибутивті, комплективті және предикативті түрлерінің ішінен біріншісі әрқашан да сөз тіркесін тудырады: байланыстың екінші түрі өздерінің тығыз байланысты формаларында ғана сөз тіркесін туғызады, үшіншісі оны (сөз тіркесін) ешқашан да тудыра алмайды» [2, 454-455]

Осы сөздердің қолданылуының кеңеюі не тарылуына сәйкес сөз тіркестерінің сыңарларының тіркесу қабілеттілігі де өзгеріске ұшырайды. Соған байланысты кейбір сөздер тіркесіп келіп, мағыналары тарылу процесіне ұшырап, бір түйдек болып, бір сөйлем мүшесінің қызметін атқарып, олардың тіркесуінен қосымша грамматикалық мағына пайда болады. Мұндай тіркестерді М.Балақаев өзінің еңбегінде түйдекті тіркестер деп атап өтеді.

«Түйдекті тіркестер құрамындағы сөздердің бәрінің не біреуінің лексика-семантикалық мағынасы болмайды. Олардың тіркесуінен қосымша грамматикалық мағына пайда болмайды» деген пікірге Сайрамбаев Т. мен Балақаев М. қосылады. Сонымен бірге бұлардың еңбектерінде түйдекті тіркестер ішінара мағыналық түрлергі бөлінетінін айта кеткен. Олар жоғарыда атап өткен сөздер тобы» [3, 32].

Тілдің барлық саласы бір-бірімен тығыз байланысты. Мұны тұрақты тіркестердің де тілдің барлық саласымен де, соның ішінде, әсіресе синтаксиспен тығыз байланысына қатысты деп қарауға болады. Жоғарыда айтылған еңбектерден тұрақты тіркестерді сөйлем мүшесімен, сөйлем түрлерімен байланыстырады. Ал сөз тіркесімен байланыстыру ескерусіз қалады. В.П.Жуков фразеологиялық бірліктің сөз тіркесіне қатысы туралы былай дейді: «Лексикалық единицалар сияқты фразеологизм де меңгерілуге бейім. Тіпті басқа сөзбен қиыса да, қабыса да байланысады. Бірақ басқа сөзге қарағанда оны бөлшектеуге келмейді, ол – біртұтас нәрсе, яғни тұрақты тіркестер сөз тіркесінің бір сыңары ретінде байланысады» [4, 35-39].

Тұрақты тіркестердің сөйлемде сөйлем мүшелік қызметі сияқты енді оларды сөз тіркесі тұрғысынан қарастыруға әбден болады [5, 110-111]. Өйткені сөз тіркесі мен сөйлем мүшелерінің қызметінде ұқсастықтарының бар екендігі белгілі, екеуі де сөйлемнің құрылыс материалы. Сөз тіркесінің сыңарларына қойылатын шарттың бірі – бағыныңқы сыңарларының анықтауыштық, толықтауыштық, пысықтауыштық қатынаста жасалуында. Осы шарттың негізінде тұрақты тіркестер сөйлемде сөйлемнің бір мүшесі, сөз тіркесінің бір сыңары болып, яғни бағыныңқы сыңары болған жағдайда басыңқы сыңармен қабыса, меңгеріле, матаса байланысып, толықтауыштық, анықтауыштық, пысықтауыштық қатынаста жұмсалады.

Қазақ ұлтының баға жетпес рухани құндылықтарының бірі – тұрақты тіркестер. Олардың көркем шығарма тілінде образды бейнелі реңк беру, эмоционалды-экспрессивті бояуын арттыру мақсатында қолданылатын тілдік бірліктер екендігіне күмән жоқ. «Ақын-жазушылар өз туындыларын жазу үстінде жаңа грамматикалық форма іздеп отырмасы анық, өзіне таныс стилін, қолтаңбасын қай сөйлем мүшесін жиі қолдануын, сөз байланыстарының қандай тәсіліне жиі жүгінетіндігінен гөрі, бірден көзге ұрып тұратын және жиі пайдаланатын формалардан іздегені жөн» [6, 155]. Осы дайын материалды әр қаламгер әр мақсатта қолданып, шығармаларын әрлендіре түседі. Фразеологиялық мағыналардың қалыптасуына ұлт менталитетінің рөлі ерекше. Егер ұлттық ерекшелік болмаса, ұлтқа тән көзқарас, өзіндік дүниетаныммен, басқалардан айырмашылығымен еленбесе, әрі бұл қасиеттердің барлығы ұлт тілінде сақталып жеткізілмесе, онда менталитет туралы айту қиын. Менталитет сол ұлт жасаған, ұрпағына қалдырған материалдық және рухани мәдениеттерінде ғана сақталады. Бүкіл фразеологиялық құрам – сол ұлттың тілдік әлемнің бойына жинақталған ой сандығы. Сондықтан жазушыларымыз ұлттық фразеологизмдерді өздерінің стильдік тіл ерекшеліктерін шебер көрсету үшін және де көненің көзінде жатқан сөздерді кейінгі ұрпаққа

жеткізу мақсатында пайдаланған. М.Балақаев: «Әрбір мәдениетті, сауатты кісі, тілге шешен болғысы келетін оқушы, студент халық тіліндегі тұрақты тіркестерді көңілге тоқи жүріп пайдалануы тиіс» – дейді [7, 41]. Тұрақты тіркестер – халықтың рухани, мәдени өмірі мен салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы негізінде туып сөздің мәні мен мағынасына эмоционалды-экспрессивті рең беріп тұратын тілдік құбылыс. Қазақ халқы көшпелі кезеңде мал шаруашылығымен айналысқан, шаруашылығына байланысты мекенін де ауыстырып отырған. Мал бағып қана қоймай, табиғат көріністерін, төрт түлікке тән табиғи ерекшеліктерді жіті бақылаған. Адамдардың іс-әрекетін сипаттағанда осы ой қорытындыларын пайдалана отырып бір-екі ауыз сөзбен жеткізген. «Ана тіліміздің сөз айдынының тереңінде халықтың ғасырлар бойғы іс-тәжірибесінен, өмір тануынан қорытылып, ереже түрінде тұжырымдалған аталы сөз мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестер туып жатады» – дейді профессор Ж. Манкеева [8, 10]. Тұрақты тіркестердің стильдік мәні ерекше болатындықтан қаламгерлер белгілі бір мақсатпен пайдаланады. Кейіпкер тілінде қолданылған қарапайым фразеологизмдер кейіпкердің мінез-құлқын, мәдениетін көрсетуде ерекше рөл атқарған.

Қазіргі кезде түрлі мәдениеттер диалогі әр ұлттың өзіндік ерекшеліктерін тек тілдік бірліктер арқылы жай сипаттауды ғана емес, олардың этномәдени танымын нақты адамдық фактор арқылы арқылы «сөйлеуін» қажет етеді, халық рухы қашанда өз ұлтының тілінен көрініс табады. Ал этнотілдік ерекшеліктердің басты көрсеткіштері – фразеологизмдер. Себебі мұнда ұлттың тұрмыс-тіршілігі, тұтастай өмір сүру мәдениеті сипатталады. Фразеологизмдер сөйлеу және жазба тілде бағалаушылық қызметімен ерекшеленіп, өзіндік бейнелі, эмоционалды экспрессивті жағынан айтушы мен тыңдаушы арасында жай хабарласу, ойды көркем жеткізу құралы ғана емес, түрлі сезімдік жақтарына әсер ету мүмкіндігіне ие болатын ментальдық бірліктер ретінде танылады деген тұжырым жасалған [9, 52].

Алғаш рет фразеологизмдердің мұндай ерекше қасиетіне қазақ тіл білімінде академик І.Кеңесбаев назар аударған. «Қазақ тілінің идиомдары мен фразалары» деген мақалаларынан басталған ғылыми зерттеулер қазақ фразеологиясының бастапқы теориялық дінгектері деуге болады. І.Кеңесбаев мақалаларынан кейін жарық көрген басқа да зерттеулер – қазақ фразеологиясының теориялық және қолданбалы жақтарына өзіндік үлес қосқан еңбектер. Бұл ретте фразеология саласының көш басында тұрған академик І.Кеңесбаевтан бастап күні бүгінге дейін фразеологиялық зерттеулерді жеке-жеке сөз етсек, онда хронологиялық тәртіп бойынша анықтама да түзуге болады [10, 74]. Ең бастысы өткен XX ғасырдың екінші жартысы қазақ фразеологиясының тақырыптық және лексика-семантикалық ерекшеліктерінің сипатталуымен құнды. Бұл қазақ фразеологизмінің корпусын қалыптастыруға негіз болған ізденіс нәтижелері деп бағалаймыз. Сондай-ақ, бұл бағыт жалпы лингвистикалық зерттеулердің, оның ішінде фразеология да бар, лингвистикалық компаративизм деген ғылыми парадигмаға жатады. Оның басты принципі салыстыру арқылы тарихи зерттеу болды. Фразеологизмдерді таксономдық және классификациялық үлгіде деңгейлік модельдерін анықтады (Ә.Қайдар, Р.Жайсақова, С. Сәтенова т.б.)

Қазақ тілінде басқа тілдердегідей бірқатар сөз тобы тұрақталған тіркес қалпында жұмсалады. Тұрақты тіркестер құрамындағы компоненттердің орындары жылжымайтындай аса берік, грамматикалық жағынан мүшеленбейтін біртұтас болады да, лексика-семантикалық жағынан бір ғана мағынаны білдіретін ритмде жұмсалады. Тұрақты тіркестер мен еркін тіркес арасындағы арасындағы айырмашылықты төмендегіше белгілер арқылы ажыратуға болады: а) даяр қалпында жұмсалып белгісі; ә) мағына тұтастығы; б) тіркес тиянақтылығы.

Жалпы қазақ тіліндегі тұрақты тіркестердің қолданылу жолдары әр алуан:

1. Тұрақты тіркестер сөйлемдік тұлғада жұмсалып, сөйлемдік мағынаға ие күйінде келеді. Мұндай тұрақты тіркестер сөйлемдік тұлғаға ие болғанымен, сөйлемдегі сөздің орын тәртібі тұрақты, тіпті сөйлем мүшелеріне талданбайды, тұтас бір лексикалық мағынада, жеке бір ұғымның атауы ретінде жұмсалады. Мұндай тұрақты тіркестер идиомалық тіркестер деп аталады. Мысалы, *Көшеде келе жатқан адамдар қырғи тиген торғайдай жан-жаққа қашады. Қан тілеп, қарқылдасқан қарға-құзғын сияқты үлкендерді иттің етінен бетер жек көретінін жасырмай және жанталаспай, соншалықты салмақ сақтап қалған. Жылқышы құстың ысқырып қалғаны, үкінің уһлегені, көлбақалардың кенет оянып кетіп байбалам салғаны, оқыстан ауылға ит-құс тигендей, бар ит атаулы жабыла шуылдағаны адамның төбе шашын тік тұрғызғандай еді.* Осы мысалдардағы тұрақты тіркестердің барлығы – идиомалық тіркестер. Олар сөз тіркесінің бір сыңары болып қызмет атқаруда. *Қырғи тиген торғайдай // қашады, иттің етінен бетер жек көретінін // жасырмай, адамның // төбе шашын тік тұрғызғандай еді* тіркестері тұрақты тіркестердің болған түйдекті тіркестер. Бірінші түйдекті тіркес орын тәртібі тәсілі арқылы қабыса байланысқан пысықтауыштық қатынастағы етістікті түйдекті тіркес, қимыл-сындық мағынада жұмсалған, екінші түйдекті тіркес жалғау тәсілі арқылы меңгеріле байланысқан толықтауыштық қатынастағы етістікті түйдекті тіркес, тура объектілік мағына, үшінші тіркес жалғау тәсілі арқылы матаса байланысқан анықтауыштық қатынастағы етістікті тіркес, қатыстық мағынада жұмсалған. Тұрақты тіркестер жеке сөздерден мағыналық жағынан да, тұлғалық жағынан да күрделі, мұның өзі фразеологизмдердегі форма мен мазмұнның тұтастығынан туындайды. Наташа *үрейі ұшып, жүрегі аузына тығылып*, пәуескенің жақтауынан қарыса ұстап, шыр-шыр етеді. Бұл сөйлемде фразеологизмдерден болған екі түйдекті сөз тіркесі бар: 1. *Үрейі ұшып // шыр-шыр етеді*; 2. *Жүрегі аузына тығылып // шыр-шыр етеді*. Екеуі де жанаса байланысқан пысықтауыштық қатынастағы етістікті сөз тіркесі, орын тәртібі тәсілі арқылы байланысқан, күрделі тіркес, сын-қимылдық мағына, тұрақты тіркес + етістік. Гимназияның еңселі екіқабат сарғыш үйі де *көзге шалынып қалды*. Бұл сөйлемде *үйі // көзге шалынып қалды* – қиыса байланысқан предикаттық қатынастағы сөз тіркесі, III жақ, көпше түрде.

2. Сөз тіркесінің формасына ұқсас қалыптасқан тұрақты тіркестер. Мұндай тұрақты тіркестер сөйлемде белгілі бір сөзбен грамматикалық байланысқа түсіп, сөз тіркесін құрап, сол сөз тіркесінің бір ғана сыңары болады. Мұндай тіркестер – фразалық тіркестер. Мысалы, *Рысқұл оқымаған жан болғанмен, көкірегі ояу адам еді. Көкесін мұншама жақсы көрмесе, Тұрардың көңілі суып, бірте-бірте әкесіздікке үйренетін кезі де болды.* Бірінші мысалдағы *көкірегі ояу // адам* тіркесі орын тәртібі тәсілі арқылы анықтауыштық қатынаста қабыса байланысқан түйдекті тіркес, сындық мағынада жұмсалған, түйдекті тіркес бағыныңқы сыңарда тұр. Екінші мысалдағы *Тұрардың // көңілі суып* тіркесі жалғау тәсілі арқылы матаса байланысып, анықтауыштық қатынаста қолданылған түйдекті тіркес, қатыстық мағынада жұмсалған, түйдекті тіркес басыңқы сыңарда қолданылып тұр. Ақшам жамырап, көз байланды.

Қазақ тіліндегі тұрақты тіркестерді Г.Қосымова басқа сөздермен қарым-қатынасына, байланысу жолына қарай белгілі бір лексика-грамматикалық топтарға бөліп қарастырады. Олар:

1. Заттанған фразеологизмдер
2. Сын есімге айналған фразеологизмдер
3. Үстеуге айналған фразеологизмдер
4. Етістік фразеологизмдер

5. Одағай мәнді фразеологизмдер

Сөз – грамматикалық қарауына түскеннен кейін ғана адам ойын білдірудің құралы болатыны белгілі. Өйткені бір сөз дара күйінде адам ойын толық жеткізе алмайды. Белгілі дәрежеде аяқталған ойды жеткізу үшін сөздер бір-бірімен грамматикалық байланысқа түсуі арқылы сөйлем құрауға негіз болуы керек. Әрбір тілдік категорияның өзіндік заңдылықтары бар. Сөз тіркестері тілдің басқа категорияларынан, атап айтқанда, сөйлем мен сөзден өзіндік белгілі дәрежеде қарым-қатынаста болады. Оның үстіне сөз тіркестері – тарихи категория.

Сондықтан да қазақ тіліндегі фразеологизмдердің басқа да ғылым салаларымен тығыз байланыста бұлай жан-жақты қарастырылуы фразеологияның пән ретінде зерттеу аясының тереңдеуін көрсетеді әрі тілдік талдаулармен нақтылануы жалпы фразеологияның зерттеу нысанының күрделенгенін және бүгінгі тілтаным тұрғысынан алғанда, бұған дейінгі қалыптасқан кейбір ой-пікірлерді басқа қырынан, басқаша талдауды талап етеді.

XX ғасырдың бас кезінде қазақ ғалымдары жоғарыда аталған түркологтардың ыңғайымен сөз тіркестерінің байланысу формаларына баса назар аударды да, басқа маңызды-маңызды деген мәселелерге онша тереңдеп бара қоймады. Оның үстіне қазақ тілі білімінде бұл мәселелер орта мектеп оқулықтары көлемінде қарастырылғандықтан, зерттеу аясы тар болды.

Бұл салада көптеген ғылыми жұмыстар істелінгенімен, күрделі сөздердің тілдік табиғаты түбегейлі зерттеліп, оған қатысты мәселелер толық шешімін тауып болды дей алмаймыз. Осы салада арнайы қарастырылмаған мәселелердің бірі – бір сөздің бірнеше сөзбен ғана шектесіп тіркесіп, номинация жасауы. Мұндай тілдік құбылыстарды шектеулі тіркестер деп қарастырып отырмыз

Фразеологиялық тіркестегідей шектеулі тіркестің орын тәртібі тұрақты болғанымен, олардың өз алдына бір-бірінен айырмашылық, ерекшеліктері бар. Фразеологиялық тіркестер белгілі бір сөз тобына жататын сөздің эквиваленті ретінде жұмсалып, сол сөзге тән сөз түрлендіруші формалармен түрленіп, номинативті қызметпен бірге эмоциональды-экспрессивті қызмет атқарса, шектеулі тіркес көбінесе зат есім ретінде танылып, сыңарлары тұтас тұлғаланып, тек номинативті яғни атауыштық қызмет атқарады. Фразеологиялық тіркестерге көп мағыналылық, синонимия, антонимия және вариаттылық құбылыстары тән болса, шектеулі тіркес белгіленетін ұғымның бірден-бір атауы ретінде жұмсалатындықтан, көбіне терминдік ұғымдарды білдірумен байланысты синонимдері болмайды. Шектеулі тіркестердің кейбірі ғана омонимдік қатар құрай алады.

Тілдік таңбаның ерекше түрі болып табылатын фразеологиялық бірліктерде ұлттың мәдени жемістері, яғни халық ауыз әдебиеті, діни философиясы, салт дәстүрлері, әдет-ғұрыптары, мифологиялық дүниетаным көздерінің іздері жатыр. Осыған байланысты көркем әдебиеттегі фразеологизмдер, оның концептуалдық өрісін қарастыру тіл біліміндегі өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Тілдік бірліктерді антропоцентристік парадигма тұрғысынан қарастыра отырып, көркем шығармадағы тұрақты тіркестердің семантикасынан ұлттың мәдени болмысы мен ойлау жүйесін, қоршаған дүниені қабылдаудағы ұлттың менталдық ерекшелігін, қазақ халқының салт-дәстүрін айқын аңғаруға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы, 1973
2. Ахманова О.С. О разграниченности слова и словосочетания. – Москва, 1954
3. Балақаев М., Сайрамбаев Т. Қазақ тілінің синтаксисі. – Алматы, 1976
4. Жуков В.П. Русская фразеология. – Москва, 1986

5. Сайрамбаев Т. Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі. – Алматы, 1999
6. Ғұбайдуллин С. Қазақ тілі.-Алматы, 1995
7. Балақаев М., Серғалиев М. Қазақ тілінің мәдениеті. –Алматы, 2004
8. Манкеева Ж. Мәдени лексиканың ұлттық сипаты. – Алматы, 1997
9. Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. – А, 1998
10. І.Кеңесбаев Қазақ тілінің идиомдары мен фразалары» // Халық мұғалімі, 1946, №1-2, 39-42, №3-4, 42-50

ҚАЗАҚ СПОРТ ЖУРНАЛИСТИКАСЫ: АМАНГЕЛДІ СЕЙІТХАНОВТЫҢ ТІЛДІК ҚОЛДАНЫСТАРЫ

Э.Қ.Қуандықова

Атырау облыстық дарынды балаларға
арналған ұлттық - гимназия
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
педагог-шебер

Спорт журналистикасы – спорттық шараларға қатысты ақпаратты қабылдап, сақтап, өңдеп, қайта тарататын журналистиканың бір саласы. Спорттық журналистика мен спорт комментаторлығының аражігін ажырату мақсатында комментаторлықтың үлкен саланың бөлшегі екендігін назардан шығармауымыз керек. Спорттық журналистика болып өткен, болып жатқан іс шараны мақала немесе репортаж түрінде бере алатын сала болса, спорт комментаторы тікелей эфирде болып жатқан спорттық бәсекелерден хабар тарататын маман. Амангелді Сейітханов – осы спорт журналистикасының майталман маманы. Ол - журналист, тележүргізуші, спорт комментаторы, айтыскер ақын, публицист. Ақпарат саласының үздігі. Сейдахмет Бердіқұлов атындағы сыйлықтың лауреаты.

1959 жылғы 1 қаңтардан бастап жарық көрген, спорт, туризм және дене тәрбиесін насихаттайтын «Спорт» газетінде өнімді еңбек етіп, спорт ойындары және бұқаралық дене тәрбиесі бөлім бастығы қызметін атқара жүріп, қазақ спортының жай-күйін, кешесі мен бүгінін баяндаған, жақсылы-жаманды, қуанышты-өкінішті, сәтті-сәтсіз тұстарын бүкпесіз суреттеген көлемді мақалалары – тәуелсіз Қазақстанның спорт тарихының жылнамалар жинағы. Амангелді Сейітхан бір журналиске берген сұхбатында: « - Бәлендей жоспарым бар деп айта алмаймын. Сол күнделікті тіршілік, күнделікті жұмыс. Айтпақшы, Ютуб канал ашып жатырмын. Ютуб канал арқылы жастарды жақсылыққа ұмтылдырсам, ақыл айтсам деген ой - арманым, мақсатым бар. Жастар соған тіркеліп, тыңдап жүрсе жақсы болар деймін.

- Спорт комментаторы болғысы келіп жүрген мектеп оқушыларына қандай ақыл - кеңес бересіз?

- Мектептен бастап көркем әдебиет оқуы, ізденуі керек. Сосын спорттың өзін білуі керек. Мысалы, футболдың ережесін, бағытын, командалардың тарихын, ойыншыларын білуі керек. Комментаторлық деген - күрделі дүние. Бірақ оған мектепте жүрген кезден - ақ ізденіп, дайындалуы керек» [1] деген пікір білдіреді. Бұл сұхбаттан журналистің заман ағымына ілесіп Ютуб каналын ашу, сол арқылы жастарды салауатты өмір салтына шақыру, спортты сүйу, әдебиетті сүйу, спорт журналистикасына қызығушылығы бар жастарды болашақ мамандыққа

бағдарлау, комментаторлық өнердің көп дайындықты керек ететінін, қазақтың қара сөзінің құдіретін ұғынып шығуға тәрбиелеудің заманауи құралы деп түсінетінін байқаймыз.

Қазақтың «Ер Төстік» ертегісінде «тоғыз ұлым бір төбе, Ер Төстігім бір төбе» деп басты кейіпкердің ерекшелігін осы бір сөйлеммен - ақ ертегі басында айшықтап кетеді. Қазақ спорт журналистикасында мықты- мықты журналистердің ішінде Амангелді Сейітханның орны бөлек. Ол - қазақ спорт журналистикасының негізін қалауға атсалысқан, жұмыр жердегі сан додадан қазақ жұртына сан мәрте сауын айтып, салтанатымызды асырған, футболдан әлем чемпионатын тұңғыш рет қазақ тілінде жүргізген білікті комментатор. Комментаторлық қызмет – үлкен өнер. Жан-жақты әрі терең білімді болу, сөзді тауып айту, қиыннан қиыстырып сөйлеу, көрерменге жақсы эмоция сыйлай алатындай сөзге шешен болуы керек. Жағымды дауыс ырғағы, керемет логикалық жүйе мен шапшаңдықты да қажет етеді бұл мамандық.

Амангелді Сейітханды күллі қазақтың сүйіктісі еткен – футбол мен басқа спорт түрлерінен өткен жарыстардан тікелей телерепортаждар. Оның әрбір сөзі көкейге қонып қоймай, езу тартқызатын және ой салатын. Балталасаң бұзылмас тіркестер табан астында туындап жататын. Журналистің өзіндік комментаторлық шеберлігін, тілдік қолданыстағы ерекшеліктерді көрсететін жұмыстарын ерекше атап өтуге болады. 2002 жылы болған «Қазақстан мен Ирак» арасындағы футбол ойынына жасаған комментаторлық жұмысына көз жүгіртіп көрейік.[2]

«Қарсыластарының пасын тамаша қабылдайды. **Бидай қабылдайтын қамба секілді. Шашау шығармайды зой және**». Комментаторлық жасаудағы импровизация деген осы шығар. Пастың дәл берілу сәтін қамбаға құйылған бидайдай деп теңеу жасауы сөзінің көркемдігін арттырса, **шашау жібермеді (шығармады) қаға берісте қалдырмады, шетке шашыратпады** мағынасын білдіретін фразеологизмін ойын жеткізуде ұтымды қолданған. Яғни, пастың нысанаға дәл келуін жеткізудегі авторлық қолданыс шебер шыққан.

«Біздер қарымта шабуылға көбірек **иек артып жүрміз**. Ол да бір тактикалық тапқырлық деген болжам айтылған. Бірақ біздің ойымызша, Аднанның **асығы ашысынан тұр**». **Иек артты** фразеологизмі **арқа сүйеді** деген мағынаны білдіреді сөздікте. Есесін қайыратын шабуылдың болатынына сенімдеміз, соған үміттіміз деген ойын жеткізудегі журналистің қолданған **иек артып жүрміз** фразеологизмінің эмоционалды - экспрессивті бояуы басымырақ болып тұр. Біреуге арқа сүйеу, көмегіне сену деген мағынадан туындайтын фразеологизм авторлық қолданыста **болатынына сеніп жүрміз** мағынасында қолданылған тәрізді. **Асығы ашысынан түсті** фразеологизмі **жолы болды, тасы өрге домалады** деген мағына білдіреді. Бұл жерде авторлық қолданыстағы **асығы ашысынан тұр** тіркесіндегі **түсті** сөзінің орнына **тұр** сөзін ауыстырып қолдану арқылы бапкердің **жолы болып тұр** деген нық сенімді білдіру мақсатында өңдеуден өтіп қолданылған.

Фразеологиздерді авторлық мақсатқа сай осылай қолданылу құбылысы, яғни тұрақты тіркестердің әр түрлі стилистикалық тәсілдер арқылы трансформацияланып, мағыналық және құрылымдық жағынан өзгеріске ұшырап қолданылуы туралы зерттеушілер Р.Сыздық, Г.Смағұлова, Н.Уәлиұлы, Ә.Қайдар, т.б. еңбектерінде талданады. [3]

«Есеп ашқан сәт! Сонымен Қазақстан құрамасы 1:0 есебімен алға шықты. Жарайсың, Олег! Литвиненко туралы біраз мақтау айтқанбыз. **«Ел мақтаған жігітті қыз жақтаған»**. Міне, Олег Литвиненко әдемі тебе білді, шебер орындай білді». Қазақтың мақал - мәтелдерін де Амангелді Сейітхан комментаторлық жасауда жиі қолданады. Көрерменге гол салған сәттегі эмоцияны жеткізу кезінде ойыншының шеберлігіне риза болып, **«Ел мақтаған жігітті қыз жақтаған»** деген мәтелмен сөзін көркемдеп жібереді.

«Бірақ Ирактың бойшаң қақпашылары **қауіп бұлтын сейілдіре білді**». Бұл жерде де авторлық өңдеу қолданысы бар, ашу бұлты тарау/ сейілу (ашуы тарқау, өз-өзіне келу) фразеологизмінен туындаған мағына немесе бұлт үйірілді (қауіп-қатер төнді) деген фразеологизмнің антонимі ретінде алып, оқиғаға байланысты өңдеп қолдана білген.

«Тіпті, **тіл күрмеліп, тіліміз жаққа жабысып қалатындай** боп тұрмыз қазір». Тілі күрмелді (сөйлей алмай қалды) тұрақты тіркесін тіліміз жаққа жабысып қалатындай деген әсірелеумен берілген бейнелі тіркестерімен «сөз таба алмай» әбден састық бұл ойынның бағытынан дегендей әсер берудегі авторлық шебер қолданысты көреміз.

«Бәлкім, осы шабуыл бізге бақыт әкелер? Иә, көкіректе арман көп, бірақ оған жететін жол қайда? **«Жақсы да болса - қарағым, жаман да болса – қарағым» деген сияқты**». Сүгірәлі абыздың баласының мінезін әркім ұнатпай сөйлей берген соң: «Жақсы да болса - қарағым, Жаман да болса - қарағым. Солтыбай төре бере ме, Жақсы туған Барағын» деген екен. Ел арасында мысал болып кеткен сөз. Міне, осылай сөзге шешен комментатор Амангелді Сейітханның футбол ойынының жүру барысын көрерменге осындай ақын-жыраулардың толғау, жырларының мағынасымен байланыстырып халықты жалықтырмайтындай, эмоцияны сезіндіріп жеткізген сәттері көп. Бұл жерде Қазақстан командасы қандай нәтиже көрсетеді екен деген ойлы сауалды ұғынуға болады.

Ресейдің әйгілі комментаторы Виктор Гусев айтқандай, «Спорт комментаторы тірі энциклопедия болуы керек. Сондай-ақ өзі білетін ақпараттарды керек кезінде жеткізсе, нұр үстіне нұр». Амангелді Сейітханның комментаторлық жұмысын тыңдап отырғанда, оның қазақшылығына, көп оқыған, көп білетін болмысына, ойын жеткізудегі тіл шеберлігіне тәнті боламыз. Амангелді Сейітхановтың туындыларындағы жеке авторлық қолданыстардың, оның тілдік бейнесін танымдық деңгейде сипаттау арқылы журналистің қазақ әдеби тілін байытуда өзіндік үлес қосқан қаламгер, тілші екендігін танимыз. Индивидуалды авторлық қолданыстар немесе тілдік кеңістікте бұрынғы бар тілдік бірліктерді өзгертіп не өңдеп қолдану әр журналисте әр түрлі болады. Өйткені бұл – шеберлікпен, тілшінің суреткерлік мәдениетімен байланысты құбылыс. Жалпы мұндай жеке авторлық қолданыстарды қолдануын саралау арқылы журналистің халық тілінің байлығын қаншалықты деңгейде пайдаланғанын, әдеби тіліміздің дамуына қосқан үлесін, тілдік тұлға ретінде қалыптасу мәнерін жүйелеуге болады. Жазу мәнері мен стилін танытуда да авторлық қолданыстардың рөлі ерекше.

Амангелді Сейітхановтың спорттық шолулар мен журналистік зерттеулеріндегі дәстүрлі фразеологизмдердің өзгеріп, өңдеуден өткен қолданыстарына назар аударалық.

«*Өткен жылы ғана еліміздің чемпионы болған алматылық допты хоккей шеберлеріне тез **тізгін тартардай** не болды?*» [4] І.Кеңесбаевтың «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде» **тізгін тартар бер!** (алып қашып алған қызға айтылады), *тізгін тартты* (тарта сөйледі) *байқап, абайлап, аспай сөйледі* деген мағына береді деп түсінік берілген. [5] Бұл жерде тілші фразеологизмді өзінің танымына орай өзгертіп қолданған. «Динамо» командасының ойынына көңілі толмаған мақала авторының осы жолы жайлап қалуына не себеп деген ойды әсерлі етіп жеткізу мақсатында қолданған.

«...*Мәреге үш жүз метрдей бар. Алдында Ресейдің екі жігіті, біреуі шаршайын депті. Бұлардың екпініне әрең шыдап келеді. Неткен жанкүйер халық мына грузиндер. **Екі иығын жұлып жеп, тыным таппайды***». [6] Сөздікте *екі иығын жұлып жеді* 1.қатты долданып ашуланды; 2.еті тірі, пысық кісілерге айтылады деген түсінік беріледі. Бұл жерде автор грузин жігіттерінің пысықтығына таңданысын осындай фразеологизммен жеткізеді.

«... Медеу мұз айдыны. Жас жігіт жүйткіп келеді. Жетегінде – жұдырықтай доп. Илек таяғын икемге келтіріп, қарсы келген қорғаушылардың талайын алдап соқты. Бейне бір жасын дерсің. **Сабындап қойғандай қолды-аяққа тұрмайды.** Міне, қақпашымен бетпе-бет шықты. Шірене тартты. Шу ете қалды жанкүйерлер. Қос қолын жоғары көтерген Ринат жолдастарының құшағына ене берді... Бұл шабуылшының бір ғана сәті. Әлгі көрініс қаншама рет қайталанды. Әлі қаншама рет қайталанбақ. **Ұшағына шығарып, сәуегейлік айта алмаймыз. Айтатынымыз мынау: ұрымтал сәтті, қапы жібермейтін** ұлдың мергендігі ұзағынан сүйіндірсін». [7] Шабуылшының ойынына әбден риза болған ойын жеткізуде автор қаншама фразеологиялық тіркестерді ұтымды қолданған. **Ұшаққа шығару** (барлық жақсылыққа жеткізу), **сәуегейлік айту** (алдын ала болжау), **қолды аяққа тұрмады** (тықырышып шыдамады, зыр қақты), **қапы жібермеді** (көз жазбады, көз алмай қарады, мүлт жібермеді, аңдыды) фразеологиялық тіркестерді **сабындап қойғандай** деген бейнелі тіркестермен, **ұзағынан сүйіндірсін** деген ішкі сезімді, қуанышты білдіретін тіркестермен әсерлі етіп жеткізу дәстүрі Амангелді Сейітхановтың тілдік қолданысындағы өзіндік стиль, шеберлік деп айтуға болады.

Автордың өзіндік «қиялынан» өзгеше өңдеуден өткен тілдік бірліктердің негізгісі – индивидуалды-авторлық қолданыстар. Амангелді Сейітханның тілдік тұлғасын сипаттайтын авторлық қолданыстарға арнайы жеке тоқталамыз. Мұндай окказионалдық бірліктер жаңа концептуалды мазмұнда өзіндік түр-сипатымен, тың бояуымен өзгешеленеді, ұлт болмысының ерекшеліктерін ажарландыра түседі. Әлем біріншілігінің жартылай финалында Ан Джун Хван есімді корей футболшысы пенальти тебетін тұста, Оливер Канның Германия қақпасын қалай қорғайтыны жайлы айтқаны көбінің есінде шығар: **«Ан жеңе ме, әлде Кан жеңе ме?»**, – деп тауып айтқаны тыңдаушы құлағының құрышын қандырғаны анық. Жарыстан ерте шығып қалған Испанияны **«қазір олар Мадридте шай ішіп отыр»** дегені дүйім жұрттың езуіне күлкі үйірді. **«Әпкеме жездем сай»** деп гол сала алмай, қорғанысқа қамалып жүрген қос команданы теңегені, тіпті, керемет еді! Қандай қиын жағдайда болмасын, футболдың шиеленісті жерінің өзін сиқырлы сөз саптауымен тарқатып тастауы – Амангелді Сейітхановтың басты ерекшелігі.

Спорттық журналистика тілі сондай бір экспрессивті, метафоралы болып келеді. Амангелді Сейітханның бейнелі авторлық қолданыстарына таң қалмасқа болмайды. Футболистің шеберлігіне разы болып отырып: **«Қазақтың маңдайына бір Зидандай ұл бітсе екен»** деген арманын да эфирде отырып әдемілеп жеткізгені, енді бірде: **«Шіркін, Зидан қазақ болғанда зой!»** – деп қойып қала салғаны футболда өз ойыншысына жанкүйер болып отырған көрерменнің шабытына шабыт қосып, футболға деген махаббаттарын арттыра түседі. Әріптестері оның 2000 жылғы «EURO»-ның финалында айтқан мына бір сөзін еске алып, әлі айтады: **«Дель Пьеро мен Тотти шықпай, Италияның қалақшасы қар бұзбайды, бұны біз емес, әккі маман Ариго Сакки айтыпты»**. Амангелді Сейітханның осындай сөздері халық арасында да жатталып, ауыздан ауызға тарап жүр. Мысалы: әлем чемпионатында жеңіске жеткізген француз футболшысының ойынына риза болғаннан **«Капитан, ақылгөй – Дешам»** деп ерекше еркелетіп айтуы, қақпашылардың шеберлігіне **«Барысиа атылып, кенеше жабысты»** деп, **«Допты ұршықша үйірген Зидан»** ерекше теңеумен баға беруі Амангелді Сейітханның сөзге шешен, айтқыш, сөз тапқыштығын танытады. Бұл өнері футболды түсініп, оның тактикасына бойлай алатынымен ұштасқанда, ғаламат әсер береді.

«Сен салмадың, мен салдым», – деп Роналдо гол салып кетті» деп Қазтуған жыраудың толғанысын авторлық өңдеумен өзгертіп, әдемі сәтті керемет авторлық қолданыспен жеткізеді. **«Түйенің қос өркешіндей жарасып келе жатқан Фло мен**

Каннаваро», «Аюдың апанындай қақпа тұрғанда, алақандай гана маңдайшаға тепкені несі?» – депті ауылдағы бір апамыз» деген әзіл-шыны аралас теңеулері, қазақ спортшысы жеңіске жеткенде *«Сен туғанда шешең бекер қалжа жемеген екен...»* деп қуанышқа, *«Ойбай-ау, Мұхтархан ұйықтап жүріп осылай бокстасса, оянып кетсе, онда не болады?»...[8]* деген таңданысқа құрылған Амангелді Сейітханның авторлық қолданыстары бүгінде жанкүйерлерінің жадында жаттаулы жүрген қанатты сөздердей. Осындай тіркестерін тыңдап отырып, тәрбиенің түп қазығы ауылдан шыққан баланың ата-әжесінің тәрбиесін көрген қазақы болмысын, көркем шығармаларды көп оқығандығын, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіріп өскен, табиғат берген талантымен үндестік тапқан ізденістерімен екінің бірінің қолынан келе бермейтін мамандықты ұршықша иіріп отырған нағыз журналистің келбетін көреміз. «Болмасаң да, ұқсап бақ, бір ғалымды көрсеңіз» деп Абай атамыз айтқандай, бүгінде спорт журналисі, комментатор боламын деп талпынып жүрген жастар осы Амангелді ағамыздан үлгі алу керек.

Амангелді Сейітхан - айтыскер ақын. Талай республикалық додаларға түскен, оның Бекжан Әшірбаевпен болған айтысы көптің есінде жүр. Сол ақындығының арқасында ара-тұра өлең жазып, поэзияға да бас сұғып тұратын әдеті бар-тын. Соның арқасы шығар, футболда да ол ақын-жазушылардың әдемі сөздерін кірістіріп жіберетін. Мысалы, «0:0» боп тең түсіп жатқан ойында гол күтіп, Төлеген Айбергеновше: *«Бір голдың болары сөзсіз бүгін, бірақ дәл қай минутта екенін айта алмаймын»* дегені кейінгі қазақ комментаторларының да жиі айтатын сөзіне айналды. Жеке дарыны, ақындық қасиеті, спортты сүйіп, түсіне білуі Амангелді Сейітханның ел есінде қалатын шебер комментатор болып қалыптасуына себепші болды.

«Быттыр қуантқан «Динамо» биыл ала-құла ойынымен ренжітіп алды. «Жайылғаның жетер, жинал енді» деп, жігіттерге зілсіз ұрысып, діңкелей бастаған «Динамоны» дырдырлап, *божымен* қақпайлап, дұрыс жолға түсіріп жіберейік деген ойымыз бар». *Божы* - арба, шанаға жегілген көлікті жүргізіп отыратын ұзын шылбыр, әбзел. Кей өңірлерде *делбе* деп атайды. Диалект сөз Шу өңірінде қолданылады. Бұл диалект сөзді Амангелді Сейітхан *дырдырлап, божымен қақпайлап* деп, жегіп алған атқа айтылатын ұғымды ауыспалы мағынада қолданып, ойын көркемдеп жеткізген.

«төрешінің *ақтық* ысқырығынан соң» тіркесіндегі ақтық сөзі де - диалект сөз. Батыс Қазақстан облысының Орал қаласы, Орда, Жәнібек, Шыңғырлау жерінде, Семей, Абай жерінде қолданылатын сөз. *Соңғы деген мағынаны білдіреді*. Жергілікті тіл ерекшеліктеріне байланысты айтылатын диалект сөздерді, көнерген сөздерді пайдалануы тілшінің сөздік қорының байлығын танытады.

«Сәбит денесін қозғалысқа келтіріп, буындарын бырт-бырт үзді. Алдағы сынға дайындалуда. Бапкері Евгений Семенович Кадяйкин қасынан қарыс қадам шықпайды. Есі-дерті шәкіртінің жәй-күйі». [9] Бала күнінен «Қабанбай жсырын» жаттап өскен Амангелдінің *«Алпамыс батыр» жсырындағы*: «Бозшұбар сәйгүлігінің беліне аяқ артқанда, «жылқының иісі кең сарайын ашып, жанарына ұшқын ұялайды, ұйып тұрған буындары бырт-бырт үзіліп, білегіне күш бітеді» деп келетін жолдардағы тұлпар атқа байланысты айтылған тіркесті спортшының дайындығын суреттеуде ұтымды қолданып, *қарыс қадам шықпайды* деп байырғы қазақ өлшемдерімен айтып, өзінің ұлттық дүниетаным деңгейін таныта алған.

«Әріптесінің көлденеңдей зулатқан добы жұқалтаң сарының салмақты соққысынан қақпаға қорғасындай қадалады. Қақпашыға тисе де қарын қуырып жіберер». [10] Бұл жерде метафора да (жұқалтаң сары), теңеу де (қорғасындай), эпитет те (салмақты соққысы), әсірелеу

де (қарын қуырып жіберер), аллитерация да (сарының салмақты соққысынан) бар. Журналистің тілді құбылту, ажарлау, айшықтау тәсілдерін меңгеруі де өз мамандығының үдесінен шығуда керек маңызды жәйт екені осы контекстен байқауға болады. «қарсыластар қақпасының торын бүлік еткізген хоккейшінің «қаруына» қызыға қарай бердім», «имек таяғын икемге келтіріп», «бейне бір жасын дерсің», «сабындап қойғандай қолды-аяққа тұрмайды», «бапкер, бапкер дегенге сақалды боямаңдар», «бет нұры қайтса да, жүрек нұры қайтпаған азамат сөзін қысқа да нұсқа қайырды», «соқырға таяқ ұстатқандай ғып түсіндіретінім» деген сөз қолданыстарын да мысал ретінде келтіруге болады.

Амангелді Сейітханның көсемсөз шебері екені белгілі. Оның студенттік жылдардан бергі БАҚ беттерінде жарық көрген журналистік зерттеулері, ұлттық спорт түрлеріне байланысты көлемді мақалалары, тағылымдық-танымдық бағыттағы ой-толғамдарында қазақ спорт журналистикасының ел біле бермейтін тұстары, өзекті мәселелері қамтылған. Сондай-ақ Д.А. Қонаев, М.Өзтүрік, М.Жұбаниязов, т.с.с. даңқты тұлғаларды жаңа қырынан танытатын сұхбаттары да - сәтті шыққан дүниелер. Болашақ тележүргізуші, спорт комментаторларына кәсіби бағдар берерліктей Амангелді Сейітханның құнды ойларын тек оқу керек...

«Халқымыздың атын әлемге танытқан таэквондошы Мұстафа Өзтүрік тегін тұқымнан емес: ол – тұлпардың тұяғы, алтынның сынығы», «түлкі бұлаңды біле қояды өзі», «таэквондо «тұтқасын» ұстаған тұлғалы жігіт», «Күшік тірі тұрғанда туысының тұқымы торғайдай тозбайды» [11] - мақаладағы осындай бейнелі тіркестер, авторлық тың қолданыстар оқырманды бірден баурап алады.

Журналистің қаруы – сөз. Сөз сынға жиі алынады. Амангелді Сейітханның да сөздеріне түйілетіндер табылды. Шынар Досанның «Жеңісті күндерде жүздескенше» мақаласында: «Бір күні Қайнар Олжай алдына шақырып алады да: «Әй, мына сөзді сен айтып жүрсің бе? Мынауың керемет қой. Қайдан тауып алғансың», – дейді. Сөйтсе, газетке Амангелдінің атына айтылған сын басылыпты. Мақаланың ұзын-ырғасы Амангелдінің «Мұхтархан, қолғаптан қорық, қолғаптың ар жағында адам бар» деген сөз тіркесіне байланысты жазылыпты. «Түсініксіз сөйлейді үнемі. Қолғаптың ар жағында адам бары несі? Сонда не айтқысы келіп тұр?» – депті». Қажытай Ілиясовтың бұл туралы: «Амангелді түсініксіз сөйлемейді, оны біз түсінбейміз. Керісінше, қазақтың сөз қолдану тәсілін керемет меңгерген. Ол екі ой, төрт астармен айтады», – дегені бар.

«Қайнар ағасы тағы шақырып тұр бір күні. «Мә, мынаны оқып көр», – дейді. Студент кезіндегі ұстазы, академик Рәбиға Сыздық мұның «Жеңісті күндерде жолыққанша» деген сөзін сынға алыпты. «Жолыққанша» деген сөз көшеде кетіп бара жатқан кісіге айтылады. Теледидарда «жүздескенше» деп қолдану керек», – депті. «Иә, бұған не дейсің?» – дейді Қ.Олжай. «Не деуші едім, апайыммен келісемін», – дейді бұл». «Жеңісті күндерде жолыққаншаның» тағдыры осылай шешіледі». Амангелді Сейітханның бүгінде ел аузында жатталып қалған «Жеңісті күндерде жүздескеншесі» әр сала мамандарының күнделікті өмірде, теледидар мен ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілер мен жазбаларда жиі қолданатын тіркесіне айналды.

2006 жылы Катарға барған сапарынан соң «Қадірін сен білмесең, Катар білер» атты мақаласы жарық көреді. «Ресми жарысқа әлі ерте. Тақымға жүйрік ат тиген соң, желіп жүріп жер таныған кезіміз. «Қазір Катар балалары мұзда сырғанап, коньки тебуді үйреніп жүр екен», - деген жаңалықты естіп, мұз айдыны бар сауда орталығына бардық. Шынында да қызық еді. Өмірі қар көрмеген балалардың қуанышында шек жоқ. Жасанды мұзға кезек түсіп, сырғанағанына емес, құлағандарына қуанып жүрген сәтін көрдік. Айнала толы жарнама. Жан

жақты шолып тұрмыз. Міне, қызық! Kazakh carpets деген жазу көзге оттай басылды. Шамасы, осы сауда орталығының бір бұрышы. Іздеуге бекіндік. Әуелде біздің елдің көрмесі шығар деген ой келді. Ол да жақсы. Катарда қазақ кілемінің көрмесі өтіп жатса қандай керемет! Таспаға тартып алуға да дайын едік. Жөні сілтеніп, жолы көрсетілген орынды тез таптық. Желіп жетсек, көз жауын алатын ғаламат бір көрініс! Самсаған Kazakh carpets! Қазақтың кілемі! Бірінен бірі өтеді. Бұрын көргеніміз шамалы, сапасы қандай! Өрнегі ше! Рас, ауылда кездесетін. Ара-тұра байқап қалатынбыз, көрші-қолаң, туыс-туғаннан. Өздерінің киелі мүлкі санап, көздерінің қарашығындай сақтап отыратын. Сонда айтатындары, «Бұл қоспасыз қазақ кілемі». Бала кезде көрген, кейін назарға ілінбеген жәдігердің не түрі Дохада жайқалып тұр!

Егесін іздеп едік, таппадық. Сатушы Непал азаматы екен. Бағасын сұраймыз. Удай! Тіпті қолтыққа қысып әкететінінің өзіне 3000 АҚШ долларын сұрап тұр...

- Ол не қылған халық, көшпенді бола жүре өркениетке ілесіп алған?

-Тарихын оқып көріңіздер. Таң қаласыздар. Сөзге шешен, іске епті халық көрінеді ғой. Тағы бір қызық айтайын. Өткенде бір тарихшы келді. Мынау өрнектің бәрінде сыр тұнып тұр дейді...

...Қайран бабам, біз сенің кілеміңе емес, салт-дәстүріңе де қырын қараймыз қазір! Тіліңді ұмыттық. «Дүдәмәл дінің болады, ала-шұбар тілің болады», - деп пе едіңіз? Тіл алмайтын ұл, тыңдамайтын қызды да көріп жүріп, түк ұялмайтын болдық. Неден мүлт кеттік екен? Неге біз жоққа бере алмайтын, жақсыны көре алмайтын күйге түстік екен?

Қасиетті бабалар! Сенің мықтылығыңа титтей шүбә келтірмеймін. Тамақтың адалын же дедің, ғылымның жолына түс дедің, нәпсіні тый дедің. Мәдениетіңді ұмытпа, әдепті бол дедің! Әннің естісін тыңда, күйдің тереңіне бойла дедің! Бәрін білемін. Оны ара-тұра заман классиктері де айтып қалады. Тіпті Ұлттық код туралы да естідім. Жап-жақсы бастама, ізгі ниет! Тек сол кодтың кілтін таппай қойдық. Шапаныңның қалтасында кеткен жоқ па, Қасиетті Бабам»?![12]

Ойландыратын мақала. Тарих тереңінен бастау алатын ұлттық құндылықтарымызды қадірлейік, бойға сіңіріп өсейік, ұрпағымыз қазақ болып тәрбиеленсін, тамырымыздан ажырап қалайықшы деген ішкі жан айқайын сездіреді. Барымызды бағалайық, әйтпесе өзге ел пайдаланып кетіп жүрмесін деген ой тастайды.

Амангелді Сейітханның журналистік шеберлігін, публицист ретінде танытатын әр мақалаларын оқыған сайын, ерекше тілдік қолданыстарына тәнті бола береміз.

Спорт журналистикасы түсінігі кең әрі ауқымды. Ол публицистика ретінде көркем әдебиетпен тығыз байланысты. Спорттық шараларды көрермен, тыңдарман эмоционалды түрде қабылдайды. Өзінің аудиториясы, яғни спорт сүйер қауым, кәсіби спорт шеберлері бар спорт журналистикасының болашағы зор. Бүгінде елімізде спортқа қызығушылық артып келеді. Жастар спорттық жарыстарға белсене қатысуда. Ал спорттық ақпаратты жеткізу, сараптау, мықты спорт журналистерінің қолында. Телеарналарда спорттық шаралар, қазақ тілінде берілетін комментария, баспа беттеріндегі сараптамалық шолулар мен сұхбат, мақалалар халықтың көкейінен шығатын, бұқаралық санаға әсер ететін, спорт қоғамы арасында өзекті мәселені көтеретін спорттық публицистика ретінде құнды болуы керек.

Амангелді Сейітханның өзі айтқандай, «Адамды алға сүйрейтін – мақсат. Шын ұмтылғандар жетеді. Жанын жеп жүріп жетеді. Қиындықты кешіп барып, жетеді. Ол үшін шыдам керек. Иә, содан кейін сенім. Сенім азайса, күдік көбейеді. Күдік – мақсаттың тұсауы. Соны бырт-бырт үзу керек! Ал келесі аялдама – жетістік!..» Үздіксіз оқу, ізденіс, ұстаздан тәлім алу, ұлттық құндылығынан нәр алу, мақсат, арман, мамандыққа деген махаббат, ел мен

жерге деген сүйіспеншілік, ел алдындағы перзенттік парыз жетістікке жетелейтіні сөзсіз. Қара басының жетістігін емес, қазақ елінің жетістігін күллі әлемге жар сала жеткізуге барын салған Сейітханов – қазағымның мақтанышы. Замандасы, спорт журналисі Ермұхамед Мәулен айтқандай, «Мектеп қалыптастырды. Достоевскийдің кеңдікпен айтқан, "Бәріміз Гогольдің шекпіненін шықтық" деген сөзі бар ғой. Сол сияқты Амангелді Сейітханның шапанынан кейінгі қазақ комментаторлары шықтық».

Сейітханов әлемі – қазақ спортының әлемі. Оның ғұмыры – қазақ спортының өмірі. Спорт – Сейітханов, Сейітханов – спорт. Бір-бірінен ажырағысыз: бүтіннің бөлшегі, жартының жармағы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. <https://kazgazeta.kz/news/110888>
2. <https://www.youtube.com/watch?v=l8G-um6YmHg>
3. Смағұлова Г. Қазақ фразеологиясы лингвистикалық парадигмаларда Алматы: Елтаным, 2020
4. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі, Алматы: Арыс, 2007
5. Сейітханов А. «Спорт» газеті, 1992 жылғы 4 қаңтар, 7-бет
6. Сейітханов А. «Спорт» газеті, 1992 жылғы 14 наурыз, 7-бет
7. <https://inbusiness.kz/kz/news/kazak-sportynyn-kajragy-edi>
8. Сейітханов А. «Спорт» газеті, 1992 жылғы 1 ақпан, №5 (1721), 1-бет
9. Сейітханов А. «Спорт» газеті, 1992 жылғы 25 сәуір, №17 (1733), 1-бет
10. Сейітханов А. «Спорт» газеті, 1992 жылғы 25 сәуір, №17 (1733), 2, 3-бет
11. «Sport» газеті, 2014 жылғы 1 сәуір, 3-бет.
12. Сейітханов А. «Жеңісті күндерде жүздескенше», Алматы: Атамұра, 2022

АТАУЛЫ СӨЙЛЕМДЕРДІҢ ТАБИҒАТЫ

А.С.Пазылова

Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан
педагогикалық университеті

Сөйлемнің мағыналық және грамматикалық орталығы – оның негізгі мүшелері бастауыш пен баяндауыш немесе сөйлемнің грамматикалық негізі.

Теориялық әдебиеттердегі талдау көрсеткендей, қазіргі ғылымда бір негізден тұратын сөйлемдер туралы ортақ пікір жоқ. Кейбір лингвистер бір негізді сөйлемдерді дербес коммуникативті бірліктер деп санамайды және оларды екі негізді құрылымдардың бір түрі ретінде қарастырады.

Жалпы сөйлемнің логикалық белгісі кез келген сөйлемде айтылған ойдың екі мүшелі болуымен байланысты. Логикалық белгіге сәйкес екі компонентті және бір компонентті құрылымдар бөлінеді. Бір құрамды сөйлемдердің дәстүрлі жіктелуі логикалық-семантикалық негізде құрылады.

Бір негізді сөйлемдердің семантикалық белгілері негізінен ойдың екі компонентінің бірінің-субъектінің немесе предикативті белгінің сөйлемде актуализацияның сипаты мен әдісіне дейін азаяды. Сөйлеу тақырыбын-ойды немесе предикативті атрибутты актуализациялау сипаты мен тәсілі, ең алдымен, негізгі мүшенің лексикалық семантикасымен,

оның ұсыну формасымен және контекстік ортасымен байланысты. Олар серуендеп, үйге жиналды. Барлық бір құрамды сөйлемдер негізгі мүше ретінде бірдей лексикалық бірлікке ие, бірақ олар әртүрлі құрылымдық-семантикалық түрлерге жатады. Бұл жағдайда құрылымдық-семантикалық түрлердегі айырмашылық предикат етістігінің формасына байланысты.

Демек, бір негізді сөйлемдерді жіктеген кезде жай сөйлемге тән барлық белгілер: логикалық, құрылымдық, семантикалық, грамматикалық белгілер есепке алынуы тиіс. 1968 жылы жарық көрген В.В.Бабайцева «Односоставные предложения в современном русском языке» деген еңбегінде бір негізді сөйлемдерді 7 құрылымдық-семантикалық типке бөліп қарастырады, олар:

1. Белгілі жақты
2. Белгісіз жақты
3. Жалпылама жақты
4. Жақсыз
5. Инфинитивті
6. Номинативті
7. Вокативті» [1, 24].

А.Байтұрсынұлы: «Сөйлем дегеніміз – сөздердің басын құрастырып, біреу айтқан ой. Сөйлегенде, жазғанда кім де болса ойын айтады. Ойын айтуға тиісті сөздерді алады да, олардың басын құрап, біріне-бірінің қырын келтіріп, қиюластырады. Қыры келетін сөздер, тұрған күйінде алса да, қиындаса қалады. Қыры келмейтін сөздерді қиындастыру үшін қырларын өзгертіп қиюын келтіреміз. ... ауыздан шыққан сөздің бәрі сөйлем бола бермейді, айтушының ойын тыңдаушы ұғарлық дәражеде түсінікті болып айтылған сөздер ғана сөйлем болады. ... Сөйлем ішіндегі сөздердің басын түсінікті етіп жасау туралы сөз табиғатынан шыққан түрлі заңдар, тәртіптер бар», – деп жазады [2, 263-264].

Тілімізде сөйлемнің грамматикалық негіздерінің біреуінің болмауына орай бір негізді, екі негізді деген термин қалыптасқан. Бір негізді сөйлемдерге субъектінің болу-болмауына қарай жақсыз сөйлемдер, белгілі жақты, белгісіз жақты, жалпылама жақты сөйлемдер жатқызылады. Атаулы сөйлем құрылымына қарай басқа сөйлемдерге ұқсамаса да, сөйлем мүшесіне талданбаса да осы бір негізді сөйлемдерге жатқызылып талданып жүр. Атаулы сөйлемдер мәнмәтінге тәуелді, сондықтан олардың атаулы сөйлем екенін дәлелдеп тұратын толыққанды сөйлемдер болуы тиіс. Егер осы сөйлемдер болмай, тек атаулы сөйлем деп берілген сөздер мен сөз тіркестері болса, олар атаулы сөйлем бола алмайды. Біз оларды құрылымдық қабатына қарай не сөз, не сөз тіркестері деп қана қарар едік.

Атаулы сөйлемдер – әдеби тілде қарқынды дамып келе жатқан, көркем әдебиеттерде стильдік мәнді күшейту үшін жиі қолданылатын жай сөйлемнің бір түрі.

Түркі тіл білімінде атаулы сөйлемдер жөнінде А.Кононов, Н.Дмитриев, Э.Севортян, Н.Х.Демесінова, Ф.С.Сафиуллина, қазақ тіл білімінде С.Аманжолов, С.Жиенбаев, Е.Ағманов, Р.Әмір, М.Балақаев, М.Серғалиев, Ғ.Мадина, т.б. ғалымдар болды.

Ғалым Ғ.Мадина атаулы сөйлемдергі тән белгілер деп мына белгілерді ұсынады:

1. «Атаулы сөйлемнің грамматикалық формасының атау тұлғалы болуы;
2. Негізгі форманың зат есім болуы;
3. Құрамындағы басқа сөздердің тек есімге ғана ұйыса алатындығы;
4. Мағынасы негізінен зат есім арқылы белгілі құбылыста, белгілі қалыпта соны көріп не елестетіп тұрған жағдайда реалды, нақты бар факт екенін тұжырымдау, хабарлау кейде оған эмоциялық қатынасты да білдіру болатыны;

5. Шақтық мәні тек контекстен ғана білінетіні;
6. Жаққа бейтараптығы» [3, 56].

Ғалым А.Әбілқаев атаулы сөйлемдерді мағыналық жағынан мынадай түрлерге бөледі:

1. «Мекен атаулы;
2. Мезгіл атаулы;
3. Құбылыс (зат) атаулы» [4, 88].

Атаулы сөйлемдер тарихи жағынан алып қарағанда жай сөйлемдердің басқа түрлері мен құрмалас сөйлемдерден бұрын қалыптасқан. Әу баста сөйлемдер бір сөзбен ғана айтылған. Кейін тіл дамуының барысында жай сөйлемнің басқа түрлері мен құрмалас сөйлемдер қалыптасқан.

«Атаулы сөйлемнің негізгі мүшесі ретінде сын есім, есімше жұмсалғанда, олар субстантивтеніп тұрады. Осылай болғандықтан, олар септік тұлғаға ие бола алады. Негізгі мүше көбіне атау тұлғада тұрады, бірақ сын есім, тұйық етістік негізгі мүше қызметін табыс септік формасында тұрып та атқара алады: Жаздың ыстығын! Күтпеген жерден келуін!» [5, 675].

«Қазақ грамматикасында» атаулы сөйлемдерді жұмсалуына орай үш топқа бөлген:

1. Бейнелеу мағыналы атаулы сөйлемдер. *Түн. Шалқыған ай;*
2. Эмоциялы атаулы сөйлемдер. *Күлуін!*
3. Сөгіс, тілек мағыналы атаулы сөйлемдер. *Қаңғыған неме! Өркенің өскір!»* [5, 675].

Атаулы сөйлемдер мен екі негізді сөйлемдер қызметі жағынан да, құрылымы жағынана да тығыз байланысты. Мәселен, *Мезгіл қоңыр күз еді. Ағаш жапырақтары сарғайып кеткен – Қоңыр күз. Сарғайған ағаш жапырақтары.* Құрылымын өзгерткенмен, мағына тұтастығы сақталды.

С.Аманжолов атаулы сөйлемдерді мағына, құрылыс жағынан үш түрге бөліп қарастырады: *«1. Жай зат атау. Мысалы, Касса. Қазақстан. Алматы. Қала. Көше. Алаң. Университет. Кинотеатр.*

2. Меншікті атау (көбінесе газет, журнал және кітаптардың аттары). Мысалы, *М.Горький, «Ана», Сәбит Мұқанов, «Теміртас», «Қазақ әдебиеті», «Алатау» кинотеатры.*

3. Әліптемелі атау (суреттеу, зат атауы). Мысалы: *Егіс даласы. Қара бұйра жер, көк торғын аспан. Ұлы дүрмек. Ыстық күн. Қайнаған дала»* [6, 172].

Сонымен, атаулы сөйлемдерді шығарма тілдерінде көп кездесетін жай сөйлемнің бір түрі деп танымыз. Олар сөйлем мүшесіне талданбайтындықтан, мүшеленбейтін сөйлемдер деген категорияға жатқызылады. Олардың қолданылу аясы тар, бірақ оқиғаны ықшамды, тартымды етіп беруде орны ерекше.


М.Балақаев, Т.Сайрамбаев атаулы сөйлемді: «Сөйлем бір сөзден тұрса да, өзара байланысты бірнеше сөзден құралса да, ол дауыс ырғағы жағынан тұтастанып, айналасындағы басқа сөйлемдерден пауза арқылы оқшауланумен қатар, олармен мағыналық қатынасқа еніп, ұласып, ұштасып жатады», - дейді [7, 75].

Атаулы сөйлемдер осы шақтық мағына мен модалдылықты білдіреді, сөйлемдік интонациямен айтылады. Сөйтіп, табиғатты, табиғат құбылыстарын, мезгілді, адамның ішкі сезімін, заттардың бейнелі қалпын т.б. көрсетеді, дәл ықшамды форма болып саналады. Сипаттау, суреттеу сияқты бейнелік әсері күшті болады. Көркем әдебиетте табиғатты суреттеуде жиі қолданылады, адамның сыртқы бейнесін де суреттейді. Атаулы сөйлемдер жазушы стиліне көркемдік нәр беретін стильдік амал болып саналады.

Орыс тіл білімінде В.В.Бабайцева жай сөйлем жүйесінде екіқұрамды, бірқұрамды және мүшеленбейтін сөйлемдер сияқты мынандай үш негізгі құрылымдық-семантикалық типтердің сызбасын ұсынады.



Сөйлемдерді мүшелену/мүшеленбеу тұрғысынан екі топқа бөліп саралау керек деген оймен мына сызбаны ұсынамыз.



Екі құрамды

Мен басымды көтердім.

Бір құрамды

Сәлем берді

Жаздың басы

Г.Темірбекова белгілі қазақ тілі синтаксисі мамандарының ойларын былай тұжырымдайды: «Атаулы сөйлем – бірқұрамды сөйлемдердің негізгі түрі. Күнделікті тұрмыста кездесетін заттарды, бұйымдарды, оқиғаны және жаратылыс көріністерін арнайы белгілеп, олардың кейбір эмоциялық сипатталуын атап білдіру үшін атау септігіндегі сөздерден және сөз тіркестерінен жасалған, баяндау интонациясының жетегіндегі сөйлемді атаулы сөйлем дейміз» [8, 34].

Р.Әмір: «Сөйлемдер ылғи бастауыш-баяндауыштық қатынасты құрамнан құрала бермейді. Тілімізде бұлардан грамматикалық ерекшелігі бар атаулы сөйлем деп аталатындары бар. Бұл типтес атаулы сөйлемдер синтаксистік құрамы жағынан бастауыш-баяндауыш болып мүшеленбейді, мысалы:

Жаздың ыстығы-ай! Күтпеген жерден жолығуы-ай!» [9, 34].

Қазақ тіл білімінде «мүшеленбейтін» деген терминді алғаш рет қолданған – ғалым О.Төлегенов.

Сөйлемді шектеу мүмкін емес. Жаңа сөйлеу жағдайында жаңа мазмұндағы жаңа сөйлемдер дүниеге келіп жатады. Сол жаңа сөйлемнің бір түрі – айрықша құрылымды мүшеленбейтін сөйлемдер. Олар өз ішінде былай сараланады:

Айрықша құрылымды мүшеленбейтін сөйлемдердің түрлері

Түрлері	Құрамы		Қолданылу аясы
	Бір сөзді	Сөз тіркесті	
Атаулы	Түн. Сері.	Шаңғыт аяз. Күн шықырлаған қызыл шұнақ аяз. Қаңтар айының басы. Қыстың қылшылдап тұрған уақыты. Сібірдің қызыл шұнақ аязы.	монолог
Генитив	Мақтануын!	-Сенің түсінбейтінің-ай!	монолог, диалог
Вокативті	Қарағым!	-Ақ лағым!	диалог
Одағайлы	Шіркін, бостандық! Шіркін, жаз!	-	диалог
Модаль сөзді	Әрине. Мақұл. Жоқ. Иә.	-	диалог
Коммуни-кемдер	Ассалаумағалейкум! Қош! Рақмет! Жарайды.	О несі екен! Жетіскен екен!	диалог, монолог

Ж. Садуақасұлының бір негізді сөйлем мәселесіне қатысты пікірлері 2004 жылы шыққан «Жай сөйлемнің құрылымдық түрлері» атты еңбекте жалғасын тапты. Онда бір негізді сөйлемдер жайындағы тұжырымдарды тиянақтай келіп, оған мынадай анықтама береді: «Бір негізді сөйлем деп, мазмұндық құрылымы жағынан бір ғана бас мүше арқылы предикативтік құрылымда беріліп, синтаксистік құрылымы жағынан екінші бас мүшемен толықтыруды қажет етпейтін жай сөйлем түрін айтамыз» [10,18].

Құрамына қарай атаулы сөйлемдер жекелеген сөздерден де, сөз тіркестерінен де жасала береді.

Атаулы сөйлемдердің мүшеленбейтін сөйлемге жататынын жоғарыда айттық, яғни сөйлем мүшесіне талданбайды. Олар тек сөйлемге атаулық мән беріп, мағыналық қатынасы жағынан мекен, мезгіл, зат, құбылысқа қарай сараланып, құрамы жағынан бір сөзден немесе бірнеше сөз тіркестерінен жасалады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бабайцева В. В. Односоставные предложения в современном русском языке. – Москва, 1968
2. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: «Ана тілі» баспасы, 1992. – 448 бет.
3. Мадина Ғ. Қазіргі қазақ тіліндегі жақсыз сөйлемдер. – Алматы: Қазақ ССР Оқу министрлігі ғылыми-методика кабинеті, 1959. –72 бет.
4. Әбілқазиев А. Қазіргі қазақ тіліндегі жай сөйлем түрлері. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік оқу-педагогика баспасы, 1963. – 60 бет.
5. Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002. – 784 бет.

6. Аманжолов А.С. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы. – Алматы, 1994. – 320 бет.
7. Балақаев М. Қазіргі қазақ тілі (Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі). – Алматы: «Ана тілі» баспасы, 1992. – 248 бет.
8. Темірбекова Г.Қ. Қазіргі қазақ тіліндегі біркұрамды есімді сөйлемдер мен сөз-сөйлемдер: Филол. ғыл. канд.... дис. – Алматы, 2004. – 40-б.
9. Әміров Р.С. Жай сөйлем синтаксисі. – Алматы: Мектеп, 1983. – 57–90-б.
10. Сәдуақасұлы Ж. Қазақ тіліндегі бір құрамды сөйлемдердің құрылымдық типтері (етістік бас мүшелі сөйлемдер): Филол. ғыл. док.... дис. – Алматы, 1997. – 305 б.

ТІЛ МӘДЕНИЕТІ ЖӘНЕ СӨЙЛЕУ ШЕБЕРЛІГІ

Г.Ж.Серикбаева

Алматы технологиялық университеті,
МТЖШТ кафедрасының ассистент профессоры, п.ғ.к.

Тіл тек коммуникативтік құрал емес, сонымен бірге адам болмысының,оның мәдениетінің көрінісі, өйткені мәдениет тілден тысқары өмір сүре алмайды.

Қазақ халқы тіл тазалығына сөйлеу шеберлігіне ерекше мән берген.Қазақтар тіл өнерін - өнердің өнері деп бағалаған.Асылы жақсы сөзді жанына азық еткен.Жүйелі сөзге бас иген халық - қазақ халқы.

Ал қазақ халқының тіл келешегі біздің жастарымыздың қслында. Көптеген ғылыми-педгогикалық әдебиеттерді, мерзімді баспасөз ақпараттарын талдап-зерттей келе, бүгінгі күнгі жастарымыздың сөз саптауы көңіл аударарлық көпшілігінің тіл мәдениеті төменгі деңгейде деген қорытынды жасауға болады. Олар өз ойларын дұрыс, түсінікті етіп жеткізе алмайды, басы артық бос сөздерді көп қолданып, ойын шашыратып жібереді. Кейбірі орысша сөздерді қосып, араластыра сөйлесе, бірі жаргонмен диалектілермен сөйлегенді сән көреді. Бұл мәселе туралы көптеп айтылып та, жазылып та жатыр. Мысалы педагогика ғылымының докторы И. Нұғыманов пен З. Қашқынбаева: «Оқушының жеке тұлға болып дамуы мен алған блімін іске асыруда сөйлеу тілін, әрекетін, сөйлеу мәдениетін, әдебін қалыптастыру педагогиканың қазіргі кездегі көкейтесті мәселелерінің бірі болып табылады» - дейді. Бүгінгі таңда жсғары оқу орындарында өзекті мәселелерінің бірі – студенттердің тіл мәдениетін көтеру, сауатты жаза алатын, өз ойын айқын жеткізе алатын азамат тәрбиелеу.

Қазіргі заманымызда қойылған басты талаптардың бірі - өмірден өз орнын таңдай алатын, өзара қарым-қатынаста өзін еркін ұстап, кез-келген ортаға тез бейімделетін, белгілі бірғылым саласынан білімі мен білігін көрсете алатын, өз ойы мен пікірін айта білетін мәдениетті жеке тұлға қалыптастырып, тәрбиелеу. студенттің жеке тұлға болып дамуы мен алған білімін іске асыруда сөйлеу тілін, әрекетін, тіл мәдениетін, әдебін қалыптастыру педагогиканың қазіргі өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. .

Қазақ зиялылары: А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, М.Балақаев, К.Аханов, Т.Қордабаев, Ы.Маманов, Н.Уәлиев, Р.Сыздықова, А.Жапбаров, Ә.Болғанбаев, С.Исаев, А.Ысқақов, Р.Әміров, Қ.Жұбанов т.б. ғалымдардың еңбектерінде «тіл» ұғымының сан қырлы жағына

тоқталады. Тіл табиғатының қыр-сырына терең жан-жақты үңілу – ғалым А.Байтұрсынұлынан бастау алып, Қ.Жұбанов зерттеулерімен өз жалғасын тапқан[1, 141-142 б.].

Ал, «Мәдениет» деген түсінікке тоқталатын болсақ, мәдениет - деген ұғымға беті-қолын жуғаннан бастап, адамзат ақыл-ойының қазіргі жеткен ең соңғы биігіне дейінгі барлық ұғым енеді, - деп М.И.Калинин атап көрсетеді.

Мәдениет, оқу-ағарту, ғылым, өнер т.б. рухани өмір табыстарының жиынтығы, - дейді тілші-ғалым М.Балақаев өзінің «Қазақ тілінің мәдениеті» атты еңбегінде [2, 10 б.].

Осы мәселені негізге ала отырып, алдымен тіл мәдениеті дегеніміз не деген сұраққа жауап іздедік. М.Балақаевтың жоғарыдағы мәдениет туралы айтқан анықтамасын ары қарай тіл мәдениетімен жалғастырсақ ол өз ойын былайша көрсетеді: «Тіл мәдениеті дегеніміз - тілдік тәсілдердің ширау, жетілу дәрежесі. Сонымен қатар, ол тіл жұмсаудағы ізеттілік, сауаттылық қана емес, тілдік тәсілдерді, фонетикалық, орфографиялық, орфоэпиялық, морфологиялық, синтаксистік, стильдік құбылыстарды ұқыпты, дұрыс қолдану дағдысы» [2, 17 б.].

«Тіл мәдениеті дегеніміз - сөйлеудегі, жазудағы сыпайылық, ізеттілік қана емес, сонымен қатар айқын ойлылық, сөзді дәл айыру шеберлігі, сөйлеу өнеріне шыныққандық», - деп анықтама береді Н.Уәлиев өзінің «Сөз мәдениеті» атты еңбегінде. [3,27-28].

Ал тілші-ғалым Р. Сыздықова: «Тіл мәдениеті дегеніміз - сөздерді дұрыс орнымен қолдану (лексикалық), дұрыс құрастыру (синтаксистік), дұрыс қиюластыру (морфологиялық), дұрыс дыбыстау (орфоэпиялық), сауатты жазу (орфографиялық), тілді әсерлі етіп жұмсау(лингвостилистикалық) нормаларын ұстану, орнықтыру, жетілдіру», - дейді [1,24-25].

Сонымен, зерттеуші-ғалымдардың берген түрлі анықтамаларын саралай отырып, біз бүгінде жас ұрпақтың тіл мәдениетін қалыптастыру мәселесіне ерекше мән беруіміз керек.

Тіл мәдениетінің өлшемдері мен оған қойылатын талаптарына тоқталайық «Ана тілін жақсы білу - әркімнің азаматтық борышы. Егер әр бір сөзді орнымен жұмсай біліп, айтқан ойы мазмұнды, нысанаға дәл тиетіндей ұғымды шығып, тыңдаушысын баурап алардай әсерлі болса, ана тілінің күдіреті сонда ғана сезілер еді. Ал мұндай шеберлік тек тіл мәдениеті жоғары адамдардың ғана қолынан келер жайт» - деп тұжырымдайды М.Балақаев.[4, 27б.] Көптеген зерттеуші, ғалымдардың еңбектерін, мерзімді баспасөз ақпараттарын талдай келе, жастарымыздың тіл мәдениеті деңгейін анықтау мақсатында жүргізілген сауалнама, әңгімелесу, байқауларды негізге ала отырып, бүгінгі күнгі студенттердің сөз саптауы көңіл аударарлық, көпшілігінің тіл мәдениеті төменгі деңгейде деген қорытындыға келдік.

Зерделеудің келесі кезеңінде қазіргі оқушы жастардың тіл мәдениеті деңгейінің төмен болу себебін іздестірдім. Жазушы Ә. Әбішев бұл туралы былай дейді: «Жастар ізденбейді, ағаларын оқымайды, олар қазақ әдебиетін оқымайды... Жастар сөйлемді әдейі бұзып жазады, олар ерекшеліктің белгісі түсініксіз жазу деп ойлайды... Тіл мәдениетінің төмен болуына ғылыми-техникалық прогрестің де әсері бар", - десе[6.5б.], И. Нұғыманов: «Оқушылардың тілінде болатын кемшіліктердің себептері:

1. Ортаның әсері; а) оқушының сөйлеуіне жергілікті тіл немесе басқа тіл әсер етеді, ә) көшенің әсері (дөрекі, былапыт тіл), б) пән тілінің нормаларын жақсы меңгермеген мұғалімнің әсері;
2. Сөйлеу дағдыларының жоқтығы (мектептің тіл дамытуға немқұрайлы қарауы);
3. Жекелеген оқушы тіліндегі кемшілік (сақаулық, быдықтық, мыңғылдық, т.б.)» - деп көрсетеді.

Сондай-ақ М. Балақаев, Т. Қоңыратбаев, С. Қирабаев, Ш. Беркімбаева, Н. Уәлиев тағы да басқа ғалымдардың зерттеулерін негізге ала отырып, студент жастардың тіл мәдениетінің төмен болуының себептері деп, төмендегілерді сараладык:

1. Көркем әдебиет оқуға деген студенттердің қызығушылығының төмендігі. Тіл мәдениетіне жастарды тәрбиелеу көркем әдеби шығармаларын көптеп оқумен байланысты. Көркем әдебиетті аз оқитын адамның сөздік қоры аз болады, соған орай олардың сөйлеу мәдениеттілігі мен өз ойын логикалық баяндауы да төмен екендігі байқалады;
2. Мәдени орталықтарға бару, ол туралы пікірлесудің өте сирек кездесетіндігі;
3. Ата-аналардың балаларының тіл мәдениетіне жете мән бермеушілігі;
4. Тілдік ортаның әсері;
5. Тіл мәдениетін қалыптастыруды тек қазақ тілі сабағына міндеттеп, басқа пәндерді бұл мәселеден мүлдем бөліп тастаушылық;
6. Бастауыш сыныпта қазақ алфавитін терең меңгермегендігін ескермей, орыс тілі, шетел тілі пәндерін қосып үйрету. Бірнеше тілді игеру ауыр тиетіндігіне көңіл бөлінбеу;
7. Кей оқытушылардың өздерінің тіл мәдениетінің төмендігі. Оқытушының студент алдында сөйлейтін сөзін ешбір оқулықпен айырбастауға болмайды. Студент оқытушыны тыңдағанда одан білім алумен қатар сұлу, көркем, анық, түсінікті сөйлей білуге үйренеді;
8. Отбасы тәрбиесінде ұлттық педагогиканың, халық ауыз әдебиеті үлгілерінің тар шеңберде қолданылуы;
9. Оқытушылардың көпшілігінің бұл мәселеге арнайы көңіл бөлмеуі т.б.

Осы сияқты көптеген зерттеушілер, ғалымдар, педагогтардың ой-тұжырымдары мен пікірлерін қарастыра келе тіл мәдениетіне қойылатын талаптарды төмендегідей сараладык:

- сөйлегенде тілдегі дыбыстарды дұрыс, анық айту;
- сөйлеу әуені, қарқыны, дауыс күші мен кідірісті сақтау;
- екпіннің түсуін, үндестік заңын сақтау;
- сауатты, қатесіз жазу;
- жазба мәтіндерде тыныс белгілерін сақтау;
- әріп таңбаларын дұрыс, түсінікті жазу;
- дұрыс айтып, сөздердің тізбегін табиғи заңдылықтарымен дыбыстау;
- сөйлегенде сөз тұлғаларын, түрленуін сақтау, қосымша, көмекші сөздерді дұрыс, өз орнында қолдану;
- сөздерді өз мағынасына қарай қолдану, мағыналарын анық біліп отыру;
- сөйлемдерді, әсіресе, күрделі ойды білдіретін құрмалас сөйлемдерді дұрыс құрастыру;
- керекті сөзді сөздік құұрамның ішінен іріктеп, әдеби вариантын қолдану, ретсіз енген, баламасы бар кірме сөздерді, жергілікті тілге тән диалектілерді, жаргон сөздерді тұс-тұстан қолданудан қашық болып, реттеп отыру;
- тілдегі ауызекі, ресми іс-қағаздарды, публицистикалық, көркем поэзиялық, ғылыми стильдердің әрқайсысының ерекшелігін сақтап отыру;
- сөйлеу әдебінің сақталуы;
- тілдегі көркемдік құралдар, тіл байлығын, оның мүмкіндіктерін пайдалану;
- сөйлеуде тілдің өз заңдылықтарына қатысты халықтың ұлттық ерекшеліктерін сақтау;

Алдымызға тіл мәдениетінің даму сатысы қандай өлшемдер арқылы анықталатындығын айқындау міндетін қойғандықтан, ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді талдай отырып, тіл мәдениетінің мынадай көрсеткіштерін белгіледік: тілдің тазалығы, дәлдігі, анықтылығы, ойлылығы, орындылығы, мәнерлілігі, байлығы, әсерлілігі, жүйелілігі,

түсініктілігі, мазмұндылығы, нақтылығы, дұрыстығы, тілдік нормаға сай болуы, мағыналылығы, әдебі. Егер осы айтылған көрсеткіштер адам бойында дамып, жетілсе, онда осы адамның тіл мәдениеті жоғары деп санауға болады. Сондықтан оқытушылар студенттерге тілдік тәрбие бергенде тіл мәдениетінің көрсеткіштері мен талаптарын үнемі басшылыққа алып отырулары керек.

Тіл мәдениетін қалыптастыру тілді оқыту негізінде жүреді. Тілді оқыту - тілдің дыбыстық құрамын, лексикасын, грамматикасын оқыту арқылы жүзеге асырылады. Сондықтан, оқытуда сөйлеу тілін дамыту тіл білімінің толық саласынан студентке білім беру арқылы жүргізіледі. Тіл материалдарын игеру дегеніміз, оны тану ғана емес, сол материалды дұрыс түсіну әрі дұрыс қолдана білу дағдысын игере білу деген сөз. Олай болса тіл мәдениетін қалыптастыру, тіл дамыту тәсілдері мен әдістері, амалдары мен жолдары осыны ескере отырып белгіленуі керек

Қазіргі таңда тіл мәдениетін оқытуда студенттің өзіндік ізденістеріне негіздей отырып білім алуына және біліктерді меңгеруіне қажетті жағдайларға молырақ мүмкіндік беру мәселесі ескеріледі. Бұл орайда, студенттің өздік, шығармашылық жұмыстарды орындауына мән беріледі. Яғни білім мен білік студенттің өздігінен ізденуіне, түрлі тілдік жағдаяттарды тіл жұмсауға төселуіне және оның лингвистикалық дүниетанымының кеңеюіне жол ашатындай тілді әр қырынан өздік әрекеті арқылы тану жолымен меңгертіледі. Студенттерді тіл мәдениетіне тәрбиелеу төмендегідей дидактикалық, әдістемелік ұстанымдарға негізделді:

1. Теория мен практиканың бірлігін нығайту, яғни тілдік білік пен коммуникативтік біліктің қатар қалыптасуына жол ашуды көздей отырып оқыту.
2. Білім мазмұны мен білікті қалыптастыру жүйесіндегі сатылы-сабақтастықты сақтау, яғни тіл білімі салаларының бір-бірімен ұштастырыла берілуін қамтамасыз ете отырып оқытумен қатар, сол білімді тілдік білікпен сабақтастыруға басымдылық беру.
3. Білім мазмұнының қоғамдық-әлеуметтік сұраным талаптарына сәйкестігі, яғни тіл мәдениетінің студенттің өзіндік көзқарастары мен дүниетанымын жетілдірудің басты факторларының бірі екендігіне жол аша отырып оқыту.
4. Студенттің жас және психологиялық ерекшеліктерін ескеру, яғни тіл мәдениетінің студенттің жеке бас қасиеттері мен қабілеттерін дамытуына мүмкіндігін барынша дұрыс пайдалана отырып оқыту.
5. Тіл мәдениетін лингвомәдени, психоллингвистика, әлеуметтік лингвистика мәселелерімен байланысын арттыра оқыту, яғни сөйлеу әдебі, сөз мәдениеті талаптарына ерекше мән бере отырып оқыту.

- жыл бойы өтілген тілдік тақырыптар мен пайдаланылған оқу материалдары бойынша әр түрлі топқа жататын сөздердің мағыналық реңктерін ескеріп, әңгімелеу, баяндау, сипаттау, мінездеу, талқылау бағытындағы мәтіндер құрату. [8, 176.]

Сөз мазмұнын түсіну ғана баланың логикалық ойын дамытады, одан әрі қарай берілетін жаттығулар арқылы тілі ширайды. Сондықтан тарихта болып өткен шешендердің сөздерінің теориялық негіздерін танытатын ережелерден гөрі, сол шешендердің сөз үлгілеріне еліктетіп, ой айтуға үйрету әлдеқайда тиімді. Өйткені олар қандай жағдаятта да өз бетімен жол табуға құштар. Оның үстіне ХХІ ғасырдың табалдырығын аттап отырған жас буынды білімнің сипаты немесе тиістілігі емес, өзінің оқу еңбегінің қандай нәтиже беретіні көбірек алаңдатады. Сондықтан да шешендікке баулу, ана тілін сүйеге, құрметтеуге үйрету теория түрінде емес, жүйелі түрдегі эмпирикалық ережелерге, заңдарға сәйкес берілетін білім мен біліктің бірлігіне негізделеді. [9, 376.]

Жас ұрпақтың бойына халықтық салт-сана мен жаңа деңгейдегі мәдени талаптарды қатар сіңіру, өз тіліне деген құрмет сезімдерін ояту мақсат етіледі.

Міне, осы қағидаларды топтастыра отырып, қазақ тілін оқытудың мақсаты — ана тілінің тарихымен бүгінгі шешендік өнердің алуан сипаттары туралы мағлұмат негізінде студенттердің сөз мәдениетін жетілдіру, тілді әлеуметтік қызметіне сай орынды жұмсай білуге үйрету, интеллектуалдық қабілеттерін арттыру болып айқындалды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Р.Сыздықова.Тілдік норма және оның қалыптасуы. -Астана, 2001.
- 2.М Балақаев.Қазақ тілінің мәдениеті.-Алматы, 1971
3. Н.Уәлиев. Сөз мәдениеті.-Алматы: Мектеп, 1987
- 4.. М.Балақаев, М. Серғалиев.Қазақ тілі мәдениеті. Алматы,1995.
5. Р.Сыздықова.Сөз сазы.-Алматы:Санат, 1995.
6. Р.Сыздықова.Сөз құдіреті.-Алматы:Санат, 1997.
7. 10. Р.Нұрғалиев. Өнер алды-қызыл тіл.-Алматы: Мектеп, 1974
- 8.М.Балақаев.Тіл мәдениеті және қазақ тілін оқыту. -Алматы: Мектеп, 1983.
9. С.Негимов.Шешендік өнер.-Алматы: Ана тілі, 1997

Р.СЫЗДЫҚ ЖӘНЕ СӨЗДІ ДҰРЫС АЙТУ НОРМАЛАРЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ ЖАЙЫ

Р.Р.Тулепбергенова

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті

Әдеби тіл арқылы өз көзімізбен көрмеген оқиға туралы мағлұмат ала аламыз, әр түрлі ауыз әдебиетінің нұсқаларын, кейінгі кезде нақтылы тарихи деректерді зерттеу негізінде жазылған тарихи еңбектерді, көркем туындыларды оқу арқылы халқымыздың өткен ғасырлардағы бастан кешірген тарихи өмірін, экономикалық жағдайларын мен мәдениетін біліп, оларды көз алдымызға елестете аламыз. Ең бастысы, әдеби тіл арқылы айтушының ойын, пікірін ұғамыз, сұрағымызға жауап аламыз немесе тыңдаушыға өз ойымызды жеткіземіз. Сол ойдың жүйелі, нақтылы болуы, оқушыға я тыңдаушыға дұрыс жетуі, яғни сөздің оралымдылығы, әсерлілігі тәжірибеде тілдік материал мен оны жеткізу тәсілі арқылы көрінеді. Міне, сондай тілдік материалдардың және тәсілдердің жиынтығы әдеби тілдің нормасы болып саналады. Екінші сөзбен айқанда, әдеби тілдің өзінің қалыптасқан нормалары болады. Осы жүйелі қалыптасқан нормалардың бірі – сөзді дұрыс айту нормасы немесе орфоэпиялық норма.

Әдеби тілдің қарқынды дамыған шағында, жазу, сөйлеу мәдениетінің толысқан шағында оның орфографиялық және орфоэпиялық нормалары жеке-жеке қалыптасады. Ол нормалар тілдің өзіндік ерекшелігіне, жазу дәстүрінің көнелігіне, жазуда қандай принципті негізге алуына байланысты бір-бірінен алшақ немесе жақын бола береді. Қоғамдық өзгерістердің әсерімен тілдің даму барысында қалыптасқан нормалар негізін сақтап, кейбір жекелеген өзгерістерге ғана түсуі мүмкін. Әсіресе, елдің жаппай сауаттанған кезінде жазу дәстүрінің орфоэпиялық нормаға тигізер әсері мол болып келеді [1.23].

Сөздерді дұрыс айту жайында зерттеулер А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов еңбектерінен бастау алып, Р.Сыздық, Н.Уәли, Ә.Жүнісбек, З.Базарбаева, Қ.Күдерінова, А.Фазылжанова және т.б. ғалымдар еңбектерінде жалғасын тапқан.

Р.Сыздықтың мектеп мұғалімдері мен жоғары оқу орындарының студенттеріне, сахна қайраткерлеріне, радио мен теледидар дикторларына, комментатор мен журналисттерге арналған «Сөз сазы», «Қазақ тілінің анықтағышы», «Тілдік норма және оның қалыптануы (кодификациясы)» еңбектерінде жекелеген сөздердің орфоэпиялық нормалары ғана емес, сөз тіркестерінің арасындағы дыбыстардың өзара әсері, фонетикалық құбылулары, бір деммен топтасып айтылатын ырғақты топтардың проза мен поэзиядағы айырмашылықтары жайында құнды ақпараттар беріледі.

Р.Сыздық: «Ауызша әдеби тіл – әдеби тілдің бір түрі. Оның жұмсалатын орындары тұрмыстағы сәттерден өзгеше, олар: әр алуан көп не аз адам қатысатын жиын-жиналыстар, мәжіліс-мәслихаттар, саясат, ғылым, өнер, шаруашылық тақырыптарына арналып көпшілік алдында айтылатын сөздер, әңгімелер, лекциялар, ақыл-кеңестер, нұсқаулар, балабақшалардан бастап мектеп, жоғарғы оқу орындарына дейінгі оқу-тәрбие жұмыстары, радио мен теледидардан берілетін хабарлар, бұларда сөйленетін сөздер, театрлар мен өзге де өнер сахналарынан айтылатын және шырқалатын ән сөздері. Бұларда айтылатын, естілетін тіл ауызша әдеби тіл деген дәрежеге ие. Демек, оның нормалары жазба әдеби тілден де, ауызекі сөйлеу тілінен де өзгеше болуға тиіс. Ауызша әдеби тілге қойылатын басты талап – сөйлеу актісінде сөздерді дұрыс дыбыстау, дұрыс айту. Бұл нормаларды ғылымда орфоэпиялық нормалар деп атайды, ал біз осы нормаларды қалың жұртшылыққа ереже түрінде талдап баяндаған көмекші құрал ретіндегі еңбегімізде мұны қарапайым халыққа түсінікті болу үшін «Сөз сазы» деп атадық» [2.20] деп, ауызша әдеби тіл мен оның жұмсалатын орындары мен нормаларына, сонымен бірге еңбек атауына да түсініктеме береді.

Ғалым сөзді дұрыс айту нормаларын сөз етпес бұрын, орфоэпиялық норманың орфографиялық нормадан ара жігін ажыратып алады: «Орфография мен орфоэпияның бір-біріне ұқсас жақтары бар: екеуі де – практикалық - қолданбалы сала, ережелерге сүйенеді, жалпыға ортақ болады, міндетті болады. Сөйте тұра үлкен айырмасы да бар. Сөздерді дұрыс жазуға арналған орфографиялық ережелерді өзіміз жасаймыз, ол жазу таңбасы өзгерген сайын жаңадан түзіліп, оның өзі уақыт озған сайын жетілдіре түсу мақсатымен өңделіп, қырнанып, толықтырылып отырады. Ал сөздерді дұрыс дыбыстау нормаларын біз жасамаймыз, ол – қазақ тілін қолданушылардың ұрпақтан ұрпаққа көшіп, жалғасып отыратын ежелгі тәртібі, тілдің табиғи құбылысы. Ол нормаларды, емле ережелері сияқты, әлсін-әлсін өзгерте алмаймыз. Орфография нормалары, оның көрінетін жері – тілге сырттай қабыстырылған нәрсе, бұл күні кеше пайда болуы да мүмкін, ал қазақ тілінің орфоэпиялық нормалары – тіліміздің өзімен бірге ежелден келе жатқан табиғи заңдылықтар» [2.197].

Ғалым қазақ тілінде сөздерді дұрыс айтудың (дыбыстаудың) негізгі-негізгі заңдылықтарын, яғни сөз сазы ережелерін саралап көрсетпес бұрын, осы қағидаларды жақсы түсініп, дұрыс игеруге қатысты бірқатар жайттарды айтады. Олардың бірі – сөйлеу үстінде сөздердің екіден-үштен топтасып, бір деммен айтылатындығы. Сөйлеу барысында қатар айтылатын кез келген сөздер бір-біріне әсер етіп, дыбыстық өзгерістерге ұшыратпайды, белгілі бір тіл заңдылығымен ғана топтасатын сөздердің аралығында немесе өн бойларында фонетикалық құбылулар пайда болады.

Сөйлеу барысында сөздің интонациялық ерекшеліктерін, кідіріс, сөз ырғағы мен бунақтарын сақтап, оларды орын-орнына қойып айту орфоэпиялық норманың негізгі

шарттарының бірі болып табылады. Құрылымына, әуездік құрылымына қатысты мұндай шарттылық бұзылса, айтылған сөзді дұрыс ұғыну мүмкін болмай қалады. Айтылар ойдың айқын, түсінікті, көңілге қонымды құлаққа жағымды болуы көбіне бунақ екпінінің дұрыс қойылуына тікелей байланысты болса, екінші жағынан олардың (ырғақ, екпін) өзі айтылар ойға, мағынаға тәуелді екенін ескеру қажет.

Мәселен, сөз құрамы бірдей мына тіркестерді екі түрлі ырғақпен айтып, екі түрлі түсінуге болады: *қазагжерін сағынды – қазақ жерінсағынад, қонагүйгө кірді – қонақ үйгөгірді, ташиолга төселді – тас жолгатөселді, үйгүшіктің мекені – үй күшүктүңмекені, ағашүйдөгой – ағаш үйдөгой, теміртәртіпті сақтады – Темір тәртіптисақтады* және т.б.

Мұндай тіркестерді кідіріссіз айтсаңыз бір мағына, кідіріспен айтсаңыз басқаша мәнге ие болады. Кідіріспен кідірістің арасы бунақ, яғни ырғақтық топ болады. Кідіріс дұрыс қойылмаған жағдайда сөздердің байланыс реті бұзылады да, тіл табиғи жарасымынан айырылады, құлаққа оғаш естіледі, әрбірден соң айтылған пікір көмескіленіп, кейде түсінікке ауыр болып кетеді.

Р. Сыздық сөйлеу үстінде сөздер мынадай сәттерде бір ырғақпен айтылып, топ құрайтындығын мысалдар арқылы жан-жақты талдау жасайды:

1. Анықтауыш пен анықталатын сөздер бір деммен айтылады да бір топқа енеді. Мысалы, *қалқан құлақ, қара қарындаш, тас жол* дегендердің алдыңғы сөздері – заттың түрін, түсін, сипатын, қасиетін, тегін білдіретін анықтауыштар, соңғылары – анықталып тұрған сөздер. Мұндай бір ырғақты сөз топтарының компоненттері (құрамды бөлшектері) бір-біріне ықпалын тигізеді, сондықтан олардың жазылуы мен айтылуы бірдей түсе бермейді. Мысалы: *қалқан құлақ – қалқанғұлақ, қара қарындаш – қарағарындаш, тас жол – ташиол*.

2. Толықтауыш пен баяндауыш, бастауыш пен баяндауыш, пысықтауыш пен баяндауыш араларына сөз түсірмей қатар келсе, жай хабарлау ретіндегі сөйлемдерде олар бір деммен айтылады. Мысалы, *Біз үйге кеттік* деген сөйлем *Біз / үйгөгеттік* болып айтылады. Сол сияқты *Жолаушы тез келді* дегенді *Жолаушы / тезгелді* деп айту керек. Мұндағы *үйге, тез* деген сөздер – толықтауыш, пысықтауыштар да *кетті, келді* дегендер – баяндауыштар. Сондықтан *тезгелді, үйгөгеттік* болып үндесіп айтылады.

3. Қазақ тілінде фраза мен идиом деп аталатын қалыптасқан тұрақты тіркестер бар, олардың көпшілігі екі-үш сөзден тұрады. Бұлар да бір деммен дыбысталатын тұтастық құрап, жымдасып, кірігіп айтылады. Мысалы: *ашық ауыз – ашығауыз, қырғи қабақ – қырғиғабақ*.

4. Екі-үш сөзден құралып, бір ғана іс-әрекет атауын білдіретін күрделі етістіктер де бір ырғақпен айтылады. Мысалы: *бармап на еді – бармаппеді, оқып отыр – оқыботыр* және т.б.

5. *Ол, бұл, сол, не* деген есімдіктермен келген тіркестер де ырғағы жағынан біртұтас болып айтылады. Мысалы: *сол кезде – солгезде, бұл күндері – бұлгүндері, не керек – негерек* және т.б.

6. *О, а, я, е* сияқты одағайлармен келген қаратпа сөздер бір дауыс ырғағымен айтылады да, қаратпа сөз *қ, к* дыбыстарынан басталып тұрса, бұл дыбыстар *г, г* болып айтылады. Мысалы: *а Құдай – азұдай, о керемет – огеремет*.

8. Қос сөздердің сыңарлары да бір деммен үйлесе, үндесе айтылады. Олар көбінесе түбірі сақталып, дефиспен жазылады. Мысалы: *көзбе-көз – көзбөгөз, қоян-қолтық – қойаңғолтұқ*.

9. *Күн күркіреу, қой қоздау, аяқ аттау, жүрек жалғау, көзі күлімдеу* сияқты бір сыңары – зат есім, екіншісі – етістік болып келетін тіркестер де бір-бірімен үндесіп, бір тыныспен айтылады: *күңгүркүрөу, қойгоздау, аяғаттау, жүрөгжалғау, көзгүлүмдеу*. Ауа райын

хабарлайтын дикторлар «бүгүн пәлен жерде жаңбыр жауұп күңгүркүрөйт» деп айтулары керек (күн күркірейді емес).

10. Бала кезі, жаз күндері, жан құштары, Алматы қаласы, Байқал көлі, аяқ алысы, көңіл қошы, күннің көзі сияқты бір сыңары тәуелдік жалғаулы сөз болып келген тіркестер де бір ырғақпен үндесіп айтылады: *балагезі, жазгүндөрі, жаңғұштары, Алматығаласы, Байқалгөлү, айағалысы, көңүл-ғошұ, күннүңгөзү.*

11. Негізгі сөз бен соған қатысты шылау сездер, көмекші есімдер (*қасында, ішінде, үстінде* т.б.) бір ырғақпен айтылады. Шылаулардың басым көпшілігі (*соң, шейін, дейін, туралы, шақты, сайын, басқа, бөтен, тым, таман, ма/ме, ша/ше* т.б.) алдыңғы сөзбен бір топ құрағанымен, араларында дыбыстық өзгерістер болмайды: *аздан соң, үйге дейін, саясат туралы, он шақты, барған сайын, бала ма, қыз ба.* Дыбыстық өзгеріс қ, к дыбыстарынан басталатын шылаулар және көмекші есімдер мен дауысты дыбысқа немесе з, л, р, н, м, у, й, ң дыбыстарына аяқталған сөздердің арасында болады. Ол шылаулар: *қарай, кейін, қарсы, қасында.* Мысалы, жазылуы: *кешке қарай, түстен кейін, жазға қарсы, үйдің қасында,* айтылуы: *кешкеғарай, түстеңгейін, жазғағарсы, үйдүңгасында.*

12. *Әр, кей, бір, еш* деген сөздермен келген тіркестер немесе біріккен тұлғалар бір деммен кірігіп айтылады. Мысалы: *әрқашан – әрғашан, әрқалай – әрғалай, әр күні – әргүнү, әр қайдан – әрғайдан, кей күні – кейгүнү, кей кезде – кейгезде, бір кезде – біргезде, бір күні – біргүнү, ешбір – ешпір.*

13. *Кім, не, қайда, қай, қалай, қайсы* сияқты сұрау есімдіктері өздеріне қатысты (өздерінен кейін тұрған) сөздермен бір топ құрайды. Мысалы: *Қайда кеттің, балам-ау? – Қайдагеттің / баламау //.* *Не іздейсің, көңілім, не іздейсің?– Нездейсін / көңлүм / нездейсін //.*

14. Екі-үш сөзден құралып, бір ғана түсті білдіретін күрделі сын есімдер және екі сөзден құралып бір санды білдіретін күрделі сан есімдер бір ырғақтық топ құрайды: *ал қызыл – алғызыл, ал күрең – алгүрөң, қара ала – қарала, қара көк (қарагөк), қара күрең – қарагүрөң, жиырма алты – жермалты), қырық алты – қырығалты.*

15. Екі сөзден құралып, бір заттың, бір құбылыстың, бір іс-қимылдың атын білдіретін (атайтын) күрделі атаулар бір ырғақпен айтылады: Мысалы: *ортан қол – ортаңғол, асық жілік – асығжілік, тоқішек – тоғішек, ақ жауын – ағжауұн, тас жол – таишол, тоқым қағар – тоқұмғағар.*

Сөйтіп, ырғақтық топ құрайтындар жеке жай тіркестер болып та (*қалқан құлақ, тас жол, Байқал көлі, оқып отыр, көк ала*), фраза, идиомдар сияқты тұрақты тіркестер болып та (*ашық ауыз, құр қол, қас пен көздің арасында*), біріккен сөздер болып та (*кәсіподақ, шекара, Жаңақорған*), қос сөздер болып та (*қолма-қол, қилы-қилы*), мәнді сөз бен шылау, одағайлар тіркесі болып та (*о керемет, үйге қарай, желге қарсы*) келе береді [2.244-249].

Қазіргі кездегі басты талап – сөйлеу тілінің дұрыстығын тілдің қадағалап, тарихи қалыптасқан жүйесін сақтау. Профессор Р.Сыздық қазіргі орфоэпиялық норманың бұзылып, дұрыс сақталмауының негізгі себептерін де атап көрсетеді. Олар:

- 1) жазу мен сөзді дыбыстаудың бір-біріне қатысы, әсері;
- 2) орфоэпияға әлеуметтік көзқарастың қалыптаспай келе жатқандығы;
- 3) орфоэпия нормаларын үйрету, сақтау, насихаттау жұмыстарының әлсіздігі;
- 4) қазақ орфоэпиясы бойынша ғылыми зерттеулердің кеш басталып, әлі де толық емес екендігі[2.198].

Мектеп балалары түгіл, жоғары оқу орындарының филология, қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі, журналистика мамандықтарын бітірген мамандардың өзі мәтінді оқып

тұрғанда былай тұрсын, айтпақ ойын ауызша білдіріп тұрғанда да сөздерді үндестік заңдарына бағындырып, қиюластырмай, олардың жазудағы көрінісін көз алдарына келтіріп, жазылған түріндегідей айтатындарына өзіміз де куәміз. Мұны әсіресе радио мен теледидардан хабар жүргізетін дикторлар мен журналист-тілшілердің, ауызша интервью берушілердің, сөзге тартқан адамдардың сөздерінен жиі кездестіреміз. Теледидардан әр алуан хабар жүргізетін дикторлардың *шекара, қыркүйек, қол қойды* деп тұрмай, *шегара, қыргүйөк, қолғойдұ* деп дұрыс айтатындары кемде-кем.

Адам орфоэпиялық нормаларды, олар жөніндегі ережелерді негізінен жаттау арқылы емес, құлақпен тыңдап, үйрену арқылы игереді. Бұл ретте күнде тыңдайтын радионың, теледидар үнінің және сахнадан естілер сөздер мен әндердің орны айрықша. Бұлар сөйлеу барысында сөздерді дұрыс айтуға үйрететін нағыз ұстаздар болуға тиіс. Сахна қайраткерлері мен радио, теледидар қызметкерлеріне тілге келгенде қойылатын талап – айтылмақ сөздің анық және әсем болуы. Анықтықты актерлер, әншілер, дикторлар, негізінен, сөйлеу техникасын жетілдіру мен сөз логикасына көңіл қою амалдары арқылы қамтамасыз етсе, әсемдік пен әсерлілік, негізінен, сөзді дұрыс әрі көркемдеп айту арқылы жүзеге асырылады. Ал құлаққа естілер сөздің көркем айтылуы дегеніміз – оның үнді, әуезділігі (музыкалылығы). Дыбыстар әуезін (гармониясын) сақтау – сахна сөзі мен радио, теледидар сөздеріне мамандық тұрғыдан қойылатын талаптардың бірі.

Осы саланы зерттеуші көптеген ғалымдардың пікірі бойынша, қазақ тілінің ауызша сөйлеу нормасының бұзылуы сауат ашқаннан басталатындығы, яғни мектеп қабырғасында орфография мен орфоэпияны ажырата алмайтындығы немесе тек теория жүзінде ғана білетіндігі, сондықтан мектеп оқушыларының 80-90 пайызы орфоэпиялық норманы білмейтіні белгілі болып отыр. Профессор Н.Уәли: Бүгінде радио, теледидар, қоғамдық орын, мінбелерден естілетін сөздердің жартысынан астамы «жарымжан» сөзге айналуға. «Жарымжан сөз» деп теле-радио шешендерінің, кадр сыртында сөйлейтін журналистердің, театр сахналарындағы актерлердің қағаздағы мәтінді әуелі ауызша тілдің айтылу сазына салып алмай, бірден, сол қалпында айна-қатесіз, «әріптеп» оқуын айтып отырмыз. Осыдан барып естілген сөздің қағаздағы тұрпатын көрмесе, берілетін ақпараттардың мазмұны түгіл, дыбыстық жамылышын құлаққа сіндіре алмай (психикадағы дыбыс қорымен сәйкеспей), әрі-сәрі болып отыратын кездер жиілейді» [4.200], – деп қазіргі орфоэпиялық норманың бұзылып жатқандығын, осыдан туындайтын қауіпті айтып отырғандығы көпшілікті алаңдатады.

Қорыта айтқанда, жоғарыдағы санамалап көрсетілген мәселелерді профессор Р.Сыздық сөзді дұрыс айту нормаларының қолданылуында маңызды деп санайды. Ең алдымен балабақша тәрбиеленушілері мен мектеп оқушыларының сөйлеу мәдениетіне мән беріп, дұрыс жазу мен дұрыс сөйлеуге машықтандыру қажет. Біздің алдымыздағы міндет – болашақ педагог, журналист мамандар тілін жөндеу, сөзді дұрыс айту нормаларын сақтауға дағдыландыру.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әбілқасымов Б., Мажитаева Ш. Қазақ әдеби тілінің тарихы (ХҮ-XX ғғ.). Оқулық. – Қарағанды: Қар МҮ баспасы, 2009. – 209 бет.
2. Сөз сазы [Мәтін]: (Сөзді дұрыс айту нормалары) /Р.Сыздықова – Алматы: Санат, 1995. – 119 б.
3. Сыздықова Р. Тілдік норма және оның қалыптануы (кодификациясы). Көп-томдық шығармалар жинағы/ Рәбиға Сыздықова / – Алматы: «Ел-шежіре», – 2014.- 292 б.

4. Графика. Орфография. Орфоэпия [Мәтін] / Н. М. Уәли ; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты ; [жауапты ред. А. Алдаш, жауапты шығарушылар: Н. Әміржанова, А. Әмірбекова]... – Алматы : [б. ж.], 2018. – 342.

РӘБИҒА СЫЗДЫҚ ЖӘНЕ СӨЗ САЗЫ: АУЫЗЕКІ СӨЙЛЕУ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИ ТІЛДІҢ САБАҚТАСТЫҒЫ

Д.Ж.Мұтағалиева

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті,

Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 4-курс студенті

Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., қауымд. профессор **А.С.Елеуова**

Тіл – халықтың рухани байлығының ең маңызды көріністерінің бірі. Әрбір ұлттың мәдениеті мен тарихы оның тілінде көрініс табады. Тіл мәдениетінің басты талабының бірі – тілдік нормаларды қалыптастыру. Олар халық тілінің, әдеби тілдің даму барысында қалыптасады, кейбіреулері (жазу нормалары, терминдер, пунктуация нормалары) қолдан жасалады да, басқалары тілде бұрыннан бар жүйелер негізінде баспасөз арқылы қалыптасады. Тіл мәдениетінің, әдеби тілдің талаптары тұрғысынан алғанда, жазуда ғана емес, сөйлеу тілінде де белгілі нормалар болуға тиіс. Қазақ тілінің ауызекі сөйлеу түрі мен әдеби тілі ғасырлар бойы өзара сабақтасып, бір-бірін толықтырып, дамып келеді. Бұл екі тілдік құбылыс халықтың тұрмыс-тіршілігімен, дүниетанымымен тығыз байланысты. Қазақ тіл білімінде осы мәселені терең зерттеген ғалымдардың бірі – Рәбиға Сыздық. Ол өзінің ғылыми еңбектерінде ауызекі сөйлеу тілі мен әдеби тілдің қалыптасуы, олардың өзара байланысы мен ықпалы туралы жан-жақты талдау жасады. Әдеби тіл белгілі жүйеге түскен, қоғамның барлық топтары үшін ең қолайлы қатынас құралы. Ол мемлекет орындарының, ғылымның, көркем әдебиеттің, газет-журналдың, театрдың, көпшілік алдында сөйлейтін лектор, баяндамашы, үгітшілердің тілі, қала берді, ол - жазу арқылы қағаз бетіне түскен ресми тіл. Әдеби тілдің осы ерекшеліктері мен жұмсалып аясының кеңдігі тіл жұмсаушылар үшін жалпыға ортақ жүйе, тұрақты норма болуды керек етеді.

Ғалымдар әдеби тілге жазу арқылы белгілі жүйеге түскен, өңделген, сұрыпталған жазу дәстүрі мен әр түрлі жазба әдебиетінің негізінде қалыптасқан, тұрақты, орныққан нормалары, стильдік-жанрлық тармақтары бар, сол тілде сөйлейтін халықтың бәріне не көпшілігіне ортақ, түсінікті, қоғамдық қызметі әр алуан жалпы халықтық тілдің екшелген, сұрыпталған түрі деп анықтама береді. [1,8]

Академик Рәбиға Сыздық: «әдеби тіл дегеннің басты белгісі- оның өңделген, сұрыпталған, нормаланған тіл болуы» дей келе, әдеби тілді тану үшін ауызекі сөйлеу тілін қарама-қарсы қояды. «Қысқасы, қазақта халық әдебиетінен өзге, бірақ оған едәуір ұқсас келетін профессионал әдебиет өмір сүріп келді, оның тілі әдеби тіл санатына кіреді деп табу керектігін» [2, 14] тұжырымдап, ауызша әдеби тіл ұғымын ұсынады.

Қазақ әдеби тілінің тарихын зерттеген ғалымдардың бірі, профессор М. Балақаев өз пікірін былай түйіндейді: «*әдеби тіл сөйлеу тіліне негізделіп, содан нәр ала отырып ілгері даму жолында сөйлеу тіліне керісінше әсерін тигізеді; әдеби тілдің қалыптасқан нормаларын сөйлеу тілі де қабылдап, бара-бара ол екеуінің айырмашылығы азая береді; әдеби тілде сөйлеу*

дәстүрі күшейеді. Осының нәтижесінде қазақ әдеби тілінің жұмсалыу формасы екі түрлі болып отыр: жазба әдеби тілі, сөйлеу әдеби тілі» [3,12] Әдеби тіл сөйлеу тілі арқылы да, жазба тілі арқылы да жарыққа шығады. Сөйлеу тілі мен жазба тілі – тілдің өмір сүру формалары.

Осы ауызекі сөйлеу тілінің ерекшеліктерін зерттей келе, Р. Сыздық былайша пікір білдіреді: «...ауызша сөйлеудің өзі екі түрлі болады, бірі күнделікті тұрмыста қолданылатын ауызекі сөйлесу тілі, екіншісі топ алдында ауызша сөйлеу (орысша "публичная речь"). Жоғарыда көрсетілген салалардың барлығы үлкенді-кішілі топ алдындағы сөйлеуге жатады, яғни жиын-жиналыстарға қатысушылар да, мектеп кластары мен студенттер аудиториялары да, мың-мыңдаған радио тыңдаушылар мен теледидар тамашалаушылар да, сахна өнерін қызықтаушы көрермендер де – барлығы да “шаршы топ” (публика). Топ алдына ауызша түрде шығатын сөз қалай болса солай, бейберекет айтыла салмауы керек әрі құлаққа жағымды болуы шарт. Басқаша айтқанда, шаршы топқа ауызша ұсынылатын сөздің нәрі (мағынасы) мен сазы (жағымды, табиғи үні) болуға тиіс» [5,114]

Қазақ сөздерінің айтылуында өзіндік әсем үн бар, қалыптасқан жатық әуен бар. Оның негізі мынада: сөздердің құрамындағы дыбыстар өзара үндесіп, біріне-бірі ықпалын тигізе айтылады; мысалы, қазақ тіліндегі жуан, жіңішке, еріндік, езулік дауыстылардың сөз ішінде біркелкі қатар түзеп айтылуы арқылы ауыздан шыққан сөздердің ағысы кедір-бұдырсыз, біртегіс болады.

Орфоэпиялық нормалар — бұл тілдің дыбыстық жүйесіне қатысты ережелер, яғни сөздердің қалай дұрыс айтылуы керектігін белгілейді. Орфоэпиялық нормалар, негізінен, жазбаша тіл мен ауызекі тіл арасында сабақтастықты қамтамасыз етеді. Қазақ тілі сөздерінің айтылуы мен жазылуы әр уақытта бірдей бола бермейді: көп сөздердің айтылуы мен жазылуы арасында көп айырмашылық болмаса (мысалы: ат, қала, намыс, терезе), бірқатар сөздер айтылуы бойынша жазылмайды және жазылуы бойынша айтылмайды мысалы [4,44]:

Айтылуы	Жазылуы
Кұлун	кұлын
Жүрөк	жүрек
Жұмышшы	жұмысшы
Ауышша	ауызша
Метал	металл
Съез	съезд

Адам орфоэпиялық нормаларды, олар жөніндегі ережелерді негізінен жаттау арқылы емес, құлақпен тыңдап, үйрену арқылы игереді. Бұл ретте күнде тыңдайтын радионың, теледидар үнінің және сахнадан естілер сөздер мен әндердің орны айрықша. Бұл турасында Р. Сыздық бірнеше ағаттықтарды атап көрсетеді:

1) драма актерлері мен опера және эстрада әншілерінің, сондай-ақ радио мен теледидар дикторларының, комментаторларының, жергілікті тілшілерінің, кинодубляж жасаушылардың қазақ тіліндегі дауысты, дауыссыз дыбыстардың үндестік заңдары - сингармонизм заңдылықтары деп аталатын табиғи гармониясын (үйлесімін) сақтамай, бұзып айтулары;

2) сөйлеу үстінде болатын логикалық паузалар, яғни ой екпіні түскен сөздерді сәл кідіріп, бөліп айтуды немесе сөздердің мағыналық топтарына қарай қажет жерінде оларды айрықша бөліп, я болмаса ұластыра қосып айту сәттерін біле бермеу;

3) “қос қанаттың сыңары” деп келген орыс тілінің әсеріне байланысты кейбір қазақ тілі дауыстыларын сәл өзгертіп (орыс тіліндегіше) айту фактісі;

4) әрбір сөйлемнің мағыналық интонациясын тап баса алмағандықтан, оның ішіндегі сөздерді дұрыс айта алмаушылық;

5) қазақ сөздеріндегі жіңішке дауысты дыбыстарды кейбірәншілердің жуандатып (айтеуыр, саулем, саулем, саулемсың) немесе, керісінше, жуан сөздерді жіңішкертіп айтулары (мені сүйген бір әдәм бар) т.т. [5, 113] Жоғарыда келтірілген мәселелер күні бүгінге дейін қазақша тіл мәдениетіне, орфоэпиялық норма дегендерге, логикалық екпін, логикалық паузаларды дұрыс сақтай білуге жеткілікті мән берілмей келе жатқандығының салдарынан туып отыр. Сахнадан айтылатын сөзді бір спектакльдің өзінде жүздеген адам естиді, ал бір концертте айтылған ән мен көркем сөзді де жүздеген, кейде мыңдаған адам тыңдайды. Радио мен теледидар арқылы, сондай-ақ қазақша дыбысталған киноның арқасында ауызша айтылған сөзді мыңдаған, тіпті жүз мыңдаған адамдар естіп, тамашалайды. Сауатты, мәдениетті адам үшін дұрыс сөйлеп, қатесіз жазу қандай міндет болса, сөздерді дұрыс айтуы (дыбыстауы) сондай шарт. Бұл нормаларды берік сақтап, іс жүзінде ұстана білу “тіл мәдениеті” деген үлкен бір әлеуметтік мәні бар құбылысқа, талапқа барып тіреледі. Орфоэпиялық нормамен қатар Р.Сыздық сөз сазы турасында пікір білдіреді. *Сөз сазы дегеніміз - сөйлеу үстінде (актісінде) сөздердің дұрыс айтылып, құлаққа жағымды естілуі. Ал сөздерді дұрыс айту дегеніміз тілдің табиғи дыбыс заңдылықтарын сақтау болып табылады.* [5, 115]

Әрбір тілдің өзіне ғана тән дыбысталу ерекшеліктері болатыны, оның сол тілді өзге туыс тілдерден бөлек дербес тіл етіп тұратын белгілердің бірі екені бәріне мәлім. Ол ерекшеліктер сақталмаса, сол тілдің табиғатына нұқсан келетіндігі де рас. Мысалы, алдыңғы сөз *а, е, ы, і* сияқты дауысты дыбыстарға аяқталып тұрса немесе *р, л, з, й, үнді у* (тау, бау деген сөздердегі) дыбыстарына аяқталған болса, дауыс ырғағы жағынан сол сөзбен тұтасып айтылатын келесі сөздің басқы *қ, к* дыбыстары ұяңдап, *з, г* дыбыстарына алмасады. Мысалы, *бала кезде, келе қалды, күні кеше, кез келген, бұл күндері, қол қойды, қаз-қатар, айқабак* деп жазылған сөздер *балагезде, келегалды, күнүгеше, кезгелген, бұлгүндөрі, қолғойдұ, қазгатар, айгабак* болып айтылуға тиіс. Біріккен сөздердің ішінде де аралық дыбыстары жоғарыдағы көрсетілген түрде келгендері осылайша “сіндырылып”, яғни *қ, к* дыбыстары ұяңдап айтылады. Сондықтан *Меңдікыз, Талдықорған, Жезқазған, Жаңақорған, өнеркәсіп, бірқатар, қылқалам* түрінде жазылатын біріккен сөздер *Меңдігіз, Талдыгорған, Жезгазған, Жаңагорған, өнөркәсіп, бірғатар, қылғалам* болып айтылуы керек. Сөздер аралығындағы бұл дыбыстар керісінше орналасқан жағдайда да, яғни алғашқы сөз *қ, к, п* дыбыстарына аяқталып, бір ырғақпен айтылатын келесі сөз дауысты дыбыстардан басталса, бұл дауыстылар алдыңғы қатаң дыбыстарды “сіндырып”, жұмсартады, яғни ұяңдатып жібереді. Мысалы, *шекара, көк ала, көкөніс, қарап отыр, сатып алдым* сияқты сөздер *шегара, көгала, көгөнүс, қаработұр, сатыбалдым* болып айтылуы – заңдылық. [5, 117]

Сонымен қатар, ғалым қазақ тіліндегі орфографиялық нормалардың бұзылуының себебі ретінде сөзді жазылғаны бойынша оқу деп көрсетеді. «...жастардың сөз сазындағы тағы бір қатесі сөздердің ешбір дыбысын түсірмей, әр сөзді немесе біріккен сөз, қос сөздердің әр бөлігін (компонентін) бөліп-бөліп айтатын тұстарында көзге түседі (дәлірек айтсақ, құлаққа шалынады). Мысалы, *Құрманғазының күйі Сары арқа, Ықыластың күйі Кері толғау, Мұхиттың әні Кіші айдай* деп, ән-күй аттарын (білдіріп

тұрған екі сөздің әрқайсысын бөлек-бөлек айтатын конференсьелер мен дикторлар жоқ емес. Әрине, олардың бұл әрекеттегі ниеттері адал, өйткені бұл орайда шығарма аттарын тыңдаушыға анық етіп жеткізсем дегенді көздейтін болар. Бірақ сөздің түсінікті, анықтығы әр сөздің жеке-жеке айтылуынан шықпайды. Сондықтан жоғарғы ән-күй аттары қазақ құлағы кәнігі түрде қабылдайтын Сарарқа, Кертолғау, Кішайдай деген әуенде, яғни екі сөздің аралығындағы дауыстылардың бірінің “жұтылып” кеткен түрінде айтылуға тиіс, себебі *Сарарқа* атауы *сары* және *арқа* деген сөздердің жеке-жеке мағыналарынан хабар бермейді, екеуін қосып (тіркестіріп) айтудан жаңа сөз - жер атын білдіретін жалқы есім болып тұрғанын нысанаға алу қажет».

Қорыта келгенде, ауызекі сөйлеу тілі мен әдеби тілдің сабақтастығы тіл мәдениетінің негізін құрайды. Осы тұрғыдан академик Рәбиға Сыздықтың тілтанымдық мұрасы тіліміздің байлығын, көпқабаттылығын және әлеуметтік маңыздылығын терең түсінуге мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. С.Исаев. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы, 2010.
2. Р.Сыздық. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы, 2014.
3. М.Балақаев, Е.Жанпейсов, М.Томанов. Қазақ әдеби тілінің мәселелері : ун-т пен пед. ин-тың филол. фак. студенттері үшін көмекші құрал. – Алматы, 1961.
4. М.Балақаев. Қазақ тілінің мәдениеті. – Алматы, 1971.
5. Р.Сыздық. Қазақ тілінің анықтағышы. – Астана, 2000.

ҰЛТ-МӘДЕНИЕТ-ТІЛ ТРИАДАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІ

С.Н.Тлесова. Н.А.Бақтыбаева

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті,
Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 4-курс студенттері
Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., қауымд. профессор **А.С.Елеуова**

Әдеби тіл-қазақ тілінің өмір сүруінің ең жоғарғы формасы. Әдеби тілдің қалыптасуы мен дамуы қоғам өмірімен сабақтастықта өрбиді. Қазақ халқының өміріндегі, қазақ қоғамындағы өзгерістер, тарихи-саяси оқиғалар ұлт тілінің даму бағытына ықпалын тигізеді.

Бұл ұлт, мәдениет, тіл мен әдеби тіл арасындағы сабақтастықтың көрінісі болса, бұл үрдіс әдеби тілдің даму кезеңдерін белгілеуге бұдан былай да әсер ете береді. Өйткені әдеби тілдің өзі сыртқы әсерлер мен әлеуметтік жағдайларға көп жағдайда тәуелді.

Басқа да ғылым салалары тәрізді қазақ әдеби тілінің де ғылыми ортада пікірталас туғызып отырған мәселелері бар. Атап айтқанда, қазақ әдеби тілінің тарихи арналары, шығу көздерін анықтау, қалыптасу мен даму кезеңдерін жіктеуде, әдеби тіл туралы тұжырымдаманың бірізді болмауы, диалектілік ерекшеліктер мен әдеби тілдің арақатынасы, әдеби тілдің жазумен байланысты дамуы, соған сәйкес анықтамалардың ала құлалығы, қазақ әдеби тілін дәуірлеуге қатысты алшақ пікірлердің орын алуы т.б.

Яғни, әдеби тіл және оған қатысты теориялық мәселелер күні бүгінге дейін шешімін толыққанда таппай келе жатқан біраз күрделілігімен көзге түседі. Осыған сәйкес әдеби тіліміздің бұрыннан айтылып келе жатқан үш қайнар көзі, тарихи көздері – жалпыхалықтық

тіл, ауызша әдеби немесе оған негіз болған ауызша авторлық поэзия тілі, ауыз әдебиеті, бұрынғы жазба дәстүр мәселесі ұлттық тілтанымда ұзақ талқыланған мәселелерге жатады.

Әдеби тіл мен халық тілінің ара қатынасы жайлы көзқарастар мен пікірлерге тіл тарихында ерекше көңіл бөлініп келеді. Қазақ әдеби тілі жалпыхалықтық тіл негізінде пайда болды, соның негізінде қалыптасты. Соған қарамастан екеуі екі бөлек ұғымды білдіреді, бұлар тілдегі екі үлкен категория.

Әдеби тілдің де жалпыхалықтық сипаты бар, бірақ әдеби тілдің жалпыхалықтық сипаты халық, қоғам өмірінің барлық салаларында қолданылуында, халықтың сан алуан тілегін қанағаттандыруға қызмет етуінде. Яғни, әдеби тіл қоғам өмірінің барлық деңгейінде қызмет етіп, қажеттілікті өтейтін сапасы да, салмағы да жалпыхалықтық тілден де, тілдің басқа түрлерінен де бөлек тіл.

Қазақ әдеби тілі ұлттық құндылықты сақтап, дамытуда маңызды рөл атқарады. Ол қазақ халқының тарихын, дәстүрлерін және рухани құндылықтарын жеткізеді. Қазақ әдеби тілі коммуникация құралы ғана емес, сонымен қатар қазақтың мәдени және тарихи мұрасының сақтаушысы. Тілдің дамуы, стандартталуы және қолданылуы ұлттық бірлікті нығайтады.

Тіл мәдениеті- тілдік нормаларды, оның ішінде әдеби тіл нормаларын дұрыс сақтау, ал тілдік норма – тілдің әдебиеттілігінің бір белгісі. Тіл мәдениетін сақтауға бейім тұлға халықтың, баспасөздің мәдениетіне көз жібергенде, олардың әдеби тіл нормаларын қаншалықты сақтау – сақтамауы маңызды рөл атқарады. Демек, тіл мәдениеті дегеніміз сөздерді дұрыс, орнымен қолдану (лексикалық), дұрыс құрастыру (синтаксистік), дұрыс қиюластыру (морфологиялық), дұрыс дыбыстау (орфоэпиялық), сауатты жазу (орфографиялық), тілді әсерлі етіп жұмсау (лингвостилистикалық) нормаларын ұстану, орнықтыру, жетілдіру болып табылады [1].

Әдеби тілдің баю арнасының бірі – эпикалық мұралардың және фольклорлық шығармалардың тілі. Ауызша дамыған әдеби мұралардың бірқатары- XV-XVII ғасырлардағы төл әдебиетінің нұсқалары. Осыған қатысты XV-XVII ғасырлардағы қазақ көркем әдебиетін танытатын едәуір үлгілердің бар екендігі анықталды. Ескерткіштерінің зерттеу нысанына алған кезде, текстологиялық жай-күйлері бірдей емес екенін ескеру керек. Өлең-толғаулардың ішінде ең әрідегі дәуір – XV ғасырдың өкілі Асанқайғының толғаулары тілі, стилі жағынан әлдеқайда жаңа, біздің заманымызға жуықтау тұрғаны байқалады. Мысалы, оның «Ақ тонынды жамандап, Атлас қайдан табарсың» дегеніндегі атлас сөзі – соңғы дәуірлердің элементі. Жыраудың мұрасының мәтінінде өзгелермен салыстырғанда, араб-парсы сөздері де көптеп кездеседі. Мысалы, мұнда халық, ақы, айып, ғаріп, жұмлә, әкім, әділ, әділдік, әзиз, насихат, ғылым, ауыл, қабір, қадір, мурид, хатим ету, мақсұт, ғалым, қызыр, ақырет, мәрмәр, нәлет, қызмет, бейнет, дұшпан, жұпар, бақыт, дәулет, пейіл, дос, залым, бейбіт, надан, пір, Хақ тәрізді араб-парсы сөздері бар. Әрине, бұлардың бірқатары (дос, дұшпан, надан, ақы, ақыл, қызмет, бейнет т.б.) – жалпы халықтың сөйлеу тіліне де еніп үлгерген сөздер. Жоғарыда айтып өткендей, текстерінде бейтаныс тұлға да, лексика-фразеологиялық элементтер де өте аз. Дегенмен түсінуге қиын, мағынасы күнгірт жолдар немесе фразалар бар. Мысалы, тілі кейінгі кездердің нормасына сәйкестендірілген деп отырған Асанқайғы толғауларының ішінде мына жолдарды мәтін бойынша да, мәтіннен тыс та түсіну өте қиын:

Ойыл деген ойынды, Отын тапсаң тойынды.

Ойыл – көздің жасы еді,

Ойылда кеңес қылмадың.

Кеңестің түбі – нараду...

Талданып отырған кезеңдердегі ауызша сақталған әдебиеттің тілін зерттеуде я зерттеушіні, я жалпы оқырманды шатастыратын жайт бар. Ол – жеке сөздердің қате берілуі. Бұл жазбалардың қай кітапта, қай жылда басылғанын алсаңыз да, бәрінде де бейтаныс сөздердің жазылуындағы қателіктерді кездестіреміз. Олардың бірқатары – араб жазуымен жеткен кітаптар мен қолжазбалардағы сөздерді қазіргі жазуға көшіргенде, контекске қарай түзетіп жазуға байланысты айырмалар. Мысалы, алдыңғы басылымдарда Асанқайғының «Шабылып жатқан халқың бар, Аймағын көздеп көрмейсің» деген жолдарындағы шабылып жатқан тіркесі соңғы басылымдарда жайылып жатқан деп өзгертілген. Сол сияқты Қазтуғанның бұрын «Билер отты, би соңы» деген тармағын «Билер өтті, би соңы» деп, Шалкиіздің «Дүбірдүбір шу көрген» деп басылып келген жолы «Дүбір-дүбір жүгірген» деп түзетілген. Сонымен қатар бұрынғы басылымдарда сол кезеңде дұрыс берілген сөздердің кейінгі кітаптарда қазіргі әдеби тіл нормасына сай өзгертілген түрлері байқалады. Мысалы, есімдіктің I жақтағы жіктеулі түрі – менім сөзі осы күнгі нормаға сай менің болып «түзетілген»: Сөйткен менің Еділім. XV-XVI ғасырлардағы ноғайлы-қазақ жырлары тілінде бізін, бізім, менім, не білейім деген ноғайлық тұлғалардың болуы – заңды. Тіпті бұлар қазақтың сол тұстағы сөйлеу тілінде де бар болуы ықтимал. Сондай-ақ кесе сөзі десе болып, тік жар сөзі тек жар, кілең сөзі – кілік, қом су тіркесі құм су, жол сөзі мол болып қате берілген. Бұл қателер – мәтінді түсінуді қиындатуымен қатар, зерттеушіні шатастыратын фактілер.

Айтушы мен тыңдаушының өз дәуіріне бейтаныс көне элементтерді өзгертіп, жаңа варианттарымен беріліп отырған. Мысалы, ноғайлы цикліндегі жырлардың бірқатарында Ал кара кіс тон береді, Омы үстіңе ки сәна деген жолдар кездеседі. Мұндағы кіс – терісі бағалы, орманды жерді мекен ететін аңның аты. Ертеде қазақ халқын құраған ру-тайпаларға бұл аң атауы поэтикалық элементке айналғаны байқалады: ал кара кіс тон беру – «қымбат сыйлық беру, қадір тұту» символы. Кіс сөзі өзге эпостардың кейбір жырларын да сақталған. Мысалы, «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының 1834 жылы жазылған (хатқа түскен) нұсқасында «Бір жатыпты қара кіс жамылысып» деген тармақ бар. Осы тармақ екінші бір (қазіргі) нұсқасында «Бір ойнайды жарымен табылысып» деп өзгеше берілген. Мұндағы кіс жамылу, яғни аңның терісімен тысталған тонды жамылу ерте кездер үшін түсінікті болғанмен, соңғы кезеңдерде көп кездеспейді. Бұл жолды өзгертіп айтулары – әдеби мұраның ауызша сақталып, ауызша жеткізілуіне тән тәртіптерден туған еркін құбылыс.

Академик Р.Сыздық: «Ауызша сөйлеудің өзі екі түрлі болады, бірі- күнделікті тұрмыста қолданылатын ауызекі сөйлесу тілі, екіншісі – топ алдында ауызша сөйлеу» Сондай-ақ, ғалым сөйлеу мәдениетінің өзін жеке алып: «Сөйлеу мәдениеті дегеніміз ауызша сөйлеудің жалпы тіл мәдениетіне қойылатын талаптармен қатар, өзіне тән нормаларды сақтауы болып табылады. Бұл нормаларға сөйлеу үстінде сөздерді дұрыс дыбыстау, сөздің сазын келтіріп айту тәртібі жатады» деген пікір білдіреді [3,118].

Расында қазақ әдеби тілінде айтылуда кейбір ерекшеліктерімен көзге түсетін сөздер жиі кездеседі. Олардың басым көпшілігі - жіктеу және сілтеу есімдіктері. Есімдіктердің бұл түрлері де, жоғарыдағыдай, айтылу үстінде қысқарып, ықшамдалып отырады. Мысалы, бұл кісі деудің орнына екінші бірінде — бұ кісі, сол кісі деудің орнына — со кісі, ол кісі деудің орнына — о кісі т. б. дей салынады. Ана жақта, сол жақта, бұл жақта тәрізділерді анаяқта, сояқта, бұяқта түрінде айтылуы мүмкін, бірақ олай айту әдеби нормаға жатпайды.

Жазу, жазба әдебиет, әдеби тіл - бірінсіз-бірі болмайтын, өзара тығыз байланысты категориялар. Олардың пайда болуы халық өмірінің көркею, өнер-білімге қол созғанының

белгісі. Ал жазба әдебиеттің еркін дамыған кезі, халықтың барлық өміріне игілікті жаңалықтар енген кезі — әдеби тілдің де кемелденген дәуірі болады [4].

Қазақ тілінің грамматикалық құрылысында да қалыпты жүйе, орнықты ереже, заңдары бар. Оларды сөз тұлғалары мен сөз таптарының, сөйлемдер мен сөз тіркестері ережелерінен анық көреміз. Бірақ олардың бәрі әр уақытта бір тегіс, бір арнада бола бермейді. Мұнда да негізгі ережеден ауытқу, онымен үйлеспейтін деректер көп кездеседі.

Зат есімдерге көптік, тәуелдік жалғауларын жалғауда орнықты тәртіп бар яғни кез келген зат есімге көптік пен тәуелдікті орын ауыстырып жалғай бермейміз. Тек кадірмен туысқандық қатынасты білдіретін - ата, әке,көке,аға, әже, апа сияқты зат есімдерге ғана ол жалғауларды шәлкес орналастыруға болады. Сонда олардың мағыналары бірдей болмай, екі түрлі болады: апаларым, аталарым... дегенде, көптік жалғау жалғанған заттың көптігін білдірсе апамдар атамдар дегенде ол бір кісінің қасындағыларды да қоса қамтып, солардың да көптігін білдіреді. Кейде сөздердің мағыналық, стильдік қызметі бар тілдік ерекшеліктердің нормадан ауытқуы да туындайды. Мысалы: Болымсыз етістіктің келер шақтық тұлғасының, бірі I жақта “ма-й-мын” болуы грамматикалық норма. Поэзия тілінде -ман ... түрінде де жұмсалады:

Ескі бише отырман бос мақалдап,
Ескі ақынша мал үшін тұрман зарлап! (Абай)
Алдыңа келіп тұрмын деп
Ар-намысым қашырман!
Бұлтқа жетпей шарт сынбан!
Айта келген сөзім бар,
Не қылсаң да жасырман (Махамбет)

немесе: жіктік жалғауының II жағынын жекеше тұлғасы екі түрлі вариантта айтылады: сын //-сім, сын //Барасыз, келесіз-> барасыңыз, келесіңіз

Аласым, бересім-> алажаным, бережарым
Баратын, келетін-> баратұғын, келетұғын

Қорыта келгенде, әрбір функционалды стильдің өзіндік ерекшелігі, өзіне ғана тән табиғаты, өзіндік сипаты, әдеби тілдегі өзіндік орны мен маңызы бар. Өйткені жетілген әдеби тіл әр түрлі функционалдық стильдердің жиынтығынан құралып, тұтас категорияға айналады. Ал әр стильдің қалыптасу тарихы мен әдеби тілдің дамуындағы қызметі мен үлес салмағы әр түрлі. Қазақ әдеби тілі жағдайында қазақтың ауызша әдеби тілі көркем әдеби стильдің поэзия жанры негізінде дамыған.

Қай халықтың әдеби тілін алсақ та, ең алдымен, сол поэзия үлгілерінің негізінде дамыған. Бұл әдеби тіл мен көркем әдеби шығармалар тілі арасында берік байланыс барын көрсетеді. Дегенмен кемел әдеби тілдің барлық болмысын көркем әдеби стиль көрсете алмайды, ал тұтас әдеби тілдің атқаратын қызметін өркениетті заманда тек қана көркем әдеби стильдің атқара алмайтыны түсінікті. Диалектикалық даму заңына сәйкес ауызша әдеби тілді біртіндеп жазба әдеби тіл ығыстырады. Жазба әдеби тілдің түрлі жанрлық сипаты болады, ол түрлі функционалдық стильдік тармақтарының қызметі арқылы қолданысқа түседі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Р.Сыздықова. Қазақ әдеби тілінің тарихы. -А.,2014.-347 б.
2. Ғ.Қалиев. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. -А.,2014.
3. Р.Сыздық. Тіл ғұмыр. -А.,2018.-344б.

4. Б.Момынова. Қазақ әдеби тілінің тарихы. -А.,2011.-200 б.

IV СЕКЦИЯ. ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУДАҒЫ ЗАМАНАУИ ҮДЕРІСТЕР

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУДАҒЫ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

Г.Р.Жолжанова

Белқопа ЖОББМ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

Жаңартылған бағдарлама - білім берудің жаңа мазмұны. Қазіргі уақытта Қазақстанда білім берудің өзіндік жаңа ұлттық үлгісі қалыптасуда.

Бүгінгі күннің өзекті мәселесі – оқушыларды қарапайым болса да өз ойларын еркін жеткізіп қана қоймай, өзара тіл табысып, пікір алысуға үйрету, себебі жалпыға білім беретін орта мектеп білімінің негізгі мақсаты оқушының сөйлеу қабілетін жетілдіру болып табылады. Сондықтан баланың білім алуға деген құштарлығын ояту үшін қазіргі заманда мұғалім көп ізденіп, сабақтың тиімді өтуіне жұмыс істеуі қажет.

Жаңа сабақты түсіндірер алдында инновациялық технологиялардың тақырып пен сәйкес келерін таңдай отырып, оқушы қызығушылығын арттыруда маңызы зор. Жасерекшелігін ескере отырып иновациялық технологияның мүмкіндіктері мен мәселелерін қарастырып барып қысқа мерзімді жоспар құрғанда маңызы арта түседі.

«Бұл заман білекке емес, білімге сенетін заман». Заманауи әлемде елдің қуаты, ең алдымен, білім мен ғылымның тұғырының биік болуымен өлшенеді. Білімді игілікке жарата білу, инемен құдық қазғандай, орасан қажыр-қайрат пен ерік-жігерді қажет ететін еңбек арқылы келетіні даусыз. Иновациялық технологияның мүмкіндіктері қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарының мазмұн тереңдігін қалыптастыру бағытында, заманауи білім беруді қамтамасыз ету, сабақ барысында нәтижеге бағытталған білім беру жүйесін жасау, сабақтың әр кезеңінде оқытудың белсенді әдістерін қолдануда оқушыға оң әсерін береді. Оқытудың белсенді және интербелсенді үлгілерін енгізу – бүгінгі таңда өзекті мәселенің бірі. Себебі, оқушы оқу үдерісіне белсенді араласқан кезде ғана берілген материалды жеңіл меңгеріп, жақсы есінде сақтайды, мәніне тереңірек үніледі. Сондықтан да бүгінгі күн талабы – оқушыны белсенді әрекетке тарту. Оқыту үдерісінде тұлға зерттеу тақырыбына, талқыланатын мәселеге, жағдаятқа белсене араласып, сәттілікке қуанып, сәтсіздікке реніш білдіріп отырса ғана оның ішкі уәжі оянады. Сонда ғана білімді сапалы меңгеруге ынтасы пайда болады. Ал оны қалыптастыру үшін белсенді оқу мен оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін пайдалану қажет. Сол себепті де қазіргі қолданыстағы белсенді оқу, интербелсенді оқу, енжар оқу сияқты түсініктердің аражігін аша білуіміз қажет.

Интербелсенді әдіс. Интербелсенді және белсенді әдістер арасында ұқсастық болғанымен, олардың өзара ерекшеліктері де бар. Интербелсенді («Inter» - өзара, «act» - әрекет) – үнемі біреумен» - өзара, «act» - әрекет) – үнемі біреумен әрекеттестікте, диалог құрып, әңгімелесу үстінде болуы тиіс. Басқаша айтқанда, белсенді әдіске қарағанда білімалушылар тек мұғаліммен ғана емес, бір-бірімен кең көлемде әрекеттестікте болулары шарт және оның белсенділігі басымдылыққа ие. Ал оқытушы - сабақтың мақсатына жету жолында оларға бағыт беруші. Сонымен қатар, оқушыны белсенді әрекетке жұмылдырып, оқу материалын өз беттерімен меңгеруге жетелеп отыратын өзара белсенді жаттығулар мен тапсырмаларды әзірлейді. Интербелсенді сабақтың негізін өзара белсенділікке жұмылдыратын әдіс-тәсілдер құрайды. Оқушылар жаңа тақырыпты да өздері меңгереді. Интербелсенді әдістер арқылы оқушылар оқу материалын жылдам меңгереді, естеріне сақтауға да тиімді. Сондықтан да

инновациялық оқытудың негізі интербелсенді әдістерде жатыр. «Қалай оқыту керек?» дейтін дәстүрлі дидактикалық сұрақ заңды түрде оқыту әдісінің категориясын шығарады. Әдіс жоспарланған мақсат пен соңғы нәтиженің арасын байланыстыратын оқу үдерісінің өзегі болып табылады. Оның жүйедегі айқындаушы рөлін «мақсат – мазмұн – форма – оқыту әдісінің құралдары» көрсетеді.

Белсенді әдіс. Бұл – оқытушы мен оқушының сабақтың өн бойында өзара белсенді әрекеті жүзеге асатын оқу мен оқыту әдісі. Оқушылар - енжар тыңдаушы емес, сабаққа белсенді қатысушы. Оқушы енжар субъект түрінде көрінетін дәстүрлі оқытуда оқытушы ғана негізгі әрекет иесі және сабақ менеджері болатын болса, бұл жерде ол студентпен тең дәрежелі. Белсенді әдіс оқытудың демократиялық стилін ұстанады. Білім алушы сабақ бойы үдеріске 4 оқушы мұғалім оқушы мен оқушы араласа отырып, барлығын өзі жасауға қатысады: тапсырманы өзі орындайды, талдауға белсене араласады, жаңа тақырыпты меңгеруге атсалысады.

Миға шабуыл. Ми штурмы (дельфи) Миға шабуыл әдісін 1941 жылы А. Ф. Осборн ұсынған болатын. Әуел баста жарнамалық бизнесте қолданылған бұл әдіс адамның шығармашылық ойлауына қозғау салу мақсатын көздеген еді. Бұл әдістің негізгі міндеттері:

- мүмкіндігінше көп идеяларды жинақтау;
- ғылыми немесе оқуға қатысты мәселелерді шешу;
- Оқушылардың шығармашылық ойлауын дамыту;

-ынтымақтастықты арттыру. Миға шабуыл – топ мүшелерінің белгілі бір тақырып бойынша белсенді жұмыс істей отырып, соған қатысты айтылған идеяларын өз ішінде талқылап, ортақ келісімге келгендерін негіздеп жазып ұсыну әрекеті. Бұл әрекет жүргізуші тарапынан нақты белгіленген уақыт көлемінде орындалуы шарт. Әсіресе жаңа тақырып өтер алдында қолданған тиімді. Тақырыпты атап, соған байланысты қандай ақпарат білетінін, нендей ұсыныс, идея айта алатындарын сұрауға болады. Осылай сұрау арқылы тақырыпқа байланысты нені білетіндерін, нені білмейтіндерін анықтап алуда тиімді. Сосын барып олар үшін тың ақпараттан бастап мәлімет беруге қолайлы болады. Ал білетін мәселені қайта қайталаудың қажеті болмас. «Миға шабуыл» әдісін қолдану ережелері:

-миға шабуыл барысында идеяларды сынамаңыз, бағаламаңыз, талқыламаңыз және қорғамаңыз. Топ ішіндегі жұмыс барысында Сіз тек:«Бұл керемет идея екен? », деп қана айта аласыз, ал жеке-дара жұмыс жасағанда өз-өзіңізге тым сыни көзбен қарамаңыз. Өзіңізді-өзіңіз сынауыңыз креативтікпен жанаспайды әрі жолыңызда түрлі кедергілер келтіреді;

-топ мүшелері мейлі ол қандай болсын, әйтеуір ойларына келген кез келген идеялардың, шешімдердің, мысалдардың барлығын ортаға тастауы қажет. Әрбір идея толық айтылуы тиіс. Келесі кезеңде жаңа идеяларды ойлап тапқанша, айтылғандарды електен өткізіп, ішінен ең ақылға сыйымдысын таңдау оңай болады;

-бұл кезеңде идеялардың сапасынан гөрі санының көп болуына назар аударылады. Идеялар саны көп болған сайын, олардың ішінен ең орынды болады дегендеріне сенімділік те арта түседі. Егер жеке-дара жұмыс жасаған болсаңыз, өз ой-пікірлеріңізді қағазға түртіп жазып отырыңыз;

-айтылғандардың ішінен енді өзге жаңа идеяларды ажыратып аласыз. Оларға түсінік беру мен түзетулер енгізуде шығармашылық шабыт қажет. Топ мүшелерінің қай қайсысы да идеяларды жетілдіруге, басқа нұсқаларын ұсынуға құқылы. Сондықтан қолыңызда бар идеяларды тағы бір екшеп қарау артық болмайды, мүмкін олар тағы да бір жаңа идеялардың тууына алғышарт қалыптастыруы ғажап емес. Кезеңдері:

-мақсатты анықтау (сізді не қызықтырады: көпшілік алдындағы сөздің идеялары ма, әлде белгілі бір мәселені шешу қамтыла ма, әлде тақырып па? ...);

-қатысушыларды өз идеяларын айтуға үндеу (көпшілікпен жұмыс жағдайында әр қатысушы кезекпен бір идеядан ұсынуы керек, ал топтық жұмыста әр топтан бірнеше идея қатар ұсынылады)

- әрбір идеяны тақтаға (флипчартқа) жазып отыру;

-басқалардың идеяларын жетілдіру мақсатында қолдану;

-идеялардың бірін-бірі қайталамайтындай анық әрі дұрыс құрастырылуын, қайталанбауын қадағалау;

-идеяларды жіктеп, жинақтап топтастыру. «Миға шабуыл» соңында жеке адам немесе топтар айтылған ойлардан жалпы қорытынды жасау үшін үдерістің нәтижесін қарастырады. Бұл әдіс даулы мәселелерді талқылау, пікірталасқа қатысуға онша сенімді емес қатысушыларды ынталандыру, қысқа мерзім ішінде идеяны көптеп жинау, аудиторияның тақырып бойынша білімін анықтауда тиімді. Кросс-сенс – ағылшын тілінен аударғанда «inter» - өзара, «act» - әрекет) – үнемі біреумен –

«арасы»; act – «әрекет» дегенді білдіреді. Сонымен 12 «кроссенс» сөзі «мағыналардың қиылысуы», «пайымдаулар қиылысы» дегенді білдіреді. Осы атаумен аталатын әдісті жазушы, педагог, математик Сергей Федин мен техника ғылымдарының докторы, суретші және философ Владимир Бусленко ойлап тапқан. Авторлар бұл әдісті «сөздер қиылысы» деген мағына беретін «кроссворд» сөзінің баламасы ретінде алған және алғаш рет 2002 жылы «Наука и жизнь» журналында жариялаған. Кроссенс – кескіндер мен суреттердің өзара байланысы арқылы құрылған ассоциациялық тізбек, біртұтас әңгіме. Тоғыз сурет тор көздерге орналастырылады. Олардың әрқайсысы алдыңғы және өзінен кейін тұрған суреттермен логикалық байланыста болады, ал ортасындағысы мағынасы жағынан барлығын бір арнаға тоғыстырады. Суреттердің өзара байланысы мағынасы жағынан оқиғаның құбылыстың даму эволюциясын білдіруі мүмкін. Кроссенсті жоғарыдан төмен және солдан оңға қарай оқу керек, сосын алға жылжи отырып, ортасындағы: 5-тор көзде тұрған суретпен аяқтау қажет. Оқиған кезде қайсы суреттің мағынасы түсінікті содан бастап шеше беруге болады. Әдетте тор көздердегі байланыс былайша құрылады: 1-2, 2-3, 3-6, 6-9, 9-8, 8-7, 7-4, 4-1, сондай-ақ, орталық тор көзбен мына тор көздер байланысуы ықтимал: 2-5, 6-5, 8-5 және 4-5. Кроссенстің сабақта қолданылуы:

-жаңа материалды оқып үйренуде: сабақ

тақырыбын анықтауда, жағдаятты шешуде;

-оқу материалын бекіту, қорытындылауда;

-шығармашылық жұмыс берілгенде. Кроссенс құру алгоритмі:

-тақырыпты, жалпы идеяны анықтау;

-идея мағынасын ашатын суреттерді іздеу, іріктеу;

- идеяға, тақырыпқа қатысты 9 элементті көрсету;

- элементтер арасындағы байланысты табу, реттілігін анықтау;

-бір элементке негізгі –орталық ойды шоғырландыру;

-әр элементтің ерекше белгілерін танып білу. «Адам дамуы» тақырыбындағы кроссенс 13 1 – тіршіліктің бастауы -жасуша; 2 –кез келген тіршілік иесі сияқты адам да жасушалардан құралған; 3 – адам дамуы сулы ортадан басталады; 4 –эволюция идеясын ағылшын ғалымы Ч. Дарвин негіздеп берген; 5 – Ч. Дарвин еңбегінің бірі – «Адамның пайдаболуы»; 6 – Ч. Дарвин өз еңбегінде адамның биологиялық дамуын көрсеткенімен, интеллект жоғары рөлге ие

әлеуметтік және мәдени дамуды назардан тыс қалдырған; 7 – интеллект дамуы арқылы тәжірибе қалыптасып, келесі ұрпаққа беріліп отырады; 8 – адам дамуын жайқалған, жеміс беріп тұрған ағашпен теңеуге болады; 9 – «ағаш жемісі», яғни адам білімі Леонардо да Винчи Витрувианский суретінде белгіленген үйлесімділікке, экологиялық тепе-теңдікке әкеледі.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫСҚА АРНАЛҒАН ӘДІС-ТӘСІЛДЕР. Мәтін – өте күрделі тілдік құрылым. Осы құрылымды айқындайтын басты белгілері-жүйелілік және тұтастық. Тұтастық категориясы сол мәтінді ұғынып, мәнін түсінгенде ғана пайда болатын, оның логикалық жағымен тығыз байланыста болса, ал оның жүйелілігі күрделі бірліктерді құрайтын тілдік құралдардың белгілі әдіс-тәсілдер арқылы ұйымдасуынан көрінеді. Мәтін мазмұнын түсіну, оның ішіндегі негізгі және жанама ойдың бөліну заңдылығын айыра білумен айқындалады.

Мәтінді толық және дәл ұғыну оның ішіндегі сөздердің мән-мағынасын түсініп, білуге де байланысты Мәтін -бұл жалпы белгілі бір тақырып төңірегіндегі біріккен, сабақтастық пен тұтастыққа ие, ақпаратты жеткізетін мазмұнды сөйлемдердің тізбегі. Мәтінді ұғыну үшін оны қабылдауға арналған арнайы тапсырмаларды орындау қажет. Іштей немесе дауыстап оқылған мәтінді тындап отырған адам қандай дәрежеде ұққанын тексеру немесе кездескен түрлі қиындықтарды еңсеруге көмектесетін түрлі сан-алуан тапсырмалар қызмет етеді. Ал енді бүгінгі жаңа ғасырдың жаңашыл шәкірттерін тәрбиелеуде, мұғалім үздіксіз ізденіп, кез-келген тосын сұраққа жауап бере алатын, кез-келген ситуациядан шыға алатын, білімді болу қажет. «Мұғалім өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім өсіп-өркендеп отырады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Алексюк А. Н. Общие методы обучения в школе. — К. : Радянська школа, 1983. — 244с.
2. Әлімов А. Интербелсенді әдістерді жоғарғы оқу орындарында қолдану. Оқу құралы. — Алматы, 2009. - 263 б.
3. Давыдов В. В. Теория развивающего обучения. — М. : ИНТОР, 1996. — 544 с.
4. Жанпейісова М. Модульдік оқыту технологиясы студентны дамыту құралы ретінде. — А., 2002. - 198 б.
5. Загвязинский В. И. Теория обучения: Современная интерпретация: Учебное пособие для вузов. 3-е изд. , испр.— М. : Академия, 2006. — 192 с.
6. Краевский В. В. ,Хуторской А. В. Основы обучения: Дидактика и методика. Учеб. пособие для студ. высш.учеб. заведений. — М. : Издательский центр «Академия», 2007. — 352 с.
7. Ляудис В. Я. Методика преподавания психологии: Учебное пособие. 3-е изд. , испр. и доп. - М. : Изд-во УРАО, 2000. - 128 с. __

КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ДӘСТҮРЛІ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ ҮДЕРІСТЕР

М.С.Камелова

Педагогика ғылымдарының магистрі

Мектепте көркем шығармаларды оқыту оқушылардың ақыл-ойының дамуына, адамгершілік және эстетикалық тұрғыдан тәрбиеленуіне, тілдік қордың баюына ықпал етеді. Көркем шығарманың қай жанры болмасын дүниені танытып, қиялды шыңдайды, эмоцияны байытып, қазақ әдеби тілінің мол үлгілерін үйретеді. Әдебиеттің басқа пәндерден айырмашылығы – оқушының еркін қарым-қатынасқа бейімделуі, кең ойлап, ашық сөйлеуіне дағдылануы. Өйткені әдебиет сабағы нақты пәндердің қатарына кірмейді, мұнда аксиомалық, теориялық, лабораториялық қағидалар қатаң емес.

Көркем шығарманы оқытудың теориялары мен әдіснамасы А.Байтұрсыновтың «Тіл тағылымы» еңбегінен бастау алып, одан әрі Қ.Жұмалиевтің «Әдебиет теориясы», З. Қабдоловтың «Сөз өнері», Ә.Қоңыратбаевтың «Әдебиетті оқыту методикасының очерктері», А.Көшімбаев «Қазақ әдебиетін оқыту методикасы», Қ. Бітібаеваның «Әдебиетті оқыту әдістемесі» зерттеулерінде жүйеленеді. Сонымен қатар ақын-жазушылардың шығармаларына лингвопоэтикалық, лингвостилистикалық талдау жүргізілген бірқатар ғалымдардың еңбектері көркем шығарманы оқуға, түсінуге, көркем тілді тануға ықпал етті. Олардың қатарында Р. Сыздық, Б. Шалабаев, Е.Жанпейісов, М. Серғалиев, Х. Нұрмұханов, А. Салқынбайлар бар.

Көркем шығарманы оқыту бірнеше кезеңді қамтиды. Ол білім берудің спиральді жүйесіне (қарапайымнан күрделіге қарай) бағына отырып, жүзеге асады. Көркем шығарманы оқытудың алғышарттары әр отбасында балаға ес кірген сәттен бастау алуы тиіс. Ұйықтар алдында немесе ата-ананың бос уақытында баланың танымын кеңейтетін, шығармашылық ойлау жүйесін дамытатын қызықты ертегілер, хикаяттар оқып беру оның саналы түрде толысуына зор ықпал етеді. Бұл үрдіс одан әрі балабақшада жалғасады, бала хат танымаса да ертегілердің желісі бойынша тәрбиеші көмегімен көрініс қояды, мазмұнын айтып үйренеді. Мектеп қабырғасында көркем шығарманы оқыту бастауыш сыныптардан бастап оқытылады.

Мектеп оқушыларына көркем шығарманы оқытудың басты мақсаты – өз халқының тарихы мен мәдениеті, сөз өнері тұрғысынан білім беру, Отанын сүйуге, ұлтына қызмет етуге, тарихын дәріптеуге, дәстүрін қастерлеуге, мәдениетін сақтауға, адамгершілік ізгі қасиеттерді сіңіруге тәрбиелеу. Көркем шығарманы мектепте оқытудың міндеттері:

Оқушы танымын ұлт тарихы мен мәдениетін таңбалайтын біліммен қамтамасыз ету;

- Оқушылардың сөздік қорын молайту;
- Көркем ойлауға, әдемі сөйлеуге дағдыландыру;
- Ойлау жүйесін дамыту, дүниетанымын кеңейту;
- Әдебиеттану пәнінің мақсаты мен міндетін, оқудың маңызын үйрету;
- Әдеби-эстетикалық талғамын қалыптастыру;
- Төл әдебиетіміздің ерекшелігін, бай мұрасын меңгерту;
- Әдебиет теориясының ілімдерін игереді;
- Шығармашылыққа тәрбиеленеді [1, 32].

Осы мақсат-міндеттерді жүзеге асыруда көркем шығарма жанрлары жазылу формасы мен мазмұнына байланысты әртүрлі болып келеді: өлең, әңгіме, дастан, хикаят, роман, пьеса, т.б.

Қазақ даласында білім беру жүйесі алғаш Ахмет Байтұрсынов еңбектерінен бастау алады. Тілші-ғалымның әдістеме саласында қосқан үлесі зор. А. Байтұрсыновтың қай еңбегін алып қарасақ та, оқуды оқушының сындарлы оқу дағдысына негіздеген. Қазіргі білім жүйесіне енген жаңартылған оқу бағдарламасының мазмұны ағартушы ғалымның әдістемелік теорияларымен сәйкес келеді.

А. Байтұрсынов «Ана тілінің әдісі» мақаласында ана тілін үйретудің үш түрлі әдісін белгілеп көрсетеді: 1) жалпылау немесе жиылыңқы әдіс; 2) жалқылау әдісі; 3) жалқылау-жалпылау әдісі. Жалпылау әдісінде (синтез) тілдік бірліктерді бір жүйеге топтастырады [2,36]. Жалқылау әдісінде, керісінше, жекелей талдайды. Жалқылау-жалпылау әдісінде кешенді талдау жүреді. Бұл әдіс қазақ тілі, сауат ашу пәндерінде әлі күнге дейін өз мәнін жоймай, жылдармен жасасып, заманға сай жанданып келеді.

М. Жұмабаевтың «Педагогика» еңбегінде бүгінгі күнгі білім берудің парадигмалары айқын көрініс табады. Қазақ білім беру ісіндегі үздік шығармалардың бірі десек те, өрескел айтқанымыз емес. Автор аталмыш еңбегінде бала тәрбиесі арқылы күллі ұлт тәрбиесін қозғайды: «Бала не үшін білім алуы қажет?»; «Баланы қалай оқытамыз?»; «Балаға қалай тәрбие береміз?» [3]. Міне, шығарма осынысымен, бала – ұстаз – ата-ана үштігіне құрылған тың жүйемен өзекті. Мағжан әдістемелік еңбегінде бала тәрбиесін «Дене тәрбиесі» және «Жан тәрбиесі» деп екіге бөліп қарастырады. Автордың пайымдауынша, дене мен жан тәрбиесін бір-бірінен бөліп қарай алмаймыз. Олар бір-бірін толықтырып, тең дәрежеде жүзеге асуы тиіс. Дене жанды қаптап, оны сыртқы күштердің әсерінен қорғаса, жан денені бірқалыпты күйде ұстап тұрушы күш. Мағжан еңбегінің тағы бір ерекшелігі – бала тәрбиесін рухани тұрғыдан қайта жандандырады.

«Ұстаз тәрбиеші баланың ойын жетектемесе, бала ұғымды, үкімді теріс жасауға, қате ой шығаруға үйреніп кетеді. Баланы, заттарды, көріністерді тап-тақа бөлгізіп үйреткенде, жеңілден ауырға көшуді естен шығармауы керек» деген пікірі білім беру үдерісіндегі спиральді жүйенің (қарапайымнан күрделіге) ХХ ғасырда көтерілгенін аңғартады.

ХХ ғасырдағы ағартушы ғалымдардың пікірі баланың өмір қажеттілігіне сай білім беру идеясын көздейді. Ж. Аймауытовтың педагогикалық еңбектерін сараласақ, әдіскер ғалым көрнекі оқудың негізін деректіден дерексізге бағыттайды. Әдіскер ғалым оқудың сапасы оқытушылардың біліктігіне, кәсіби даярлығына, әдіс-тәсілдерді қолдануына байланысты деп есептейді және оларды жүзеге асырудың түрлі жолдарын көрсетеді: еркін әңгіме құру, жеке оқушылардың қабілет деңгейін ескеру, оқушылардың субъективті бағалауы, тәжірибеге сүйеніп білімді қорыту, т. б. [4]

Алғаш қазақ даласына мектеп ашқан кемеңгер тұлға Ы. Алтынсарин оқу үдерісінің жедел белең алуы үшін мұғалімдердің аса жауапкершілікте болуын талап етті. Сонымен қатар сабақтың оқушы санасына қонымды болуы үшін сабақ тілінің қарапайым, дидактикалық әдістердің әсерлі, көрнекілік құралдардың берік болуы керек деген қағиданы ұстанады.

С. Рахметова «Қазақ тілінің методикасы» еңбегінде оқытудың әдіс-тәсілдеріне көшпес бұрын, оқытуда ескерілетін тілдің жеті заңдылығына тоқталады: 1) мағынаны тану; 2) сезімталдық; 3) сөйлеу мәнері; 4) жазбаша сөйлеу; 5) ұғыну; 6) сөйлеу және жазу дағдыларын қалыптастыру; 7) тіді сатылай меңгеру [5, 3-7]. Аталмыш қағидалардың барлығы дерлік тілді дәстүрлі және функционалдық тұрғыдан оқытудың алғышарттары болып табылады. Ә.Исабаев өз зерттеу еңбегінде «...оқушының бойына білім, білік дағдыларын игертудегі ең тиімді әрекеті – әдіс» деп көрсетеді. Профессор Ф. Ш. Оразбаева оқытудың әдістерін

коммуникативтік тұрғыдан (сөйлесім) қарастырады, яғни пән баланың өмірлік қажеттіліктеріне қызмет етуі қажет.

Тәуелсіздік жылдарында білім беру жүйесіндегі жаңашылдық Қ. Бітібаева, Ш. Ф. Оразбаева, Р. С. Рахметова, Т. В. Аренова, А. Мейірманқұлов, Ж.Нұржанова, Ә. Исабаев, З. Бейсембаева, Н. Уәли, Ж. Шакирова, С. Дүйсебаев, Т. Байтелеуова т. б. ғалымдар зерттеуімен жанданды.

Прозалық шығарма қоғамды, заманды, ондағы мәселелерді сан тараптан қозғайтындықтан, оны оқитын оқушы да сан түрлі қабылдайды. Жоғарыда айтып өткеніміздей, әдебиет кесіп, пішілетін, қалыпты формаға сыймайды. Ол көзге көрінбейтін беймәлім сезімдердің қылын шертіп, көңілге түрлі эмоция сыйлайды. Мәселен, көркем шығармадағы кейіпкер бір оқырманның алғысына бөленсе, келерсі оқырманның ашуын туғызуы әбден мүмкін. «Прозалық шығарма бәріне бірдей ұнайды» деген алдын ала болжау мүмкін емес. Прозалық шығарманы оқуда оқырман қауымды біріктіретін – шығарманың тақырыбы мен идеясы. Осы орайда мектепте прозаны оқыту үрдісінде бірнеше әдіс-тәсілдер орныққан. Әдіс-тәсілдерді қолдану барысында шығарманың ішкі мағынасы (авторлық көзқарас) мен сыртқы мәні (оқырман көзқарасы, болжамы), көркемдік тілі ескерілуі қажет.

Бүгінгі қоғамның жеке тұлғаға қояр басты талаптары:

- ✓ Өзіне сенімді;
- ✓ Ойын, көзқарсын ашық білдіретін;
- ✓ Білімді;
- ✓ Кемінде 2-3 тілде еркін сөйлейтін;
- ✓ IT-ді меңгерген;
- ✓ Дүниетанымдық білім деңгейі жоғары;
- ✓ Ұжымға тез сіңісетін;
- ✓ Сыни ойлайтын;
- ✓ Адами құндылықтарды бойына дарытқан зиялы ұрпақ дайындау.

Аталмыш қабілет-қасиеттер бойынша жұмыс сөзсіз мектеп қабырғасынан бастау алады. Мультимедиалық технология кез келген пәнді тиімді, заманауи, қызықты етіп ұйымдастырып қана бермей, жеке тұлғаның дамуына жетекші рөл атқарады. Көркем шығарманы мультимедиалық технология тұрғысынан оқыту баланың ішкі жан дүниесін ашып, оған эстетикалық тәрбие береді. Оқиға желісі бойынша баяндау, түсіндіру дағдыларынан бөлек, көзқарасын білдіру, келісу/келіспеу стратегияларына үйретіп, кез келген пікірге ашық болуды біртіндеп қалыптастырады. Сонымен қатар кейіпкерлер арқылы айналаны, адамдарды жағымды/жағымсыз қасиеттеріне қарай тани бастайды. Ұжыммен араласуына септігін тигізеді. Логикалық ойлау шеңберін дамытып, шығармашылық қабілеттерін шыңдауға көмектеседі. Көркем шығарманы мультимедиалық технология тұрғысынан оқытудың тиімділігін бір ғана дипломдық жұмыста баяндап тауыса алмаймыз. Қоғам минут сайын дамуда. Бұл тақырып әлі де зерттеуді, сыни пікірлерді қажет етеді. Біздің осы бөлімдегі мақсатымыз – цифрлық ресурстарды қолдана отырып көркем шығарманы оқытудың сабақ үлгілерін дайындау.

Мультимедиалық технология негізінде көркем шығарманы оқыту жолдары түрлі әдіс-тәсілдермен жүзеге асатынына алдыңғы бөлімде көз жеткіздік. Әдіс-тәсілдердің сәтті жүргізілуіне бірден-бір себепші – сандық ресурстар көзі. Көркем шығарманы игертуде сандық ресурстар жетерлік, тек жүйелеу жұмыстары әлі де еңбекті, зерттеуді қажет етеді. Көркем шығарманы игертуде мұғалімдер тәжірибесінде жиі қолданылатын сандық ресурстар:

- ❖ Презентация (слайд);
- ❖ Интерактивті тақта;
- ❖ Электронды кітапхана;
- ❖ Әдеби телебағдарламалар;
- ❖ Онлайн ойындар;
- ❖ Көркем шығармалардың аудиалды нұсқасы;
- ❖ Онлайн білім платформалары;
- ❖ Ақпараттық порталдар;
- ❖ Электронды журнал;
- ❖ Гиперқұрылғылар (фото, видео, аудио);
- ❖ Компьютерлік ішкі құрылғылар (word, point, excel, т.б.).

Сөз өнеріне жанасудың тамаша көзі - аудиокітап. Сыныпта студенттер театр әртістерінің орындауындағы мәтіндерді тыңдауға мүмкіндік алады және бұл оларға мәтіннің мазмұнын жақсы түсінуге, эпизодты талдауға және мәтінді түсіндіруге мүмкіндік береді. Көркем шығарманы оқытуда оқушылар тарапынан туындайтын мәселе – кітап бетінің көптігінде немесе сөздердің күрделілігінде. Осы қиындықтарды аудиокітап сәл де болса жеңілдетеді. Өйткені қазіргі таңда әр оқушының, тіпті бастауыш бүлдіршіннің қолында цифрлық смарт телефон. Смарт телефон құрылғыларын пайдалана отырып, оқушы кез келген ортада өзіне ыңғайлы уақытта кітапты оқымай-ақ, тыңдау арқылы да көркем шығарманы түсіне және түсіндіре алады. Бірақ жоғарыда айтып өткеніміздей, есту арқылы қабылданған білім уақытша, тез қабылданып, тез ұмытылады. Аудио арқылы ақпаратты қабылдауда сөйлеушінің (көркем шығарманы оқитын тұлғаның) дауыс тембрі, ырғағы, интонациясы аса маңызды рөл атқарады.

Қазақстанда отандық және шетелдік көркем туындыларды аудиотаспаға түсірген танымал платформа – kitap.kz. Электронды кітапханада 6000-ға жуық кітап қоры болса, оның 500-і аудиомен таспаланған. Жалпы сөздік қоры 150 000-нан аса лексикалық бірлікпен қамтылған. Аталмыш кітапханада кітаптардың аудио нұсқасымен қатар, ән мен күйлердің де аудио жазбасы сақталған. Онлайн платформаны телефонға жүктеуге немесе google play арқылы тыңдауға болады. Көркем шығарманы оқытуда бұл оқытушы үшін де, оқушы үшін де тиімді цифрлық ресурс. Қазіргі қоғамның басты талабы – жеке тұлғаны дамыта оқу. Әр баланың өзіндік ерекшелігі, қандай да бір іске, кәсіпке қызығушылығы, соған сай пәнге деген бейімі болады. Осы қабілеттерді баспай, керісінше, оқушыға жеке қолдау білдіру мақсатында оқушы білімді игерудің әртүрлі жолдарын өзі таңдауға құқылы. Аудиокітап оқушылардың бәріне ұнайды, ыңғайлы деуден аулақпыз. Оқушылардың басым бөлігі аудиокітап арқылы уақыт үнемдесе, кейбір оқушылар кітап арқылы оқудан ләззат алуы мүмкін. Сондықтан да цифрлық ресурстардың тағы бір тиімділігі – таңдау ұсына алуында және олардың көп варианттылығында.

Көркем шығарманы оқытуда әдеби телебағдарламалардың үлесі зор. Медиа мен сандық технология тығыз байланысты, бір-бірін толықтырушы құралдар. Қазіргі таңда теледидар бағдарламалары – ақпаратты жылдам таратудың негізгі ресурсы ғана емес, қоғам тәрбиелеудің құралы, «төртінші билік өкілі». Бұқаралық ақпарат құралдарының басты мақсаты – халық пен үкіметті байланыстыру, үндеу; тыңдаушыны жаңалықтармен қамтамасыз ету, ақпарат тасымалдау; халыққа өтімді эстетикалық-этикалық тәрбие беру. Осы қызмет түрлері теледидар, радио, газет-журналдарға, тіпті, кейінгі жылдары пайда болған әлеуметтік желілерге де тән. Демек, әдеби бағдарламалар тек теледидардан ғана көрсетілмейді, кейінгі кездері әдеби порталдар мен әлеуметтік желілерде, жеке каналдарда бой көтеріп жүр.

Көркем шығарманы игертуде сабақта қолданылатын әдеби бағдарламалардың тәрбиелік, эмоционалды-экспрессивті әсері мол. Мұндай телебағдарламалар қатарына «Келбет» («Қазақстан» ұлттық арнасы), «Өмір жолы» («Хабар» арнасы), «Тұңғыштар» («Білім және мәдениет» арнасы), «Дара жол» («Қазақстан» ұлттық арнасы), «Тарих. Тағдыр. Тұлға» («Хабар» арнасы), «Сара сөз» («Абай» арнасы), «Поэзия әлемі» («Қазақстан» ұлттық арнасы), «Жеті Муза» («Білім және Мәдениет» арнасы) бағдарламалары ақын-жазушылар өмірі мен шығармаларына қатысты әдеби-сазды ақпарат ұсынады. Аталмыш бағдарламалар қазақ қоғамына, мәдениетіне еңбегі сіңген ұлт келбеттерімен арнайы бағдарлама түсіреді немесе ашық сұхбат жүргізеді.

Сонымен қатар телеқатынастың көркем шығарманы оқытуда тағы бір тиімді тұсы – қаламгерлер өмірі мен дәуірін сипаттайтын фильмдер мен телехикаялар, мультфильмдер арқылы оқушыға үлкен визуалды-мазмұнды білім ұсынады. ХХІ ғасыр оқушысына медиа арқылы білім беру – ұтымды, оңтайлы әдістердің бірі. Осы орайда ескерілетін жайт – телетүсірілімдердің оқушы жасына сай болуын қатаң қадағалау қажет.

Ойын технологиясы. В. Сухомлинский «Ойын – оқыту үрдісінде жанып тұрған шам. Ерекше құмарлықпен, қызығушылықпен сол шамның маздауына баланы еліктіреді» деген пікір білдірген. Расында, сандық оқытуда ойын техникалары баланың сапалы білімге талпындырады. Әсіресе, білімді жинақтау, қорыту сабақтарында бұл әдістің оқушы үшін де, оқытушы үшін де пайдасы көп. Ойын технологиясында баланың деңгейлік бөлінісі байқалмайды. Осы орайда сандық технологияның құдіреті де осыда. Ойын балаға эмоционалды-экспрессивтілік сыйлайтындықтан, барлығы қатысқысы, көргісі келеді.

Өндірістік тәжірибеде оқушылармен жұмыс барысында байқағанымыз – оқушылар бірқалыпты отырып білім алудан, әдеттегі әдіс-тәсілдерден тез шаршайды. Оқушы бойындағы бұл құбылыс оқытушы қызметіне, әрине, мәселе тудырады, нәтижесінде жаңа нәрсені ойлап табуға тура келеді. Мұндай жағдай кез келген мұғалімнің педагогикалық тәжірибесінде кездеседі. Әріптестерімізбен және оқушылармен жеке әңгімелесу барысында ең сәтті сабақтардың ойын арқылы қызықты, көңілге қонымды болатыны екі тараптан да бірауыздан шықты. Республика көлемінде барлық пәндерге ыңғайлы, өте танымал – «Kahoot» ойыны. Аталмыш ойынды біз өз тәжірибемізде жүзеге асырып көрдік.

Білім беруді ақпараттандыруда мектеп ұйымдарында Kahoot сандық ойын ресурсы кең таралған. Мұғалім бұл құрылғыны пайдалана отырып, өзіне дейінгі дайын ресурстарды пайдалана алады немесе сабақты бекітуде өзі сұрақтар дайындаса болады. Ол үшін мұғалім сайтқа тіркеледі, сабақ ресурсын дайындайды. Оқушыларды бір желіде біріктіру үшін бәріне бірдей ортақ сан беріледі. Сұрақтарды сөзбен, кескінмен, суретпен құрастыруға мұғалімнің толық құқығы бар. Және ол ресурстарды интернет желісінен немесе өзінің жұмыс үстелінен жүктеуге болады. Төрт жауап нұсқасынан бір дұрыс жауап белгіленуі қажет. Көп жауапты нұсқа ақылы жүзеге асады. Ойынның оқушыларды қызықтыра алу ерекшелігі – түрлі-түсті қанық бояулармен көмкерілген. Интеллектуалды онлайн атмосферасы бар. Тіпті, әуенінің өзі оқушыға ерекше мотивациялық күш береді.

Әуелі <https://kahoot.com/schools-u/> сайтына кіріп, электронды поштамен тіркелу қажет. Содан кейін «Мұғалім/Teacher» батырмасын таңдап, тақырыбыңызға қатысты сұрақтарды құрастыра аласыз. Сұрақ құрастыру барысында сауалды сурет арқылы берсеңіз болады. Тегін және ақылы нұсқалары бар. Айырмашылық: ақылы нұсқаларда бірнеше дұрыс жауаптарын беруге болады. Тегін нұсқада 1 сұрақтың 4 түрлі нұсқасы болады, оқушы 1 ғана дұрыс жауапты белгілейді. Бұл ойын әдісі көркем шығарманы бекітерде, БЖБ, ТЖБ сынақтарына дайындық

барысында, сабақ соңында немесе әдебиет пәні кесте бойынша бесінші, алтыншы болып тұрса, сабақтың кіріспесінде ойнатып, оқушыларды бір сергітіп алуға болады.

Қазақ әдебиетіндегі шығармаларды оқытудың жаңа әрі тиімді әдістері мен қолдануға болатын технологиялар туралы мақала қазіргі заманауи білім беру талаптарына сай болу керек. Әдебиет пәні оқушылардың тіл байлығын дамытуға, ұлттық мәдениет пен тарихқа деген қызығушылығын арттыруға ерекше мүмкіндік береді. Заманауи әдістерді қолдану мұғалімдерге оқу үдерісін қызықты әрі мазмұнды етіп ұйымдастыруға көмектеседі.

Қазақ әдебиетіндегі шығармаларды оқытудың жаңа және тиімді әдістерін топтастырсақ:

1. Интерактивті оқыту әдістері: Интерактивті оқыту әдістері оқушылардың сабаққа белсенді қатысуын арттырады. Мысалы, әдеби шығарма мазмұнын рөлдік ойындар арқылы оқыту. Оқушылар белгілі бір кейіпкерлердің рөлін сомдап, оқиғаның дамуын сахнада көрсетеді. Бұл әдіс олардың қиялын дамытып қана қоймай, әдеби кейіпкерлердің әрекеттерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

2. Талқылау және пікірталас әдістері: Әдеби шығармаларды оқытуда пікірталас пен талқылау әдісі тиімді. Шығарманың негізгі идеялары мен кейіпкерлердің әрекеттері бойынша пікірталастар өткізу оқушылардың сын тұрғысынан ойлау қабілетін арттырады. Сонымен қатар, олардың әр түрлі көзқарастарды тыңдап, өз ойларын жүйелеуге мүмкіндік береді.

3. Ойлау карталары мен кластерлер: Әдеби шығармаларды талдау барысында ойлау карталары мен кластерлерді қолдану оқушылардың әдебиетке деген көзқарасын жүйелеуге көмектеседі. Бұл әдіс арқылы олар оқиғаның даму кезеңдерін, кейіпкерлердің мінез-құлықтарын және шығармадағы маңызды тақырыптарды көрнекі түрде бейнелей алады.

4. Шығармашылық жұмыстар мен эссе жазу: Шығармашылық жұмыстар мен эссе жазу әдісі оқушылардың әдеби шығармаға деген өзіндік көзқарасын қалыптастырады. Олар шығарманы оқып қана қоймай, кейіпкерлер мен оқиғаларға қатысты өз ойын еркін жеткізе білуге үйренеді. Әсіресе, эссе жазу дағдыларын дамыту – маңызды дағдылардың бірі.

Қазақ әдебиетіндегі шығармаларды оқытудағы жаңа әрі тиімді әдістер мен заманауи технологиялар оқушылардың әдебиетке деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың сыни ойлау қабілетін дамытуға және шығармашылық қабілеттерін жетілдіруге ықпал етеді. Осы әдістер мен технологияларды жүйелі қолдану арқылы білім беру үдерісін сапалы және мазмұнды етіп ұйымдастыруға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы: Рауан. – 1997 ж.
2. Ахмет Байтұрсынұлы. Тіл тағылымы. Қазақ тіл білімінің анталогиясы. Павлодар, 2008 ж.
3. Жұмабаев М. Педагогика: Алматы, 1992.
4. Аймауытов Ж. Психология: Рауан. Алматы, 1995.
5. Рахметова С. Қазақ тілін оқыту методикасы: Ана тілі, Алматы, 1991.

«ДИФФЕРЕНЦИАЦИЯЛАНҒАН ОҚЫТУ ТӘСІЛДЕРІ: САБАҚТЫ ЗЕРТТЕУ»

А.Ж. Корманбаева

Ақтау қаласындағы химия-биология
бағытындағы Назарбаев Зияткерлік
мектебі қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

С.Е. Сарсенова

филология ғылымдарының кандидаты

Бүгінгі таңда мектеп оқушыларының мақсатты аудиторияға бағытталған жазба жұмысын орындау кезінде өз ойын дәлелдеуі, аргументтеуі әлсіз екендігі жиі байқалады. Бұл пән мұғалімі үшін өзекті мәселенің бірі болып отыр. Сабақ беретін сыныптарымның ішінде 9-сынып оқушыларының бөлім бойынша жиынтық бағалау, тоқсандық жиынтық бағалау кезеңінде орындаған жазба жұмыстарына көңілім толмаушы еді. Барлығы өзіндік пікірін жаза алғанымен, сыни ойлап, ойын дәлелдеуде қиналатындығы байқалды. Сонымен қатар аталған сыныптың оқушылары өзге сыныптарға қарағанда жазылым барысында мұғалімнің көмегіне жиі сүйенеді. Әсіресе тақырып бойынша қосымша мәліметке жүгінетіндігін аңғардым. Осындай мәселені негізге алып, оқу жылының басында «Аргументтеу әдісі арқылы оқушылардың мақсатты аудиторияға бағытталған жазылым дағдысын жетілдіру» деген атаумен кәсіби даму мақсатымды құрған болатынымын. Жоғары сыныпта тапсыратын сыртқы жиынтық бағалау емтиханында да шығармашылық жазба жұмысының болатыны ескеріліп, дайындықты төменгі сыныптан бастау қажеттілігі басты назарға алынды. Зерттеу тобымен келісе отыра зерттеу сұрағы анықталды: «Білім алушылардағы экзистенциализм мен интеллектуализмнің жекпе-жегі: құрал және құндылықтың жазба жұмысына әсері қандай?». Оқушылардың бойында қалыптасатын құрал - интеллектісін дамытады, ал құндылық - экзистенциясына жауап береді деген тұжырымға келдік. Үш пәнде тұрақты түрде құралмен (білім) қатар құндылықтармен (жауапкершілік, құрмет, ар-ұят) жұмыс үнемі жүргізілді. Бұл оқушылардың жаһандық ойлау қабілетін дамытып, мәселелерді ғалам тұрғысынан талдайды, өмірдің мәні туралы сұрақтар қоя алады. Зерттеу мақсатымыз анық болған соң, әріптестеріммен ақылдаса келе «NIS PROGRAM» бағдарламасындағы 9-сыныптың «Қазіргі әлемдегі жасөспірім» бөлімі бойынша «Жасөспірімдер құқығы» тақырыбындағы үшінші зерттеу сабағын өткізуді шештік. Бұл тақырыпты таңдап алған себебіміз «Қазіргі әлемдегі жасөспірім» тақырыбында өткізілген алдыңғы сабақта оқушылар қазіргі жасөспірімдердің өз құқығын қаншалықты қорғай алатындығы туралы қызығушылығы бар екендігін байқадым. Оқушылардың жас ерекшелігі ескеріліп, сонымен қатар құқық пәнінен алған білімдерін қазақ тілі пәнімен байланыстыра отырып, оны жазба жұмысында қолдануда әр балаға ой салатын сабақ болады деп топшыланды. Зерттеу сабағында қол жеткізілетін оқу мақсаттары талқыланды: 9.Т/А6. Сөйлеу мәдениетін дамыту. Коммуникативтік жағдаятқа сай ғылыми және халықаралық терминдерді, ғылыми деректерді орынды қолданып, диалог, монолог, полилогта өз ойын дәлелді, жүйелі жеткізу. Бұл мақсат арқылы оқушылардың бойынан лингвистикалық қабілетін жетілдіру көзделді. Зерттеу сабағының күтілетін нәтижесіне баса назар аударылды:

1. Коммуникативтік жағдаятқа сай ғылыми және халықаралық терминдерді, ғылыми деректерді орынды қолданады және полилогта өз ойларын дәлелмен жүйелі жеткізеді.

2. Оқушылар сабақтың мақсатына жетіп қана қоймайды, жасөспірімдердің құқықтарын біле отырып, әртүрлі жағдайда өздерін қорғай біледі.

3. Сабақтан алған білімдерін, негізгі фактілерді жазылымда аргументтей алады.

4. Сабақтың құндылығын түсіну арқылы өмірге бейімделеді, басқалардың көңіл-күйін түсінеді, командада нәтижелі жұмыс істейді, өз көзқарасын дәлелдей алады, басқалардың пікірін тыңдай алады.

Зерттеу сабағында қол жеткізілетін оқу мақсаты мен зерттеу мақсатымды кіріктіре отыра, оқушылардың нақты ақпаратқа сүйенуі арқылы олардың бойынан тұлғааралық және тұлғаишілік қабілеттері дамиды деп болжанды. Оқушылардың күнделікті сабақ барысында лексикалық тақырыптар бойынша ақпараттарды жазылымда аргументтеуде, дәлел келтіруде жалпылама ақпаратпен шектелетіндігі байқалатын. «Джекобсон мен Розенталь» эксперименті бойынша алдын ала сараланып бөлінген оқушыларға карточкалар ұсыну көзделді. Бұл экспериментте өз пәнімнен үлгерімі төмен оқушының НЗМ-ға оқуға түскен уақыттағы ұпай санының жоғары екендігін анықтап, оқушының қабілеті мен сыни ойлау дағдысын ескеріп, жеке қосымша тапсырмалар бере отырып, жұмыс жасау көзделді. Әр карточкада оқушының бүгінгі сабақтағы рөлін көрсетіп, оқушыларды төрт топқа бөлдік. Топқа бөлу барысында күнделікті сабақтағы оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынастарын да назардан тыс қалдырмадық. Оқушылардың қабілетін есепке ала отырып, оқыту әдістері мен ресурстардың сабақ мақсаты мен күтілетін нәтижелерге сәйкес келуін басты назарға алдық. Сабақты шынайы таразымен байланыстырып, «Болжап көр» әдісімен бастауды шештік. Таразының бір жағын «сабақ мақсаты» кір тасымен, екінші жағын тақырыпқа қатысты «мектеп құндылықтары» кір тасымен толықтыруды жоспарладық. Тыңдалым тапсырмасына «Кәметке толмаған жасөспірімдер арасындағы қылмыс» тақырыбындағы видеоматериалдан үзіндіні ұсыну арқылы оқушылардың зерттеушілік қабілеті, сыни ойлауы, кейіпкердің орнына өзін қойып көру яғни өмірмен байланыс жасау қабілетін дамытуды көздедік. Төрт топқа төрт түрлі әдіс арқылы оның шешу жолын әртүрлі рөлге ене отырып орындау тапсырмасын жасақтадық:

1. «Ата-аналар» тобына «PRES» әдісі бойынша;

2. «Жасөспірімдер» тобы «Джонстон үшбұрышы» әдісі бойынша;

3. «Педагог-мұғалімдер» тобы «GROW» әдісі бойынша;

4. «Құқық қорғау қызметі өкілдері» тобы «Эйлер дөңгелегі» әдісі бойынша жұмыстанады деп жоспарланды. Бұл әдістер оқушылардың басқа адамдармен жақсы қарым-қатынас орнатуын көздеп, тұлғааралық қабілетін дамытады деп бағамдадық. Сонымен қатар өз эмоцияларын ажыратады және талдайды, бұл әдістер әдетте үнсіз отыратын оқушылардың тұлғаишілік қабілетін арттырады деп болжанды. Тапсырмаларға дескрипторлар алдын ала дайындалды. Оқушылардың қабілетін, тапсырмалардағы әдістерді есепке ала отырып, бағалау стратегиялары мен құралдары сабақ мақсаты мен күтілетін нәтижелерге сәйкес таңдалды. Тыңдалым тапсырмасына арнайы құрастырылған дескрипторларға сүйене отырып, «Топтық пікір» әдісі арқылы топтар бір-бірін бағалап, салыстырады, түсіндіреді деп шештік. Тыңдалымнан кейінгі тапсырмада «ПОПС» формуласы бойынша жазылым жұмысында «Мадақтау сәндвичі» әдісі бойынша оқушылар өзара бағалау жүргізеді деп бағамдадық. Сабақтың соңында оқушылардың кері байланысына «Таразыдағы теңдік» әдісі ұсынылды. Сәтті шыққан тұстары және дамыту қажет тұстары бойынша мұғалім кері байланыс береді. Бұл бағалау стратегиялары арқылы оқушылардың тыңдау дағдысы мен құрмет құндылығының қалыптасуы көзделді.

Сабақты «Болжап көр» әдісімен бастадық. «Жасөспірімдер құқығы» тақырыбы болғандықтан сабақта шынайы таразыны негізгі фокус ретінде алдық. Таразыны көрген оқушылар сабақтың тақырыбын анықтауға тырысты. Сабаққа неліктен шын таразыны әкелумен бастадық? Бұл әдіс арқылы оқушы таразыны тең ұстауға яғни әділдіктің, туралықтың белгісі, демек бұл - құрал (білім, оқу мақсаты) және құндылықпен тепе-теңдікте теңестіруді көздеген болатынбыз. Топқа бөлінген оқушылардың назарына тыңдалымалды тапсырмасы бойынша: - Қазіргі жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылыққа қандай факторлар әсер етеді немесе жасөспірімдер арасындағы қылмыстың қалай алдын алуға болады? сынды «Ойтүрткі» сұрақтары ұсынылды. Оқушылар сұрақтарға «Жасөспірімдердің құқық бұзуына әлеуметтік желінің әсері көп», «Жасөспірімдердің құқықбұзушылығына отбасының жанжалы әсер етеді деп ойлаймын», «Қылмыстың алдын алу үшін жасөспірімдер сауатты болуы тиіс» немесе «Мектепте құқық қорғау өкілдерімен кездесу шараларын көбейту керек» деген секілді өз ойларын білдіре отырып, жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу жолдарын ұсынды. «Ойтүрткі» сұрақтары оқушылардың қабілеттерін анықтауға ықпал етті. Оқушы «Құқық бұзу фактілерінің бірі ата-ана тарапынан тым шектен тыс қадағалаудың жиілігінен жасөспірім әрнәрсеге үйір, қызыққыш болуы мүмкін» деген ойын айтты. Оқушының әдетте үнсіз отыратынын ескере отырып, тіке өзіне бағытталған сұрақтың жауабы оқушының тұлғашылық қабілетін аша түсті. Оқушыларға бір жағдаяттық тапсырманы бере отырып, төрт топ төрт түрлі әдіспен оның шешу жолын орындау үшін мұғалім тарапынан көмек берілуі тиіс деп шешілді. Тапсырманы орындаған кезде көмекші құрал ретінде қолдануға арналған нұсқаулықтардың оқушылар үшін тиімді болғаны байқалды. Алдымен тыңдалым тапсырмасына ұсынылған видеоматериалды қарап, жағдаяттық тапсырмаға оқушылар бөлінген топта ақылдасып, мәселені шешудің жолын анықтайды. 1-топтың тапсырмасы «PRES» әдісі бойынша орындалатындықтан, оқушылар өз рөлдеріне ене отырып, көзқарастарын білдіріп, оның себебін айтып, мысалмен дәлелдеп, қорытынды шешім ұсынуы тиіс. 2-топтағы оқушылар «Джонстон үшбұрышы» әдісі арқылы қазіргі кезде макроәлем – жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылық деп елестете отырып, микроәлем – осы мәселеге кездескен жасөспірімдер, символдық әлем – мәселені шешу. Бұл түсініктердің арасында қандай байланыс бар? Мәселені қалай тиімді шешуге болатындығын анықтап, жасөспірімдердің атынан тапсырманы орындау тапсырылды. 3-топқа педагог-мұғалімдердің көзқарасы негізінде «GROW» әдісімен мәселенің мақсаты, одан қалыптасқан жағдай немесе шындық, қолда бар мүмкіндіктер және іс-әрекетті ұсынып, мәселені шешеді. 4-топқа «Эйлер дөңгелегі» әдісі арқылы құқық қорғау өкілдерінің рөліне ене отырып, «жасөспірімдер құқығы дегеніміз не?», «оны қашан, қай кезде қолдану маңызды?» «баптарды білудің мәнісі неде?» «құқық бұзудың салдары неге әкеліп соғады?» сұрақтарына топта талқылау жүргізілді.

Оқыту әдістемелерін жүзеге асырып, оны бағалау барысында оқушылардың жан-жақты қабілеттері байқалды. Жалпы қоғамдағы ата-ана рөлінде құқықбұзған жасөспірімнің ата-анасы болып жақтау немесе жәбірленушінің атынан даттауда оқушылардың көзқарастары ортақ шешімге келе алмай біраз қиналды. Дегенмен бұл топтағы С деңгейіндегі оқушы басқа оқушылардың мақсатқа жетуіне ықпал етіп, жағдаят бойынша құқықбұзған жасөспірімге жалпы ата-аналардың атынан шешім қабылдап, тәрбие отбасынан берілетіндігін, жасөспіріммен үнемі достық қарым-қатынаста болу қажеттігін баса айтты. Заң қызметкерлері рөлінде тапсырма орындаған оқушылардың тобының жұмыстары жоғары деңгейде болды. Олар құқық пәнінен алған білімдерін және алдарындағы нұсқаулықты пайдаланып, жағдаятты шешудің оң нәтижесін көрсетті. Жасөспірімдер тобы да өз замандастарының әрекетінің дұрыс

еместігін алға тартып, оның себебін айта келіп, қоғамда болып жатқан мәселелермен дәлелдеп, барлық топ мүшелеріне ерекше ой салды. Педагог-мұғалімдер атынан тапсырма орындаған топ оқушылары да талапқа сай нәтиже көрсетті, алайда жасөспірімнің тура жолдан тайып, мектептен кейін бұзақылық жасауына мұғалімдердің әсері басым екендігін айта кетті. Оқушылар мұғалім рөлінде тапсырманы орындай отырып, ішкі әсерлерімен және эмоцияларымен бөлісті. Оқушылардың саналы түрде айтылған кеңестерге мән беріп, жасөспірімдердің құқықтарын тиімді қолдану қажеттігі туралы кеңес берді. Тыңдалымнан кейінгі тапсырмаға оқушылар «Жасөспірімді қоршаған орта тәрбиелейді» тақырыбындағы келісу-келіспеу эссесінің негізгі бөлімін «ПОПС» формуласы арқылы жазып, мақсатты аудиторияны ескеріп, В деңгейлі оқушы жасөспірімді қоршаған орта тәрбиелейтіндігімен келісетіндігін, алайда отбасындағы тәрбиесі берік, мықты болса ол қандай да болсын кедергіге төтеп бере алатындығын дәлелмен жеткізді.

Оқушылар саралаудың тереңдету қағидасын қолдану арқылы «Рөлдік ойын» әдісі тапсырмасынан соң арнайы құрастырылған дескрипторларға сүйене отырып, «Топтық пікір» әдісі бойынша бағалау жүргізді. Әріптестерімнің пікірі бойынша топтық бағалау шынайы болды, адамгершілік нормаларына сәйкес пайымдау жүргізді. Топтар бір-бірінің ұтымды сәттерін ғана емес, әлі де жетілдіруді қажет ететін тұстарын дәл тауып кері байланыс ұсынды. Оқушылардың полилогта өз ойын дәлелмен жүйелі жеткізуі, сонымен қатар жасөспірім құқығы туралы талқылау сабағы оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкес таңдалған тақырып болғандығы ұтымды болды. Әріптестерімнің ойынша сынып оқушылары топтық тапсырманы талқылау кезеңінде уақытпен жұмыс жасауды меңгерген, тек жұмысты қорғау кезінде нақты дескрипторға сүйене отырып, ойларын жүйелі жеткізуде тайм-менеджментке бағынуға кеңес берді. Сабақты зерттеу негізінде мақсатты аудиторияға бағытталған жазба жұмысының талабына сай оқушылардың күрделі көркем сөз қолданыстарын пайдалануды, ойын дәлелдеуде нақты ақпараттарға сүйенуге дағдыландыру керектігін ұғындым. Бақылаушылардың «оқушыға беретін тапсырма нақты болуы тиіс» деген ұсынысын негізге ала отырып, келешекте нақтылықты қажет ететін тапсырмалар беру көзделді. «Топтық пікір» әдісі бойынша барлық оқушылар бағалауға қатыспады, десек те әр топтан пікір білдірген оқушылардың әділ әрі сыни бағалауы ұтымды болды. Алдағы уақытта бағалау процесіне сыныптың толық қамтылуын назарда ұстау керек екенін байқадым.


Сабақта қолданылған бағалау стратегиялары оқушылардың қабілеттерін анықтау үшін тиімді болды. Топ ішінде өзара бағалау жүргізген оқушылардың ұйымдастырушылық, интеллектуалдық, зерттеушілік қабілеттері байқалды. Өткен сабақта «Бас бармақ» әдісі арқылы жүргізілген бағалауға қарағанда «Мадақтау сэндвичі» әдісі арқылы оқушы жазылымның жақсы тұсын, сәтті тұстарын анықтап, оның кемшіліктерін айта отырып, келешекке ұсыныс беретіндігімен тиімді болды. Бұл әдіс оқушылардың бір-біріне сындарлы кері байланыс беруіне, пәндік мазмұнды меңгеруге ықпал етті. Сабақ соңында «Таразыдағы теңдік» әдісі бойынша бүгінгі сабақтың оқу жетістігін бағалауға кері байланыс берді. Оқушылар бағалау парағы ретінде ұсынылған қима қағаздарға сабақ мақсаты және сабақтың құндылығы бойынша кері байланыс жазып, таразыға апарып салу қажет болатын. Таразының бір жағындағы қима қағаз қойылған кір тасы басым болса, екінші жағы әлсіз болғандығын байқатады. Алайда оқушылар таразыдағы теңдікті теңестіріп, құндылық таразысын басымырақ екендігі байқалды. Бұл бағалау стратегиялары мен құралдары оқушылардың алға ілгерілеуіне оң әсер етеді деп таңдалды.

Қысқа мерзімді жоспар


Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: Қазіргі әлемдегі жасөспірім	Мектеп: Ақтау қаласындағы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі	
Күні: Уақыты:	Мұғалімнің аты-жөні:	
Сынып: 9 сынып	Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақ тақырыбы:	Жасөспірімдер құқығы	
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	9.Т/А6. Сөйлеу мәдениетін дамыту. Коммуникативтік жағдаятқа сай ғылыми және халықаралық терминдерді, ғылыми деректерді орынды қолданып, диалог, монолог, <u>полилогта</u> өз ойын дәлелді, жүйелі жеткізу.	
Сабақ мақсаттары	<ul style="list-style-type: none"> • Коммуникативтік жағдаятқа сәйкес ғылыми және халықаралық терминдерді, ғылыми деректерді диалог, монолог, <u>полилогта</u> орынды қолдану, өз ойын дәлелмен жүйелі жеткізу. 	
Бағалау критерийлері	<ul style="list-style-type: none"> • Коммуникативті жағдаятқа сай ғылыми және халықаралық терминдерді, ғылыми деректерді орынды қолданады; • Диалог, монолог, <u>полилогта</u> өз ойын дәлелмен жүйелі жеткізеді. 	
Тілдік мақсаттар	Кілт сөздердің мағынасын түсіндіру, орынды қолдануға үйрету; Сөйлемдердің құрылымын терең түсінуге дағдыландыру; Өз көзқарасын айта білуге, ойын анық жеткізуге үйрету.	
Құндылықтарды дарыту	<ul style="list-style-type: none"> • <i>Жауапкершілік</i> (топтың әр мүшесінің өз тапсырмасын жауапкершілікпен орындауы); • <i>Құрмет</i> (әр топтың ойына, пікіріне құрметпен қарауы, патриоттық сезімдер құндылықтарына деген құрмет); • <i>Адалдық</i> (өзін-өзі және өзге оқушыны бағалауда адал болуы); • <i>Жаһандық құндылық</i> (жаһандық мәселелерге шынайы көзқарас білдіріп, мәселені шешуге талпыныс жасауы). 	
Пәнаралық байланыстар	Құқық, қоғамтану, әлеуметтану	
АКТ қолдану дағдылары	Сілтеме арқылы тыңдалым тыңдайды, презентация арқылы тапсырмалармен танысады.	
Бастапқы білім	Жасөспірім ерекшелігі мен қызығушылығы	

Сабақ барысы

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
--	---	------------------

<p>Сабақтың басы 3 минут</p> <p>2 минут</p>	<p>Ұйымдастыру кезеңі: Сурет арқылы сабақ тақырыбы болжанады.</p>  <p>Сабақ тақырыбы, оқу мақсаты, сабақ мақсаты, бағалау критерийлері, қамтылатын құндылықтар таныстырылады.</p>	<p>1-слайд</p> <p>2-слайд</p>												
<p>Сабақтың ортасы 3 минут</p> <p>2.13 минут</p> <p>8 минут</p> <p>7 минут</p> <p>5 минут</p>	<p>1-тапсырма. Тыңдалымалды тапсырмасы. Ойтүрткі.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Қазіргі жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылыққа қандай факторлар әсер етеді? - Жасөспірімдер арасындағы қылмыстың қалай алдын алуға болады? <p>2-тапсырма. Тыңдалым тапсырмасы. «Рөлдік ойын» әдісі. ТЖ</p> <p>«Джекобсон мен Розенталь» эксперименті бойынша алдын ала сараланып бөлінген оқушыларға карточкалар ұсынылады. Әр карточкада оқушының бүгінгі сабақтағы рөлі көрсетіледі.</p> <p>Оқушыларға «Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылық» тақырыбында тыңдалым тапсырмасы ұсынылады. Олар тыңдалымда көтерілген мәселені анықтап, ұсынылған рөлдер бойынша әр топ өз позициялары бойынша тапсырмалар орындайды.</p> <p>1-топ. Ата-аналар 2-топ. Жасөспірімдер 3-топ. Педагог-мұғалімдер 4-топ. Құқық қорғау қызметі</p> <p>«PRES» әдісі бойынша оқушылар тыңдалымда көтерілген мәселені анықтап, ұсынылған рөлдер бойынша тапсырмалар орындайды.</p> <table border="1" data-bbox="450 1680 1252 1854"> <tr> <td>P</td> <td>point of view</td> <td>көзқар</td> </tr> <tr> <td>R</td> <td>reason</td> <td>себеп</td> </tr> <tr> <td>E</td> <td>example</td> <td>мысал</td> </tr> <tr> <td>S</td> <td>solution</td> <td>қорыт</td> </tr> </table> <p>Дескрипторлар:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ Өзінің позициясын білдіреді; ✓ Себепін түсіндіреді; ✓ Позициясына нақты 2 дәлел келтіреді; 	P	point of view	көзқар	R	reason	себеп	E	example	мысал	S	solution	қорыт	<p>https://www.youtube.com/watch?v=chq2DQ6zjEc</p> <p>2.13 минут</p> <p>3-слайд</p> <p>4-слайд</p> <p>5-слайд</p> <p>Таратпа-кейс</p> <p>6-слайд</p>
P	point of view	көзқар												
R	reason	себеп												
E	example	мысал												
S	solution	қорыт												

3 минут	<p>✓ Топ шешімін ұсынады; ✓ Өз ойын дәлелді, жүйелі жеткізеді.</p> <p>Саралау қағидасы: тереңдету Өнім: Press кестесі Өзара бағалау. Арнайы берілген дескрипторларға сүйене отырып, «Топтық пікір» әдісі арқылы оқушылар бір-бірін бағалайды. Мұғалім бағалауы. Сәтті шыққан тұстары және дамыту қажет тұстары бойынша мұғалім кері байланыс береді.</p> <p>Тыңдалымнан кейінгі тапсырма. 3-тапсырма.</p> <div data-bbox="657 712 1120 929" data-label="Diagram"> </div> <p>Оқушылар «Жасөспірімді қоршаған орта тәрбиелейді» тақырыбындағы келісу-келіспеу эссесінің негізгі бөлімін «ПОПС» формуласы бойынша жазып, ойын білдіруде тыңдалым кезеңіндегі фактілерге сүйенеді.</p>	7-слайд
4 минут	<p>Бірінші сөйлем «Менің ойымша, ... » Екінші сөйлем «Себебі, мен оны былай түсіндіремін ... » Үшінші сөйлем «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын ... » Соңғы сөйлем «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім ...»</p> <p>Саралау қағидасы: тереңдету Дескрипторлар: - өз ұстанымын айқындайды;; - өз ұстанымын ПОПС формуласы негізінде 4-5 сөйлеммен дәлелдейді; - өз пікірін дәлелдеуде талқыланған ақпараттарды аргумент ретінде қолданады; - қорытынды ойын еркін жеткізеді.</p> <p>Бағалау. «Мадақтау сэндвичі» әдісі бойынша оқушылар бір-бірін бағалайды.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Позитивті комментарий; • Сындарлы сын; 	8-слайд

	<ul style="list-style-type: none"> • Келешекке ұсыныс. Сәтті шыққан тұстары және дамыту қажет тұстары бойынша мұғалім кері байланыс береді. 	
Сабақтың соңы 3 минут	Рефлексия. «Таразыдағы теңдік» <ul style="list-style-type: none"> ❖ Сабақтан алған әсерім... ❖ Мен үшін таразы теңесті ❖ «Құндылық» кіртасы басым болды 	9-слайд 
Саралау – оқушыларға көбірек көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз?	Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?	Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы
<i>Саралаудың тереңдету қағидасы арқылы оқушылардың тыңдалым бойынша талдау, зерттеу жүргізу дағдылары жетілдіріледі. Өнім ретінде әдістер арқылы талдау тұжырымдары ұсынылады.</i> <i>Саралаудың тереңдету қағидасы арқылы мәселені талдай алу қабілеті артады. Қабілеті жоғары оқушыларды көшбасшы ретінде тағайындап, басқа оқушылардың мақсатқа жетуіне ықпал ету міндеті қойылады.</i>	<i>Оқушылардың сабақтағы оқу материалын меңгеру деңгейі әртүрлі бағалау құралдары арқылы анықталады. Әр тапсырмадан соң өзін-өзі бағалау арқылы бағалау жүргізіледі, дескрипторлар арқылы бірін-бірі бағалайды. Әр тапсырмадан соң мұғалімнің ауызша кері байланысы мен бағалауы жүзеге асырылады.</i>	<i>Оқу кабинеті жарық әрі желдетілген. Компьютерлік құрылғылар оқушылардың өмірі мен денсаулығына қауіптілік тудырмайды. Жарық сол жақтан түседі. Оқу кабинеті алғашқы дәрігерлік көмек қобдишасымен жабдықталған.</i>
Сабақ бойынша рефлексия Сабақ мақсаттары/оқу	Бұл бөлімді сабақ туралы өз пікіріңізді білдіру үшін пайдаланыңыз. Өз сабағыңыз туралы сол жақ бағанда берілген сұрақтарға жауап беріңіз.	

<p>мақсаттары дұрыс қойылған ба? Оқушылардың барлығы ОМ қол жеткізді ме? Жеткізбесе, неліктен? Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме? Сабақтың уақыттық кезеңдері сақталды ма? Сабақ жоспарынан қандай ауытқулар болды, неліктен?</p>	
<p align="center">Жалпы баға</p> <p>Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?</p> <p>1: 2:</p> <p>Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?</p> <p>1: 2:</p> <p>Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік/қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?</p>	

ӨЗГЕ ТІЛДІ ОҚУШЫЛАРҒА ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕТУДЕГІ ЖАҢА ӘДІС- ТӘСІЛДЕР

Г.К.Куанышалиева

Ж.Досмұхамбетов атындағы мамандандырылған
мектеп-лицей интернаты

Қазақ тілі – мемлекеттік тіл. Соңғы жылдарда қазақ тілінің мәртебесі мен қолданылуын арттыруға бағытталған көптеген шаралар қабылданды. Мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілінің білім беру, ақпараттық технологиялар, ғылым мен мәдениет салаларындағы рөлі күшейтілуде. 2017 жылы "Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы" қабылданып, қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту мақсатында жұмыс істелуде. Сондықтан да орыс тілді мектептерде жүйелі оқыту үрдісін қалыптастыру - бүгінгі күннің басты талабына айналып отыр.

Рәбиға Сыздықованың: «Мектеп табалдырығын аттаған бала ана тілінде ғана сөйлеуі керек. Бала бастауышта орыс тілінде де емес, ағылшын тілінде де емес, тек қана ана тілінде оқуы керек. Үш тілді бірден оқытқанда баланың ана тілі болмайды. Ана тілі болмаған адамнан ешқандай ақын да, жазушы да, суретші де шықпайды. Ғалым шығар, маман шығар, тіпті атақты адам да шығар. Бірақ онда ешқандай мәдени азық болмайды» -деген сөзі мемлекеттік тілдің қаншалықты маңызды екенін көрсетеді. Мемлекеттік тілді оқытудың тиімді де ыңғайлы жүйесі мен құрылымын қалыптастыру әрбір мұғалімнің шеберлігі мен шығармашылығына

байланысты. Оқу орыс тілінде жүретін мектептердегі қазақ тілі пәні мұғалімдерінің мақсаты – өзге тілді ұлттың өз ойын қазақ тілінде ауызша не жазбаша түрде жеткізе білуге, қазақ тіліндегі сөзді түсінуге үйрету. Орыс тілді сыныптарда оқушылардың ауызша сөйлеу мәдениетін дамыту - басты назарда.

Бүгінгі таңда орыс сыныптарындағы қазақ тілі мен әдебиеті сабағының маңызы қандай? Ұстаздар өзге тілді оқушыларға қазақ тілін қандай дәрежеде меңгертіп жүр? Бір сыныпта қазақтармен қатар бірнеше өзге ұлт өкілдері болуы мүмкін. Сол өзге ұлт өкілдері 1-сыныптан бастап 11-сыныпқа дейін қазақ тілін аптасына үш-бес рет оқи тұра, неге мемлекеттік тілде еркін сөйлей алмайды? Неге қазақша сөйлеуге қиналады? Қалайша түсінікті әрі қызықты етіп қазақ тілін меңгертуге болады? Оқу үдерісін оқушы күнделікті мектеп қабырғасынан шыққанда бүгін көптеген қызықты әрі пайдалы нәрселерді білдім дейтіндей етіп қалай ұйымдастыруға болады?

Берілген сұрақтарға жауап – бұл оқытуда инновациялық технологияларды белсенді қолдану. Инноватика – жаңашылдықтар туралы ғылым. Орыс тілді балалардың қазақша сөйлей алуын, ойын қазақ тілінде еркін жеткізе білуін мақсат етіп қойсақ, сабақта оқытудың жаңа технологияларын белсенді қолдана отырып, бұл мақсатымызға бір табан жақындай түсеміз. Қазақ мәдениеті мен тарихы туралы ақпарат беру оқушылардың қазақ тілін тереңірек түсінуіне ықпал етеді. Мәдени контекст арқылы тіл үйрену оқушылардың тілге деген қызығушылығын арттырады және тілдік дағдыларын жақсартуға көмектеседі.

Тіл үйретуді жеңілдететін тиімді жолдарын атап өтейік. [1]

Ең бірінші әдіс – аз-аздан, бірақ үздіксіз. Тілді үнемі жаттықтырып отыру маңызды. Күн сайын аз мөлшерде, бірақ тұрақты түрде, жиі үйренуге әрекет жасау, тілдік дағды да тезірек қалыптасады. Үлкен мақсаттарға кішкентай қадамдармен жетуге болатынын естен шығармау керек. Егер ол төмен сыныптағы оқушы болса, бұл әдіс маңызды болып саналады.

Екінші әдіс – тілдік ортаға ену. Мәселен, баланың көретін фильмі бен тыңдайтын музыкасы, оқитын кітап пен мақалалардың барлығы сол тілде болуы шарт. Бұл әдіс арқылы қазақ тілін бойға сіңіру оңай болады.

Үшінші әдіс – технологияларды пайдалану. Тілдерді оқытуға көмектесетін көптеген қолданбалар мен онлайн ресурстармен жұмыс істеу маңызды. Интерактивті сабақтарды көру, тілдік ойындар мен аудио және бейнематериалдарды пайдалану керек. Оқу үдерісін қызықты әрі тиімді ету үшін күнделікті жұмыста осы технологиялардың болғаны дұрыс. Бұлар тіл үйрету барысында жұмысты біраз жеңілдететіні анық.

Төртінші әдіс – түрлі техникамен жұмыс істеу. Қазір небір тиімді технологиялар бар. Әркім өзіне қайсысының ыңғайлы екенін білу үшін тәжірибе жасап тексеріп көруіне болады. Мәселен, «shadowing» техникасы бар. Бұл аудио тыңдау кезінде естігеніңізді үздіксіз қайталап, жаттап алғанға дейін жұмыс істеді білдіреді.

Бесінші әдіс – мақсат қою. Тіл үйретудегі ең маңызды тетіктің бірі – дұрыс әрі нақты мақсат қоя білу. Өйткені майданға мақсатсыз шыққан жауынгердің адасуы әп сәтте. Тілді не үшін үйретемін? Оған қанша уақыт бөле аламын? Бұл үшін мен өзім не үйренуім керек? Нәтижеге қол жеткізу үшін неден бастауым керек? Осы сұрақтарды алдымен өзіме қойып аламын!

Қазақстанның көпұлтты қоғамында қазақ тілін үйрету өзге тілді оқушылар үшін ерекше маңызға ие. Тілді меңгеру – тек жаңа білім алу емес, мәдениетпен танысу, жаңа байланыстар орнату, қоғамның бір бөлігі болу. Осы орайда, қазақ тілін меңгертуде жиі қолданатын әдіс-тәсілдермен бөліскім келеді.

Қазақ тілін оқытудың төрт дағдысы (айтылым, жазылым, оқылым, тыңдалым) бойынша қолданылатын тиімді инновациялық технология әдіс-тәсілдерінің түрлері өте көп, бірақ сол тәсілдерді орынды жерінде, тиімді пайдалана білу керек деп ойлаймын. Мен өз сабағымда жиі қолданатын жаңа технологиялардың түрлері төмендегідей:



Сурет 1

Соның ішінде ТРИЗ технологиясына кеңірек тоқталғым келеді.

ТРИЗ технологиясы (ӨТШТ) – (теория решения изобретательских задач) өнертапқыштық тапсырмаларды шешу теориясы. Оны Ресейлік ғалым және қиялшыл – жазушы Генрих Альтшуллер жасаған. Мақсаты: оқушының тілін дамыту, шығармашылық қиялын дамыту, сөздік қорын жаңа сөздермен байыту, оқушының ауызша сөйлеген сөздерін тыңдап, өзіне қойылған сұраққа жауап беруге үйрету болып табылады. Тризшылардың ұраны – «Барлығын айтуға болады!» Триз технологиясының тапсырмаларын құрасырған кезде мына жағдайды ескеру қажет: тапсырма қызықты әрі дұрыс құрастырылған болуы тиіс; тапсырманың күрделілік деңгейіне қарамастан, шешімі болуы тиіс.

Осы технология негізінде шығармашылық елестетуді дамытудың әдіс-тәсілдерін мұғалімдердің іс-тәжірибесіне енгізу келесідей педагогикалық міндеттерді шешуге мүмкіндік береді.

Білімділік:

- оқушылардың жалпы білімділік деңгейін дамыта отырып, оқу үдерісіне деген қызығушылықтарын арттырады;
- өнертапқыштық, іс-тәжіриелік және әлеуметтік тапсырмалар мен міндеттерді талдап, шеше білу іскерліктерін ұштайды.
- жүйелік – диалектикалық ойлау қабілеттерін мақсатты түрде дамытады.

Дамытушылық:

- шығармашылық қабілеттерді (ойлаудың жаттықтығын, икемділігін және бірегейлігін), жадыны, зейінді, логиканы жетілдіреді;
- кеңістік ойлауды, шығармашылықпен елестетуді жетілдіріп және талдап, жинақтап, құрамдастыра білуді дамытады;
- тілдік қорларын байытады.

ТРИЗ технологиясының негізгі амал-тәсілдеріне жататындар: «*Ойлан, тап*» *ребустар*, «*Есім-логогриф*», «*Сөзден сөз жасау*», «*Анаграммалар*», «*Бей-берекет сөздік*», «*Омонимдер және көп мәнді сөздер*», «*Аударма*», «*Жүйелік оператор*», «*Луллий сақиналары*», *сурет бойынша шығармашылық тапсырмалар*.

Біздің заманымыз – жазу заманы: жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман. Жазумен дүниенің бір шетіндегі адам екінші шетіндегі адаммен сөйлеседі. Сондықтан сөйлей білу қандай керек болса, жаза білу керектігі одан да артық. Сөздің жүйесін қисынын келтіріп жаза білуге қай сөз қандай орында қалай өзгеріліп, қалайша біріне бірі қиындасып жалғасатын жүйесін білу керек. Әр жұрт баласын әуелі өз тілінде оқытып, өз тілінде жазуға үйретіп, өз тілінің жүйесін білдіріп, жолын танытып, балалар әюден дағдыланғаннан кейін басқаша оқыта бастайды. Әрине, ол жазудың басталады. [2] *Жазылым дағдысы* бойынша, ТРИЗ технологиясының «Төлқұжат» және «Жүйелік оператор» әдістерін өз сабағымда жиі пайдаланамын.

«Жүйелік оператор» әдісінде сөздің өзгерісін сипаттап, кестені толтырады. Кесте мынадай үлгіде болады.

Кесте 1

Болды	Айналды	Не өзгерді?	Кінәлі
Үй	үйшік	Жаңа сөз туды	-шік сөз тудырушы жұрнағы
Кітап	кітаптар	Көптік мәнге ие болды	-лар көптік жалғауы
Ақыл	ақылдымын	1. Жаңа сөз туды 2. Жіктік мәнге ие болды	-ды сөз тудырушы жұрнағы -мын жіктік жалғауы (I жак)

«Төлқұжат құрастыру» әдісі алынған білімді жүйелеу, жалпылау үшін; оқытылып жатқан құбылыстың маңызды және маңызды емес қасиеттерін анықтау үшін; оқытылып жатқан түсініктің қысқаша сипаттамасын құру үшін, оларды өзге ұқсас түсініктермен салыстыру үшін қолданылады. Бұл әдісті әдебиет сабағында кеңірек қолдануға болады. Мысалы, 11- сыныпта Ж.Аймауытовтың «Ақбілек» романын өттік. Оқушыларға осы романдағы Ақбілекке төлқұжат жасау тапсырмасы берілген болатын. Төлқұжат мынадай бағытта болады:

«Ақбілек» романындағы Ақбілек бейнесі

Аты: Ақбілек

Әкесінің аты: Мамырбай

Шығарушы: Жүсіпбек Аймауытов

Тұрғылықты жері: «Ақбілек» романы

Сыртқы келбеті: Қалың қара шашты, мөлдір көзді, сұлу, еркін өскен ерке қыз

Жеке қасиеттері: ақылды, қайсар, батыл

Осылайша оқушылар төлқұжат жасау арқылы кейіпкердің бейнесін ашып береді. Бұл әдіс қызықты әрі тиімді деп ойлаймын.

Айтылым дағдысы бойынша оқушылардың сөздік қорын молайтып, шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін ТРИЗ технологиясының «Пойыз» әдісін қолданамын. Бұл әдіс мүлде өзге заттар, құбылыстар арасында көзге көрінбейтін байланыстар іздестіруге көмектеседі. Ойлауға, іздестіруге, сөздермен жұмыс істеуге үйретеді, сөйлеу дағдысын қалыптастырады. Бұл әдісте экранға сөздер шығарамын. Әрбір сөз бір - бір вагон, олар бір-бірімен байланысты болу керек. Мысалы, *өзен, су, сорпа, тәрелкенің* сөздері (суретімен). Оқушылар экрандағы сөздерден сөйлемдер құрау керек. (*Өзеннен сорпа жасауға су алдық. Сорпаны тәрелкеге құйдық.* [3])

Өз сабағымда жиі қолданатын «Тірі» тамшылар мен бояулардан жасалған ертегі. Оқушылар ақ бетке бояуды тамызу арқылы жасалған тамшыға қарай отырып, «бұл неге ұқсайды? Мен бұдан не жасай аламын?» деген сұрақтарға жауап беру керек. Содан соң оны салып болып, сол тамшысы жөнінде ертегі құрастыруға болады. ТРИЗ әдістемесінде сол сияқты тарихи тақырыптардағы әңгімелесулерді де қолдануға болады. Мысалы: «Киімдердің бұрынғы түрлеріне саяхат», «Бдыс–аяқ қалай пайда болды?» т.б.

ТРИЗ технологиясындағы бұл әдіс – тәсілдер оқушылардың қиялын дамытып, ой – өрістерінің толығуына көп пайдасы барына көз жеткіздім. Мен ТРИЗ технологиясының элементтерін, ойындарын, стратегияларын күнделікті ұйымдастырылған оқу іс – әрекетімде пайдаланамын.

Әрбір мұғалімнің сабағы компьютермен тығыз байланыста болатыны сөзсіз. Күнделікті презентация, электронды оқулықтар, сабаққа қатысты видеороликтер, интерактивті тақтада орындалатын тапсырмалардың барлығы компьютерді талап етеді. Сонымен қатар, *жазылым дағдысы* бойынша, өз сабақтарымда «Суретті крассворд», «Ребус», «Жалғастыр» әдістерін қолданамын.

«Жалғастыр» әдісі бойынша сынып оқушылары алдарындағы компьютерлеріне бір сөйлем жазады. Жазған соң, орнын босатып, көршісінің компьютеріне барып, көршісі жазған сөйлемге бір сөйлем қосады. Оның сөйлемін басқа оқушы жалғастырады. Оқушылар орын алмастырып жүріп, барлық компьютерге бір-бір сөйлемнен жазып шығады. Сөйлемдер бір-бірімен байланысты болу керек және соңында әр оқушы өз компьютеріне келіп, шыққан мәтінді басқа оқушыларға оқып береді. Бұл әдіс қызықты ойын түрінде өткенмен, оқу дағдыларының барлық түрін қамтиды.

1. *Жазылым дағдысы* (оқушы сөйлем жазады)

2. *Оқылым дағдысы* (сөйлемді жалғастыру үшін, олар алдымен экрандағы сөйлемдерді бір оқып шығады)

3. *Айтылым дағдысы* (ең үздік мәтін қай оқушының компьютерінде жазылғанын талқыға салып, пікір білдіреді)

Өзге ұлт өкілдеріне ең ұнайтын әдіс - **«Ребус»**. Ол - белгілі бір суретті, немесе әріптерді жасыру арқылы жасалынатын тапсырма. Ребус – ең қызықты, әрі оңай жасырылатын бас қатырғыш. Мұндай бас қатырғыштар мектеп жасындағы балаларға өте қызықты әрі пайдалы. Ребусты шешу арқылы балалардың сөздік қоры дамып, сонымен қатар ойлау интелекті жақсы дамиды. Сонымен қатар есте сақтау қабілеті жақсарып, жаңа сөзді еске сақтап, синоним сөздерді жаттап алуы оңай болады. Ребусты әр оқушы жас деңгейіне қарай күрделендіріп жасай алады.

Қорытындылай келе, мұғалімнің сыныпта сабақ беру әдісі әр түрлі болуы заңды. Сол әр түрлі сабақтар тиянақты, түсінікті болып, бір-бірімен астарласып, бірін-бірі толықтырып жатуы керек. Орыс сыныптарындағы қазақ тілі мен әдебиеті сабағының нәтижелі болуы мұғалімнің сабақ беру шеберлігіне байланысты. Қандай да болмасын жаңа әдіс-тәсілдер әрбір оқушының тілді оқып үйренуіне сенімін ұялатып, шығармашылықпен жұмыс істеуіне, сөйлеу мәдениетінің өсуіне ықпал етеді, оқу дағдыларын қалыптастырады. Мен өз сабақтарымда оқытудың жаңа инновациялық технологияларын пайдалана отырып мынадай нәтижеге қол жеткізіп жүрмін:

1. *Айтылым дағдысы*: оқушылар өз ойларын еркін жеткізе алады, сөздік қорлары молаяды

2. *Оқылым дағдысы*: көру арқылы есте сақтау қабілеттері артады, оқыған мәтіндерін ой елегінен өткізіп, талдау жасайды.
3. *Жазылым дағдысы*: сауатты жазуға төселеді, өз бетімен жұмыс жасауға үйренеді
4. *Тыңдалым дағдысы*: бірін-бірі тыңдау арқылы өзгенің пікірін құрметтеуге үйренеді, білімін тереңдетеді.[4]

Қазақ тіл білімінде күні бүгінге дейін «қазақ әдеби тілі», «қазақ жазба әдеби тілі», «жалпыхалықтық тіл» дегендер бір-бірінен ажыратылып, әрқайсысы нақты мағынаға ие болған жоқ. [5] Олай болса, кем дегенде ауыз әдеби тілін өзге ұлт өкілдеріне үйрету біздің борышымыз. Әрбір мұғалімнің жаңаша жұмыс істеп, үнемі ізденісте болуы бүгінгі күннің талабы. Қазақ тілі мен әдебиетін өзге тілдегі мектептерде үйрететін ұстаз ретінде өз сабақтарымның әр кезеңдеріне талдау жасап, баға беріп, әдіс, тәсілдерді сұрыптап, ең таңдаулысын анықтауға талпыныс жасап келемін.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы, 2012 ж. 25 б.
2. Байтұрсынов А «Қазақ тіл білімінің мәселелері», 2013 ж. 42 б
3. Қуанышбаева А., « Жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерді пайдалану» Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал, №2, 2004 ж. 25 б.
4. Альтшуллер Г. Технология ТРИЗ, 1989 ж. 252 б.
5. Сыздықова Р. « Тіл және ұлттық мәдениет», 2018 ж. 325 б

М.ДУЛАТҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУ НЕГІЗДЕРІ

А.С.Кушкимбаева

PhD, Ақтөбе, Қ.Жұбанов атындағы
Ақтөбе өңірлік университеті

Халық тағдыры М.Дулатовтың прозалық шығармаларына да арқау болды. 1910 жылы оның "Бақытсыз Жамал" атты романы жарық көрді. Бұл роман жазушының шығармашылық жолындағы ірі табыс қана емес, бүкіл қазақ әдебиетіндегі елеулі көркем туынды болды. "Бақытсыз Жамал" қазақ әдебиетінде көркем прозалық үлгіде жазылған тұңғыш роман еді. Міржақып осы шығармасы арқылы бұдан кейін жазылған Т.Жомартбаевтың "Қыз көрелік", С.Көбеевтің "Қалың мал", С.Торайғыровтың "Қамар сұлу", т.б. романдарына жол ашты. Бұлардың бәрі де сол кезектегі аса маңызды әлеуметтік мәселеге арналды. Қазақ ауылының тұрмысы жайында жазылды. Әйелдердің бас еркі, қоғамдағы жағдайы туралы баяндады. "Бақытсыз Жамал" романының оқиғасына арқау болған мәселе де осы, ескі әдет-ғұрыптың қыспағына түскен қазақ қызының тағдыры.

Романда оқиға желісі – суреттелетін ауыл өмірі, әр түрлі әлеуметтік топтар өкілдері арасындағы қарым-қатынастар мен жекелеген адамдар түсінігіндегі қайшылықтар шырмауына түскен Жамал мен Ғалидің мөлдір махаббаты, өз еркіндіктеріне жету жолындағы ұмтылысы осы арнада өрбиді. Ақыр аяғында трагедиямен аяқталады. М.Дулатов бұл оқиғаны кездейсоқ болған бірді-екілі жай ретінде қарамайды. Ғашықтар трагедиясын ол қазақ даласындағы әлеуметтік мәселе дәрежесіне көтереді. Сол арқылы қазақ қыздарының бас еркі, жастардың өз қалауымен өмір сүру қажеттігі туралы ой ұсынады. Жазушы үшін әйелдің бас бостандығы, өзінің сүйгеніне қосылып, өмір сүруге мүмкіндік алуы ең бір түйінді мәселе болды. Ол әйелдің

арын аяққа басатын ескі әдет-ғұрыпқа үзілді-кесілді қарсы шығады. Міржақып Дулатовтың романдағы Жамал бейнесін сомдаудағы жаңалығы да өзінің осы идеясына негізделеді. Романдағы Ғали – сол замандағы оқыған, мәдениетті жастарының жиынтық бейнесі. Сырт келбетіне ақылы сай жігіт Ғалидың әрбір іс-әрекетінен, сөйлеген, жазған хаттарынан бұл қасиет айқын аңғарылады. Ал шығармадағы Байжан бай, оның баласы Жұман, сондай-ақ Жамалдың әкесі Сәрсенбай, үлкен шешесі Қалампыр – ескі психологияның адамдары. Оларға адамгершіліктен гөрі байлық, шен мақтанышы қымбаттырақ.

Тұтастай алғанда, "Бақытсыз Жамал" романы сол кездегі тарихи-әлеуметтік шындықты шынайы да көркем бейнелеуімен, авторлық идеяның айқындығымен өзінен кейінгі қазақ прозасының өркендеуіне дәстүрлі жол көрсетті, үлгі болды.

Уақыт мектеп мұғалімдеріне жастарды жаңа заман талаптарына сай, әрі озық ұлттық дәстүр рухына тәрбиелеп, өмірге әзірлеу секілді жауапты міндеттерді жүктеп отыр. Егеменді елімізге сай ұрпақ тәрбиелеп шығудың бірден-бір жолы ол – өсіп келе жатқан ұрпақты эстетикалық тұрғыдан шындау. Осыны халықтық педагогика арқылы жүзеге асыруға болады.

Этнопедагогика ұғымын айналымға тұңғыш енгізген чуваш ғалымы Г.Н. Волков[1]. Этнопедагогика – халықтың тәрбиелік тәжірибесін, оның көзқарасын зерттейтін ғылым, сонымен қатар тұрмыстық педагогикасы, ұлт, ру, тайпа педагогикасы туралы ғылым. Зерттеу объектісі халықтың тәлім-тәрбиесі жөніндегі ұғым түсініктері, дәстүрлері, тәжірибесі болып табылатын ғылым саласы ретіндегі этнопедагогика қалыптасу, даму үстінде. Әсіресе соңғы жылдары оның зерттеу пәні, әдістері туралы, халықтық педагогикалық идеяларды бүгінгі тәрбие теориясы мен практикасында жүзеге асыру жолдарының мәселелері туралы зерттеулер едәуір көп. Бұлардың ішінде халықтық педагогиканың пайда болуы мен дамуы, қазіргі жайы жан-жақты сөз етіліп, оның теориялық-әдістемелік мәселелерін анықтауға бағытталған еңбектердің маңызы айтарлықтай. Өкінішке орай, көптеген зерттеуші ғалымдар бұл мәселенің соншалықты көкейтестілігіне үстіртін қарайтын секілді.

Көрнекі қазақ ғалымдары А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов халықтық педагогиканың тәжірибесін зерттей білуге ерекше мән берді. Сонымен қатар, этнопедагогика, халықтық педагогика мәселелеріне қатысты ой түйіндерді Г.Н. Волков, К.Ж. Кожаметова, Е.Л. Христова, З.Ә. Әбілова, Қ.Б. Жарықбаев, Ә. Табылдиев сияқты ғалым зерттеушілердің осы мәселені жан-жақты зерттеген еңбектерінен кездестіреміз [2].

Алайда халықтық тәрбиенің зерттелу тарихына шолу халық шығармашылығына арналған зерттеулер мен жарияланымдарда оның ерте заманнан келе жатқан тарихи құбылыс екендігі айтылғанмен, халықтық педагогикалық ескерткіштер оқу үрдісінде және сыныптан тыс жұмыстарда қолданылғанмен, балалар мен жастарды тәрбиелеуде оның ролі жайлы ойлар айтылғанмен көптеген ғылыми еңбектердің әлсіз тұсы халық педагогикасын оқып үйренудің теориялық мәселелері қамтылмайтындығын байқатады. Этнопедагогиканың мәселелерімен айналысушы ғалым А.Э. Измаилов: «Халық педагогикасы ұрпақтан – ұрпаққа көбінесе ауызша түрде жалғасып келе жатқан, халықтың тарихи және әлеуметтік тәжірибесінің жемісі, оның іс-жүзінде тексерілген білімінің мағлұматтарының жиынтығы. Халықтық педагогиканың ескерткіштері халық ертегілерінде, аңыздарында, жырларында, мақал-мәтелдерінде сақталып, ұлттық салт-дәстүрлер арқылы өзінің көрінісін беріп отырады» [3] - деп орынды атап көрсеткен.

Әмбебап ағартушының артына қалдырған рухани мұрасында кешегі көшпелі қазақ елінің әдет-ғұрпы, дәстүр-салты, жол-жоралғысы, тәлім-тәрбиесі мен үлгі-өнегесі, өзіне тән этикалық, эстетикалық ұнам-талғамдары ұлттық колоритке толы сан алуан нақты

деректермен безендіріле баяндалған. Осы тұрғыдан «Оян қазақ» атты туындысының орны бөлек. Ұстазы Ы.Алтынсариннің оқу-ағарту мәселесіне байланысты идеяларын әрмен қарай дамыта келіп, ол да Байтұрсынов сияқты оқу-тәрбие мәселесіне ғылыми тұрғыдан қарауға, атап айтқанда оқытудың жаңа әдіс-тәсілдеріне, шәкірттердің жаңа бағдарламалар арқылы білім алуына, ғылыми дидактикалық қағидаларға сәйкес сабақ жүргізуге ерекше мән берді. Бұл айтылғандарды оның «Мұғалімдерге» атты мақаласынан (1915), «Қирағат» кітабына жазған алғы сөзінен жақсы байқауға болады: «... балаларды,- дейді ол, - оқыту өз алдына бір ғылым. Ғылым – педагогика... Мектеп программасында бірінші орын алған нәрсе қирағат, баяндап оқыту... Қирағаттың мақсатын түсінбеген мұғалім үміт еткен пайданы бере алмайды... Жас балаларды оқыған нәрсесі хақында ойлануға, оның мағынасын, қасиетін сездіруге қалай үйретпек керек? Баланы оқыған нәрсесін бір-біріне ұйқастырып ойлануына, оқып шыққаннан кейін жадында ретті һәм толық мағынасымен қалдыруға әдеттендіруі керек» [4]. Ол орыс педагогикасының атасы К.Ушинский айтқандай, оқу-тәрбие процесіне (жазу, сызу, есептеу, оқу, т.б.) шәкірттердің сезім мүшелерін (көз, құлақ, т.б.) түгелдей қатыстырып отыру қажеттігін [5] орынды аңғарып, мұны тәлімгерлердің жадына салуды ойластырады. Осыған орай ол былай деп жазады: «Әрбір жазылған сөз (тақтаға, дәптерге, тіпті ауызекі сөзді де) жазушының сезінуімен, естуімен, көруімен «шыққан нәрсе».

Табиғатынан тәлімгерлік қасиеті мол жазушы қазақ арасында көбінде көзге түспей, түссе де еленбей жүрген ғылым-білімге, өнерге, зерек, дарынды балаларды оқытып тәрбиелеудің мәні жайында сөз ете келіп, дарындылықтың кейбір психологиялық астарларына үңіледі. Осы жәйт автордың мына төмендегі түйіндеуінен жақсы көрінеді: «Туысында қанша зеректік болса да, - деп жазды – ғылымсыз, тәрбиесіз кемеліне жетпейді. Кімде-кім өзінің табиғатына не нәрсеге шеберлік барлығын сезіп, өз жолына түссе ғана, көзге көрінеді... Жақсы суретші адамның сыртқы түрін айнытпай сала білсе, жақсы жазушы да адамның ішкі сырын, мінезін, әдетін бұлжытпай көрсете біледі, оқығанын да көріп тұрғандай боласын...». Халқымыз егемендікті аңсап жатқан қарбалас шақта жас өркендерді жерге шырылдап түскен кезден есейіп, есі кіріп болғанға дейінгі аралықта ана тілінің уызына жарытып қана қоймай, олардың ұлтты рухпен, дәстүр-салт, әдет-ғұрыптан мейлінше сусындатуына ерекше көңіл аударуымыз қажет. Бұл жөнінде де Дулатов былайша жеріне жеткізе айтқан еді. «Бастауыш мектепте алған тәрбиенің әсерлі, күшті, сіңімді болуы қай халықтың мектебінде болса да оқу кітаптары ана тілімен, өз ұлтының тұрмысынан, һәм табиғаттан жазылып, баяндап оқытудың асыл мақсатына муафик үйретуден, осылай біліп, баяндап оқытқанда, балқыған жас баланың ойына, қанына, сүйегіне ұлт рухы сіңісіп, ана тілін анық үйреніп, керекті мағлұмат алып шығады. Мұндай балалар бастауыш мектепті бітіргеннен кейін қай жұрттың мектеп медресесінде оқыса да, қай жұрттың арасында жүрсе де, »сүйегіне сіңген ұлт рухы жасымайды. Қайда болса да тіршілігінде қандай ауыртпалық өзгерістер көрсе де ұлт ұлы болып қалады. Оқудағы мақсат жалғыз құрғақ білім үйрету емес, біліммен бірге жақсы тәрбиені қоса беру...» [4, 29].

Міне, саяси қайраткердің өмір жолына қысқаша тоқталсақ тек жалынды күреске толы, халқына арналған аяулы ғұмыр. Бар өмірін тек қана халқына арнаған аяулы жан. Ол - көрнекті саясаткер. Ресей империясының отарлық саясаты, атақонысы мен мал-мүлкінен, дәулетінен айрыла бастаған халқының мұң-зары, ауыр тұрмысы оны саяси күрес жолына шығарды. Ол «Қазақ» газеті бетінде алуан түрлі саяси-әлеуметтік мәселелерді көтерді. Зәбір, зорлық көрген қарапайым адам құқы мен отарлық езгі тепкісіндегі қазақ елі туралы тынбай жазды. Оның шығармалары зорлыққа қарсы тұруға, күресуге үндейді. «Жастарға» өлеңі мен «Біздің

мақсатымыз» мақаласынан бастап барлық шығармалары осы мақсатты ғана көздейді. М.Дулатовтың 20-ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінде бостандық, азаттық, теңдік тақырыптарын оқу, өнер, білім, өркениет мәселелерімен байланысты қозғаған. «Оян, қазақ!» жинағындағы барша шығармалары отарлық қанауға ұшыраған қазақ халқы басындағы келелі мәселелерді қозғап, оны күреске шақырды. «Терме», «Азамат» жинақтарындағы өлеңдерінде қазақ еліне бостандық аңсаған ойларын жалғастырды. Қазақ прозасы тарихына орны бар «Бақытсыз Жамал» романы қазақ қыздарының басындағы ауыр жай-күйді, қазақ даласына ене бастаған жаңа қатынастарды суреттейді. Оның «Балқия» пьесасы қазақ ауылындағы маңызды әлеуметтік мәселелерді қозғаған, ондағы ояну мен ойлану процестерінің жемістері ретінде әрекет ете бастаған қазақ жастарының түрлі типтерін бейнелейді.

Адамзат тарихында қилы-қиямет оқиғалармен, дүбірлі даму үрдісімен ерекше орын алған XX ғасырдың басы қашаннан еңбегі еш, тұзы сор қазақ халқы үшін де сындарлы кезең болғаны белгілі. Осындай талма тұста, шешуші сәтте ұлт үшін қызмет көрсетудің үздік үлгісін көрсеткен алтын айдарлы арыстарымыздың қатарында Міржақып Дулатовтың есімі бұл күнде зор ілтипатпен аталады.

XX ғасырдың оныншы жылдарында жарық көріп, қазақ даласына жасын түскендей әсер еткен Міржақып аға Дулатовтың “Оян, қазақ!” өлеңіне қатысты қозғалған өндірістік іс құжаттарын Омбы облыстық мемлекеттік мұрағатынан кездестіруге болады.

Бастапқыда таза ағартушылық сарында туындап, сонан соң барып саяси сипат алған бұл қозғалыс патшалық биліктің саяси дағдарысқа ұшырауы, елдің түрлі аймақтарында, әсіресе түркі тілдес халықтар арасында ұлт-азаттық, либералдық-демократиялық тұрғыдағы сана-сезімнің ояна бастауы жағдайында анық әлеуметтік құбылыс дәрежесінде бой көрсетті. Міне, осындай тарихи ахуалда, жас ұрпаққа білім беріп жүрген Міржақып сияқты көңілі сергек, көкірегі ашық жас мұғалімнің халықтың тағдырына байланысты саяси-әлеуметтік мәселелерден тыс қала алмағаны заңдылық еді. Осы орайда жасы жиырмаға толмаған балаң жігіт тынымсыз ізденіс үстінде болып, көңілге түйгенін де, күн сайын көре жүріп, өзгеге айтқысы келген жан сөзін де жұрт жүрегіне қонымды өлең шумақтарымен жеткізе алатын, Алланың берген сыйындай арда өнер – ақындық дарынымен де таныла бастаған-ды. Қысқасы, өрелі ой мен өршіл талап өн бойынан сәтті сабақтастық тапқан жас жігіт үлкен өмірден рухани өріс іздеді, ұлы мақсаттар мен асыл мұраттар жолында құлаш сермейтін кеңістікке қарай асықты. Ол кезде Міржақып осынау тың сонар, соны соқпақта із салып кеткен Ахмет (Байтұрсынов) ағасының атын еміс-еміс естіп жүретін. М.Дулатов 1904 жылы алыс сапарға аттанып, сол кезде Арқадағы қазақ зиялыларының бас қосатын бір орталығы – Омбы қаласына тартады. А.Байтұрсынов бұл кезде бүкіл қыр еліне әлеуметтік-саяси қозғалыстың беделді басшысы ретінде танылып қалған болатын. Содан былайғы бүкіл өмірлерін бір мақсат-мүддеге арнап, ақтық демдері біткенше жұп жазбай өткен екі есіл ердің алғаш рет жүздесіп, арман-ой біріктірген жері осы Омбы қаласы болады. Содан Міржақып Ахмет ағасына еріп, Омбыдан Қарқаралыға беттейді. Осында әуелі астыртын жұмыстан бастау алып, кейін жария сипат алған революциялық жұмысқа белсене араласады. М.Дулатовтың шығармашылық мұрасы жөніндегі Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің қорытындысында: “ 1905 жылғы оқиғалар тұсында ол Қарқаралыда шеруге қатысқандар қатарында болды” деген мәліметтер бар.

Осындай қызу қимылмен көзге түскен жиырмадағы жас жігіт осы сапарында қазақ конституциялық-демократиялық партиясының Оралдағы съезіне қатысады да, соның делегаттарымен бірге 1906 жылы Петербургке барады. Күні кешегі ауыл мұғалімінің әлеуметтік-саяси көзқарасының қалыптасуына, ой өрісінің кеңейіп, ішкі сенімдерінің беки

түсуіне бұл сапардың айрықша маңызды болғаны, өз-өзінен түсінікті. Саяси күрескерліктің алғашқы сабақтарын Омбы мен Қарқаралы, Ә.Бөкейханов пен А.Байтұрсынов мектебінен алған М.Дулатов астанаға барғанда оны одан әрі дамытып, жетілдіре түседі [6].

1907 жылы Петербургте шыққан “Серке” газетінде Міржақыптың “Жастарға” деген өлеңі басылады. Ал осы газеттің қатталып, бірақ жарық көре алмай қалған екінші санында М.Дулатов қаламынан туған “Біздің мақсатымыз” атты бас мақала болады. Осыдан екі жыл кейін жарық көрген “Оян, қазақ” атты өлеңдер жинағы тәркіленіп, патшалық әкімшілік тарапынан қуғынға ұшыраған кезде, жандарм қызметкерлерінің таққан негізгі кінәсі де осы – сол Петербургте тұтқындалған газет мақаласының идеясын әрі қарай уағыздағаны болады[5, 34].

М.Дулатов Петербург сапарынан Торғайға белсенді қайраткер, саяси күрескер ғана емес, сонымен бірге шабытты ақын да болып оралады. Айрықша қарқынмен, жылдам жазып, түрлі тақырыптар төңірегінде ой толғаған тебіреністері бірер жылдың ішінде толыққанды жинақ болып түзіледі. Ақын оны Уфа қаласындағы “Шарқ” баспасынан “Оян, қазақ!” деген атпен 1909 жылы бастырып шығарады. Міржақыптың пәтерінен Дулатовқа тиесілі шамаданның ішінен түрлі брошюра, газеттермен қатар, “Оян, қазақ” атпен шыққан 9 жинақ табылды. Дәл осы “Оян, қазаққа” қатысты көрген қысымы, қудалаулар жөнінде М. Дулатов өзі кейіннен, 1917 жылдары былайша ой толғайды: “Оқушыларға мағлұм, “Оян, қазақ!” атты өлең кітабымды ескі өкімет шам көріп, “қазақ оянып кетеді”деп қорқып, 1911 жылы мені сотқа берді, сол себепті жыл жарымнан артық абақтыда жатып шықтым. “Оян, қазақ!” қазақ арасына тарамасын деп, үкімет үкім салды. Сонан кейін қолға түспеген 1000 дана шамалы “ Оян, қазақ!” жылдан бері жасырынып жатыр еді. Енді, құдайға шүкір, азаттық таңы атты, ескі үкімет мүрдем кетті, шағымшы “бауырларымыздың” да көзі жоғалды,”[2, 235]- деп жазды. Сөз соңында, халқының талайлы тағдыры үшін өз өмірлерін бәйгеге тігіп, тәуекел етіп, тас жұтқан арыс азаматтарымыздың рухы алдында тағы бір тағзым етеміз.

Қорыта келгенде, аз ғұмырын халқына арнаған, жалынды күрескер ақын, жазушы, драматург, ғалымның өмірі бүгінгі жастарға өнеге, тәлім-тәрбие берерлік тұтас бір дүние.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Волков, Г.Н. Этнопедагогика. Чебоксары: Чувашский государственный педагогический университет 1978 ж. - 188 бет
2. Дулатов М., Шығармалары, Алматы, «Жазушы», 1991 жыл, 238-бет)
3. Измайлов, А.Э. Народная педагогика Алматы: Мектеп 1991 жыл, 45 бет.
4. Дулатов М. «Қирағат» кітабы 1914 жылы Орынбор қаласы
5. Ушинский, К.Д. Человек как предмет воспитания. Опыт педагогической антропологии Учпедгиз Москва 1950 - 324-326 беттер (сезім мүшелерін қолдану туралы негізгі бөлім)
6. Елеуқенов Ш. Мағжан Жұмабаев Әдеби зерттеу. Алматы: ҚазССР "Білім" қоғамы, 1990, –56 б.

ҚАЗАҚ ТІЛІН КІРІКТІРІП ОҚИТУ МЕН ОҚУДАҒЫ ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕР

І.Е.Жалғасова, Г.А. Кеңес

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау
университеті 4-курс студенттері
Ғылыми жетекші: **А.К.Даутқұлова**

Қазіргі таңда білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты: бірнеше тілді меңгерген, әлеуметтік және кәсіптік бағдарға қабілетті, мәдениетті тұлғаны дамыту және қалыптастыру. Осы мақсаттарға жетудің негізгі жолдарының бірі - кіріктіріп оқыту әдісі. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев: «Білім мен ғылым – табысқа жетудің ең басты кілті. Өскелең ұрпаққа тағылымды тәрбие және озық білім беру – өте маңызды міндет» деген болатын. Соған сәйкес кіріктірілген білім бағдарламасының алға қойған мақсаты нық, бағыты жүйелі. Зиялы азаматты – сана әлеуеті жоғары дамыған, сын тұрғысынан және жаңашыл ойлай білетін, рухы мықты, өз білімін қоғамның алға басуына жұмсай алатын адамды тәрбиелеуге ұмтылады. Аталмыш білім беру бағдарламасында тәрбие мен оқыту ажырамас байланыста болады. Кіріктірілген оқыту жүйесін толыққанды жүзеге асыру үшін белсенді оқыту, топтық оқыту, пәндік-тілдік кіріктірілген оқыту (CLIL), т.б. озық педагогикалық әдістерді қолдану талап етіледі.

Қазақ тілі мен физика, математика, химия, география, биология, тарих және т.б. пәндердің пәнаралық байланысы өте тығыз. Тіл мен тарихты, тіл мен жаратылыстану пәндерін кіріктіріп оқыту арқылы оқушының ғылыми-философиялық ойлау танымы кеңейе түседі. Бұның негізі - тілді тек қарым-қатынас құралы емес, таным құралы деп қарау. Ғылыми-философиялық ойлаусыз біздің тірлігімізде сәт сайын ұшырасып жататын ғаламдық заңдылықтардың - жалқы мен жалпының өзара байланысының, себеп пен салдардың арақатынасының, ұқсату мен сәйкестендірудің, қарама-қарсылықтар бірлігі мен күресінің аражігі ажыратылмайды. Бұл жерде неге, қалай деген сан түрлі сұрақтарға жауап іздеп үйрену, білмейтінін біліп, түсінуге, әлем ақиқатын танып, ой түюге ұмтылу - адамды рухани кемелдікке, данышпандыққа бастайтын жол.

Даналық тек білім аясында шектеліп қалмайды, оның негізгі өлшемі - түсінік. Оқушының тақырыпты білуі бір басқа да, түсінуі - басқа: яғни білім оқумен келсе, түсінік оқығанды көкейге тоқумен, ой қорытумен қалыптасады. Аталған нәтижеге қол жеткізу үшін “Қазақ тілі” пәнін қазіргі оқыту жүйесінде жастардың білім, білім дағдыларын дамытып, мүмкіндігін арттыратын пән ретінде басқа пәндермен кіріктіріп оқытуымыз қажет. Бұған шығармашылық жұмысты жасай алу, дұрыс сөйлеу және жаза білу, ойлаудың даралығы, идеяны егжей-тегжейлі зерттеу қабілеті, өз идеясына дәл атау беру қабілеті жатады. Осыған байланысты “жан-жақты жетілген, бәсекеге қабілетті тұлға” тәрбиелеу деген қағиданы мұрат тұту білім беру ісіндегі ғылыми-философиялық ұстаным да болмақ. [1].

Пән мен тілді кіріктіріп оқыту сабағында уақыттың көп бөлігі мәтінмен жұмыс істеуге берілсе де, мүмкіндігінше тілдік дағдылардың барлық түрі қамтылуы керек. Оқу материалын таңдау кезінде оқушылардың жас ерекшеліктері мен тілдік дайындық деңгейлеріне сай, стилдері әр түрлі түпнұсқаға барабар мәтіндерді іріктеу қажет. Мәтіндер шағын бөліктерге бөлініп, суреттермен, схемалармен, карталармен қоса берілсе, оқушылар тез қабылдайды. Мәтіндер мәтінге дейінгі оқу (prereading) және мәтіннен кейінгі оқу (afterreading) тапсырмаларынан тұруы тиіс. Ол тапсырмалар тілдік дағдыларды ғана емес, сонымен қатар

танымдық (когнитивтік) дағдыларды да қалыптастырады. Танымдық дағдыларды ойлаудың қарапайым (танып-білу, сәйкестендіру, түсіну) деңгейінен жоғары (талдау, жинақтау, зерттеу, бағалау) деңгейіне қарай қалыптастыру қажет екенін мұғалім есте сақтауы керек. Диаграммалар мен кестелері бар мәтіндер оқушылардың танып-білу кезеңіне сай келеді. Материалды мәтіннен кестеге енгізе отырып, оқушы мәліметтерді іріктеуді үйренеді және негізгі мәліметті қосалқы мәліметтерден бөліп қарастыру түсінігі қалыптасады. Сондай-ақ сабақ барысында аудио және бейне материалдарды да қолдануға болады. Мұғалім сабақты жоспарлау кезінде материалдың бір бөлігін аудиомәтін түрінде бере алады, ал оқытудың зерттеу әдістерін қолдана отырып, материалды диалог пен әңгімелесу арқылы игеруге мүмкіндік бар. Сабақ барысында тыңдалымды жазылыммен байланыстыруға болады, мысалы, кестелер толтыру, схемалар сызу, көп нүктенің орнына сөздер жазу, т.б. [2,6].

Қазіргі білім беру мазмұнының жаңаруына сай қазақ тілі мен географияны байланыстыра отырып, пәндік-тілдік кіріктірілген оқыту жүйесіне қызығушылық таныттық. Себебі, 5-9 сыныптардың «Қазақ тілі» оқулығындағы тематикалық тақырыптардың өзге пәндермен астасып жатуы ешкімді назарсыз қалдырмайды. Мұндай сабақтарды жоспарлау кезінде «барлық мұғалімдер тіл мұғалімдері болып саналады» деген жаһандық ұстаным сақталуы қажет [3,6].

«Қазақ тілі» мен «География» пәндерін кіріктіріп оқыту барысында төмендегідей оқу мазмұнын ұсына аламыз. Біз алып отырған 7 сыныптың екі пәніндегі тақырыптар: «Қазақ тілі» пәнінде «Климат және табиғат» болса, «География» пәнінде «Атмосфералық құбылыстар. Қолайсыз атмосфералық құбылыстар». Мұғалім мен оқушының бірлесіп атқарған жұмыстары нәтижесінде сабақ соңында мынадай мақсаттарға жетуі қажет. Оқушы қолайсыз атмосфералық құбылыстарды талдай отырып, сақтану шараларын ұсына алады; жалғаулар мен шылаулардың ерекшелігін ескере отырып, үндестік заңына сәйкес орфографиялық нормаға сай жаза алады.

Ең алдымен, тақырып бойынша өтілетін тілдік бағдар (теория) мәселесіне назар аударамыз. Біздегі тілдік бағдарға ұсынылып отырған тақырып: «Орфография. Шылаулардың жазылу емлесі».

Бұл тақырыпты оқушыларға түсіндіру барысында оқулықтан бөлек, академик Р.Сыздықтың еңбектеріндегі елеулі пікірлерді де негізге алуымызға болады. Шылаудың кей тұлғалары сөзбен бірге жазылып, жалғау болса, қалған жағдайда шылау болады. Міне, дәл осындай шатасатын тұстарды ғалым Р.Сыздық нақты мысалдармен дәлелдеп көрсетеді.

Шылаулар негізінен басқа сөздерден бөлек жазылады: Қалам *да*, қарындаш *та* үстел үстінде жатыр.

Да (де, та, те) шылауы бірақ, әлі, тағы, егер, сондықтан, әрқашан, әйтсе, сірә деген сөздермен жанаса қолданылғанда, олардан бөлек жазылады: *бірақ та, әлі де (болса), тағы да (айтарым)*.

Ақ, ай, ау, мыс (міс), ды (ді, ты, ті) шылаулары өзінен бұрынғы сөзбен дефис арқылы жазылады: *жақсы-ақ, жүрісін-ай, қарағым-ау*.

Әдетте шылаулар жалғаулардан кейін келеді: *Сен үйде қаласың ба, әлде киноға барасың ба?*

Ал ма ме, ба, бе, па, пе сұраулық шылауы және ақ, да шылаулары кейде жалғаудан бұрын келетін жайттарда кездеседі. Ондайда шылау қосылып жазылады: *Мен осы үйдің ұлыдамын, қызыдамын*. [4,37]. Көрсетілген мысалдар арқылы оқушыларға ережені нақты түсіндіру жұмыстарынан кейін жаттығу жұмыстарына көше аламыз. Сабаққа кіріспес бұрын

оқушыларға талқылау сұрақтарын беруімізге болады. Сұрақтар арқылы оқушының ойлауын дамытып, белсенділігін арттыра отырып, тақырыпты тереңірек зерттеуге бағыт береміз. Ол үшін оқушыға “Сенің туған жеріңнің табиғаты қандай? Климат дегеніміз не? Ол туралы не білесің? Сен тұратын жерде қандай климаттық өзгерістер болады? Ата-әжеңнен, әкең мен анаңнан климаттағы болып жатқан өзгерістер туралы қандай әңгіме естідің?” деген мазмұндағы сұрақтарды қоя аламыз. Талқылау сұрақтары осылайша оқыту процесін жандандырып, оқушылардың оқу материалын терең әрі саналы түрде түсінуіне ықпал етеді.

Оқылым бөлімінде оқушылардың түсінігін арттыру үшін мәтін ұсынамыз. Мәтінді тақырыппен байланыстырып, оқушылар үшін жаңа ақпарат жеткізе аламыз. Оқылым мәтіні:

Теңіздің алыс-жақындығы жердің климатына ықпал етеді. Жағалаудағы аймақтарға жайлы қыс және салқын жаз тән болса, теңізден қашық жерлердің жазы ыстық, қысы суық келеді. Айналасындағы жазықпен салыстырғанда таулардың климаты анағұрлым ылғалды болады. Тауларға жауын-шашын мол жауады. Өйткені теңіз деңгейінен биік жерлердің температурасы төмен болады. Тауда климат тез өзгереді. Тау биіктеген сайын температура салқындай береді. Таудың етегінен шыңына дейін түрлі-түрлі өсімдіктер мен ағаштар өседі. Кей таулардың етегінде жүзгін, жыңғыл, жантақ, шеңгел тәрізді шөл далалық өсімдіктер, одан кейін жалпақ жапырақты ормандар, ал басына қарай самырсын мен шырша тәрізді қылқанжапырақты ағаштар кездеседі. Одан әрі қарай ағаштар сирейді. Биік таулардың басын жалаңаш тас немесе мәңгі қар мен мұз құрсап жатады. Табиғаты қатал болғандықтан, тауларда тіршілік ету оңай емес. («Таулар. Шөлдер». Балалар энциклопедиясынан)

Оқылым мәтіні бойынша оқушыларға есте сақтау қабілетін тексерту мақсатында тапсырма ұсынамыз. Тапсырмада шылауларды бос орынға сәйкестендіруі керек. Тапсырма интерактивті тапсырмаларды жасауға болатын Edugarlay онлайн платформасы арқылы беріледі: [Сәйкестендір](#)



Бұл тапсырма оқушының түсінігін тексеріп, тақырыпты тереңірек меңгеруі үшін ықпал етеді.

Оқушылар шылауларды дұрыс қолдануға үйрету мақсатында, белгілі бір шылаулар тізбегін көрсетіп, (сайын, туралы, ғана, және, сондықтан, немесе, кейде) табиғат құбылыстары туралы сөйлем құрастыру тапсырмасын береміз. Бұл тапсырма арқылы оқушы шылауларды сөйлемде дұрыс қолданып, сөйлем құрау шеберлігін арттырады.

Ұлттық құндылықтарды қалыптастыру мақсатында мақал-мәтелдерді мысалға беріп, ішіндегі шылау мен қосымшаларды ажыратады: *Бейбіт ел(де) береке бар. Туған жердің ауасы (да) шипа. Басшысыз ел(де) береке болмас. Есің бар да елің тап, есер болмай етек жап.*

Оқушылардың өзара пікір алмасуы арқылы танымдық дағдыларды дамыту үшін сыныпта пікір алмасуды ұйымдастыруға болады. “Ауа-райының құбылыстарына байланысты қандай тыйым сөздерді білесіңдер?” деген тақырыпты ортаға салып, оқушыларға өз ойын еркін жеткізуге мүмкіндік бере аламыз. Бұл тапсырма оқушылардың табиғат құбылыстарына деген ұлттық көзқарасты түсіну және табиғатқа құрметпен қарауына септігін тигізеді. Сонымен қатар, қазақ халқының дүниетанымы мен мәдениетінің бір бөлігін үйретуге, халықтың сенімдеріне назар аударуға көмектеседі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақ тілі. Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық / Қосымова Г., Рахметова Р. - Алматы: Атамұра, 2017. -192б
2. Нұрақаева Л.Т., Шегенова З.К. :Пән мен тілді кіріктіріп оқыту әдісін (сілі) қолдану туралы мұғалімдерге арналған әдістемелік нұсқаулық
3. The Bullock Report – A Language for Life. Report of the Committee of Enquiry appointed by the Secretary of State for Education and Science under the Chairmanship of Sir Alan Bullock FBA, 1975.
4. Қазақ орфографиясы мен пунктуациясы жайында анықтағыш : баспа қызметкерлері мен мұғалімдер үшін / Р. Сыздықова ; [ред. С. Рахметова]... – Алматы : Қазақтың мемл. оқу-педагогика баспасы, 1959. - 224 б.
5. География. Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық / А.Егорина, С.Нұркенова, Е.Шиминова. - Алматы: «Атамұра», 2017.-224б
6. Ерғалиев Қ. :Қазақ тілінің орфографиясы мен пунктуациясы, Оқу құралы : ПМПИ баспасы, 2016.
7. <https://emle.kz/kz/rules>

СӨЙЛЕМ МҰШЕЛЕРІН ОҚЫТУДА ЖАҢА ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

И.Б.Базарғалиева

Қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі,
педагог-шебер, лингвистика магистрі

Білім беру үдерісі елдердің бәсекелестікке қабілетті болуын қамтамасыз ететін ең тиімді стратегия саналады. Виллем Те Вельде жаһанданудың қазіргі кезеңінде жоғары сапалы білімнің қажеттігі туралы пікірін айтқан болатын.[1.6]. «Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиялармен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деп Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев айтқандай, бүгінгі таңда педагогика жаңалықтарын екшеп, сұрыптап, әрбір пәннің ерекшелігіне, болмысына қарай ұтымды қолдана білсек, ұтарымыз көп болмақ. Жаңа формация мұғалімінің жан-жақты, шығармашыл, ізденгіш болып қалыптасуы - білім беру саласындағы ең маңызды нәрсе. Сапалы білім – ел болашағын айқындайтын басты көрсеткіш болып табылады. Яғни, ұстаздардың қоғамдағы тұлғасы – адамзат баласын жаңа

сапаға көтеретін, оның болмысын өзгеріске енгізетін ғажап тұлға. Бұған біз күнделікті ісіміздегі жаңашылдығымыздың арқасында қол жеткізе аламыз.

Мектептерде оқыту түрін жетілдіру, сабақ құрылымына өзгерістер енгізу жолында мұғалімдер қауымы тынбай еңбек етіп келеді. «Нашар мұғалім ақиқатты өзі айтып береді, ал жақсы мұғалім оқушылардың өзін ізденуге жетелейді» деп неміс педагогі А.Дистерберг айтқандай, оқыту мен оқудың деңгейлік бағдарламасына негізделген сабақтарда мұғалім тек бағыттаушы, нұсқау беруші болады. Ал, оқушылар мұғалімнің берген тапсырмаларын тиянақты орындап, жан-жақты талқылап, ой қорытып, дәлелдерді жинақтап, бағалаушы қызметін атқарады. Оқушы алған білімін болашақ өмір жолында, күнделікті ісінде пайдаға асыра алатындай меңгеруі тиіс. «Баланың ынтасын ояту үшін оқытатын нәрседе бір жаңалық болу керек» деп жазушы Жүсіпбек Аймауытов пайымдаған екен.

Тәуелсіз мемлекетіміздің жаңаша даму үрдісінің сұранысы тұрғысынан қарасақ, ұрпаққа берілетін білім мазмұнын жаңарту, оны игеру мәселесі ерекше орын алады. Білім мен ғылымның Қазақстан дамуына әсер етуі үшін дүниежүзілік білім кеңістігіне ену, білім беріді одан әрі жетілдіру, оқыту жүйесін заман талабына сай үйлестіре алу міндеті туындап, білім беру жүйесіне жаңа талаптар қойылуда. «Мұғалім әрдайым ізденісте болса ғана шәкірт жанына нұр құя алады» деп Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, мұғалімнің ізденісі, жан-жақтылығы, жаңашылдығы үнемі басты назарда болары анық. Сол себепті де қазіргі таңда қазақ тілі мен әдебиеті пәндерін жүргізуде көптеген жаңа технологиялар, соған сәйкес жаңа әдіс-тәсілдерді тиімді пайдаланамын. «Сабақ беру – үнемі жаңадан жаңаны табатын өнер» деп Ж.Аймауытов айтқандай, оқушы бойындағы шығармашылық қабілетті дамыта білу – мұғалімнің міндеті. Ізденгіш мұғалім өз оқушыларын да ізденуге баулиды. Қазіргі кезде сабақтар жаңа тәсілдер, оның ішінде, жеке, жұптық, топтық жұмыс, сұрақ-жауап, ойын түрлері арқылы өткізіледі.

Күтілетін нәтижелер:

- Топта жұмыс жасауда оқыту дағдыларын жан-жақты дамыта отырып, оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы, ынтасы, белсенділігі артады;
- Оқушылар сабақта сын тұрғысынан ойлауға дағдыланады, өтілген материалдарды өмірмен байланыстыра алады;
- Жаңа әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалану арқылы білім сапасын жоғарылатады.

Мен қызмет атқаратын Ж.Досмұхамбетов атындағы дарынды балаларға арналған облыстық интернаттық мекемесі бар лицейде жоғары қабілетті, дарынды, ойлауы озық оқушылар оқитындықтан, оқыту барысында олардың қажеттіліктерін ескеруім керек.

Талантты және дарынды балаларды оқытуда мынадай қағидаларды есте ұстаған жөн:

- Баланың бойындағы қызығушылығын дамыта отырып, оның үнемі алға жылжуға деген талап-тілектерін, қажеттіліктерін ұғыну, шығармашылық әлеуетін жетілдіру;
- Білімді өз бетінше ізденіс негізінде меңгеруге қолайлы жағдай жасау;
- Өзін-өзі дамытатын жеке тұлға қалыптастыру.

Эйр (2001) дарынды және талантты балаларға құрдастарының тапсырмаларынан өзгеше, анағұрлым «күрделі», «ынталандыратын» тапсырмалар қажет деген пікір білдірген. [2.54]Дарынды оқушыларды оқытуда тиімді оқытудың 8 тәсілін басшылыққа аламын.

1-сызба.Тиімді оқыту.



Дарынды балалармен жұмыс жүргізуде олардың білімінің беріктігі мен тереңдігі, қосымша білім көздерін пайдалануы, сөйлеу мәдениеті, пайымдауларының дәлелділігі мен дәйектілігі, зеректігі мен тапқырлығы – баса назар аударуды қажет ететін дүниелер.

Сапалы оқыту білім алуға мүмкіндік беретін нақты жағдайларды жасаумен қатар, сол жағдайлардың өзімен тығыз байланыста болады. Құзырлы мұғалім оқушыларға, ортаға және ресурстарға лайықтап нақты кезеңде қолданылуы тиімді оқыту элементтерін «реттеп» отырады. Сапалы оқыту оқушылардың, қоршаған орта жағдайы және оқыту, білім алу мүмкіндіктерінің бірлігі ретінде қарастырылады.

Жалпы білім беретін мектептерде «Қазақ тілі» пәнін оқытудың мақсаты – ана тілін қадірлейтін, қоғамдық мәнін түсінетін тұлға қалыптастыру, сондай-ақ қазақ әдеби тілі нормаларын сақтап, дұрыс қолдана білуге, еркін сөйлесуге және сауатты жазуға үйрету. «Қазақ тілі» пәні бірқатар маңызды мақсаттарды жүзеге асырады:

1) қазақ тілін ана тілі ретінде тани отырып, өмірлік қажеттіліктерінде коммуникативтік дағдыларды (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым) сауатты қолдану дағдыларын қалыптастырады;

2) оқушылардың қазақ тілін күнделікті өзі еркін қолданып жүрген қарым-қатынас құралынан енді оны құбылыс ретіндегі заңдылықтар негізінде танып-білу дағдыларын қалыптастырады;

3) қазақ тілі жүйесінің құрылымын, тілдік бірліктерді және олардың табиғатын танып-біледі;

4) тілдік бірліктердің қарым-қатынас құралы, ойды жеткізу, танымдық құрал, ақпаратты сақтау құралы ретіндегі қасиеттерін функционалдық-коммуникативтік бағдарда танып-біледі, соған лайықты машықтар мен дағдыларды қалыптастырады.[2.11].

Қазіргі уақытта еліміздің даму болашағын айқындайтын факторлардың бірі ретінде білім беру ісіне басымдық беріліп, оқыту үрдісі мемлекеттік деңгейде қарастырылуда. Егеменді еліміздің ертеңі жарқын болуының шарты – тілге құрмет көрсету. Тылсым табиғаттың

адам баласына сыйлаған ең бір бағалы да құнды байлығы – тіл. Қасиетті қазақ тілі –өзінің мемлекеттік мәртебесін абыроймен атқарып, міндет жүгін қиналмай көтере алатын аса бай, оралымды, сұлу тіл. Қазақ тілі пәнінің негізгі міндеттері – тілдің грамматикалық құрылысы, жүйесі туралы терең білімді, ойды берудің барлық мүмкіншілігімен қаруланған, әдеби тілдің нормаларын игерген, өз ойын ауызша да, жазбаша да дұрыс жеткізе алатын, тіл мәдениеті жоғары, танымдық қабілеті, шығармашылық белсенділігі, өз бетімен жұмыс істеу, білімін толықтыру дағдысы қалыптасқан, іскер де сауатты адам тәрбиелеу.

Сабақтың тартымды да қызықты болып өтуі мұғалімнің біліктілігіне, шеберлігіне тікелей қатысты. Ол үшін мұғалімнің бойында Шульманның «мұғалімнің үш көмекшісі» деп атаған қасиеттері болуы қажет. Нәтижеге бағытталған бүгінгі заман талабы қажеттіліктің қайнар көзі болса, нәтижеге жету жолында іздену – әрбір мұғалімнің міндеті.

Әр шәкіртті бәсекеге қабілетті, өмірде өзін-өзі дамытуға бейім, үздіксіз білім жүйесінде Қазақстан азаматы тәрбиелеуіміз үшін оқушының ықыласын оятып, өзінің ғана емес, өзгенің де дамуына үлес қосатындай деңгейге жеткізуге тиіспіз. «Жақсы әдіс жақсы іске бастайды» деген ұстаныммен үнемі біліктілігімді арттырып, білімімді толықтырып, тәжірибемді жетілдірудемін. Ең басты мақсатым – мінсіз мұғалімнің болмыс-бітімін тану, атқаратын қызметін терең меңгеру және қазіргі білім берудегі Кембридж бағдарламасына негізделген деңгейлік оқытудың өзіндік ерекшелігін ұғыну.

Ұлы ғұлама Әл-Фарабидің «Адам белгілі бір мақсатқа қол жеткізу үшін үнемі өзін жетілдіріп отыруы керек» деген сөзін ұстаздық еңбек жолымда басты ұстаным ретінде санаймын.

Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы бүгінгі басты міндеттерінің бірі – жастарға терең білім беру. Ал, оның негізі жалпы білім беретін мектептердің оқыту үрдісін жақсартуға білім саласына жаңа технологияларды енгізу болып табылады. Оқу – тәрбие үрдісіне жаңа инновациялық әдіс тәсілдерді енгізу оқушылардың білімге деген қызығушылығын, талпынысын арттырып өз бетімен ізденуге шығармашылық еңбек етуге жол салады. Пәндерді оқытуда тиімді әдіс – тәсілдерді пайдалана отырып, сабақты қызғылықты да тартымды өткізу мұғалімнің шеберлігіне байланысты.

Оқыту процесіндегі жаңашылдық – білім берудің тиімді жолын іздестіру бағытындағы игі әрекеттер. Қазіргі сабақтар әдістемесінде жаңалық бар. Сабақтың табысты өтуі тақырыптың қозғайтын мәселесіне сай әдіс-тәсілдерді таңдай білуде. Мен сіздермен қазақ тілінің синтаксис саласында қамтылатын сөйлем мүшелерін оқытуда жаңа әдіс-тәсілдерді қолданудың тиімділігін өз тәжірибем бойынша бөліскім келеді.

«Балалар ХХІ ғасырда табысты болу үшін нені үйренуі керек?» және «Оқытудың тиімді әдістері қандай?» деген сауалдарға жауап іздеп көрелік. Әрине, оқушылардың өздері игерген білімді әркез өмірмен байланыстыра алуы маңызды. Олар күн сайын БАҚ және түрлі технологиялар арқылы орасан зор ақпаратпен танысатындықтан, тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдылары оқушыларды барған сайын артып келе жатқан жаһандану жағдайындағы қоғамда қарым-қатынас жасауға дайындайды.[1.7].

Жаңа бағыттағы сабақтарда оқушыларға өздігінен ізденуге, бір-бірінің пікірін тыңдап, бақылауға, қорытынды жасауға, интерпретациялауға, дәлелдеуге, сыни тұрғыдан ойлауға мүмкіндік берілді. Оқытудағы сындарлы тәсіл оқушының өз болжамдарына сын тұрғысынан қарай отырып, сол арқылы түсінігін тереңдетеді.

Ең алдымен, сөйлем мүшелерінің табиғатына шолу жасайық. Сөйлем мүшелері – құрылымдық-семантикалық жағынан сөйлемнің дербес бөлшектерін құрайтын толық мағыналы сөздер мен сөз тіркестері [3.366]

Сөйлем мүшелерінің тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелер және үйірлі мүшелер болып бөлінеді. Үйірлі мүше жөніндегі мәселелер – синтаксис мәселелері ішіндегі өз алдына жеке сөз етуге тұрарлық, көлемді, ерекше маңызы бар мәселелердің бірі. Үйірлі мүше терминінің мағынасы «топтанған, жинақталған» мүше дегенді білдіреді. Яғни, белгілі қызмет атқару үшін бірнеше сөз қатар тұрып, бір синтаксистік функцияда жұмсалады. Үйірлі мүше дегеніміз – кемінде екі не одан да көп сөзден құралып, бастауыштық-баяндауыштық қатынастан тұратын, бір сөйлем мүшесінің қызметін атқаратын сөздер тобы. Үйірлі мүшенің жан-жақты зерттеліп, бір ізге түсуіне орасан зор үлес қосқан С.Жиенбаев, Н.Т.Сауранбаев, С.А.Аманжолов, Т.Қордабаев, М.Б.Балақаев, Т.С.Сайранбаев, т.б. шоқтығы биік ғалымдардың толайым табыстары, ғылыми еңбектері баршылық. Тіл өзінің ілгері даму жолында сөздік қоры байиды, шындалады, грамматикалық құрылысы жақсарып, құнарланады десек, онда осы сапаны үйірлі мүшенің айналасынан іздеуге болады.

Үйірлі мүшелер әдеби тіліміздің саласы және де сапалы, орамды да орнықты нәтижесі деуге болады.

Бастауыш – тұрлаулы мүшенің бірі. Бастауыш баяндауышты өзіне бағындыра отырып, сөйлемнің негізін құрайды, оқиға желісіне ұйытқы болады. Баяндауыш - тұрлаулы мүшенің бірі. Ол сөйлемдегі бастауышқа бағына жұмсалып, оның іс-әрекетін, қимылын, әртүрлі дәрежедегі заттық және сапалық қасиеттерін білдіріп тұрады. Анықтауыш – зат есімнен немесе зат есім орнына жүретін өзге сөздерден болған мүшелерді әр қырынан айқындайтын тұрлаусыз мүше. Анықтауыш өзі айқындайтын сөзбен бір мезгілде айтылып, жымдаса байланысып жатқанда ғана айқындалады. Анықтауыштардың барлық түрлері де адам баласында толғау қабілеті пайда болғанда, нағыз логикалық ойлау басталғанда кәдімгі объектілердің, заттардың қарама-қарсы есебінде пайда болды.[4.497] Толықтауыш сөйлемдегі объектіні заттық мағына жағынан толықтырып тұрса, пысықтауыш іс-әрекеттің мекенін, мезгілін, қимыл-сынын, мөлшерін, себебін білдіреді.

Тыңдалым дағдысын дамытуға арналған сабақты өткізудің негізгі мақсаттарының бірі оқушыларды тиімді тыңдауға үйрету, яғни ақпаратты түсіну үшін онымен не істеу керек екенін үйрету болып табылады (Mendelsohn, 1994)[1.28]. Әдіс — көздеген мақсатқа жетудің тәсілі, тәртіпке келтірген қызмет жүйесі.

Тыңдалым дағдысын дамыту үшін сөйлем мүшелерін оқытуда төмендегідей әдіс-тәсілдерді тиімді қолдануға болады:

1. Stop-кадр. Stop-кадр — видеофильмнің бір сәтімен (кадр) жұмыс. Кадрды экранда тоқтатып қойып, сұрақтар қою арқылы оқушыларды диалогқа тартуға болады. Сыныпта жұптық жұмыс ұйымдастыруға да болады: оқушылардың біреуіне кадрды көрсетіп, екіншісіне осы көріністі сөйлем мүшелерін пайдаланып, толықтай сипаттап беруін тапсыруға болады. Бекта (2003) сыныпта АКТ-ны жоғары деңгейде пайдалануға байланысты оқудың бірталай жақсарғандығын байқаған. [2.110]. Оқушылардың күнделікті өмірде АКТ-ны қолдану мүмкіндіктері негізінен тиісті саладағы тиімді оқыту мен оқуға байланысты.[2.114]. Бейнематериал арқылы алынған ақпарат, әуен, т.б. оқушының танымын дамытады, эмоциясына әсер етеді, есте сақтау қабілетін арттырады.

2. Еркін жазба. Тыңдаған әуенге жауап ретінде бес минут ішінде еркін түрде шығарма жазыңыз. Еркін жазбаны бір рет те тоқтамастан, қандай да бір түзету енгізбестен жазу қажет. Жазбаны жазуда пысықтауыш түрлерін ғана пайдаланады.

3.Көршіңе әңгімелеп бер.Бұл әдіс жұптық жұмыс ретінде жүзеге асады. Оқушы өз ойын көршісіне айтып береді және көршісінің де ойын тыңдайды, сөйтіп белгілі бір қорытынды шығарады.

4.Серпілген сауал.Мұғалім тақырыптың түсіну деңгейін арттыруға және талқылау дағдыларын дамытуға қол жеткізу үшін сыныптағы оқушылардың арасында сұрақ қойып, доп лақтырады.



1-сурет. «Серпілген сауал»



2-сурет. Кезбе тілші



3-сурет. Кері байланыс

5.Шындық па, жалған ба?Мұғалімнің айтқан мәліметінің шындық не жалған екендігін айту.

6.Ыстық орындық.Ортаға орындық қояды да, оқушы сол орындыққа отырып мұғалімнің немесе оқушылардың сөйлем мүшелеріне байланысты қойған сұрақтарына жауап береді.

7.Сұрақты ұстап ал.Мұғалім оқушыларға доп лақтыра отырып, сұрақ қояды, бұл оқушыларды өз еркімен жауап беруге итермелейді, оқушылар өздері сұрақтың жауабын білмеген жағдайда келесі оқушыға допты лақтырады.

8.Сөйлемдерді толықтыру.Оқушы сөйлем мүшелерінің түрлері жайында өзі білетін мәліметтерді айтқанда, сыныптастары бірқатар сұрақтар қояды.

Айтылым дағдысын дамытуға байланысты Левелт (1989) төрт үдерісті ұсынады: тұжырымдау (мәтінді жоспарлау), қалыптастыру (мәтін құру), артикуляция (мәтінді айту) және өзін-өзі бақылау (қателерді тауып, өз бетінше түзету). Оқушыны сөйлетудің алуан түрлі мақсаттары бар, айталық, қатысу (араласу) үшін сөйлеу, түсіндіру үшін сөйлеу, өз білімін байқату үшін сөйлеу, бағамдау үшін сөйлеу. Әр мақсат барлық төрт үдерістің болуын көздейді, алайда әрбір кезеңге жұмсалған уақыт ерекшеленетін болады.

1.«Бұрыштар» тәсілі. Мұғалім оқушыларға сөйлем мүшелеріне қатысты сұрақ ұсынады және мүмкін төрт жауабын сыныптың төрт бұрышына орналастырады. Оқушылар өзіне дұрыс деген жауаптың қасына барып тұрады, таңдаған жауаптарын топтық жұмыста тұжырымдайды және өздерінің көзқарастарын дәлелдейді.

2. «Ойлан-жұптас-бөліс». Берілген тапсырма (сұрақ) бойынша әрбір оқушы жеке жұмыс жасау арқылы өз ойын қорытып, жұп болып пікірлерімен бөліседі; бұл бүкіл топтық талқылауға ұласады. Мәселен, 3 топта жүргізілетін жұмыста тұрлаулы мүшелер, тұрлаусыз мүшелер, үйірлі мүшелер туралы теориялық материалдарды топта талқылайды.

3.Кезбе тілші.Телестудиядағы диктор жиынтық ақпарат береді. Тілші оқиға орнынан ақпарат ұсынады. Мысалы, үйірлі мүшелер және оның түрлері жайлы ақпарат ұсынуға болады.

4.10 сұрақ. Бұл әдіс арқылы әр топтан 1 оқушы шығып, басына сурет жабыстырылған бас киім киеді де, топтағы оқушыларға сұрақ қою арқылы суреттің не екенін біледі, ал топ мүшелері «иә» немесе «жоқ» деп жауап береді. Суретте бейнеленген затты анықтауыш

түрлерімен сипаттайды. Ойлау, пайымдау, ой қорыту, ойын жинақтау қабілетін нақты көрсетті. Бұл әдістің мақсаты – дарынды балалардың әлеуетін жан-жақты дамыту. Дарынды және талантты оқушылар біртекті топ емес, олардың әрқайсысы ерекше қасиетке ие екенін есте ұстау керек.[1.51].

5. Дананың кілттері. (Тони Райан)

«Керісінше» кілті: сөйлемде «істей алмаймын», «ешқашан», «істемеймін» сөздерін пайдалануды көздейтін тапсырма.

«Егер де» кілті: «егер де» деген сұрақтар қоятын тапсырма.

«Әліпби» кілті: берілген тақырыпқа қатысы бар сөздердің тізімін А-дан Я-ға дейін әліпби ретімен тізбектейтін тапсырма.

«Жаңа дизайн» кілті: күнделікті заттарға жаңа дизайн беру үшін қажетті тапсырма.

«Конструктор» кілті: материалдарды креативтілікпен пайдалануды талап ететін мәселе-лерді шешу жөніндегі тапсырма.

«Кемшіліктер» кілті: нақты бір пән бойынша кемшіліктер тізімін жазатын тапсырма.

«Тағы қалай?» кілті: күнделікті қолданылатын заттарды әртүрлі жағдайда пайдалану тізімін жазатын тапсырма.

«Қиыстыру» кілті: үйлеспейтін екі объектінің қасиеттерін санамалап, одан кейін жаңа және жақсарған өнім жасау үшін қажетті тапсырма.

«Жөнсіздік» кілті: орындауға болмайтын жөнсіз пікірлер айтып, оны дәлелдеуге байланысты тапсырма.

6. Ақылдың 6 қалпағы (Эдвард де Боно)

Әртүрлі шешімдердің ішінен ойды бір мәселе төңірегінде шоғырландыруға мүмкіндік беретін қатарласып ойлау үдерісі.

Ақ қалпақ: белгілі немесе қажетті ақпаратқа назараудару үшін пайдалану.

Қара қалпақ: неліктен кейбір тетіктер дұрыс істемейтінін бағалау.

Сары қалпақ: идеяның жағымды жақтары зерделеу.

Қызыл қалпақ: сезімді, болжамды және ішкі түйсікті білдіру.

Жасыл қалпақ: креативтілікке, мүмкіндіктерге жаңа идеяларға бағытталу.

Көк қалпақ: ойлау үдерісін басқару.

7. Блум таксономиясы. (Бенджамин Блум)

Білу: Білетін мағлұматтарын айтады.

Түсіну: Ол мағлұматтарды қалай түсінетінін жеткізеді.

Талдау: Материалды жан-жақты талдайды.

Қолдану: Теорияны практикада қолданады.

Жинақтау: Барлық ойын қорытып, бекітеді.

Бағалау: Бағаланады.

8.ТВ –шоу. 2 топ белгілі бір тақырыпқа бөлек постер дайындайды, содан соң мұғалім екі постерді бір-біріне ауыстырып береді. 2 топтан бір-бірден сұхбат алушы шығады, алдымен I топтағы сұхбат алушы сұрақтарын топ мүшеле-ріне қояды, содан соң II топ сұрақ-жауап жүргізеді.

9. ПОПС формуласы.

Менің ойымша,.....

Себебі,.....

Оны мен мынадай фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын.....

Түйінді идея.....

10.Шеңбер. Оқушылар постерлерін кезекпен ішкі және сыртқы шеңберде талқылайды.

Оқылым дағдыларын дамытуға байланысты бірнеше әдіс-тәсілдер бар:

1.INSERT стратегиясы. Оқылым мәтініндегі негізгі және қосымша ақпараттарды саралай отырып, бұрыннан білемін, менің ойлағаныма қайшы-кереғар, мен үшін жаңа ақпарат, келісе алмаймын, білгім келеді деген саралауларды жасайды.

2.Ментальды карта.Оқыған мәтін бойынша негізгі тірек сөз бойынша оқушы өзінің ассоциациясын жеткізеді.

3.Сурет арқылы ойландыру. Флипчартқа сурет жабыстырылады, әр топ мүшелері сол суретке қарап сыни тұрғыдан ойлана отырып, өздері тарапынан сөйлем мүшелеріне қатысты сұрақ жазады.

Жазылым дағдыларын дамытуға байланысты бірнеше әдіс-тәсілдер бар:

1.Блокбастер – телевизиялық ойынның нұсқасы, онда оқушылар немесе оқушылардан құралған топтар анықтамасы берілген пәнге қатысты терминдердің бастапқы әріптерден тұратын құрылым құрудан жарысады.

2.Мюнстенберг әдістемесі де ұтымды қолданылды. Мұнда ретсіз берілген әріптер арасынан мағынасы бар сөйлем мүшелерін іріктеп жазды. Сол арқылы жылдамдықтарын, алғырлықтарын танытты.

3.Графикалық диктант. Графикалық сызбаны пайдаланып, сөйлем мүшелері бойынша диктант жазады.

4.Жадыны дамыту.Тақтадан әртүрлі суреттерді көрсетеді де, 2 минуттан кейін жауып тастайды, сосын дәптерге анықтауыш, толықтауыш, пысықта-уыш жазуды ұсынады.

5.Конверт.Сабақ соңында оқушылар өзін толғандырған сұрақтарды конверт-ке салып қалдырады.

Бұдан шығатын қорытынды – мұғалімдердің шығармашылықпен жұмыс жасай алуы, кәсіби тұрғыдан даму жолында екендігі. Шығармашылық – өзінің жаңашылдығымен, өзгешелігімен ерекшеленетін, өнім алуға мүмкіндік жасайтын, жеке тұлға бойындағы қабілеттіліктің, білім мен біліктіліктің болуы. Алдағы уақытта өз тәжірибемде осы тектес әдістерді тиімді пайдаланамын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Мұғалімге арналған нұсқаулық.ІІ деңгей. «Назарбаев Зияткерлік мектептері»ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы,2012

2.Мұғалімге арналған нұсқаулық.ІІ деңгей. «Назарбаев Зияткерлік мектептері»ДББҰ,2016

3.Қазақ тілі (энциклопедия) Алматы, ІДК-ТІРО,1998ж

4.Ш.Ш.Сарыбаев және қазақ тіл білімі мәселелері Алматы, Дайк-Пресс, 2005ж.

КҮРДЕЛІ ӘДЕБИ МӘТІНДЕРДІ ТҮСІНДІРУ: ӘДІСТЕМЕЛІК ТӘСІЛДЕР МЕН МӘДЕНИАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАР

К.А.Шалабаева

Қ. Дүтбаева атындағы Атырау
гуманитарлық колледжі

Күрделі әдеби мәтіндерді терең түсіндіру қазіргі білім беру жүйесінде ерекше орын алады, себебі бұл студенттердің сыни ойлау қабілетін дамытудың, олардың шығармашылық әлеуетін арттырудың, әрі мәдени және тілдік санасын кеңейтудің тиімді жолы. Әдебиет – бұл тек оқиғаларды баяндау емес, ол адамның ішкі жан-дүниесін, қоғамдағы философиялық ойларды, мәдени құндылықтарды, сондай-ақ тілдің шексіз мүмкіндіктерін қамтитын күрделі өнер түрі. Осы тұрғыдан алғанда, әдеби мәтіндердің философиялық, мәдени және тілдік ерекшеліктерін студенттерге терең әрі жан-жақты түсіндіру – білім беру үдерісінің негізгі міндеттерінің бірі. Әдебиеттегі философиялық ойлар мен тақырыптар қоғамның рухани және әлеуметтік жағдайларын түсінуге жол ашады. Студенттерге күрделі шығармаларды оқыту арқылы біз оларды тек мәтінді оқып қана қоймай, сонымен қатар, адамның өмірге, қоғамға, әділеттілікке, еркіндікке деген көзқарасын түсінуге жетелейміз. Мысалы, Абайдың шығармаларында көтерілетін адамгершілік, әділеттілік сияқты тақырыптарды түсіндіру – жастардың ой-өрісін кеңейтудің маңызды құралы. Әдебиет әрқашан белгілі бір мәдениет пен дәстүрдің айнасы болып табылады. Әдеби шығармаларды оқыту арқылы студенттер әртүрлі халықтардың дүниетанымымен, ұлттық құндылықтарымен танысып, олардың өзіндік ерекшеліктерін түсінеді. Бұл олардың мәдениетаралық қарым-қатынас қабілеттерін дамытады. Әсіресе, жаһандану заманында әр түрлі мәдениеттердің бір-бірімен тоғысуы жастардың мәдени толеранттығын қалыптастыруда үлкен рөл атқарады.

Әдеби мәтіндерді талдау арқылы студенттер тілдің байлығын, көркемдік құралдарының мүмкіндіктерін, стилистикалық ерекшеліктерін терең түсінеді. Күрделі мәтіндерді түсіндіруде оқытушының міндеті – тілдің тек ақпарат жеткізуші құрал емес, сонымен бірге адам эмоцияларын, ойларын, көзқарастарын жеткізудің ерекше құралы екенін көрсету. Әдеби тілдің көркемдік күшін түсіну арқылы студенттер өз ойын сауатты әрі көркем жеткізуге үйренеді. Осылайша, күрделі әдеби мәтіндерді терең түсіндіру – студенттердің ойлау қабілетін дамытып қана қоймай, олардың жан-жақты тұлға болып қалыптасуына, түрлі мәдениеттер мен философиялық бағыттарды түсінуіне, тілдік құзыреттілігін арттыруға жағдай жасайтын маңызды педагогикалық мақсат болып табылады.

Мақсат: Күрделі әдеби мәтіндерді талдау кезінде қолданылатын әдістерді жүйелі түрде зерттеу арқылы студенттердің мәтінді терең түсінуіне, мазмұнды жан-жақты ашуына, сондай-ақ оның мәдени және философиялық астарын ұғынуына мүмкіндік беру. Мәтінді құрылымдық тұрғыдан талдау: Студенттерге күрделі мәтіннің мазмұнын, оқиғалар желісін, кейіпкерлердің мінез-құлқын, автордың ойын және стилистикалық ерекшеліктерін қалай түсіндіруге болатынын көрсету.

Философиялық ойларды жеткізу: Әдеби шығармалардағы терең философиялық мәселелерді қарастыру және оларды студенттерге түсінікті түрде жеткізу әдістерін үйрету. Мәдениаралық байланыстарды көрсету: Әдебиет арқылы түрлі мәдениеттердің өзара байланысын түсіндіру. Әр мәтіннің белгілі бір мәдени ортадағы мәні мен мағынасын ашып, студенттердің мәдени танымын арттыруға бағытталған тәсілдерді қолдану.

Тілдік ерекшеліктерді талдау: Авторлық тілдің көркемдік құралдарын түсіндіру, метафора, символика және стилистикалық әдістерді талдау арқылы студенттердің тілдік сезімін дамыту.

Оқытудың пәнаралық тәсілдерін енгізу: Әдеби мәтіндерді түсіндіруде әдебиет пен тарихты, философия мен тіл білімін байланыстыратын кешенді әдістерді қолдану арқылы оқу үдерісін тиімді ету.

Күрделі әдеби мәтіндердің ерекшеліктері. Философиялық мән-мағына

Әдеби шығармаларды оқыту барысында олардың философиялық астарын ашу – оқытушының маңызды міндеттерінің бірі. Әрбір әдеби шығарма белгілі бір идеялар мен құндылықтарды жеткізудің құралы болып табылады, ал философиялық ойлар сол шығарма арқылы қоғамның, адамның, табиғаттың және өмірдің терең мағыналарын көрсетеді. Шығармада автордың дүниетанымы мен ұстанымдары көркемдік тәсілдер арқылы беріледі, және оны түсіндіру – студенттердің дүниетанымын кеңейтуге бағытталған маңызды қадам. Автордың дүниетанымы. Әдеби шығармаларда автордың өмірге деген көзқарасы, оның әлемді түсінуі, адамгершілік, әділеттілік, еркіндік сияқты мәселелерге деген ұстанымы анық байқалады. Оқытушы студенттерге шығармада автордың қандай философиялық идеяларды жеткізгісі келгенін түсінуге көмектеседі. Мысалы, Абай Құнанбайұлының өлеңдері мен қара сөздерінде адамгершілік, имандылық және қоғамдағы әділетсіздік тақырыптары жиі көтеріледі. Бұл жерде Абайдың философиялық ұстанымы – адамды рухани жетілдіру, оның білімге, адалдыққа ұмтылуы қажеттігі. Оқытушы осы идеяларды студенттерге ашып көрсетіп, оның қазіргі қоғам үшін маңыздылығын түсіндіреді. Ойлар мен ұстанымдар. Әр шығармада автордың нақты бір өмірлік мәселелерге деген өз ұстанымы болады. Бұл – кейіпкерлердің сөздерінен, іс-әрекеттерінен, оқиғалар желісінен көрініс табады. Мысалы, Лев Толстойдың «Соғыс және бейбітшілік» романында бейбітшілік пен адамгершілік тақырыбы философиялық тұрғыдан терең талданады. Оқытушы шығармадағы осындай философиялық тұжырымдарды талқылай отырып, студенттерге бейбітшілік пен әділеттілік ұғымдарының маңызын түсіндіруі керек. Кейбір әдеби шығармалар тек жеке тұлғаның өмірін ғана емес, қоғамдағы кеңірек мәселелерді де көтереді. Мұндай шығармалар арқылы оқытушы студенттерге қоғамдық философияны түсіндіре алады. Мысалы, Ғабит Мүсіреповтің шығармаларында қазақ қоғамының тарихи кезеңдердегі әлеуметтік мәселелері мен адамның қоғамдағы орны терең философиялық тұрғыдан суреттелген. Бұл шығармаларды талдай отырып, оқытушы студенттерге адамның қоғамдағы рөлі, оның өміріндегі философиялық мән-мағынаны түсіндіре алады. Осылайша, әдеби шығармалардағы философиялық ойларды ашу – студенттердің өмірге деген көзқарасын қалыптастыруда, олардың дүниетанымын кеңейту мен тереңдетуде маңызды рөл атқарады. Оқытушы бұл үдерісті басқару арқылы студенттерге философиялық мәселелердің мәнін ұғынуға көмектеседі. Мәдени және тарихи контекст тұрғысынан қарайтын болсақ, әдеби шығармаларды оқыту барысында олардың жазылған кезеңнің мәдени-тарихи ерекшеліктерін түсіндіру – маңызды педагогикалық міндеттердің бірі. Әр шығарма белгілі бір дәуірдің, халықтың мәдениетін, тарихын және әлеуметтік жағдайларын көрсетеді. Осы мәдени және тарихи контекстті түсіну арқылы студенттер шығарманың мазмұнын тереңірек ұғынып, оның негізгі идеялары мен кейіпкерлерінің іс-әрекеттерін толық түсінеді. Тарихи контекстке келетін болсақ, әдеби шығарманың жазылған дәуіріндегі тарихи жағдайларды түсіндіру де маңызды. Әр шығарма өз дәуіріндегі тарихи оқиғаларды, қоғамдағы өзгерістерді көрсетеді. Мысалы, Бейімбет Майлиннің шығармаларында Кеңес дәуіріндегі әлеуметтік өзгерістер, ауыл өмірі, сол кездегі таптық күрес сияқты мәселелер қамтылады. Бұл шығармаларды талдай отырып, оқытушы студенттерге сол

кезеңнің тарихи ерекшеліктерін түсіндіре алады. Мәдениетаралық байланыстардың маңыздылығын да естен шығаруға болмайды. Әдебиет – әртүрлі халықтардың мәдениеті мен рухани өмірін түсінудің маңызды құралы. Әлем әдебиетін оқыту барысында әртүрлі мәдениеттердің өзара байланысын түсіндіру студенттердің дүниетанымын кеңейтуге көмектеседі. Мысалы, Шекспирдің шығармаларын оқып, студенттер ағылшын мәдениеті мен оның тарихын білуімен қатар, ондағы мәселелердің адамзаттық құндылықтармен қалай ұштасатынын түсінеді. Оқытушы мәдениетаралық байланыстарды көрсетіп, әр түрлі халықтардың әдебиеті мен мәдениетінің бір-біріне қалай ықпал еткенін түсіндіре алады. Бұл студенттердің басқа мәдениеттерге деген құрметі мен толеранттылығын қалыптастыруға септігін тигізеді. Мәдени және тарихи контекстті түсінудің маңыздылығы да бар. Мәтінді оқыту барысында оның жазылған кезеңдегі тарихи және мәдени жағдайларды түсінбей, шығарманың толық мәнін ашу қиын. Оқытушы студенттерге сол кезеңнің саяси, әлеуметтік және мәдени жағдайларын түсіндіре отырып, кейіпкерлердің мінез-құлқын, олардың іс-әрекеттерін және шығармада көтерілген мәселелерді тереңірек түсінуге көмектеседі. Осылайша, әдеби шығармаларды талдау барысында оның мәдени және тарихи контекстін түсіндіру студенттердің мәтінді дұрыс қабылдауына, шығарманың мәнін терең түсінуіне, сондай-ақ әртүрлі мәдениеттер арасындағы байланысты ұғынуына ықпал етеді. Күрделі мәтіндерді түсіндіру әдістеріне тоқталатын болсам

Мәтіндік талдау әдісі мәтіндік талдау әдісі әдеби шығарманы терең түсіну үшін қолданылатын негізгі әдістемелік тәсілдердің бірі болып табылады. Бұл әдіс студенттерге шығарманың мазмұнын, кейіпкерлердің мінез-құлқын, тілдік және көркемдік ерекшеліктерін толық ұғынуға мүмкіндік береді. Әдеби мәтіннің құрылымын, символикасын, метафораларын, автордың ойын талдау – шығарманың тереңдігін ашуға көмектеседі.

Мәтіндік талдаудың кезеңдері:

1. Мазмұнды түсіну: Алдымен, студенттерге шығарманың негізгі оқиғаларын, оның басталуы, өрбуі және аяқталуы сияқты негізгі элементтерін түсіндіріп, жалпы мазмұнын қарастыру қажет. Бұл кезеңде оқытушы шығарманың жалпы идеясын жеткізіп, оның негізгі оқиғаларын талдап шығады.

2. Символдар мен метафораларды талдау: Әдеби шығармаларда қолданылатын символдар мен метафоралар шығарманың терең мазмұнын түсінуге көмектеседі. Мысалы, Абайдың өлеңдерінде «жол», «қыс», «жаз» сияқты символдар жиі кездеседі. Оқытушы осы символдардың мәнін түсіндіріп, олардың шығарманың идеялық мазмұнымен қалай байланысты екенін көрсетуі керек.

3. Кейіпкерлердің психологиялық жағдайы: Кейіпкерлердің ішкі жан дүниесін, олардың психологиялық ерекшеліктерін талдау – мәтіндік талдаудың маңызды бөлігі. Оқытушы студенттерге кейіпкерлердің мінез-құлқын, олардың іс-әрекеттерінің себебін, ішкі сезімдерін түсіндіреді. Бұл арқылы студенттер кейіпкерлердің эмоционалдық және психологиялық өзгерістерін жақсы түсінеді.

4. Пәнаралық оқыту тәсілдері Әдебиетті басқа пәндермен байланыстыра оқыту – студенттердің шығарманы тереңірек түсінуіне және оның мәдени, философиялық, тарихи мәнін ашуға мүмкіндік береді. Әдебиет көбінесе философиямен, тарихпен, мәдениеттанумен тығыз байланысты.

Пәнаралық байланыс арқылы жасалған жұмыс

1. Философиямен байланысы: Әдебиеттегі философиялық ойларды түсіндіру үшін философия пәнімен байланыс орнатуға болады. Мысалы, Достоевскийдің «Қылмыс пен жаза»

романын оқыту барысында оқытушы экзистенциализм философиясымен байланыстырып, Раскольниковтың ойлары мен іс-әрекеттерін философиялық тұрғыдан талдай алады.

2. Тарихпен байланысы: Әдебиетте суреттелетін тарихи оқиғалар мен кезеңдерді тереңірек түсіну үшін тарих пәнін қолдануға болады. Мысалы, Илияс Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясын оқыту барысында оқытушы сол дәуірдің тарихи оқиғаларын, қазақ хандығының құрылу кезеңдерін түсіндіріп, шығарманың тарихи негізін ашады.

3. Мәдениеттанумен байланысы: Әлем әдебиетінің шығармаларын оқу барысында оқытушы әр түрлі мәдениеттердің ерекшеліктерін көрсету үшін мәдениеттану пәнін қолдана алады. Бұл студенттерге әдебиет пен мәдениет арасындағы тығыз байланысты түсінуге мүмкіндік береді.

Дискуссиялық әдістер

Дискуссиялық әдіс – студенттерді белсенді ойлауға, пікір алмасуға және шығарманы түрлі қырынан қарауға мүмкіндік беретін маңызды оқыту тәсілі. Бұл әдіс әсіресе күрделі әдеби шығармаларды талдау кезінде тиімді.

Дискуссиялық әдістің ерекшеліктері:

1. Диалог пен пікірталас: Оқытушы студенттерді диалогқа тартып, олардың шығарманың мағынасы мен кейіпкерлерінің іс-әрекеттеріне қатысты өз пікірлерін айтуға шақырады. Мысалы, кейіпкердің белгілі бір жағдайда қабылдаған шешімін студенттер өзара талқылай алады.

2. Күрделі мәселелерді талқылау: Шығармадағы философиялық, әлеуметтік немесе мәдени мәселелерді дискуссияға шығару арқылы студенттер мәтіннің көпқырлығын түсінеді. Мысалы, Шыңғыс Айтматовтың «Ғасырдан да ұзақ күн» шығармасындағы адам мен қоғам, дәстүр мен жаңашылдық мәселелерін талқылау.

3. Пікір алмасу: Дискуссия барысында студенттер әртүрлі көзқарастарды тыңдап, өз пікірлерін дәлелдеуге, сондай-ақ басқалардың көзқарастарын қабылдауға үйренеді. Бұл олардың сыни ойлау қабілетін дамытады және шығарманы жан-жақты түсінуге ықпал етеді.

Осы әдістерді қолдану арқылы оқытушы студенттерге әдеби шығарманың терең мағынасын түсінуге, оны жан-жақты талдауға және өз ойларын жеткізуге мүмкіндік береді.

- **Әлем әдебиеті арқылы мәдени байланыстарды таныстыру:** Әр түрлі мәдениет пен тілдегі мәтіндердің өзара байланысын зерттеу. Шығарманың авторы мен кейіпкерлерінің мәдени тәжірибесін түсіндіру.

- **Мәдениеттің әдебиетке ықпалы:** Әр әдебиетте мәдени құндылықтардың қалайша көрініс табатынын және олардың басқа мәдениеттермен байланысын студенттерге ұғындыру әдістері.

- **Шет тілінде жазылған әдебиеттерді оқу:** Әлем әдебиетінен алынған шет тіліндегі күрделі мәтіндерді аударып, талқылау арқылы студенттердің мәдениетаралық көзқарасын кеңейту.

Қазіргі таңда әдістер арасында шет елдік білім беру ұйымдарында кең тараған әдістердің бірі: кейстер мен практикалық тапсырмалар:

1. Мәтіннің мазмұнын түсіндіру: Мысалы, Мұхтар Әуезовтің «Қорғансыздың күні» шығармасын талдау барысында студенттерге әңгіменің негізгі мазмұнын ашып, оқиғалардың даму барысын баяндап беру тапсырмасы беріледі. Бұл тапсырма арқылы студенттер шығарманың желісін түсініп, оны өз сөзімен жеткізу дағдысын дамытады.

2. Кейіпкерлерді талдау: Студенттерге кейіпкерлердің мінез-құлқын, олардың ішкі жан-дүниесін зерттеп, әр кейіпкердің іс-әрекетіне баға беру тапсырмасы беріледі. Мысалы,

Абайдың «Қара сөздерін» оқыған кезде, студенттерге әр сөздегі кейіпкерлердің ойлары мен әрекеттерін талдауға арналған тапсырма беруге болады. Бұл олардың кейіпкерлердің психологиялық жағдайын түсінуіне көмектеседі.

3. Символдар мен метафораларды табу: Студенттерге мәтіннен символдық мағынасы бар сөздер мен метафораларды тауып, олардың шығармадағы рөлін түсіндіру тапсырмасы беріледі. Мысалы, Әбдіжәміл Нұрпейісовтің «Қан мен тер» романындағы «құйын» символы арқылы табиғат пен адамның байланысын талдау жаттығуын беруге болады.

4. Тарихи және мәдени контекстті зерттеу: Әдеби шығарманы талдау барысында студенттерге оның жазылған кезеңіндегі тарихи және мәдени жағдайларды зерттеу тапсырмасы беріледі. Мысалы, Шекспирдің «Гамлет» шығармасын талдау кезінде студенттерге XVI ғасырдағы Англияның саяси және мәдени жағдайын зерттеп, оның шығармадағы оқиғаларға әсерін анықтау тапсырмасы беріледі.

Мәтіндерді талдау барысында оқытушыға және студенттерге қажетті құралдар мен ресурстарды қолдану маңызды. Қазіргі таңда әдеби мәтіндерді терең түсінуге арналған түрлі онлайн ресурстар, кітаптар, мақалалар мен лекциялар қолжетімді.

Мәтін талдауға арналған құралдар:

1. Онлайн ресурстар:

○ **LitCharts** және **SparkNotes** сияқты платформалар студенттерге мәтіннің қысқаша мазмұны, кейіпкерлердің сипаттамалары, тақырыптар мен символдар туралы ақпарат алуға көмектеседі.

○ **Project Gutenberg** – әлем әдебиетінің көптеген классикалық шығармаларын тегін оқуға мүмкіндік беретін онлайн кітапхана.

○ **Google Scholar** және **JSTOR** – әдебиетке қатысты ғылыми мақалалар мен зерттеулерді табуға мүмкіндік беретін платформалар.

2. Кітаптар:

○ Әдебиет теориясы мен мәтіндік талдау әдістеріне арналған кітаптар, мысалы, Ролан Барттың «Мәтінді талдау» еңбегі, студенттерге шығарманы терең талдау дағдыларын үйретеді.

○ Әдебиеттану оқулықтары мен монографиялар оқытушылар үшін мәтінді жүйелі түрде талдау және оқыту әдістерін ұсынады.

3. Мақалалар:

○ Әдеби шығармаларды талдауға арналған ғылыми мақалалар оқытушыларға әдістемелік қолдау көрсетіп, мәтіндерді заманауи көзқарас тұрғысынан қарауға мүмкіндік береді.

○ Белгілі әдебиеттанушылардың шығармалары бойынша жазылған рецензиялар мен сыни пікірлер студенттерге қосымша талдау мүмкіндігін береді.

4. Лекциялар:

○ Онлайн лекциялар мен подкастар мәтін талдау әдістерін үйренудің тиімді құралы болып табылады. Әлемдік университеттердің ашық курстары, мысалы, **Coursera** және **edX** сияқты платформаларда ұсынылған әдебиет бойынша курстар студенттерге мәтінді тереңірек түсінуге көмектеседі.

○ Жергілікті университеттердің немесе білім беру мекемелерінің профессорларының онлайн форматтағы лекциялары әдебиет саласындағы заманауи әдістемелерді үйрену үшін тиімді ресурс болып табылады.

Осы құралдар мен ресурстарды тиімді пайдалану арқылы оқытушылар студенттерге әдеби шығармаларды жан-жақты және терең талдау мүмкіндігін береді, ал студенттер өз бетінше ізденіп, шығарманы талдау дағдыларын дамытады.

Қорытынды

Күрделі әдеби мәтіндерді студенттерге тиімді түсіндіру үшін қолданылатын әдістемелік тәсілдер маңызды рөл атқарады. Мәтіндік талдаудың кезеңдерін дұрыс ұйымдастыру, символдар мен метафораларды түсіндіру, кейіпкерлердің психологиялық жағдайын ашу арқылы студенттер шығарманы тереңірек ұғынады. Сонымен қатар, әдебиетті пәнаралық тәсілдермен, тарих, философия және мәдениеттанумен байланыстыра оқыту мәтіннің мәнін кеңінен түсінуге көмектеседі. Мәдениаралық байланыстарды ескеру студенттердің әлемдік әдебиет пен мәдениетке деген көзқарасын қалыптастырып, ой-өрісін кеңейтеді. Болашақта зерттеу бағыттары анықталған болатын. Әдеби мәтіндерді терең түсіндірудің әдістерін жетілдіру болашақта да өзекті болмақ. Мәтіндік талдаудың заманауи тәсілдерін, дискуссиялық әдістерді және пәнаралық байланыстарды дамыту арқылы әдеби шығармалардың философиялық, мәдени және әлеуметтік мәнін түсіндіру жолдарын жетілдіруге болады. Сонымен қатар, мәдениетаралық байланыстарды оқу үдерісінде кеңінен қолдану студенттердің әртүрлі мәдениеттерге деген қызығушылығын арттырып, көпқырлы мәтіндермен жұмыс істеу дағдыларын дамытады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Барт, Р. (1986). *Мәтін, мәтіннің құрылымы және оны талдау*. Алматы: Жазушы.
2. Әуезов, М. (1956). *Абай жолы*. Алматы: Жазушы.
3. Айтматов, Ш. (1988). *Ғасырдан да ұзақ күн*. Алматы: Жазушы.
4. Достоевский, Ф. (2003). *Қылмыс пен жаза*. Алматы: Жазушы.
5. Нұрпейісов, Ә. (1970). *Қан мен тер*. Алматы: Жазушы.
6. Шекспир, У. (2010). *Гамлет*. Алматы: Қазақ университеті.
7. Сейфуллин, С. (1935). *Тар жол, тайғақ кешу*. Алматы: Қазақ мемлекеттік баспасы.
8. Оралбеков, Б. (2015). *Әдебиеттану және мәдениеттану*. Астана: Фолиант.
9. Мәдениеттану: Тарих, теория, тәжірибе (2012). Алматы: Паритет.
10. Project Gutenberg. (n.d.). *Public domain books and texts*. Retrieved from [\[1\]](#)
11. JSTOR. (n.d.). *Digital library for academic journals, books, and primary sources*. Retrieved from [\[2\]](#)
12. Coursera. (n.d.). *Online courses and lectures from universities*. Retrieved from [\[3\]](#)
13. edX. (n.d.). *Free online courses from universities*. Retrieved from [\[4\]](#)

ҚҰЗЫРЕТТІЛІК ЖӘНЕ ҚАТЫСЫМДЫҚ ТҮРҒЫДАН ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Г.Б.Нажикенова

педагогика магистрі

Бүгінгі таңда қазақ тілін өзге ұлт өкілдеріне оқытудың ғылыми-теориялық және әдістемелік түйіндері біршама айқындалды. Тілді үйретудің қатысымдық және құзыреттілік қырын басты нысанға алып оқыту осы бағытта орын алып отырған негізгі мәселелердің бірі.

Қазіргі кезде құзыреттілік ұғымын басшылыққа алу білім мазмұнын жаңғыртудың басты шартына айналды. Білім беру дегеніміз тек белгілі бір пәндік ақпараттарды меңгертуден тұрмайды, білім жеке тұлғаның танымдық және шығармашылық дамуының басты құралы болып саналады. Осы орайда жеке тұлғаның нақты бір құзыреттерін қалыптастыру білімнің нәтижелілігі мен сапалылығын қамтамасыз ете алады. Нәтижеге негізделген білім тек қана оқушының, студенттің ғана емес, мұғалімнің, мектептің, жалпы білім беру жүйесінің өз бетімен білім алып, қазіргі қоғам дамуына сәйкес жетіліп отыруын талап етеді.

Мемлекеттік тілді оқыту әдістемесінің бүгінге дейін жинақтаған тәжірибелерін тілді оқытудың әлемдік жетістіктерімен интеграцияландыра отырып технологияландыру тілді оқыту процесін жеделдетуге, тиімділігін арттыруға негіз болатыны анық. Осы тұста жоғары мектептің өзге ұлт аудиторияларында қазақ тілін қатысымдық әдістеме арқылы оқыту алға қойған мақсат пен нәтижеге қол жеткізудің тиімді жолы болмақ.

Қатысымдық-бағдарлы әдістемелер тіл үйренушілердің шығармашылық және қатысым әрекетіне негізделген. Бұл бағытта бүгінде белгілі болған оқыту әдістерін салыстырып отыру маңызды, себебі жаңадан пайда болатын әдістемеге нақты әдіс тірек болады. Сонымен қатар, әдістерді салыстырып, олардың артықшылық, кемшілік сипатына талдау жасау оқытушы жұмысын дұрыс жоспарлауға, ұйымдастыруға бастама болады. Әр әдістің өзіндік ерекшеліктерін білмей тұрып, олардың ішінен тиімдісін таңдап алу мүмкін емес. Тілді оқытуда әдісті дұрыс таңдау үшін ұжымның ерекшелігін, тіл үйренушінің тұлғалық қасиет-сапаларын, жасы мен қызығушылығын, дайындық деңгейін, оқу мерзімін, процестің техникалық жабдықталуын басшылыққа алу өте маңызды.

Тілді оқытудың әлемдік тәжірибесінде қатысымдық-бағдарлық тұжырымдарды негізге ала оқыту әбден қалыптасты. Мұндай әдістемелердің қатарында қатысымдық, жобалау, жеделдету (интенсивті) және іс-әрекеттік әдістемелер кеңінен қолданылып жүр.

Оқытуда өзге тілдің мәдениетіне үйретудің мақсат етілуі оған қол жеткізудің тиімді жолдарын белгілейтін жаңа әдістемені талап етеді. Осы орайда қатысымдық әдістеме ұстанымдарының маңыздылығы мен қажеттілігі айқындалып, оның логикасы тілді оқытуда өзге тілдің мәдениетіне оқытуға құрылды. Ал мұндай жүйе тек қатысымдық негізде ғана жүзеге аса алады. Сонымен қатар, қазір практика дәлелдеп отырғандай, қатысымдық әдістеме тілді қарым-қатынас құралы ретінде меңгертіп қана қоймайды, тіл үйренушінің жеке тұлғасын жан-жақты дамытуды да қамтамасыз ете алады.

Соңғы жылдары білім беруді жобалау үрдісі қалыптаса бастады. Бұл әдістеме білім берудің гуманитарлық-көркемдік және ғылыми-техникалық бағыттарының бірігуі нәтижесінде пайда болған жобалау мәдениетімен тығыз байланысты. Жобалау мәдениеті жоспарлау, құрастыру, жаңалық ашу, орындау және жабдықтау өнерінің жалпы формуласы. Жобалау әдістемесі де дәл осындай іс-әрекет мәдениетіне үйретуді мақсат етеді. Жобалау

мәдениетін игеру арқылы үйренуші шығармашалық ойлауға, өз әрекетін өзі құруға, нәтижесін болжауға, алдында тұрған міндеттерге қол жеткізудің нақты әдістері мен жолдарын меңгеруіне мүмкіндік алады. Жобалау мәдениеті қазіргі кезде білім беру практикасының барлық салаларында жобалау әдісі және оқытудың жобалау әдістемесі деген атаумен кеңінен қолданылып жүр. Бұл әдіс тілді оқытуда да белсенді түрде қолданылады.

Оқытудың іс-әрекеттік аспектісі таным нысанын белсендіру, оқуды белсенді, саналы, шығармашылық әрекет ретінде ұғыну идеясын ұстанады. Аталмыш әдістеме қарым-қатынастың регулятивтік, танымдық, құндылықтық-бағдарлық және этикалық қызмет түрлерінің барлығына үйретуді көздейді. Бұл әдістеме тілді ересектерге де, оқушыларға да оқыту барысында қолданылады.

Қазіргі кезде айтылып жүрген оқытудың жаңа бір түрі – қашықтан оқыту. Қашықтан оқыту – үйренуші мен үйретуші арасындағы тікелей емес, қашықтан жанама байланысына негізделген оқу түрі. Әдетте сырттай оқу деген атау алған оқытудың бұл түрі тілді оқыту әдістемесінде басқа салалардағыдай кең тарала алған жоқ, себебі тілді үйретушісіз оқудың нәтижесі болмайды деп есептелінді. Дегенмен, қашықтан оқытудың тілді үйретуде қолдану тетіктерін жетілдіру бағытында көптеген ізденіс жұмыстары жүргізілді. Бүгінде тілді қашықтан үйретуде компьютерлік телекоммуникациялық технологиялардың мүмкіншілігін пайдалануға айрықша мән беріле бастады. Сырттай оқудың басқа түрлеріне қарағанда, тілді компьютер арқылы оқытудың мынадай артықшылықтары бар:

- кез келген ақпаратты жедел түрде кез келген қашықтыққа жеткізу;
- берілген ақпаратты компьютер жадысында қалаған уақытқа дейін сақтау;
- арнайы жасалған мультимедиялық ақпараттар және оқытушымен немесе басқа да курсқа қатысушылармен жедел кері байланысқа шыға алу мүмкіндігі оқытудың интерактивтілігі арттырады;
- бүкіл дүниежүзі бойынша интернет арқылы ақпарат алу мүмкіндігі;
- түрлі компьютерлік аудио-видео конференциялар мен электронды конференциялар өткізу мүмкіндігі;

Қашықтан оқытудың нәтижелі болуына мына факторлар әсер етеді:

- оқытушы мен үйренушінің қашықтан қарым-қатынас жасауын тиімді ұйымдастыру;
- қарым-қатынас жасауда қолданылатын технологияларды жетілдіру;
- арнайы оқыту материалдарының тиімділігі мен олардың үйренушіге жеткізілу жолдарын ұйымдастыру;
- кері байланысты тиімді ұйымдастыру.

Басқаша айтқанда, қашықтан оқытудың тиімділігі оның ұйымдастырылуына, әдістемелік сапасына және осы процеске қатысушы педагогтардың шеберлігіне тікелей байланысты болады. Кез келген қашықтан оқыту түрі мынадай талаптарға жауап бере алуы керек:

- қашықтан оқыту тіл үйренушінің іс-әрекетін жан-жақты жоспарлап, ұйымдастыруы керек және оқытудың мақсаты мен міндеттері айқын, қажетті материалдар толық болуы керек;
- қашықтан оқытуға арналған білім беру бағдарламаларына қойылатын басты шарт – интерактивтілік. Қашықтан оқыту курстары үйренуші мен оқытушы арасындағы байланыстың, үйренуші мен оқу материалы арасында кері байланыстың интерактивті болуын, топтық оқуды ұйымдастыруға мүмкіндік беруді қамтамасыз етуі керек;
- кері байланыстың тиімді әрі сапалы болуы үйренушінің өз әрекетінің дұрыстығына көз жеткізу үшін өте қажет;

-кез келген курстың негізгі бөлшегі мотивация болып табылады. Тіл үйренушінің оқуға деген мотивін ояту үшін түрлі құралдар мен әдіс-тәсілдерді қолдану керек;

-қашықтан оқыту курсының құрылымы модуль бойынша берілуі керек. Бұл тіл үйренуші өзінің қандай қадамдар жасағанын, қандай жетістіктерге жеткенін бақылап отыру үшін, өз еркі бойынша тіл білу деңгейіне қарай таңдаған модулімен жұмыс істеуіне өте қажет.

Демек, қашықтан оқытуда ең маңыздысы оны ұйымдастырудың әдіснамалық және мазмұндық қыры. Мұнда тек оқытудың мазмұны ғана емес, оқу материалының құрылымдық ұйымдасуы да маңызды рөл атқарады.

Қазірде белсенді қолданылып жүрген осы және басқа да әдістемелерді өзара шартты түрде салыстыратын болсақ, олардың өзіндік ерекшеліктерімен бірге ортақ тұстарын да көруге болады. Тілдік қарым-қатынасқа, сөйлеуге үйрету – барлық әдістеменің қарастыратын ортақ мәселесі болып саналады. Оған қол жеткізу үшін әр әдістеме түрлі әдіске, ұстанымдарға сүйеніп, түрлі құралдарды қолданады. Қатысымдық әдістеменің басты ерекшелігі – оқу үдерісінің оқу-танымдық, дамытушылық, тәрбиелік қырларын қамтамасыз ете отырып, үйренуші тілдің мәдениетін меңгертуге бағытталуында. Ол тілдің лексикасы мен грамматикасын үйретумен шектелмейді, сол тілдің, елдің қарым-қатынас жасау мәдениетіне, әдебіне сай өзі қызмет ететін ортада, салада жеке, кәсіби қызығушылығын қанағаттандыру мақсатында қолдана білуге үйретуді көздейді. Осы тұрғыдан келгенде, тіл үйренушінің тіл білуге деген уәжі жетелеуші күшке айналатыны сөзсіз.

Екінші ерекшелігі – үйренуші тілдің мәдениетін қарым-қатынас арқылы меңгеруді қамтамасыз ете алуында. Сөйлеуге тек сөйлетіп қана үйрету мүмкін болады. Сөйлете отырып оқу үдерісінің оқытушылық, танымдық, дамытушылық, тәрбиелік қызметін жүзеге асыру оның өзіндік ерекшелігін құрайды.

Үшінші ерекшелігі – түрлі қарым-қатынастардың жүйесін құрайтын қатысымдық жағдаяттарға негізделуінде. Тіл үйренушілердің өзара қатынасына негізделген жағдаяттар шынайы қарым-қатынас мәдениетіне неғұрлым жақын, оңтайлы органы қамтамасыз етеді.

Төртінші ерекшелігі – қатысымдық әдістеме қарым-қатынас мәдениетінің бейвербалды амалдарын да үйретуге бейімделген. Бет қимылы, жүріс-тұрыс, қозғалыс, қарым-қатынаста өзін-өзі ұстау мәдениеті т.б. қосымша тілдік қатынас құралдарын орынды қолдануға үйретуді міндеттейді.

Бесінші ерекшелігі – тіл үйренушіні сөйлеуге дағдыландыратын жаттығуларға, тапсырмалар жүйесіне құрылады.

Осылайша қатысымдық әдістемеді оқу үдерісі қарым-қатынас үдерісінің моделі секілді сипат алады да, оны жүзеге асыруда мынадай талаптар қойылады:

-оқу үдерісінің жеке, тұлғалық қатынасқа негізделуі, осының арқасында тіл сабақтарында қарым-қатынас жасауға жайлы, оңтайлы психологиялық жағдай орын алады;

-қарым-қатынас жасауға оңтайлы, тиімді жолдардың барлығын пайдалану, соның ішінде интерактивті жолмен қатынас жасауды қамтамасыз ету, осының арқасында оқытушы мен студенттің арасында түрлі оқу-танымдық, ақпарат алмасу, эмоционалды әрекеті іске асады;

-тіл үйренушілердің қарым-қатынасқа деген қызығушылығы мен ынтасын тудыру, тіл үйренуді ішкі мүдделерімен үйлестіру.

Құзыреттілік пен құзырет ұғымы екеуі бір емес. «Құзыреттілік» латын тілінен аударғанда «competentia» адамның өзі білетін саласы бойынша белгілі бір мәселе төңірегіндегі білімдерінің, тәжірибелерінің жиынтығы дегенді білдіреді

Демек, құзыреттілік дегеніміз жеке тұлғадан қоғам талап етіп отырған біліктіліктердің жиынтығы деп айтуға болады. Ал құзырет дегеніміз жеке тұлғаның дербес дамуын неғұрлым тиімді және сапалы қамтамасыз ете алатын білімдерінің жиынтығы.

Жоғары мектептегі тіл курстарының орта мектептен айырмашылығы – қатысымдық құзыретті қалыптастыруға тірек болатын білім мазмұнының кәсіптік бағдарлылығында, тақырыптық ерекшелігінде болса керек.

Әдістемелік еңбектерде қатысымдық құзыретті құрайтын компоненттердің қатарында мыналар аталып жүр:

- грамматикалық немесе лингвистикалық құзырет – грамматикалық ережелерді, лексикалық бірліктерді білу;
- *әлеуметтік-лингвистикалық құзырет* – қарым-қатынас жағдайы мен мақсатын, сөйлеушінің әлеуметтік рөлін ескере отырып тілдік бірліктерді таңдап жұмсай білу;
- *дискурстық құзырет* – түрлі функционалды стильде ауызша және жазбаша байланыстырып сөйлеу; айтылым мақсатына қарай тілдік құралдарды жұмсай алу;
- *әлеуметтік-мәдени құзырет* – үйреніп отырған тілге тән мәдени ерекшеліктер мен норманы, сөйлеу әдебі мен мәнерін түсіне білу және оны қарым-қатынас барысында қолдану; социомәдени құзырет жеке тұлғада дүниежүзілік мәдениет пен ұлттық мәдениеттің интеграциялануын білдіреді; т.б.

Коммуникативтік құзыреттілік компоненттері қатарында сөйлеу құзыреті, компенсаторлық құзырет, оқу-танымдық, прагматикалық т.б. құзырет түрлері де аталып жүр. Сөйлеу құзыреті сөйлеу әрекетінің төрт түрі (айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым) бойынша жеке тұлғаның коммуникативтік біліктіліктерін көрсетеді. Компенсаторлық құзыретке тілдік тұлғаның өзі білмейтін тілдік құралдардың орнын толтыра алуы, алған білімдеріне сүйене отырып тілді үйренуі жатады. Айтылым, оқылым барысында тілдік және контекстік болжамдар жасау, мәтін мазмұнын оның тақырыпатауына қарап алдын ала болжау, сөйлеу барысында өзі білмейтін сөздерді түсіндірудің жолдарын білу, бет қимылы, қозғалыс арқылы қалайда түсіндіру, оларды ауыстыру т.б. жеке тұлғаның компенсаторлық құзыретін көрсетеді.

Әлемдік тәжірибеде деңгейлете ұйымдастырылған тіл үйрену үдерісіне қатысымдық-бағдарлы оқытуды тірек ету орын алған, ол қазақ тілін әлемдік әдістеме талаптарына сай оқытудың тиімді жақтарын көрсетеді. Қатысымдық құзыреттілік тіл арқылы қарым-қатынас жасауға деген қабілеттілікті білдіреді. «...Сөйлеу тілі арқылы ... қарым-қатынас жасауға», «қоғамдық, ұлттық тіл арқылы ұғынысуға, түсінісуге», «тіл арқылы қатынасқа түсуге» қажетті біліктіліктердің жиынтығы деуге болады.

Тілді үйретуде қатысымдық құзыреттілікті басшылыққа алу білім мазмұнын басқаша ұйымдастыруға негіз болады. Мәтіннің ең кішкене бірлігі ретінде сөйлем маңызды лингводидактикалық бірлікке айналады, осылайша лексика мен грамматика жеке дара емес, қатысымдық мақсатқа қол жеткізудің маңызды құралы ретінде оқытылады.

Қатысымдық құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған әдістемеге тән мынадай ерекшеліктерді көрсетуге болады:

- жеке тұлғаның тілдік қарым-қатынас жасау білік дағдыларын тілдің функционалды-стилистикалық нормасын ескере отырып қалыптастыру;
- сабақты арнайы бір нақты коммуникативтік тақырыпқа құру арқылы түрлі сөйлеу жағдаяттарын жасау, ситуациялық жаттығулар орындату;
- мәтінді ең негізгі дидактикалық бірлік ретінде тиімді пайдалану;

-сабақты жеке тұлғаның даралық-әрекеттік тұрғысынан мақсатын айқын етіп ұйымдастыру;

-нақты сөйлеу жанрларымен жұмыс жүргізу т.б.

Коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру коммуникативтік әдістеменің жетістіктеріне сүйенетіні анық. Коммуникативтік әдістеме тіл үйренушінің тілді практикалық тұрғыдан меңгеруін жеделдетеді. Бұл әдістеме арқылы саналы түрде меңгерілген тіл енді түрлі қатынас жағдайына сай бекітіледі, дамытылады. Тілді практикалық тұрғыдан меңгеру дегенде тіл үйренушінің тыңдалым, айтылым, жазылым, оқылым әрекеттерін түрлі қарым-қатынас жағдайында жүзеге асыра алуы айтылады.

Коммуникативтік әдістеме мен құзыреттіліктің мәні мынада – сөйлету арқылы сөйлеуге үйрету немесе сөйлеу арқылы сөйлесуге үйрену. Коммуникативтік бағытта ұйымдастыру оқу материалдарының бір мақсатқа біріктіріліп, іріктеліп берілуіне тікелей байланысты болатыны белгілі. Ондай оқу материалдарының ішінде ең маңыздылары ретінде мыналарды көрсетуге болады:

- сөйлеуін дамытуға арналған тақырыптар;
- коммуникативтік жаттығулар жүйесі;
- мәтіндер.

Оқу материалын тақырыптық топтастыру объективтік өмірден алынған және өзекті болуы шарт. Коммуникативтік оқытуда, әсіресе ағылшын тілін оқытуда бұл тәсіл бұрыннан пайдаланылып келеді. Жалпы ағылшын тілін оқытуда деңгейлік оқытумен қатар коммуникативтік бағытта оқыту ең негізгі басты ұстаным болып табылатынын айтқан болатынбыз, ал қалған мақсат-міндеттер осы ұстанымның айналысына кіріктірілген. Оқу материалын тақырыптық тұрғыдан топтастырып ұтымды және көркем бере алу тіл үйренушінің сөйлеу тілін дамытуға және оқу-таным үдерісін дұрыс ұйымдастырып басқаруға тиімді болмақ.

Тіл үйренушінің коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда маңызды рөл атқаратын компоненттердің бірі – ситуациялық немесе коммуникативтік жаттығулар. Коммуникативтік жаттығуларға тән басты ерекшелік – оның коммуникативтік міндеттерді жүзеге асыруға тірек болуында. Сонымен бірге коммуникативтік жаттығуларда нақты сөйлеу жағдаяттарының модельдері беріледі, оны орындау арқылы тіл үйренуші қарым-қатынас үдерісіне араласа алады.

Коммуникативтік әдістеменің келесі бір маңызды компоненті – мәтін. Мәтін арқылы тіл үйренуші тілге тән түрлі тілдік және сөйлеу заңдылықтарын тексереді, меңгереді, сол арқылы мәтін құру және түсіну біліктіліктері қалыптасады. Мәтінді коммуникативтік оқытуға тірек ету тілдік, лингвистикалық, коммуникативтік құзыреттіліктерді біртұтастықта қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, тіл үйренушінің коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру және дамыту тіл үйретуде басшылыққа алынуы өте маңызды. Ал коммуникативтік әдістеме оны жүзеге асырудың тиімді жолы.

Пайдаланылатын әдебиеттер:

1. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі. А, 2000.
2. Адамбаева Ж. Орыс мектептерінде қазақ тілін оқытудың кейбір мәселелері. А, 1993.
3. Әбілқазов А. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. А, 1995.
4. Исабаев А. Қазақ тілін оқытудың дидактикалық негіздері. А, Мектеп, 1993.

5. Жапбаров А. Қазақ тілін оқыту арқылы тіл дамытудың әдіснамалық, әдістемелік негізі. – Алматы, 2004.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ КОММУНИКАТИВТІК ӘДІС

А.Қ.Нұғыман
Педагогика магистрі

Түрлі формалар мен әдістерді ұштастыра қолдану оқушыларды ынталандыруға, тіл үйренуге деген қызығушылықты оятуға көмектеседі. Қазіргі уақытта студенттердің коммуникативті және шығармашылық көзқарасына негізделген коммуникативті-бағдарлы әдістер басты рөл атқарады [2, 256]. Оқыту – мұғалім мен студенттердің белсенді әрекеттестігі, яғни оның біржақты болуы мүмкін емес. Ең алдымен тіл адамдар арасындағы қарым-қатынастың негізгі құралы, соған сәйкес қарым-қатынас дағдыларының белгілі бір жиынтығы қажет. Қазіргі уақытта тілдерді оқытудың инновациялық технологиялары мәселесі жиі талқылануда.

Бұл тақырып тек инновациялық техникалық құралдарға ғана емес, сонымен қатар тілді тілін оқытудың мүлдем жаңа және қызықты әдістеріне де қатысты. Қазақ тілін оқытудың негізгі мақсаты коммуникативтік мәдениетті қалыптастыру және дамыту, тілді іс жүзінде меңгеруге баулу екендігін айта кету керек. Р.Скотттың пікірінше, ауызша коммуникация (коммуникация) екі немесе одан да көп адамдар арасындағы қарым-қатынасты қамтитын және әңгімеге қатысушылардың барлығы бір уақытта тыңдаушы және әңгімелесушілер болып табылатын қызмет түрі: олар репликалар арқылы естігеніне әсер етеді.

Бүгінгі таңда жоғары оқу орындарында қазақ тілін үйренудің көптеген әдістері бар. Олардың әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар, олардың кейбіреулері қазір өте танымал. Қазіргі уақытта қазақ тілін оқытуда келесі әдістер жиі қолданылады: деңгейлік, грамматикалық-құрылымдық, аудиовизуалды және аудиолингвалдық, коммуникативті әдістер.

Коммуникативті әдіс – әлем бойынша тілді оқытудағы кең таралған және заманауи әдістердің бірі. Коммуникативті әдіс өз атауын Е.И. Пассов, ол әдіс тұжырымдамасын бірқатар басылымдарда негіздеген. Ол коммуникативті лингвистиканың идеяларына, белсенділіктің психологиялық теориясына және мәдениеттер диалогындағы даралықты дамыту тұжырымдамасына негізделген, ол тілді оқытудың түпкі мақсатын – мәдениетаралық қарым-қатынас процесінде шет тілі мәдениетін меңгеруді анықтайды.

Бастапқыда әдіс ауызша сөйлеуге үйретуге арналған, бірақ уақыт өте оның қолдану аясы ауызша және жазбаша қарым-қатынастың барлық түрлеріне, соның ішінде аударма іс-әрекетіндегі тәжірибеге де кеңейді. Әдістің ерекшелігі тіл үйрену процесін шынайы қарым-қатынас процесіне жақындату әрекетінен көрінеді. [1, 256]. Бұл жағдай объективтілікті анықтайды; студенттердің практикалық қызығушылықтары мен қажеттіліктерін, сабақ кезінде тіл үйренуші мен оқытушының коммуникативті уәжді мінез-құлқын көрсететін сөйлеу тақырыптарын, ниеттерін және қарым-қатынас жағдаяттарын мұқият таңдауда көрінетін қарым-қатынас процесі.

Коммуникативтік әдіс келесі әдістемелік принциптерге негізделген: Оқытудың сөйлеуге бағыттылығы сөйлеу әрекетінің тек оқу құралы ғана емес, сонымен қатар оқытудың мақсаты екенін білдіреді. Тіл үйренушінің жеке психологиялық ерекшеліктерін ескеру: есте сақтау

түрі; фонематикалық есту деңгейі; оқу қабілеті, яғни белгілі бір қызмет түрлерін орындау; мүдделер; дүниетаным; студенттік ұжымдағы орны, интеллектуалдық қабілеттері.

Психикалық белсенділік – бұл студенттердің тікелей (сөйлеу) немесе жанама (психикалық) формадағы қарым-қатынас процесіне үнемі араласуы. Барлық деңгейлерде оқу материалын таңдауға және ұсынуға функционалдық көзқарас: лексикалық, грамматикалық, ситуациялық, тақырыптық.

Оқыту процесінің ситуациялық сипаты сөйлеуді ынталандыру әдісі ретінде және сөйлеу дағдыларын дамытудың шарты ретінде, проблемалық оқу материалын ұйымдастыру және ұсыну тәсілі ретінде қарастырылады. Осы қағидаға сәйкес оқу материалы тіл үйренушінің қызығушылығын тудыруы, олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес болуы, мәтіндердің мазмұны мен қарым-қатынас мәселелерін талқылауға студенттерді тарту арқылы сөйлеу және ойлау мәселелерін шешуге негіз болуы керек.

Л.П. Солонцованың пікірінше коммуникативті әдісі аралас оқыту әдістерінің бірі болып табылады. Ол аударманы аз пайдалана отырып, контекстен және коммуникациялық жағдайлардан тілдік бірліктерді ассимиляциялау арқылы практикалық тілді меңгеруге бағытталғандығы бойынша тікелей әдістерге ұқсас. Бұл ретте, саналы әдістер тобы сияқты, оның сана принципін ұстануымен сипатталатынын атап өткен жөн. [3, 246].

Коммуникативтік әдіс оқытылатын тілдегі қарым-қатынасты жаттықтыруға бағытталған және тілдік кедергіні жою үшін қолданылады. Оның кейбір дәстүрлі оқыту әдістерімен интеграциялануы мүмкін екендігін атап өткен жөн. Коммуникативті әдісте сөйлеу әрекетіне, сөйлеу тәжірибесіне бірінші кезектегі рөл беріледі, оның барысында қарым-қатынас ниетіне сәйкес сөйлеу үлгілерін меңгеру жүзеге асады.

Коммуникативті әдіс тірі, еркін қарым-қатынас процесінде негізгі тілдік дағдыларды (сөйлеу мен жазу, грамматика, оқу және тыңдау) бір мезгілде дамытуға бағытталған. Бұл әдіс сөйлеу бірліктерін таңдауды қарым-қатынастың мақсаттары мен міндеттеріне бағындырады және сонымен бірге оқу материалының көлемін қажетті минимумға дейін азайтуға мүмкіндік береді. Грамматикалық ережелер оқытылатын тілде қарым-қатынас кезінде зерттеледі және игеріледі, өйткені оның негізгі мақсаты өз мәлімдемесін дұрыс құрастыруды үйрену. Бастапқыда тіл үйренуші сөздерді, сөз тіркестерін және әртүрлі сөйлеу формулаларын меңгереді, содан кейін олар бұл сөйлеу формулаларының грамматикалық мағынада нені білдіретінін түсіне бастайды [3, 1216]. Коммуникативті әдіс қазіргі оқу үрдісіне байланысты талаптарды көрсетеді. Мысал ретінде келесі аспектілерді келтіруге болады: оқытушының сабақтағы коммуникативті тәртібі; коммуникативтік әдістің негізгі мақсаттарын жүзеге асыратын тапсырмаларды енгізу; олар шынайы өмірден жағдаяттарды қайта жасайды, оқушыларды оқылатын тілде еркін қарым-қатынасқа дайындайды. Басқа дағдылардың да қатар жүргізіліп жатқанын, грамматикалық формалар мен олардың сөйлеудегі атқаратын қызметтерін зерттеп, оқушылардың жеке қабілеттері ескерілетінін ескеру қажет. Сонымен қатар, бұл әдіс студенттерді айтарлықтай ынталандырады, нақты жағдайға енгуге, белгілі бір контексте сөздерді түсінуге және ажыратуға көмектеседі, сонымен қатар оқушылардың қызығушылығын оятады. Осылайша, негізгі артықшылықтардың бірі - еркін және сауатты сөйлеу қабілетін дамыту, тілдік кедергіні жеңу және сәйкесінше қарым-қатынас кезінде ыңғайсыз үзілістерді болдырмау. Коммуникативтік әдісті қолдану кезінде әр түрлі типтегі тапсырмалар қолданылады, олардың мақсаты студенттерді қарым-қатынас процесіне баулу. Нәтижелерге сабақ барысында тыңдаушының ана тілін қолдануды азайту арқылы қол жеткізіледі.

Қазақ тілін қарым-қатынас жасау үшін жеткілікті деңгейде меңгеру үшін, ең алдымен, тілдік формаларды білу ғана емес, оларды нақты сөйлеу жағдаяттарында қолдануды білу қажет. Тапсырмалар коммуникативті әдістің негізгі қағидаларына сәйкес болуы керек екені сөзсіз, сондықтан оқытушылар өз сабақтарында қазақ тілінде әртүрлі қызықты ойындарды пайдаланады. Ең алдымен, бұл қызмет түрі аудиторияда қолайлы атмосфераны қамтамасыз етеді, сонымен қатар студенттерді айтарлықтай ынталандырып, қызықтырады.

Пікірталас- коммуникативті әдісті қолдануда тиімді формалардың бірі. Әдетте, мұғалім талқылау үшін қызықты тақырып таңдайды және әр студент өз пікірін қазақ тілінде бөлісуге, жағдайды талдауға немесе әңгімеге басқа қатысушылармен сұрақ қоюға мүмкіндігі бар. Дегенмен, бірқатар факторларға назар аудару қажет: біріншіден, тақырып пен мазмұн студенттерді қызықтыруы және деңгейіне сәйкес болуы керек; Студенттер талқылау ережелерін білуі керек.

Қорытындылай келе, пікірталас кезінде сөйлеудегі қателерге назар аудармау керек екенін атап өткен жөн. Басқа да қызмет түрлеріне айтарлықтай көңіл бөлінетіні сөзсіз. Мысалы, жобалар, презентациялар (өз бетінше, жұптық және топтық); нақты жағдайды қайта тудыратын рөлдік ойындарға қатысу (студенттер осы ақпарат негізінде жағдаяттарды орындайды); фотосуреттер мен суреттерді жұппен және топпен сипаттау. Осы іс-әрекет түрлерінің көмегімен оқушылардың қарым-қатынас жасай алатындай тілдік ортасы жасалады. Қазіргі әлемде заманауи оқыту әдістерінің әртүрлі классификациялары бар. Тілді оқыту әдістемесінің тиімділігі көптеген факторларға байланысты. Қазіргі таңда жоғары нәтижеге жету үшін коммуникативті әдіс кеңінен қолданылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Громова О.А. Аудио-бейнелік әдіс және оны қолдану тәжірибесі. М., 1977 ж.
2. Капустина Л.С. Шетел тілі сабағында оқытудың заманауи әдістері мен тәсілдері. Электргорск, 2019 ж.
3. Солонцова Л.П. Шетел тілін оқыту әдістемесінің тарихы: оқу құралы. педагогикалық жоғары оқу орындарының тіл мамандықтарының студенттеріне және әртүрлі типтегі орта және жоғары оқу орындарының шет тілі оқытушыларына арналған оқу құралы. – Павлодар: ЭКО2009.–89б.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА КӨРКЕМ МӘТІНДІ ОҚЫТУ, ТАЛДАУ ЖОЛДАРЫ

Ә.Қ.Бахонова

№36 мектеп – гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Мектепте әдебиетті оқытудың күре тамыры көркем мәтінді оқу мен талдау жұмыстары болып табылады. Көркем мәтінді оқыту, оны талдауға баулу – әдебиет мұғалімінің ең негізгі қызмет, мақсаты. Көркем мәтінді талдау оны оқусыз жүзеге аспайды. Оқу әр оқушының өз еңбегіне, оны қабылдай білу, түсіне білуіне, яғни әр баланың қабілеті, дарыны, ой – өрісіне байланысты жүреді. Көркем туындыны кім қалай қабылдайды, ол туралы қандай пікірде болады – ол әр оқушының өзіне байланысты жүзеге асады. Әдебиет мұғалімінің әдебиетті оқыту әдісінің ең қайнар бұлағы осы көркем туындыны оқуға деген оқушы ынтасы,

қызығушылығын арттыру әрі оқырман тәрбиелеу болып табылады. Оның ең бір тиімді жолы – үнемі бала пікірін, ойын тыңдау, онымен есептесіп отыру, жаңа өтілетін тақырыпты сол сабақ үстінде ғана хабарлап, таныстыру емес, алдын ала жүйелі сабақтар, тапсырмалар бере отырып, оқыту болып табылады. Бұл жұмыс төменгі сыныптан, яғни 5-сыныптан басталып, жүйелі жүріп отыруы керек. Мысалы, 5-сыныпта лирикалық шығармаларды сыныпта талдап, оқу алдында оны үйден оқып келу тапсырылады. Лирикалық шығармаларды оқу, қабылдау әрі ол туралы пікірі, ойын айту – аса күрделі мәселе. Оқушыларға өз бетімен оқу үшін, мынадай көмек-нұсқау үлестірмесін ұсынуға болады:

- 1.Өлеңді асықпай, әр сөзіне назар аудара отырып, бірнеше рет оқып шық.
 - 2.Суреттелген зат не құбылыс қандай сөздермен берілген, назар аудар.
 - 3.Өлеңдегі адамдар іс-әрекетін еске сақта.
 - 4.Өлеңді оқи отырып, қандай көңіл күйде болғаныңды айтып беруге тырыс.
- Оқу баланың тікелей өз еңбегі, өз ісімен жүзеге асса, талдау мұғалім арқылы, оның ұйымдастыруы арқылы іске асады.

Талдау кезінде оқушылардың сол көркем туынды туралы сезіміне, ойына мұғалім біршама ене алады. Ол үшін қойылатын сұрақ, тапсырма мазмұны нақты әрі басты мақсатты ашатындай берілуі тиіс. Талдау арқылы оқушы қабылдауын, пікірін ашудың бір жолы – жазбаша жұмыстар жүргізу. Соның ішінде шығарма-талдау, шығарма-пікірлердің маңызы зор. Мысалы, М.Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» шығармасын оқып болған соң, шағын ғана шығарма-толғаныс жаздыруға болады (талдауға дейін). «Маған Жамалдың қазасы қалай әсер етті?» немесе «Жамал тағдыры. Ол туралы ойлансаң...» т.с.с. Оқушы шығармасын тілге тиек ете отырып, талдауды осыдан да бастауға болады. Мұғалім оқушы қабылдауы арқылы оларды әдеби талдауға жұмылдырады, белсенділіктеріне де ықпал жасайды (талдау белсенділігі). Бұдан шығатын қорытынды: әдеби талдауды мұғалім ең алдымен оқушы сезімі, сол шығарманы қабылдау барысымен таныса отырып, соның негізінде жүргізулері керек. Яғни көркем туындыны оқушының қабылдауы мен оған әдеби талдау жасау бірлікте ұйымдастырылғаны жөн. Абайдың «Күз» өлеңіне әдеби талдауды мына сұрақтармен жүргізуге болады. Сезімі, қабылдауына байланысты сұрақтар жоғарыда берілген, сол бойынша әңгімелесіп алғаннан кейін, мына сұрақтар қойылады:

1. Неге «Күз» суреттері өздерің айтып жатқандай, «түсі суық сұр бұлт», «дымқыл тұман»...» жапырағынан айырылған қурайлар» арқылы беріледі?
2. Қалай ойлайсың, «Күзді» сипаттау үшін, кедей өмірі неге суреттелінген?
3. Өлең неге жабырқаңқы көңіл күймен, ақынның көңілсіз үнімен жазылған? Осы арқылы өлеңдегі ақын мақсатын, ойын ашып бере аласың ба?

Көркем туындыны талдау – көркем туынды туралы бірнеше ғалымдар пікірін қатар қоя отырып, ойландыру, Абайдың табиғат лирикасы туралы М.Әуезов, Қ.Жұмалиев, Х.Сүйіншәлиев т.б.ғалымдар пікірін келтіріп: «Осы пікірдің қайсысы өзіңе ерекше ұнады, қайсысы бағалы деп ойлайсың?!» деген сұрақ қоя отырып, оқушылардың ойлау белсенділіктеріне әсер етудің тиімділігі бар. Бұл жұмысты мына үлгіде жүргізуге болады (жазбаша да, ауызша да)

М.Әуезов «Абай Құнанбаев»	Қ.Жұмалиев «XIII-XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті»	Х.Сүйіншәлиев «Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңі»	Кімнің пікірі, қай пікірі ерекше ұнайды?	Өз пікірің туралы сөз қозға
---------------------------------	---	--	---	-----------------------------------

Осындай тәсілдер оқушылардың көркем туындыны қабылдау, түсіну, талдау қабілеттерін дамытады. Әсіресе, өзіндік ойы, пікірін жетілдіруде де өте тиімді болып келеді. Көркем шығарманы талдау жолдары, ең алдымен сол шығарманың өзіндік ерекшелігіне, мұғалімнің алдына қойған оқу мақсатына, оқушылардың ой өрісі, талғамы, білік-дағдысы, біліміне байланысты болып келеді. Оқушылардың өзіндік қабылдауы, пікірлерін бір арнаға бұрады, оны ғылыми негізге икемдеуге талдаудың әрі сол талдаудың тиімді жолдарын ізденудің маңызы ерекше. Әдеби талдау суреткердің сол көркем шығарма негізіндегі идеяның проблематикасынан, көтерген мәселесінен туындауы керек. Мысалы, Абайдың табиғат лирикаларына жазған өлеңдері көп. Барлығында да бір мәселе – табиғат, адам тіршілігі. Талдауды осы мәселелерді ашу айналасында жүргізе отырып, шығарманың басқа да компоненттеріне назар аударған жөн.

Талдау әрі жүйелі, әрі тұтас, көркем шығарманың барлық нәрі, дәнін аша алатындай, нанымды да ғылыми мазмұнда жүргізілуі керек. Әр нәрсенің басын шолу, тіл көркемдігін талдаймын деп, ұзақ туындылар ішінен эпитет, теңеу іздестіру пайдалы ма, жоқ па, мұғалім соны ойластырғаны жөн. Талдау жұмысы ұзын - сонар ежіктеу, шығарманың әр бетінен немесе әр жерінен үзіп – жұлып мысалдар келтіру емес, тұжырымды түрде, нақты сұрақтар арқылы негізгі мәселелер айналасында тұтастай әрі нақты мысалдармен дәлелдене отырып, жүргізілуі керек. Мектепте әдеби талдаудың үш жолы бұрыннан – ақ тәжірибеде кеңінен пайдаланып келеді. Олар: а) автор ізімен талдау, бұны тұтастай, толық талдау дейді; б) кейіпкерлерге талдау жасау және тақырыпты проблемалық талдау. Осы талдаулардың қайсысына сүйенеді, қайсысын тиімді деп табады, оны мұғалім шешеді. Мұғалім өзі талдағалы отырған көркем шығарма ерекшелігіне, көлеміне, жанрына, оқушыларына байланысты талдау түрлерін таңдап алады. Бір шығарманы автор ізімен талдаса, екінші шығарманы образды талдау түрімен жүргізеді. Талдаудың қай түрі болмасын, ол ең алдымен балаға қонымды, қиындық келтірмейтіндей дәрежеде жүргізілуі керек.

Автор ізімен талдау, оның негізгі мақсаттары. Бұл талдауда мұғалім көркем шығарма сюжеті, эпизодтары, автордың негізгі ойы, мазмұн мен форма жүйесін сақтай отырып, талдауға ерекше назар аударады. Мұғалім оқушыларын кейіпкер іс – әрекеті арқылы мінездеме жасатуға, оқиғалар арқылы шығарманың негізгі проблемаларын аңдауға алып келуі керек. Автор ізімен талдау 5-7 сыныптарда өте тиімді, себебі, балалар көркем туындының мазмұнымен таныса отырып, мұғалім көмегімен оның көтерген мәселесіне, автордың көзқарасына, кейіпкерлер іс – әрекеті мен туынды көркемдігіне бойлай бастайды. Мысалы, 7-сыныпта М.Әуезовтің «Көксерек» әңгімесі беріледі. Оқушыларды Құрмаш пен Көксерек арасы қатты қызықтырады. Құрмаштың өлімі толқытады. Көксерекке деген ашу – ызалары өршиді. Ал әңгіме негізіндегі авторлық көзқарас, проблематика көмескі қалады. Адамдар әлемі мен қасқырлар әлемі қатар алынып, адамдардың сол қасқырлардан да қатал, тағы екенін көрсету – әңгіменің басты мәселесі. Көксеректі жауыздыққа итермелеген де, Құрмашқа ауыз салдырған да сол адамдардан көрген жәбір – жапасы. Бәлкім, қасқыр інін бұзып, табиғат заңына қарсы келген адам тағылығы болар... Міне, бұл басты проблемаларды ұғыну үшін, әңгіменің алғашқы беттерін оқығаннан – ақ, балаларды оған жетелеп отыру керек. Басты оқиғаларды ашатын сұрақтармен қоса, әңгіме идеясына да бірте – бірте жақындата түсетін сұрақтардан іздеген дұрыс. Бірінші бөлімді оқып болған соң, балалармен бірге отырып, оған «Қасқырлар мекені», «Қасқырлар ойнағы», «Сорлы қозы тағдыры» немесе «Тағылар ұрпақ қамында» деген ат қойып, мұғалім енді талдауды мына сұрақтармен жүргізеді:

-Қасқырлар тіршілігі қалай суреттелген?

- Арлан қасқыр мен қаншық қасқыр іс – әрекетін баянда.
- Тіршілік үшін күрес, сол жолдағы қаталдық қалай берілген?

Шағын болса да әңгіме идеясын ашуда ерекше орын алатын екінші бөлімге да ат қою керек. Балаларға көмек беру әрі әңгіме идеясына жақындату мақсатында мұғалім бірнеше тақырып ұсынады. Мысалы, «Адамдар ойнағы», «Адамдар тағылығы», «Табиғатқа шабуыл» т.б. Тақырыпты тыңдап алғаннан кейін, мынадай сұрақтар қойылады:

- Қасқырлар ұясын адамдар неге талқандады?
 - Бөлтіріктерге істегендеріне қалай қарайсың?
 - Адамдардың іс – әрекеті дұрыс па? Өзің оны қолдайсың ба?
 - Бірінші бөлімдегі қасқырлар іс – әрекеті мен осы бөлімдегі адамдар ісінде ұқсастық бар ма? Қайсысы қаталырақ?

III бөлімге мынадай тақырыптар ұсынылады: «Көксерек пен Құрмаш», «Көксеректің ұрлығы», «Адамдар және Көксерек» т.б.

Талдау сұрақтары:

- Ауыл иттерінен Көксерек қандай зәбір көрді? Оның себебі не?
- Ауыл адамдары неге оны жек көрді, жазалады? Осы жазаға өзін қалай қарайсың?
- Неге Көксерек адамдар арасына үйреніп кете алмады?

Төртінші бөлімге «Арлан», «Айқас» «Ұяласымен табысу» т.б. ат қойылады.

Талдау сұрақтары:

- Көксеректің Құрмаш ықыласына мойынсұнбау себебі неде деп ойлайсың?
- Табиғатпен айқасына назар аудар.
- Көксерек Құрмаштан гөрі ақ қасқырмен неге тез бауырласты?

Бесінші бөлімге «Шабуыл», «Қараадыр еліндегі мазасыздық», «Қасқыр қашанда қасқыр» т.б. тақырыптар беруге болады.

Талдау сұрақтары:

- Қос қасқырдың Қараадыр еліне істеген жауыздықтарын сарапта. Әсіресе, Көксерек қаталдығын қалай түсіндірер едің?
- Қасқырлар іс – әрекеті , ойынына назар аудар... Табиғаттағы тағылар тіршілігі әңгімеде қалай берілген?

Алтыншы бөлімге «Құтырған Көксерек», «Тағы да шабуыл», «Жауыздық» деген аттар қоюға болады.

Талдау сұрақтары:

- Көксеректің ауылға үздіксіз шабуылын әңгімеле.
- Құрмаш Көксерекке қалай тап болды?
- Ауыл адамдары ала алмаған Көксеректі Аққасқаның жеңу себебі не? Қалай ойлайсың, жазушы осы арқылы не айтпақ болған?
- Өзің сонша бағып, мәпелеген Құрмашты танымай, істеген жауыздығын қалай түсіндірер едің? Жазушы ойы не?

Бұл сұрақтар әңгіме мазмұнын әрі әңгіменің көтерген басты – басты проблемасын ашу мақсатында қойылады. Әңгіменің алғашқы бетінен – ақ жазушы көтерген мәселелерге оқушылар назарын осылай аударта отырып, қорытынды пікір, қорытынды талдауды мынандай сұрақтармен жүргізуге болады:

- 1.Жазушы әңгімені неге «Көксерек» деп атаған?
- 2.Қалай ойлайсың, әңгіме негізіндегі басты ойды ашатын ең негізгі оқиғалар қайсы?
- 3.Әңгімедегі бас кейіпкерлер кімдер? Құрмаш па, Көксерек пе?

4. Көксеректі өшпенділікке баулыған нәрсе не? Әлде қасқырлар әлемінің тіршілік заңы солай ма?

Ал 5-сыныпта Ы.Алтынсариннің «Атымтай Жомарт» әңгімесі беріледі. Мұғалім талдауды мына сұрақтармен жүргізеді:

- Атымтай Жомарт неге үстіне ескі киімдер киіп жүреді?

- Атымтай Жомарттың іс – әрекеті дұрыс па?

- Әдемі ат, асыл киім, асқан дәулетті әдет ету дегенді қалай түсіндірер едің?

- Атымтай Жомарттың бар бола тұрып жұмыс қылуының себебі неде деп ойлайсыз?

- Еңбекпен табылған дәмнің тәтті болу себебін ойлан.

- «Құдай Тағаланың берген дәулетін өзімсініп, тиісті орындарына жаратпай, өзім тұтынсам, мал берген иесіне күнәлі болармын» деген Жомарт сөздерін қалай түсіндірер едің?

- Қалай ойлайсың, әңгімеде Атымтай Жомарттың ең ізгі қасиеті қайсы?

Көркем туындыны образдар жүйесіне қарай талдау жолдары. Образдар жүйесіне талдау талдаудың мектеп тәжірибесінде дәстүрге айналған өте көп тараған түрі болып табылады. 5 – 8 сыныптар оқушылары көркем туындыдағы бас кейіпкерлерге толық талдау жасай алмаса да, олардың іс – әрекеттерін назардан тыс қалдыра алмайды. Кейіпкердің ұнаған, ұнамаған іс – әрекеттеріне назар аударады. Образды талдау олардың осындай эмоциялық қабылдауларын бір арнаға, жүйеге бұрады. Автордың идеялық проблематикасы, көркем шығарма негізіндегі терең ойы көбіне осы кейіпкерлер іс – әрекеті арқылы берілетінін түсіндіреді. Дегенмен, образдық талдауда тәжірибеде кемшіліктер де орын алып отыр. Кейіпкерді ұнамсыз, ұнамды топтарға бөліп талдау оншалықты тиімді емес. Мысалы, «Абай жолындағы» Құнанбайды алайықшы. Ол – ұнамсыз тип. Бірақ талдау кезінде Құнанбайдың жағымсыз іс – әрекетін үнемі тере беру дұрыс па? Оның ұстамдылығы, ақылы, керек десеңіз, қайсарлығы туралы неге дұрыс пікір айтпасақ? Эпопеяда Құнанбай жан – жақты суреттелінеді, оны ұмытуға бола ма? Немесе Бөжейді алайық, балалар оны көбіне ұнамдылар қатарына қосады, дәлел ретінде Құнанбайлардан көрген зәбірін, Абайдың оны іш тартатынын, Ұлжанның «жақсының көзі» деп есептейтінін мысалға келтіреді. Ал шынында сол Бөжей күллі халық үшін, не өнер – білім үшін атқа мініп жүр ме?.. Құнанбай айтқандай, «аяқтағы суға ағып өлетін іс – қылықтың да адамы емес пе? Сәби Кәмшатты күтімсіздікпен өлтіртуде оның кінәсы жоқ па? Сондай – ақ Ділдә, Айғыздарды да оқушылар бірден ұнамсыздарға қосады. Ал тереңірек қарастырсақ, осы екі әйелде заман трагедиясы, заман әділетсіздігі, әйел халқына деген сахараның қатал заңының қарғыс таңбасы жатыр емес пе? Екеуі де қандай өр, қандай кеуделі, «текті» жерден шықса да, көп әйелдің, көп күндестің бірі емес пе?! Бұдан шығатын қорытынды: кейіпкерлерді «ұнамды», «ұнамсыз» деп, бөліп тастап, талдамай, кейіпкерлердің бүкіл бітім – болмысын тұтастай қарастырып, әділ баға бере білу керек.

Ең бастысы, авторлық көзқарас шығарма негізіндегі басты проблема – образдық талдауда ерекше назарға алатын мәселелер болып табылады. Мысалы, Құнанбай бейнесі арқылы автор XIX ғасырдың II жартысындағы феодалдық қоғамды, оның бас өкілін сомдайды. Бұл образды жасаудағы автор мақсаты да сол. Құнанбай іс – әрекеттері, оның әртүрлі қылықтары сол қоғам сипаты дәрежесінде көрсетіледі. Образдық талдау жүйесінде де мұғалім көркем шығарманы тұтастай қарастырып, оның барлық компоненттерін бірлікте ала отырып, талдауды басшылыққа алады. Бірақ соның барлығы образдар жүйесін талдау арқылы жүзеге асады.

Әдеби шығармаларды проблемалық талдау жолдары. Тәжірибеде кеңінен тараған, әрі тиімділігімен, нәтижелілігімен көпшілік ұстаздар еңбегіне кірген талдау түрі – проблемалық

талдау. Проблемалық талдау оқушылардың танымын арттыру, ойлау белсенділігін жетілдіруде үлкен рөл атқарады және өзіндік ізденістеріне мол мүмкіндік ашады әрі дамыта оқытудың негізгі бір жолы ретінде де пайдалы болып келеді. Проблемалық талдау сол көркем шығарма негізіндегі проблеманы дәл тауып, нақты проблемалық сұрақтар әзірлеуді талап етеді. Ол үшін проблемалық жағдаят тууы керек. Кез келген «Неге?» деген сұрақтарды проблемалық сұрақтармен шатыстыру мектеп тәжірибесінде кездесіп жатады. Проблемалық сұрақ негізінде оқушыға «бейтаныс», шешуді керек ететін мәселе, проблема болады. Проблемалық жағдаят проблемалық сұрақтар, сол көркем туынды негізінде жатқан, көркем туынды көтерген проблемалар арқылы туындайды.

Мысалы, жай сұрақтар мен проблемалық сұрақтар арасындағы айырмашылықты төмендегі баған арқылы көруге болады (О.Бөкей «Атау-кере» повесі, Таған бейнесі бойынша).

Жай сұрақтар:	Проблемалық сипаттағы сұрақтар:
1. Таған қандай кейіпкер? 2. Ерік Тағанды неліктен өз үйіне ертіп әкелді? 3. Тағанның ішкілікке салынуы неліктен деп ойлайсың?	1. Жаратылысында ары таза Таған соншама азғындап ішкілік жолына неге түседі? Кінәлі кім? 2. Қалай ойлайсыңдар, Тағанның ең басты қателігі, адасуы деп, нені айтар едің? 3. Таған бейнесінің негізінде жатқан проблема туралы не айтар едің? Автордың оған көзқарасы туралы қандай ойдасың?

Проблемалық сұрақтар қызықты әрі әдеби айтыс туғызатындай дәрежеде қойылады. Сондай – ақ бұл сұрақтардың басты ерекшелігі – олар бір ғана шектеулі мәселеге құрылмай, көркем туындыны кеңірек, тереңірек қамтитын мазмұнда құрастырылады. Проблемалық сұрақ қоямын деп, «қолдан» проблема жасаудың түк те керегі жоқ. Проблемалық сұрақтар көркем туынды негізінде жатқан, шешуді талап ететін проблема айналасын қамтиды. Мысалы, «Жаратылысында ары таза Таған соншама азғындап ішкілік жолға неге түседі? Кінәлі кім?» деген сұрақ түбінде оқушыға, «бейтаныс» шешуді керек ететін мәселе жатыр. Сұрақ жазушының осы бейнені жасаудағы мақсаты, соның негізінде жатқан проблеманы қамтып тұр. Таған – қандай қоғамның болмасын ажырамас бөлшегін құрайтын зиялы қауым өкілі. Бірақ «әркімге еңбегіне қарай, әркімге қабілетіне қарай» дейтін әдемі ұранды жариялағанымен, ең алдымен саналы, қабілетті деген мүшелерінің көзін құртуға тырысқан тоталитарлық жүйеде Тағандар азшылық, Тағандар әлсіз, ең бастысы қауіпті санатқа жатады. Оларды құртудың, қудалаудың сан түрлі амал-тәсілі ойлап табылғаны мәлім, соның бірі «атау кере» аталып, талай жақсы мен жайсаңның түбіне жеткен арақ болатын. Әйтпесе, бір партияның диктатындағы барған сайын құлдырап бара жатқан тоталитарлық қоғамда ең алдымен ұлттық қасиеттердің, адамгершілік болмыстың жоғалып бара жатқанына қарсы дауыс көтерген Тағандардың: «біздер тарих – ананы қатты ренжіттік, өз ұлтымыздың тарихын кісенде ұстадық, киесі ұрады деп білмедік. Шала – жансар оқулыққа сендік, шала сауаттыларға сендік, шабына от түссе де айтайық: өкімет басында отырғандардың барлығына сендік, олардың ақ дегені – алғыс, қара дегені – қарғыс болды. Міне сондықтан да халық адасты...» - деп келетін батыл лекциялары мемлекеттік жүйенің тоқырағандығын ақтарып беретіні белгілі.

Көркем туындыны проблемалық талдау ең алдымен оқушылар алдында проблемалық жағдаят тудыру арқылы жүзеге асады. Ал проблемалық жағдаят деген не? Проблемалық

жағдаят деген – шешуді талап талап ететін, іздендіретін, ойландыратын күрделі жағдайдың тууы. Ол оқушылардың ойлауына, ізденуіне ғана әсер етпейді, оларды болжам жасауға, өздерінше қорытынды жасауға да жетектейді. Проблемалық жағдаятты туғызу бар да, оны шешуге, болжам жасауға жетелеу тағы бар. Мысалы, «Абай жолы» эпопеясын оқыту барысында оқушылар алдына эпопея көтерген «Әкелер мен балалар», «Аналар мен балалар» проблемалары бойынша проблемалық жағдаят туады. Мұғалім жағдаятты шешуге жетелеу үшін, мынадай жұмыстар жүргізеді:

Абай – Құнабай (Әмір – Үмітей оқиғасына)

Абай	Құнабай
Тоқтат! Өлтіртпеймін! Аузыңда алла, шеңгелінде қан. Тағы қан! Бұларды шариғат та қосады.	Арам! Шық, жоғал көзімнен, азғын! Аздырарсың, сен бе! Аздырарсың! Сенен, бәрі сенен!

Абай – Әбіш (екеуінің әңгімесінен)

Әбіш	Абай
Ниетім, өзіңіз білесіз, политехникалық институт еді, өзге оқуды, осыны тамам етіп алып, ескермекпін.	Ғылымның жаманы жоқ. Халқыңа басшы болар талап соңына түссең, офицер болып жүріп жетесің бе, бәрібір. Қай тұрғысына барсаң да, еліңнің мұны мен мұқтажы мың батпан.

Жетелеу сұрақтары:

1. Құнабайдың: «Аздырарсың, сен бе! Аздырарсың!» - деген сөз мәніне назар аудару. Осы сөз әкенің балаға ашудан ғана туған сөзі ме?
 2. Екінші бағандағы Абай – Әбіш диалогінің мәніне ой салыңдар, Абай – Құнабай диалогімен салыстырыңдар.
 3. Жазушы Абай – Әбіш, Құнабай – Абай арқылы қандай мәселе көтерген?
- Проблемалық жағдаяттарды шешуде қарама – қарсы қайшылықты мәселелерді салыстыру, қатар қою, тың, қосымша деректерді алдарына жайып салу, әр түрлі пікірлерді мысалға келтіру сияқты тәсілдердің маңызы зор.

Проблемалық талдауда мұғалім оқушыларға шығармашылық жұмыстар жасатады, шағын пікірталас, танымдық-іздендіруші, зерттеу бағытындағы тапсырмаларды орындатады, қорыта айтқанда, білім берудің тиімді әдістерінің бәрін де пайдаланады. Бұдан шығатын қорытынды сөз еткен талдау түрлерін араластырып қолдануға болады.

Көркем әдебиетті оқытудағы басты мақсат оқушылардың жалпы ойын, әдеби білімін дамыту, оның бойына адамгершілік асыл қасиеттерді егу, эстетикалық талғамын арттыру. Біздің тапсырмаларымыз осы мақсаттарды көздеуге тиіс.

Шығарманы оқи білген, эстетикалық талдауға үйренген оқушы қандай күрделі қиын тапсырмаларды болсын орындай алады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қ.Бітібаева. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы, 1997.
2. Т.Ақшолоқов. Көркем шығармаға талдау жасау. – Алматы, 1983.
3. Қ.Байтанасова, С.Айтуғанова. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. Оқу құралы. – Астана, 2008.
4. Б.Керімбекова, Ғ.Отарбаева. Әдебиет сабағында қолданылатын тапсырмалар мен ойын түрлері: әдістемелік нұсқау. – Алматы, 2019.

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРҒА DAҒДЫЛАРДЫ MEҢГЕРТУДІҢ ЖОЛДАРЫ

Ж.Садыкова

№39 орта мектептің қазақ тілі мен
әдебиеті пәні мұғалімі

Қазақ елінің елдігін айқындап, мемлекетіміздің мерейін үстем ететін, халықты арманына жеткізіп, қажеттілігін қанағаттандыратын ұлтымыздың болашағы өскелең ұрпақ екені белгілі. Сондықтан жас жеткіншектерге заманға сай тәрбие мен білім беру-бүгінгі күннің өзекті проблемасы. «Жақсы мұғалім-мектептің жүрегі» -деп Ыбырай Алтынсарин атамыз айтқандай, проблеманың түйінін шешетін –жақсы мұғалім. Мұғалім күнделікті сабағын түрлі тәсілдер арқылы тиімді әрі қызықты етіп өте алса, оқушылар үшін үлкен жетістік.

Әлем елдері бойынша тілді меңгерту үшін төрт дағдыны қолдану –ең басты шарттардың бірі. Оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым дағдылары ең негізгі қарым-қатынас құралдары болып табылады. Бұл дағдылардың әрқайсысының өзіне тән ерекшеліктері бар. Осы дағдыларды меңгерту арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға болады. Грамматикалық білім тілдік дағдыны қалыптастыру барысында жүзеге асып отырады. Оқушылардың әдеби тіл нормаларын дұрыс және орынды қолдана білуіне үлкен мән беріледі. Ал лексикалық тақырыптар белгілі бір тақырыптар аясында оқушылардың сөздік қорын байыта отырып, сөздердің мағынасын түсінуге, мақсатқа сай орынды қолдануын жүзеге асырады.

«Баланы тілдің әр түріне машықтандырғанда белгілі жүйе қолданылсын. Жазу, оқу тыңдаудан, сөйлеуден соң келеді, соңғылар тәжірибеден соң келеді. Сондықтан әуелі баланың көрген-білгені туралы әңгіме құрып, сонан кейін оқуға, жазуға үйретілсін,»-деп Жүсіпбек Аймауытұлы айтқандай, алдымен оқушылардың тыңдалым дағдысын қалыптастыру маңызды. Қазақ тілі сабағында оқушыларды жас ерекшелігіне, білім деңгейіне, сабақ мақсатына сай бірнеше әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану арқылы сабақты қызықты етіп өткізуге тырысамын. Қазақ тілі сабағында тыңдалым дағдысын қалыптастыру-оқушылардың ауызекі сөйлеуді түсіну және қабылдау қабілетін дамыту үшін өте маңызды. Бұл дағдыны дамыту үшін оқушыларды тыңдау алдында не тыңдайтынын білуге және не іздеу керектігін түсінуге ынталандырамын. Мысалы, мақала тыңдау алдында оқушылар оның негізгі ойын немесе маңызды деректерін анықтау керек пе деген сұрақтарға жауап береді. Оқушыларды тыңдалым материалымен таныстырып, оның тақырыбын, авторды және жанрын табуды, диаграмма құру, оқиға тізбегін құру, негізгі ойды жазу, түсініксіз сөздерді белгілеу секілді тапсырмалар орындауды тапсырамын. Кейбір бөлімдерді қайтадан тыңдауға мүмкіндік беру арқылы оқушылардың түсінуін жетілдіріп отырамын. Тыңдалым дағдысын қалыптастыру үшін оқушыларға аудиокітап тыңдату, фильмдерден үзінді көрсету, музыка немесе онлайн платформаларды пайдаланамын. Бұл тыңдалым тапсырмалары оқушыларды пікіралмасуға, ауызекі сөйлеу дағдысын жетілдіруге көмектеседі. Сабақта бейнежазба қолдану – оқушылардың әр түрлі психологиялық белсенділіктерін, әсіресе, ынтасын арттыруға және есте сақтау қабілеттерінің дамуына ықпал етеді.[Л.Сейдазимова «Оқушылардың тыңдалым дағдысын дамытуда бейнежазбаларды қолдану жолдары»] Автор дұрыс ой қозғап отыр.

Шынында, тыңдалым оқушылардың сабаққа деген белсенділігін арттырып, мұқият тыңдауға дағдыландырады.

Қазақ тілі сабағында айтылым дағдысын қалыптастыру-оқушылардың ойларын ауызша жеткізу қабілетін дамыту үшін өте маңызды. Бұл дағдыны жетілдіру үшін диалог құру, рөлдік ойындар ойнату, әртүрлі тақырыпта пікіралмасу ұйымдастыру,шығармашылық тапсырмалар беруге болады. Мен сабақта диалог құру әдісін көбірек қолданамын. Оқушылардың бір-бірімен диалог құру дағдыларын жетілдіру-олардың тілдік қабілеттерін дамыту және сөйлесу мәдениетін қалыптастыру үшін керек. Оқушыларға әртүрлі рөлдерді ойнату арқылы, мысалы, дүкенші мен сатып алушы, дәрігер мен науқас, мұғалім мен оқушы т.б. рөлдік ойындар өз ойын жақсы айтуға мүмкіндік береді. Немесе түрлі көңілді ойындар «Сұрақ-жауап», «Кім көп біледі?», «Қалам-қалам» сияқты ойындарда оқушылардың айтылым дағдысын ерекше жетілдіруге болады. Диалог кезінде оқушыларға сөйлеу кезінде әдеп ережелерін сақтауға, мәдениетті сөйлеуге, бір-бірінің пікірлерін сын тұрғысынан талдауға және қателіктерін түзетуге мүмкіндіктер беруге, бір-бірін тыңдай білуге, түсіну дағдыларын қалыптастыруға талпынамын. Жоғары сыныптарда сөйлеу дағдысын қалыптастырудың ең керемет түрі-дебат. Дебат кезінде оқушылар өз ойын анық, дәлелді жеткізуге, сыни ойлауға, тақырыпты тереңінен зерттеп, өзіндік көзқарасын білдіруге, сұрақтар қойып, қарсы пікірлерді ескеру және оларға жауап беру керек. Дебат кезінде, ең маңыздысы, тақырыпты дұрыс таңдау керек. Өз позицияларын қорғауда ережелерді сақтау, уақытпен санасу, дұрыс сұрақ қоя білуді де ескеру керек. Дебат аяқталған соң, оқушылардың сөйлеу қабілетін, көзқарасын және аргументтерді қолдану дағдыларын бағалап отырамын. Осы әдістер арқылы оқушылардың бір-бірімен сөйлесу дағдыларын жетілдіруге, тілдік дағдыларын дамытуға және сөйлесу мәдениетін қалыптастыруға болады.

Қазақ тілі сабағындағы маңызды дағдылардың бірі-оқылым дағдысы. Ф.Оразбаева «Оқылым-графикалық таңбалар арқылы қағаз бетіне түскен сөздер мен тіркестердің мағынасы мен мазмұнын ой мен сананың нәтижесінде қабылдай отырып, сауатты, дұрыс, мәнерлеп, ұғынықты оқу және одан қажетті деректі түсініп, сұрыптап алу»-деген анықтама берген. Оқылым дағдысы арқылы оқушылар мәтінді және оның мазмұнын мен мақсатын, тілін түсінуге, негізгі ойды анықтауға және мәтіннің құрылымдық бөліктерін, мәтіннің стилі мен типін анықтауды, оқылған мәтін негізінде сұрақ құрастыруды, әртүрлі деректерден қосымша ақпаратты айқындауды және мәтіндерге салыстырмалы сараптама жасауды меңгереді. Оқылым дағдысының әр мақсаты жеңілден күрделіге қарай ұсынылады. Кітаптағы мәтіндерді оқи отырып, оқушылар екі мәтінге салыстырмалы талдау жасайды. Мәтіндердің формасы мен түріне, стилі мен жанрына, мақсаты мен мазмұнына, аудиториясы мен тіліне сараптама жасайды.

Оқылым дағдысын қалыптастырудың ең тиімді жолдарының бірі-балаларға қызықты әрі жеңіл оқылатын кітаптарды оқуға кеңес беріп, оқыған кітаптары бойынша түрлі іс-шаралар өткізу. Мысалы, өзім мектепте 9,10-сынып оқушыларынан оқырмандар клубын жасақтап, әр айда 1 кітап оқуды межелеп алдық. Сол кітаптар бойынша пікіралмасу, дебат, түрлі ойталқылаулар өткізуді жоспарлап отырмын. Бұл өз кезегінде оқушылардың кітап оқуға деген құштарлығын оятып, сөйлеу дағдысын жетілдіріп, ой-өрісін кеңейтеді. Кітап оқығаны үшін түрлі марапаттар немесе бонустар беру арқылы оқушылардың мотивациясын арттыруға тырысамын.

Жазылым дағдысы 4 дағдының ішіндегі ең күрделі әрі нәтиже көрсететін, өнім алатын дағдысы болып табылады. Жазылым дағдысы тақырыпты аша білу,грамматикалық

сауаттылық, өз ойын сын тұрғысынан дәлелдеу, қорытынды шешім шығарып, өз көзқарасын білдіру деңгейіне бағытталады. Ф.Оразбаева мен Р.Рахметованың «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» кітабында: «Жазуды терең меңгеру оның басты ерекшеліктерін білумен, оған дағдыланумен қатар, материалдың мазмұнын түсінумен, жазба жұмысқа автордың көзқарасын білумен байланысты»-дейді. Жазудың ерекшеліктерін оқушыларға түрлі тәсілдермен меңгерту маңызды. Жазу барысында жоспар құруды, әртүрлі мәтіндер құрастыруды, эссе жазу, мәтіндерді түзету сияқты коммуникативтік дағдыларды меңгеруі керек. Оқушы жоспар құрудан бастап, әртүрлі формада жазылған мәтінін өзі тексеріп, түзете алатындай деңгейге жетуі тиіс. Қазақ тілі пәнінің оқу бағдарламасында оқушы 5- сыныпта – 150 — 200 сөз, 6- сыныпта – 200 — 250 сөз, 7- сыныпта 250 — 300 сөз, 8- сыныпта – 300 — 350 сөз, 9- сыныпта – 350 — 400 сөз жазу керек делінген. Әр сынып бойынша осы белгіленген норманы жүзеге асыра алсақ, онда оқушылардың жазылым дағдысы дұрыс қалыптасқаны болып есептеледі. .

Жазылым дағдысын қалыптастырудың бірнеше жолдары бар. Идеяны жеткізе білуге қатысты дағдылар:

1. Стильді дұрыс таңдай білу;

2. Идеяларды жүйелі ұйымдастыра білу;

3. Мәтін түрлерінің ерекшеліктерін қолдана білу және мағынасын жеткізе білуде қажетті функцияларды пайдалана білу. Функцияларға баяндау, шағымдану, өтініш білдіру, алғыс айту, қысқарту (бірнеше сөздермен негізгі идеяларға тоқталу), қорытындылау жатады. Сыныпта белгілі бір жазылым тапсырмасын толық орындау үшін бірнеше қадамдар жасалады:

1. Әуелі жазғың келетін нәрсенің мақсатын анықтап алу (тақырып, идея, оқырман, стиль, жанр).

2. Ойынды дұрыс жеткізуді жоспарлау.

3. Шынай нұсқасын (өзгертілуі мүмкін жазылым түрі) жазып көру.

4. Түзету (қателерді түзету және мазмұнын толықтыру).

5. Тексеріп шығу (сауаттылыққа тексеру және түзеу).

6. Дұрыс нұсқаны (екінші немесе соңғы нұсқаны жазып шығу) жазу. Міне, осындай көптеген қадамдар арқылы жазу дағдысын меңгертуге болады. Қазақ тілі сабағында берілген мәтінге сүйеніп, «Қос жазба» күнделігін жазудың маңызы зор. Оқушы мәтіннен үзінді алып, соған түсініктеме беру арқылы жазуға үйренеді. Сонымен бірге сабақта эссе жазуға түрлі тапсырмалар беріледі. Көбіне дискуссивті эссе жазу ұсынылған. Бұл эссенің тиімділігі мәселеге екіжақты талдау жасайды. Сол нәрсенің мықты және әлсіз тұстарын, артықшылықтары мен кемшіліктерін салыстыра отырып талдайды. Бұл эссе оқушыларға сыни пікір қалыптастыруға, мәселені жан-жақты қырынан талдай білуге, өзіндік ой-пікір қалыптастыруға өте тиімді. Сипаттамалық эсседе оқушылар детальдар арқылы жер, зат, адам бейнесіне сипаттама береді. Сипаттай жазу арқылы оқушылардың тіл байлығы артып, сөздік қоры кеңейеді. Эссенің қай түрі болмасын жазылым дағдысын меңгеруге өте тиімді. Сондықтан сабақта эссенің бірнеше түрін қолдану арқылы оқушылардың жазу дағдысын жетілдіруге жұмыс жасаймын.

«Жан дүниесінде тіл үйрену басты жұмыс емес, жанама жұмыс болғандықтан, бала әуелі тәжірибеге талпынып, нәрсемен танысып, сонан кейін сол нәрсе туралы сөйлесін, тыңдасын, жазсын, оқысын, тілге үйренсін,»-деп Жүсіпбек Аймауытұлы айтқандай, оқушылар үшін айтылым, тыңдалым, жазылым, оқылым дағдысын меңгерудің маңыздылығы өте зор. Сондықтан қазақ тілі сабағында осы аталған 4 дағдыны меңгертіп, оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру- мұғалім үшін басты міндет. Өз міндетімізді

мүлтіксіз орындау үшін ерінбей ету керек. Сонда ғана талантты ұстаздан, дарынды шәкірттер шығатыны сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Л.Сейдазимова «Оқушылардың тыңдалым дағдысын дамытуда бейнежазбаларды қолдану жолдары
2. Ф.Оразбаева
- Р.Рахметованың «Қазақ тілін оқыту әдістемесі»
3. Үлгілік оқу бағдарламасы

ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУЫ

Б. З. Сейдина

Бастауыш оқыту педагогикасы мен
әдістемесі кафедрасының аға оқытушысы

А.Ермағанбетова, А. Бейсембай

Б.І. Алтынсарин атындағы Арқалық
педагогикалық институты

Бастауыш оқыту педагогикасы мен
әдістемесі мамандығының студенттері

Еліміздің әлеуметтік – экономикалық дамуының стратегиялық бағыттарына сәйкес білім беру жүйесін дамыта отырып, әлемдік білім кеңістігіне ықпалдастырудағы негізгі бағдар – адамды қоғамның ең маңызды құндылығы ретінде танып, оның рухани жан – дүниесінің дамуына, көзқарастары мен шығармашылық әлеуетінің, танымдық біліктілігі мен мәдени құндылықтарының бәсекеге қабілеті жоғары деңгейде дамуына, жеке тұлғасының қалыптасуына жағдай жасау.

Бұл міндеттерді жүзеге асыру еліміздегі мектептерде оқыту процесінің мазмұндық болмысын жаңа әдіснамалық тұрғыдан негіздеуді талап етеді. Мұндай жаңа әдіснамалық жүйе дәстүрлі оқыту процесін түбегейлі өзгертудің қажеттігін көрсетіп, оқытудың шығармашылық қызметін дамытып, білім мазмұнының ұлттық негізде берілуін жаңа өркениеттік бағдар тұрғысынан жетілдіруді қарастырады.

Білім берудің жаңа бағыттарының басты ерекшелігі – оқытудың нәтижесін алдын-ала болжап, оқушылардың қызығушылықтары мен ізденімпаздығы негізінде білімі мен біліктерін жетілдіріп, оны сана «сүзгісінен» терең зерделей отырып, шығармашылық әлеуетін үнемі дамытуға және рухани толысуға ұмтылысын қалыптастыруды бағдар тұтады.

Еліміздің әлемдік білім кеңістігіне бағдар алуының басты өзегі – 12 жылдық білім беруге көшу мәселесі көкейкесті тақырыпқа айналуда. Жаңа білім парадигмасы балаға оқу қызметінің субъектісі ретінде қарап, шығармашылық қызығушылықтары негізінде білімге құндылық бағдарын қалыптастыра отырып, танымдық және рухани қажеттіліктерін қанағаттандыруды және жан-жақты дамыған, шығармашыл жеке тұлғасын қалыптастыруды көздейді [1, 59 б.].

Білім беру процесін жаңаша ұйымдастыру оның философиялық, педагогикалық-психологиялық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін тереңірек қайта қарауды қажет етеді. Бүгінгі философтар мен педагог - ғалымдар білім беру саласында жаңа оқыту технологиялары мен әдістерін енгізумен ғана шектелмей, білім берудегі дүниетанымдық ұстанымдарды қайта қарау, рухани-адамгершілік құндылықтарға бетбұрыс жасау қажеттігін дәлелдеуде.

Білім беру саласындағы инновациялық процестердің күрделілігі мен қайшылықтары жаңа құбылыстармен әрекеттесу және жалпы орта білімді ізгілендірудің сапалы кезеңінде оқушылардың шығармашылық қызығушылығын қалыптастырудың мәселесін өзекті етуде.

Қазіргі кезеңдегі білім берудің жаңа парадигмасы жағдайында жеке тұлғаның шығармашылық бағыттылығын қалыптастыру - оқушының оқу-танымдық іс-әрекеттегі шығармашылық қызығушылығына тікелей байланысты. Шығармашылық қызығушылық – тұлғаның ізденімпаздық қабілет сапасын дамытудың негізгі өзегі болып табылады. Себебі өмірдегі құндылықтардың барлығы да жаңашылдық бағыттар арқылы ғана іс-әрекетке тұрақты шығармашылық қызығушылық нәтижесінде танылып, болашақта өміршең дамуына мүмкіндік алады. Сондықтан шығармашылық қабілеттің дамуына, оның рухани жетілуінде мәні терең, мотивациялық, білімділік бағдар құндылығы ретінде танылуының маңызы зор [2, 65 б.].

Оқу процесінде оқушылардың бағытталған оқыту технологияларын қолдану мен оны озық тәжірибемен сабақтастыра зерттеу – бүгінгі күн талабынан туындап отырған педагогика ғылымының маңызды міндеттерінің бірі. Осыған байланысты қазіргі кездегі білім берудің көкейкесті міндеті оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамыту болып табылады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында:

- жеке адамның шығармашылық, рухани және жеке мүмкіндіктерін дамыту;
- адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру;
- жеке басының дамуы үшін жағдай жасау арқылы, интеллектуалды байытумен қатар, әлемдік және отандық мәдениетінің жетістіктеріне баулу;
- қазақ халқы мен Қазақстан Республикасының басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрін зерделеу қажеттігі атап көрсетілген.

Осы орайда Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында, Елбасымыздың «Болашақ», «Дарын» бағдарламаларында, «Қазақстан – 2030» атты Қазақстан халқына Жолдауында, «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында» білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың басты принциптері ретінде жеке адамның білімділігін ынталандыру және дарындылығын дамыту, білім берудің дамытушы сипатын арттыру мәселелері айқындалып, басымды міндеттер қатарына қойылған [3, 276.].

Бұл міндеттерді жүзеге асырудың бір жолы – дидактиканың әртүрлі ұтымды әдіс – тәсілдерін пайдалану есебінен оқушылардың ой өрісінің даму деңгейін көтерудің, олардың ғылыми танымдық іс - әрекеттерін белсендірудің, оқуға, білім алуға ынталандырудың тиімді әдістемесін жасау болып табылады.


Оқу процесінде оқушылардың шығармашылығын дамытуды ғылыми тұрғыда негіздеу және оны іске асырудың педагогикалық жолдарын айқындау.

Оқушылардың әрбір жас кезеңдерінде, әсіресе, бастауыш мектеп кезеңіндегі психикалық даму ерекшеліктері – педагогикалық тәлім-тәрбиелік іс-әрекеттерді ұйымдастыру мәселелеріндегі толғандатын жәйт.

Психологиялық және педагогикалық әдебиеттерді талдау қабілеттің жалпы құрылымын практикалық түрде төмендегіше белгіленді.

Кесте 1

Қабілеттің жалпы құрылымы. Дамудың жағдайлары
Кендігі және бағытталғандығы деңгейі



Шығармашылық қабілетті қалыптастыруда балаларды психологиялық ерекшеліктерін немесе «қабілеттің белгілері» жайлы психологтар арасындағы көзқарастар түрліше. Ғылыми – әдебиеттердің сараптамасы негізінде шығармашылық қабілет дамуының сипаттамасын мына тұрғыда беруге болады.

Ақыл-ой, Жалпы қабілеттілік - Ақыл-ой коэффициенті 120 балдан жоғары;

- Ерекше есте сақтау;
- Ауызша түсіну және ойды нақты баяндау ;
- Сөйлеу шапшаңдығы, мол сөздік қор;
- Есептеуіш қабілеттіліктер;
- Ойлау өткірлігі(қабылдау жылдамдығы)
- Қабылдау кендігі (объектімен кең композициялар құру);
- Жүйелі білім құрылымы (ақпаратты өңдеу, анализ -синтез, индукция- дедукция);
- Аса жоғары тұрақталған көзқарас
- Байқағыштық;
- Когнитивті көзқарас.

Арнайы қабілеттілік - Академиялық (жеке пәндер бойынша жоғары нәтижелер);

- Лингвистикалық (тілді қолдану қабілеттігі);
- Қисынды –математикалық (объектілермен, символдармен, белгілермен жұмыс жасау);
- Кеңістік (үлгілермен, фигуралармен, суреттермен жұмыс жасау);
- Музыкалық (орындау, шығару);
- Жеке тұлғалық (өз сезімін басқара білу, ажырату, сараптама жасау)
- Шығармашылық - Мәселені түсінушілік (олардың танылуы, табылуы);
- Шапшаңдық (түрлі идеяларды генерациялаудағы шапшаңдық);
- Икемділік (мәселені шешу мүмкіндігіне жеңіл ауысу);
- Түпнұсқалық (объектіні дамыту, жаңа шешімдер, идеялар);
- Елестету (фантазия);
- Жоспарлау;
- Шешімдерді қабылдау;
- Шешімдерді жүзеге асыру, зерттеушілік белсенділік;
- Эмоционалды белсенділік;
- Сезіну;

Аналитикалық қабілеттіліктер (идеяларды бағалай білу дағдысы);

- Өзін-өзі дамыту;

- Түпнұсқалық шешімдерге жету

Оқушының істеген ісі мен әрекетін бағалап көрмей тұрып, оны сол іске қабілетті не қабілетсіз деп келіп айтуға болмайды.

Оқушының ақыл-ой өзгешеліктерінің жеке қасиеттерін жоғарыда көрсетілгеннің кез келгені адамнан табылатын шығармашылық қабілет жалпы қабілет деп аталады. Ақылдың орамдығы мен сыншылдығы, материалды еске тез қалдыра алу, зейінділік пен бақылағаштық, зеректік пен тапқырлық т.б. осы секілді ақыл-ой әрекетінде көрінетін өзгешеліктер жалпы шығармашылық қабілет болып табылады[4, 276.].

Шығармашылық қабілеттіліктің өлшемі – белгілі бір істің нәтижелі болып орындалуында. Шығармашылық қабілет адамның іс-әрекетінің белгілі бір түріне, өнер саласының біріне жарамдылығын жақсы көрсете алады. Белгілі бір істі үздік орындауға мүмкіндік беретін адамның әр түрлі жеке қасиеттерінің қиысып келуін, яғни адам қасиеттерінің синтезін шығармашылық қабілет деп атайды.

Қабілеттің дамуы мен қалыптасуына оқу мен тәрбие ерекше орын алады. Шығармашылық белсенділіктің даму барысы балалардың жас ерекшелік мүмкіншіліктеріне және іс-әрекет сипатына байланысты.

Білімдерді меңгерудің екі жолы бар, олардың әрқайсысынан таным процестерінің сипаты анықталады. Бір жолы жаңа білімді өз бетінше алуға әкеп соғатын іс-әрекеттің белсенді қалыптасуына бағытталған: баланың заттар арасындағы байланысты байқауынан бастап бұрын ешкімге танымал болмаған заңдылықтарды көрсету және алдыңғы өнер табыстарына дейінгі жаңа білім. Екінші жолы дайын бейнелер мен эталондарды меңгеруінде құрылатын қайта жаңғыру іс-әрекетіне бағытталған. Бірінші жағдайда шығармашылық продуктивті процесс туралы айтылады. Шығармашылық өлшемі ситуацияның жаңалығына, жаңадан қайта жасап шығару құралдары мен тәсілдеріне, алынған нәтиженің айрықшалығына байланысты болады. Оқушылардың шығармашылық қабілеттері сыртқы көріністері мен әртүрлі интеллектуалдық және жеке тұлғалық қабілеттіліктерінде түрліше көрінеді.

Қорыта келе, оқушыларының шығармашылық қабілетін қалыптастырудағы басты мақсат - қазіргі білім берудің жаңа парадигмасы жағдайындағы оқушылардың жеке тұлғалық

сапалық қасиеттерін дамыту, шығармашылық ойлауын дамыта отырып, заман талабына сай құзырлылығын қалыптастыру және рухани жан дүниесінің дамуына жағдай жасау. Сондықтан Егемен еліміздің келешегі жас ұрпақты тәрбиелейтін орта мектеп өзіне жүктелген әлеуметтік міндетті атқару үшін ондағы игерілетін білім мазмұны, білім берудің түрлі жолдарын бүгінгі талапқа сай жаңартуға ұмтылуы заңдылық. Оқыту процесінде оқушыларының шығармашылық қабілетін дамытуда білім берудің жаңашылдық сипатына сәйкес, білім мазмұнын, ұйымдастыру формаларын, технологияларын, оған қатысушы субъектілердің бағытын, білімдік ортаны өзгерту арқылы ғана мүмкін болады деген тұжырым жасадық.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сардарова Ж. Жаңа ақпараттық технологияның шығармашылық қабілет дамытудағы рөлі // Бастауыш мектеп №1 /
2. Қадірова Б. Оқушылардың шығармашылық әрекетін дамытудың кейбір ғылыми-педагогикалық проблемалар // Бастауыш мектеп №2 /
3. «Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы». ҚР. «Білім туралы» заңы // Егемен қазақстан 17.08.2007
4. Қамзақов Е. Бастауыш кластардағы оқу-үрдісінде оқушылардың қабілетін арттыру арқылы дамыта оқыту // Қазақстан мектебі №2/2002.

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДАҒЫ ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Б.З.Сейдина

Бастауыш оқыту педагогикасы мен
әдістемесі кафедрасының оқытушысы

Ж.Айбарқызы

А.Ермағанбетова


Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық
педагогикалық институты
Бастауыш оқыту педагогикасы
мен әдістемесі мамандығының студенттері

Бүгінгі таңда педагогика дәстүрлі оқытудан гөрі, жаңа заман талабына сай сандық білім беру кеңістігінде оқытуға көшіуде. Қазіргі кезеңдегі білім беру саласын цифрландыру – Қазақстан Республикасы экономиканың қарқындап дамуына түбегейлі жаңа жолға түсіру арқылы болашаққа үлес қосып отыр.

Осыған байланысты білім беру цифрландыру – мектептен бастап барлық білім алатын азаматтарының білім алу деңгейінде білім беру жүйесіндегі технологиялық жаңғырту мен жақсартуға бағыттай отырып бастауыш сыныпта оқытудың жаңа цифрлық мазмұнын жетілдіруге жағдайлар жасайды. Бастауыш сыныпта қазіргі қоғамдағы цифрлық білім беру технологияларының ерекшеліктерін әдістемелік білім негіздерін, принциптері мен дамуына әсер етуші факторлары, цифрлық оқытудың формалары мен құзіреттілігіне талаптарды айқындау.

Бұл цифрландыру принципі білім беру, оқыту жүйесінде, құзіреттілікті қалыптастыруға әсер етеді. Өйткені баланы оқыту мен білімге деген уждеу жүйесі мен еңбекті ұйымдастыру өзгереді. Қазірге заманғы білім беру жүйесінде қоғамның қажеттілігін талап ететіндей жаңа технологияларды енгізу, бүгін ертең не қажет болатынын үйрету қажет.

Сондықтан бастауыш сыныптан бастап білім беру жүйесінде негізгі рол беріледі, білім беру процесін цифрландыру бір жағынан білім беру процесі цифрландыру бір жағынан білім беру процесі мен экономикалық, цифрлық технолоиялар мен білім беру процесінде пайдаланатын құралдарының екінші жағынан қарама – қарсы өзгеруін білдіреді



Сонымен қатар, білім беруді цифрландыру білім берудің ашықтықтағы мен үздіксіздігін, дараландырылған көзқарас, өздігінен білім алу ме өзін – өзі оқыту мен ақпараттандыруды бекітетін білім беру праграмасының өзгертуіне алып келеді. Сондықтанда білім беруді цифрландыру «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасында көрініс тапты. Осыған байланысты мектептен бастап оқушылардың білім алуын ақпараттық қоғам жағдайында өмірге дайындауға, осы қоғамда табысты әлеуметтену қабілетін қалыптастыруға бағытталған міндеттер ерекше өзектілікке ие болады[1, б. 14]. .

Бүгінде рухани жаңғырту жаңа гуманитарлық білім қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулықтағы Элен Битэм мен Рона Шариптің педагогиканы цифрлық дәуірде қайта зерделеу ХХІ ғасырдағы оқыту дизайнында «Білім алу дегеніміз – дамып отыратын құбылыс, ал білім алушылардың ұғымдарды түзуі әрдайым оқиғаға дейін немесе кейін болуына қарамастан, оларды көрсетудің кез келгке талпынысынан жоғары дәрежеде болады». Оқудың кез келген деңгейінде дәлме - дәл көрсетіп таныстыру ретіндегі дизайнды идеясынан өзгешелігін – оқытуға арналған дизайнды дығдылар жүйесін дамыту ретінде қарастыру қызықтырақ болар еді. Оқушылар барғансайын күрделене түсетіннемесе анықталмаған жағдайларда түрлі тапсырмаларды орындау тәжірбесін игереді.

Оқытушылар оқушылардың түрлі тұғырларды сынап көргеннен кейін тапсырманы тереңінен ұғына бастайтынын түсінеді[2, б. 297]. Түрлі пәндер жобалық ойлау мен әдістің түрлі қырларына – ақпараттық дизайнға, визуалдық дизайнға, риторикалық дизайнға, зерттеу дизайнына, оқу кеңістіктері мен виртуалды орталар дизайнына – білім беру әдістеріне қосылатын үлес ретінде қарастырылуы мүмкін. Жақын арадағы немесе кейінгі болашақтағы бұлынғырлыққа тап бола отырып, біз білім алушылар әлдеқайда орнықты болса, яғни олардың қолданысында мүмкіндіктердің кең қатары болса немесе академиялық тәжірибе мен кәсібей практикаға тығыз байланысты және цифрлық тәжірибенің, соның ішінде жоғарыда аталған оқытудың дәстүрлі және цифрлық формалардың тоғысқан тұсында жасаған еңбегінің нәтежесінде менгерген қабілеттерді болса, оларға әлде қайда жеңіл болады деп үміттенеміз. Оқушыларға бұлынғырлықты тудыратын және назар аударуға тұрарлық жауаптар жиынтығының қалыптасуына ықпал ететін тапсырмалар, бағдарламалар және орталар жақсы қызмет етеді. Бастауыш сынып оқытушыларына да біршама тұрақты, білімді және білім берудің жаңа жүйесін түзетін түрлер салаларға сай көпбейінді болуға тура келеді. Кәзіргі жағдайда бастауыш сынып оқушыларға жай кітапті оқу қызықтырмайды. Оқушыларды қызықтыру мәселесінде әр пәнге сай заман талабына бағыттай отырып тапсырмаларды компьютерленген немесе видео, QR, везуалды тапсырмалармен т.б бағыттқа ыңғайлау жәнет белсенді дамыту. Яғни бастауыш сынып сабақтарында цифрлық технологияларды қолдану ерекшелігін бағыттау.

Қазіргі заманғы оқытушылардың цифрлық технологиялар бойынша өткізілетін сабақтарға қойылатын негізгі талаптар мен кезеңдерге бөлініп қарастырылады: Мысалы; дидактикалық, дамытушылық, тәрбиелік, гигиеналық, психологиялық, ұйымдастырушылық талаптар мен сондай – ақ, I кезең сабаққа алдын ала дайындық. Күнтізбелік жоспар, негізгі және қосымша әдебиеттерді, әдістемелік және көркем шығармашылар, оқытушы оқушылармен басымдылығымен жұмыс жасау. II кезең пән бойынша тақырыпты сабақ жоспарын жасау заман талабына сай орындату[3, б. 106].

Әдістемелік талапқа аталынған барлық талаптардың жиынтығы жатады. Оқытушы оқудың әдіс – тәсілдерін біліп қана қоймай, тиімді пайдаланғанда ғана оқушылардың білімге құштарлығын тудырып, терең түсінгенін қамтамасыз етеді.

Бұл білім алушылардың да, оқытушының да бір орында ұтқырлықты және байланысты қамтамасыз етеді.

Электронды білім беру ресурстарын енгізу білім алушылар мен оқытушыларға оқу материалдарының кең таңдауына қолайлы мүмкіндік береді.

Сондықтан табысты цифрлық экономика мен білім беруді құру еліміздің ғана емес, бүкіл әлемнің мемлекет саясатының маңызды басымдықтарының бірі боып табылады. Бүгінгі таңда цифрлық білім беру үрдісінде цифрлық технологияларды мектепте бастауыш сыныптар арасында тиімді енгізу үшін цифрлық білім беру өз принциптеріне ие. Білім беру процесін цифрландыру заманауи жағдайларға және білім беру процесінде енгізілетін техникалық құралдарға қалыптасатын білім беру процесінің екі жақты өзгеруін білдіреді.

Білім беру процесін түбегейлі өзгертудің мақсаты ең тиімді бастауыш сыныпта қазіргі қоғамдағы цифрлық білім беру технологияларның ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін қолдану болып табылады.

Өз кезеңде, бәсекеге қабілетті бастауыш сынып оқушыларына білім беру саласындағы технологияларды дамытудың мақсаты қойылған оқытушылардың міндеттері бойынша ыңғайлы шешу болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сағалиева Ж.К Білім беру кеңістігіндегі цифрлік педагогика. Алматы, 2020.- 14 б.
2. Элен Битэм мен Рона Шариптің педагогиканы цифрлық дәуірде қайта зерделеу ХХІ ғасырдағы оқыту дизайнында. Астана, 2019. - 297б
3. Бөрібаева Ф.Б. Жанатбекова Н.Ж Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар Алматы, 2014 -106 б.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ЕКІНШІ ТІЛ РЕТІНДЕ ОҚЫТУДАҒЫ КОММУНИКАТИВТІК ТӘСІЛДЕРДІҢ РӨЛІ

А.Ж.Сисенбай

Х. Досмұхамедов атындағы
Атырау университеті

Қазір заман талабы мен Қазақстан Республикасының ұстанып отырған саяси бағытына байланысты бірнеше тілді меңгерудің маңызы жоғары. Қазақстан – көпұлтты мемлекет. Мемлекетімізде тұрақты жұмыс істеу үшін шетелден келіп, қоныстанып жатқан өзге ұлт өкілдерінің де қатары көп. Елімізде тұратын, қандай да бір себептерге байланысты орныққан өзге ұлт өкілдері де мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін оқуы, білуі тиіс. Сондықтан қазақ тілін оқыту әдістемесін үздіксіз жетілдіру керек. Жалпы осы мәселе жөнінде жасалған жұмыс көп, зерттеулер де күн санап көбейіп жатыр. Демек, «Ана тілі саналмайтын өзге тілді қалай үйрету керек, қандай әдіс-тәсілдерді қолданған дұрыс?» деген сұрақ тек қазақ тіл білімін зерттеушілерді емес, әлемдік тіл мамандарын да толғандырады. Соның нәтижесінде, қазір «оқу қазақ тілінде жүргізілмейтін мектептердегі қазақ тілі» деген ұғым қолданысқа енді. Республикадағы барлық мектептің тәжірибесіне сүйенер болсақ, бұл ұғым этникалық қазақтарға да, өзге ұлт өкілдеріне де бірдей қолданылады, оқытылу бағдарламасы да бір екенін аңғарамыз.

Жалпы Қазақстан Республикасындағы тіл саясатына байланысты құжаттарға көз жүгірте отырып: «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Мемлекеттік тілді меңгеру – Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы және қазақ халқын топтастырудағы маңызды фактордың бірі» [3], - деп жарияланған 1997 жылғы 11 шілдедегі №151 Заңының 6 тарау, 4 бабынан бастап, одан кейінгі тіл туралы заңнаманың барлығына ортақ дүние – тіл қолданысындағы қазақ тіліне берілетін басымдық екенін ұғуға болады. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Тіл Туралы Заңының 3 тарау, 16 бабында тілдің білім саласындағы орны былай қарастырылған: «Елімізде бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімді мемлекеттік тілде, орыс тілінде, ал қажетіне қарай және мүмкіндігі болған жағдайда басқа да тілдерде алууды қамтамасыз етеді. Білім беру ұйымдарында мемлекеттік тіл мен орыс тілі міндетті оқу пәні болып табылады және білім туралы құжатқа енгізілетін пәндер тізбесіне кіреді». Қазақстанның Ел бірлігі доктринасында да ұлт бірлігін нығайтушы негізгі фактор ретінде мемлекеттік тіл мен оның аясын кеңейту мәселесі аталады да, оны білу әр қазақстандықтың қоғамға белсенді араласуына стимул беретін құралға айналуы керек екені айтылады [4]. Десе де, Қазақстан Республикасы көпұлтты мемлекет болғандықтан, аталған ерекшеліктер мен басымдықтар өзара түсіністік пен толеранттылық шеңберінде жүзеге асуы тиіс. К.Исенғалиева мен Г.Исмуханова есімді ғалымдардың: «Шет тілі деп бөтен елдің тілін не сырттан енген тілді айтамыз. Қазақстанда туған азаматтар мен этникалық қазақтар үшін қазақ тілі шет тілі ретінде қарастырыла алмайды. Сәйкесінше, қазақ тіліне «екінші тіл» деген анықтама береміз» [5], - деген сөзіне сәйкес, қазір мемлекеттік тіл қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде бірінші сыныптан бастап екінші тіл ретінде оқытылып келеді. Екінші тілді адамның саналы түрде арнайылап меңгеруі қажет екенін ескерсек, мектеп оқушыларын оқыту барысында әртүрлі әдіс пен тың стратегиялар қажет. Профессор Ж.Т. Дәулетбекова өзінің «Жаһандану және білім: қазақ тілін оқытудың жаңа бағыттары» деген мақаласында осы мәселені ашып көрсетеді де, қазақ тілін оқытуды мемлекеттің даму стратегиясымен бірге қарастырудың керек екенін айтады. «Тәуелсіз мемлекетіміз бәсекелестікке бейім елге айналуы мақсат еткендіктен, қазақ тілін оқыту жүйесі де бәсекеге бейім тұлға қалыптастыруға ден қоюы тиіс. Тілді меңгерту үдерісін ұлттық мүддемен жақындастыру ғана тілдік білімнің мемлекет дамуындағы стратегиялық рөлін күшейтеді, оның көптілді меңгерген тұлға дайындаудағы мәнін тереңдетеді. Екіншіден, тілді оқытуды белгілі бір пәндік дағдыларға емес, білім алушының тұлғалық қабілеттерін дамытуға бағыттау. Үшіншіден, тілді оқытуда жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға басымдылық беру. Мұндай нәтижеге қол жеткізу білім білім үшін емес, білім білік қалыптастыру үшін берілгенде мүмкін болады. Бұл тенденцияның түпкі негізінде қазақ тілін грамматиканың «бұғауынан босатып», оны оқытудың коммуникативтік бағытын күшейту мәселесі жатыр [6, 20] », – деген ғалым сөзіне сүйене отырып, сынап секілді сырғып бара жатқан уақыттың артынан ілесе ерген қазақ тілінің күнделікті қолданылуының басты кілті – коммуникативтік тәсілдерде деп білемін. Осы негізде Ахмет Байтұрсынұлының: «Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түйін түйгенінше айтуға жарау» [7], - деген пікірі тілдің маңызы мен қызметін анық ұғындырады. қызметі жайлы, атқаратын миссиясы жайлы дөп басып түсіндіреді. Дегенмен аталмыш функциялардың барлығы тең орындалуы үшін тұлғаның дұрыс сөйлеуі және қоғаммен қарым-қатынас жасай алуы маңызды рөлге ие. Сәйкесінше, коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру – қазіргі білім берудің алдыңғы қатарлы маңызды міндеттерінің бірі. Коммуникативтік құзыреттіліктің негізінде бірыңғай

мақсатқа біріккен түбегейлі қағида жатыр: ауызша және жазбаша тілдесу дағдыларын еркін игеруге бағытталған негізгі қабілеттер мен дағдыларды дамыту. Осыған байланысты, оқу процесіне әр оқушының қабілеттерін ашуға бағытталған жаңашыл тәсілдерді енгізу қажет.

Оқу бағдарламасына сүйенген сабақтардың жүйелілігіне қарамастан, қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде қазақ тілін екінші тіл ретінде оқитын оқушылардың тілді толық меңгеріп шыға алмауы жиі ұшырасады. Оның бірнеше себебі бар. Оның ең негізгісі – оқушылардың сіңірген білімін сабақ аясында ғана пайдаланып, күнделікті тәжірибе ретінде қолданбауы. Мысалы оқушы кітапта берілген тапсырмаларды, үй тапсырмаларын тыңғылықты түрде орындайды, грамматикалық тұрғыда да білімі бекем, тек тіл арқылы қарым-қатынасқа қол жеткізе алмайды. Бұл мәселенің себебі – оқушыларға арналған оқу мазмұнының күнделікті тіршілік пен шынайы өмірден алшақтығында жатыр. Оған қоса, цифрлық технологиялардың толығымен қазақ тіліне өте қоймағаны, қоғамдық орындардағы қазақ тілінің қолданылу деңгейінің төмендігі бар. А2 деңгейін оқып жүрген оқушы сабақта теориялық материалды тиянақты меңгерсе де, қырық минуты аяқталғасын, өзге пәндерін орыс тілінде оқиды, орыс тілді ортамен байланысады, қоғамдық орынға барса да, орыс тілді ортаға тап келеді, ақырында, оқушы мүлдем қазақша сөйлемейді. Сонымен қатар, қазақ тілін екінші тіл ретінде меңгеріп жүрген өзге тілді оқушыларға эмпатияның болмауынан, психологиялық тұрғыда оқушы «Қате айтып қойсам ше?», «Қазір бәрінің мазағына қалсам ше?» деген қалыпты таптаурынға шырмалып қалады. Ораним және Хайф университеттерінің профессоры Пенни Ур өзінің «Тілдерді оқыту курсы» деп аталатын еңбегінде «Тіл үйретудегі төрт дағдының ішінде сөйлеу арқылы үйрену маңызды рөл атқарады. Себебі тілді білетін адамдарды сол тілде сөйлейтіндер деп атаймыз. Сөйлеу – тіл білудің барлық түрлерін қамтиды және үйренуге жеңіл» [8], - деп жазған. Осы ойды түйіндей келіп, оқушыға коммуникативтік әдіс-тәсілдер арқылы тіл меңгертсек, ұтылмайтынымызды анық айтуға болады.

Әлемдік тіл үйрену тәжірибесінің әдістемелеріне назар салатын болсақ, коммуникативтік тәсілдердің қолданылу аясы кең, беделі жоғары. Ол қарым-қатынас жасай білудің шама-шарқына негізделеді. «Әдістеменің нысаны – тірі, сөйленістегі тіл. Ол білім алушының ерекше белсенділігін қажет етеді» [9]. Коммуникативтік әдістің бар мәні мен болмысы – қарым-қатынасқа шынайы атмосфера мен табиғи жағдай жасау. Сол арқылы білім алушы меңгерген теориялық білімін практикада қолдануға мүмкіндік алады. Тілді коммуникативтік тұрғыда қолдануға деген қажеттіліктің күн санап артуына сәйкес оны жүзеге асыратын әдістердің де саны толығып жатыр. Әсіресе, шынайы коммуникацияны туындату тәсілі ретінде диалогтік оқытудың мәні зор. Педагогика ғылымдарының докторы, академик Инесса Бим диалог туралы: «Екі немесе одан да көп адамның сөз алмасу арқылы тікелей байланыс жасау процесі» [10], – деп тұжырымдама жасаса, тіл үйрену саласының маманы, неміс ғалымы Вольф Бухбиндер: «Диалогтік сөйлесу адамдардың тікелей қарым қатынас жасай отырып, кез келген нәрсені талқылауы мен пікір алмасуына негізделген сөйлеу түрі», - дейді. Сонымен диалогтік сөйлеу дегеніміз ауызша қарым-қатынас, яғни адамдардың бір-бірімен кезекпен тілдесуі. Диалогтік сөйлеу арқылы оқытуды бастауыш сынып оқушыларынан бастап, жоғары сынып оқушыларын да қызық әрі тиімді оқытуға болады. Диалогтік оқытудың түр-түрі бар. Олар: оқушылар мен мұғалім арасындағы ашық әңгімеге негізделген интерактивті әңгімелесу, сабақ барысында өзекті тақырыпты талдап, оған екі жақты пікір білдіретін әңгіме-дебат, дайын жауапқа қарағанда оқушыларды өз ойларын қайта қарауға және жаңа білімді өз бетінше табуға ынталандыруды көздейтін соқраттық диалог,

проблемалық диалог, идеяларын ортаға салатын оқу диалогы, шынайы өмірде орын алатын жағдайларға бейімделуге ықпал ететін рөлдік диалог, жұптық диалог, топтық диалог.

Оқу бағдарламасына сай қазақ тілі пәнінің тілдік мақсатына негіздеп, фонетика, морфология, синтаксис, лексика сынды салаларын оқытқанда тақырыпқа сай неше түрлі әдіс-тәсілдер арқылы, шеберлік пен креативті тоғыстырып, грамматикалық ойындарды енгізуге болады. Мәселен, фонетика саласын меңгеру барысында «Ең тапқыр» деген ойынды ойнатуға болады. Тапсырмаларын өзгертіп, баланың жас ерекшелігі мен деңгейіне сай ыңғайлауымыз керек. Мысалы

1. Тек Т әрпінен басталатын қалаларды тізіп жазуды ұсыныңыз. Оқушы «Тараз, Түркістан, Талдықорған» деп жалғастырып әкетуі қажет.
2. Тек ә, ы, ө дауысты дыбысы бар сөздерді тауып жазсын. Мысалы Ә - әлем, Әділгерей, әрекет; Ө - өрмек, өлең, өрік; Ы - ысырап, ыдыс, ырым.
3. Қай жағынан оқыса да мағынасы өзгермейтін сөздер ойлап жазуын сұраңыз. Мысалы қазақ, қырық, ана.

«Жалғыз дыбыс қалады» ойыны. Ойынның шарты бойынша, белгілі бір оқушы бір дыбысты атап, сол дыбыстан ғана басталатын толық әрі күрделі сөйлем жазып шығу. Нәтижесінде «Талғат таңертең тұрып, түндегі түсі туралы толғанды», «Қанат қалаға қайтарда қойларын, қозыларын қадағалады» деген сөйлемдер шығуы тиіс. Сол секілді «Адасқан сөздер», «Адасқан дыбыстар», «Адасқан әріптер» деген ойынның да оқушының қызығушылығын арттыратын әрі сабақтағы белсенділігін күшейтетініне сенімім мол. Оған қоса, «Кім жалғастырады?» ойынын атап өтуге болады. Тақтаға балалар осы күнге дейін оқыған өлеңдерінің немесе мақалдарының екі-үш сөзі ғана жазылады да, оқушылар тауып, мақалды не өлеңді толығымен айтып шығуы керек. Мысалы

1. «Ғылым таппай... Орын таппай...»;
2. «Көп... Терең...»;
3. Тіл тас ... Тас жармаса, ...».
4. Адам көркі – ...».

Мұғалім мен оқушы арасындағы диалогты қалыптастыру мақсатында ойнатылатын «Кім бірінші?» ойынын қарастырайық. Ойын жаңа сөздерді бекітіп, қайталауға, оны қолдана білуге көмектеседі. Оқушылар қатарға тұрады. Мұғалім бір сөзді айтып, оқушылардан сол сөзге байланысты сұрақ құрастыруын сұрайды. Әрбір дұрыс құрасырылған сұрақ үшін оқушы алға бір қадам жасауы керек. Кім бірінші мұғалімге жетсе, сол жеңімпаз болмақ. Сонымен қатар, «Не жоғалды?» ойынының коммуникативтік маңызы зор. Үстелге бір тақырыпқа қатысты саны алтыдан аспайтын суретті жағдаятты жайып қою керек. Балалар суреттегі оқиғаларды атап, есінде сақтауы тиіс. Мұғалім оқушылар көздерін жұмған сәтте бір суретті жасырады да, жоғалған суретті айтуын сұрайды. Оқушы «Автобустағы баланың әжеге орын ұсынып жатқан бейнесі жоқ» деп түсіндіре жауап беруі керек.

Мұғалімнің бір сабақ бойы түгелімен қазақша сөйлеп, сол арқылы оқушы мен мұғалімнің тікелей қарым-қатынас жасай отырып, тіл үйренуіне мүмкіндік беруі де пайдалы әдістің бірі. Бұл әдіс мұғалімнің балаларға сабақты бұрыннан таныс, жеңіл сөздерді пайдаланып, мимика, қимыл-әрекеті, нұсқау арқылы, кез келген көркемдік құралдардың көмегімен (бейнеролик, аудиожазба, суреттер, плакаттар) түсіндіруі тұрғысында жүзеге асады. Сол арқылы балалар тіл үйрене отырып, өз мемлекетінің мәдениетімен, географиясымен, тарихымен терең танысады. Келесі әдіс – жұптасып диалог құру. Оқушылар өздерінің сөйлеу шеберлігін сынап көру үшін әрі бір-бірінің қатесін түзеп, сөйлеуге машықтануы үшін осы

әдісті қолданады. Балалар әр түрлі тақырыптар мен сұрақтарды өз арасында талқылау арқылы сыныптастарына өз ойын дұрыс жеткізуге, сөйлем құрауға көмектеседі. Диалогтік оқытудағы сапалы әдістердің бірі – қызықты ертегілерді, өздеріне таныс мультфильмдердегі, фильмдердегі, әсіресе, қазақ әдебиеті туындыларындағы диалогтерді рөлге бөліп айту, кішігірім қойылымдар, күнделікті орын алатын оқиғаларды сахналау. Бұл ойындардың басты міндеті - сөйлеу қабілетін дамыту. Мұндай әдіс тіл үйренудің алғашқы кезеңдерінде өте тиімді. Оқушылар арасында түрлі оқиғаны рөлге бөліп ойнату сөздердің қимыл-қозғалыс арқылы жылдам есте сақталуына әрі баланың сабаққа деген құлшынысының артуына жағдай жасайды.

Баланы ойнатып, сол арқылы ойландырып, тәрбие беру – шын ұстаздың қолынан келетін дүние. Ойын тек қызық қуудың құралы емес, оның дамытуға да қосар үлесі мол. Бұл кезде үлгерімі жақсы білім алушы ілесіп, белсенділігі төмен оқушы кенде қалып қоймайды. Жақсы оқушы мүмкіндігіне дейін дамып, нашар оқитын оқушы өз мүмкіндігінше ойындарға, сұрақтарға араласып, өз үлесін қосып отырады. Кез-келген ойын түрлерін сабақта меңгерту барысында қолданғанда оқушыларда қандай да бір әрекет пайда болады, бала дүниетанымы кеңейеді. Білім алушының ой-өрісі кеңейіп, пәнге қызығушылығы артуы да әбден мүмкін.

Аутентті материалдар арқылы оқыту да қазір екінші тілді оқытудағы заманауи әрі тиімді әдістердің бірегейі ретінде кеңінен қолданыла бастады. Бұл әдістің негізгі ерекшелігі – оқу үдерісінде күнделікті қолданыста жүрген материалдарды пайдалану арқылы тіл үйренушілерді тілдік ортаға жақындату. Аутентті материалдар ретінде газет-журнал мақалалары, телебағдарламалар, фильмдер, радио хабарлар, қоғамдық жарнамалар, әлеуметтік желілердегі жазбалар, әндер, подкасттар, және басқа да материалдар қарастырылады. Олар тілді оқыту әдіснамасында тілдік қарым-қатынастың коммуникативтік қырын күшейтеді. Бұл әдіс негізінен дәстүрлі, тек оқу бағдарламасына негізделген мәтіндер мен жаттығуларға қарағанда, тілдің нақты қолданылу контекстіне бағдарланған. Осының нәтижесінде аутентті материалдар әдісі оқушылардың тілдік біліктілігін қалыптастырып қана қоймай, олардың мәдениетаралық құзыреттіліктерін де дамытуға ықпал етеді, оқушыларға нақты тілдік контексте сөздерді, фразаларды және грамматикалық құрылымдарды үйретеді. Сонымен қатар, аутентті материалдар әдісі тіл үйренушілердің қызығушылығын оятып, оқуға деген құштарлығын күшейтеді. Себебі күнделікті қолданыстан алынған материалдар оларға тілді қалай қолдану керектігін көрсетеді және тілдің өмірдегі маңызын сезіндіреді және тек тілдік біліммен шектелмей, тіл тасымалдаушылардың мәдениеті, салт-дәстүрлері, әлеуметтік нормалары туралы да ақпарат береді.

Коммуникативтік әдістер туралы сөз қозғаған кезде тыңдау туралы да айтпай өтуге болмайды. Тыңдай білуге дағдыландырудың да тіл дамытуда берері мол. «Сөйлеу – өнер, тыңдау – мәдениет» [11], - деген Д.С. Лихачевтың пікірі дәп айтылған. Қарым-қатынас тек біржақты белсенділіктен тұрмайды, сол секілді коммуникативтік әдістер де тек сөйлеуге ғана негізделмейді. Тыңдау ақпаратты қабылдауды жеңілдетеді, адамдар арасында байланыс орнатуға ықпал етеді. Тыңдауды үйрену қарым-қатынас жасау қабілетін дамытады, өйткені қарым-қатынаста бірінші қадам басқаны түсінуге ұмтылу болса керек. Әдіскерлер тыңдауға үйретуді күрделі және көпқырлы педагогикалық үдеріс дей келе, оның жалпы ережелерін жіктеп көрсетеді:

1. Когнитивтік процестерді белсендіру арқылы тыңдау дағдысын дамыту. Тыңдау үдерісі тек ақпаратты қабылдау ғана емес, сонымен қатар оны өңдеу және интерпретациялау әрекеттерін де қамтиды. Балалардың тыңдау қабілетін қалыптастыру үшін олардың когнитивтік белсенділігін ынталандыру қажет, яғни

қазақ тілінде берілген ақпаратты барынша түсінуге тырысу, оның маңызын бағалау қабілеттерін жетілдіру маңызды.

2. Психологиялық жайлылықты қамтамасыз ету. Балалардың тыңдау үдерісіне толыққанды қатысуы үшін олардың психологиялық қауіпсіздігі мен жайлылығы қамтамасыз етілуі тиіс. Бұл педагогтың эмоционалдық қолдауы арқылы жүзеге асады, себебі балалар тыңдау кезінде өздерін еркін сезінгенде ғана ақпаратты дұрыс қабылдай алады.
3. Вербалды және вербалды емес коммуникативтік сигналдарды ажырату қабілетін қалыптастыру. Тыңдау барысында балалар тек ауызша ақпаратты ғана емес, сонымен қатар сөйлеушінің ым-ишарасы, бет-әлпетінің өзгеруі сияқты вербалды емес белгілерді де дұрыс түсінуі қажет. Бұл аспект тыңдау қабілетінің кешенді дамуына ықпал етіп, коммуникацияның толыққандылығын қамтамасыз етеді.
4. Концентрация және зейін шоғырландыруды жүйелі түрде дамыту. Балалар тыңдау барысында ақпаратты үздіксіз және тиімді қабылдау үшін зейінін ұзақ уақыт бойы шоғырландыра алуы тиіс. Оқыту барысында мұғалім балалардың зейінін жаттықтырып отырудың қажеттілігі жоғары.
5. Рефлексивтік қабілеттерді қалыптастыру. Тыңдау процесінің нәтижелілігі баланың алған ақпаратқа деген рефлексиясымен, яғни өз ойлары мен түсінігін қайта бағалап, қорытынды жасай алуымен тығыз байланысты.
6. Мазмұнды құрылымдау және мағыналық блоктарға бөлу дағдысы. Күрделі ақпаратты тыңдағанда, балалар ақпаратты құрылымдап, оны мағыналық блоктарға бөліп қабылдай білуі керек. Бұл ақпараттың қабылдануын жеңілдетіп қана қоймай, оның есте сақталуына да оң әсер етеді.

Жоғарыда аталған ережелер балаларды тыңдауға үйрету үдерісінде педагогтардың тиімді жұмыс жасауына, сондай-ақ балалардың тыңдау дағдыларын қалыптастыру мен жетілдіруіне, сол арқылы тілді коммуникативтік тұрғыда меңгере білуіне ықпал етеді. Өйткені жазылымның, айтылымының, оқылымның тапсырмаларын орындап, оларды тиімді меңгеруде алдымен тыңдай білуді үйрену қажет.

Қорыта айтқанда, қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту мұғалімдерге орасан зор жауапкершілік жүктейді. Осы тұста А.Байтұрсынұлының: «Мұғалім әдісті көп білуге тырысуы керек. Оларды өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдануы керек» [12], - деген сөзі ойға оралады. Жүктелген жауапкершілікті озық әдістеме үлгілерін оқып, әлем елдерінің тәжірибелерімен таныса отырып, ұтымдысын қолданғанда ғана арқалап алып шығуға болады. Себебі бұл сала әлі де зерттеуді қажетсінеді, сәт сайын жаңашыл, замауи әдіс-тәсілдерді талап етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

М.Р. Львов, Методика развития речи младших школьников - М: Издательский центр «Академия», 2013. 240 б.

Вербицкая А. А. Активное обучение в высшей школе: контекстный подход. –М.: Высшая школа, 1991 – 204 б.

Тіл туралы Заңы, Қазақстан Республикасы. Электронды ресурс: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000151_

Ел бірлігі доктринасы, Қазақстан Республикасы. Электронды ресурс: <https://assembly.kz/ank/strategicheskie-dokumenty-ank/el-birligi-doktrinasy/>

К.Х.Исенғалиева, Г.Г. Исмуханова, Новые подходы в преподавании казахского языка как второго и/или иностранного. – Алматы, 2007. 66-71 б.

Дәулетбекова Ж.Т. Жаһандану және білім: қазақ тілін оқытудың жаңа бағыттары // Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы. Филология ғылымдары сериясы. – 2016 – №1 (55). – Б. 20-23.

А. Байтұрсынов, Әдебиет танытқыш: зерттеу мен өлеңдер / Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.

Penny Ur, 6 adapted from Teaching Listening Comprehension / Cambridge University Press, 1984. 30 б.

Алиярова Л.М., Халенова А.Р., Махажанова Л.М. Современные методики преподавания английского языка в высших учебных заведениях // Вестник КазНПУ им. Абая. Филологические науки. – 2015 – №3 (53). –С. 211-216.

Б. Инесса, Методика обучения устной речи на основе речевых образцов во 2-х классах школ с преподаванием ряда предметов на немецком языке / АПН РСФСР. Науч.-исслед. ин-т общего и политехн. образования. – Москва, 1964. – 16 б.

Лихачев Д.С. О филологии / Москва: Высш. шк., 1989. 208 б.

Қай әдіс жақсы? Электронды ресурс: <https://baitursynuly.kz/maqala/22>

САРАЛАУ ОҚИТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ ТІЛДІК ҚАТЫНАСТЫ ДАМЫТУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

А.Ш.Тлеулесова

п.ғ.к., қауымдастырылған профессор

А.С. Алдабергенова

ф.ғ. магистрі

А.М. Мауленова

ф.ғ. магистрі

Президент кезекті жолдауында: «Қоғамымызда болып жатқан өзгерістер білім беру салаларында елеулі серпілістер туғызды. Бұл әсіресе жалпы білім беретін мектептерде қойылып отырған жаңа талаптардан айқын көрінеді. Мұның өзі ең алдымен, оқушыларға белгілі бір білім негізіне қатысты деректерді жаттанды түрде оқыту дағдысынан арылуды қажет етеді. Ол үшін оқушылардың білімді сапалы түрде, саналы түрде өздігінен игеруге, шығармашылықпен ізденуіне бағыт беріп, жас ұрпақтың бойында өз ісіне деген жауапкершілік сезімін, еңбекке деген саналы қарым-қатынасты қалыптастырған жөн», - деп айқын белгілеген [1]. Бүгінгі таңда білімді ұлт қалыптасуының негізгі көзі – орта буын және жоғары сынып оқушыларына сапалы білім беруде жаңа технологияларды пайдалануға, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыруға баса көңіл бөлінеді. Қазіргі жаңаша оқыту үрдісі сапалы білім берудің түрлерін, білім беру процесін оқу-әдістемелік және ғылыми қамтамасыз ету негіз мәселе болып отыр. Осы талаптарға сәйкес әлеуметтік тәжірибенің мазмұны педагогикалық сын тұрғысынан қарастырылады.

Қазіргі уақытта білім мен ғылымның дамуына оң ықпал ету үшін дүниежүзілік ғылыми кеңестерге қатысу, жалпылама және кәсіпке негізделген білім беруді нығайту және бала тәрбиелеу әрі оқыту мәселелерін демократиялық жолмен дамыту, жаңа бағыттағы білім беру жүйесін жаңа технологиялық әдістемелер аясындағы қадамдармен үйлестіру қажет. Жалпыға

қол жетімді кәсіптік негіздегі жүйелі білімге, арнайы оқу орындарындағы оқыту процесін қамтитын бүкіл оқу-әдістемелік жүйеге заман талабына сай жаңа талаптар негізі қойылуда. Бұл тұрғыда білім беруші оқытудың тиімді әдістерін таңдауда еркін таңдау жасай алады. Оқыту әдістемесіне қатысты әртүрлі бағыттарына өздерінің ғылыми зерттеу еңбектерін арнаған ғалымдар: Қ. Жүсіпов, Қ. Бітібаева, К. Өмірбаева, Д. Кәржікова, Ж. Кобдикова Ж, А. Қуанышбаева .

Елімізде кез-келген өскелең ұрпақты ұлтына, жасына қарамай, жаһандық даму мүмкіндіктерін кемітпейтін, білімнің күрделі бағыт-бағдарын болжай алатын, өзінің мамандығы бойынша білімнің терең иірімдерін игеретін, қолына алған жеке білімнің рухани қазынасын елінің, адамзаттың игілігіне жұмсайтын ұстаз – мектептегі басты тұлға ретінде саналуға тиісті. Сонымен қатар, саналы адамзаттың дамуына ықпал ететін білімнің күрделі тілі мен отандық әдебиеттің сапалық негізі – білім беруші үшін ерекше орын алады және алуға тиісті де.

Тиімді оқыту әдістерін саралап және білім алушылардың интеллектуалдық ойын дамытуға бағытталған тиімді әдістерін ұсыну Жаңа технологиялық әдістерге негізделген оқыту бағдарламасының сапалы білім беруге арналған жүйелі жолын таңдай білу әрі қолданысқа енгізу.

Жаңа Қазақстанда жаңа буын оқулықтары әрбір оқушының шығармашылықпен және өз бетімен жұмыс істеп, қорытынды жасай алуына, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға, жүйелі білім алуға жетектейді. Білім мазмұнын жаңарту, білім беру жүйесін дамыту, жетілдіру өмір талабының объективті заңдылығы ретінде қабылдануға тиісті.

Білім мен ғылымның Қазақстан дамуына оңтайлы әсер етуі үшін дүниежүзілік кеңестігіне ену, білім беруді нығайтып, демократиялық тұрғыда жетілдіре түсу, жаңа қадамдарға орай оқыту жүйесін заман талабына сәйкес үйлестіре алу міндеті туындап, білімге, бүкіл оқу-әдістемелік жүйеге жаңа талаптар қойылуда. Демек, осы тұрғыдан алғанда мұғалімге білім берудің тиімді жолдарын қарастыру, таңдай білу еркіндігі тиіп отыр.

Аталған педагогикалық тәсіл негізінде оқу кезеңіндегі әрбір тақырыпты оқытудың келесі кезеңдерінде оған қайтадан оралып соқпастан сабақ берудің міндеттерінен туындайтын егжей-тегжейлік пен тереңдіктің дәрежесінде баяндалады.

Қазіргі заманауи талаптар бойынша оқыту үдерісіне негізделген жоғары оқу орындарына қазіргі қазақ әдебиетіндегі классикалық шығармаларды «Саралап оқыту » тәсілін алғаш енгізіп, дамытқан ғалымдардың бірі – Қуандық Мәшһүр – Жүсіпов болып танылады.

Ғалымның қазақ әдебиетін оқытуда қолданған әдістемелік жаңа тәсілдері күні бүгінге дейін маңыздылығын жоғалтпай, қайта оралу қажеттігін тудыруда.

Тілдік қатынас деңгейі – адамның мәнін, оның сана-сезімін, әлеуметтік ортамен байланысын танытатын өлшемі.

Ғалым Қ. Бітібаеваның пайымдауынша «Жалпы, саралап оқыту технологиясы бастапқы оқыту құрылымының негізінде алынған. Орта буын және жоғары сыныптарда немесе жоғары оқу орындарының 1-2 курста оқитын білім алушыларға ғылым негіздерін жүйелі және неғұрлым терең оқытуға әзірлейтін іскерлік пен дағды беріледі», - дейді [2]. Сондықтан жаңғырған негіздегі педагогика жаңалықтарын жаңа технологиялық ерекшеліктерге сәйкестендіріп қолдана білу – білім берушінің оқыту мақсатына жетудің бірден-бір негізі болып саналады. Алға қойған белгілі бір мәреге жету – білім алушының өзі арқылы жүзеге асырылады. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыруда деңгейлік-саралап оқыту

технологиясы элементтерін қолдану жолдарын анықтау мәселесі де еңбектенудің өзегі түрінде танылады.

Белгілі әдіскер Қ. Бітібаеваның пайымдауынша «Елімізде сапалы білім беру үшін әрбір әдіскер жеке өзінің қолайлы оқыту әдісіне негізделген педагогикалық әдістемені жүзеге асыру мақсатында келесі жолдарды ұсынады. Олар: біріншіден, білім алушылардың жеке ерекшеліктерін зерттеп, оларды әртүрлі типтегі топтарға бөлу; екіншіден, сапалы білім беру үдерістерінің барлық түрлерінде әртүрлі топтағы оқушыларды оқыту және дамыту әдістемесін белгілеу; үшіншіден, жаңа үлгідегі оқулықтар негізінде әртүрлі мақсаттағы жеке дидактикалық материалдар, төртіншіден, білімді бағалау мен бақылау жүйесін жетілдіру болып танылады» .

Ғалымның ұстанған әдіснамасы негізіне назар аударсақ, онда білім алушыларды бөлу кезінде олардың оқу қабілеттері мен “икемділік, дағдылық» ерекшеліктері ескеріледі. Икемділік қабілеті деп оқушының аз уақытта жоғары білім деңгейіне жетуін айтады. Осы белгі бойынша оны оқуға қабілетті және төмен деп үш топқа бөлуге болады. Содан кейін кез келген уақытта оқыту процесіндегі курс деңгейіне сәйкес оқуды таңдап, сол бойынша мамандану мәселесі де қамтылған. Оқу әдістерін бірегей таңдау және пайдалану, оларды қашан қолдану және оқыту әдістерін таңдау әдістемесінің басқа да күрделі мәселелері туындауы заңды құбылыс.

Сондықтан ұсынылатын тілдік материалдардың көлемін дұрыс талдап, жіктеу және ең маңызды мәселе – оларды топтастыру мен бөлу. Білім алушылар тілді практикалық-теориялық және теориялық-практикалық тұрғыдан талқылайды. Сапалы білім беруде саралап оқытудың педагогикалық негіздемелерді ұстана отырып, келесі бағыттардың жүзеге асырылуы құптарлық мәселе ретінде саналады.

Біріншіден, саралап оқыту барысында оқушылар шығармашылық қабілеттерін арттырудың маңыздылығын анықтау; шоғырлана оқыту тәсілі негізінде деңгейлік тапсырмалар түрлеріне тоқталу; деңгейлік-саралап оқыту технологиясы элементтерін қолдану арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін анықтау жолдарын көрсету сияқты маңызды сәттерді ұтымды пайдалана білу, ұстаздың шеберлігін шындай түседі. Жалпы сапалы білім беруде қолданылатын шоғырландыра оқыту тәсілі негізінде берілетін деңгейлік тапсырмалар түрлері, соның ішінде әдіскер-ғалымдардың зерттеулері, ғалымдардың оқытудағы, білім берудегі соңғы жетістіктері басшылыққа алынды.

Арнайы түрде шоғырландыра оқыту тәсілдерінде қарастырылған тұжырымдар мен мәселелер қазақ тілін оқытудың әдістемесін теориялық тұрғыдан толығып жетілуіне мүмкіндік береді. Бұл әсіресе жалпы білім беретін мектептерге, кәсіптік білім беретін оқу орындарына қойылып отырған жаңа талаптардан айқын сезіледі. Мұның өзі ең алдымен, оқушыларға белгілі бір білім негізіне қатысты деректерді жаттанды түрде оқыту дағдысынан арылуды қажет етеді. Ол үшін оқушылардың білімді сапалы түрде, саналы түрде өздігінен игеруге, шығармашылықпен ізденуіне бағыт беріп, жас ұрпақтың бойында өз ісіне деген жауапкершілік сезімін, еңбекке деген саналы қарым-қатынасты қалыптастырған жөн.

Қазіргі таңда үздіксіз білім беру жүйесінде білім беруді дамыту, дүниежүзілік білім беру кеңістігіне кіру мақсатында елімізде білім берудің жаңа жүйесі құрылып жатыр. Білім беруді дамыту негізінде жалпы оқыту үрдісіне жүктеліп отырған жаңаша талап, міндеттер жоғары оқу орны оқытушыларына да қойылуда. саралау оқыту технологиясы арқылы тілдік қатынасты дамытудың жолдары өзекті мәселе.

Ғалым К. Өмірбаева: «Жаңа педагогикалық технологияларды енгізу – оқыту үрдісінің тиімділігін арттырып қана қоймайды, оқушы өз қабілетіне қарай білімін дамытуға болады.

Жаңа технологияда мұғалім барлық оқушыларды назарынан тыс шығармауға, олардың білімдеріндегі олқылықтарын дәл мерзімде анықтауға мүмкіндік берсе, оқушылар сабақ үстінде мұғаліммен тең дәрежеде еркін сөйлесуге, бірлесе жұмыс істеуге мүмкіндік алады. Жаңа технологияның ерекшелігіне кез келген ақпараттың жан-жақты ой елегіне өткізіп барып қабылданатындығы, топтық не ұжымдық талқылаулар түрлерінде игерілетіні сабақтарда білім беріп, икем-дағды қалыптастыруы, ұжымдық шығармашылық іс-әрекеттер арқылы бала болашағына ықпал етуі, оның өз білімін жетілдіре отырып, өзін-өзі тәрбиелеп дамытуына жағдай жасауы жатады”, - деп көрсетеді [3].

Заманауи үлгіге негізделген оқыту технологиясы оқу-тәрбие үрдісінің шығармашылықпен терең ойластырылған, оқыту мен тәрбиенің тиімділігін қамтамасыз ететін жанды құрамдас бөлігі ретінде танылады. Әрбір педагогикалық технология жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуға, оның өзіндік және шығармашылық қабілетін арттыруға, қажетті іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыруға және өзіне-өзі дамытуына қолайлы жағдай жасауға қажетті объективті әдістемелік мүмкіндіктерін қамтиды.

Соның ішінде әр типтегі топтардағы деңгейлік саралап оқыту да білім алушылардың оқу сапасын жақсартады, тілдік қатынасты дамытудың жолдары, оқушылардың дамуына, дүниетануына, танымдық тәжірибе алуларына көп мүмкіндік беріп, шығармашылық қабілеттерін жетілдіруге жағдай жасайды.

Әдіскер К. Кәржікова: «Жалпы білім беру саласында жаңа саяси ұстанымды кезең-кезеңімен жүзеге асыру – егемен еліміздің әл-ауқатының көрінісі. Бұл – білім саласының өркендеуінің көрінісі. Ол – әлемдік білімге ену. өркениетті елдермен тең болу үшін еліміздің білім беру саясаты білім беруді демократияландыру және ізгілендіру арқылы оны жаңа біліктілік деңгейіне көтеруді көздейді” деп тұжырымдайды [4].

Бүгінгі таңда жас ұрпақтың бойындағы таланттарды байқап, шыңдау, олардың одан әрі дамуына жол ашып, бағыт-бағдар беру – өзекті мәселе. Қалай болғанда да, ілгерілеудің алғы шарты – сапалы білім берудің шартты құбылысы болып танылады. Саралап оқыту барысында білім алушыларды қарқынды оқыту әдісіне негізделген деңгейлеп-саралап оқыту әдісі оқушылардың оқу ынтасын арттырып қана қоймайды, сонымен қабат білім алушының дарындылығын байқауға, шығармашылық қабілетін дамытуға мүмкіндік береді.

Осы тұрғыда білім берудегі біркелкіліктен бас тартып, көпсалалы білім беру жүйесіне көшкен жағдайда оқушылардың жеке танымдық ерекшеліктерімен қатар топтық ерекшеліктерін ескеретін сараланған білім беруді ұйымдастырудың ерекше және өзекті қажеттілігі туындайды. Бұл бүгінгі мектеп өміріндегі мәселе. Сол себепті мектептің жаңа құрылымы бойынша базалық буыннан кейін жеке пәндерді оқытуда бағдарлы оқыту мен деңгейлік дайындықты ұштастыру қажет. Ж.Кобдикова "Бұл концептуалды-нормативтік деңгейде біршама жұмыстар атқарылғанымен, оның дидактикалық және әдістемелік мүмкіндіктері нақтыланбаған" деп тұжырымдайды [5].

Осы тұрғыдан алғанда, саралап оқытуды ұйымдастырудың мүмкіндіктерін ашу – пысықтауды қажет ететін мәселелердің бірі. Жаңаша оқу жоспарында көрсетілген білім мазмұнының құрамы мен құрылымын жетілдірудегі негізгі мақсат – оқушылардың талап тілегіне сай саралай отырып тереңдетіп оқыту.

Саралап оқыту тәсілі негізінде арнайы жеке даралау негізде оқытуды қолдану – оқуды және біліктілікті игеру икемділігіне қатысты қабілеттілігіне орай құрастырылған пәндік бағдарлама бойынша жүзеге асырылады. Жеке пәндерді оқыту барысында, сол сабақтың өзіндік ерекшелігі мен санаттылығы басты назарда болады. Нақты айтсақ, саралау

формасының деңгейлік сатыларына баса назар аударылады. Әрбір пәнді оқытқан кезде оқушылардың қабілеттіліктерін ескере отырып, сабақты оқыту үрдісінде оқушының оқу нәтижелерін жоспарлау деңгейлік тапсырмаларды құрастыру, педагогикалық технологиялардың мән-жайын түсіндіру оқу ісіне жаңаша түр әкелген. Арнайы топтастыра оқыту тәсілі негізінде саралай оқыту әрекеті – сапалы біліктілік беруге арналған негіз болып саналады. Жоғарыда айтып өткеніміздей, аталған әдістемелік білім беру әрекеті – әр оқытушының жеке шеберлігіне байланысты, әрі өз бетінше және мұғалімнің жетекшілігімен жүзеге асады [6].

Сонымен сапалы білім берудің басты бағыттары материалдық жүйе ретінде тақырып мазмұнындағы ерекшеліктерді оқыту; қажетті материалдардағы мақсатты айырмашылықтарды анықтау; берілген тәсілдердегі негізгі оқыту ұстанымдарындағы ерекшеліктерді ескеру; әдіс-тәсілдегі ерекшеліктер; оқытуды өзгеше ұйымдастыру; ұстаз еңбегінің нәтижелілігін анықтаудың жаңа көрсеткіштері; оқушы мен ұстаздың арасында қалыптасқан қатынас негіздерін анықтау ретінде танылады. Материалдық тұрғыда қарағанда, даралап білім беруді қолдану негізінде білім алушының ақыл-ой деңгейі мен белсенді әрекеті дамып, жақсы нәтижеге жетеді.

Тілдік қатынастың кез келген проблемасы адамның әлеуметтенуі сияқты күрделі процеспен тығыз байланысты, өйткені тіл – қоғамдық-тарихи құбылыс. Сөйлеу тілі – әлеуметтік ортаның өзара қарым-қатынас орнатуының теңдессіз құралы, адамзаттың мәдени әлеуетін дамытудың қажетті шарты, қоғамдық ойсананың қалыптасуының құнды қайнары. Ахмет Байтұрсынұлы: «Тіл – құрал. Құрал болғанда толып жатқан есепсіз бөлшектер бар, ол бөлшектері түрлі жағымен қиысатын толып жатқан қырлы, тетіктері есепсіз көп өте үлкен машина секілді құрал,»-дейді [7. 14].

Сол себепті сабақ барысында олардың әрқайсысының деңгейіне қарай оқу түрін таңдап, сол пәнді меңгеру өте пайдалы болады. Әрине, оқыту әдістерін таңдау және пайдалану, қашан қолдану керек және оқу үрдісінің қиын және күрделі мәселелері қандай материалға байланысты оқыту әдістерін таңдау. Сондықтан білімалушыларға ұсынылатын оқу материалдарының жалпы көлемін дұрыс талдап, саралау өте қажет. Оқушыларға берілетін білім мазмұнының көлемі мен ғылыми сапасын сараптау білім беру әдістерін қолдануды жеңілдетеді. Топтастыру және жіктеу – жаңа технологиялық ерекше оқыту әдістерін қолданудағы ең маңызды мәселе. Оқушылар тілді практикалық-теориялық және теориялық-практикалық тұрғыдан меңгереді. Қазақ тілін оқыту әдістемесін топтастыру әдістемесінің соңғы жетістіктеріне негізделген.

Оқушымен қатынаста оны тең тұта сөйлесу, орайын келтіріп, ортақ мәселелерді ақылдасу, жоба жұмыстарын бірге жоспарлау ісін сенімді жүргізе алатын мұғалімнің харизмасы күшейе түсетіні сөзсіз. Қолындағы бағалау, тапсырмалардың орындалуын талап ету секілді билікті ашық көрсетпей, білім алушылармен жайдары, ашық, таза ниетпен қарым-қатынас жасау шәкіртке ерекше әсер етеді. Ең бастысы – сол қатынастың шынайы болуы, баланы өзіне сендіруі. Оқыту үдерісінің маңызын философиялық-педагогикалық тұрғыда жіті қарастырған ғалым Алма Қыраубайқызының: «Сабақ – ұстаз бен шәкірттің адами қарым-қатынасы» -деген пікірі мұғалімнің шәкіртіне ықылас танытуы табиғи талап екенін бекіте түседі [8]

Қазақ тілін оқыту әдістемесі белгілі әдіскер ғалымдардың әдістемелік көзқарастары бойынша жіктеледі. оқыту әдістемесінің жүйесі;

Оқыту процесінде топтастыру мен жіктеудің орны маңызды. Оның классификациясы білім беруші үшін де, білім алушы үшін де, танымдық іс-әрекет үшін де үлкен маңызға ие.

Ә.Қоңыратбаев: «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі» атты еңбегінде мынадай ерекшеліктерге тоқталды: «Оқытудың жаңа әдістері – ауызша баяндау, баяндау, түсіндіру, сөйлеу, талқылау, көрсету, экскурсия, зерделеу, жүйелеу, бақылау, т.б. түрінде берілген негіздемелерге дұрыс қорытынды жасап, баға бере білу. Өз ойын жүйелі жеткізе алу, қорыта білу» [9].

Қазіргі кезеңде ана тілін оқыту әдістемесінің негізгі мәселелерін зерделеу - сапалы білім берудің жаңа әдістемесінің басты міндетіне айналуға бастау берілуде. Бұл мақсатқа қазақ тілін оқыту әдістемесіне байланысты жазылған құнды зерттеулер арналады. Қазақ тілін саналы және тиянақты білуді тәжірибеде сапалы түрде іске асыруда жүйелі жұмыс режимі үлкен рөл атқарады. Сондықтан әдістемелік ережелерге сәйкес өнімді әдістерді жүргізу мақсаты қарастырылған. Жоғарыда аталған әдістерді жүзеге асыру арнайы таңдалған материалдар негізінде жүргізілетін жұмыстың психологиясына байланысты. Әдісті қолдану жүйесі білім алу көздеріне сүйене отырып, жұмыстың негізгі тенденцияларын ұсынады. Олар: «Жаңа технологиялық негіздегі әдісті сапалы білім беруде іске асыру жүйесі объектіні игерудің психологиялық тәсілдеріне қатысты. Осы уақытта оқытылатын материалдар уақыт өте келе жаңғырып отыруға, жаңа ойлар мен жаңа идеялардың туындауына негіз болуға тиісті [10] .

Мысалы, сапалы білім беру аясында тіл үйрету мәселесін басшылыққа алатын болсақ, қазіргі қазақ тілінде белгілі бір грамматикалық тақырыптарды өту барысында бірқатар әдіс-тәсілдер біріктіріліп, байып, өзара байланысып отырады. Сондықтан мұндай жағдайда берілген әдіс екі түрлі қызмет атқарады. Олар: толық элемент әдісі; аралас элементті әдістер болып саналады. Осылайша білім алушыға теориялық білім мен практикалық дағдыларды беруде жетекші рөл атқарады және белгілі әдістер жүйесі аясында дараланады. Ал білім беруде аралас әдіс-тәсілдердің үлкен қатысы бар екені және әр әдістің элементтері өз орындарына қызмет ететіні сезіледі. Талдау элементтерін, түсіндіру әдістерін, қарым-қатынас жасау әдістерін, көрнекі әдістерді, материалды экспрессияда не жеткізілетінін есте сақтау үшін сөйлеу әдістерін біріктіру теориялық материалды меңгеруге жағдай жасайды[11]. Әдістемені қолдануда негізгі мақсаттармен бірге пәнге сәйкес көрсетілген принциптерді де ұмытпау керек. Мысалы, қазақ тілінде белгілі бір тапсырма тақырыптары сатылап оқытылады, соған орай қолданылатын әдіс элементтерін біріктіру арқылы түсіндіру, ұғындыру процестері жүзеге асырылады. Аталған қарапайым әдістер арқылы білім алушыға берілген тақырыптың әсерлілігі мен мәнерлілігін күшейте түсу болып танылады. Сонымен қатар оқушылардың ауызша сөйлеу дағдыларын дамыту және жазу дағдыларын жетілдіру үнемі басты назарда болады. Білім алушыларға өз бетімен жұмыс істеу белсенділігі мен саналылығын күшейту де маңызды негіздердің бірі ретінде танылады.

Қорыта келгенде сапалы білім беру аясында қазіргі ана тілді оқытуда педагогикалық әдістің жаңаша түрде іске асырылу жүйесі - лингвистикалық фактілерді тірек етіп, психологиялық факторлар негізінде дидактикалық – методикалық принциптер бойынша жүзеге асады. Тәжірибелік негіздегі жұмыстарды орындауда - түсініксіз сөздерді түсіндіру, ауызекі тілді дамыту, мәнерлеп оқу, қосымша әдеби кітаптармен жұмыс істеу және оны іс – тәжірибеде пайдалана білуге және олармен жұмыс істеу тәсілдері қолданылады.

Теориялық негіздегі тілдік материалды оқыту кезінде келесі әдістер арқылы оқыту басты назарда болады. Нақты айтсақ, оқушылармен жеке түрде әңгіме жүргізу, хабарлама, практика, түсіндіру, кітапты пайдалану. Ал теориялық және практикалық мақсаттарда

жүргізілетін әдістер жүйесіне: оқушылармен қазақ тілінің тақырыптарын талдау, тілдік материалдың түрін өзгерту, тілдік тапсырмаларды баяндау, эссе жазу, орфографиялық талдау, көшіру, орфографияны оқыту, дұрыс сөйлеу дағдысына сіңіру, баяндау әдістерінің функцияларын түсіндіру, дұрыс айтылу ережелерін меңгерту, көрнекі құралды қолдану, поэтикалық өлеңдердің айтылуын үйрету, т.б. ерекшеліктер енеді.

Нәтижесінде тілді оқытуда жаңадан енгізілген педагогикалық әдіс жүйесі лингвистикалық әдістер мен дидактикалық-әдістемелік принциптерге негізделген психологиялық факторларға сүйенеді. Көп мағыналы сөздерді түсіндіру, сөйлеу тілін дамыту, мағыналы оқу, қосымша әдеби кітаптармен жұмыс істеу және оларды практикалық қолдану әдістерін меңгеру және пысықтау түрлері маңызды ұстанымдар ретінде танылады.

Мақаламызды түйіндей келе, саралау оқыту технологиясы арқылы тілдік қатынасты дамытудың жолдары сапалы білім беру негізінде қазақ тілін оқытудың жаңа технологиялық әдістерін орынды қолдана білу ерекшеліктерімен қатар, ұлттық нақыш негіздерін және адами қасиеттерді келешек ұрпақ санасына сіңіре білу мәселесін насихаттау, ұлттық сана, сөз байлығы, қазақи мәдениет негіздерін білім алушы бойына дарыта білу басты ұстаным ретінде танылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Халық бірлігі және Жүйелі Реформалар - Ел өркендеуінің берік негізі. 2022 ж.

2 Бітібаева Қ. Қазақ әдебиетін оқыту негіздері: монография. Өскемен: Интеллект, –2009. – Б. 255.

3 Өмірбаева К. Деңгейлік тапсырмалар арқылы оқушыларды дамыта оқыту жолдары.// Қазақстан мектебі. – 2001. –№3. – Б. 32–34.

4 Кәржікова Д. Деңгейлік тапсырмалар арқылы қазақ тілін оқытудың тиімділігі. //Қазақ тілі мен әдебиеті. –2004. –№8. – Б. 16–18.

5 Кобдикова Ж. Деңгейлеп, саралап оқыту педагогикалық технологиясы. //Қазақ тілі: мектепте, колледжде, ЖОО-де оқыту. –2004. –№1. – Б. 35–37.

6 Қуанышбаева А. Жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерді пайдалану.// Қазақстан мектебі. –2002. №5. – Б. 46 – 48.

7. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. Тіл – құрал (қазақ тілі мен оқуағартуға қатысты еңбектері). – Алматы: Ел-шежіре, 2013. - Т. 1. – 384 б.

8 Қыраубайқызы А. Ұстаз жазбалары // Пәнді оқытудағы заманауи ізденістер: технология және жаңашылдық. - Алматы: Қазақ университеті, 2020. –

10 Қоңыратбаев Ә. Әдебиетті оқыту методикасының очерктері. –Алматы: Мектеп, – 1970. –Б. 242.

11 Жұмажанова Т. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы : Білім, 2009. – Б. 288.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУДАҒЫ ЗАМАНАУИ ӨЗГЕРІСТЕР

Г.А.Уғыбаева

Атырау қаласы Химия-биология бағытындағы
Назарбаев Зияткерлік мектебі

Қазақ тілі мен әдебиеті – білім алып, айналаны танудағы негізгі құрал, біздің ұлттық мәдениетіміздің негізін құрайтын ең маңызды пән. Бүгінгі таңда қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда заманауи технологиялар мен әдістер кеңінен қолданылуда. Бұл үрдістердің басты мақсаты – оқушылардың тілдік дағдыларын дамыту, тілді меңгерудің тиімділігін көтеру және әдебиетке деген қызығушылығын ояту.

Қоғамдағы технологиялық өзгерістер мен білім беру саласындағы жаңалықтар қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесіне де айтарлықтай әсер етуде. Қазақ тілін оқытудың қазіргі заманауи үрдістері оқушылардың белсенділігін арттырып, олардың тілдік құзыреттілігін дамытуға бағытталған. Оған инновациялық технологиялардың, электронды ресурстар мен мультимедиялық құралдардың үлкен септігі тиеді. Мысалы, интерактивті тақталарды, электронды оқулықтар мен онлайн платформаларды, мобильді қосымшаларды қолдану қазақ тілін оқытудың қосымша құралдары, тиімді тәсілі ғана болуы керек.

Бұрынғы дәстүрлі әдістеріміз көбінесе жаттау мен қайталауға негізделсе, қазіргі заманауи әдістемелер оқушыларды сыни ойлауға жетелеп, ақпараттарды өз бетінше іздеп табуға және зерттеуге бағыттайды. Яғни өз бетімен білім алуға үйретеді.

Пәнді оқытуда жаңа әдіс-тәсілдер кеңінен қолданылып келеді. Мысалы, сабақты қызықты әрі тартымды етуге ықпал ететін анимацияланған бейнероликтер, аудиокітаптар, электронды шығармалар және интерактивті тапсырмалар, жасанды зият, т.б. жаңа құралдар үлкен маңызға ие. Бұлардың көмегімен сабақ өткізу қызығушылықты арттырудың тиімді жолы болып табылады.

Қазақ тілі мен әдебиетін оқытудағы заманауи үрдістердің кейбірі төмендегідей:

1. Сандық технологияларды қолдану.

- Электронды оқулықтар мен аудиокітаптар. Оқушылардың әдеби шығармаларды оқуға деген қызығушылығын арттыру үшін электронды оқулықтар мен аудиокітаптарды қолдану жиі кездеседі. Бұл әсіресе көркем әдебиетті тыңдау арқылы түсінуге мүмкіндік береді және көру қабілеті нашар оқушылар үшін де қолжетімді. Көп жағдайда сенімді дереккөз ретінде әлем және қазақ әдебиетінің мектеп бағдарламасында кездесетін таңдаулы шығармаларын тыңдауға мүмкіндік беретін <https://kitap.kz/audio-book> платформасын қолдану тиімдірек. Сондай-ақ 10-сыныпта «О4. Түрлі ақпарат көздерінен (оның ішінде гиперсілтеме мен түрлі навигациясы бар мультимодальды және электронды мәтіндер) қажетті ақпараттарды алу, жинақтау, тұжырым жасау, бағалау үшін оқылым стратегияларын қолдану» деген мақсатты жүзеге асыруда цифрлық технологияларды қолдану заман талабына сай қажеттілікті талап етуде.

- Мультимедиялық құралдар. Видео, презентация, анимациялар арқылы әдеби шығармаларды визуализациялау оқушылардың мәтінді жақсырақ түсінуіне көмектеседі. Әсіресе тарихи тақырыптарды қамтитын әдеби шығармаларда мультимедиялық құралдар оқиғаларды көзімен көру арқылы еске сақтауға септігін тигізеді. Мысалы, сабақта «Қажымұқан» фильмі мен мультфильмін, «Менің атым Қожа» сынды тақырыпқа қатысты т.б. фильмдерді, жасанды зият құрастырған презентацияларды қолданудың өз тиімділіктері бар.

- Мобильді қосымшалар. Оқу үдерісінде қолданылатын мобильді қосымшалар пәнді меңгеруді жеңілдетеді. Мысалы, викториналар мен тест тапсырмалары, интерактивті оқу қосымшалары оқушылардың қызығушылығын арттырады.

2. Интерактивті оқыту әдістері.

- Онлайн платформалар мен қашықтан оқу. Онлайн платформалар (мысалы, Zoom, Microsoft Teams, Google Classroom) арқылы сабақ өткізу бүгінде кең таралған. Қашықтан оқу барысында оқушылар өз бетінше материалдарды зерттеп, онлайн талқылауларға қатыса алады. Бұл үрдіс елімізде пандемиялық жағдайға байланысты орын алып, білім беру саласында қалыпты қолданысқа енді.

- Вебинарлар мен онлайн курстар. Пән бойынша арнайы вебинарлар мен онлайн курстар ұйымдастыру – оқушылар мен мұғалімдер үшін пайдалы тәжірибе алмасу алаңына айналды. Бүгінде республикалық, халықаралық деңгейдегі онлайн курстар мен вебинарлар тиімді оқыту әдісіне айналып отыр.

- Топтық жобалар мен шығармашылық тапсырмалар. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін топтық жобалар ұйымдастырылады. Мысалы, оқушылар әдеби шығарманы сахналау, кейіпкерлерді зерттеу бойынша зерттеу жұмыстарын жасау, мультимедиялық презентациялар дайындау арқылы белсенділіктерін көрсете алады.

3. Сыни ойлауды дамыту әдістері.

- Мәтінді, әдеби шығармаларды сыни талдау. Заманауи оқыту әдістемелері шығарманы, мәтінді тек оқып, мазмұндап қана қоймай, оларды сыни тұрғыдан талдауға бағытталған. Мысалы, оқушылар кейіпкердің мінез-құлқын, автор идеясын, стилін және көркемдік құралдарды талдап үйренеді. Оқу бағдарламасына сай әр сыныптың оқу мақсаттары бойынша шығарманың тарихи-көркемдік құндылығына баға беріп, мазмұндас туындылармен салыстырады.

- Пікірталас және талқылау. Оқушылардың ой-пікірін білдіруі үшін пікірталастар ұйымдастырылады. Бұл оқушылардың өз көзқарасын қалыптастыруына және басқа көзқарастарды қабылдауға үйретеді. Мұнда оқушылардың тілдік дағдылары мен сыни ойлау қабілеті дамиды. Оқу мақсаттарына қарай көтерілген мәселе бойынша екіжақты пікірді немесе жағдаятты талқылайды, біреуіне таңдау жасап, өз ойын дәлелдеп жазады. Қоғамдық-саяси, ғылыми тақырыптарға байланысты әртүрлі жанрадағы кең көлемді мәтіндердегі (мақала, Жолдау) мақсатты аудитория мен көркемдегіш құралдардың рөлін талдайды (10Т/А2).

- Шығармашылық жазба жұмыстары. Мәтін бойынша эссе, мақала, пікір немесе рецензия жазу – жазылымның негізгі идеясын түсініп, шығармашылықты дамытудың маңызды тәсілі. Бұл үрдіс «10.Ж2. Публицистикалық және ғылыми стиль ерекшеліктеріне сай құрылымын, жанрлық ерекшеліктерін сақтай отырып, жаһандық және ғылыми мәселелердің себептерін, даму тенденцияларын анықтап (аннотация, тезис) мақала жазу», «10.Ж5. Әдеби шығарманың қазақ әдебиеті мен әлем әдебиетіндегі орнына қатысты әртүрлі еңбектерге сілтеме жасай отырып, сенімді дереккөздерді іріктеп қолдану арқылы шағын сыни шолу (әдеби эссе) жазу», «11.Ж4.Түрлі жағдаяттарға сай өз ойын креативті жазу (өлең, хат, әңгіме)», «11.Ж2. Дәйекті дәлелдер мен тілдік құралдарды орынды қолданып, логикалық жүйелі құрастырылған, ойы анық, дискуссивті эссе жазу), «12.Ж5. Жазба жұмысын абзац пен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық және стильдік түзетулер енгізу, редакциялау» сынды т.б. оқу мақсаттарымен жүзеге асып келеді.

4. Өнермен байланысты көрсету

- Сурет және музыка, кино мен театр элементтерін қолдану. Шығарма, мәтін мазмұнына

сәйкес суреттер салу, музыкалық сүйемелдеулер қолдану – оқушылардың эмоциялық түсінігін кеңейеді. Кино, мультфильм немесе театр қойылымдары арқылы визуализация мүмкіндігін береді. Мысалы, 7-сыныпта М.Әуезовтің «Көксерек», 10,11-сыныпта (Т1) Сәкен Жүнісовтің «Құлагер», Әбдіжәмил Нұрпейісовтің «Қан мен тер» шығармалары бойынша түсірілген фильмдерді талқылау, Роза Мұқанованың «Мәңгілік бала бейне» әңгімесін сахналық қойылымдар арқылы тереңірек түсінуге болады. Қазақ тілі сабағында «Өнер және әдебиет» 12Т1, «Музыка, театр және әдебиет» 10Т1, «Мәдениет: сөз өнері» 10Т2, «Қазақ киносы мен театры: «Қыз Жібек» жыры» 11Т2, т.б. бөлімдерді өткен кезде өнермен байланыс көрсетіледі.

Білім беру бағдарламасына сәйкес оқушылардың тілдік дағдыларын дамытуда оқу мақсаттары басшылыққа алынып, тиімді әдіс-тәсілдер арқылы жүйелі жұмыс жүргізілсе, күтілетін нәтиже оң болмақ. Соның ішінде оқу сауаттылығын арттыру мақсатында оқылымды, мәтін талдауды дамытуды қалай жүзеге асыруға болатынына тоқталайық.

Оқылым бойынша жүргізілетін жұмыстар бағыты – оқулықтардан, газет-журналдар мен интернеттен алынған мәтіндердегі ақпараттарды оқу және саралау, мәтінге тілдік талдау жүргізу, мәтіндерді салыстыра талдау, мәтіндегі сөздердің мағынасын анықтап, көркемдегіш құралдарды ажырату, тілдік құрылым мен грамматиканы меңгеру. Осы бағыттағы тапсырмаларды орындауда оқушылар мәтіннің стильдік ерекшелігін, тақырыбы мен идеясын, мәтін түрін анықтайды, ғылыми тілде сараптама жасай алуға дағдыланады.

Бұл тұрғыда оқытушы нені ескеруі керек?

- Оқушының танымын кеңейтіп, сөздік қорын жетілдіруді;
- Сөз саптауын қалыптастыруды;
- Мәтінмен жұмыс түрлерін тиімді қолдануды.

Ал, оқушы тапсырманы орындауда нені ескеруі керек?

- Мәтіндердің сөз, мәтін, тіл деңгейдегі айырмашылықтарын білуді;
- Сөздердің, сөз тіркестерінің, мақал-мәтелдердің мағынасын ашуды;
- Мәтіндердің стилін, тілі мен формасын анықтауды;
- Мәтін мақсатын, аудиториясын, автор идеясын айыруды;
- Қажетті клишелерді қолдануды;
- Тілдік нормаларды;
- Арнайы үлгіні, жүйені; нақтылықты;
- Абзацтар арасындағы логикалық байланысты;

Оқылым және мәтін талдауда оқушылардан талап етіледі:

Мәтін тілі мен формасына, ұқсастығы мен айырмашылығына, мақсаты мен мазмұнына, көзделген аудиториясы мен автор идеясына салыстырмалы талдау жасау. Осы бағыттағы жұмыстарды қалай тиімді ұйымдастыруға болады? Әдістердің қайсысын қалай қолдануға, жоспарлауға болады? Төменде берілген ұстаным-әрекеттерге назар аударайық.

Мәтінді дұрыс таңдау. Қай ресурсты алсаңыз да, ондағы ақпараттардың дұрыстығына, жариялану мерзіміне назар аудару, оқушының жас ерекшелігіне сәйкестілігі маңызды. Мәтінді қажетінше өңдеу, артық ақпараттарды, кейбір абзацтарды алып тастау;

Нақты бағыт беру. Оқуда неге назар аудару керектігі, қалай оқу керектігі маңызды. Яғни, оқылым стратегияларын қолдану (шолып оқу, зерттеп оқу, көз жүгірте оқу, нақты ақпаратты табу үшін оқу, детальді түрде оқу, т.б.), оқушы назарын шоғырландыру, т.б. әрекеттерді жүзеге асыру;

Зерттеушілік қабілетін дамыту. Мәтінді оқу барысында зерттеуге негізделген сұрақтар беру, «Әңгіме жүргізудің соқраттық әдісін» қолдана отырып, сұрақтарды шеберлікпен қою арқылы оқушы бойындағы жасырын білімді жарыққа шығару, талқылауға әкелу, негізгі түйінді

анықтай білуге жетелеу. Перифраз түрінде берілген сұрақтар арқылы қажетті ақпаратты табуға, ресурс көздерінен алынған ақпараттарды авторға сілтеме жасай отырып, жазба жұмыстарында орынды қолдануға, оқылым материалдары бойынша автордың негізгі ойын сақтай отырып, перифраз тәсілдері арқылы жинақы мәтін (қысқа конспект) жазуға, ойын дәлелдеуге, ізденуге, теория мен практиканы ұштастыра білуге дағдыландыру;

Топтық, жұптық жұмыстарды ұйымдастыру. Оқушыларға сыныптастарының пікірін тыңдау, көзқарасын білдіру, олардың өзіне және өзгелерге деген сенімділігін қалыптастыру. ЖАДА-ны (жақын арадағы даму аймағын) қолдану арқылы кейбір оқушылардың бойындағы білім алуға кедергілерді жою;

Талдау үлгісін ұсыну. Білім алушыларға үздік, орта, төмен деңгейде орындалған талдау үлгісін бере отырып, салыстырулар жасату, талдау үрдісіне біртіндеп әкелу, жүйелілікті сақтауға төселдіру. Оқылым бойынша білгілі бір аудиторияға арналған нақты мақсаты бар мәтін жазуда продуктивті жазылымның ұтымдылығын ескеру.

Теорияны меңгерту. Мәтін талдауда теорияға сүйене отырып, өз ойын дәлелдеуге, ғылыми тілде жазу дағдысын дамытуға, академиялық тілді қолдануға төселдіру. Өз ойын тұжырымдауға дағдыландыру. Яғни мәтінді сөз деңгейінде талдаудың 3 аспектісін де саралай алуына назар аудару. Бірінші аспект – элементті атап кету. Мысалы, оқушы мәтінде термин сөздердің бар екенін анықтайды. Екінші аспект – мысал келтіру. Мысалы, «автор мәтінде «атмосфера», «хром», «газ және сұйық отын», «азот қышқылы», «концентрация» сынды термин сөздерді қолданған» деп, мәтіндегі термин сөздерді анықтап көрсетеді. Ал үшінші аспект – не үшін қолданғандығын анықтай алу. Мысалы, «автор мәтінде Ақтөбе қаласындағы экологиялық жағдайға қатысты тақырыпты ашу үшін «атмосфера», «хром», «газ және сұйық отын», «азот қышқылы», «концентрация» сынды термин сөздерді қолданған» деп, мәнмәтінмен байланыстыра отырып талдауда теорияны меңгергендігін көрсете алуы керек. Егер мәтінде қыстырма сөздер қолданылған болса, оны да «мәтінде «біріншіден, екіншіден, үшіншіден» деген қыстырма сөздерді мәселені шешудің жолдарын санамалап айту үшін қолданса, «шынын айту керек» деген қыстырма сөзді алдыңғы айтылған ойға күманмен қарайтындығын білдіру үшін қолданған» деп, үш аспектіні де толық көрсетеді.

Стильдер туралы түсінікті толық қалыптастыру. Ол арқылы қазақ тілі стильдерін қолданылған тілдік құралдар арқылы тануға, түрлі стильдегі мәтіндердің тақырыбын, құрылымын, тілдік ерекшелігін, қызметін салыстыра талдауға, шешендік сөздің түрлерін қолданылған тілдік құралдар арқылы тануға, қоғамдық-саяси мәтіндер арқылы мәтіндердің жанрлық түрлерін ажыратуға үйретуге болады. Осы тұста қазақ әдеби тілі мен стиль мәселелері жөнінде құнды зерттеулер қалдырған, қазақ тілінің стильдік ерекшеліктерін, тарихи даму жолдарын терең зерттеген академик Р.Сыздықованың еңбектеріне, стиль туралы ойларына жиі тоқталамыз. Ол ашып көрсеткен ғылыми стиль, публицистикалық стиль, ауызекі сөйлеу тілін және көркем әдебиет стилін жеке-жеке қарастырылып, сипаттамалары меңгертілуде. Мысалы, 10-сыныптағы оқу мақсаттарын қарастырайық. «О2. Публицистикалық және ғылыми стильдегі мәтіндердің типін (аралас), сипатын, жанрлық және тілдік ерекшеліктерін дәлел келтіре отырып ажырату», «О5. Әртүрлі стильдегі мәтіндердің тақырыбын, қызметін, құрылымын, автор интенциясын, тілдік ерекшелігін және контекст (уақыт және кеңістік, қайшылық тұрғысынан және т.б.) тұрғысынан салыстыра, салғастыра талдау», «Ж2. Публицистикалық және ғылыми стиль ерекшеліктеріне сай құрылымын, жанрлық ерекшеліктерін сақтай отырып, жаһандық және ғылыми мәселелердің себептерін,

даму тенденцияларын анықтап (аннотация, тезис) мақала жазу» сынды оқу мақсаттарын меңгеруде ең басты қарастырылатын тақырып – қазақ тілінің стилистикасы.

Бағалауды ұйымдастыру. Сыныптағы күнделікті жұмыс барысында бағалауды жүзеге асыра отырып, оқуды жетілдіру үшін оқушылардың бірін-бірі бағалауы мен өзін-өзі бағалауына (жеке, жұптық, топтық) мүмкіндік беру. Бағалау арқылы өзін дамытуға, қатесін түзетуге, әрі қарай ізденуге, т.б. ықпал ету оқытудың оң нәтижесіне жеткізеді.

Кері байланыс. Бұл – оқушының қайта ойлап, өзіндік ой қорытуына мүмкіндік беретін маңызды тәсіл. Бұл арқылы оқушының сабақ барысында алынған білімін іштей саралап, сыни талдап, қаншалықты меңгере алғандығын таразылауына мүмкіндік береді және оқушыда өзіндік түсінік пайда болады.

Қорытындылай келе, «Егер де сен кеме жасағың келсе, адамдарды шақырып, жұмысты жоспарлаудың, бөліп берудің, құрал-саймандарды тауып берудің қажеті жоқ. Адамдардың шексіз теңізге деген ынта-ықыласын асқындыра ояту керек. Сонда олар өздері-ақ кеме жасап алады.» деген француз жазушысы Антуан де Сент-Экзюперидің сөзіне тоқталайын. Бұдан нені аңғаруға болады? Әрине оқушының білімге құмарлығын арттырып, білсем екен деген ынтасын, өзіне қажеттіні өзі тауып алуға деген қызығушылығын оятуға болатындығын аңғарасыз. Сол сияқты АҚШ-тың 28-інші президенті Томас Вудро Вильсон «Балаларымызды қалай оқытып жатқанымызға алдымен біз өзіміз сенуіміз қажет» деген пікір айтқан екен. Расында, алған бағытымыздың дұрыстығына көз жеткізіп, оқушының алған білімін қолдана алатындығына сеніммен қарасақ, нәтиже де айқын. Сондықтан да қазіргі таңда қазақ тілі мен әдебиетін пән ретінде оқытудың басты мақсатын ұстана отырып, оқушыларды шығармашылықпен жұмыс жасауға, сын тұрғысынан ойлауға дағдыландыру олардың ғылыми материалдар мен бұқаралық ақпарат құралдары материалдарын оқуда сын тұрғысынан оқуына, өз түсініктерін дамытуына жол ашу керек. Сонда ғана қоғамға араласуға қажетті тілдік дағдыларын дамытады, қарым-қатынаста еркін, өз ойын ашық жеткізетін, өзіне өзі сенімді, пікір алмаса алатын, көзқарастарын білдіретін, ойын жүйелі, әрі нақты жеткізе алатын табысты тұлға дайын болмақ.

Пайдаланылғын әдебиеттер:

1. Назарбаев Зияткерлік мектептерінде NIS-Programme білім беру бағдарламасын іске асыру жөніндегі нұсқау хат. 2024 жыл. 39-45 беттер.
2. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Білім беру бағдарламасы – NIS-Programme. Астана, 2018 жыл.
3. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Бірінші (ілгері) деңгей. Екінші басылым. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2014 жыл. 76-бет.
4. «Педагогикалық диалог» журналы, 2015 жыл, №11
5. «Педагогикалық диалог» журналы, 2016 жыл, №16.

СКАФФОЛДИНГ СТРАТЕГИЯСЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЭССЕ ЖАЗУ ДАҒДЫСЫН ЖЕТІЛДІРУ

Бектемисова Лариса Ғиниятқызы
Якупова Маншук Сагидоллиевна

«Сармат» мамандандырылған мектеп-лицей-интернаты
ІТ мектеп –лицейдің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері

*Педагогикалық жұмыстағы шешуші нәрсе –
ең жақсы оқыту әдістерін таба білу.*
Ыбырай Алтынсарин

Жаңартылған мазмұнда оқыту әдістемесі бойынша оқушылардың өз бетімен ойлана білу, көзқарасын дәлелдеу, басқаларға өз идеясын ұсынып, өз ұстанымына қызықтыра білу қабілеті қазіргі кезде жоғары маңыздылыққа ие. Заман ағымына сай эссе жанрының маңызы артып отыр. «Эссе» сөзі латынның «exagium» – «өлшеу» сөзінен шыққан, ал француз тіліндегі «essai» сөзі «тәжірибе» «әрекет», «нобай», «сынақ» деп аударылады. Бұл жанрды әдебиет саласына енуіне басты себепкер болған француз Мишель де Монтеньнің «Тәжірибелер» атты әртүрлі өмірлік тақырыптарды қозғайтын ойтолғаулар тұратын еңбегі. «Кітабымның мазмұны – мен өзіммін» деген француз жазушысы эссе жанрының іргетасын қалады.

Әдебиет саласының кейбір зерттеушілерінің пайымдауынша, автордың көрген - білгенін, өмірлік тәжірибесінен жинаған білімін өз ой елегінен өткізіп барып жазылатын эссе жанрының шығу тегі осы

«Әдебиеттану терминдер сөздігінде» эссе жанрына қатысты мынадай анықтама берілген: «Эссе жанры – тұрақталған, қалыптасқан тұжырымдарға жаңа қырынан қарап, өзінше талғап, әрі дағдыдан, әдеттен, көне соқпақтардан бөлек, тың болжамдар мен түйіндеулерге құрылатын философияның, эстетиканың, әдеби сынның, публицистиканың, көркем әдебиеттің жанры. Әдебиеттегі эссе – соны пікірлерге көбірек мән беріліп, оқырманды ой теңізінде жүздіретін таңдай қақтыратын, өзінше ойлап-сезіну қажеттілігін туғызатын, қаныңды қыздырып, рухани әлемнің азық сыйлайтын, дүние құбылыстарын өткір қабылдаумен ерекшеленетін көркем туынды. Эссе табиғаты сыршыл сезімге, тіл бояуларының айрықша салтанатына, әшекейлі композицияға құрылады. Эссе сипатында туған туындыларға батыл болжамдар мен өткір ұсыныстар, пікір жарыстырулар мен талас тудыратын жорамалдар, ойлар, көкейге қонымды, таным көкжиегін кеңейтуге қозғау саларлық байламдар тән». Ал Д. Ысқақұлы болса, эссені көркем әдебиет пен сын өнеріне қызмет ететін «телқоңыр» жанр ретінде көргісі келеді: «...сын жанрларының ішіндегі эссе жанры – әдебиет жайлы не бір құнарлы ойлардың бір бұлағы, әдебиетіміз, қаламгерлеріміз хақында жүректі жарып шыққан ақжолтай пікірлерді оқырмандарға жан жылуымен, әсем әсерімен, бейнелі бояуымен сол күйінде жеткізудің бірден бір арнасы. Көркем әдебиет пен оның сынының арасында жүріп, екеуіне бірдей қызмет ететін өміршең жанр. Қазақ эссеистикасы әлі жас. Оның болашағы алда. Қазақ әдебиеті мен сынында эссенің эссеистика аталатын үлкен өркенді салаға айналатындығына сеніміміз мол».

Білім берудің ғаламдық принциптері білім алушыға зор міндеттер жүктейді. Әлемнің

алдыңғы қатарлы оқу орындарына мектеп бітірушілер мотивациялық хат, академиялық эссе жазу арқылы да қабылдана алады. Қазақстан мемлекеті оқушыларының да осы талапқа сай келуіне ықпал ететін білім мен дағдылардың бірі – эссе. Оны жаза білу ойлау қабілеттерін дамытуға қажетті дағдылар мен тұжырымдамалардың жоғары талаптарына қол жеткізуге дайындайды. Нақты мәселелерді шешу үшін принциптерді қолдана білуге, сыни ойлау, мәселелерді шешу және кеңістіктік дағдылар туралы білімдерін бекітеді.

Мақсаты: Оқушылардың жазу сауаттылықтары мен дағдыларын, шығармашылық ойлауды және өзінің жеке ойын өз бетінше дамыту . Эссе түрлерін саралап жазуға дағдыландыру. Танымдық қабілетін артырып, өзіндік көзқарасы, пікірі, жеке шығармашылығын, жазу стилін қалыптастыру. Көркем сөздің орнын түсінуге, жеке тұлға ретінде қалыптасуға бағдар беру, сөздің берер қуаты арқылы рухани-мәдени құндылықтарды оқушылардың бойына дарыту.

Мақсатқа жету үшін жұмыста мына міндеттер шешіледі:

- Оқушылардың эссе жазу машықтарын қалыптастыру;
- Оқушылардың жазылым дағдыларын дамытып, сауаттылыққа баулу;
- Эссенің құрылымы, мақсаты, оларды жазуға қойылатын талаптарды меңгерту;
- Оқушылардың эссе жазуға деген қызығушылығын арттыру.

Күтілетін нәтиже:

- Нәтижеге бағытталған бәсекеге қабілетті білім алуға жағдай жасау;
- Білім беру жүйесінің дамуын болжауға және қадағалауға жағдай тудыру;
- Пәнге қызығушылық артып, оқушыларға сапалы білім беру.

Зерттеу әдістері:

1. Әдебиеттерді зерттеу;
2. Тапсырмалар құру;
3. Практикалық бөлім.

Қазіргі таңда елімізде кәсіби тұрғыда даму үшін де, емтихандар тапсыру барысында, түрлі байқауларда өз білімін сынау кезінде, жұмысқа орналасу барысында **эссе** жазу тапсырмасы беріледі. *"Бұл дағды не үшін басты маңызға шығып отыр?"* деген заңды сұрақ туындайды. Өйткені *эссе* жазу арқылы оқушыда сыни тұрғыдан ойлау қабілеті шыңдалады, белгілі бір тақырыпта ой айту үшін ол білім ізденеді. **Эсседе** автордың *ойлау жүйесі, білімі, сауаттылығы, жазылым дағдысын* меңгеру дәрежесі көрініс табады. **Эссе** тұлғаның *интеллектуалды, рухани* дамуының басты белгісі ретінде маңызы артып отыр. Бұл дағдыны меңгеру арқылы оқушылар тақырыптан ауытқымай, өз ойын еркін жеткізуге дағдыланады. **Нақты** мысалдармен өз *ойын* дәлелдеу арқылы оқушы бойында өзіне сенімділік қалыптасады.



Мұзтау

Мысалы, көз алдымызға мұзтауды елестетіп қарайықшы! Мұздың аз бөлігі судың бетінде болса, көп бөлігі судың тереңінде жатыр. Сондықтан оқушылар эссе жаза алмайды, оған кінәлі оқушылар, өйткені олар кітап оқымайды деп айтуға болар еді, бірақ бұл мұзтаудың су бетіндегі азғана бөлігі ғана. Егер «Неліктен оқушылар эссе жазуда қиналады? Неге оқушылар өз ойын жүйелі жаза алмайды?» деп сұрақтар қойып, оқушылардың эссе жазуын қалай жақсартамыз немесе эссе жазуын жақсарту үшін қандай шаралар қолдануға болады десек, бұл мұзтаудың су түбінде жатқан бөлігі іспеттес. Яғни нағыз мәселе осында жатыр. Осы мәселені қалай шешеміз?

Осы бағытта мен әдіс-тәсілдердің ішінде негізгі назар «Скаффолдинг» стратегиясына аудардым. Скаффолдинг ағылшын тілінен аударғанда «құрылыстық көпіршелер» деген мағынаны береді. Бұл метафораны Дж. Брунер мен оның әріптестері баланың жақын арадағы даму аймағындағы (ЖАДА) оқу үрдісін сипаттау үшін ұсынған [4,11], яғни «Скаффолдинг»-оқушының жеке қабілеттерінен тыс жерлерде орналасқан мақсаттарына жетуге мүмкіндік беретін үрдіс.

Скаффолдинг теориясы Л.С. Выготскийдің жақын арадағы даму аймағы түсінігімен тығыз байланысты, оқыту когнитивтік емес, ең әуелі, әлеуметтік, тұлғааларлық деңгейлерде болады деп болжайды. Аталған дәйектерге қарамастан, Л.С. Выготскийдің өзі «скаффолдинг» терминін ешқашан қолданбаған, ол тек адамның когнитивтік дамуындағы әлеуметтік өзара әрекеттің маңызды рөлін атап көрсеткен.

Скаффолдинг (көпіршелер тұрғызу) – оқушыға жақын арадағы даму аймағымен жүруіне және өз бетінше орындай алмайтын тапсырманы орындауға көмектесу үшін мұғалім көрсететін интерактивті қолдау.

Скаффолдинг оқыту стратегиясы ретінде Лев Выготскийдің әлеуметтік мәдени теориясы мен оның ЖАДА тұжырымдамасынан шыққан. «Жақын арадағы даму аймағы» оқушылардың өздері нені жасай алатындықтары мен келесі оқу үдерісінде оларға жетістікке жетуде қандай көмектің қажет екені арасындағы үдерісті қамтиды. Зерттеушілердің айтуы бойынша оқушыларға ЖАДА арқылы жеке қолдау көрсетуді оқытудың стратегиясы скаффолдинг қамтамасыз етеді. Сыныптағы көбірек білетіндер нұсқау беру арқылы қолдау көрсетіп, білім алушының дамуына ықпал етеді. Скаффолдинг оқушының алдыңғы біліміне негізге ала отырып, жаңа ақпараттарды меңгеруге көмегін тигізеді.

Скаффолдинг оқушыларды жетістікке жетуіне қол жеткізетін құрал болып табылады. Скаффолдинг – бұл оқыту процесінде білім алушыларды біртіндеп үлкен тәуелсіздік пен түсіністікке жетелейтін оқыту әдісі.

Мектепте оқуды тұрақты эссе жазусыз елестету мүмкін емес. Соңғы жылдары оқыту курстарының оқу жоспарындағы өзгерістерге байланысты бұл жұмыс түрі тек ана тілінде ғана емес, басқа пәндерде де жазылады. Дегенмен, *шығармашылық* жұмысты жазу дағдылары дәл осындай дағдыларды қажет етеді, сондықтан уақытында үйрету, дәлірек айтсақ, балаға эссе жазуға көмектесу өте маңызды. Әсіресе, оқушыларды кішкентай кезінен *эссе* жазуға үйретсе, жоғары сыныпта эссе жазудан қиналмайтын болады. Егер оқушы 5 – сыныпта эссе жазудың бастапқы кезеңдерін толық меңгермей қалса, онда одан кейін меңгерілетін келісу-келіспеу эссе – тақырыптан ауытқымай, абзац түрлерін жүйелі құрастырып, көтерілген мәселе бойынша себептерін айқын көрсетіп жазу, дискуссивті эссе - берілген мәселенің оңтайлы шешілу жолдары немесе себептеріне өз көзқарасын жазу, аргументативті эссе – мәселенің артықшылығы мен кемшілігін салыстыру, екіжақты пікірді немесе жағдаятты талқылау,

біреуіне таңдау жасап, өз ойын дәлелдеп жазу, әдеби-дәлелдеме, әдеби-талдау, әдеби-салыстырмалы, әдеби-сыни эсселерді жазу оқушыға қиындық келтіреді.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	3
----------	---

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС

Ж. А. Манкеева ҰСТАЗ. ҒАЛЫМ. ТҮЛҒА	5
А. Салқынбай АКАДЕМИК Р. СЫЗДЫҚ ЖӘНЕ АБАЙТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ӨРІСІ	6
О. Жұбай АБАЙТАНУДАҒЫ СОНЫ БЕЛЕС	16
Б.И. Нұрдәулетова РӘБИҒА СЫЗДЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ТІЛДІК КОНЦЕПЦИЯ	25
М.О.Миров АКАДЕМИК Р.СЫЗДЫҚ – ЖҰБАНОВТАНУ ҒЫЛЫМНЫҢ КӨШБАСШЫСЫ	31
А.З.Салихова. АКАДЕМИК Р.СЫЗДЫҚ ЖӘНЕ ТІЛДІК НОРМА КОДИФИКАЦИЯСЫ	34

I СЕКЦИЯ. АКАДЕМИК РӘБИҒА СЫЗДЫҚТЫҢ ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫ ЖӘНЕ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ж.М. Абдрахманова., А.Адилова. РӘБИҒА СЫЗДЫҚ ЕҢБЕКТЕРІНДЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТТАҒЫ ЛЕКСИКАНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ	39
Ж.А.Сағындыққызы. РӘБИҒА СЫЗДЫҚ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ	43
А.С.Елеуова., А.М.Жасқайратов. Р.СЫЗДЫҚ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ОРФОГРАФИЯСЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ	47
С.С. Амангелдиева, А. Қ.Дауткулова ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЖАҢА ҚОЛДАНЫСТАР	51
Ә.Е.Балова. А БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ МҰРАЛАРЫ	57
А.М.Сапиева. БАЛА ТІЛІ – БҮКІЛ ҰЛТ ТІЛІ САҚТАЛУЫНЫҢ КЕПІЛІ	62
А.С.Елеуова., А.Сүлейменова АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ МӘДЕНИ-ТІЛДІК МҰРАСЫ	67

II СЕКЦИЯ АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ РОЛІ

Б.С.Хайыржанова., А.Ж.Сариева АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ТІЛ ТУРАЛЫ МҰРАСЫ	71
Б.Р.Саламеденова. АЛАШ АМАНАТЫ	74
Н.С.Салимова., Н.А.Өтениязов А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІ ЖӘНЕ ХХІ ҒАСЫР ТІЛ ҒЫЛЫМЫ ПАРАДИГМАСЫ	78

III СЕКЦИЯ. ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІНІҢ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ТІЛДІК НОРМА

Б.И.Нұрдәулетова. ҚЫРЫМНЫҢ ҚЫРЫҚ БАТЫРЫ» ЖЫРЛАР ЦИКЛІНДЕГІ ТАРИХИ ТОПОНИМДЕР	83
А.С.Пазылова. А.Б.Абубакир ТҰРАҚТЫ ҚҰРЫЛЫМДАРДЫҢ ЭТНОТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	92
Э.Қ.Қуандықова ҚАЗАҚ СПОРТ ЖУРНАЛИСТИКАСЫ: АМАНГЕЛДІ СЕЙІТХАНОВТЫҢ ТІЛДІК ҚОЛДАНЫСТАРЫ	97

А.С.Пазылова. АТАУЛЫ СӨЙЛЕМДЕРДІҢ ТАБИҒАТЫ	104
Г.Ж.Серикбаева. ТІЛ МӘДЕНИЕТІ ЖӘНЕ СӨЙЛЕУ ШЕБЕРЛІГІ	109
Р.Р.Тулепбергенова. Р. СЫЗДЫҚ ЖӘНЕ СӨЗДІ ДҰРЫС АЙТУ НОРМАЛАРЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ ЖАЙЫ	113
А.С.Елеуова., Д.Ж.Мұтағалиева. РӘБИҒА СЫЗДЫҚ ЖӘНЕ СӨЗ САЗЫ: АУЫЗЕКІ СӨЙЛЕУ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИ ТІЛДІҢ САБАҚТАСТЫҒЫ	118
А.С.Елеуова., С.Н.Тлесова. Н.А.Бақтыбаева. ҰЛТ-МӘДЕНИЕТ-ТІЛ ТРИАДАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІ	121

IV СЕКЦИЯ. ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУДАҒЫ ЗАМАНАУИ ҮДЕРІСТЕР

Г.Р.Жолжанова. ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУДАҒЫ ӘДІС ТӘСІЛДЕР	126
М.С.Камелова. КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТҮРЛІ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ ҮДЕРІСТЕР	130
А.Ж. Корманбаева., С.Е.Сарсенова. ДИФФЕРЕНЦИАЦИЯЛАНҒАН ОҚЫТУ ТӘСІЛДЕРІ:САБАҚТЫ ЗЕРТТЕУ	136
Г.К.Куанышалиева. ӨЗГЕ ТІЛДІ ОҚУШЫЛАРҒА ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕТУДЕГІ ЖАҢА ӘДІС- ТӘСІЛДЕР	144
А.С.Кушкимбаева. М.ДУЛАТҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУ НЕГІЗДЕР...	149
А.К.Дауткулова., І.Е. Жалғасова, Г.А. Кеңес. ҚАЗАҚ ТІЛІН КІРІКТИРІП ОҚЫТУ МЕН ОҚУДАҒЫ ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕР	154
И.Б.Базарғалиева. СӨЙЛЕМ МҮШЕЛЕРІН ОҚЫТУДА ЖАҢА ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ	157
К.А.Шалабаева. КҮРДЕЛІ ӘДЕБИ МӘТІНДЕРДІ ТҮСІНДІРУ: ӘДІСТЕМЕЛІК ТӘСІЛДЕР МЕН МӘДЕНИАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАР	165
Г.Б.Нажикенова. ҚҰЗЫРЕТТІЛІК ЖӘНЕ ҚАТЫСЫМДЫҚ ТҮРҒЫДАН ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	171
А.Қ.Нұғыман. ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ КОММУНИКАТИВТІК ӘДІС....	176
Ә.Қ.Бахонова. ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА КӨРКЕМ МӘТІНДІ ОҚЫТУ, ТАЛДАУ ЖОЛДАРЫ	178
Ж.Садықова. ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРҒА ДАҒДЫЛАРДЫ МЕНҒЕРТУДІҢ ЖОЛДАРЫ	185
Б.З.Сейдина., А.Ермағанбетова, А. Бейсембай. ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМЫТУ	188
Б.З.Сейдина., Ж.Айбарқызы., А.Ермағанбетова. БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДАҒЫ ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	192
А.Ж.Сисенбай. ҚАЗАҚ ТІЛІН ЕКІНШІ ТІЛ РЕТІНДЕ ОҚЫТУДАҒЫ КОММУНИКАТИВТІК ТӘСІЛДЕРДІҢ РӨЛІ	195
А.Ш.Тлеулесова., А.С.Алдабергенова., А.М.Мауленова. САРАЛАУ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ ТІЛДІК ҚАТЫНАСТЫ ДАМЫТУДЫҢ ЖОЛДАРЫ	201
Г.А.Уғыбаева. ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУДАҒЫ ЗАМАНАУИ ӨЗГЕРІСТЕР	208

**Л.Ғ.Бектемисова., М.С.Якупова. СКАФФОЛДИНГ СТРАТЕГИЯСЫН
ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЭССЕ ЖАЗУ ДАҒДЫСЫН
ЖЕТІЛДІРУ**

213

**«АКАДЕМИК РӘБИҒА СЫЗДЫҚ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ЗАМАНАУИ
ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ» атты**
республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинағы

“Sveto Copy” қағазы. Пішімі А4. Көлемі 27,25 б.т.
Таралымы 100 дана



Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің
баспа орталығында басып шығарылды.

Техникалық редакторы: Батыргалиева Салтанат
Мұхабасын жасағандар: Төкешов Алтынбек
Түптеген: Жамбылов Маркс